

Б. Б. Кәрібаев

---



# Қазақ хандығының құрылу тарихы



«Сардар» баспа үйі

Алматы

2015

ӘӨЖ 94(574)(063)  
КБЖ 63.3 (5Қаз)  
К 25

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды.

Монографияны баспадан шығаруға әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық Университеті тарих, археология және этнология  
факультетінің ғылыми кеңесі ұсынған.

**Жауапты редактор:**  
ҚР ҰҒА академигі, профессор **Б.Е. Көмеков**

**Пікір білдірушілер:**  
профессор **С. Жолдасбайұлы**, профессор **М.Ж. Әбдіров**,  
профессор **М.Қ. Әбусейітова**

**Кәрібаев Б.Б.**

К 25 **Қазақ хандығының құрылуы тарихы.** – Алматы: «Сардар»  
баспа үйі, 2015. – 520 бет.

ISBN 978-601-7174-51-4

Монографияда орта ғасырдағы қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті – Қазақ хандығының құрылу тарихының мәселелері қарастырылған. Автор әр тілде жазылған көптеген ортағасырлық жазба дерек мәліметтеріне, түрік халықтары мен қазақ халқының ауыз әдебиеті материалдарына сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылу тарихындағы күрделі мәселелерді жүйелі түрде тереңірек зерттейді. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы мен Қазақ хандығының құрылуы бір кезеңде жүзеге асқан тарихи үрдіс деп есептеп, Қазақ хандығының негізін қалаған тарихи тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандардың тарихи рөлін ашып көрсетеді.

Монография қоғамтанушыларға, тарихшыларға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, магистрлеріне, докторанттарына және жалпы қазақ елінің тарихына қызығушылықпен қарайтын қалың оқырмандарға арналған.

ӘӨЖ 94(574)(063)  
КБЖ 63.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7174-51-4

© Кәрібаев Б.Б. 2015  
© «Сардар» баспа үйі, 2015



Он бала тәрбиелеп өсірген ата-анам  
Кәрібайұлы Бақытжанның және  
Батыр – ана Ділмағамбетқызы  
Бақытжамалдың рухтарына арнаймын.  
Автор.

## АЛҒЫ СӨЗ

*Ұлан-байтақ Қазақ жеріндегі мемлекеттік тарихтың басталғанына 3 мың жылдай уақыт болды. Скифтердің, одан кейінгі сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың тарихы Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тарихының маңызды бір бөлігі болса, олардың мемлекеттік тарихы да қазақ жеріндегі мемлекеттік тарихтың бастаулары болып саналады. Түрік дәуірінде мемлекеттілік нығая түсіп, ол қазанат(империя) деңгейіне дейін көтеріледі. Ал Алтын Орда дәуіріндегі мемлекеттіктің тарихы баршаға мәлім. Бірнеше ғасыр бойы Еуразия аумағындағы жалғыз империя болған Алтын Орда өзінің тарихи міндетін атқарып, өз жолын оның орнында құрылған ұлттық сипаттағы мемлекеттерге береді. Қырым хандығы, Қазан хандығы, Сібір хандығы, Астрахан хандығы, Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы және Қазақ хандығы, міне бұл аталған мемлекеттердің бәрі – Жошы Ұлысы немесе Алтын Орданың шекпенінен шыққан мемлекеттер, Алтын Ордадағы мемлекеттілік дәстүрді одан әрі жалғастырушылар. Өкінішке орай, аталған мемлекеттердің бәрі дерлік XVI–XVII ғасырларда тарихтың көшінде қалып қойды. Алтын Орданың мұрагерлері ішінде ең ұзақ өмір сүрген Қазақ хандығы болды. Оның ғұмыры XIX ғасырдың 20-шы жылдарының орта тұсында тоқтатылады. Қазақ тарихында бұл мемлекеттің өмір сүрген кезеңі хандық дәуір деп аталып, ол үш жарым ғасыр уақытты қамтиды.*

*Қазақ хандығы дәуіріндегі әрбір тарихи мәселенің маңызы ерекше болып саналады. Соның ішінде хандықтың құрылуы мәселесінің көкейкестілігі басқа мәселелерден бір табан алда тұр. Өйткені хандықтың құрылуы қазақ этносының тарих төріне шығуымен қатар жүріп, саяси және этникалық үдерістер бір-біріне тікелей ықпал жасайды. XV–XIX ғасырларда қазақ жерінде болған барлық тарихи үдерістердің бастауында XV ғасырдың ортасында құрылған Қазақ хандығы тұр.*



Қазақ хандығының құрылу тарихымен ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бері тарихшылар үздіксіз айналысып келеді. Қазақ Елінің тәуелсіздік алуымен, бұл мәселеге деген қызығушылық бірнеше есе артады. Осы жолдардың авторы да өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында Қазақ хандығының құрылу мәселесіне байланысты өткен пікір сайыстарға белсене араласып, өз тұжырымдарын ұсынады.

Төменде қысқаша түрде Қазақ хандығының құрылу тарихы мәселесіне мен қалай келдім, қандай ұстаздарым мені осы мәселеге алып келді, қандай ұстаздарымның менің ғылыми жұмысыма жетекшілік жасағаны жөнінде айта кетуді жөн санап отырмын.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесіне әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің (бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті) тарих факультетіндегі алғашқы дәрістерден бастап қызығушылық пайда болды десем, қателеспейтін шығармын. 1985 жылы тарих факультетінің студенті атандық та, бір айға созылған ауылишаруашылық жұмыстарынан кейін қазан айының алғашқы күндері университеттегі оқу үдерісі басталып кетті. «Қазақ ССР тарихы» пәнінен алғашқы дәрісті доцент Ә.Хасеновтың (ұстазымыз 1998 жылы қайтыс болып кетті. Жатқан жері жайлы болсын) оқығаны әлі есімде. Ол кезде дәрістер 90 минутқа созылатын. Дәрістің аяқталуына 4-5 минут қалғанда лекторлар дәрісін тәмамдап, студенттердің қойған сұрақтарына жауаптар беретін. Бірінші дәрістің тақырыбы «Кіріспе» болғандықтан, ағайымыз Қазақстан тарихын жалпы шолу ретінде оқыды. Дәріс барысында «қазақ халқы», «Қазақ хандығы» деген сөздер көп айтылғандықтан, ағайымыздың «кімнің қандай сұрағы бар» деген сауалына байланысты қолымды көтеріп, «Ағай, сіз дәріс барысында «қазақ», «Қазақ хандығы» деген сөздерді көп айттыңыз, «қазақ» сөзі қандай мағына береді, ол сөз қашан пайда болған, және Қазақ хандығы қашан құрылған?» деген бірнеше сұрақ қойдым. Ағайымыздың нақты не деп жауап бергені есімде қалмапты, бірақ мынадай сөздерін әлі ұмытпаймын. «Бұл мәселелер әлі күнге дейін тарих ғылымында толық зерттеліп болмаған, болашақ зерттеушілерін күтіп жатқан тақырыптар. Мүмкін, өзің болашақта осы мәселелермен айналысарсың». Сол кездегі тәртіп бойынша екінші курстан соң студенттер мамандану үшін кафедра-ларға бөлінетін. Ешбір ойланбастан «Қазақ ССР тарихы» кафедрасына жазылдым. Ұстаздарым Ә. Хасеновтың, С. Жолдасбайұлының, Ә.С. Тәкеновтың, С.Т.Тұрғанбаевтың ежелгі, ортағасырлардағы



және жаңа замандағы Қазақстан тарихының әртүрлі мәселелеріне арналған арнайы курстарын тыңдай бастадық. Үшінші курстың соңында доцент Ә. Хасеновтың ғылыми жетекшілігімен «Қазақ хандығының құрылуы» атты тақырыпта курс жұмысын «5» деген бағаға қорғап шықтым. Сондай-ақ жыл сайын сәуір айында өтетін студенттердің ғылыми конференциясына осы тақырыппен қатыстым. Сөйтіп, мен Қазақ хандығының құрылу тақырыбына студенттік жылдардан жақындай бастадым. Ал диплом жұмысым – «Ежелгі үйсіндер» тақырыбына арналып, оған жетекшілікті кафедра доценті С.Жолдасбайұлы жасады.

Университетті үздік бітіріп, ұстаз-ағайларымыздың ұсынысымен маманданған өз кафедрама оқытушы болып қалдырылдым. 1993 жылдың мамыр-маусым айларының бірінде ұстазым Ә. Хасенов маған мынадай ұсыныс айтты: «Жылдың аяғына таман «Қазақ тарихы» деген жаңа журнал шығады екен, сонда «Қазақ хандығының құрылуы» деген тақырыпқа қатысты мақалалар жинастырылуда. Сен бұл мәселемен таныссың, бір мақала дайында». «Қазақ хандығының құрылуы» деп берген 10-12 беттік мақалам журналдың сол жылғы үшінші санында «Қоғамдық тарихи дамудың жемісі» деген атаумен жарық көрді. Ал журналдың алғашқы сандарында хандықтың қай жылы құрылғандығы жөнінде пікір таластар жүріп жатты. Соған байланысты журналдың сол кездегі бас редакторының орынбасары Әбділдәбек Салықбай: «Беке, тақырыпты тереңірек ашып, бір мақала дайындашы, қаниша бет болса да, журналға жариялаймын», – деп өтініш білдірді. 2-3 айда мақала дайын болып, ол журналдың 1995 жылғы №4, 5, 6 сандарында «Қазақ хандығының құрылуы» деген атаумен жарияланды. Осылайша, Қазақ хандығының құрылу тақырыбына өзімнің қалай еніп кеткенімді сезбей де қалдым. Ал 1999 жылы әрі ұстаз, әрі ақылышы, академик Б.Е. Көмековтың ғылыми кеңесшілігімен «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты докторлық диссертация тақырыбы ҚР ҰҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы академик М.Қ. Қозыбаев басқаратын Үйлестіру Кеңесінде бекітілді. Сол күннен бастап бұл тақырыпты өзімнің жеке тақырыбым ретінде сезіне бастадым.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесі бір қарағанда саяси тақырып секілді болып көрінгенімен, мәселеге тереңірек үңілгенде оның этникалық мәселемен біте қайнасып жатқанын көруге болады. Басқаша айтқанда, Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы бір кезеңде жүзеге асады. Этникалық үрдіс пен саяси үрдіс



бір-біріне тікелей әсерлерін тигізеді. Тақырыптың күрделілігі де осыдан туындайды. Бұған дейін жарық көрген мақалаларда хандықтың құрылған жылы ең басты мәселе болып саналса, мәселенің этносаяси шеңберінде ол бар болғаны жеке сұрақ сияқты болып қалды. Тақырыпқа неғұрлым терең бойлаған сайын соғұрлым түйінді мәселелер көптеп шыға бастады. Оларды дұрыс шешіп, жауаптарын табу – ғылыми ізденістердің бір жағынан қиын да күрделі жағды болса, екінші жағынан зерттеуші үшін сәтті де жемісті жағды болып саналады. Әрбір зерттеуші күрмеуі көп мәселелерді шешу барысында қиыншылықты көп қиналса, оны шешкеннен соң дәл солай соншалықты қуанады. Тақырыпты зерттеу барысында әр мәселенің түйінді тұстары шешілген сайын қуанышты сәттерді көп сезіне бастадым.

Дегенмен де бұл монография қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті – Қазақ хандығының құрылу тарихына арналып отырған алғашқы еңбек. Ондағы кейбір ғылыми тұжырымдар бұрыннан ғылымға белгілі болса, ал кейбір тұжырымдар тұңғыш рет ұсынылып отыр. Осы тақырыппен болашақта айналысатын мамандар үшін оның тигізер көмегі көп болар деп есептеймін.

Зерттеуді жүргізу барысында ғылыми кеңесшім академик Б.Е. Көмековтың көптеген теориялық ақыл-кеңестері көп мәселені дұрыс шешуге көмегін тигізді. Тіпті жұмыс дайын болғаннан кейін оны түгелдей қарап шығып, редакциялағанда қазақшаны өте жақсы білем деп санайтын басым, ұстаздың алдында бірнеше рет қызаруға тура келді. Кандидаттық докторлық диссертацияларыма жетекші, кеңесші болған академик Б.Е.Көмеков өмірде де әрі ақылы, әрі ұстаз болып қала береді. Табиғатынан қарапайым, сабырлы, салмақты, зиялы ұстазыма айтар алғысым шексіз.

Жұмыспен терең танысып, жақсы пікір білдірген ұстаздарым – тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар – С. Жалдасбайұлына, М.Ж. Әбдіровке, М.Қ. Әбусейітоваға, Қазақ хандығының тарихы бойынша ең жетік маман, Ресей ҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.И. Сұлтановқа рақмет айтқым келеді. Жұмысты талқылау барысында оң пікірін білдіріп, қолдау көрсеткен тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Омарбековке, ол басқарып отырған Қазақстан тарихы кафедрасының ұжымына және де маған шын ниетімен тілектес болған барлық тарихшыларға айтар алғысым көп.

Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі



## КІРІСПЕ

XV ғасырдың ортасында Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде құрылып, көп ұзамай бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтағы мемлекеттің бірден-бір көрінісі болған – Қазақ хандығы біртұтас, бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік құрылым ретінде 260 жылдай, ал бытыраңқылық күйде тағы да 100 жылдан аса өмір сүріп, XIX ғ. 20-шы жылдарында біржолата тарихтың еншісінде қалады. Осылайша, 3,5 ғасырдан аса тарихы болған Қазақ хандығы, біріншіден, б.з.д. I-ші мыңжылдықтың басынан-б.э. II-ші мыңжылдығының ортасына дейін Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттік құрылымдар мен мемлекеттердің заңды жалғасы, мұрагері болса, екіншіден, XV ғасырдың ортасынан XIX ғ. I-ширегі аралығында қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болып саналады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында «Қазақ хандығын Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет» деп ерекше атап өткен болатын [1, 211-б.].

Тарихи құбылыстардың қалыптасу, даму және күйреу кезеңдері болатыны секілді, Қазақ хандығы да осындай кезеңдерді басынан өткереді. Әрбір кезеңдегі тарих халықтың, қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани мәселелерімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың әрқайсысының халықтың тарихында алатын орны ерекше, маңызы жоғары болып саналады.

Қазақ хандығының тарихындағы аса маңызды және күрделі, әрі аса қызықты тақырыптардың біріне хандықтың құрылуы тақырыбы жатады. Тақырыптың маңыздылығына оның тарих төріне қазақ халқының ұлттық мемлекет ретінде шығуы жатса, күрделілігіне – оның құрылуы, тек ішкі саяси факторлардың ғана емес, сонымен бірге сыртқы саяси факторлардың, этникалық дамулардың, рухани дамулардың нәтижесі болуы да жатады. Тақырыптың тағы бір маңызды жағына – хандықтың құрылуы мен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы 2,5 мыңжылдай уақытқа созылған этнопроцесс өзінің мәресіне жетіп, ұлттық сипатқа ие болады да, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуымен бір кезеңде жүзеге асады. «Қазақ» атауы



осы кезеңде этикалық мәнге ие болып, ол этностың мемлекеттілігінің атауына да беріледі.

Қазақ хандығының құрылуын мемлекеттіліктің дамуы тұрғысынан қарастырсақ, онда ол жалпылама түрде Қазақстанның ежелгі тарихындағы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттіліктерінің, ерте ортағасырлардағы Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Кимек, Қыпшақ, Қарахандар мемлекеттерінің, одан кейінгі Алтын Орданың, ал нақты түрде Ақ Орда мемлекеттерінің тарихымен байланысты. Мемлекеттердің атауы әртүрлі болса да, оларға ортақ нәрсе, бір территория мен сол территорияда өмір сүрген ру-тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің тегі мен тілі, шаруашылығы мен мәдениеті, діни-рухани өмірлерінің ортақтығы жатты. XIII ғасырдың басына дейінгі мемлекеттердің бәрінің атауы мемлекетті құруда басты рөл атқарып, билеуші әулеттерді шығарып отырған тайпалар атауларымен байланысты болып келсе, Қазақ хандығы алғаш рет қазақ халқының құрамына енген тайпалардың бірінің емес, барлық тайпаларға ортақ атаумен атала бастайды. Бұл дегеніміз – Қазақ хандығын бір тайпаға емес, көптеген туыс тайпалардың бірігуінің нәтижесінде пайда болған жаңа этноқауымдастық немесе жаңа этнос атауына қатысты екендігін көрсетеді.

Бұл өз кезегінде Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан аумағындағы этнопроцестердің тарихи қорытындысы екендігін көрсетеді. Сондай-ақ Қазақ хандығының құрылуы саяси жағынан алғанда XIV–XV ғғ. Қазақстан аумағы мен оған көршілес аумақтарда өмір сүрген Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы, Моғолстан және Мауереннаһрдағы Темір әулеті билеген мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынастардың дамуының заңды қорытындысы болып табылады. Қазақ хандығы құрылуының маңызы осындай этникалық, саяси және мемлекеттік дамулармен тығыз байланысты болуымен ерекшелене түседі.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесі ғылыми жағынан маңызды, өзекті тақырыптардың бірі болса да, XX ғ. 90-шы жылдарына дейін белгілі себептерге байланысты оған тарихшылар тарапынан жете көңіл бөлінбей келді. Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуіне байланысты басқа да тақырыптармен бірге Қазақ хандығының құрылуы тарихына қазақ жұртшылығы тарапынан қызығушылықтар





күрт артады. Қоғам назарының бұл тақырыпқа ерекше аууының мынандай себептері болды:

1) 1991 жылы өзінің саяси дербестігін жариялаған Қазақстан Республикасы мен XV ғасырдың ортасында өз туын тіккен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастықтың, жалғастықтың және үндестіктің болғандығын сезіну, соларды дәлелдеуге бағытталған талпыныстар;

2) Қазақ хандығының тарихы арқылы Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік тарихын білуге деген қызығушылықтар;

3) Қазақ халқының XV–XVIII ғғ. және XX ғ. соңындағы мемлекеттілігі атауларының негізінде «қазақ» сөзі тұрғандықтан, екі тарихи кезеңдегі мемлекеттіліктің арасынан байланысты іздестіру;

4) Қазақ хандығының нақты құрылған жылын анықтау арқылы бүкіл қазақ қоғамында мемлекеттік мерейтойды атау, сол негізде қоғамды мемлекетшілдік идеяға жұмылдыру, жас буынды өз мемлекетін сүйеге, патриотизмге тәрбиелеу жатты. Міне, осы атап өткен себептерден тақырыптың өзектілігі туындайды.

Тақырыптың өзектілігін сондай-ақ мынандай жағдайдан көруге болады. XVIII ғасырдың басында Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін, қазақ мемлекеті саяси бытыраңқылық күйге ұшырайды да, ол тереңдей түсіп, ақыры Ресей империясының тікелей араласуымен XIX ғасырдың 20-жылдарында жойылады. Осы аралықта қазақ халқының 3-4 буын өкілдері ауысады. XIX басындағы қазақ халқы үшін бір орталықтан басқарылатын мемлекеттілік жағдай сол кезбен салыстырғанда «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» болып елестейді. Ал Ресейдің Қазақ елін XIX ғасырдың 60-шы жылдарында жаулап алуының толығымен аяқталуы және әкімшілік-басқару реформасын жүргізуі, соның негізінде жер мен суды тартып алуы «зар заман» деп аталатын ащы кезеңді туғызады. XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының негізгі мақсаттарының бірі – қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ететін, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру болды. Тарих көрсеткеніндей ол жүзеге аспады. Ал кеңестік негізде құрылған Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы, одан кейінгі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы, қағаз жүзінде суверенді деп аталғанымен, іс жүзінде орталықтың толық бақылауында болды. Ұлттық мүддеден гөрі орталықтың мүддесіне сай саясат



жүргізілді. Тәуке ханның қайтыс болуынан еліміздің егемендік алғанына дейінгі аралықта 270 жылдан аса уақыт өтіп, орта есеппен алғанда 10 ұрпақ ауысқан екен. «Отар елдің тарихын отарлаушы елдің өкілі жазады» деген қағидаға сай ресейлік авторлар қазақ тарихын жазуды өз қолдарына алып, қазақ халқының 10 буынына олардың мемлекеттілігі болмағандығын дәлелдеумен өтеді. Олар евроцентристік көзқарастар тұрғысынан қарастырып, қазақ қоғамындағы хандықты мемлекет емес, ру-тайпалық ұйым деп түсіндіреді. Сөйтіп, қазақ халқының санасына мемлекетсіздік идеясы бірте-бірте сіндіріле бастайды. Мемлекеттілікті Ресейдің әкелгендігі ашық айтылмаса да, сондай көзқарастар бірте-бірте қалыптаса бастайды. Тіпті, жасыратын түгі де жоқ, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының бірінші жартысында Ресейдің орталық мерзімді басылымдарында «Қазақстан Республикасы ұзақ өмір сүре алмайды, өйткені тарихта қазақтардың өз мемлекеті болмаған, оларға мемлекеттік идея жат» деген пиғылдағы ойлардың айтыла бастағаны бәрімізге белгілі. Соңғы 20 жылға жуық уақыт ішіндегі Қазақстанның дамуы жоғарыда айтылған ойлардың іштарлықтан, көре алмаушылықтан, тарихты бұрмалаушылықтан туындағанын көрсетеді. Мұндай пікірлер әлі де болса толық өшпей күлге көмілген бықсықтай шала күйінде жатыр. Осындай теріс ниеттегі көзқарастарға тек ғылыми негіздегі объективті зерттеулер ғана тосқауыл бола алады. Біздің зерттеулеріміздің өзектілігін осыдан да көруге болады.

Тақырыпты зерттеу арқылы біз Қазақ халқының мемлекеттілігі оның этногенезімен тығыз байланыста жүргендігіне назар аударамыз, оның сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінен бастау алатындығын, түрік дәуірінде дамып жетілгендігін, ал XIII–XV ғасырларда ұлттық сипатқа көше бастағандығын, ал Қазақ хандығы – нақты ұлттық сипаттағы мемлекет екендігін көрсетеміз. XIII–XV ғасырлар – Қазақстан тарихында өзіндік ерекшеліктері көп тарихи кезеңге жатады.

Моңғолдардың жаулап алушылығына байланысты этнопроцесс уақытша тежелсе де, Ол Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында біржолата тоқтап қалмайды. Көп ұзамай-ақ жаулап алушылардың өздері жергілікті этноортаға сіңісіп, этнопроцесс жаңа сапада бұрынғы эволюциялық жолмен жүре бастайды. Этноорта өзіне тән мемлекеттілікті бейімдейді. XV ғасырдың ортасына таман этнопроцесс өз дамуының келесі сатысына өтіп, қазақ атты этносты қалыптастырса, ол өз кезегінде өзінің әлеуметтік-территориялық ұйымын, яғни өзінің мемлекеттілігін –



Қазақ хандығын дүниеге әкелді. Ал саяси жағынан алғанда Қазақ хандығының құрылуы кездейсоқ оқиға не болмаса, жекелеген адамдардың іс-әрекетінен туындаған оқиға емес. Қазақ хандығы XV ғасырдың бірінші жартысы мен орта тұсындағы Әбілхайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Темір ұрпақтарының мемлекеті секілді саяси құрылымдар арасындағы қатынастардың заңды қорытындысы ретінде қалыптасады. Хандықтың құрылуының қоғамдағы этносаяси процестермен байланыста болуы тақырыптың өзектілігін одан әрі аша түседі.

«Билік көзі халықта» деген қағидаға сай, мемлекеттің құрылуы да, дамуы да, құлдырауы да халыққа тікелей байланысты. Халықтың мүддесіне сай саясат жүргізетін, оның талаптарына сай келетін мемлекеттің тарихы ғана ұзақ және баянды болмақ. Бұл қағиданың растығын тарихпен қатар, қазіргі күннің өзі дәлелдеп отыр. Қазақ хандығының құрылу тарихынан біз осы қағиданы аңғарамыз. Бұл да тақырыптың өзектілігін көрсететін жағдайлардың біріне жатады.

Жалпы алғанда, Қазақ хандығының құрылу тарихын біз ғылыми жағынан өте маңызды, бүгінгі күннің талаптары жағынан өзекті тақырыптардың қатарына жатқызамыз.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты – Қазақ хандығының құрылу тарихын кешенді түрде қарастыру болып табылады.

Мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысының алдына мынадай міндеттер қойылды:

1) XIII ғасыр басындағы монғолдар жаулаушылығының Қазақстан аумағындағы этноүдерістерге тигізген сандық пен сапалық сипаттағы теріс және оң белгілерін анықтау;

2) Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына қоныстанған қыпшақтық емес этнокомпоненттердің XIII–XIV ғғ. қыпшақтануы барысына әсер еткен факторларды айқындап, қыпшақтану үдерісінің қорытындысын анықтау;

3) Қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңіндегі этноүдерістерге талдаулар жасап, Қазақ хандығының құрылуына негіз қалаған этнокомпоненттерді анықтау;

4) XV ғасырдың бірінші жартысындағы Әбілқайыр хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайына талдау жасау арқылы олардың Қазақ хандығының құрылуына тигізген саяси ықпалдарын анықтау;



5) XV ғасырдың ортасындағы Моғолстан мемлекетіндегі саяси жағдайлардың Қазақ хандығының Жетісуда құрылуына тигізген рөлін анықтау;

6) XV ғасыр ортасындағы Мауереннаһр мен Хорасанда өмір сүрген Темір әулеті мемлекетіндегі саяси жағдайлардың Қазақ хандығының құрылуындағы маңызын анықтау;

7) Қазақ хандарының шығу тегі Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен бастау алатындығын дәлелдеу және Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының негізін қалаудағы тарихи рөлін көрсету;

8) Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуіне қатысты мәселелерді айқындау;

9) Хандықтың құрылған жылына қатысты пікірлерге талдау жасап, олардың кемшіліктері мен қателерін көрсету;

10) Қазақ хандығының құрылуы барысын кезеңдерге бөліп қарастыру, әр кезеңге сипаттама беру және Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын ашып көрсету.

Қазақ хандығының құрылу тарихы алғаш рет Ресейде XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап зерттеле бастайды. Содан бері қазіргі күндерге дейін 150 жылдай уақыт өтсе де, ол арнайы түрде жеке тақырып ретінде қарастырылған емес. Ол тек жалпы тақырыптың шеңберінде ғана қарастырылады. Оның ең басты себебіне тақырыпқа қатысты деректердің өте аздығы жатады. Соған қарамастан, әрбір тарихи кезеңдердегі тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізген тарихшылар оның әртүрлі мәселелерін шешуге атсалысады. Біз тақырыптың зерттелуін хронологиялық тұрғыда бірнеше кезеңге бөлеміз. Бірінші кезеңге – мәселенің тарих ғылымында алғаш көтеріле бастаған кезінен XX ғасырдың 20-шы жылдарының соңына дейінгі аралық жатады. Бұл кезеңнің хронологиялық шеңберінің аяғы КСРО-да қоғамдық ғылымдарда маркстік-лениндік концепцияның үстемдік құруының басталуына келіп тіреледі. Осы кезеңде мәселеге қатысты зерттеу жүргізген немесе өз еңбектерінде мәселенің кейбір тұстарын қамтып өткен зерттеушілерге – В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Радлов, Н.А. Аристов, И.И. Крафт, В.В. Бартольд, Ш. Құдайбердіұлы, А.П. Чулошников, М. Тынышпаев, Г.Е. Грумм-Гржимайло және тағы басқалар жатады. Бірінші кезеңдегі тақырыптың зерттелуі жөнінде айтар болсақ, онда мынадай мәселені ерекше атап өтеміз. 1864 жылы



жарық көрген «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты үш бөлімнен тұратын еңбектің екінші бөлімінде В.В. Вельяминов-Зернов қазақ сұлтаны Оразмұхаммедтің шығу тегін анықтау барысында парсы тіліндегі «Тарих-и Рашидидін» мәліметтерін алғаш рет орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізеді. Қазақ сұлтанының төртінші атасы Жәнібек хан болғандықтан, зерттеуші Жәнібек ханға қатысты «Тарих-и Рашиди» мәліметтерін түгел аударып береді. Сол деректегі Қазақ хандығының қалай құрылғандығын баяндайтын мәлімет күні бүгінге дейін ең негізгі, ең басты мәлімет ретінде болып отыр. В.В. Вельяминов-Зернов бұл дерекке талдау жасамаса да, ол айналымға енгізуші ретінде тақырыптың тарихнамасында алғашқы болып айтылады. Осы кезеңдегі тарихшылардың көпшілігі өз зерттеулерінде В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегіндегі мәліметтің мазмұнын баяндау арқылы Қазақ хандығының құрылуын түсіндіреді [2]. Ш. Құдайбердіұлы ғана ауыз әдебиетінің мәліметтерін енгізу арқылы тақырыптың деректік қорын кеңейтеді.

Тақырыптың зерттелуінің екінші кезеңіне 30-40 жылдардағы зерттеулерді жатқызуға болады. Осы кезеңде мәселені зерттеуге С.Д. Асфендияров, М.П. Вяткин және 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихында» тақырыпты жазған авторлар атсалысқан. Осы екінші кезеңде мәселенің зерттелу барысында мынадай жетістіктерге қол жеткізіледі:

1) Алғаш рет ортағасырлық кезеңдерге қатысты әртүрлі тілдерде жазылған жазба деректер топтастырылып, жеке жинаққа енгізіледі. Бұл жинаққа Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты «Тарих-и Рашиди» дерегінен басқа, тағы көптеген дерек мәліметтері енеді;

2) Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында Өзбек және Ноғай хандықтары арасында болған феодалдық талас-тартыстардың, Орда Ежен мен Шибан әулеттері арасындағы феодалдық күрестердің нәтижесі деп түсіндіріледі;

3) Алғашқы қазақ ханы – Жәнібек хан делініп, Моғолстан аумағында құрылған Қазақ хандығы моғол билеушісіне тәуелділікте болды деген тұжырымдар айтылады.

Тақырыптың зерттелу тарихының үшінші кезеңіне ХХ ғасырдың 50–80 жылдарындағы зерттеулер жатады. Бұл кезеңнің ең басты ерекшелігіне – тақырыппен маман тарихшылардың айналысуы жатып, жаңадан тың дерек мәліметтерінің ғылыми айналымдарға енгізілуі



жатады. А.А. Семенов, В.Ф. Шахматов, С.К. Ибрагимов, П.П. Иванов, К.И. Петров, М.Г. Сафарғалиев, Б.А. Ахмедов, В.П. Юдин, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, М.Х. Әбусейітова сынды зерттеушілер осы кезеңде тақырыпты терең зерттеуге өз үлестерін қосып, мәселені жан-жақты қарастыруда үлкен табыстарға қол жеткізеді. Үшінші кезеңде тақырыпқа қатысты тың мәселелер жаңадан көтерілсе, кейбір мәселелер жөнінде дискуссия жүреді. Жалпы алғанда үшінші кезең бойынша тақырыпқа қатысты мынадай мәселелерді баса айтуымыз қажет.

1) Көптеген ортағасырлық деректері мәліметтерінің («Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Зубдат ал-асар», «Тарих-и Абулхайр-хани», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар», «Тарих-и Кипчаки», «Михман наме-ий Бухара» және т.б.) ғылыми айналымдарға түсірілуі тақырыпты жан-жақты және кең түрде қарастыруға мүмкіндіктер туғызады;

2) Зерттеушілердің бір тобы (А.А. Семенов, В.Ф. Шахматов, С.К. Ибрагимов) Керей мен Жәнібек негізін қалаған Қазақ хандығын мемлекет деп есептемей, феодалдық иелік деп санаса, екінші топтағы тарихшылар (В.П. Юдин, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов және т.б.) оны жеке мемлекет деп таниды;

3) Осы кезеңде Моғолстан аумағында құрылған Қазақ хандығының мемлекеттік статусы жөнінде пікір таластар көп айтылады;

4) Қазақ хандығының құрылған жылы төңірегінде қарама-қайшылықты пікірлер айтыла бастайды. Егерде үшінші кезеңге дейін Қазақ хандығы 1456 жылы құрылған деген пікір үстем болып келсе, осы жылдардағы зерттеулерде 1465/66 жылы құрылды деген пікір басымдыққа ие бола бастайды. Сонымен бірге Қазақ хандығы 1470 жылы құрылған деген тың пікір (Т.И. Сұлтанов) айтылады.

5) Қазақ хандығының құрылуы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Моғолстан, Мауереннаһр аймақтарындағы саяси дамулардың шеңберінде, сол аймақтардағы тарихи дамулармен байланыста қарастырылады.

Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасындағы соңғы кезеңге – ХХ ғасырдың 90-шы жылдары мен қазіргі таңға дейінгі уақыт жатады. Бұл кезеңді кейде қазіргі кезең деп те атайды. Бұл кезеңнің басты ерекшелігіне – қоғамдық ғылымдардың, оның ішінде тарих ғылымының да ұзақ жылдар бойғы маркстік-лениндік көзқарастарға негізделген теориялар мен методологиялық ұстанымдардан босап,



жалпы адамзаттық дамуларды объективті түрде қарастыратын теориялар мен методологияларға бет бұруы жатады. Қазіргі кезеңдегі Қазақ хандығының құрылуы мәселелерімен айналысып жүрген тарихшыларға Т.И. Сұлтанов, Б.Е. Көмеков, К.А. Пищулина, М.Х. Әбусейітова, Ә. Хасенов, С. Жолдасбайұлы, З. Қинаятұлы, Қ. Өскенбай, Н. Атығаев және т.б. жатады. Сондай-ақ мәселенің әртүрлі қырлары М. Әбдіровтың, Г.Е. Сабденованың, Е. Бұлановтың және т.б. тарихшылардың зерттеулерінде қарастырылады. Осы кезеңде тақырыптың мынадай мәселелері жөнінде зерттеулер жүргізіліп, ой-пікірлер мен тұжырымдар айтылды:

1) Хандықтың құрылған жылына байланысты әртүрлі пікірлер қайта көтеріліп, тарихшылардың пікірлері бір тоқтамға келмей, мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр;

2) Қазақ хандығының құрылуын Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһр, Моғолстан және оларға іргелес аймақтардағы тарихи дамулармен байланыстыра қарауға талпыныстар жасалады;

3) Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы мен хандықтың құрылуының бір кезеңде жүзеге асқандығы жөнінде пікірлер айтылды;

4) «Қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны, шығуы мәселесі осы тақырыпқа байланысты қайтадан күн тәртібіне қойыла бастады;

5) Осы кезеңдегі ірі жаңалыққа – Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің орыс, қазақ тілдеріне тұңғыш рет ғылыми негізде толығымен аударылып, тақырыптың жан-жақты зерттелуіне мүмкіндіктер ашып беруі жатады.

Жалпы алғанда, қазіргі кезеңде де тақырыпты зерттеушілер оның әртүрлі мәселелерін ашуға, анықтауға ізденістер жүргізеді. Бірақ тақырыпты толық зерттелді деуге әлі ертерек. Сол себепті де біз өз зерттеуімізде тақырыптың ең өзекті, түйінді мәселелерін ашуға тырысамыз.

Зерттеу жұмысының деректік негіздерін ортағасырларда әртүрлі тілдерде жазылған жазба деректер және түрік тілдес халықтар мен қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі тақырыпқа қатысы бар мәліметтер құрайды. Оларды жүйелеу үшін біз дерек мәліметтерінің бәрін жазба дерек мәліметтері және ауыз әдебиетінің мәліметтері деп екі үлкен топқа бөлдік.

Жазба дерек мәліметтері зерттеу жұмысының ең көп деректік негізін құрайды. Олар әртүрлі тілдерде, әртүрлі аумақтарда, әртүрлі



әулеттердің билігі тұсында жазылғандықтан тілдік, аумақтық және әулеттік принциптер бойынша топтастырылып, әр топтағы деректерге жеке сипаттамалар беріліп, ондағы мәліметтердің біздің тақырыбымыз үшін маңыздылығы аталып өтілді. Сондай-ақ әрбір дерек мәліметінің тақырыпқа қатыстылығына назар аударылды.

Тілдік принцип бойынша жазба деректер араб, армян, орыс, монғол және түрік тілдеріндегі деректер деп жеке-жеке топтастырылды. Төменде оларға қысқаша тоқталып өтелік.

1. Араб тіліндегі жазба деректерге Ибн ал-Асирдың, ан-Насавидың (Несеви), Ибн Абд аз-Захирдың, Рукн ад-дин Бейбарс ал-Мансури ал-Мысридың, ан-Нувайридың, ал-Омаридың, ал-Айнидың, ал-Дженнабидың тарихи-географиялық сипатта жазылған еңбектері жатады. XIII-XV ғасырларда Алтын Орда мен Египеттің арасындағы қарым-қатынастар достық, одақтастық сипатта болғандықтан, екі ел арасында елшілік, сауда-саттық байланыстар жақсы дамиды. Араб елшілері мен саудагерлері өздерінің тікелей міндеттерінен басқа, жалпы Алтын Орданың саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани, этникалық өмірі туралы құнды тарихи материалдар, географиялық сипаттағы деректер жазып қалдырады. Осы деректердегі мәліметтерге сүйеніп, біз XIII–XV ғасырларда Алтын Орданың ішкі, сыртқы саяси өмірін, әлеуметтік-экономикалық, этникалық, діни, рухани, мәдени жағдайларын қарастырамыз.

2. Тілдік принцип бойынша топтастырылған жазба деректердің екінші тобына армян тіліндегі деректер жатады. Дерек авторлары Варден, Стефан Орбелян, Киракос Гандзакеци, армян патшасы Гетум және тағы басқалар өз деректерінде Жошы Ұлысының XIII ғасырдағы жалпы жағдайы, ондағы Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы билік үшін болған күрестер, Алтын Орданың жеке хандары, олардың ислам және христиан діндеріне көзқарастары, XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, исламның күшейе бастағандығы және т.б. мәліметтер туралы баян етеді.

3. Осы топтағы деректердің келесісіне – орыс тіліндегі деректер жатады. Олардың ішінде «Троицк жылнамасының», «Никонов жылнамасының», «1497 жылғы Жылнамалар жинағының», «Уваров немесе 1518 жылғы Жылнамалар жинағының» мәліметтері біздің қарастырып отырған тақырыбымыз үшін өте құнды болып есептеледі.





4. Жазба деректер тобының келесісі – монғол тіліндегі деректер тобы. Біз бұл топтағы деректерден тақырыбымызға қатысы бар «Монғолдың құпия шежіресі» және Лувсанданзанның «Алтын шежіре» (XVII ғ. 2-ші жартысы) атты еңбектеріндегі мәліметтерді пайдаландық. Монғол тіліндегі деректерде Шыңғысханның шығу тегі, оның өмірі мен билікке келуі, жаулап алу соғыстары, ең бастысы, чаджарат, барин, салжиут, барлас, маңғыт, таишиут, бесут, кенегес, боржігін, дәрбет, қатаған және т.б. көптеген тайпалардың шығу тегі туралы құнды мәліметтер баяндалады. Біз үшін ол мәліметтер XIII–XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған этнопроцестерді, оған қатысқан этнокомпоненттерді анықтауға мүмкіндіктер береді.

5. Түрік тілінде жазылған деректер тобына біз Махмұд Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігі» атты еңбегі мен Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» атты еңбегінің мәліметтерін жатқыздық. Махмуд Қашқари еңбегінде XI ғасырда Дешті Қыпшақ пен оған іргелес аумақтарда өмір сүрген түрік тілдес тайпалар туралы жалпылама мәліметтер баяндалады. Ал Қадырғали Жалайырда біздің тақырыбымыз үшін маңызы бар Орыс хан, Құйыршық хан, Барак хан, Жәнібек хандар туралы мәліметтердің, XIV–XV ғғ. Жошы Ұлысында болған оқиғалар туралы, Ноғай Ордасындағы Едіге және оның ұрпақтары Мансұр, Қази, Наурыз, Нұраддин, Афас, Оқас, Хорезми, Мұса, Жаңбыршы билерге қатысты мәліметтердің, Сібір хандары мен Шибанилық Әбілқайыр хан мен Иадғар хандарға қатысты мәліметтердің орны ерекше екендігіне көңіл аудардық. Жалпы алғанда біз, Қадырғали Жалайыр еңбегіндегі деректерді Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде негізгі, басты мәліметтер қатарына жатқызамыз.

Жазба деректердің келесі тобын аумақтық принцип бойынша топтастырып, оны аумақтық немесе европалық авторлар деректеріндегі мәліметтер деп шартты түрде атадық. Оған Марко Полоның, Плато Карпинидың, Вильгельм Рубруктың, Матвей Меховскийдың шығармаларындағы мәліметтер жатады. Біздің тақырыбымыз үшін бұл топтағы дерек-мәліметтер қосымша рөл атқарады.

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба деректердің ең басты, ең негізгі тобын әулеттік деректер тобы құрайды.



Бұл топтағы жазба деректердің өзі өз ішінде хұлагулық, делилік, жалайырлық, темірлік, шайбанилық, бабырлық, аштраханилық және Хиуадағы қоңыраттық деректер деп жіктеледі.

Хұлагулық деректерге – ал-Жувейнидың «Тарих-и Жахангуша», Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы», Вассафтың «Вассаф тарихы», Хамдаллах Казвинидың «Тарих-и гузиде» атты тарихи шығармалары жатады. Олардың мәліметтерінде монғолдардың Орта Азияны мен Дешті Қыпшақты жаулап алуы, түрік тілдес және монғол тілдес тайпалардың шығуы, Алтын Орданың саяси тарихы мен оның алғашқы хандарының саясаты және т.б. мәселелер жөнінде баяндалады. Бұл деректер ішінде Рашид ад-Дин еңбегіндегі мәліметтердің алатын орны ерекше.

Делилік дерекке – Жужанидың «Табакат-и Насири», ал Жалайырлық дерекке – ал-Ахаридың «Тарих-и Шайх-Уайыс» атты еңбектері жатады. Бұл деректерде XIII ғасыр басындағы монғолдардың жаулап алуы, Жошы хан туралы, Берке хан туралы, 1342–1357 жж. Алтын Ордада болған оқиғалар туралы, Жәнібек ханның билігі тұсындағы жағдайлар туралы мәліметтер кездеседі.

Ал Темірлік деректер деп аталатын деректер тобына келсек, олар біздің тақырып үшін ең негізгі деректер қатарынан орын алады. «Тузик-и Тимури», Шамидің «Зафар-наме», Йазидың «Зафар наме» атты еңбектері, Натанзидың «Муин ад-дин Натанзи», анонимді «Муизз ал-ансаб», Самаркандидің «Матла ас-садайн ва маджме ал-бахрайн», Хафиз Абрудың «Зайл-и Джами ат-таварих», Фасихидың «Муджмал-н Фасихи», Мирхондтың «Раузат ас-сафа», Хондамирдың «Хабиб ас-сиар» атты еңбектеріндегі мәліметтерден біз Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттарын, XV ғасырдағы Мауереннаһр мен Хорасандағы саяси жағдайлардың барысын тереңірек біле аламыз.

Біздің тақырыбымыз үшін келесі бір негізгі рөл атқаратын әулеттік деректер тобына – шибанилық деректер жатады. «Тауарих-и гузидайи нусрат наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Футухат-и хани», «Маджму ат-тауарих», «Түрік шежіресі», «Шыңғыс-наме» атты тарихи шығармалардағы мәліметтерде XV ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Моғолстан және Мауереннахр аумақтарында болған саяси оқиғалар, Шығыс Дешті Қыпшақтағы этникалық процестер, осы кезеңдегі тарихи тұлғалардың жеке өмірбаянына қатысты оқиғалар, хандар әулетінің шежіресі және тағы басқа көптеген мәселелер туралы баяндалады. Жалпы алғанда, шайбанилық деректер тобы темірлік



деректермен қатар Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба деректер ішіндегі ең басты, ең негізгі деректер қатарына жатқызылады.

Бабырлық әулеттің деректеріне біз «Бабыр-наме», Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Ходжамқұли бек Балхидың «Тарих-и Кипчаки» атты шығармаларындағы мәліметтерді жатқызамыз. Осы топтағы «Тарих-и Рашиди» еңбегінің Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтері біз пайдаланып отырған 60-тан астам жазба деректер ішіндегі ең басты, ең негізгісі болып саналады. Шығарма авторы өз еңбегінде Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуін алғаш рет баяндайды. Осы деректің оған дейін ешбір деректе кездеспейтінін ескеріп, біз автордың бұл мәліметін оригиналды деректер деп санаймыз. Ал «Бабыр-наме» мен «Тарих-и кипчаки» еңбектерінде Қазақ хандығының құрылу тарихы толық көрсетілмесе де, мәселенің кейбір жақтарын нақтылап көрсетуге мүмкіндіктер беретін құнды мәліметтер кездеседі. Жалпы, бабырлық деректердегі мәліметтер де жоғарыда айтылған деректер тобы секілді біздің тақырыбымыз үшін негізгі деректер қатарына жатады.

Әулеттік принцип бойынша топтастырылған деректердің келесі бір топтарын аштарханилық және Хиуадағы қоңыраттық әулеттің биліктері тұсында жазылған тарихи шығармалар құрайды. Аштарханилық топқа жататын Махмуд бен Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» атты XVI ғасырдың орта тұсында жазылған тарихи шығармасында Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі жөнінде айтылады. Автор бұл мәліметті «Тарих-и Рашидиден» алса да, онда біз үшін аса маңызды және басқа да ешбір деректе кездеспейтін мәліметтер ұшырасады.

Хиуадағы қоңыраттық әулет билігі тұсында дүниеге келген «Фирдаус ал-икбал» атты тарихи шығармада бізге қажетті деректер өте аз болса да, кездесіп қалады. Ондай дерек-мәліметтер біздің қарастырып отырған тақырыпты ашуымызға үлкен көмегін тигізеді.

Жалпы, жазба деректер жөнінде ойларымызды қорыта келе, Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеу барысында 60-тан астам әртүрлі тілдерде, әртүрлі аймақтарда, әртүрлі әулеттердің билігі тұсында жазылған тарихи шығармалардың мәліметтерін пайдаланғанымызды атап өтеміз. Бұл мәліметтердің Қазақ хандығының құрылу тарихын ашып көрсетудегі рөлі мен маңызын өте жоғары бағалаймыз.



Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген түрік тілдес халықтар мен қазақ халқының ауыз әдебиеті материалдарының алатын орны ерекше. XIV–XV ғасырлардағы оқиғалар халықтың санасында бейімделіп, тарихи жыр-дастандар, батырлық жырлар, аңыз-әңгімелер күйінде күні бүгінге дейін жетіп отыр. Түрік тілдес халықтардың бәріне ортақ туынды – «Едіге», «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар мен дастандардағы оқиғалар XIV–XV ғасырлар аралығын қамтиды. «Едіге» жырында XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басындағы Едіге мен Тоқтамыс хан арасындағы күрестер жақсы суреттеледі. Біз бұл жырдан Алтын Орданың ыдырау процесі кезеңіндегі жағдайларды білуге мүмкіндіктер ала аламыз. Ал «Қырымның қырық батыры» атты жырлар топтамасында XV ғасырдағы оқиғалар баян етіледі. Онда кездесетін басты кейіпкерлердің бәрі жазба деректерде айтылатын белгілі тарихи тұлғалар. Сондай-ақ Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы тайпалардың – «ноғайлы» деген атаумен кездесуі осы кезеңдердегі этножағдайдан хабардар етеді. Жалпы алғанда, бұл батырлық жырлар мен дастандар біздің тақырыбымыз үшін қосымша рөл атқарады.

Ал Ақжол биді Қобыланды батырдың өлтіруі туралы тарихи аңыз әңгімеден XV ғасырдың орта тұсында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған этносаяси процестердің жағдайын, ең бастысы Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуінің ішкі себептерін көреміз. Егерде жазба дерек мәліметтері объектіні сырттан тануға мүмкіндіктер берсе, ауыз әдебиетінің деректері оны іштен тануға жол ашады. Деректердің екі түрін бір-бірімен толықтыра, байланыстыра қарастырғанымызда зерттеп отырған тақырыбымызды толық ашуға мүмкіндік аламыз.



## I. ТАҚЫРЫПТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛелЕРІ

Қазіргі Қазақстан аумағы мен оған іргелес аймақтарда б.з.д. I мыңжылдықтың басынан б.з. II мыңжылдығының ортасына дейін Қазақ хандығын қоспағанда, 20-дан астам мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдар, саяси бірлестіктер өмір сүріп келген. Ол мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдар Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихында ерекше рөл атқарып, үлкен маңызға ие болған. Олардың еліміздің мемлекеттік тарихында өзіндік алатын орны, қалдырған іздері бар. Бұл мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдар – уақыт пен кеңістік тұрғысынан алғанда Қазақстан аумағында бірін-бірі ауыстырып, бірінің орнына екіншісі келіп отырған және бір уақыт ішінде қатар өмір сүрген мемлекеттер болып саналады. Олардың атаулары әртүрлі болып келгенімен, тарихи желідегі ортақ, біртұтас мемлекеттіліктің әрбір тарихи кезеңдегі атаулары екендігі белгілі. Бұл мемлекеттердің ешқайсысы жаңа заманға дейін жетпей, ежелгі және XV ғасырға дейінгі тарихтың еншісінде қалып қойды. Олардың тікелей мұрагері ретінде XV ғасырдың ортасында тарих төріне көтерілген Қазақ хандығы біртұтас мемлекет ретінде 250 жылдай, ал одан кейін бытыраңқылық күйде тағы да 10 жылдан астам өмір сүріп, XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің бірден-бір көрінісі бола білді.

Қазақ хандығы өзі өмір сүрген 350 жылдай уақыт ішінде, ең алдымен, Қазақстан аумағындағы қазақ этносының саяси, әлеуметтік-территориялық ұйымы болды. Сондай-ақ Қазақ хандығы – қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болып саналды. Этнос және оның мемлекеті бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар болғандықтан, олар бір-бірінен тыс, бөлек, алшақ өмір сүре алмайды. Олар бір-бірімен бірге тығыз байланыста ғана өмір сүріп, бірі екіншісіне өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасап отырса, екіншісі де өз негізінде алғашқысының мықты, қуатты болуына атсалысып отырды. Осы қос ұғым арасындағы тығыз байланысты қазақ этносы мен Қазақ хандығы арасындағы байланыстардан көруге болады. Қола дәуірінен бері Қазақстан аумағында үздіксіз жүрген этносаяси дамудың этникалық



бағыты XV ғасырдың ортасында өз мәресіне жетіп, ұлттық сипаттағы этносты дүниеге әкелсе, мемлекеттіліктің дамуы – ұлттық сипаттағы құрылым – Қазақ хандығының құрылуына алып келеді. Бір ерекшелігі сол, ұлттық сипаттағы этнос пен мемлекет Қазақстан аумағында бір тарихи кезеңде қалыптасып, құрылады.

Ежелгі замандардан жаңа заман басталғанға дейін Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдарды көне қытай, араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған жазба деректер патшалық, хандық, қағандық, орда деп атағаны белгілі. Ал XVIII–XIX ғасырларда Еуропада тарихи білімдердің ғылымға айналуына байланысты көптеген ұғымдар мен түсініктер, оның ішінде мемлекет ұғымы да өзгеріске ұшырады, жаңаша анықтамалар берілді. Еуропалық қоғамтанушы ғалымдар Еуропа тарихын зерттеуде, түсіндіруде алға қарай көп кадам басты. Әртүрлі теорияларға негізделген тұжырымдар пайда болды. Еуропаның XVIII–XIX ғасырларда дамыған елдері сол кездердегі жаңа технологияларды тез игеру арқылы әлемнің басқа аймақтарын жаулап, ондағы халықтар мен мемлекеттерді өздерінің отарларына айналдырды. «Отар елдің тарихын отарлаушы елдің өкілі жазады» деген қағидаға сәйкес Еуропалық қоғамтанушылар, әсіресе, тарихшылар отарланған елдердің тарихын зерттеу барысында «шығыстанушылар» атанды. Шығыс елдерінің тарихымен айналысатын ғалымдардың бәрі дерлік бір ғана ортақ ұстанымға, құралдарға сүйенді. Ол – еуропалық ғалымдардың өз елдерінің тарихын зерттеуде өздері қалыптастырған, қолданған ұстанымдары, көзқарастары, ұғымдары мен терминдері, заңдары мен заңдылықтары. Осындай ұстанымдардың евроцентризмге алып келгені белгілі. Бұл туралы В.В. Бартольд өзінің диссертациясын қорғау алдында сөз сөйлеп, онда: «Өткен ғасырдың ортасында Орта Азия тарихы бойынша бірінші рет көлемді еңбек жариялаған Дегин қарсыластарының тарихы жоқ халықтар тарихын өз зерттеуінің тақырыбы етіп алды деген сынына ұшырады. Олардың ойынша, түріктер тарихы сол елдердегі жолбарыстардың тарихы секілді ешқандай қызығушылық тудырмайды ...» – деген еді [2, 604-б.].

Міне, осыдан-ақ XVIII ғасырда еуропалық қоғамтанушылардың Азия халықтарының, шығыс елдерінің, оның ішінде түрік халықтары мен көшпелі тайпалардың тарихына алдын-ала қандай көзқарастар мен пікірлерде болғанын анық көреміз. Қазіргі кезеңдегі белгілі



тарихшы З. Қинаятұлы Азия халықтарының тарихына байланысты еуроцентристік көзқарастардың қалыптасуы мен оның негізін қалаушылар туралы: «Мемлекет және оның сипаты туралы теориялық ілімдер» капиталдың үстемдік құрған дәуірінде қалыптасты. Мемлекет туралы ілімнің негізін көрнекті неміс философтары Иммануил Кант пен Фридрих Гегель қалады. Кант көшпелілердегі мемлекеттіліктің бастауын көшпелілер мен отырықшылар арасындағы қайшылықтардан іздесе, ал Гегель көшпелілерді тарихқа дейінгі дамудың сатысына жатқызып, көшпелілер өзіндік мемлекеттілік құру деңгейіне дейін пісіп-жегілген жоқ, деп есептейді. Сөйтіп, неміс философтары еуропалықтардың мемлекет құру тәжірибесін «эталон» деп алып, «жабайы азиаттар өз мемлекеттілігін тек өркениетті еуропалықтардың күшті билігімен ғана қалыптастыра алады деген тұжырымға келді» – деп түсіндіреді [3, 6-б.]. Немістің классикалық философиясы өкілдерінің ойлары жалпы еуропалық философияның дамуына қалай әсер етсе, олардың көшпелілердің мемлекеттілігі жөнінде айтқан пікірлері де еуропалық тарихшылардың пікірлеріне дәл сондай әсер етеді. Осылайша, дүниежүзілік тарихтың жаңа заманының алғашқы кезеңінде еуропалық ғылымның Азия халықтарының тарихына деген теріс, жеккөрінішті пікірлері ХІХ ғасырда жинақтала келе, еуроцентристік көзқарастар мен теориялардың пайда болуына алып келді. Мұндай көзқарастар ХХ ғасырда да жалғасын тапты. Ағылшын философы А. Тоинби (1889–1975) өзінің өркениеттер тарихына арнаған еңбегінде көшпелілер қоғамы «кенже қалған қоғам», дамымаған өркениет дей келе, олардың қоғамына «тарихы жоқ қоғам» деген тұжырым жасады [4, 181–186-б.].

Көшпелілер тарихына, олардың мемлекеттілігіне еуроцентристік көзқарастар осындай болғаннан кейін, номадологтар өз зерттеулерінде бұл ойларды одан ары негіздеуге, дамытуға барынша күш салды. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында номадологияда мемлекеттіліктің пайда болуы мәселесіне байланысты «жаулап алу» теориясы үстем болып, кең таралды. Л. Гумплович, П. Оппенгаймер және тағы басқа да шетелдік зерттеушілер өз еңбектерінде бұл теорияны негіздеу үшін көшпелілердің отырықшы қоғамдарға жасаған жорықтары туралы мәліметтерге ғана сүйенді [4, 363-б.]. Осы кезеңде ресейлік авторлар да көшпелілердің мемлекеттілігі мәселесіне көңіл аударды. Н.А. Аристов, Н.И. Гродеков, Г.Н. Потанин



секілді зерттеушілер бұл жөнінде мемлекеттіліктің пайда болуы мен қалыптасуын жеке көсемдер мен жетекшілердің жеке басындағы қасиеттерімен байланыстырды [5, 277–456-б.; 6, 298-б.; 7, 181-б.].

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап, көшпелі қоғамдардағы мемлекеттіліктің пайда болу мәселесін шешу үшін зерттеушілердің бар назары екі мәселеге ауды. Бірінші мәселе – көшпелі қоғамдық таптар болды ма? Және екінші – көшпелілерде меншіктің қандай түрі болды деген сұрақтар жатты. Бұл мәселелерге байланысты номадологияда үш түрлі көзқарастар мен пікірлер тобы қалыптасты. Бірінші топқа көшпелі қоғам дамудың таптық қоғамға дейінгі кезеңде болған деген көзқарастар мен пікірлер тобы жатты.

Бұл топтағы А.Н. Седельников, П.Е. Маковецкий, Н.А. Аристов, А.П. Чулошников, А.Ф. Рязанов, С.С. Черников, С.А. Плетнева секілді зерттеушілер негізінен көшпелі қоғам таптық қоғамға жеткен жоқ деген пікірді дәлелдеуге тырысты [8, 175–222-б.; 9, 86-б.; 10, 291-б.; 11, 300-б.; 12, 73–80-б.; 13, 188-б.]. Бұл авторлардың пікірлері «Қоғамда таптар болмаса, онда ол қоғамда мемлекеттілік те болмайды» деген негізгі тұжырымға сайды.

XX ғасырдың 30-жылдары көшпелілердің қоғамын зерттеуде жаңа теория туып, ол Кеңес Одағында кең қолдауға ие болды. Б.Я. Владимирцовтың «көшпелі феодализм» және С.П. Толстовтың көшпелі қоғамдардағы «феодалдық қатынастар» жөніндегі концепциялары көшпелі қоғам өз дамуы барысында феодалдық сатыға көтерілді деген пікірлер мен көзқарастарға негіз бола білді [14, 223-б.; 15, 56–60-б.].

Б.Я. Владимирцовтың пікірі бойынша көшпелілер қоғамындағы қатынастардың негізін жайылымға меншік түрлерінің болуы құраған, қарапайым мал бағушылар жайылымды пайдаланғаны үшін әртүрлі міндеткерліктер өтеген [14, 110–119-б.]. А.С. Толстов болса, феодалдық қатынастардың негізін малға жеке меншіктің болуы анықтады деп санайды [15, 188–189-б.]. XX ғасырдың 50–80-жылдары осы екінші теория үстем болып, зерттеушілердің пікірлері осы теория шеңберінде көшпелі феодалдық қоғамда жайылымға және малға меншіктің қайсысы негізгі болғанына байланысты мәселеде өрбиді. А.Е. Еренов, С.З. Зиманов, М.П. Вяткин, С.В. Юшков және тағы басқа да пікір айтушылар феодалдық қатынастар жүйесінде жерге жеке меншік басты рөл атқарады деп есептесе, оларға қарсы





пікір айтушылар: С.Е. Толыбеков, В.Ф. Шахматов, С.Л. Фукс өз еңбектерінде малды жеке меншіктеуді феодалдық қатынастардың негізі деп түсіндіреді. 1954 жылы Ташкентте өткен Орта Азия мен Қазақстан тарихының революцияға дейінгі кезеңіне байланысты ғылыми кеңесте көшпелі феодалдық қоғамның басты негізін құраған мәселе жөнінде қызу пікірталастар болып, әрбір пікір айтушылар өз ойларын негіздеп көрсетеді [16, 590-б.]. Ташкент кеңесінен кейін пікір айтушылар өз пікірлерін жеке монографиялық зерттеулерде кеңірек дәлелдейді [17, 158-б.; 18, 296-б.; 19, 20, 633-б.; 21, 207-б.; 22, 224-б.].

Н. Масановтың көрсетуі бойынша көшпелі қоғамының феодалдық сатысы жөніндегі теорияның кең таралғандығы сондай, ол «Көне замандардан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихының» төрт басылымында, «Қырғыз ССР тарихында», «Қалмық АССР тарихында», «СССР тарихының» бірнеше басылымында, «МХР тарихында» және т.б. негізгі көзқарас ретінде қолданады [23, 217-б.]. Қазіргі кезде XIII-XVII ғасырлардағы Қазақ мемлекеттілігінің тарихымен айналысатын белгілі ғалымдар: Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина, З. Қинаятұлы қазақ қоғамының феодалдық сипатын қолдайды [24, 133-б.; 25, 288-б.; 3, 6–32-б.]. З. Қинаятұлы көшпелі моңғол қоғамы мен қазақ қоғамын салыстыра келе, қазақ қоғамының тек өзіне ғана тән ерекшеліктеріне көңіл аударып, «ежелден келе жатқан дәстүр бойынша қазақ қоғамында жер мен су қауымның (ру, тайпа) меншігінде болды. Осы жерде мына жағдайды ескертіп айту керек: көшпелі қазақтың беделі жайылымның санымен емес, малының санымен өлшенеді. Кімнің малы көп болса, сол жер мен суға иелік етеді. Мал оның жеке меншігі болып, қазақ ең алдымен, малдың жағдайын күйттеді. Өйткені мал қазақтың негізгі және тұрақты капиталы болып есептелді.

... Руаралық және тайпалық күрделі мәселелерді шешуге кейде ханның өзі араласқан. Қазақтар тарихында ханның бастамасымен ру-тайпалар бір жерден екінші жерге көшіп те отырған. Осылайша, мемлекеттік билік көші-қон мәселесін реттеуге араласқан» [3, 10–11-б.].

Көшпелі қоғамының таптық қоғамға дейінгі сатыға да, феодалдық сатыға да кірмей, қоғам дамуының ертетаптық сатысына жататындығын дәлелдейтін пікірлер мен көзқарастар көшпелі қоғамдардағы таптар және меншік мәселесіне байланысты үшінші топты құрайды. Бұл топқа жататын авторлар: Г.Е. Марков, А.М. Хазанов,



Н.Э. Масанов, А.И. Першиц, Н.Н. Крадин өз зерттеулерінде көшпелілердің өз беттерінше қоғамдық дамудың тек ертетаптық сатысына ғана жете алатындығын, онда жерге жеке меншіктің жоқтығын, малға меншіктің бар екендігін көрсетуге тырысады [26, 319-б.; 27, 363-б.; 23, 217-б.; 28, 104–110-б.; 29, 240-б.]. Бұл теорияның негізін қалаушылар мен оны қолдаушыларда еуроцентристік көзқарастардың әлі де болса іздері қатты сақталып қалғанын көруге болады. Бұл теория – таптық емес саты теориясы мен феодалдық саты теориясы арасындағы теория болса да, мемлекеттілік мәселесінде бірінші теорияға жақын. Ол теориялардың қатарында көшпелілерде мемлекет болған жоқ, олар өз дамуында мемлекеттілікті қалыптастыра алмайды, тек қана мемлекеттілікті көшпелілер көрші отырықшы-егіншілік қоғамдарды жаулап алу арқылы ғана қалыптастыра алады деген ойлар жасырын жатыр. Ал Қазақстан аумағында Қазақ хандығына дейін өмір сүрген мемлекеттердің болғандығы тарихи шындық. Оларды мемлекеттілік құрылым емес деп бағалайтындар – жоғарыда айтып өткен екі теорияны қолдаушылар. Сол себепті де біз ол теорияларды объективті шындықты толық көрсете алмайды деп есептейміз. Мысалы, осы теорияны жақтап жүрген ресейлік тарихшы Н.Н. Крадин көшпелілердің саяси жүйесін мемлекет деп есептеуге болмайды деп, оны жаңа терминмен «өте күрделі көсемдік» (суперсложное вожество) деген атаумен атайды [30, 21–31-б.]. Оның көрсетуі бойынша қарапайым көсемдік – бірнеше қауымның бір көсемге бағындырылуы болса, күрделі көсемдік дегеніміз бірнеше қарапайым көсемдердің сатылы түрде ұйымдастырылған түрі. Ал күрделі көсемдік жай ғана механикалық түрдегі бірнеше күрделі көсемдіктің бірігуі емес, оның ең басты айрықша белгісіне жоғарғы көсемнің аймақтық құрылымдарды басқару үшін өз атынан басқаратын адамдарды тағайындаудың пайда болуы жатады. Осы күрделі көсемдікті Н.Н. Крадин, көшпелі империя дей келе, оның құрамына енген тайпа көсемдері ондық әскери жүйе негізінде біріктіріледі, бірақ олар ішкі саясатта өздерін белгілі бір деңгейде орталықтан бөлек ұстайды. Этносаяси тұрғыдан алғанда күрделі көсемдіктер тайпалық бірлестіктердің одағынан бастап жоғарғы сатыға дейін әкімшілік және әскери билікті көшпелі империя билеушісінің арнайы өзі тағайындаған өкілі басқарады. Мұндай «өте



күрделі көсемдік» алғашқы мемлекеттердің ізашары болып табылады [30, 21–52-б.]. Көшпелі қоғамның дамуының ерте таптық сатылы теориясын өте белсенді түрде қолдап жүрген автордың осы ұсынған моделін Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттілік жүйесіне қолданып көрсек, онда ғұн, үйсін, қаңлылардың мемлекеттілігі мен XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы арасында ешқандай өзгеріс те, айырмашылық та жоқ. Екі мемлекеттілік құрылым арасында 2000 жылдай уақыт жатса да, ешқандай мемлекеттік дамуды көре алмаймыз. Тек оның кейбір жақтарын ғана XIII–XV ғасырлар аралығындағы Қазақстан аумағында болған этносаяси дамулардан байқаймыз. Мысал ретінде алсақ, 1428–1469 жылдардағы «көшпелі өзбектер» мемлекетінің тарихы Н.Н. Крадин ұсынып отырған «өте күрделі көсемдік» моделіне біршама сәйкес келеді. Әбілхайыр ханның 16–17 жасар кезінде билікке келуін, оның алдымен Шибан Ұлысын, кейіннен бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты біріктіру жолындағы күрестерін Н.Н. Крадиннің моделі түсіндіріп бере алмаса да, «көшпелі өзбектер» мемлекетінің ыдырау себептерін түсінуге жол ашады. Орталықтың саясатына қарсы немесе наразы болған тайпалар тобының одан бөлініп кетуі, басқа аймақтарға үдере көшуі немесе билеушіге қарсы шығуы жөніндегі тұжырымы көшпелі мемлекеттік құрамға тән факторлардың біріне жатады. Қазақ хандығының құрылуының этносаяси алғышарттарын біз осы факторлардан көреміз. Бірақ Н.Н. Крадин ұсынып отырған үлгі сыртқы факторларды ашады да, тарихи процестің ішкі рухани жақтары, атап айтсақ, этникалық, рухани, тілдік, діни, мәдени факторлар ескерілмейді.

Сол себепті де, біз қоғам дамуының ертетаптық сатысы жөніндегі теорияны толық қабылдай алмаймыз. Тек оның кейбір элементтерін ғана Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеу барысында қолданамыз.

Көшпелі қоғам дамуының жоғарыда қарастырылған үш сатысы туралы теорияларды салыстыра келе, біз өзіміздің қарастырып отырған тақырыбымызға феодалдық саты теориясы теориялық негіз бола алады деп санаймыз. Бірақ, осы теорияға байланысты кейбір ескертпелерді айта кеткенді жөн көріп отырмыз.

Біз негізге алып отырған феодалдық саты теориясына қарсы сын айтушылар кешегі кеңестік тарихнамада бұл теория үстем



болғандықтан, оны маркстік-лениндік методологиямен тығыз байланыстырады да, үстем идеологиямен бірге ғылыми теориядан да бас тартады. Біздің ойымызша, мемлекеттің ресми идеологиясы болса да, ғылыми танымның теориялары бөлек нәрселер. Егер де мемлекеттің идеологиясы үшін таным теориясы аса қажет болса, онда ресми билік ол теорияны өзінің мақсаттары мен мүдделеріне сай бейімдеп алады. Бірақ одан ғылыми таным теориясы мен мемлекеттің идеологиясы бір, ортақ, алғашқысы соңғысының теориялық негізі болып отыр деген ой тумау керек. Сондықтан ресми үстем методологиядан бас тарту арқылы ғылыми теориядан да бас тарту объективті шындықты айтудан гөрі, керісінше, белгісіз бағыттарға бет бұрғызады.

Не себепті феодалдық саты теориясы ХХ ғасырдың 30–80-жылдары номадологияда жетекші орында болды деген сауалға біз мынадай жауаптар береміз. Марксизм ілімі бойынша феодализм-қоғамдық бес формацияның бірі және онда ең бастысы, бір-біріне қарама-қарсы екі тап бар, яғни таптық күрес бар. Ал таптық күрестер қоғамдық дамудың көрсеткіші деген принципке сүйенген маркстік-лениндік теория көшпелі қоғамның табиғатын түсінуде феодалдық саты теориясын ғана қабылдап, басқа теорияларды «жалған», «буржуазиялық», «ғылыми емес», «ұлтшылдық» деп мойындамайды. Егер де марксизмдегі таптық күрес теориясын қоғам, мемлекет тарихын зерттеуден алып тастасақ, онда біз көп жерден ұтылмаймыз. Тіпті, басқа да теорияларды қолдану арқылы жаңа тарихи білімдерге қол жеткіземіз.

Қазіргі кезде қоғамдардың пайда болуының дамуының негізгі заңдарын түсіндіретін тарих және әлеуметтік ғылымдарда төрт теориялар тобы бар. Біріншіге – эволюцияның немесе дамудың бір бағытты теориясы (марксизм, неоэволюционизм, модернизация теориясы және т.б.) жатып, ол адамзаттың қарапайым аңшылар тобынан қазіргі постиндустралды әлемдік қоғамға дейінгі ұзақ жолын көрсетеді. Екіншіге – өркениет теориялары жатып, оны жақтаушылар біртұтас әлемдік тарих жоқ, мәдениеттердің белсенділігі – өркениеттер ғана бар деп көрсетеді. Өркениеттер тірі организмдер секілді пайда болады, өмір сүреді, жоғалады [30, 21–32-б.].

Бірінші теориялар тобы бойынша тарихи процестерді уақыт пен кеңістік шеңберінде қарастыру өте жеңіл, тиімді болса, екінші теория-



да нақты тарихи процестер, құбылыстар емес, белсенді мәдениеттер қарастырылады. Алғашқы екі теориялар тобының арасында эволюцияның көп бағытты теориясы мен әлем-жүйелік теориясы орын алады дей келе, Н.Н. Крадин «бірақ та атап өткен әрбір теория зерттейтін құбылыстардың ерекшеліктерін толық бейнелей алмайды. ... бұл теориялардың жиынтығы ғана бізге табиғаттың құбылыстарын түсіндіре алады. Тіпті, бір-біріне қарсы тұрған теориялардың өздері қарастырып отырған объектінің маңызды жақтарын көрсетуде бірін-бірі жоққа шығара алмайды», - деп атап жазады [30, 21–32-б.].

Осы айтылған ойларды түйіндей келе, зерттеп отырған мәселеміздің теориялық-методологиялық негіздерін анықтау үшін бір ғана теориямен шектеуді дұрыс деп есептемейміз. Марксизмдегі таптық күрестер теориясынан бас тартып, бірақ қоғам дамуының көшпелі сатысы жөніндегі теорияны негізге аламыз. Сондай-ақ дамудың көп бағытты теориясы бойынша саяси жүйелердің өзгеруіндегі көп түрлі нұсқалардың бірі – көсемдіктен ұлттық мемлекетке өту жолы біз үшін өте маңызды болып саналады. Қорыта айтқанда, біздің тақырыбымызды шешу үшін қандай теориялық негіздер тиімді болса, біз солардың бәрін негіз етіп алуға тиістіміз.

Енді өзіміздің негізге алып отырған қоғам дамуының феодалдық сатысы туралы теорияға қайта оралайық. Бұл теорияны қазақстандық зерттеушілерден басқа, Моңғолия, Қалмакия тарихымен, сондай-ақ жалпы номадологияның әртүрлі мәселелерімен айналысатын мамандар да қолдайды [31, 255–268-б.; 32; 33, 183–193-б.; 34, 54–102-б.; 35, 5–28-б.; 36, 286-б.; 37, 47-б.; 38, 180-б.; 39, 192–198-б.; 40, 61–73-б.; 41, 233-б.]. Біз өз зерттеуіміздің негізі етіп осы теорияны ала отырып, осы теория шеңберіндегі көптеген ұғымдар мен түсініктерді, терминдер мен анықтамаларды қолдануға тек осы теорияға тән терминдермен қатар, барлық теорияларға ортақ универсалды терминдерді де қолданамыз. Тіпті, «көшпелі феодализм» теориясындағы кейбір терминдерге сын көзбен қарап, оларға басқаша анықтамалар береміз. Сондай терминдердің біріне және өте жиі қолданылатын терминге – «көшпелі мемлекет» ұғымы жатады.

Тарихи әдебиеттерде көшпелі мемлекет термині арқылы қоғамдағы биліктің ерекше түрі түсіндіріледі. Ал А.М. Хазанов «көшпелі мемлекет» термині шашыранды және толық аяқталмаған термин дей келе, «дәлірек айтсақ, көшпелі мемлекет деп тек өз дамуының белгілі



бір деңгейіне жетіп, соған сай саяси ұйымы қалыптасқан, сондай-ақ тұрғындардың көпшілігі басқарушы және бағынышты топтарға бөлінген көшпелілердің дербес құрылымын айтуға болады», – деп жазады [27, 363-б.]. Сонымен бірге ол көшпелі мемлекет терминінің кең түрдегі мағынасына көшпелілердің басқа қоғамдарды жаулап алуы нәтижесінде пайда болған құрылымдарды да жатқызады [27, 362-б.]. Одан басқа көшпелі мемлекет ұғымына осы айтылған анықтамаларға ұқсас, бірақ сәл ерекшелігі бар анықтамалар беріледі [27, 362-б.]. Біз осы анықтамалар ішінде көшпелі мемлекет терминіне бірінші анықтама сай келеді деп есептейміз. Басқаша айтқанда, біздің тақырыбымыздың мәніне көшпелі мемлекет терминінің бірінші анықтамасы жақындау, яғни тұрғындарының басым көпшілігі көшпелі мал шаруашылығымен, қалған бөлігі жартылай отырықшы, отырықшы мал шаруашылықтарымен, егіншілікпен, саудамен, қолөнермен айналысатын тұрғындар арасында әлеуметтік теңсіздік анық байқалатын қоғамның саяси жүйесі жатады. Бұл анықтаманы Қазақстан аумағында ежелгі замандардан XV ғасыр ортасына дейін өмір сүрген мемлекеттердің бәріне бірден қолдануға болмайды. Табиғи-географиялық орналасуына байланысты ол мемлекеттерде мал шаруашылығы түрлерінің үлес салмақтары әртүрлі болғаны секілді, қолөнер, егіншілік секілді қоғамдық еңбек бөлінісінің түрлері де әртүрлі пайызда келеді. Сол себепті де әр мемлекеттің экономикасында мал шаруашылығы басымдықты орын алса да, экономиканың басқа салаларының үлес салмақтары әр мемлекетте әртүрлі болады. Бұл жағдай Қазақстан аумағындағы көшпелі қоғамның, мемлекеттіліктің, соған сай қоғамдық дамудың айрықша ерекшеліктерінің болғандығын көрсетеді.

О. Латтимордың «феодалдық» термині ұқсас белгілерді білдіреді, бірақ көп жағдайда айырмашылықтарды жасырады», – деп айтқаны біздің осы ойымызды негіздей түседі [27, 453-б.].

Қазақ хандығы құрылуының теориялық негіздері жөнінде сөз еткенде көшпелі қоғам, көшпелі феодализм, көшпелі мемлекеттер жөніндегі теориялар мен тезистер біз үшін өте қажет, бірақ жеткілікті емес. Көшпелі мемлекеттер туралы зерттеу жүргізген көшпелітанушылар негізінен ол қоғамның пайда болуы, сипаты, қоғамдық қатынастары мен ұйымдары, политогенез, отырықшы қоғам-



дармен қарым-қатынас мәселелеріне назар аударады. Ал Қазақ хандығы Қазақстан аумағындағы ұлттық сипаттағы алғашқы мемлекет болса да, мемлекеттіліктің алғашқы көрінісі емес. Ол Қазақстан аумағында б.з.д. I мыңжылдықтардың басынан бері үздіксіз жалғасып келе жатқан мемлекеттіліктің тарихи бір кезеңдегі бір көрінісі болып саналады. Соған байланысты көшпелі мемлекеттердің генезисі туралы теориялармен қатар, олардың трансформациясы, яғни тарихи дамуларға байланысты өзгеріп отыруы, бір мемлекеттің орнына екіншісінің келуі жөніндегі ойлардың, тұжырымдардың маңызы ерекше. Осы тұрғыдан алғанда біздің зерттеу жұмысымыз үшін З. Қинаятұлының «Көшпелі мемлекеттер тарихындағы сабақтастық» («Преимственность в истории государств») атты теориялық-методологиялық сипаттағы көлемді мақаласындағы теориялық ойлар мен тұжырымдар ерекше рөл атқарады [3, 6–32-б.]. «Қазақ мемлекеті кенеттен және ешқайдан пайда болған жоқ. Ол көнетүріктік және моңғолдық ұлыстық жүйелердің жаңаруы мен өзгеруі арқылы қазақ даласындағы жетілдірілген мемлекеттің түрі болып саналады. Ол, біріншіден, сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттарының, Қарахандар мемлекетінің, Наймандар мен Керейттердің ертефеодалдық ұлыстарының мемлекеттік құрылымдары элементтерінің жиынтығы негізінде, екіншіден, Қыпшақтық Жошы Ұлысы атанған Қыпшақ одағындағы қазақ тайпаларының, ең бастысы, оның сол қанаты болған Орда Ежен Ұлысы немесе Ақ Орда мемлекетінің негізінде қалыптасқан. Еуропалық мемлекеттер де осылай бірден пайда бола қойған жоқ», – деп, З. Қинаятұлы Қазақ хандығының мемлекеттік бастауларын көрсетеді [3, 12-б.]. З. Қинаятұлының бұл айтқан тұжырымы – XX ғасырдағы тарихнаманың жетістігі. Соған қарамастан автор осы тұжырымы арқылы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуын бірбағыттық даму теориясы негізінде түсіндіреді. Біз өз зерттеуімізде осы теорияны басшылыққа аламыз. З. Қинаятұлы өз тұжырымын сақтар мен ғұндардан бастап, мемлекеттіліктің белгілері мен нышандарының пайда болуы, олардың сабақтастығы арқылы дәлелдейді. Ол қазақ мемлекеттілігіне бастау болған мемлекеттік құрылымдардағы мемлекеттік белгілер мен нышандардың жетеуін анықтап береді. Оларға хандық (қағандық) билік, таңба (мөр), саяси орталық



(астана), әскер, әкімшілік-басқару жүйе, ту немесе жалау, ортақ заң жатады [3, 6–32-б.]. Осындай дәлелдеулерден кейін тек Қазақстан аумағында ғана емес, Еуразияның далалы аймақтарында мемлекеттілік құрылымдар мен мемлекеттер болған жоқ, қоғамдық қатынастар мен өндіріс тәсіліне негіздеп, тіпті, көшпелілерде мемлекеттің болуы мүмкін емес, олардың мемлекет құруға деңгейлері мен дәрежесі жеткен жоқ деген тұжырымдардың жалған, шындыққа сай емес екендігіне бірден көз жеткіземіз.

Сондай-ақ, З. Қинаятұлы жазба деректерге сүйене отырып, мемлекеттілік белгілер мен нышандардың алғаш рет қай саяси жүйеде пайда болғандығына назар аударады да, ғұндарда – тайпа көсемдерінің сайлауымен жоғарғы билікті шаньюй басқарғанын, «хан» лауазымының алғаш рет – тоба тайпасында пайда болғандығын, жужандарда – «қаған» («хандардың ханы»), түркі тайпасында – «Ұлы қаған» лауазымдарының пайда болғандығын айтады. Таңба, ту (жалау), ортақ заң секілді мемлекеттік нышандар да ерте замандарда пайда болып, Қазақ хандығында сақталғандығын, қазақ мемлекеттілігі тарихтың тереңінен шыққандығын, Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік дәстүрдің тарихи сабақтастығын, үндестігін және байланыстылығын көрсетеді.

Қазақстан тарихына мемлекеттілік тұрғысынан қарасақ, онда бірнеше мемлекет тарихының маңызы ерекше байқалады. Олар: Түрік қағанаты мен оның ыдырауы нәтижесінде пайда болған Батыс Түрік қағанаты және Алтын Орда империясы (Жошы Ұлысы) мен оның ыдырауы нәтижесінде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында құрылған Ақ Орда мемлекеті. Олардың ең басты ерекшелігіне Қазақстан аумағындағы этносаяси, мәдени-рухани процестерді біртұтас ортақ кеңістік шеңберінде жүргізуі жатты. Түрік қағанатының арқасында ол Еуразияның далалы аймақтарында өмір сүрген тайпалар мен тайпалық бірлестіктер алғаш рет «түріктер» деген этносқа біріктіріледі. Олардың тілі – түрік тілі болып, кейіннен олардың бәрі – түрік тілдес тайпалар деген атауға ие болады. Сондай-ақ ортақ діни сенім – тәңірге табыну, ортақ этнографиялық атаудың – Түркістан терминінің қалыптасуы, ортақ жазу – түрік жазуының таралуы, – міне, осындай ұғымдардың бәрі – аз уақыт болса да, Еуразия тайпаларының интеграциялық процестерінің көрінісіне





жатады. XI–XIII ғасыр басындағы Қыпшақ хандығы да осы процестерді жүргізуде белсенділік танытады. Бірақ ол оны толығымен жүзеге асыра алмайды. Дегенмен де, Дешті Қыпшақ атауының пайда болуы (XI ғасырдың бірінші жартысы), қыпшақ тіл тобына жататын түрік тілдес тайпалардың айқындалуы, «қыпшақ» атты жаңа этноқауымдастықтың құрылуы – Қыпшақ мемлекетінің белгілі бір дәрежеде этносаياسي процестерде өзіндік рөл атқарғандығын көрсетсе керек. Мемлекеттілік фактор этносаياسي процестердің дамуына ықпал етеді, бірақ ол процесті аяғына дейін жеткізе алмайды. Оның ең басты себебіне Қыпшақ мемлекеттілігінің ертефеодалдық сипатта болуы, ал ол өз кезегінде материалдық өндіріс жүйесіндегі ерекшеліктер мен ірі саяси құрылым қалыптастыру арасындағы қайшылықтарға байланысты туындайды [42, 86–96-б.; 43, 281–287-б.]. XI–XIII ғасыр басында Қыпшақ хандығы толық жүзеге асыра алмаған этносаياسي процестер Жошы Ұлысы мен оның сол қанаты – Ақ Орда мемлекеті тұсында өте баяу болса да алға қарай бір бағытта жүзеге аса бастайды.

Моңғолдар жаулап алушылығынан кейін Жошы Ұлысының негізінде Алтын Орданың құрылуы, әсіресе, оның шығыс бөлігіндегі Ақ Орда мемлекетінің тарихы Қазақстан аумағындағы этносаياسي, мәдени-рухани процестердің одан әрі тығыз байланыста дамуында ерекше рөл атқарады. Ақ Орда мемлекетін Қыпшақ мемлекеттілігі мен Қазақ мемлекеті арасындағы байланыстырушы жүйе, жалғастырушы көпір деуге болады.

Ақ Орда Қазақстан аумағында моңғолдар билігі дәуірінен кейін жергілікті этникалық негізде құрылған алғашқы ірі мемлекеттік құрылым болып саналады [44, 104-б.]. З. Қинаятұлы Ақ Орданы тікелей қазақ мемлекеттілігінің басы деп түсіндіреді [3, 6–32-б.].

Алтын Орданың, оның бір бөлігі болған Ақ Орданың қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында, сондай-ақ қазақ халқының қалыптасуының аяқталуында атқарған рөлі өте жоғары. Біз өз тақырыбымызды зерттеуде қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастаулары ежелгі сак, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттіліктерінен басталатындығын ескере және VI–XII ғасырлардағы түріктік кезеңдегі мемлекеттіліктің де әсері мен ықпалдарын мойындай отырып, мәселені шешуді XIII ғасыр басынан бастадық. Өйткені XIII ғасырдың басындағы моңғол жаулаушылығы мен одан кейінгі тарихи дамулар мемлекеттілікпен



қатар этникалық дамуларға әсерін тигізеді. Егер де XI–XIII ғасырлардағы этнопроцестермен салыстырар болсақ, онда алғашқы кезеңде Жетісу аймағын қоспағанда, Қазақстан аумағындағы барлық тайпалар түрік дәуірінен кейін алғаш рет бір саяси кеңістікке біріктіріліп, этностың жаңа деңгейінің фазасына аяқ басады. Оның белгілеріне ортақ территория, ортақ тіл, біртепті шаруашылықтың экономикада жетекшілік рөлі, ортақ саяси жүйе жатады. Осы белгілердің көрінісі этноқауымдастықтың – қыпшақ, этнотерриторияның – Дешті Қыпшақ, саяси жүйенің – Қыпшақ хандығы деп аталуынан байқалады. Бірақ та қоғамдық қатынастардың әлсіздігі мемлекеттілікті де әлсіз етеді. Ал әлсіз мемлекеттілік жүйе этнопроцесті толығымен өз мәресіне дейін жеткізе алмайды. Моңғолдар Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына аяқ басқанға дейін-ақ Қыпшақ хандығы өз ішінде бытыраңқылыққа ұшырап жатқан болатын. Ішкі факторлармен бірге оңтүстіктегі Хорезмшахтары мемлекетінің ыдырауға бағытталған саясаты да өз жемісін бере бастаған еді. Соның нәтижесінде бірліктің болмауы жауынгер қыпшақ халқының моңғолдарға қарсы күрес жүргізуіне мүмкіндіктер бергізбейді. Сөйтіп мемлекеттілік жүйенің әлсіздігі этникалық процестің одан әрі дамуына тежеу болады.

XIII ғасыр басындағы моңғолдардың жаулап алуымен Шығыс Дешті Қыпшақтың этникалық, саяси және мемлекеттілік тарихында жаңа кезең басталады. Моңғолдар үстемдігі деп аталатын XIII ғасырдың басы мен XIV ғасырдың I жартысы аралығы және моңғолдар үстемдігінен кейінгі кезең деп аталатын XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың ортасы аралығы Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуының аяқталуындағы шешуші кезеңге жатады. Осы шешуші кезеңде ұлттық сипаттағы этностар мен ұлттық мемлекеттердің болашағы айқындалады. XIII–XV ғасырлардағы Алтын Орданың саяси тарихы, Алтын Ордадағы этникалық процестер мен мәдени-рухани дамулар барысы, олардың өз заңдылықтары мен ішкі ағымдары, сондай-ақ осы тарихи процестердің бір-бірімен байланыстары, бір-біріне әсерлері қарастырылғанда Қазақ хандығының құрылу тарихын мейлінше білуге мүмкіндіктер аламыз.

Жалпы алғанда, ұлттық сипаттағы мемлекеттердің құрылу тарихын тек саяси факторлармен ғана түсіндіру толыққанды зерттеуге жатпайтыны белгілі. Саяси факторлармен бірге этникалық фактор



да маңызды рөл атқарады. Біздің байқауымызша, құрылған мемлекет сипаты жағынан ұлттық болғандықтан, ол сипаттың өзі этникалық процестерден туындап отырғандықтан, ұлттық мемлекеттердің құрылуында ең басты факторды этникалық факторлар атқарады. Сол себепті де біз өз зерттеуімізде этникалық факторларды алдыңғы қатарға қоямыз.

Ұлттық сипаттағы мемлекеттердің құрылуында этникалық факторлардың басты рөл атқаратындығын Қазақ хандығының құрылу тарихынан анық көруге болады. XIII ғасыр басындағы, яғни моңғол жаулаушылығы қарсаңында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы қалыпты этножағдайды моңғол жаулаушылығы біршама өзгеріске ұшыратады, оның одан әрі дамуы тежеледі, бірақ та ол процесс мүлде тоқтатылмайды. Жаулап алуға байланысты туындаған сандық және сапалық кері әсерлер жергілікті этноөмірді тежеді. Ал Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына қоныс аударған түрік, моңғол тілдес этнокомпоненттер жаулап алудың этникалық өмірге тигізген екінші жағын, яғни сандық және сапалық оң жақтарын құрайды. Осы процестерді қарастыру, сондай-ақ Моңғол империясы мен Алтын Ордадағы алғашқы билеушілердің жергілікті бағындырылған халықтарға қатысты жүргізген саясаттарының этникалық процестерге тигізген әсерлері мен ықпалдары XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда аумағында жүрген жалпы этнопроцестердің сипатын, қорытындыларын білуге мүмкіндіктер береді.

Этникалық процестердің бағыты мен сипатын анықтайтын факторларға – тілдік жақындық, территориялық тұтастық, экономикалық тұрғыда – біртүрлі шаруашылық, ортақ саяси – мемлекеттілік кеңістік және ортақ рухани кеңістікті қалыптастырған – діннің ресми дін болуы жатады. Осы факторларды нақты тарихи жағдайларға байланысты қарастыру арқылы жоғарыда атап өткен этникалық процестердің бағыты мен сипатын, нәтижелерін көреміз. XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда тұрғындарының жалпы жиынтық атаумен – өзбектер деп аталына бастауы – Алтын Ордадағы этникалық процестердің дамуында бір кезеңнің аяқталғандығын, оның сол кезеңге тән нәтижесін көрсетеді.

Тарихи әдебиеттерде этносаяси дамуларға байланысты қыпшақтану термині қолданылады. Бұл термин Алтын Орданың барлық аумақтарына, соның ішінде Ақ Ордаға да қатысты. Алтын Орданың



сол қанаты әлі де орталықтан толық бөлінбей тұрғанда, ондағы барлық процестер Ақ Ордаға да тән болады. Сол себепті де Алтын Орданың батыс бөлігіне немесе оң қанатына тікелей қатысты тарихи болмыс деректерін біз сол қанатқа да қатысты деп қарастырамыз.

А.М. Хазанов XIII–XV ғасырларда моңғолдар жаулап алған елдердегі бағындырушылар мен бағынушылардың, екі жақтың үстемдік етуші әлеуметтік топтарының арасындағы қарым-қатынастарды өндірістік қатынастар тұрғысынан және көшпелілік пен отырықшылық шаруашылықтар тұрғысынан қарастыра келе, ол: «Моңғолдар Қытайда моңғол болып қалды, бірақ көшпеліліктен айырылды. Алтын Ордада олар көшпелілер болып қалды, бірақ моңғолдар боп қала алмады. Мауереннахрда олар моңғолдықтан да, көшпелілігінен де айырылды» – деген тұжырымға келеді [27, 391-б.]. Бұл тұжырым – тарихи болмыс шындығын қоғамдық өмірдің бір жағы арқылы көрсетіп тұр. Қоғамдық өмірдің этникалық, саяси, рухани, мәдени жақтары арқылы да бұл шындықты, әсіресе, өзіміз қарастырып отырған Алтын Ордаға қатысты көрсетуге болады. Біз өз зерттеуімізде осы мәселені жоғарыда айтқан жолдармен шешуге тырысамыз.

Қыпшақтану процесінің аяқталуы Алтын Орданың саяси тарихындағы «нар мойыны Бердібекте кесілген» атты кезеңге сай келеді. 20 жылға созылған «дүрбелең жылдар» мен Тоқтамыс ханның 15 жылдық билігінен кейін Алтын Орда бұрынғы жағдайына қарағанда мүлде өзгеріске ұшырайды. Ондағы саяси бытыраңқылықтардың басты себептерін номадологтар тағы да көшпелі өмір мен отырықшы өмір арасындағы байланыстардан іздестіреді [27, 492–498-б.]. Біздің ойымызша, оның басты рөл атқарған басқа да себептері бар. Тезистік тұрғыда баяндасақ, оларды төмендегіше көрсетуге болады.

1) Қыпшақтану процесінен кейін Дешті Қыпшақтың барлық аймақтарындағы, оның ішінде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы да бар, этникалық процесс өзінің моңғолдар жаулап алғанға дейінгі даму бағытына түседі. Шыңғыс хан және оның мұрагерлері енгізген әскери-әкімшілік жүйенің негізі – сандық принцип, ең алдымен, аз санды моңғолдардың тез қыпшақтануына және онда қыпшақтық бағыттың жетекші рөл атқаруына алып келді.



2) Қоғамның этникалық негізін ру-тайпалық бірліктер құрап, олардың сан жағынан өсіп-өнген кейбір топтары мемлекеттің саяси өмірінде белсенді рөл атқара бастайды. Тақ мұрагері боп кімнің келуі, оның ішкі және сыртқы саясаты енді оны билікке отырғызған ру-тайпа көсемдерінің қолына көше бастайды.

3) Қоғамдағы саяси-экономикалық қуаты өскен ру-тайпа жетекшілері моңғолдарға дейінгі қыпшақтық дәстүрлерді тұрмыстық деңгейден биліктің барлық деңгейіне дейін енгізе бастайды. Оның ең басты көрінісіне тақты Шыңғыс хан енгізген моңғолдық дәстүр бойынша мұралану мен жергілікті қыпшақтық (түріктік) дәстүр бойынша мұралану арасындағы күрестер жатты. Жекелеген хандар – Барақ хан, Әбілхайыр хан, Мұхаммед Шайбани хан және тағы басқалар Шыңғыс хан секілді жеке-дара билік жүргізуге ұмтылса, жергілікті ру-тайпа көсемдерінің тобы билікке өздері қалаған шыңғыстық әулет өкілдерін әкелу арқылы өз мүдделеріне сай саясат жүргізуді талап етіп отырады.

4) Жергілікті ру-тайпа көсемдері өздерінің мүдделеріне сай саясат жүргізетін үміткерлерді 16–18 жасар шыңғыстық ұрпақтар арасынан таңдап отырады. Моғолстанда – Тоғылық Темір, Қырымда – Қажыкерей, Шығыс Дешті Қыпшақта – Әбілхайыр хандар таққа осындай жолмен отырғызылады. Егер де олар өздерін билікке әкелген топтың мүддесіне қарсы келетін саясат жүргізсе, онда олар ол ханды биліктен кетіруге күш салады. Шығыс Дешті Қыпшақтағы Шибанилық Әбілхайыр ханның саясатынан осыны көруге болады.

5) Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ ханның қаза табуынан кейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси бытыраңқылық этникалық өмірге де қатты әсер ете бастайды. Жалпы атаумен «өзбек» атанған ру-тайпалар өздерінің өмір сүрген аймақтарына бөлініп кетеді.

6) Шибанилық Әбілхайыр хан өзінің жүргізген күрестері мен билігі тұсында аз уақыт болса да Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының басын қосып, «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығын құрады. Бұл этноқауымдастықтың құрамындағы үш тайпалар бірлестігі – шибандықтар, маңғыттар және ордаежендіктер Әбілхайыр хандығының әлсіреуі барысында жеке бөлінеді де, маңғыттар негізінде – ноғай, ордаежендіктер негізінде – қазақ, ал шибандықтар негізінде – Мауереннаһрда өзбек этностары құрылады. Ордаежендік тайпалар



тобының «көшпелі өзбектерден» бөлінуі этникалық тұрғыда қазақ этносының қалыптасуының аяқталғандығын көрсетсе, саяси тұрғыда – Қазақ хандығын дүниеге әкеледі. Қазақ хандығы құрылуының этникалық алғышарттарын осындай жолдармен қарастырғанда ғана, біз құрылған жаңа мемлекеттіліктің ұлттық сипатын түсінеміз. Сонда ғана біз Қазақ хандығының Қазақстан аумағындағы басқа мемлекеттерге қарағанда 3,5 ғасыр өмір сүріп, жаңа заманға дейін жете алғанын ұғынамыз. Бұл жердегі ең басты принцип – этнос – мемлекет және мемлекет – этнос арасындағы принциптер қатаң сақталғандықтан, екі ұғым бір-бірімен тығыз байланыста дамиды. Этностың дамуы өз сатысының ұлттық деңгейіне көтерілгенде, ол өзіне тән мемлекеттілікті, яғни ұлттық сипаттағы мемлекетті қалыптастырады. Біз осы этнос – мемлекет принципі тұрғысынан қарастырғанда ғана Қазақ хандығының құрылуы мәселелерін дұрыс шеше аламыз.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесін дұрыс шешудің келесі бір жолына XIV–XV ғасырлардағы Жошы Ұлысы мен Шағатай Ұлыстарындағы және оларға іргелес аймақтардағы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саяси жағдайларын бір-бірімен тығыз байланыста қарастыру арқылы шешу жатады.

Мәселенің саяси жақтарын кең көлемде қарастырғанымызда XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысы жалпы Алтын Орданың саяси жағынан дербес мемлекеттерге бөліну процесіне сай келеді. Алтын Ордадан алғашқы болып бөлініп кеткен оның сол қанаты – Ақ Орда да XV ғасырдың 20-жылдарының соңында өзінің өмір сүруін тоқтатады. Ақ Орда өз ішінде бірнеше кішігірім ұлыстарға бөлінеді. Шибанилық Әбілхайыр ханның Шығыс Дешті Қыпшақты қайта біріктіру жолындағы ауыр күрестері жеңіспен аяқталса да, ол бірақ ұзаққа созылмады. Өйткені күресті бастаған жошылық әулеттің басқа бұтағы және оған этникалық негіз болған шибандық тайпалар бірлестігі еді. Әбілхайырдың жеңісті жолдарын алғашқыда жергілікті саяси күштер қолдағанымен, біршама күшейген Әбілхайыр хан оларды елемей, жеке-дара билік жүргізеді. Осылайша, жоғарғы билік пен саяси күштер арасында сызат пайда болып, оның одан әрі тереңдей түсуі шибандық әулеттің биліктен айырылып, тіпті, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан



қуылуына алып келеді. Ал жергілікті ордаежендік тайпалардың күшіне сүйенген Орда Ежен әулетінің өкілдері – Керей мен Жәнібек болса, қалыптасқан саяси жағдайларды терең түсініп, дұрыс саяси бағыт ұстайды. Осылайша, Жошы Ұлысының сол қанатындағы ішкі саяси жағдайлар XV ғасырдың ортасында Ақ Орда хандары мұрагерлерінің бастауымен ордаежендік тайпалардың Әбілхайыр хандығынан бөлініп кетуіне әкеліп соқтырады.

Керей мен Жәнібек бастаған жергілікті этносаяси күштердің «көшпелі өзбектер» мемлекетінен бөлінуі Әбілхайыр хандығындағы бірінші бөлініс емес болатын.

Қазақ хандығының құрылу мәселесін зерттеген тарихшылар еңбектеріндегі кемшін соғатын тұсқа олардың осы кезеңдегі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси оқиғалар барысына терең бармауы, оларды жан-жақты қарастырмауы жатады. 1450 жылдар шамасында Маңғыт билерінің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуі, 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі шайқаста шибанилық билеушінің қалмақтардан жеңіліс табуы Әбілхайыр ханның одақтасы шибанилық Йадгар ханның осы жылы өз Ұлысында хан боп сайлануы – міне, осының бәрі Керей мен Жәнібек хандар бөлінгеніне дейін жүзеге асып, «көшпелі өзбектер» елін күйреудің сәл-ақ алдына алып келеді. Осы факторларды есепке алғанда ғана, біз Керей мен Жәнібек хандар бастаған топ бөлінісінің қалайша нәтижелі болғанын және оларға қарсы бірден Әбілхайыр ханның қарсы әрекеттер жасамағанын түсіне аламыз.

Ордаежендік тайпалардың Моғолстанның бір бөлігі болып саналатын Жетісу аймағына көшіп келуі – Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы қарым-қатынастарға байланысты болса, ал Жетісудың батыс бөлігінде Қазақ хандығының ту тігуі – Моғолстан мен Мауереннаһрдағы Темір Әулеті мемлекеті арасындағы саяси қарым-қатынастардан туындайды. Осы жерде, яғни Қазақ хандығының Моғолстан аумағында пайда болуына байланысты:

1) Қазақ хандығының Жетісу жерінде құрылуына Моғолстан мемлекетінің ішкі және сыртқы саяси жағдайы әсер етті ме, әсері болса оны қайдан көруге, не байқауға болады?;

2) Қандай нақты тарихи жағдайлар Шу өзені мен Қозыбасы тауы аралығында Қазақ хандығының құрылуына әкелді?;



3) Мауереннаһрдағы ішкі саяси жағдайлардың хандықтың құрылуына қатысы бар ма? Бар болса қандай дәрежеде?;

4) Қазақ хандығының құрылған уақыты деректегі мәліметтермен сәйкес келе ме және т.б. мәселелер алдымыздан шығады. Бұл қойылған сауалдарға дұрыс жауаптар табу үшін аталған мемлекеттердің сол жылдардағы саяси тарихын терең білу қажет. Сондай-ақ, олардың бір-бірімен саяси қатынастарын білу де мәселені дұрыс бағытта шешуге көмектеседі.

Қазақ хандығының құрылу барысы Отандық тарихнамада біршама зерттелсе де, оның құрылған жылы туралы зерттеушілер арасында ортақ пікір жоқ. Зерттеушілердің бір тобы Мұхаммед Хайдар Мырза Дулатидің дерегін ешбір деректанулық талдаусыз негіз етсе, екінші бір тобы В.В. Вельяминов-Зерновтың шамамен Әбілхайыр ханның күшейіп тұрған жылдарының бірі деп көрсеткен 1456 жылды тілге тиек етеді, ал сол жылдардағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Моғолстандағы, Мауереннаһр мен Хорасандағы саяси оқиғаларды, хандықтың құрылу барысына қатысы бар тарихи тұлғалардың өмірін баяндайтын деректерге терең талдау, салыстыру, саралау арқылы оны нақты көрсетуге болады. Біз өз зерттеуімізде ғылыми әдіс-тәсілдерге сүйеніп, оны дәлелдеуге тырысамыз.

Осы жоғарыда атап өткен тақырыбымыздың негізгі тезистік бағыттарын түсіндіру мен шешу қандай методологиялық принципті ұстанатынымызға байланысты. Таптық принцип бұл тарихи процесті бір ғана жағынан түсіндіре алады. Ол ұстаным бойынша Әбілхайыр хан да, Керей мен Жәнібек те, моғол билеушісі Есенбұға хан да қанаушы үстем таптың өкілдері. Ал Әбілхайыр ханның езгісіне шыдамаған жергілікті ру-тайпалар – қаналушы, езілуші тапқа жатады. Қанау өзінің ең жоғары деңгейіне жеткен кезде езілуші тап оған қарсы көтерілістерге шығады. Көшпелілердегі тап күресінің бір түріне – олардың бөлініп, ауа көтеріле көшуі жатқызылады. Керей мен Жәнібек те үстем тап өкілдері бола отыра, өздерінің жеке мүдделеріне жету үшін бұқараның ханға қарсы наразылықтарын шебер, тиімді пайдаланады.

Үстем тап өкілі Есенбұға ханның әрекеттері де осы процесте жеке өзінің мүддесі тұрғысынан да түсіндіріледі. Бұл таптық принцип, көріп отырғанымыздай, мәселені толық және терең қамтымайды. Таптық ұстанымның қазіргі кезендердегі зерттеулерге мето-





дологиялық негіз бола алмайтындығы ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңы мен 90-жылдарының басындағы зерттеулерде байқала бастаған болатын. Осы принциптен алғашқылардың бірі боп бас тартып, жаңа талаптарға, жаңа методологиялық негіздерге сай, ізденістер жүргізген белгілі тарихшы Т. Омарбеков таптық ұстанымдардың «ескіргендігін»: «... Маркс пен Ленин «тігіп» берген «көйлектің» Қазақстанға тіптен де үйлесе қоймайтыны айқындала түсуде» – деген оймен білдіреді [45, 18-б.]. Жоғарыда мысал ретінде Қазақ хандығының құрылуын таптық ұстаным бойынша түсіндіруде тарихи процестің маңызды жақтарын құрайтын этникалық, рухани мәселелер тыс қалады. Сол себепті де, бұл мәселелерді толық қамту үшін басқа, тың принциптердің қажеттілігі бірден байқалады. Өткен ғасырдың 90-жылдарында «Тарих – таптар күресі» деген принциптен бас тартқан тарихшылар «Тарих – адам қызметі» деген ұстанымдарды өз зерттеулерінің методологиялық негізі ретінде қолдана бастайды. Бұл методологиялық принциптің таптық принциптен мынадай айырмашылықтары, артықшылықтары бар:

1) Таптық принципке негізделген зерттеулер қоғамдағы әлеуметтік бір таптың ғана мүддесіне қызмет ететіндіктен, оған қарсы тұрған әлеуметтік таптың мүддесі ескерілмейді, яғни бүкіл тарих бір таптың көзқарасы тұрғысынан қарастырылады. Ал қоғамдағы барлық әлеуметтік топтар мен жіктелістерді қамтымайтын зерттеулерді толыққанды деуге болмайды. «Тарих – адамдардың қызметі, іс-әрекеттері» деген принцип бойынша қоғам алдын-ала таптарға, топтарға, жіктеліске бөлінбейді, сол себепті де зерттеуші қандай мәселені қарастырмасын, оларды алдын-ала объективті түрде шешуге дайындалады.

2) «Тарих – таптар күресі» деген принцип бойынша таптық мүдде ең бірінші орынға қойылады да, ұлттық мүдде ескерілмейді. Ұлттық мүдделер ескерілмеген зерттеулерді тағы да толыққанды зерттеулер деп айта алмаймыз. Ал жаңа принципте, керісінше, ұлттық мүдделер алдыңғы орындарға шығарылады. Өйткені жеке адам қоғам емес, адамдар бірлестігі ғана қоғамды, ұлтты қалыптастырады. «Тарих – адамдардың қызметі» деген принцип «тарихты жасаушы – халық» деген принциппен үндесіп жатыр.

3) «Тарих – таптар күресі» деген принцип қоғамның рухани негізі болып табылатын діни факторды тарихи процестерден бөлек



қарастырады немесе міндетті түрде оны реакцияшыл деп түсінеді. Ал жаңа принцип бойынша, керісінше, діни факторлар халықты біріктіруші, ортақ рухани кеңістікті қалыптастырушы фактор ретінде қарастырады.

Міне, осындай жаңа, таптық емес методологиялық принципке сүйене отырып, біз тақырыбымызды зерттеу барысында өзіміздің көзқарасымызды айқындаймыз. Қазақстан тарихы – қазақ халқының, қазақ елінің, қазақ жерінің тарихы. Қазақ жерінде ежелгі замандардан бері өмір сүріп келе жатқан ру-тайпалар, тайпалық бірлестіктер мен одақтар өздерінің іс-әрекеттері арқылы қазақ тарихын жасады. XV ғасыр ортасында олар жаңа қауымдастыққа – қазақ атты ұлтқа бірігіп, қазақ ұлтының тарихын жасай бастады. Қазақ хандығы болса, осы жаңа этноқауымдастықтың ұлттық сипаттағы мемлекеті болып саналады. Ұлттық сипаттағы мемлекеттің тарихы, оның ішінде құрылу тарихы тек қана қазіргі кездегі қоғамның барлық мүшелерінің мүдделеріне сай келетін, олардың талаптарына жауап бере алатын жаңа методологиялық принциптер негізінде және ұлттық көзқарастар бойынша жасалуы тиіс.

Осылайша, біз өзіміздің қарастырып отырған тақырыбымыздың теориялық-методологиялық негіздері жөніндегі ойларымызды қорытындылай келе, Қазақ хандығын мемлекет емес деп санайтын теориялық негіздерден бас тартамыз да, қазақ қоғамы өзіне тән мемлекет қалыптастырған деген тұжырымға саятын феодалдық саты теориясын негізге аламыз. Ал зерттеу жұмысының методологиялық негізі етіп, таптық емес, жаңа, мәселенің барлық аспектілерін қамти алатын принциптерді ұстанамыз. Сөйтіп, осындай теориялық-методологиялық негіздерге сай келесі тарауларда алға қойған мақсат-міндеттерімізді шешуге тырысамыз.



## II. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ

### 2.1. Мәселеге қатысты деректерді тілдік принцип бойынша топтау және оларға сипаттама

XV ғасырдың ортасында тарих мінберіне шығып, XVIII ғасырдың 20-жылдарына дейін бір орталықтан басқарылған Қазақ хандығы өзінің үш жарым ғасырлық тарихында өз тарихын баяндайтын жазба ескерткіш қалдырмады. Жазба ескерткіш болған деп есептегеннің өзінде ол бізге дейін жеткен жоқ, не болмаса әлі күнге дейін тарих ғылымына белгісіз болып отыр. Бұл дегеніміз жалпы алғанда, XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихы жөнінде деректер мүлде жоқ дегенді білдірмейді. Деректер мен оның түрлері баршылық. Олардың бәрі әр түрлі тілдерде жазылған көршілес елдердің жазба тарихында үзік-үзік мәліметтер түрінде кездеседі. Дәл сол сияқты Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты деректер де шашыраңқы күйде ұшырасады.

Егерде Қазақ хандығының құрылу тарихы мен оның XV–XVIII ғасырлардағы тарихына қатысты деректерді салыстырар болсақ, онда құрылу тарихына қатысты дерек мәліметтері ауқымды келеді. Өйткені хандықтың құрылу тарихына оның XIII–XV ғасырларда этникалық, саяси алғышарттары, сондай-ақ XV ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Моғолстан, Мауреннаһр аумақтарындағы мемлекеттік құрылымдарының ішкі-сыртқы саяси жағдайларын көрсететін көптеген жазба деректер мәліметтері жатады. Жазба деректердің өзін Қазақ хандығының тарихына қатысты сыныптауда, жүйелеуде, топтастыруда нақты қалыптасқан принциптер жоқ. В.П. Юдин парсы және түрік тілдеріндегі жазба деректерді белгілі бір территорияда билік құрған әулеттің тарихымен байланыстырып, оларды темірлік, шағатайлық, сефевилік деректер тобы деп сыныптаса [46, 22-б.], Б.А. Ахмедов жазба деректерді құжатты (документті) деректер және нарративті деректер деп топтастыруды ұсынады [47, 4-б.].

Ж.М. Төлебаева бұл мәселеге арнайы көңіл бөліп, XIII–XIX ғасырлардағы парсы тіліндегі қазақ тарихына қатысты жазба деректерді



территориялық-уақыттық, типтік және тематикалық белгілер бойынша сыныптау оларды жүйелеуде өте тиімді деп есептейді де, алғашқы белгіге сүйеніп парсы тіліндегі жазба деректерді – хулагулік, делилік, селжұқтық, жалайырлық, темірлік, шайбанилық, бабырлық, сефевилік, аштарханилық, бұхарлық, қоқандық деректер тобы деп топтастырады [48, 10-б.]. Одан әрі ол әрбір топтағы деректерді типтік белгілеріне қарай нарративті және құжатты шығармаларға жатқызып, жиі кездесетін нарративті шығармалардың өзін түріне қарай – анналдар (әр жылда болған маңызды оқиғалардың қысқаша жазбасы); тарихи оқиғалар; мемуарлар; өмірбаяндар; тарихи-әдеби шығармалар; тәлім-тәрбиелік мазмұндағы трактаттар деп жіктейді [48, 10–18-б.]. Бір тілде, бірақ әртүрлі тарихи кезең мен әртүрлі әулет билігі тұсында жазылған жазба деректерді Ж.М. Төлебаева ұсынып отырған белгілер бойынша сыныптау өте тиімді. Ал егер Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба деректер әр тілде, әр аумақта, әртүрлі әулеттер тұсында жазылса, кейбір деректердегі мәліметтер өте аз, әрі қысқа және үзік-үзік болса, оларды қалай топтастырамыз?! Мысалы, XIII–XV ғасырлардағы араб авторларының шығармаларындағы Алтын Орданың тарихына қатысты мәліметтерді, XIII ғасырдың 40-жылдарындағы «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» мәліметтерді, сондай-ақ армян деректеріндегі Алтын Ордаға қатысты жазба дерек мәліметтерін қандай белгіге сай топтаймыз? XIII ғасырдағы еуропалық В. Рубруктың, Плано Карпинидің, Марко Полоның еңбектеріндегі мәліметтерді қандай топқа жатқызамыз? Ал халық ауыз әдебиетіндегі тарихи аңыз-әңгімелер, батырлық жырлар мен дастандар, шежірелер қалайша топтастырылады және сыныпталады?

Жалпы, Қазақ хандығының құрылуы XV ғасырдың орта шенінде жүзеге асқан қазақ тарихындағы аса маңызды оқиға болса, оның саяси алғышарттарына XIV–XV ғасырлардағы, ал этникалық алғышарттарына XIII–XV ғасырлардағы тарихи дамулар мен процестер жатады. Осы аралықтағы тарихи дамулар барысы тек жазба ескерткіштерде ғана емес, сонымен бірге ауыз әдебиетінде де көрініс тауып, бейнеленген. Сол себепті де біз қарастырып отырған мәселемізге қатысты дерек мәліметтерінің барлығын екі үлкен топқа бөлеміз. Бірінші топқа – барлық жазба деректеріндегі мәліметтер, ал екінші топқа ауыз әдебиетіндегі мәліметтер жатқызылады.



Бірінші топтағы жазба дерек мәліметтеріне келсек, оларды тілдік, аумақтық және территориялық-уақыттық немесе әулеттік принциптерге сай бөліп қарастыруға болады. Тілдік принцип бойынша араб, армян, орыс, моңғол, түрік тілдерінде жазылған деректер осы тілдердегі деректер тобын құрайды. Ал аумақтық принципке сай В.П. Юдин, Ж.М. Төлебаева айтып өткен хулагулік, темірлік, шайбанилық, шағатайлық, аштарханилық әулеттер билігі тұсында жазылған тарихи шығармаларындағы мәліметтер осы аталған әулеттердің деректер тобына кіреді.

Төменде осы принциптер бойынша топтастырылған деректер тобындағы әр жазба ескерткішке, оның мәліметтеріне тоқталып, ол мәліметтердің Қазақ хандығының құрылу тарихын қаншалықты көрсететініне, олардың маңызына сипаттама берелік.

**Араб тіліндегі дерек мәліметтеріне сипаттама:** Алтын Орда тарихының алғашқы кезеңіндегі оқиғаларды қарастыруда араб тіліндегі тарихи шығармалардың алатын орны ерекше. Оны тарихшы М.Г. Сафаргалиев: «Орданың ең алғашқы кезеңін зерттеуде араб авторларының деректері аса жоғары маңызға ие. Алтын Орда қуатты болып тұрғанда египеттік сұлтандар одақтас ретінде оның көмегіне зәру болды, арабтар сол себепті Ордада болып жатқан оқиғаларға көп көңіл аударды» – деп түсіндіреді [49, 2–88-б.]. Ал Ирандағы Хұлагу әулеті тарапынан қауіптің азаюы мен Алтын Орданың өз ішінде қайшылықтардың шиеленісуіне байланысты арабтардың Алтын Ордаға деген қызығушылығы азайды [49, 288-б.]. Жалпы араб тіліндегі жазылған Алтын Орданың тарихына қатысты тарихи шығармаларды өз ішінде екі топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа моңғол жаулаушылығын, моңғол үстемдігін өте теріс көзқараста баяндайтын деректер жатса, екіншісін моңғолдарға оң көзбен қарайтын авторлар еңбектері құрайды. Бұл екі топтағы авторлардың мәліметтері XIII–XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағында болған саяси, әсіресе, этникалық процестерді қарастыруда маңызды болғандықтан, оларға ерекше мән береміз.

1. Изз-ад-дин Абулхасан Әли Ибн Мұхаммед, көпшілікке Ибн ал-Асир деген атпен танылған тарихшы әрі дінтанушы ғалым. 1160 жылы Жоғарғы Месопотамиядағы Джебзире қаласында дүниеге келіп, 1233/34 жылы Мосул қаласында қайтыс болған. Ұзақ жылдар бойы осы қаладағы атабек Нураддин Арсланшахқа қызмет жасап,



өмірінің соңғы кезеңін ғылыми жұмыстарға арнаған [50, 1-б.; 195, 122-б.; 165-б.]. Ибн ал-Асирдің 12 томнан тұратын «Ал-Камил фит-тарих» («Полный свод по истории») атты еңбегі жалпы тарихты қамтиды. Еңбектің 12-томы XIII ғасырдың 20–30-жылдарындағы моңғолдардың Дешті Қыпшақты, Мауереннаһрды, Хорасан мен Иранды, Әзербайжанды және тағы басқа елдер мен жерлерді жаулап алуына арналған [50, 1–45-б.]. Автор моңғол жаулап алушылығы кезінде өмір сүрген. Оның деректерін тікелей куәгерлердің ауызша әңгімелері және автордың өзі сұрастыру, әңгімелесу арқылы жинастырған материалдары құрайды. Ибн ал-Асир моңғолдарды татарлар деп атап, олардың жаулап алу кезіндегі талан-тараждары мен қырып-жоюларын бұрын-соңды адамзат тарихында болмаған зор алапат деп бағалайды да, өзінің жаулап алушыларға деген ызасы мен ашуын «дінсіздер», «қарғыс атқырлар», «құдай ұрғырлар» және тағы басқа атау арқылы білдіреді.

Моңғолдардың Түркістан мен Мауереннаһрды, Дешті Қыпшақты жаулап алу барысындағы оқиғаларды баяндауы, әсіресе, қыпшақтардың орыс жерлеріне, Әзербайжанға қарай қашуы, шайқастар барысындағы қырып салулардың, жойып жіберулердің көп болуы Ибн ал-Асир еңбегінде жиі айтылады. Ибн ал-Асирдің мәліметтері арқылы біз XIII ғасыр басындағы моңғолдардың жаулап алуы барысының Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық өмірге кері әсерін жалпылама сипатта болса да көре аламыз. Біз үшін оның мәліметтері осындай жақтарымен құнды.

2. XIII ғасыр басындағы моңғолдардың Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһрды, Иран мен Хорасанды жаулап алуы туралы баяндайтын, моңғол жаулап алушылығына қарсы пікірде болған араб тілді авторлардың біріне Мұхаммед ибн Ахмед Насави (Несеви) жатады. Оның нақты туған, өлген жылдары белгісіз. Хорасанда туып-өскен және соңғы хорезмшах Жалел-ад-диннің (1220–1231) сарай хатшысы және өмірбаянын жазушы болған. 1231 жылы Жалел ад-дин өлгеннен соң, 1241/42 жылы «Сират ас-султан Джалал ад-дин Манкуберти» («Жалел ад-дин Манкуберти сұлтанның өмірбаяны») атты араб тіліндегі еңбек жазып, онда негізінен соңғы хорезмшахтың моңғолдарға қарсы күресін баяндайды [51]. Тарихи шығармаларда моңғолдар жаулап алушылығы кезіндегі Хорезмшах мемлекетінің жағдайы, мемлекеттің көрші елдермен, соның ішінде Шығыс Дешті



Қыпшақтағы қыпшақ тайпалары мен қарым-қатынасы жөнінде құнды мәліметтер кездеседі. Сондай-ақ біз ан-Насавидің дерегінен XIII ғасыр басындағы қыпшақ қоғамының ішкі құрылымы туралы деректерді табамыз. Ол деректер моңғол жаулауы қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы жағдайды анықтауға жәрдемін тигізеді.

Ибн ал-Асир, Ан-Насави секілді араб тіліндегі тарихи шығармалардың авторлары XIII ғасырдың 20–30-жылдарындағы моңғол жаулап алушылығының тікелей куәгері болғандықтан немесе сол кезеңде өмір сүріп, жаулап алудың зардаптарын көзімен көрген адамдардың ауызша әңгімелерін дерек еткендіктен, моңғол жаулап алушылығына байланысты теріс пікірлерінің қалыптасу себептерін аңғару қиын емес. Ал араб тіліндегі шығармалардың екінші тобына бұған дейін айтып өткеніміздей, Алтын Ордадағы моңғолдарға қатысты теріс пікірлер білдірмеген авторлар жатады. Біздің ойымызша, оның бірнеше себептері бар. Ол себептерге, біріншіден, екінші топтағы авторлардың Египеттегі Мамлүктер әулетінің адамдары және сол кезеңде Египет пен Алтын Орданың арасында хұлагулік Иранға қарсы одақтастық қатынас күшті болғандықтан, араб авторларының Алтын Ордадағы моңғолдар туралы жағымсыз пікірлер айтуы мүмкін емес еді. Екіншіден, екінші топтағы авторлар моңғол жаулап алушылығынан кейін дүниеге келіп, олар Алтын Орданың XIII ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырға дейінгі саяси, экономикалық, этникалық, мәдени және тағы басқа жақтары жөнінде өз еңбектерінде баяндайды. Екінші топтағы араб авторларының еңбектеріндегі мәліметтер негізінен Алтын Орданың орталық және батыс бөліктеріндегі ахуалды сипаттаса да, кейбір мәліметтер мемлекеттің қос қанатындағы жағдайды бірдей көрсетеді. Мысалы, оған Алтын Ордадағы моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтануын, ислам дінінің Алтын Ордада таралу және күшею процесін ашатын мәліметтер жатады. Ал бұл процестер өз кезінде XIII–XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған этникалық, рухани, мәдени дамуларды терең түсінуге мүмкіндіктер береді. Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарттарын біз осы процестер арқылы біле аламыз.

Енді араб тіліндегі деректердің екінші тобына жататын шығармалар мен олардың мәліметтеріне тоқталалық.



3. Ибн Абд-аз-Захирдің (1221–1293) «Ар-Рауд аз-Захир фи сират ал-Мәлик аз-Захир» атты еңбегіндегі мәліметтер XIII ғасырлардың 60-жылдарында Алтын Орда мен Египет арасындағы елшілік қатынастарды, сонымен бірге осы кезеңде ислам дінінің Алтын Ордада кең тарала бастауын көрсетеді. Ибн Абу аз-Захир Египеттегі Мамлук сұлтаны, тегі қыпшақ Бейбарыс ал-Бундукдаридің (1260–1277) хатшысы ретінде сарайдағы жоғарғы дәрежесін пайдалана отырып, өзіне қажетті материалдар мен құжаттарға қол жеткізеді [52, 255-б.]. Оның еңбегінде ислам дінінің Алтын Ордада таралуынан басқа ондағы халықтың құрылымы, Берке ханның Ордасына сипаттама, елшілік хаттардың сарайда аударылып оқылуы және т.б. мәліметтерді көруге болады [50, 63–64-б.]. Жалпы алғанда, бізге Ибн аз-Захирдің мәліметтері XIII ғасырдың орта тұсындағы Алтын Ордадағы мәдени, рухани дамулардың бағыттарын айқындауға жәрдем береді.

4. Араб тіліндегі келесі дерекке Рукн ад-дин Бейбарыс ал-Мансұри ал-Мысридің (1245–1325) еңбегі жатады. Шығарма авторы Египет сұлтандары Қалауын мен Ан-Насир Мұхаммедке өте жақын болған. Оның 11 томнан тұратын «Зубдат ал-фикра фи тарих ал-хиджра» («Сливки размышления по истории хиджра») атты еңбегі 622–1324 аралығындағы оқиғаларды қамтиды [52, 255-б.]. Алтын Орда тарихына қатысты 1260–1309 жылдар аралығындағы маңызды оқиғалар, әсіресе, Сарай мен Мысыр арасындағы елшілік байланыстар, Алтын Орда хандарының ислам дінін қабылдауы секілді мәліметтер жиі кездеседі. Сондай-ақ бұл еңбекте алғаш рет Алтын Орданың сол қанатында орналасқан Орда Ежен Ұлысындағы ішкі саяси жағдайлар баяндалады. Автор 1301–1302 жылы болған оқиғалар қатарына Орданың ұлы Кунджидің қайтыс болғанын және Орда Еженнің ұрпақтары Баян мен Күйлік (Куйлюк) арасындағы күрестерді жатқызады [50, 118-б.].

5. 1273–1333 жылдары өмір сүрген арабтың энциклопедист-ғалымы ан-Нувайри 30 томнан тұратын «Нихаят ал-араб фи фунун ал-адаб» («Предел желаний относительно дисциплин адаба») атты энциклопедиялық еңбегінде Алтын Орданың XIII–XV ғасырлардағы тарихына тоқталып өтеді [50, 128–171-б.; 52, 25-б.]. Біз үшін оның еңбегіндегі мәліметтердің көп бөлігі компилятивті болып келеді. Ал XIV ғасырдың бірінші ширегіне жататын мәліметтердің құндылығы ерекше. Оларда ислам дінінің Алтын Ордада жетекші рөлге ие





болғандығы, қажылыққа бару туралы деректер кездеседі [50, 170-б.]. Сондай-ақ ан-Нувайридің дерегінде XIII ғасырдың бірінші жартысында Дешті Қыпшақта өмір сүрген 11 қыпшақ тайпасы, оның ішінде Дурут және Тоқсоба тайпалары арасындағы алауыздықтар жөнінде мәліметтер ұшырасады [50, 540–541-б.]. Бұл мәліметтер бір жағынан этникалық ахуалды көрсетсе, екінші жағынан моңғолдардың Дешті Қыпшақты оңай бағындыруының бір себебін түсіндіреді. Жалпы алғанда, ан-Нувайри мәліметтері бізге XIII–XIV ғасырлардағы Жошы Ұлысы аумағындағы этно-саяси және рухани процестердің дамуын білуге көп көмек бере алады.

6. XIV ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Шихаб ад-дин Абулаббас Ахмед Ибнфадлаллах әл-Омаридің (1301–1343) «Масалик ал-абсар фи мамӘлик ал-амсар» («Пути взоров по владениям городов») атты еңбегінің біз қарастырып отырған мәселе бойынша алатын орны ерекше. Онда Жошы Ұлысының мемлекеттік құрылымы, жалпы аумағы, өзендері мен көлдері, олардың ара қашықтықтары секілді мәліметтер айтылады. Сондай-ақ әл-Омари еңбегінде Алтын Ордадағы этникалық процестерді көрсететін құнды мәлімет кездеседі. Ол дерек: «Ертеректе бұл мемлекет қыпшақтардың елі болатын, бірақ оларды татарлар жаулап алып, қыпшақтарды өздеріне бағынышты етеді. Кейін олар араласып, туыстасып кетеді де, олардың табиғи нәсілдік белгілерінен қоныс тепкен жерлерді үстемдік алады. Сөйтіп, олардың барлығы (татарлар) қыпшақтармен бір рулас адамдар секілді боп кетеді. Себебі моңғолдар қыпшақтар жеріне қоныстанып, олармен қыз алысады және олардың (қыпшақтардың) жерінде қалып қояды» – деген мазмұнда баяндалады [50, 235-б.].

Әл-Омаридің бұл дерегін зерттеушілердің бәрі Дешті Қыпшақ аумағындағы моңғолдардың қыпшақтануын көрсететін құнды дерек ретінде қарастырады. Б.Е. Көмеков бұл деректі: «Бұл тарихи факт XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында тарихи қалыптасқан қыпшақ этникалық қауымдастығының моңғолдық дәстүрлерді жеңіп, қайтадан көтеріле бастағандығын көрсетеді» – деп түсіндіріп, талдайды [52, 27-б.].

Бұл дерек мәліметі тек Дешті Қыпшақтың батыс бөлігіне ғана емес, сонымен бірге шығыс бөлігіндегі этникалық процестерге де тікелей қатысты. Біз осы мәліметтен XIV ғасырдың бірінші жартысында



моңғолдық этнокомпоненттерінің толығымен және түпкілікті түрде қыпшақтану (түріктену) процесінің аяқталғанын көреміз.

7. Алтын Орда және оның географиялық сипаттамасы, сондай-ақ ондағы тұрғындардың тұрмысы, шаруашылығы, әдет-ғұрыптары жөнінде келесі араб авторы – Абуабдаллах Мұхаммед Ибн Баттута (1304–1377) мәліметтер береді [50, 278–314-б.]. Б.Е. Көмековтың жазуынша, Ибн Баттута бүкіл мұсылман әлемін – Еділ Бұлғариясынан Индонезияға дейінгі елдерді өзі аралап шығып, Қытайда болған. Оның әңгімелерін 1356 жылы ал-Калби әдеби жағынан өңдеп, әдеби туындыға айналдырған [52, 27-б.]. Біздің қарастырып отырған мәселеміз бойынша Ибн Баттутаның Алтын Орда билеушілері мен мұсылман дін басыларының исламдағы қандай мазһабты (жол, бағыт) ұстанғандығы туралы мәліметтері құнды. Егер де оған дейінгі араб тілді авторлар Берке ханнан Өзбек ханға дейін ислам дінінің кең тарала бастағанын баян етсе, Ибн Баттута Алтын Ордада ханафиттік мазһабтың таралғандығын хабар етеді [50, 284-б.; 300-б.]. Бұл мәліметтің Жошы Ұлысының сол қанаты үшін де қатысы болғандықтан, біз оны Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышартын анықтауда маңызы зор деп санаймыз.

8. Моңғол жаулаушылығы қарсаңында Дешті Қыпшақ тайпалары арасындағы тайпааралық жанжалдар туралы құнды деректерді араб тарихшысы Ибн Халдун (1332-1406) баяндайды. Оның мәліметі бойынша дештіқыпшақтық Дурут пен Токсоба тайпаларының алғашқысы – Қыпшақ, ал екіншісі – Татар да, олардың екеуі де Түрік тайпасына жатқан [50, 541–542-б.]. Дерек мәліметтеріне назар аударып, автордың деректеріне сыни көзбен қараған Б.Е. Көмеков, Ибн Халдунның тайпалардың тегі туралы мәліметтерінің әлсіздігін атап көрсетеді [52, 29-б.]. Соған қарамастан, автордың моңғол жаулаушылығы қарсаңындағы Дешті Қыпшақтың 11 тайпасы туралы мәліметі өте құнды дерек болып есептелінеді. Ибн Халдунның дерегінде XIV ғасырдың екінші жартысындағы Алтын Орданың ішкі саяси өміріндегі өзгерістер, сондай-ақ Орда Ежен ұрпақтарының арасындағы талас-тартыстар біршама жақсы баяндалады. Біз үшін Ибн Халдунның деректері XIII ғасырдың басына дейінгі Дешті Қыпшақтың этникалық өмірі, Ақ Орда билеушілерінің Алтын Ордадағы саяси күрестерге араласуын білуге, сонымен бірге ордаежендік әулет арасындағы жағдайды анықтауға тигізер көмегі өте көп деп санаймыз.



9. Келесі араб тіліндегі шығарма авторы Ал-Мақризиді (1364/1365–1441/1442) өзінің еңбегінде Алтын Орда тарихына қатысты құнды мәліметтерді баяндай отырып, XV ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қалыптасқан жағдайларды көрсетіп береді [50, 417–442-б.]. Оның XIII–XV ғасыр басына дейінгі Алтын Орда тарихына қатысты көптеген мәліметтері компилятивті сипатта баяндалады. Ал 1428–1430 жылдары Дешті Қыпшақтың оң және сол қанатында (деректе «Сарай және Дешті жерлерінде, Қыпшақ даласында» деп айтылады) қатты құрғақшылық пен кең жайылған індет орын алып, одан көптеген адамдардың қырылғаны туралы айтылады [50, 442 б.].

10. 1361–1451 жылдары өмір сүрген араб тарихшысы ал-Айни Алтын Орданың XIII–XV ғасырлардағы саяси тарихының маңызды тұстарын баяндайды [50, 475–534-б.]. Оның баяндауында Алтын Орданың кейінгі кезеңдегі тарихи оқиғалары 1444 жылды қамтиды. Алтын Орданың алғашқы кезеңіндегі оқиғалар басқа да араб тілдес авторлар еңбегінде өте жақсы айтылады. Ал XV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси оқиғалар туралы мәліметтер барлық авторларда айтыла бермейтіндіктен, біз ал-Айнидің осы мәліметтерін құнды деп санаймыз. Мысалы, «1421 жылы Дешті жерлерінің билеушісі Мұхаммедхан болды, бірақ ол Барақ ханмен және Шегіре ханмен соғысып жатты», «1424–1425 жылы Дешті жерінде үлкен ханның болмауы себепті кең көлемдегі шиеленістер болды, хан әулетінен бірнеше адам билік құрды», «1427 жылы ... Дешті жерінде үш хан билік үшін таласты. Дәулетберді Қырымды, Мұхаммед хан Сарайды, ал Барақ хан Темірлан мемлекетінің шекарасымен іргелес жерлерді басып алды», – деген дерек мәліметтері XV ғасырдың алғашқы 30 жылдығы ішінде Алтын Орданың орталық, батыс және шығыс бөліктерінде қалыптасқан жағдайды жақсы көрсетеді [50, 533–534-б.].

11. Келесі бір араб тіліндегі тарихи шығарма авторы ал-Дженнаби (1590-1591 жылы қайтыс болған) бізге дейін жетпеген парсы тіліндегі авторлардың еңбектерін араб тіліне аударып, Жошы ұлысының тарихын баяндайды [50, 535–538-б.]. Бізді оның мәліметтерінен Шейбани әулеті, Әбілхайыр ханның билігі жөніндегі мәліметтері қызықтырады. Оның баяндауы бойынша Әбілхайыр хан Шығыс Дешті Қыпшақтың билігіне туысы Махмұд қожа ханды аң аулап



жүрген жерінде қастандық жасап өлтіріп, тақты иеленген [50, 538-б.]. Біз автордың бұл дерегін шындыққа толық сай келеді дей алмаймыз. Өйткені Әбілхайыр хан туралы шибанилық деректер тобындағы мәліметтерде одан да жақсы, терең баяндалады. Оларда Әбілхайыр ханның билікке келуі мүлде басқаша айтылады. Соған қарамастан ал-Дженабидің деректері өз маңызын жоғалтпайды деп санаймыз.

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты араб тіліндегі деректерге қысқаша сипаттамалар бере келе, мынадай қорытындыларға келеміз:

- Араб тіліндегі шығармалардың авторлары негізінен XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орданың тарихына, әсіресе, хандардың билік құрған жылдарына, олардың ішкі-сыртқы саясатына ерекше көңіл бөледі. Кейбір мәліметтер бізге XV ғасырдың екінші жартысындағы саяси күрестердің барысын түсінуге мүмкіндіктер береді.

- Моңғол жаулаушылығына дейін немесе моңғол жаулаушылығы қарсаңындағы Дешті Қыпшақ тайпалары, олардың арасындағы қарым-қатынастар, талас-тартыстар баяндалады. Өз кезегінде бұл деректер бізге XIII–XV ғасырлардағы этникалық процестерді талдауға мүмкіндік жасайды.

- Араб тіліндегі деректерден біз моңғолдық этнокомпоненттердің Дешті Қыпшақтағы қыпшақтану процесін, оның уақытын біле аламыз.

- Ислам дінінің таралуы, Алтын Орда хандарының исламға бет бұруы туралы араб тіліндегі деректерде өте көп және жиі айтылады. Өз кезегінде бұл деректер де Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарын анықтауға зор мүмкіндіктер тудырады.

- Жалпы алғанда, араб тіліндегі авторлардың мәліметтері арқылы XIII–XIV ғасырларда болып өткен этносаяси процестерді талдай отырып, Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттарын терең түсінуге мол мағлұматтар аламыз.

**Армян тіліндегі деректерге сипаттама:** XIII–XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың этно-саяси тарихына қатысты тілдік принцип бойынша топтастырылған жазба деректердің келесі бір тобын армян тілінде жазылған деректер құрайды. Осы ғасырлардағы тарихи жағдайлар Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарына жататындықтан, біз армян тіліндегі деректердің оны қарастыруда өзіндік орны бар деп есептейміз. Армян тіліндегі деректерде «XIII



ғасырдағы монғолдардың жаулап алушылығы, олардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, діни наным-сенімдері, әскері мен оның құрылымы, ұрыстар жүргізу тәсілдері, басқару, салықтар жинау жүйесі және тағы басқалар туралы жақсы баяндалады» [53, 6-б.].

Бұл топтағы дерек мәліметтеріне жалпы сипаттама берер болсақ, онда біз, олардың негізінен Ирандағы Хұлагудың және оның мұрагерлерінің билігі тұсындағы тарихи жағдайларды терең баяндағанын аңғарамыз. Ал Жошы Ұлысының тарихына қатысты мәліметтер оларда өте сирек кездеседі. Сол сирек кездесетін деректердің өзі XIII–XIV ғасырлардағы Жошы Ұлысының ішкі саяси өміріндегі жағдайды түсінуге көмектерін тигізеді. XIII ғасырдағы армян тарихшыларының еңбектері XIX ғасырдың 60–70-жылдарында орыс тіліне аударылып, ғылыми айналымға түсірілген [54–58]. Бұл деректерден басқа XIII–XIV ғасырларда тағы басқа армян авторларының деректерінен үзінділер А.Г. Галстянның аударуымен 1962 жылы жарық көрді [53, 156-б.]. Төменде осы дерек мәліметтеріне қысқаша тоқталып кетелік.

XIII ғасырдың 20–30-жылдарындағы монғол жаулаушылығын барлық армян авторлары баяндайды. Сондай-ақ Ирандағы Хұлагу және оның мұрагерлерінің билігі тұсындағы оқиғалар да барлық авторлардың деректерінде қайталанып отырады. Біз олардың бәрін қайталап жатпай, тек Жошы Ұлысына және өзіміз қарастырып отырған мәселеге қатысты деректерге ғана тоқталып, олардың маңызын көрсетеміз.

1. Варданның дерегінде 1222 жылғы оқиғаларға қатысты қыпшақтар туралы айтылып, тарихшы қыпшақтарды Ғұн елінің тайпалары деп жазады, қыпшақтар мен армяндардың ұрыстары айтылып өтіледі [55, 3–4-б.]. Сондай-ақ 1254 жылы Қаракорымдағы Мөңке қағанның халық санағын жүргізіп, ер адамдарға салық белгілегендігі, армян патшасы Гетумның Батыйға келіп, одан әрі Мөңке қағанға барғандығы, Хұлагудың христиан дініне іш бұрып, христиандарға оң көзбен қарағандығы, Берке ханды «Солтүстіктің билеушісі, ислам дінін қабылдаған», – деп жазады [55, 5-б.; 9–10-б.; 26-б.]. XIII ғасырдың ортасында Алтын Ордадағы жағдайды Вардан былайша баяндайды: «705 (1256) жылы Солтүстіктің ұлы билеушісі Батый қайтыс болды. Сол жылы оның ұлы Сартақ бауырларымен бірге уландырылып өлтірілді, өйткені Мөңке қағанның жарлығымен



әкесінің бір иелігі оған берілген еді. Оның өлімі христиандарды қатты қайғыға ұшыратты, өйткені ол таза христиан еді және өз халқы мен басқаларды христиан дініне енгізіп, көбін аман сақтап қалды» – деп баяндайды [55, 6-б.]. Варданның бұл мәліметтері бізге тек Хұлагу мемлекеті мен Алтын Орда билеушілерінің арасында ғана емес, Алтын Орданың өз ішінде дін мәселесінің XIII ғасырдың бірінші жартысында өте өткір болғандығын көрсетеді. Ал діни факторлардың этносаияси процестерде жетекші рөл атқарғандығын ескере келе, армян тарихшысының бұл мәліметін өте құнды дерек деп санаймыз.

2. Келесі бір армян дерегінің авторы Стефан Орбелиан XIII ғасырдың соңында жазылған еңбегінде моңғолдар, Алтын Орда мен Ирандағы илхандар билеушілері арасындағы діни тартыстар, моңғолдардың ислам дінін қабылдауы туралы құнды деректер береді. Ол моңғолдарды Магакий секілді «атқыштар халқы» немесе татарлар деп атап, алғашында оларда құдай да, дін де болған жоқ дейді де, жағымды жақтарын көп суреттейді. Христиан тарихшысы одан әрі моңғолдар ислам дінін қабылдап, бұрынғы жағымды мінездерін жоғалтып, сөйтіп теріс жолға түсті деп баяндайды [55, 31–32-б.]. Бұл дерек мәліметі XIII ғасырдың соңына таман моңғолдар жаулап алған Иран, Дешті Қыпшақ аумақтарында ислам дінінің жетекші дінге айналғандығын көрсетеді. Сондай-ақ Стефан Орбелиан Хұлагу мен оның мұрагерлерінің христиан дінін қолдағандығын, бірақ олардың белгісіз жағдайда уланып өлтірілгендігін хабарлайды [55, 45–46-б.].

Сонымен бірге оның деректерінен хұлагулік әулет арасында діни бағыттағы күрестер мен талас-тартыстардың шиеленісті түрде жүргенін көруге болады [55, 51–63-б.].

3. Авторы белгісіз, Себастаци қаласының тұрғыны, тарихшы Себастаци деген атпен белгілі армян тарихшысы өзінің «Жылнамасында» өзіне дейінгі армян тарихшыларының мәліметтеріне сүйеніп, XIV ғасырға дейінгі көптеген оқиғаларды баян етеді [53, 23–33-б.]. 1256 жылғы Батыйдың мұрагері Сартақтың өліміне тікелей кінәлілерге ол исламды қабылдаған Берке мен Беркежарды (деректерде Беркечалин делінеді) атап көрсетеді [53, 27-б.]. Сартақтың христиан дінін қабылдағаны туралы басқа да армян тарихшылары хабар етеді [53, 90-б.].



Жалпы алғанда, XIII ғасырдағы армян тарихшыларының еңбектерінен біз, Жошы Ұлысының XIII ғасырдағы жалпылама жағдайы мен ислам және христиан діндері арасындағы ішкі күрестер барысын, исламның жеңіске жеткендігін байқаймыз. Өз кезегінде ислам діні XIV–XV ғасырларда Алтын Ордадағы этно-саяси дамулар мен процестерге қатты ықпал етеді. Біз бұл процестердің кейбір жақтарын Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарына жатқызғандықтан, XIII ғасырдағы армян тіліндегі деректердің маңызын жоққа шығармаймыз.

**Орыс тіліндегі деректер:** Жалпы алғанда, Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттарына XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы Алтын Орданың ішкі саяси өміріндегі жағдайлар, яғни саяси бытыраңқылықтардың жататыны белгілі. Осы кезеңдегі оқиғалар орыс тіліндегі деректерде жүйелі түрде болмаса да, үзік-үзік көрініс береді. Орыс тіліндегі деректерді орыс тарихы үшін типке де, түрге де бөліп қарастыруға болса да, біздің қарастырып отырған мәселеміз бойынша оларды бұлайша бөлу артық болып саналады. Жоғарыда айтып өткен хронологиялық шеңбердегі мәселелер бойынша бізге қажетті мәліметтер орыс тіліндегі кең тараған дерек түрі – жылнамаларда кездеседі.

Жылнамалардағы мәліметтердің бір ерекшелігі, онда оқиғалардың себептері айтылмаса да, оның нақты болған жылы мен мазмұны баяндалады. Солар арқылы кейбір талас-тартыстар туғызатын мәліметтерді шешуге болады. Төменде бірнеше шығармалардың мәліметтеріне назар аударып көрелік.

1. «Троицк жылнамаларында» әр жылдарда Алтын Орданың саяси өмірінде болған оқиғалар баяндалады. Мысалы, 1313 жылы жылнамашы Тоқта ханның қайтыс болып, Өзбектің таққа отырғандығын және оның мұсылман болғандығын айтса, 1341 жылы күзде Өзбектің қайтыс болғандығын, Жәнібектің кіші інісі Хыдырбекті, ал 1342 жылы туған ағасы Тінібекті өлтіргендігін жазады [59, 355–365-б.]. Сондай-ақ «Троицк жылнамасында» XIV ғасырдың 90-жылдарындағы Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен Ақсақ Темір арасындағы күрестер, Ақсақ Темірдің жорықтары, Темір мен Темір Құтлы арасындағы тақ үшін болған күрестер туралы мәліметтер кездеседі [59, 448–449-б.; 450–451-б.].

2. «Никонов жылнамасында» XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Орданың ішкі саяси өміріндегі оқиғалар көрініс береді. 1422



жылы Барақ ханның Құдайдатты Ордадан қуып, жеңіске жетуі, Барақтың Одоев қаласына жорығы туралы мәліметтер осы жылнамада айтылады [60–61; 62, 238–239-б.].

3. Орыс жылнамаларының толық жинағының (ПСРЛ) жиырма сегізінші томына енгізілген «1497 жылғы Жылнамалар жинағында» XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Ордадағы жағдайлар туралы біршама құнды мәліметтер кездеседі. Нақты айтсақ, 1406 жылғы Шәдібек ханның Тоқтамысты өлтіруі, Булек(Бөлек) сұлтанның Шәдібекті биліктен ығыстыруы (1407 ж.), 1422 жылғы Барақ ханның Құдайдатты Алтын Ордадан қууы және т.б. мәліметтер айтылады [63, 91–92-б.; 96–98-б.; 102-б.; 65, 302-б.].

4. Ал осы жиырма сегізінші томдағы «Уваров жылнамасы» немесе «1518 жылғы Жылнамалар жинағында» XV ғасырдың екінші ширегіндегі Алтын Орданың ішкі саяси өміріне қатысты құнды мәліметтер кездеседі. 1422 жылғы Барақ ханның Құдайдатты Ордадан қууы, 1437–1438 жылдардағы Ұлығ Мұхаммед хан мен Кішік Мұхаммед хан арасындағы күрестер осы жылнамада көрініс тапқан [64, 261-б.; 268-б.]. Сондай-ақ осы жылнамада алғаш рет 1460 жылғы оқиғаларға қатысты Ахмет хан Үлкен Орда ханы деп айтылады [64, 284-б.]. Бұл мәліметтен біз XV ғасырдың екінші жартысына таман Алтын Орда өз күйреуінің келесі сатысына өтіп, орыс деректері сол кездегі жағдайды дөп басып айтқан дейміз. Үлкен Орда, ол – Қырым, Қазан, Сібір хандықтары секілді Алтын Орданың бір бөлігі, әрі тікелей мұрагері болған мемлекет.

Жалпы, XIV–XV ғасырлардағы Алтын Орда тарихына қатысты орыс тіліндегі деректердің, оның ішінде орыс жылнамаларының мәліметтерін қарастыра келе, бұл мәліметтер біз қарастырып отырған мәселеде негізгі, басты дерек көздері болып саналмаса да, Қазақ хандығы құрылуының жалпылама түрдегі саяси алғышартына жататынын, Алтын Орданың ыдырау процесін анықтауда тигізер көмегі көп дейміз. Ал кейбір оқиғалардың нақты уақытын көрсетуде ол мәліметтер маңызды рөл атқара алады.

**Моңғол тіліндегі дерек мәліметтер:** Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарттарын зерттеуде моңғол тіліндегі дерек мәліметтерінің рөлі ерекше. Біз бұл топқа жататын деректер арқылы XIII–XV ғасырларда Шығыс Дешті аумағындағы этносаяси процестерге қатынасқан көптеген ру-тайпалардың шығу тегін





анықтауға мүмкіндіктер аламыз. Қарастырып отырған мәселеміз бойынша бұл топтағы деректерге «Моңғолдың құпия шежіресі» және «Алтын шежіре» атты тарихи ескерткіштердің материалдары жатады.

1) «Моңғолдың құпия шежіресі» – 1240 жылы жазылған туынды. Көне моңғол әдебиетінің құнды ескерткіші болып саналатын бұл шығарманы XIX ғасырдың ортасында ірі орыс шығыстанушыларының бірі, синолог Паллади Кафаров тауып зерттеген, бірақ оның аудармасы жарыққа шықпаған [66, 5-б.]. Ал 1941 жылы С.К. Козин бұл шығарманы ғылыми талаптарға сай зерттеп, айналымға енгізді [66]. Қазақ тілінде «Моңғолдардың құпия шежіресі» алғаш рет 1979 жылы жарық көрді [67]. 1998 жылы бұл шығарма қазақ тілінде екінші рет басылып шықты [68].

Біз өз зерттеуімізде бұл деректің мәліметтерін қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалары бойынша салыстыра отырып пайдаланғанымызды ескертіп өтеміз.

«Құпия шежіре» өте қысқаша түрде болса да, XIII ғасырдағы Шыңғыс хан бастаған моңғолдардың Мауереннаһр мен Шығыс Дешті Қыпшақты жаулап алуын баяндайды [66, 180–185-б.; 67, 135–138-б.]. Біз үшін бұл деректегі ең құнды мәліметтерге Чаджарат, Барин, Салжиут, Барлас, Маңғыт, Тайшуит, Бесут, Кенегес және т.б. тайпалардың шығу тегі туралы баяндаулар жатады [66, 82–85-б.; 27–28-б.; 68, 30–32-б.].

2) Моңғол тіліндегі екінші дерекке Лувсанданзанның «Алтын шежіресі» атты еңбегі жатады [69–70]. Шамамен, 1651–1675 жылдар аралығында жазылған бұл шығарма ғылымға 1926 жылы ғана белгілі болды. XIII ғасырдың ортасына дейінгі тарихи баяндаулар «Моңғолдың құпия шежіресінің» мәліметтерінен алынған. Біз ондағы көптеген тайпалардың шығу тегіне, атап айтсақ, Дөрбет, Қатаған, Барлас (Барулас), Жаршырад, Боржігін, Маңғыт, Бесут және т.б. тайпалардың шығу тегі жөніндегі мәліметтерге назар аударып, зерттеуімізге пайдаландық [69, 15–19-б.].

Жалпы алғанда, моңғол тіліндегі жоғарыда атап өткен мәліметтердің XIII ғасырдың басындағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси жағдайлар мен көптеген тайпалардың шығу тегін анықтауда рөлі ерекше деп санаймыз.

**Түрік тіліндегі деректер мәліметі:** Түрік тілінде жазылған тарихи шығармалар ішінде М. Қашғаридың еңбегін де атап өтуге



болады [71–73]. Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтері бар дерекке Махмұд Қашғаридың «Түрік тілінің сөздігі» (Диуани лұғат ит-турк, XI ғ.) және Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» жатады. М. Қашғаридың шығармасында X–XI ғасырлардағы түркі халықтары мен тайпаларына қатысты материалдар, әсіресе, этнографиялық сипаттағы деректер өте көп. Онда түркі тілдес 20 тайпаның атауы айтылады [71, 54–55-б.]. Келесі шығарма авторы Қадырғали Қосымұлы Жалайыр XVII ғасырдың алғашқы он жылдығында орыс еліндегі Қасым хандығында хан болған қазақ сұлтаны Оразмұхаммедтің кеңесшісі қызметін атқарған. 1600 жылы Оразмұхаммедті орыс патшасы Борис Годунов Қасым хандығына хан етіп тағайындағаннан кейін, Қадырғали Жалайыр аталмыш еңбегін жазуға кірісіп, оны 1602 жылы аяқтап шығады.

Шығарманы зерттеген ғалымдар мен олардың еңбектері өте көп. Біз олардың бәріне тоқталып жатпай, тек бірнешеуін ғана: И.Н. Березин, М.А. Усманов, Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев, Б. Көмеков, Н. Мингулов, С. Өтениязов, Ә. Дербісәлиев және т.б. атап өтеміз. [74–78; 52]. Біз бұл жерде шығарма көне қазақ, ескі татар, шағатай тілдерінде жазылған деген пікірлерді талдауға бармай, бәріне ортақ түркі тілі деген атауды қолданып отырмыз. Біз үшін бұл жерде ең бастысы – шығармадағы Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтерге қысқаша шолу жасап, сипаттама беру. Төменде сол мәселеге назар аударалық.

«Жылнамалар жинағының» Орыс хан туралы дастанына дейінгі көп бөлігі Рашид ад-динның «Жамих ат-тауарих» атты кітабының түрікше қысқартылған түрі. Сол себепті де ол мәліметтер-компилятивті сипатта. Біз үшін ең маңыздысы соңғы тоғыз дастанның мәліметтері болып саналады. Біз ол дастандардан Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мынадай мәліметтерді кездестіреміз.

1) Орыс хан, Құйыршақ хан, Барақ хандар туралы, Жәнібек ханның «кіші Жәнібек хан» деп аталатындығы туралы және XIV–XV ғасырларда Дешті Қыпшақта болған оқиғалар туралы жалпы мәліметтер [77, 112-114-б.].

2) Едіге және оның ұрпақтары: Мансұр, Қазы, Наурыз, Нұраддин; Афас, Окас, Хорезми, Мұса, Жаңбыршы билерге қатысты мәліметтер [77, 117–119-б.].

3) Сібір хандарына қатысты мәліметтер [77, 119-б.].



4) Шайбанилық Әбілхайыр хан мен Иадгар ханға қатысты мәліметтер [77, 120–121-б.].

5) Жәнібек хан және оның ұрпақтарына қатысты мәліметтер [77, 121–123-б.].

Қадырғали Жалайыр еңбегінде Қазақ хандығының құрылуы туралы нақты деректер айтылмаса да, жоғарыда атап өткен мәліметтер тобы жалпылама немесе жанама сипаттағы деректерге жатады. Ол мәліметтер арқылы біз Алтын Орданың ыдырау процесін, одан бөлініп шыққан хандықтардың бір-бірімен күресін, әр аймақтағы әулеттердің шығу тегін, бір-біріне туыстығын біле аламыз. Бұлардың бәрі Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттарын терең түсінуге және зерттеуге мол мүмкіндіктер береді.

## **2.2. Аумақтық немесе Еуропалық авторлардың мәліметтері:**

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба мәліметтер өте аз көлемде болса да, еуропалық авторлардың шығармаларында кездеседі. Біз бұл деректердің бәрін өзіміз қолданып отырған аумақтық принципке сай еуропалық авторлар еңбектеріндегі деректерге жатқызамыз. Оған Марко Полоның, Платано Карпинидің, Вильгельм Рубруктың, Матвей Меховскийдің деректері жатады [79–81]. Төменде әр автордың мәліметтеріне қысқаша тоқталып, оларға сипаттама береміз.

1. Платано Карпинидің «Моңғолдар тарихы» атты шығармасы 1245–1247 жылдары оның моңғол империясының астанасы Қарақорымға Рим папасы IV Иннокентийдің тапсырмасымен барған сапарының есебі ретінде жазылған [80, 3-б.]. Платано Карпини – моңғолдардың 1236–1241 жылдардағы батыстағы орасан зор аймақты бағындырғаннан кейін Қарақорымдағы моңғол қағанына барып, олар туралы артында құнды жазба ескерткіштер қалдырған алғашқы еуропалық авторлардың бірі, сондай-ақ моңғол жаулаушылығының зардаптары жөнінде алғашқы мәлімет беруші еуропалық автор.

Біз өзіміздің қарастырып отырған жұмысымызға қатысты Платано Карпини мәліметтерін былайша топтастырамыз:

а) Жалпы моңғолдардың әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері, соғыс өнері мен оларға бағынышты елдер туралы мәліметтер;

ә) жаулап алудың зардаптары туралы мәліметтер;



Плано Карпини бұл туралы бірнеше рет баян етеді. Ол «Татарлар (*моңғолдар – Б.К.*) бұл командарды (*қыпшақтарды айтып отыр – К.Б.*) қырып жойды. Кейбіреулері олардан қашып кетті, ал кейбіреулері құлға айналдырылды», – деп жазса, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы кангиттер (қаңлылар) елі туралы да: «Комания жеріндегідей бұл жерде де біз тезек секілді жерде шашылып жатқан көптеген адамдардың бас сүйектері мен қаңқаларын көрдік», – деп айтады [80, 63–64-б.].

б) Жошының ұлдарының Ордалары туралы мәліметтер. Батудың Ордасы Еділдің төменгі бойында, оның інісі Сыбанның (Шибан) Ордасы Сырдың төменгі бойында, ал олардың ағасы Орда Еженнің Ордасы Алакөл маңында орналасқандығын Плано Карпини өте дәл баяндап береді [80, 58–65-б.]. Оның бұл мәліметтерінің біз үшін құндылығы өте ерекше. Өйткені авторлардың көпшілігі Шибан мен Орда Ежен Ұлыстарының территориясы жөнінде айтқанымен, олардың Ордаларының нақты қай өңірде орналасқандығы туралы мәліметтер бермейді. Соны ескере келе, біз Плано Карпинидің Жошы ұлдарының Қазақстан аумағындағы Ордаларының орналасқан жері жөніндегі мәліметтердің маңызы өте жоғары деп есептейміз.

2. Плано Карпиниден соң көп ұзамай 1253–1255 жылдары француз королі ІХ Людовиктің тапсырмасымен Вильгельм Рубрук бастаған елшілік Қаракорымға аттанды. Елшіліктің мақсаты – мұсылмандарға қарсы күресу үшін моңғолдарды одақтастыққа тарту болды. Осы сапары туралы Вильгельм Рубрук «Шығыс елдеріне саяхат» атты еңбек жазып қалдырды. Біз үшін бұл еңбек те Плано Карпинидің деректері секілді моңғол жаулаушылығының зардаптары жөнінде мәліметтер береді. Мұндағы өзімізге қажетті мәліметтерді біз былайша топтастырамыз:

а) Моңғолдарға қатысты этнографиялық мәліметтер;

ә) XIII ғасырдағы Алтын Орданың ішкі саяси өміріне кейбір лауазымдарға қатысты көптеген мәліметтер. Мысалы, В. Рубрук Батый хан елшілерінің Мөңке қаған елшілерінен жоғары тұратындығын хабарлайды [80, 110-б.].

б) Жаулап алудың зардаптары туралы мәліметтер. В. Рубрук Жетісу жерінде моңғолдардың малға қажетті жайылымдарды кеңейту үшін ондағы қалалардың көп бөлігін қиратып тастағандығын жазады [80, 110-б.].



Жалпы алғанда, В. Рубруктың мәліметтері Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттарын анықтап көрсетуде өзіндік рөл атқарады деп есептейміз.

3. XIII ғасырдың соңғы жылдары жазылған «Марко Полоның кітабы» – XIII ғасырдың екінші жартысындағы Моңғол империясының ішкі саяси жағдайы, әртүрлі елдер мен халықтар, олардың этнографиясы туралы және т.б. құнды мәліметтер беретін шығармаларға жатады [79]. Біздің қарастырып отырған мәселемізге қатысты Марко Полоның мәліметтерін төмендегідей топтастыруға болады:

а) Хайду хан және оның Құбылай ханмен күрестері туралы [79, 192–195-б.]. Бұл мәліметтер бізге XIII ғасырдың екінші жартысында моңғол империясының ыдырау процесінің қалай жүргендігін көрсетеді.

ә) Орда Ежен Ұлысы, оның сол тұстағы билеушісі Қоныша туралы мәліметтер [79, 206–207-б.]. Біз үшін бұл мәліметтер өте құнды болып саналады. Бірде-бір жазба деректе Орда Ежен Ұлысындағы жағдайлар Марко Поло дерегіндегідей баяндалмайды. Қонышаны (*деректе Кончи деп аталады –Б.К.*) «солтүстіктегі патша» – деп жазады да, «олардың патшасы Шыңғыс ханның әулетінен болса да, ешкімге тәуелді емес», – деп айтады [79, 206-б.]. Сонымен қатар Марко Поло Орда Ежен ұлысының табиғаты мен климаты, географиясы туралы да маңызды мәліметтер береді.

б) Алтын Орданың Батыйдан Тоқтай ханға дейінгі билеушілері туралы мәліметтері [79, 209-б.].

в) Алтын Орда ханы Берке мен Ирандағы Хұлагу арасындағы соғыстар, оның себептері мен барысы туралы мәліметтер [79, 209–213-б.].

г) Тұда Мөңке ханның билігі, Тоқтай ханның Ноғаймен күресі туралы мәліметтер [79, 213–218-б.]. Қорыта айтқанда, «Марко Поло кітабындағы» мәліметтер XIII ғасырдың екінші жартысындағы бүкіл Жошы Ұлысындағы саяси жағдайларды, сондай-ақ ыдырап кеткен Моңғол империясының әр бөлігінде құрылған дербес мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды зерттеуде тарихшыларға көп көмек бере алады деп санаймыз. Әсіресе, XIII ғасырдың екінші жартысындағы Орда Ежен Ұлысына қатысты айтылған мәліметтердің біз үшін өте құнды екеніне ерекше назар аударамыз.



4. Матвей Меховскийдің еңбегіндегі мәліметтер. 1457–1523 жылдары өмір сүрген, ұлты поляк әрі дәрігер, әрі астролог, әрі тарихшы Матвей Меховский артында «Екі Сарматия туралы трактат» («Трактат о двух Сарматиях») атты тарихи шығарма қалдырады. Шығарма алғаш 1517 жылы Польшаның Краков қаласында жарыққа шыққан [81, 1–6-б.]. «Екі Сарматия туралы трактаттың» ғылыми құндылығын еуропалық оқырмандар бірден мойындайды. Шығарма XX ғасыр басына дейін 10 шақты рет басылып, Еуропаның бірнеше тілдеріне аударылады. Орыс тіліне 1936 жылы С.А. Аннинскийдің алғы сөзімен, аудармасымен және түсініктемелерімен алғаш рет жарық көреді. Шығарма қазақ тіліне әлі аударылмаған. «Екі Сарматия туралы трактатта» біз қарастырып отырған мәселе бойынша мынадай сипаттағы деректер кездеседі.

а) Моңғолдардың қыпшақтарды (*деректе автор оларды половцы деп жазады – Б.К.*) жаулап алуы туралы мәліметтер [81, 47–48-б.].

ә) Моңғолдардың ислам дінін қабылдауларының себебі туралы мәліметтер [81, 58-б.].

б) Моңғолдардың әдет-ғұрыптары туралы мәліметтер [81, 59–60-б.].

в) XV ғасырдың екінші жартысындағы Алтын Орда аумағында қалыптасқан саяси жағдай мен пайда болған мемлекеттер туралы мәліметтер [81, 63–66-б.]. Матвей Меховский: «Татар ордалары төртеу және соған сәйкес императорлары да сондай. Олар: Еділ бойы татарларының Ордасы, Перекоп Ордасы, Қазан Ордасы және төртінші Ноғай Ордасы. Осыларға бесінші Орданы қосады, ол – патшасы жоқ, Қазақ ордасы. Московиттер Еділ бойы Ордасын Үлкен Орда деп атайды. Ол «Ұлы хан» деп аталады» – деп жазады [81, 63–64-б.]. Бұл мәліметтерден біз жоғарыда айтып өткеніміздей, Алтын Орданың ыдырау процесі кезеңіндегі қалыптасқан жағдайды көреміз. Ал Қазақ Ордасының аталуы, біздіңше еуропалық мәліметтерде ең алғаш кездесуі деп білеміз. Оларда патша жоқ деп жазуын, дерек авторларының қателігі деп түсінуіміз керек.

г) Ноғай Ордасының қалыптасуына, Оқас биге қатысты мәліметтер [81, 92–93-б.]. Бұл мәліметтердің тікелей Қазақ хандығының құрылуына қатысы бар. «Шамамен қазіргі 1517 жылдан 70 жыл бұрын Ұлы ханның атақты қызметшісі және жауынгері, 60 ұлы бар. Оқас өлтірілгеннен кейін, «оның ұлдары Еділ бойы Ордасынан



бөлініп, Сарай маңына қоныстанады», – деген мәліметтен біз Оқастың өлімінен кейін оның ұлдарының дербестенгенін байқаймыз. Маңғыттардың «Көшпелі өзбектерден» бөлінуі Әбілхайыр хандығын бір әлсіретсе, Керей мен Жәнібек бастаған тайпалар тобының бөлінуі, Шайбанилар әулетінің билігінің күйреуіне алып келеді. Міне, осы жағынан алғанда поляк авторының осы мәліметінің маңызы өте жоғары.

Жалпы алғанда, Матвей Меховскийдің «Екі Сарматия туралы трактат» еңбегінің мәліметтері – біз қарастырып отырған мәселеде кең көлемде де, нақты мәселелер бойынша да өте маңызды.

Еуропа авторларының еңбектеріндегі деректерге қысқаша сипаттамалар бере келе, олардың бәрі Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарын анықтауда ерекше рөл атқарады деп есептейміз.

### 2.3. Әулеттік деректер тобының мәліметтеріне сипаттама

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтердің ең негізгі бөлігі парсы, түрік тілдерінде жазылған әулеттік деректерде кездеседі. Соған байланысты біз әулеттік топқа жататын әрбір деректің мәліметтеріне қысқаша тоқталамыз.

**Хұлагулық деректердің мәліметтері:** 1256–1344 жылдары Иран, Ирак, оңтүстік Әзірбайжан аумақтарында өмір сүрген Төленің ұлдарының бірі, Шыңғыс ханның немересі Хұлагу (1216–1265) қалаған мемлекет тарихта Илхандар немесе Хұлагу әулетінің мемлекеті деген атаумен қалды [82, 181–183-б.; 83, 200–202-б.]. Хұлагулық әулеттің билігі тұсында жазылған тарихи шығармаларды хұлагулық деректер деп атау қалыптасқан. Жувейни, Рашид ад-дин, Вассаф, Хамдаллах Казвини секілді орта ғасырлық ірі тарихшылар өз шығармаларын осы әулеттің билігі тұсында жазады. Олардың еңбектерінде біздің мәселемізге қатысты құнды мәліметтер кездеседі.

а) «Тарих-и Жаһангуша» («Әлемді жаулаушының тарихы») атты еңбектің авторы Ала ад-дин Ата Малик ибн Баха ад-дин Мұхаммед ал Жувейни (1226–1283) – ірі тарихшы болған және Хұлагу мемлекетінде жоғары лауазымдар атқарған. Ол 1259–1280 жылдары Бағдад, Ирак, Хузистан аймақтарын басқарып, 1265 жылы Хұлағудың жорығына қатысқан. «Тарих-и Жаһангуша» 1252–53 жылы басталып, 1260 жылы аяқталған [84, 205-б.; 85, 166–167-б.; 48, 19–20-б.].



Жувейнидің еңбегінде біздің мәселемізге қатысты мынадай мәліметтер кездеседі: 1) моңғолдардың Дешті Қыпшақты жаулап алуы; 2) Алтын Орданың алғашқы хандары және олардың ислам, христиан діндеріне қатысты көзқарастары мен саясаты; 3) моңғолдарға қарсы қыпшақ басшыларының күресі [84, 20–24-б.]. Батыйдың дінге қатысы жөнінде Жувейни: «Ол (*Батый* – *Б.К.*) ешқандай дін мен сектаны ұстанбады, оларды ол құдайға табынудың жолы деп есептеді», – деп баяндайды [84, 21-б.]. Ал Батыйдың ұлы Сартақ туралы: «Сартақ христиан дінін ұстанды», – деп жазады [84, 22-б.]. Сондай-ақ «Тарих-и Жаһангуша» авторы моңғол жаулаушылығы қарсаңында Қазақстан аумағындағы саяси жағдайларды да баяндап береді [86, 238-б.]. Жалпы, Жувейнидің мәліметтері XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Дешті Қыпшақта болған тарихи жағдайларды түсінуге мүмкіндіктер береді. Ал өз кезегінде ол процестер Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттары болып саналатындықтан, біз ол мәліметтерді аса қажетті деректер қатарына жатқызамыз.

ә) Хұлагулық деректердің тобына жататын келесі туындыға – Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағы» («Джамих ат-таварих») атты еңбегі жатады. Рашид ад-дин Фазл-аллах ибн Абул Хайр Әли Хамадани (1247–1318) – орта ғасырдағы көрнекті парсы тарихшысы, ірі мемлекет қайраткері, Иранда Газан хан мен Олджейту хандардың тұсында уәзір қызметін атқарған. Сонымен бірге ғалым, дәрігер, сүнниттік бағыттағы дінтанушы ретінде де танымал болған. Рашид ад-диннің өмірі мен еңбегі туралы зерттеулер өте жеткілікті болғандықтан, біз бұл жерде ол зерттеулердегі ойлар мен тұжырымдарды қайталап жатпай, тек оларға сілтеме берумен шектелеміз [87, 27–29-б.; 85, 167–169-б.; 201-б.; 48, 22–27-б.].

«Жылнамалар жинағы» 1300–1301 жылы Газан ханның тапсырмасымен жазыла бастап, толығымен 1310–1311 жылы аяқталады. Еңбек ежелгі замандардан 1300–1301 жылға дейінгі оқиғаларды, ал Хұлагу әулетінің тарихын 1310–1311 жылға дейін баяндайтын жалпы тарих болып саналады. Шығарма үш томнан тұрады. Қазіргі кезде шығарманың алғашқы екі томы ғылымға белгілі, олар XIX ғасырдан бері ғылыми айналымға енгізілген [87–92]. Рашид ад-диннің еңбегіндегі тарихи мәліметтердің құндылығын зерттеушілердің бәрі бір ауыздан мойындайды. И.П. Петрушевскийдің пікірі бойынша XIII–XIV ғасырларда моңғолдар тарихы үшін «Алтын





дәптер» мен «Моңғолдың құпия шежіресінің» мәліметтеріне қарағанда «Жылнамалар жинағының» мәліметтері өте құндырақ болып келеді [93, 30-б.]. Төменде біз де осы шығарманың өзіміз қарастырып отырған мәселелер бойынша деректеріне назар аударалық.

1) «Жылнамалар жинағының» бірінші томының бірінші кітабы түрік тілдес тайпалар тарихына арналған. Онда автор түріктердің территориясы, рулар атаулары мен бөлімдері, Оғыз тайпалары, өз билеушілері мен мемлекеті болған түрік тайпалары, моңғол атанған түрік тайпалары туралы баяндайды. Бұл құнды деректер бізге XIII ғасырға дейінгі және одан кейінгі кезеңдерде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында жүрген этнопроцестер туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді. Рашид ад-диннің түрік тайпалары туралы осындай жан-жақты баяндалған материалдары басқа деректерде кездеспейтіндіктен, біз оларды өте жоғары бағалаймыз.

2) Моңғолдардың Шыңғыс ханның бастауымен Жетісу, Шығыс Дешті Қыпшақ, Оңтүстік Қазақстан аумақтарын жаулап алуы, соған байланысты болған қырып-жоюларды біз этнопроцеске тікелей әсер еткен кері сандық белгіге жатқызамыз.

3) Жошы хан және оның XIII ғасыр соңына дейінгі ұрпақтары, әсіресе Орда Еженнің ұрпақтары туралы баяндаулардан, біз Орда Ежен Ұлысында қандай тайпалардың өмір сүргендігін аңғарамыз. Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, Алшын, Керей, Жалайыр және тағы басқа тайпалар осы ұлыста өмір сүріп, XV ғасырдың ортасында олар Орда Ежен ұрпақтары Керей мен Жәнібек хандарға қолдау көрсетеді.

4) Рашид ад-дин Шибан Ұлысындағы ру-тайпалар туралы да құнды мәліметтер береді. Ол мәліметтер арқылы біз XV ғасырдағы «көшпелі өзбек» тайпаларының шығу тегін анықтай аламыз.

5) «Жылнамалар жинағында» алғаш рет XIV ғасыр басына дейінгі Орда Ежен Ұлысының тарихы баяндалады. Біз оның материалдары арқылы Шығыс Дешті Қыпшақтың XIV ғасырға дейінгі этносаяси тарихын зерттеуге мүмкіндіктер аламыз.

Жалпы алғанда, Рашид ад-дин еңбегіндегі мәліметтердің Қазақ хандығының құрылуының этносаяси алғышарттарын зерттеуде тігізер көмегі орасан зор.

б) Хұлагулық деректер тобына жататын келесі бір дерек «Вас-сафтың тарихы». Шығарма авторы – Шихаб ад-дин Абдаллах ибн



Фазлалах, Вассаф деген лақап есіммен белгілі болған (1264/65–1329/30) Вассафтың тарихи шығармасы 1327 жылы аяқталған [84, 80-б.; 48, 28–29-б.]. Еңбек Ирандағы илхандар тарихына арналса да, онда біздің қарастырып отырған мәселемізге қатысты мәліметтер кездеседі. Олар: 1) Шыңғыс ханның төрт ұлының ұлыстары, олардың аумақтары туралы; 2) Алтын Орда хандары мен Илхандар арасындағы соғыстардың себептері туралы; 3) Орда Ежен (*Вассаф оны Хорда деп жазады – К.Б.*) мен Батый туралы мәліметтер [84, 80–89-б.]. Вассаф өзіне қажетті деректерді Жувейни мен Рашид ад-диннен алады, ал оның кейбір мәліметтері аталған авторларда кездеспейді, сол себепті де олар біз үшін өте құнды деректер қатарына жатады.

в) Хамдаллах Казвинидің (1281/82 жылы туылған) «Тарих-и гузиде» («Таңдамалы тарих») атты еңбегі де хұлагулық деректер қатарына жатады. Автордың толық аты-жөні – Хамдаллах Әбу Бәкір ибн Ахмад Наср Мустафи Казвини – Хұлагулық әулет мемлекетінің қаржы-салық жүйесінде ірі шенеуніктік қызмет атқарады. Ол алғашында Рашид ад-диннің қамқорлығында болады да, өзінің «Таңдамалы тарихын» Рашид ад-диннің ұлына арнайды. Казвини 1349–1350 жылы қайтыс болған. Казвинидің тарихи еңбегі 1330 жылы аяқталып, ондағы оқиғалар 1329 жылға дейін баяндалады. «Таңдамалы тарихтың» кейбір қолжазбалық нұсқалары одан әрі жалғастырылған: а) Хамдаллах Казвинидің өзі 1344 жылғы оқиғаларға дейін баяндалған; ә) оның ұлы Зейн ад-дин Казвини 1392 жылға дейінгі Иран тарихын жазып қосқан [84, 90-б.; 85, 171–172-б.; 48, 30–31-б.].

Біз Хамдаллах Казвинидің тарихи еңбегінен өзімізге қажет мынадай сипаттағы мәліметтерді кездестіреміз: 1) XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда хандары және олардың дінге көзқарастары, әсіресе, Сартақтың христиан, ал Өзбек ханның исламды қолдағаны жақсы баяндалады; 2) Алтын Орда мен Ирандағы илхандардың күрестерінің себептері; 3) Алғаш рет Алтын Орда әскерін автор өзбектер (узбекиян) деп, ал мемлекетін – Өзбек мемлекеті (Мамлякати узбеки) деп атайды [84, 90-б.; 85, 171–172-б.; 48, 30–31-б.]. Егерде алғашқы мәліметтер тобы Казвини еңбегіне дейінгі авторларда жиі кездессе, «Таңдамалы тарихта» этносаиясы мәндегі «өзбек» атауының айтылуы үлкен жаңалық болып саналады. Бұл атау арқылы



біз XIV ғасырдың бірінші жартысына дейінгі Алтын Ордадағы этнопроцестердің дамуын, оның нәтижесін көре аламыз.

Жалпы, хұлагулық деректер тобындағы мәліметтерге қысқаша тоқтала келе, біз оларды XIII–XIV ғасырлардағы Жошы Ұлысының тарихы үшін өте маңызды және Қазақ хандығы құрылуының саяси, рухани, этникалық алғышарттарын зерттеуде аса құнды деректер қатарына жатады деген қорытындыға келеміз.

**Делилік деректер мәліметі:** Бұл топқа Жужжанидің «Табакат-и Насири» атты еңбегінің мәліметтері жатады. Шығарма авторы – Минхадж ад-дин Абу Омар Усман ибн Сирадж ад-Дин Мұхаммед ал-Жужжани 1193 жылы Солтүстік Ауғанстан аймағындағы Жужжан қаласында дүниеге келген. 1226 жылы моңғолдардан қашып Үнді жеріне келеді де, Дели сұлтандарына қызмет етеді, Делидің бас қазіы қызметін атқарады. Оның нақты қай жылы қайтыс болғаны белгісіз. Ол еңбегін 1246–1265 жылдары билік құрған Үнді сұлтаны Насыр ад-дин I Махмұд шахтың құрметіне атайды және 1259–1260 жылы аяқтап бітеді. «Табакат-и Насири» – парсы авторларының дәстүрінше жалпы тарихты қамтыған шығармаға жатады. Оның өзге парсы авторларынан айырмашылығына, біріншіден, оның моңғол жаулап алушылығы кезінде өмір сүріп, көптеген қырып-жоюлар оның дәуірінде өткендігі жатады. Ал, екіншіден, Жужжани моңғолдарға, олардың жаулаушылығы мен билігіне өзінің қарсылығын көзқарастары мен пікірлері арқылы білдірген автор болып саналады [84, 13-б.; 85, 166-б.; 48, 33–36-б.]. «Табакат-и Насириде» біздің мәселеге қатысты: а) XIII ғасырдағы моңғолдардың жаулап алушылығы; ә) Жошы ханның жеке басының қасиеттері туралы; б) моңғолдардың жаулап алу соғыстары кезіндегі қырып-жоюлары туралы; в) Берке ханның мұсылманшылығы туралы және тағы басқа оқиғалар туралы мәліметтер кездеседі. Біз бұларды XIII ғасыр басындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың этносаяси тарихы үшін құнды мәліметтер қатарына жатқызамыз.

**Жалайырлық дерек мәліметтері:** Хұлагулық әулет билігінен соң, Ирак, Әзірбайжан аумақтарында 1340–1432 жылдары Жалайыр әулеті деген атаумен тарихта қалған жаңа әулет билік құрады. Бұл әулеттің екінші билеушісі Шайх Уайыс тұсында (1356–1374) Әбу Бәкір ал-Күтби ал-Ахари тарихи еңбек жазып, оны Шайх Уайысқа арнайды да, еңбектің атын «Тарих-и Шайх Уайыс» («Шайх Уайыстың



тарихы») деп атайды [84, 99-б.; 82, 206–207-б.; 83, 215–216-б.; 85, 220–221-б.; 48, 36–37-б.]. Жалпы тарих сипатында жазылған бұл шығарманың екінші бөлімінің бесінші тарауы моңғолдарға арналып, онда Алтын Орда тарихы баян етіледі. Деректің Алтын Орда тарихына қатысты жерлері СМИЗО-ның екінші томына енгізілген [84, 99–103-б.]. 1984 жылы «Тарих-и Шайх Уайыс» орыс тіліне аударылып, жарық көрген [94]. «Тарих-и Шайх Уайыстың» біз үшін аса қажетті деректеріне: 1) Алтын Орда хандары туралы мәліметтер; 2) Алтын Орда мен Хұлагу мемлекеті арасындағы соғыстар туралы мәліметтер; 3) 1342–1357 жылдар аралығындағы Алтын Ордада болған билік үшін таластар мен Жәнібек ханның билік құрған кезеңі туралы мәліметтер жатады [84, 99–103-б.]. Бұл мәліметтер біз үшін Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттарын жете түсінуге жол ашады.

**Темірлік деректер мәліметтеріне сипаттама:** 1370 жылы Мауереннаһрда билікке келген Ақсақ Темір, өз ұрпақтарына жаңа әулеттің негізін қалап берді. Бұл әулет 1500 жылға дейін Мауереннаһр мен Хорасан аймағында билік құрып, тарихта Темір ұрпақтарының билігі немесе жай ғана темір әулеті деген атаумен белгілі болды. Осы әулеттің билігі тұсында басқа да шығармалармен қатар, көптеген тарихи шығармалар дүниеге келеді. Оларда да Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты аса құнды мәліметтер кездеседі. Төменде сол деректер мен олардың мәліметтеріне қысқаша тоқталып өтелік.

а) Темірлік деректер қатарына жататын туындылардың бірі – «Тузук-и Тимури» («Темірдің Заңдары») атты шығарма. Туынды ішінде айтылатын оқиғаларға қарап, оны XV ғасырдың алғашқы жылдары жазылған деуге болады. Онда баяндалатын ең соңғы оқиға – Темірдің 1402 жылы түрік сұлтаны Баязитті жеңіп, Самарқанға жеңіспен оралуы [95]. Ж.М. Төлебаева бұл шығарма туралы: «... Оны мемлекет басшысының ұрпақтары қалдырған саяси өсиет деуге болады», – деген пікір айтады [48, 37-б.]. «Тузук-и тимуриден» біздің мәселемізге қатысты: 1) Ақ Орда билеушісі Орыс хан мен Темірдің соғыстары туралы; 2) Темірдің Тоқтамыспен күрестері туралы, мысалы, Темір өзінің Орыс ханға қарсы соғысты қалай жоспарлағанын және оны өзі қалай жүзеге асырғанын, сондай-ақ Тоқтамысты жену үшін қандай әдіс-айла қолданғанын ұрпақтарына үлгі-өнеге ретінде баяндайтын мәліметтерді аламыз [95, 176–180-б.].



Темірлік осы деректің мәліметтері біздің мәселеміз үшін негізгі дерек қатарына жатпаса да, XIV ғасырдың екінші жартысындағы Темір мемлекетінің Ақ Ордамен, Алтын Ордамен қарым-қатынастарының барысын түсінуге мүмкіндіктер береді.

ә) Темірлік деректер тобына жататын келесі шығарма Низам ад-дин Шамидың «Зафар-наме» («Жеңіс кітабы») атты еңбегі. Шығарма Әмір Темірдің арнайы тапсырмасымен жазылып, ол 1404 жылы аяқталған [84, 104–105-б.]. «Зафар-намеде» біз қарастырып отырған мәселе бойынша: 1) Алтын Ордада (Дешті Қыпшақта) Жошы ханнан Шәдібек ханға дейін билік құрған 25 ханның есімдері; 2) Темірдің Орыс ханмен соғысы туралы; 3) Темірдің Токтамысты 1378–1379 жылы Сығанақ тағына отырғызуы туралы; 4) XIV ғасырдың 90-жылдарында Темірдің Токтамыс ханмен соғыстары туралы жан-жақты, әрі кең көлемде баяндайтын деректерді кездестіреміз [84, 105–125-б.]. Бұл мәліметтер бізге XIV ғасырдың екінші жартысындағы Алтын Орданың ішкі және сыртқы саяси жағдайынан мағлұматтар беріп, империяның ыдырау процесін тездеткен факторларды түсінуге жол ашады.

б) Шараф ад-дин Әли Йаздидың «Зафар-наме» атты еңбегі де темірлік деректер қатарына жатады. Автор Ирандағы Йазд қаласында дүниеге келген, нақты қай жылы туылғаны белгісіз. Ол 1415–1435 жылдары Иранның Фарс аймағында билік жүргізген Шахрухтың ұлы Ибрагим Сұлтанның, одан кейін Шахрухтың немересі Сұлтан Мұхаммед мырзаның сарайында қызметтер атқарады. Йазди 1454 жылы қайтыс болған. Оның «Жеңіс туралы кітабы» 1424–25 жылы Ширазда жазылып біткен, ал 1427–28 жылы кейбір қосымшалар енгізілген [84, 144–145-б.; 48, 51–60-б.].

Йаздидің «Зафар-намесі» Шамидың еңбегімен бірдей аталып, екі туынды да Ақсақ Темірдің жорықтары мен соғыстарын, ұрыстары мен жеңістерін мадақтауға арналса да, Йазидың баяндаулары Шамиға қарағанда тарихи оқиғаларды анағұрлым көлемдірек сипаттауымен құнды [84, 145–189-б.]. Йаздидың «Зафар-намесінде» біздің мәселемізге қатысты мәліметтер өте көп, сол себепті де біз оларды былайша топтастырамыз: 1) Жошы ханнан Кіші Мұхаммед ханға дейінгі Алтын Орданың 32 ханның әрқайсысына сипаттамалар. Біздің мәселемізге қатысты XV ғасырдың бірінші ширегіндегі хандардың рет-ретімен берілуі деректің құндылығын арттыра түседі;



2) Ақ Орда мен Темір мемлекеті арасындағы қарым-қатынастарды көрсететін деректер. Онда Темірдің екі әмірінің Самарқан билеушісінен қашып, Орыс ханды паналауы, кейіннен олардың Моғолстанға кетуі және т.б. мәліметтер көп келтіріледі. Сондай-ақ Темірдің Тоқтамысты пайдаланып, Орыс ханға жорықтары жан-жақты айтылады; 3) Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорықтары өте жақсы баяндалған оқиғалар қатарына кіреді; 4) Жәнібек ханның атасы Қойыршық оғланға, Едігеге қатысты мәліметтердің құндылығы жатады. Тоқтамысқа қарсы күресте Орыс ханның ұлдарының бірі – Қойыршықтың Ақсақ Темір жағында болып, 1396 жылы оның Еділдің сол жағалауындағы Шығыс Дешті Қыпшақты басқаруға жарлық алуы туралы мәлімет – бізге көп жағдайды түсіндіреді; 5) Шығыс Дешті Қыпшақ әскерінің «өзбек әскерлері» деп аталуының да астарында үлкен мән бар [84, 178-б.].

Жалпы, Йазидидың «Зафар-наме» еңбегінің Қазақ хандығының құрылу тарихын, оның ішінде этникалық, саяси алғышарттарын қарастыруда рөлі өте ерекше деп атаймыз.

в) Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысы бар келесі бір темірлік дерекке – Муин ад-дин Натанзидың «Мунтахаб ат-тауарихи и Муйни» («Муйнидың таңдамалы туындылары») атты шығармасы жатады. Шығарма – 1409–1414 жылдары Иранның Фарс және Исфахан аймақтарын билеп, 1415 жылы өлтірілген Темірдің немересі, Омар Шайхтың ұлы Ескендір мырзаға арналған жалпы тарих сипатындағы еңбек. Алғашқы кезде В.В. Бартольд бұл шығарманы шартты түрде «Ескендірдің анонимі» деп атағандықтан, кейбір тарихи зерттеулерде осы атау қолданысқа түседі. Кейіннен В.В. Бартольдтың өзі шығарма авторының Муин ад-дин Натанзи екендігін дәлелдеп береді [96, 481–482-б.]. Муин ад-дин Натанзи Исфхан аймағындағы Натанзи қаласында дүниеге келген және Темір ұрпағы Ескендірдің сарайында қызмет атқарған [84, 126–127-б.; 48, 44-б.]. Шығарма хронологиялық тұрғыдан алғанда «дүниенің жаратылғанынан» Әмір Темір қайтыс болған 1405 жылға дейінгі уақытты қамтиды [48, 44-б.]. Деректе XIII–XV ғасырлар аралығындағы Қазақстан тарихына қатысты құнды мәліметтер өте көп. Біз олардың ішінен өзіндік мәселемізге қатысты мынадай мәліметтерді атап көрсетеміз:

1) Деректе Жошы Ұлысының екіге бөлініп, сол қанатқа жататын бөлік Ақ Орда деп, ал оң қанатқа жататын биліктің Көк Орда деп



аталатындығы туралы айтылады [84, 127-б.]. Натанзидың осы мәліметіне байланысты мамандар арасында талас-тартысты пікірлер бар [97, 189–195-б.; 98, 214–215-б.; 44, 105–116-б.]. Натанзи сол қанатты тек Ақ Орда деп атап қана қоймай, сол жақтағы Ұлытау, Женд, Баршкенд, Қаратал, Сегізағаш (Сенгірағаш) деген географиялық атауларды нақты көрсетіп береді [84, 127-б.]. Бұл атаулардың бәрінің қазіргі кездегі Қазақстан аумағында кездесетіндігіне және болғандығына ешкім қарсы келмейді. Сондай-ақ Жошы Ұлысының сол қанатқа бөлінгендігін, онда Жошының үлкен ұлы Орда Ежен және оның ұрпақтары билік құрғандығын Натанзидан бір ғасыр бұрын Рашид ад-Дин айтып кеткен болатын [91, 66-б.]. Олай болса, Натанзи жазып отырған Жошы Ұлысының сол қанаты Ақ Орда деп аталады деген мәліметтің ешқандай қателігі жоқ. Ал сол қанат Ноғай ұрпақтарына қарады деген Натанзи мәліметі шынында да күмән туғызады.

2) Жошы Ұлысының оң қанатының, яғни Алтын Орданың XIV ғасырдың ортасына дейінгі саяси тарихына қатысты мәліметтері өте құнды. Біз ол мәліметтер арқылы Алтын Орданың ыдырау дәуірінің алғашқы кезеңдерін біле аламыз.

3) Ақ Орда хандарының Сасы Бұқадан Тоқтамысқа дейінгі билеушілері туралы мәліметтер оған дейінгі басқа ешбір жазба деректе айтылмайды. Сол себепті де біз оның бұл мәліметтерін өте құнды мәліметтер қатарына жатқызамыз. Сасыбұқа, Ерзен, Мұбарак-қожа, Шымтай және Орыс хандар – Қазақ хандарының арғы аталары болып келеді.

4) Алтын Ордадағы XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың алғашқы жылдарында болған күрестер жөніндегі мәліметтер де құнды боп есептеледі. Бұл деректер Алтын Ордадағы дағдарыстың тереңдеп, ыдыраудың күшейгенін көрсетеді.

Осылайша біз, Муйн ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарихи и Муйни» атты еңбегіндегі мәліметтерге тоқтала келе, Қазақ хандығының құрылу тарихында олардың маңызы жоғары деп санаймыз.

г) Қазақ хандарының шығу тегін анықтауда парсы тіліндегі 1426–1427 жылдары Хорасандағы Темір әулетінің өкілі Шахрухтың тапсырмасымен жазылған және одан кейінгі жылдары жалғастырылған «Муизз ал-ансаб» («Книга прославляющая генеологию»)



атты еңбектің рөлі ерекше. Шежіре еңбектің нақты авторы белгісіз. Б.А. Ахмедовтың пікірінше, шежірені жазған Хафиз-и Абру болуы мүмкін [99, 16-б.].

Т.И. Сұлтанов шығарманың жазылуы мен аталуы туралы былай дейді: «Кітаптың алғы сөзінде белгісіз автордың мынадай сөздері бар. Хижра бойынша 830 жылдың осы күндері (1426/27) Шахрух-Баһадүр-хан... «Шаджара-йи ансаб-и салатин-и могул» атты оның ата-бабаларының есімдері бар шежіре тарихты қайта тексеріп, оны кейінгі туылған ұрпақтарымен толықтырып, құрастыруға бұйырады. Өзінің мазмұнына сәйкес қолжазба «Муизз ал-ансаб» («Книга прославляющая генеологии») деген атауға ие болды» [100, 111-б.]. Дерек мәліметтерімен арнайы танысып, зерттеген Т.И. Сұлтанов шежіреде мыңнан аса Шыңғыс хан ұрпақтары мен Темір ұрпақтары туралы мәліметтердің жинақталғандығын айтады [100, 112-б.].

Біз үшін бұл еңбектегі Жошы хан ұрпақтарының тарқатылуы мен соған қатысты мәліметтердің маңызы ерекше болып саналады. Әсіресе, Орыс хан ұрпақтары шежіресінің біздің қарастырып отырған мәселемізге тікелей қатысы бар. Онда Керей мен Жәнібекке дейінгі шежіре тарқатылып беріледі [84, 62–63-б.]. Т.И. Сұлтанов СМІЗО жинағындағы (2-том) қазақ хандарының шежіресіне қатысты мәселелерде қателер мен кемшіліктердің бар екенін ескертіп, оны өзі аударып, оқырманға ұсынады [100, 120–121-б.]. Біз өз жұмысымызда екі аударманың материалдарын пайдаланғанымызды атап өтеміз.

ғ) Темірлік деректер ішінде Қазақ хандығының құрылу тарихына ең көп фактологиялық материалдар беретін шығармаға Абд ар-Раззак Самаркандидің «Матла ас-садайн ва маджама ал-бахрайн» («Екі бақытты жұлдыздың шыққан және екі теңіздің қосылған жері») атты еңбегі жатады. Еңбек авторының толық аты-жөні – Камал ад-Дин Абд ар-Раззак Самарканди. 1413 жылы Гератта дүниеге келіп, 1482 жылы туған қаласында қайтыс болған. Автордың әкесі самарқандық болғандықтан, ол Самарканди деп аталған [84, 190-б.; 85, 212-б.; 48, 77–78-б.]. Самаркандидің еңбегі екі томнан тұрады, бірінші том – 1466 жылы, ал екінші том 1470–1471 жылы жазылған. Ж.М. Төлебаеваның жазуынша, Абд-ар-Раззак Самарканди еңбегінде көптеген жазба деректерде кездеспейтін құнды мәліметтер айтылады [48, 78-б.].





Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты ол шығармада:

- 1) Темірдің Темір-Мәлік оғланға қарсы (*Орыс ханның ұлы – Б.К.*) Тоқтамысты қолдануы туралы;
- 2) Темірдің 1390–1391 жылы Дешті Қыпшаққа жасаған жорығы туралы;
- 3) XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Ордадағы ішкі саяси жағдайлар туралы;
- 4) 1419/1420 жылы Барақ оғланның (*Жәнібек ханның әкесі – Б.К.*) Ұлықбекке келіп, паналауы туралы;
- 5) 1422/23 жылы Барақтың Кіші Мұхаммед ханды жеңіп, Алтын Орда тағына ие болғандығы туралы [84, 62–63-б.];
- 6) Барақ ханның Сығанақ аймағы үшін Ұлықбекпен күресі туралы [84, 196–198-б.];
- 7) 1428/1429 жылғы Барақ ханның қаза табуы туралы;
- 8) XV ғасырдың екінші ширегінде Әбілхайыр ханның Темір әулетімен қарым-қатынастары туралы [84, 199–200-б.];
- 9) Дешті Қыпшақ тұрғындарының «өзбектер» деп аталуы туралы деректер бар [84, 191–200-б.].

Біз Самарканди еңбегінің ерекше аудармасының үзінділерін СМИЗО-ның екінші томы бойынша пайдаландық [101]. Сонымен бірге оның дерегіндегі кейбір мәліметтерді шығыстанушы ғалымдардың зерттеулерінен кездестірдік. Оған мысалы, Б.А. Ахмедовтың еңбектеріндегі Самаркандидан алынған материалдар жатады.

Енді сол материалдарға көңіл аударалық. Өйткені олар Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауда көп жәрдем береді:

- 1) Хорасан билеушісі Әбіл Қасым Бабыр 1457 жылдың 21 ақпанында қайтыс болады және Ала ад-Дауланың ұлы Ибрагим мырза 1457 жылғы қыркүйекте Хорасан астанасы Гератты иеленеді [102, 133–134-б.];
- 2) Самарқан билеушісі Әбу Сайд мырза Ибрагим мырзаны жеңіп, 1457 жылдың 2 қазанында салтанатты түрде Гераттың солтүстігіндегі Қыпшақ қақпасы арқылы қалаға енеді [102, 134-б.];
- 3) Абд ал-Латиф мырзаның ұлдары – Мұхаммед Жөкі мен Ахмет мырзалардың Балх аймағындағы көтерілістерін басу үшін Әбу Сайд мырза Гераттан Балхқа аттанады да, оларды жеңіп, Гератқа қайтып оралмай, Балх аймағында қыстап қалады [102, 134-б.].



4) Ибрагим мырза осыны пайдаланып, Герат қаласынан Әбу Сайд мырза Балхқа аттанып кеткенде Хорасан астанасын қайта басып алады [102, 134-б.].

5) Әбілхайыр ханнан әскери көмек ала-алмаған Ала-ад-Даула Хорасанға қайтып оралады да, 1458 жылдың 23 сәуірінде баласы Ибрагимнің қолдауымен Герат тағына отырады [102, 134-б.].

6) 1458 жылдың қазанының ортасында ол Қара Қойлы әулетінің билеушісі Жаһан-шахтан жеңіліс табады. Жаһан-шах сол жылы 1 қарашада Гератты иеленеді [102, 136-б.].

7) Әзірбайжанда Жаһан-шахтың ұлы Хұсайн-Әли әкесіне қарсы бас көтерді және Әбу Сайд мырза Мұрғабтан өтіп, Жаһан-шах әскерін жеңіліске ұшыратады [102, 136-б.].

8) Осындай қысылтаяң шақта Жаһан-шах Әбу Сайд мырзамен бейбіт келісімге келіп, Хорасанды темірлік әулеттің өкіліне қайта береді. Сөйтіп, Әбу Сайд мырза 1458 жылдың 16 желтоқсанында екінші рет, бұл жолы түпкілікті түрде Гератқа ие болады [102, 136-б.].

Міне, Самаркандидің осы мәліметтері Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауда бізге көмек бере алады. Әбу Сайд мырза Мауереннаһрдың шығыстағы шекарасын моғол билеушісі Есенбұға ханнан қорғау үшін Шираздан оның ағасы Жүністі шақыртып, Моғолстанға осы кезде жібереді. Керей мен Жәнібек хандардың Жетісуға келуі мен Жүністің Моғолстанға келуі бір мезгілде болғандықтан, жоғарыдағы мәліметтердің маңызы өте жоғары. Т.И. Сұлтанов Әбу Сайд мырзаның Жүністі Шираздан шақыртуы оның Гератты екінші рет иеленуінен кейін болған деп есептейді де, соған сүйеніп, Керей мен Жәнібек Шу өңіріне 1459-1460 жылдары көшіп келген деп есептейді [100, 133-б.]. Ал біз, Жүніс ханды Әбу Сайд мырза Гератты алғаш иеленген бойда, яғни 1457 жылы күзде Шираздан алдыртып, Моғолстанға жіберген деп санаймыз. Осындай деректер бар Абд ар-Раззак Самаркандидің мәліметтері Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде ерекше маңызға ие деген қорытынды жасаймыз.

д) Темірлік деректер тобындағы келесі туындыға Хафиз Абрудың еңбектері жатады. Мамандардың пікірінше, Хафиз Абру темірлік әулет тұсындағы тарихшылардың ең көрнектісі болып саналады [85, 215-б.]. Оның толық аты-жөні – Шихаб ад-дин Абдаллах ибн Лутфуллах ибн абд ар-Рашид ал-Харави. Хафиз Абру 1361/1362 жылы Гератта дүниеге келіп, алдымен Әмір Темірдің, одан кейін



оның ұлы – Шахрухтың қызметінде болған. Шығармаларының бәрін Гератта жазған және 1430 жылы дүние салған [84, 139-б.; 85, 212-б.; 48, 69-б.]. Хафиз Аbru – «Зайл-и Джами ат-таварих» («Жылнамалар жинағының жалғасы»), «Зайл-и Зафар-наме-и Шами» («Шамидың Жеңіс туралы кітабының жалғасы»), «Маджма ат-таварих-и султанийа» («Сұлтандарға [арналған] Жылнамалар жинағы»), «Зубдат ат-таварих-и Байсунгури» («Байсұңқардың таңдамалы жылнамасы») «Тарих-и Хафиз-и Аbru» («Хафиз Аbruдың тарихы») атты туындылардың авторы [48, 69–74-б.]. Оның шығармалары ішінде біздің тақырыбымыз үшін маңыздысы – «Жылнамалар жинағының жалғасы» атты еңбегі. Бұл еңбек – Шахрухтың тапсырмасымен Рашид ад-диннің еңбегін Олджайту хан мен Әбу Сайд ханға дейінгі оқиғаларды баяндау үшін жазылған. Шығарманың Алтын Орда тарихына қатысты жерлері орыс тіліне аударылған [84, 139–143-б.]. Онда біздің мәселемізге қатысты: 1) XIV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Орда мен Хұлагу әулеті билеген Иран арасындағы саяси қарым-қатынастар туралы; 2) Алтын Орданың ішкі саяси жағдайы туралы; 3) Өзбек ханның билікке келуі туралы; 4) Өзбек ханның жеке басына сипаттама және саясаты туралы мәліметтерді табамыз. Бізге бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттары жөнінде жалпы ақпараттар береді.

е) Темірлік деректер тобына жататын келесі бір еңбек – Фасихидың «Муджмал-и Фасихи» («Фасихидың жинағы») атты 1442 жылы Гератта жазылған еңбегі. Автор 1375 жылы Гератта дүниеге келіп, сонда шамамен 1442 жылы қайтыс болған [48, 74–75-б.]. Тарихи-әдеби анықтама ретіндегі бұл шығарма орыс тіліне аударылып, мәліметтері ғылыми айналымға енгізілген [103]. Фасихидың еңбегі анықтама болғандықтан, онда баяндалған оқиғалардың бір бөлігі болған жылымен, ал бір бөлігі күні, айы, жылымен беріледі. Мысалы, ол бойынша Өзбек хан 1340 жылы 23 қазанда қайтыс болады, Жәнібек хан Алтын Орда тағына 1341 жылы 12 желтоқсанда отырады, Тоқтамыс хан 1376/1377 жылы Темірдің жарлығымен Дешті Қыпшақтың билігіне келеді, Темірдің Қытайға жорығы 1404 жылы 27 қарашада басталады, Дешті Қыпшақтағы Шәдібек хан 1410/1411 жылы қайтыс болады және т.с.с. [103, 59-б.; 70-б.; 100-б.; 126-б.; 129-б.].

ж) Мирхондтың «Раузат ас-сафа» («Садчистоты») атты еңбегі де темірлік деректер ішіндегі біз үшін маңызды шығармалар қатарына



жатады. Автордың толық аты-жөні – Мұхаммед ибн Сайд Мұхаммед ибн Әмір Бурхан ад-Дин Хавенд-шах ибн Камал ад-дин Махмұд Балхи. Тарихта ол Мирхонд есімімен белгілі. Мирхонд 1433/1434 жылы туылып, өмірінің көп бөлігін Гератта өткізеді. 1488 жылы Гератта қайтыс болады [85, 213-б.; 48, 82-б.]. Мирхондтың көлемді бұл еңбегі 7 томнан тұрады, соңғы екі томының мәліметтері оригиналды, ал қалған томдарының мәліметтері компилятивті болып келеді [48, 213-б.]. Алтыншы том – Әмір Темірдің, оның ұрпақтарының 1447 жылға дейінгі, ал жетінші том – Сұлтан Хұсайн мырза Байқараның билігіне және 1523 жылға дейінгі оның ұрпақтарының тарихына арналған [48, 83-б.]. Соңғы томды Мирхондтың немересі Хондамир (1474/1475–1535/1536) аяқтап шыққан. Біз өз жұмысымызда «Раузат ас-сафаның» мәліметтерін «Материалы по истории туркмен и Туркмении» жинағының бірінші томындағы орысша аударманың үзінділері бойынша пайдаландық [104, 535–541-б.]. Сондай-ақ Ж.М. Төлебаеваның еңбегіндегі Мирхондтың мәліметтеріне сүйендік [48, 82–84-б.]. «Раузат ас-сафа» еңбегіндегі: 1) XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Барақ хан мен Ұлықбек мырза арасындағы қарым-қатынастар туралы мәліметтер; 2) Әмір Темір мен Орыс хан арасындағы қарым-қатынастарды көрсететін мәліметтер; 3) 1427 жылғы Ұлықбек мырзаның Дешті Қыпшаққа жорығы жөніндегі мәліметтер; 4) XV ғасырдың ортасындағы Мауереннахрдың ішкі саяси өміріне қатысты мәліметтер біздің тақырыбымыз бойынша өте құнды болып саналады.

Бұл материалдар арқылы Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауереннахрдың ішкі саяси жағдайларын, олардың бір-бірімен саяси қарым-қатынастарын терең түсінуге мүмкіндіктер аламыз.

з) Мирхондтың немересі Хондамир 1474/1475 жылы Гератта дүниеге келіп, Хорасандағы Темірлік әулетке қызмет етеді. 1428 жылы Бабырға (1526–1530) кетіп, одан кейін оның ұлы Хұмайынға жұмыс істейді. Ол 1535/36 жылы Делиде қайтыс болады [85, 214-б.; 48, 86–87-б.]. Хондамирдің қаламынан 13 шығарма туған [48, 87-б.]. Біз үшін олардың ішінде 1523/1524 жылы жазылған «Хабиб ас-сиар фи ахбар-и афрад ал-башар» («Друг жизнеописаний в известиях об отдельных людях») атты еңбегінің мәліметтері ерекше. Хондамир еңбегінің мәліметтерін біз В.В. Вельяминов-Зернов аударған нұсқа бойынша пайдаланғанымызды айтып өтеміз [105, 232–264-б.].



Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты «Хабиб ас-сиярда»: 1) XV ғасырдың екінші ширегіндегі Әбілхайыр ханның Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі туралы; 2) Әбілхайыр ханның қайтыс болуынан кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қалыптасқан саяси жағдайлар туралы; 3) Шибан әулетіне қарсы күрескен саяси топтар туралы мәліметтер кездеседі. Бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылу барысындағы және оған қатысты оқиғаларды баяндайтындықтан, олардың маңызы өте жоғары болып саналады.

Осылайша, темірлік әулет тұсындағы жазылған тарихи деректердегі мәліметтерге шолу жасай келе, олардың Қазақ хандығының құрылу тарихына, оның ішінде мәселенің тарихи алғышарттарын ашып көрсетуде рөлі өте күшті деп есептейміз. Сондай-ақ біз үшін аса қажетті тарихи оқиғалардың мерзімін анықтауда да ол мәліметтер көп жәрдем тигізеді.

**Шайбанилық деректердің мәліметтеріне сипаттама:** Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани хан XV ғасырдың соңында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан ығыстырылып шығарылады. Темір әулеті арасындағы өзара талас-тартысты пайдаланып, ол XVI ғасырдың басында Мауереннаһрды бағындырады да, онда жаңа әулеттің негізін қалайды. Шибанилық немесе Шейбанилер әулеті деп аталған бұл әулеттің билігі бір ғасырға созылып, XVI ғасырдың соңында тарих мінбелерінен кетеді. Әулет билігі тұсында жазылған еңбектерде біздің тақырыбымызға қатысты жалпылама және нақты сипаттағы дерек мәліметтері өте көп кездеседі. Төменда сол деректердің мәліметтеріне тоқталалық.

а) «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбегінің мәліметтері. Шығарма авторы толық анықталмаған. Еңбек 1502 жылы басталып, 1505 жылға дейін аяқталған. Ол жөнінде пікір айтқан мамандардың көбі шығарманың жазылуына Мұхаммед Шейбан ханның қатысы болған деп есептейді [106, 126 б.; 107, 113-б.; 108, 10–12-б.]. Жалпы, бұл еңбек Мауереннаһрда Шайбанилық әулеттің билігін идеологиялық жағынан негіздеу, әулетті дәріптеу үшін жазылғанын аңғару қиын емес. Шығарма өткен ғасырдың 60-жылдары орыс тіліне аударылған [109; 108, 9–43-б.; 493–504-б.]. Еңбекте Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты: 1) XV ғасырдың бірінші ширегінде Әбілхайырды қолдаған ру-тайпа көсемдері туралы; 2) 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі жеңілістен соң Әбілхайыр ханның 3 жасар неме-



ресі Махмұд баһадүр-сұлтанның Өз Темір тайшыға тұтқынға түсуі туралы; 3) Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Шибан әулетінің жағдайы туралы; 4) Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күрескен саяси күштердің жетекшілері туралы мәліметтер кездеседі [110, 16–20-б.]. Осы күштер қатарында қазақтар жағынан Барақ ханның ұлдары деп Жәнібек пен Керейдің есімдері айтылады. 5) Еңбектің соңғы жағында «Жошы ұрпақтарының шежіресі» атты бөлімде Қазақ хандарының шежіресі айтылады [110, 33–44-б.]. Бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары мен барысын зерттеуде көп жәрдем тигізеді.

ә) Шайбанилық деректер тобындағы келесі еңбекке – Шәді молданың дастан түрінде жазылған «Фатх-нама» атты еңбегі жатады. Автордың толық аты-жөні – Мұхаммед Шәді молда, ол Мауереннаһрда Мұхаммед Шейбани ханның інісі Махмұд баһадүр-сұлтанның қызметінде болып, оның тапсыруымен «Фатх-намені» («Жеңіс кітабы») жазады [111, 44–53-б.; 47, 15–17-б.; 48, 89–90-б.]. «Фатх-наме» XVI ғасырдың басында, шамамен, 1505 жылы жазылған. Ж.М. Төлебаеваның көрсетуі бойынша, дастан Шибани хан дүниеге келген 1451 жылдан оның 1501 жылы Самарқан тағын иемденгенге дейінгі Дешті Қыпшақ, Хорезм және Мауереннаһрдағы жағдайларды баяндайды [48, 89-б.]. «Фатх-наменің» біздің тақырыбымызға қатысты мәліметтері «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» мәліметтерімен ұқсас, дегенмен де, ол деректе тек өзіне ғана тән құнды мәліметтер: 1) Әбілхайыр ханның қайтыс болуынан кейін шайбанилық әулеттің өкілі Йадгар ханның таққа отырғандығы; 2) Буреке сұлтанның Сыр бойында Жүніс ханмен шайқасы; 3) Сол кездерде Мұхаммед Шейбани ханның 16 жаста болып, Иадгар ханнан сыйлық алғаны; 4) Иадгар ханнан кейін билікке Әбілхайыр ханның ұлы Шейх Хайдардың келуі; 5) Қарсы күштердің Иадгар ханды өлтіруі; 6) Қарсы күштер арасында қазақтар жағынан тек Жәнібек хан есімінің баяндалуы және т.б. айтылады [110, 53–57-б.]. Бұл деректер арқылы біз Қазақ хандығының құрылу барысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен оған іргелес аймақтарда болған тарихи оқиғаларды біле аламыз. Дерек мәліметтерінің құндылығы осыдан байқалады.



б) Шайбанилық топтағы келесі дерекке Бинаидың «Шайбани-наме» және «Футухат-и хани» («Ханның жаулаушылықтары») атты еңбектері жатады. Автордың толық аты-жөні – Маулен Камал ад-дин Әли ибн Мұхаммед Бенаи Харави Әли, бірақ ол көпшілікке жай ғана Камал ад-дин Бинаи есімімен кең танымал. Ол 1453 жылы Гератта дүниеге келіп, өмірінің бірталай бөлігін Хорасан қалаларында, соңғы кезеңін Мауереннаһрда өткізеді. 1512 жылы Қарши қаласын қорғау кезінде қаза табады [110, 91–96-б.; 47, 17–26-б.; 48, 91–94-б.].

Бинаидың екі шығармасының мазмұны да, оқиғалардың хронологиялары да ұқсас. Соған байланысты Б.А. Ахмедов: «... Футухат-и хани», «Шайбани-наменің» алғашқы нұсқасы «Көшпелі өзбектер» басшысы мен оның айналасындағыларға бірінші нұсқаның тілі мен жазылу стилі ұнамай, оны өте қарапайым, түсінікті ету үшін екінші нұсқа «Шайбани-наме» деген атаумен жазылған», – деп жазады [47, 21-б.]. Шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1451 жылы дүниеге келуімен оның 1505 жылы Хорезмді бағындыруына дейінгі Қазақстан мен Орта Азияда болған оқиғаларды қамтиды [47, 19–20-б.]. Ондағы көптеген оқиғалар бұған дейін айтылған шайбанилық деректерде қайталанатын. Сол себепті де біз ол деректерді бұл жерде қайталап жатпаймыз.

в) Шайбанилық деректер ішіндегі біздің тақырыбымыз үшін мәліметтері өте құнды боп есептелетін келесі туындыға «Михман-наме-йи Бұхара» («Бұхара қонағының жазбалары») атты еңбек жатады [112]. Еңбектің авторы Фазлаллах ал-Амин ибн Рузбихан ал-Хунджи аш-Ширази ал-Исфахани. Ол 1457–1458 жылдары Иранның Фарс аймағындағы Хунджи елді мекенінде ірі дінтанушы-ғалымның отбасында дүниеге келеді. Жас кезінде жақсы білім алып, білімін одан әрі қарай Араб елінде жетілдірген. Жан-жақты әрі терең білімінің арқасында ол Қойлы әулетінің билеушісі Сұлтан Жақып Байандуридың, темірлік Сұлтан Хұсайн Байқараның, одан кейін шибанилық Шайбани хан мен Убайдуллах-ханның сарайында қызметтер атқарады. Дерек авторы 1521 жылы Бұхара қаласында қайтыс болған [48, 94-б.].

Ибн Рузбиханның діни, философиялық, әдеби, этико-дидактикалық және тарихи тақырыптарға арнап жазған 9 еңбегі бар. Солардың бірі – «Михман-наме-и Бухара». Шығарма 1509 жылы Мұхаммед Шейбани ханның қазақтарға қарсы жасаған үшінші жорығы кезінде



жазылған. Ибн Рузбихан осы жорық барысында Самарқан билеушілерінің жанына еріп жүреді.

Жалпы алғанда, бұл дерек – XV–XVI ғасырлардағы қазақ халқы туралы баяндайтын ең құнды деректердің бірі, онда Шығыс Дешті Қыпшақтың географиялық сипаттамасы, ауа райы, табиғаты, Қазақстан қалалары, қазақ халқының әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері, діні, колөнері мен үй кәсіпшілігі, сауда-саттық пен айырбасы, мал шаруашылығы, қысқы, жазғы жайылымдары, көші-қоны, оның бағыттары туралы көптеген мәліметтер кездеседі. Біз өзімізге қатысты мәселе үшін Рузбихан мәліметтерінің бір-екеуін ерекше атап өткенді жөн көріп отырмыз. Біріншісі – XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы этникалық ахуал мен процесті көрсететін дерек. Онда: «Шыңғыс хан иеліктеріндегі өзбектерге үш тайпаны жатқызады. Қазіргі кездегі [Олардың бірі] – шибандықтар, мәртебелі хан бірнеше атасынан кейін олардың билеушісі болып отыр. Екіншісі – қазақтар, олар өздерінің күшімен және ержүректілігімен барша әлемге аян, үшіншісі – маңғыттар, астрахандық хандар осылардан болады» делінген [112, 62-б.]. Қазақ халқының шығу тегі мәселесімен айналысқан мамандар бұл мәліметтен айналып өтпейді. Кейбір зерттеушілер бұл мәліметті тек атап қана өтсе, ал кейбір зерттеушілер оны терең талдайды. Біздің ойымызша, бұл мәлімет қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңіндегі этнопроцесті көрсетеді. Қысқаша түрде айтсақ, моңғол жаулаушылығынан кейін Қазақстан аумағындағы этнопроцес біршама тежеледі де, XIII–XV ғасырларда Қазақстан аумағына келген әртүрлі тайпалардың қыпшақтану процесі өтеді. Шамамен, XIV ғасырдың ортасына таман бұл процес өз мәресіне жетіп, жаңа этноқауымдастық «өзбектер» деп аталады. Әбілхайыр хандығы тұсында «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығы үш үлкен тайпалар бірлестігінен тұрып, олардың бірі қазақ этносына ұйытқы болады.

Ибн Рузбихан еңбегіндегі екінші мәліметке – оның билікті мұралану жөніндегі мәліметі жатады [112, 59–61-б.]. Бұл мәліметке зерттеушілер көп назар аудара бермейді, себебі оны олар діни мәселе деп түсінетін болуы керек. Біздің ойымызша, ол мәлімет сырттай діни мәселе боп көрінгенімен, терең зерделесек, ол XIV–XVI ғасырлардағы қоғамдық-саяси өмірде үлкен маңызға ие болған күрделі сұрақтың қатарына жатады. Оның түбі мынада: егер атасы





хан боп тұрғанда мұрагер болып бекітілген ұл қайтыс болса, онда атасынан соң билікке қайтыс болған ұлдың, яғни мұрагердің баласы келе ме, әлде мұрагердің бауырларының бірі келе ме деген сұрақ жатыр. Бұл жағдай Мұхаммед Шайбани ханның тікелей өз басына қатысты болғандықтан, сол жылдары өте өзекті мәселеге айналды. Оның әкесі Шах-Бұтақ Әбілхайыр ханнан бұрын қайтыс болған еді және Шах-Бұтақтың бауырлары өте көп болатын. Бұл жерде билікті мұралану жөнінде ескі дәстүр – моңғолдық және жергілікті түркілік (қыпшақтық) дәстүрлер бір-біріне қайшы келіп тұр. Мұхаммед Шайбани хан моңғолдық дәстүрді сақтап қалуды талап етсе, жергілікті дін басылары Құран мен хадистерге сүйеніп, биліктің әкеден балаға, одан бауырларға бөлінетіндігін дәлелдеп береді.

Бұл мәселе Қазақ хандығы үшін де өте маңызды еді. Басқа дерек мәліметтері алғашқы қазақ ханы Барақ ханның ұлы Жәнібек емес, оның шөбере туысы, жолы үлкен Керейдің хан болғандығын дәлелдейді [110, 353-б.].

Ибн Рузбиханның келесі бір өте маңызды дерегіне оның Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының ислам дінін қабылдағаны жөніндегі мәліметі жатады. Онда: «Аса мәртебелі ханның ата-бабаларының ұлылығы туралы (*Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр – Б.К.*) мәртебелі хан былай деген екен: «Шыңғыс ханнан кейінгі біздің бесінші атамыз исламды қабылдаған». Сол күні әртүрлі рулардан тұратын өзбектер бүкіл Жошы ұлысы исламды қабылдап, мұсылман болған» делінеді [112, 104-б.]. Бұл мәлімет бізге XIV ғасырдың басында-ақ Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының ортақ рухани кеңістікте өмір сүргендігін дәлелдейді.

Жалпы, «Михман-наме-йи Бұхара» еңбегінің мәліметтері туралы ойымызды түйіндей келе, ол тек қазақ халқы жөніндегі мәліметтермен ғана шектелмей, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты да өте көп құнды жалпылама және нақты сипатта деректер береді деп есептейміз.

г) Қазақ хандығының құрылу тарихы үшін аса маңызды шибанилық деректердің біріне – «Тарих-и Абулхайр-хани» («Әбілхайыр ханның тарихы») атты еңбек жатады. Еңбектің авторы – Масуд ибн Осман Кухистани, оның туған, өлген жылдары белгісіз. Автор еңбекті Әбілхайыр ханның немересі, Сүйініш Қожа ханның ұлы, Самарқанның билеушісі Абд ал-Латифтің (1540–1552) билігінің



алғашқы жылдары оның тапсырмасымен жазған [110, 135–140-б.; 47, 37–39-б.; 48, 101–104-б.]. Еңбек жалпы тарихи баяндау сипатында «дүниенің жаратылғанынан» XV ғасырдың 60-жылдарының аяғына дейінгі оқиғаларды қамтиды [48, 121-б.]. Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз бойынша Кухистани еңбегінің мәліметтері негізгі деректер қатарына жатады. Ондағы мәліметтерді:

- 1) Әбілхайырдың дүниеге келген жылы туралы;
- 2) XV ғасырдың 20-жылдарындағы Маңғыт Ұлысы мен Шибан Ұлысындағы саяси жағдайлар туралы;
- 3) Шибан Ұлысындағы талас-тартыстарға 16–17 жасар Әбілхайырдың араласуы туралы;
- 4) Әбілхайырдың билікке келуі және оны қолдаған жергілікті ру-тайпалар, олардың көсемдері туралы;
- 5) Әбілхайырдың Шибан Ұлысын біріктіру жолындағы күрес-тері, жорықтары, соғыстары туралы;
- 6) Әбілхайыр ханның Сыр бойындағы қалаларды бағындыруы туралы;
- 7) Әбілхайыр ханның Мауереннаһрдағы темірлік әулеттің істеріне араласуы туралы;
- 8) 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілхайыр ханның қалмақ тайшысы Үз-Темірмен шайқаста жеңілісі және оның салдары туралы;
- 9) Әбілхайыр ханның нақты қайтыс болған жылы туралы деп топтастырып көрсетеміз [110, 140–171-б.].

Еңбекте Әбілхайырдың жеке басы мен оның билігінен басқа этникалық сипаттағы деректер өте көп кездеседі. Мысалы, 1428/1429 жылы Әбілхайырды хан көтерген ру-тайпалар атауларының берілуі, сондай-ақ оның әрбір жорығына қатынасқан тұлғалардың өз ру-тайпа атауларымен көрсетілуі – XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси жағдайымен қатар, этникалық жағдайын да білдіреді. Сол себепті де Кухистанидың бұл еңбегіндегі мәліметтерді біз, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты негізгі деректер қатарына жатқызып, олардың маңызы өте жоғары деп бағалаймыз.

ғ) Мауереннаһрдағы шайбанилық әулет билігінің соңғы жылдары жазылған «Маджму ат-тауарих» атты еңбектің мәліметтері де біздің тақырыбымыз үшін маңызды болып саналады. Шығарманың негізгі бөлігін Ферғана өңірінің молдасы Сайф ад-дин Ахсикенди жазып, ол қайтыс болғаннан кейін ұлы Нұрмұхаммед (Наурыз Мұхаммед)



1591/1592 жылы аяқтап бітірген [113, 200-б.]. Еңбектің мазмұнымен алғаш рет танысқан В.В. Бартольд: «Кітап негізінен Касан (Ферғана аймағы) қаласындағы шейхтардың тарихын баяндайды, шейхтардың өмірі фантастикалық тұрғыда көрсетілген, сол себепті кітаптың ешқандай тарихи маңызы жоқ», – деп жазған болатын [114, 308-б.]. В.В. Бартольдтың осындай пікірінен кейін бірнеше ондаған жылдар бойы бұл шығарма мамандардың назарынан тыс қалып келді. Тек А.Б. Тагирджановтың зерттеуінен кейін ғана «Маджму ат-тауарихқа» зерттеушілер көңіл аудара бастады [115]. Т.И. Сұлтанов бұл еңбектегі этникалық материалдарды өз зерттеуінде жақсы пайдаланады [24, 26–51-б.].

Бұл шығармадағы біз үшін ең құнды мәліметке – «92 көшпелі өзбек» тайпалары атауының кездесуі жатады [113, 210–213-б.].

Т.И. Сұлтановтың пікірінше, «Маджму ат-тауарихтағы» 92 тайпаның атауы осы күнге дейінгі белгілі 92 тайпа атауының нұсқалары ішіндегі ең көнесі болып саналады [24, 45-б.]. «Маджму ат-тауарих» және басқа да кейінгі кезеңдерде жазылған 92 тайпа атауы кездесетін деректерді терең зерттеген Т.И. Сұлтанов тізімде тайпалар атауын мынадай принциптерге сай берілгендігін аңғарған:

1) Бір саяси құрылымда немесе шығуы жағынан туыс келетін тайпалар тізімде топтасып берілген;

2) Тізімдегі ру-тайпалардың нөмірлік реттік саны олардың сол аймақтағы әскери-саяси өмірде алатын орнын көрсетеді;

3) Тізімде ру-тайпалар атауы аталуының ұқсастығына қарай берілген [24, 51-б.].

Шығарманың жазылған уақыты XVI ғасырдың соңы болса да, ол XIV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды баяндаған [24, 45-б.]. Соған қарағанда, 92 тайпа атауы да осы ғасырлардағы, әсіресе, Шығыс Дешті Қыпшақтағы этникалық жағдайды көрсетеді. Біз бұл деректегі мәліметтен Қазақ хандығының құрылу қарсаңы мен құрылу барысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қандай тайпалардың жетекші рөлдер атқаратындығын, қандай тайпалардың Қазақ хандығының этникалық негізін құрағандығын біле аламыз. «Маджму ат-тауарихтың» мәліметтері бізге осы жағынан аса құнды болып саналады.

д) Хорезмде немесе Хиуада XVI ғасырдың басында (1512) Шибан әулетінің басқа бір тармағы билікке келіп, XVII ғасырдың



соңына дейін билікте болады [116, 435–457-б.]. Осы әулеттің өкілі, 1644–1663/1664 жылдары билік құрған Әбілғазы Баһадүр хан (1603–1664) «Шаджара-йи тюрк» («Түрік шежіресі») атты еңбек қалдырған. Еңбек XVIII ғасырдың бірінші ширегінде ғылымға белгілі болып, көп ұзамай Еуропаның бірнеше тілдеріне аударылды. Еңбектің ғылыми құндылығының күштілігі сондай, ол бірнеше рет қайта басылды [47, 72–73-б.]. Қазақ тілінде бұл еңбек 1992 жылы филология ғылымдарының докторы Б.Әбілқасымовтың аударуымен Алматы қаласында жарық көрді [117]. Біз қарастырып отырған мәселеге қатысты Әбілғазы еңбегінде өте құнды мәліметтер кездеседі. XV ғасырға дейінгі мәліметтердің бір бөлігі компилятивті сипатта болса, ал кейбір мәліметтер оған дейінгі ешбір деректерде ұшыраспайды. Сол себепті де біз компилятивті деректерге назар аудармай, деректің сирек кездесетін мәліметтеріне шолу жасаймыз.

1) Жошының бесінші ұлы Шибан әулетінің Тұранда, Қырымда, Мауереннаһрда, Дешті Қыпшақта билік құрғаны туралы мәліметтер жүйеленіп беріледі. Қазақ хандарының шежіресі осы жерде айтылады [117, 116–121-б.].

2) Иадгар хан мен оның ұлы Бүрге (Бүреке) сұлтанға қатысты деректерден XV ғасырдың ортасындағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси жағдайларды түсінуге мүмкіндіктер аламыз.

3) Мұса би, Қожа мырза және Ғази би арасындағы талас-тартыстар, Ғазидың Әбілхайыр хан жағында, Мұсаның Иадгар хан жағында болуы туралы мәліметтер XV ғасырдың орта тұсындағы, яғни Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси өмірін көрсетеді.

4) Деректе XV ғасырдың 50–60-жылдары Мауереннаһр мен Хорасанда билік құрып отырған Темір әулеті арасындағы талас-тартыстар туралы мәліметтер өте жақсы баяндалады. Бұл мәліметтер де Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы жағдайларды түсіндіруге көп жәрдемін тигізеді.

5) Орыс хан мен Тоқтамыс хандар арасындағы күрестер туралы.

д) Хорезмдегі шайбанилық әулеттің билігі тұсында жазылған келесі туындыға «Шыңғыс-наме» атты шығарма жатады. Шығарма авторы Өтеміс қажы ибн Маулен Мұхаммед Досты, ол – шибанилық Илбарыс ханның сарайында хатшы қызметін атқарған. Шығарма XVI ғасырдың ортасында тарихи аңыз-әңгімелер негізінде жазылған



[118]. Дерек XIII–XIV ғасырдың соңына дейінгі Алтын Орда тарихындағы оқиғаларды қамтиды. Біз одан қарастырып отырған мәселемізге қатысты:

1) Жошы Ұлысы құрамындағы кіші ұлыстардың пайда болу тарихы (деректе Ақ Орда, Көк Орда және Боз Ордалардың шығуы жөнінде тарихи аңыз айтылады) [118, 92-б.];

2) Берке ханның мұсылмандығы туралы [118, 76-б.];

3) Өзбек хан және оның исламды қалай қабылдағаны туралы [118, 105–107-б.];

4) Алтын Ордадағы XIV ғасырдың ортасында басталған «дүрбелең кезеңнің» алғашқы жылдары және сол кезде болған оқиғалар туралы мәселелерді кездестіреміз.

Жалпы бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылуын нақты көрсетпесе де, оның алғышарттарын ашуға көп жәрдем береді.

Осылайша, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты шайбанилық деректер тобындағы мәліметтерге шолу жасай келе, мынадай тұжырымдарға келеміз.

Бірінші, шайбанилық деректердің жазылуына тапсырма берген әулет өкілдерінің кейбіреуі (мысалы, Мұхаммед Шайбани хан) XV ғасырдың ортасындағы Шығыс Дешті Қыпшақта болған оқиғалардың тікелей куәгері, оларға өзі қатынасқан, сол себепті де оның авторларға берген мәліметтерінің субъектілігін ескере отыра, оқиғалардың болған уақытын, барысын дұрыс баяндаған деп есептейміз.

Екіншіден, шайбанилық деректерде Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһрдың ішкі саяси өмірі өте жақсы баяндалады. Бұл мәліметтер бізге тарихи алғышарттарды терең түсінуге мүмкіндіктер беріп, олардың хандықтың құрылуына қаншалықты дәрежеде әсер еткенін анықтауға жәрдемін тигізеді.

Үшіншіден, шайбанилық дерек мәліметтері арқылы біз Қазақ хандығының құрылу барысындағы басқа да ешбір деректерде кездеспейтін оқиғалардың қалай өрбігенін біле аламыз.

Төртіншіден, бұл топқа жататын дерек мәліметтері XVI ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған этникалық ахуал мен процестердің барысын көрсетеді. Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезіндегі этнопроцестерді, оған қатынасқан этноэлементтерді анықтауда осы топтағы дерек мәліметтерінің атқарар рөлі ерекше.



Жалпы қорыта келе, Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде шайбанилық деректердегі мәліметтердің маңызы орасан, оларсыз бұл мәселені жан-жақты зерттеу мүмкін емес деген қорытындыға келеміз.

**Бабырлық деректердегі мәліметтерге сипаттама:** Әмір Темір әулетінің өкілі, Омар-шейх мырзаның ұлы Захир ад-дин Бабыр (1483–1530) Мауереннаһрдағы темірлік әулеттің билік құрған соңғы өкілі ретінде шайбанилықтардан жеңіліс тауып, Ауғанстанға келеді де, 1526 жылы Солтүстік Үнді жерін бағындырады. Сөйтіп, Ұлы моғолдар немесе бабырлық әулеттің негізін қалайды. Бұл әулет 1858 жылға дейін Үнді жерінде билік жүргізеді. Осы әулет тұсында жазылған тарихи шығармаларды бабырлық деректер тобына жатқызып, біз олардың ішінде өзіміздің мәселемізге қатысты «Бабыр-нама», «Тарих-и Рашиди», «Тарих-и Кыпчак-хани» секілді еңбектердің мәліметтеріне тоқталамыз.

а) «Бабыр-нама» – Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың тарихи-әдеби, мемуарлық сипатта жазған еңбегі. Онда 1493/1494–1528/1529 жылдары Орта Азияда, Ауғанстанда және Солтүстік Үнді жерінде болған саяси оқиғалар әр жылдар бойынша баяндалады. «Бабыр-нама» ғылыми ортаға ХІХ ғасырдың басынан бері белгілі болып, ол ағылшын, неміс, француз, орыс тілдеріне аударылған [47, 150–155-б.]. Қазақ тілінде «Бабыр-нама» екі рет басылып шыққан [119–120]. Мұның өзі «Бабыр-наманың» қазақ тарихындағы алатын орнын көрсетсе керек.

Ал енді өзіміз қарастырып отырған мәселе бойынша біз «Бабыр-наманың»:

1) ХV ғасырдағы Әмір Темірдің Мауереннаһрда билік құрған ұрпақтарының шежіресі туралы мәліметтеріне;

2) Қазақ хандығының құрылуы барысында белгілі бір дәрежеде рөл атқарған моғол ханы Уәйістің ұлдары: Есенбұға хан мен Жүніс хандар туралы мәліметтерге;

3) ХV ғасырдың 30–50-жылдарындағы Мауереннаһр мен Моғолстан билеушілері арасында болған қарым-қатынастар туралы, әсіресе Есенбұға ханның Мауереннаһрға жасаған жорықтары мен Әбу Сайд мырзаның оған қарсы жасаған әрекеттері туралы мәліметтерге;

4) Әбу Сайдтың Жүністі Ирак жақтан шақыртып, інісіне қарсы жіберуі;



5) Жүніс ханның Моғолстандағы билікті алу үшін жүргізген күрестері туралы мәліметтердің Қазақ хандығының құрылу барысын зерттеуде тигізер нақты және жанама маңыздары бар мәліметтерге ерекше назар аударамыз [120, 26–31-б.; 39 б; 47-б.].

ә) Қазақ хандығының құрылу тарихын баяндайтын жазба деректер ішіндегі ең басты мәліметтерге осы топқа жататын Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегіндегі мәліметтер жатады. Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары Шағатай Ұлысының шығыс бөлігінде, кейіннен Моғолстан мемлекетінде жоғарғы мемлекеттік қызмет атқарып, мемлекеттің қоғамдық-саяси тарихында ерекше орын алған тұлғалар болған. Ұлысбегі қызметі автордың ата-бабаларына мұрагерлік жолмен беріліп отырған. Мұхаммед Хайдар 1499/1500 жылы Ташкентте дүниеге келеді. Шешесі жағынан ол моғол хандарына туған жиен, темірлік Захир ад-дин Бабырға туған бөле болып келеді. Оның жастық шағы XVI ғасыр басындағы Мауереннаһрдағы болған аумалы-төкпелі жылдарға сәйкес келіп, 1508 жылы әкесінен айырылады. 3–4 жыл Ауғанстандағы Бабырдың қолында болып, 1513–1533 жылдары шағатайлық Сайд ханмен бірге жүреді. Одан кейін Солтүстік Үнді жеріндегі Бабырдың ұлдарына келеді де, 1540–1551 жылдары Кашмир өлкесін өзі бағындырып, 11 жыл билейді. 1551 жылы қастандықтың құрбаны болған.

Мұхаммед Хайдар қолбасшы, мемлекет басшысы ғана емес, сонымен бірге дастан жазған ақын, тарихи шығарма жазған тарихшы да. Оның қаламынан «Жаһан-наме» атты дастан, «Тарих-и Рашиди» атты тарихи туынды дүниеге келген. Жалпы алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидың өмірі мен оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі тарих ғылымына XIX ғасырдың 20-жылдарынан бері жақсы таныс [121, 14–27-б.; 105, 131–133-б.; 122, 598–599-б.; 123, 91–100-б.; 124, 78–87-б.; 125, 22–23-б.; 126, 829-б.; 127, 185–231-б.; 128, 190–203-б.; 129, 130, 176–197-б.; 131–133]. Қазіргі күнде Мұхаммед Хайдар Дулатидың есімі мен оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі Отан тарихында өзіне лайықты баға алды деуге болады.

Енді «Тарих-и Рашиди» және ондағы Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтерге тоқталалық.

«Тарих-и Рашидидің» екі бөлімнен немесе екі кітаптан тұратыны белгілі. 1541/1542 жылы мемуарлық сипаттағы екінші кітап, ал тарихи сипаттағы бірінші кітап – 1546 жылы 3 наурызда жазылған



[127, 189-б.]. Еңбек Орталық Азия, Қашғар, Ауғанстан, Үнді, Қазақстан тарихы бойынша құнды дерек болып табылады. Біз бұл жерде өзіміздің қарастырып отырған мәселенің деректеріне ғана тоқталып, оларға қысқаша шолу жасаумен шектелеміз:

1) XV ғасырдың 30–50-жылдарындағы Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі жағдайлар туралы мәліметтер [127, 191–104-б.]. Бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Моғолстанның саяси жағдайынан хабардар етіп, оның хандықтың құрылу барысына қаншалықты дәрежеде қолайлы жағдайлар жасағанын көрсетеді;

2) Есенбұға ханның билігі тұсындағы Моғолстанның жағдайы, оның әлсіздігі, әмірлердің қарсылықтары туралы мәліметтер;

3) Есенбұғаның Мауереннаһрдағы саяси дағдарысты пайдаланып, жасаған жорықтары туралы, Әбу Сайд мырзаның Есенбұғаны Ианги (Тараз) түбінде жеңіліске ұшыратуы туралы мәліметтер [127, 108–110-б.].

4) XV ғасырдың орта тұсындағы Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған Әбілхайыр хан және одан бөлініп Моғолстан аумағына қоныс аударған Керей мен Жәнібек хандар туралы, оларды Есенбұғаның қуана қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбасы өңірінен жер беруі туралы, олардың «қазақ» атануы, қазақ сұлтандарының билік жүргізуінің басы 870 (1465–1466) жылдан басталады деген мәліметтері – Қазақ хандығының құрылу тарихындағы ең басты, ең негізгі жазба дерек мәліметтері болып саналады [127, 221–222-б.]. Қазіргі кезде Қазақ хандығының құрылуына қатысты ой-пікір айтып, тұжырымдар білдіретін тарихшылар Мұхаммед Хайдар Дулатидың осы мәліметтеріне сүйенеді.

Бұл мәліметтер – әдеби-тарихи сыннан өтіп, түпкілікті мойындалған деректер. В.П. Юдиннің «Тарих-и Рашидидегі» жүйелі түрдегі баяндау, хронологиялық дәлдік, ұсақ оқиғалардың дәлдігі «Бабыр-намамен» салыстыруға келмейді, егерде «Тарих-и Рашиди» бізге дейін жетпей, ал «Бабыр-нама» жеткен күннің өзінде Орталық Азияның деректануы көп нәрсе жоғалтқан болар еді», – деген пікірі – еңбектің маңызын бір көрсетсе, екіншіден, онда кейбір дәлсіздіктің бар екенін аңғартады [127, 190-б.].

Осындай дәлсіздікті біз автордың Қазақ хандығының құрылған жылы туралы мәліметінен байқаймыз. Біз ол жөнінде өз ойымызды дәлелдеп көрсетуге тырыстық [134, 70–74-б.].





5) Әбу Сайд мырзаның Жүністі Шираз қаласынан шақыртуының себептері мен екі билеуші арасындағы жасасқан келісім шарттары туралы [133, 111–112-б.];

6) Жүніс ханның Моғолстанға алғаш келуі, оған Ыстықкөл маңындағы моғол тайпаларының бет бұруы туралы;

7) Жүніс ханның Есенбұға ханмен алғашқы ұрысы және жеңіліс табуы туралы;

8) Жүніс ханның жеке өміріндегі оқиғалар туралы [133, 112–113-б.]. Мысалы, «Тарих-Рашиди» авторы «Әбу Сайд мырза Жүністі Шираздан алдыртып, Моғолстанға жіберген кезде ханның жасы 41-де, ол 820 (1455/1456) жыл болатын», – деп жазады [113, 115-б.]. Бұл мәліметті Жүніс хан мен Әбу Сайд мырзаға қатысты басқа да деректегі мәліметтермен салыстыру арқылы Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келу уақытын білуге болады.

9) Есенбұғаның 1461/1462 жылы, дулат тайпасының әмірі Сайд Әлінің 1457/58 жылы қайтыс болуы, Есенбұғаның мұрагері Досмұхаммедтің 1461/1462–1468/1469 жылдары билік етуі және сол тұстағы Моғолстанның жағдайы туралы мәліметтер [133, 112–117-б.].

10) Моғолстан мен Шығыс Дешті Қыпшақ тайпалары арасындағы байланыстар туралы мәліметтер [133, 404].

Егерде осы мәліметтер болмаса, онда біз Қазақ хандығының қалай, кімдердің басшылығымен, қашан және қай жылы құрылған деген негізгі сұрақтарға жауап таба алмаған болар едік. Міне, осындай сауалдарға жауап беретін Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиінің» мәліметтерін біз тағы да ең басты дерек мәліметтері деп санаймыз да, қалған деректердегі мәліметтер оған қосымша, жанама деректер болады деп есептейміз.

б) Бабырлық деректер тобына жататын келесі дерекке – Ходжамқұлы-бек Балхидың «Тарих-и Кыпчаки» атты еңбегінің мәліметтері жатады. Автор Балх қаласында туылып, 1695/1696 жылы Лахорға келеді. 1713 жылдан бастап Пенджаб билеушісі Сайн ад-Даула Абд ас-Самад-хан Баһадүрмен жақындасады. «Тарих-и Кипчаки» толығымен 1724/1725 жылы жазылып бітеді [115, 72-б.; 47, 95–101-б.; 48, 118–130-б.].

«Тарих-и Кипчаки» – «дүние жаратылғаннан» XVIII ғасырдың 20-жылдарының ортасына дейінгі тарихи оқиғаларды қамтыған жалпы тарих сипатындағы еңбек. Ондағы деректердің көпшілігі



компилятивті [47, 97-б.; 110, 387]. XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы тарихи жағдайлар шайбанилық деректерден алынса да, ондағы кейбір мәліметтер бізге дейін жетпеген деректердің мәліметтері болуы керек, олар ешбір жерде кездеспейді. Енді төменде сол және басқа да мәліметтерге тоқталалық.

1) Әбілхайырдың билікке келуі, оның Шығыс Дешті Қыпшақтағы күрестері [110, 390–392-б.].

2) Әбілхайыр ханның Мауереннаһрдағы темірлік әулеттің істеріне араласуы [110, 392-б.].

3) 1457 жылы Сығанақ түбіндегі қалмақтармен ұрыс және қалмақтардың әскер саны туралы [110, 392–393-б.].

4) Әбілхайыр ханның қайтыс болған жылы және нақты жерленген жері туралы [110, 393-б.].

5) Әбілхайыр ханның мұрагері Шейх-Хайдар ханға сипаттамалар;

6) Жәнібек ханның ұлдарының бірі Бұрындық ханның (*деректе дәл осылай деп беріледі – Б.К.*) Әбілхайыр ұлдарына қарсы жорығы, оларды жеңіліске ұшыратуы [110, 393-б.].

7) Шах-Бұтақ сұлтанның билікке келуі туралы, оның тұсында парсы тіліндегі еңбектерді түрік тіліне аударудың болғандығы туралы мәліметтер.

«Тарих-и Кипчакидың» осы мәліметтері Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде «Тарих-и Рашиди» мәліметтері секілді негізгі дерек болмаса да, қосымша рөл атқарады.

Осылайша, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты бабырлық деректер тобының мәліметтеріне қысқаша тоқтала келе, оларды, әсіресе, «Тарих-и Рашиди» мәліметтерін ең басты, ең негізгі деректер қатарына қосамыз. Олар біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысты деректер көзіне жатқызылады.

**Аштраханилық деректердің мәліметтері:** XVI ғасырдың ортасында Астрахань немесе Хажытархан хандығын Орыс мемлекеті жаулап алғаннан кейін, билеуші әулеттің екі өкілі Жармұхаммед пен оның ұлы Жан Мауереннаһрға келіп, шайбанилық Ескендір ханды паналайды. Ескендір қызын Жанға ұзатып, одан Бақымұхаммед дүниеге келеді. XVI ғасырдың соңында II Абдаллах хан мен оның ұлы Абд ал-Мумин өлтірілгеннен кейін билікке 1599 жылы Бақымұхаммед отырғызылады. Тарихта бұл жаңа әулет – жанилықтар немесе аштраханилықтар (астрахандық) әулеті деп аталады.



Әулет билігі 1785 жылға дейін созылған [82, 232–233-б.]. Әулеттің билігі тұсында Орта Азияда көптеген тарихи жазба туындылар жазылып, олар аштраханилық деректер қатарына жатқызылады. Аштраханилық деректердегі Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер жөнінде шығыстанушы ғалым Ж.М. Төлебаева ғылыми сипаттама береді [47, 133–153-б.]. Өз кезегінде біз Қазақ хандығының құрылу тарихын баяндайтын дерек мәліметтеріне ғана тоқталамыз. Ондай дерекке Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» (Море тайн относительно доблестей благородных) атты 1634–1640/1641 жылдары жазылған еңбегі жатады. Еңбек алғы сөз бен кіріспеден, жеті томнан, әр том төрт бөлімшеден тұрады [135, 1136–1137-б.]. Шығарманың алтыншы томы XIII ғасырдан XVII ғасырға дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы, Мауереннаһрдағы әулеттер тарихы мен саяси оқиғаларды баяндауға арналған [47, 70–71-б.; 48, 136–141-б.]. В.П. Юдиннің жазуынша Махмұд ибн Уәлидің мәліметтері көп жағдайда компиялтивті, соған қарамастан онда ол тың мәліметтерді жиі пайдаланған [136, 323-б.]. Біз өзімізге қатысты материалдарды К.А. Пищулинаның орыс тіліне аударып, МИКХ атты жинаққа енгізген үзінділерінен алдық [110, 346–351-б.].

Енді осы үзіндідегі Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтерге тоқталалық.

1) Шығыс Дешті Қыпшақтағы XIII–XV ғасырлардағы Шибан әулетінің (*деректе Шайбан деп жазылады – Б.К.*) қысқаша тарихы туралы мәліметтер. Әулеттің кейбір өкілдеріне сипаттамалар беріліп, оларға қатысты оқиғалар баян етіледі [110, 346–351-б.].

2) Әбілхайырдың билікке келуі туралы мәліметтер.

3) Керей мен Жәнібек бастаған шығысдештілік тайпалар тобының Моғолстанға көшіп келуі туралы мәліметтер [110, 352-б.]. Бұл мәліметтердің «Тарих-и Рашидиден» алынғаны белгілі. Махмұд ибн Уәли ол мәліметтерді жай ғана көшіріп қоймай, оны өзінше түсіндіріп, толықтырып береді. Мысалы, «Тарих-и Рашидиде» Керей мен Жәнібекке Есенбұға ханның Моғолстанның батысындағы Шу мен Қозыбасы өңірі берілді десе, Махмұд ибн Уәли оның себептерін түсіндіреді. Осы жағынан алғанда бұл мәліметтің құндылығы өте жоғары болып саналады.

4) Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі оның мемлекетінде қалыптасқан жағдайлар туралы мәліметтер.



5) Керей мен Жәнібектің қарамағындағы тайпалар тобының «қазақ» деп аталуының себептері туралы мәліметтер.

6) Алғашқы қазақ ханы боп Керейдің тағайындалуы туралы мәлімет.

7) Әбілхайыр ханның ұрпақтарының шежіресі туралы мәліметтер.

8) Әбілхайыр ханның Моғолстан жаққа ең соңғы жорығы, оның бағыттары, жорық барысында ханның қайтыс болуы туралы мәліметтер [110, 358–361-б.].

Жорыққа қатысты мәліметтер оған дейінгі ешбір деректе айтылмағандықтан, біз оны бірегей мәлімет дей отырып, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты өте құнды деректер қатарына жатқызамыз. Жорық барысындағы географиялық атауларға деректанулық тұрғыда талдау жасау арқылы біз, Әбілхайыр ханның соңғы жорығының Моғолстанның батысындағы Қазақ хандығына бағытталғандығын анықтадық [137, 17–19-б.].

9) Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси жағдайлар туралы, шибанилық әулеттің билігіне қарсы саяси күштердің күресі туралы, олардың ішінде тек Жәнібек хан есімінің аталуы туралы, Шайх-Ханның өлтірілуі туралы мәліметтер [110, 361–363-б.].

Махмұд ибн Уәлидің бұл мәліметтері Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысты деректер қатарына жатады. Біз олардың құндылығын «Тарих-и Рашидидың» мәліметтерімен ғана теңесе алады дейміз.

**Хиуадағы қоңыраттық деректер мәліметіне сипаттама:** Хорезмдегі қоңырат әулетінің билігі тұсында (1804–1920) жазылған тарихи шығармалар ішінде біздің мәселемізге қатысты «Фирдаус ал-икбал» («Райский сад благоденствия») атты еңбектің мәліметтері негізгі рөл атқармаса да, өзіндік орын алады. Еңбекте Хорезмнің тарихы ежелгі замандардан қоңыраттық әулеттің үшінші өкілі – Аллақұлы ханның (1825/1826–1842) билігінің басына дейінгі аралықты қамтиды. Шығарманы екі автор – Шермұхаммед Мунис (1778–1828/1829) пен Мұхаммед Риза Агахи (1809–1864) жазған. Бірінші автор 1812 жылға дейінгі тарихты жазса, екінші автор Аллақұлы ханның тапсырмасымен 1839 жылы аяқтап шыққан [47, 120-б.; 110, 431–435-б.]. В.П. Юдин еңбектің бірінші бөлімінің компилятивті



екендігін, авторлар өздеріне дейінгі деректердің, әсіресе Әбілғазының мәліметтерін пайдаланғандығын атап өтеді де, XVIII ғасырдағы тарихты баяндаудың бірегей сипатта екендігіне ерекше назар аударады [110, 433-б.].

Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мәліметтер де Әбілғазының «Түрік шежіресінен» алынған [140, 436-б.]. Бірақ онда кейбір оқиғалардың болған уақыты нақты көрсетіледі. Біз сол анықталған оқиғалар арқылы жалпы Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы оқиғалар тізбегін анықтай аламыз. Мысалы, «Фирдаус ал-икбалдағы» «862 (19.XI.1457–10.X.1458) жылы Мұса би мен Буреке сұлтанның қолдауымен Иадгар хан өзбектердің көп бөлігінің билеушісі болды», – деген мәлімет көп жағдайлардың бетін ашуға көмектеседі [110, 436-б.]. Сол кездегі оқиғалар тізбегіне назар салсақ, 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілхайырдың қалмақтардан жеңілісінен кейін «көшпелі өзбектерден» тек Керей мен Жәнібек бастаған тайпалар ғана емес, шибанилық әулеттің өкілі Иадгар да Әбілхайыр ханның билігіне бағынбай, өз ұлысында дербес хан болып сайланған. Міне, осындай мәліметтері бар «Фирдаус ал-икбал» дерегін біз, Қазақ хандығының құрылуын зерттеуде өзіндік маңызы бар деректер қатарына жатқызамыз.

Осылайша, қарастырып отырған мәселеміз бойынша жазба деректердегі мәліметтерге сипаттамалар бере келе, мынандай тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба дерек мәліметтерінің барлығы XIII–XVIII ғасырлардағы әртүрлі тілдерде, әртүрлі аумақтарда, әртүрлі әулеттер билігі тұсында жазылғандықтан, біз, оларды өзіміздің қарастырып отырған тақырыбымызға сай реттеу, жүйелеу үшін тілдік, аумақтық және әулеттік принциптерге сай топтастырып, әр топтағы дерек мәліметтеріне қысқаша сипаттама бердік. Әр деректегі мәліметтің маңызы мен құндылығын бағаладық.

Екіншіден, тілдік және аумақтық принциптер бойынша топтастырылған деректердегі мәліметтердің Қазақ хандығы құрылуының тарихи алғышарттарын, атап айтсақ, араб, армян тіліндегі мәліметтердің негізінен рухани алғышарттарды, орыс тіліндегі деректердің саяси алғышарттарды көрсететінін аңғардық. Ал әулеттік принциптер бойынша топтастырылған дерек мәліметтерінің біздің мәселеміз бойынша ең басты, ең негізгі деректер екендігіне көз жеткіздік.



Үшіншіден, әулеттік топтағы дерек мәліметтерінің өзін мәселеге қатыстылығына қарай, шартты түрде негізгі және жанама деректер деп бөліп, Қазақ хандығының құрылуының негізгі деректеріне Мұхаммед Хайдар Дулатидың, Махмұд ибн Уәлидің еңбектеріндегі мәліметтерді жатқыздық.

Төртіншіден, жалпы, XIII–XVIII ғасырлар аралығында жазылған біздің мәселемізге қатысты 60-қа жуық жазба дерек мәліметтері қарастырылды. Кейбір деректердегі мәліметтер компилятивті болғандықтан, біз олардың мәліметтеріне тоқталып жатпадық. Осылайша, жоғарыда атап өткен тарихи шығармалардың мәліметтері арқылы біз өзіміздің тақырыбымызды аша аламыз деп ойлаймыз.

#### **2.4. Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты ауыз әдебиетінің материалдарына сипаттама**

Қазақ хандығының құрылу тарихы туралы Қазақ хандығы дәуірінде ешқандай жазба дерек жазылмаса да, қазақ халқының ауыз әдебиетінде XIV–XVI ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болып өткен көптеген оқиғалар туралы материалдар сақталған. Ол материалдардағы мәліметтердің бір бөлігі мифологиялық сипатта баяндалса, ал бір бөлігі қоғамдық өмірдің әр қыры мен жақтарын көрсететін мәліметтерге жатады. Олардан саяси тарихтың, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, мәдени, рухани өмірдің, қоғамдық қатынастар дамуының іздерін аңғаруға болады. Халықтың өмірінде терең із қалдырған ұлы тұлғалар, маңызды оқиғалар, күрделі өзгерістер міндетті түрде халықтың санасына әсер етіп, ол ауыз әдебиетінің әртүрлі материалдары арқылы бейнеленеді. Сөйтіп, олар ауызша дерекке айналып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Өкінішке орай, әр дәуір, әр дәуірдің еңбектері әртүрлі жағдайлар мен себептерге байланысты ауызша материалдарға өзіндік белгілерін қосып отырған. Соның нәтижесінде, тарихи болмыстың тарихи деректері әр дәуірдегі ерекшеліктерге сай өзгеріске ұшырайды, ауызша тарихи деректерді тарихтың шаңы барынша көмескілейді. Қазіргі кездегі зерттеушілердің басты міндеттерінің бірі – ауыз әдебиетінің тарихи деректерін мейлінше қоспалардан тазартып, тарихи болмысты зерттеу үшін қолдана білу болып табылады.



Ауыз әдебиеті материалдарын жазба дерек мәліметтерімен салыстыра қарағанда мынадай ерекшеліктерді аңғарамыз. Жазба дерек мәліметінде информациялардың сақталынуы ауыз әдебиетіне қарағанда анағұрлым жақсы болса, XIII–XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақта болған тарихи болмыстың бейнеленуі жазба деректерден гөрі ауыз әдебиетінде анағұрлым шынайы көрінеді. Жазба деректер авторлары көбінесе сырттан келген адамдар болғандықтан, олар оқиғалар мен процестердің сыртқы мазмұнын көрсетумен шектеледі. Ал ауыз әдебиетінің материалдарында тарихи болмыстың сыртқы мазмұнымен қатар, оның ішкі мәні де көрініс береді. Осы жағынан алғанда ауызша дерек мәліметтерінің жазба деректерден бір артықшылығы байқалады. Ауыз әдебиетінің материалдарын өзіміздің қарастырып отырған мәселеміз бойынша:

1. Түрік халықтарының батырлық жырлары мен дастандарындағы мәліметтер;

2. Қазақ халқының тарихи аңыз-әңгімелеріндегі мәліметтер;

3. Қазақ халқының шежірелеріндегі мәліметтер деп топтастырамыз.

Төменде әр топтағы материалдардың мәліметтеріне сипаттама береміз.

### **1. Түрік халықтарының батырлық жырлары мен дастандарындағы мәліметтер**

Бұл топқа, көбінесе, түрік тілдес халықтардың, әсіресе, қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт халықтарына ортақ болып саналатын «Едіге», «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар жатады. Бұл жырлардағы оқиғалар XIV ғасырдың ортасы мен XVI ғасыр аралығын қамтиды. Ал оқиғалардың өткен жерлері – Дешті Қыпшақ аумағы мен оған іргелес аймақтар. Бұл тарихи кезең Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарының кезеңіне жататындықтан, аталған жырларда аз да болса да, сол дәуірдің қоғамдық өмірін бейнелейтін мәліметтер кездеседі. Сол себепті де, біз алдымен тарихи жырларға, сонан соң олардағы мәліметтерге сипаттама берелік.

Тарихи тұлға – Едігеге арналған жыр түрік тілдес халықтарда «Ер Едіге», «Мырза Едіге», «Едіге батыр» немесе жай ғана «Едіге» деп аталады. «Едіге» жырын терең зерттеген ғалымдардың бірі В.М. Жирмунский жырдың 30-дан астам әртүрлі нұсқаларының бар екендігін және ол жырдың белгілі нұсқалары ішінде архетипке



Уәлиханов-Мелиоранский нұсқасының біршама жақын екендігін айтады [138, 354-б.]. «Едіге» жырының зерттеулері жөнінде пікір айтар болсақ, салыстырмалы түрде оны біршама жақсы зерттелген деуге болады [139-145]. 1996 жылы «Едіге» жырының жеті нұсқасын бір жинаққа енгізіп, басылымға кең көлемде алғы сөз жазған белгілі ғалым Р. Бердібай онда жырға қатысты мәселелердің бәріне тоқталады [35, 3-50-б.]. Біз жинақтағы жеті нұсқаның мәліметтерімен қатар, жырдың татар нұсқасын да пайдаландық [146].

Енді жырдағы біздің тақырыбымызға қатысты мәліметтерге назар аударалық. Ол мәліметтерді былайша топтастыруға болады: 1) XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың алғашқы екі онжылдығы арасында Алтын Ордада болған ішкі саяси күрестер мен Ақсақ Темірмен саяси қарым-қатынастар туралы мәліметтер. Оларда Едіге мен Ақсақ Темір, Тоқтамыс пен Ақсақ Темір, Едіге мен Тоқтамыс, Тоқтамыс ұлдары мен Едіге арасындағы қатынастар жақсы баяндалады. Аталған тұлғалардың тарихта болғандығын және сол кезеңдерде олардың қарым-қатынастарға түскендігін жазба дерек мәліметтері дәлелдейді. Жырдағы осы топқа жататын мәліметтер жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарттарын көрсетеді.

2) Жырдағы мәліметтерде ноғай, өзбек, қалмақ секілді этникалық атаулармен бірге Мүйтен, Қыпшақ, Арғын, Барын, Шырын, Барлас, Маңғыт секілді ру-тайпалар атауы және сол ру-тайпалардың билерінің, басшыларының, батырларының есімдері жиі кездесіп отырады. Бұл ру-тайпалар, әсіресе, Арғын-Қыпшақ тайпалары XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақтың қоғамдық-саяси өмірінде үлкен рөл атқарғаны белгілі. Сондай-ақ олардың атаулары жазба деректердегі «92 баулы» немесе «көшпелі өзбек» тайпаларының ішінде айтылады.

3) 1419 жылы Тоқтамыстың ұлдарының бірі Қадірберді сұлтанның Едігені өлтіргенін жазба деректердің барлығы дерлік баян етсе, осы оқиға «Едіге» жырында да кездеседі. Бұл бір жағынан ауыз әдебиеті материалдарының дұрыстығын көрсетсе, ал өз кезегінде XV ғасырдың басында да Алтын Ордадағы шиеленістердің одан әрі тереңдей түскенін білдіреді.

Міне, осындай мәліметтерді өзіміздің тақырыбымызға қатысты жалпы сипаттағы жанама дерекке жатқызамыз.





«Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында Едігенің ұрпақтары Нұраддин, Мұса би, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі секілді тұлғалар жеке-жеке жырланады [147]. Жырлардың басты кейіпкерлері – Нұраддин – Едігенің ұлы болса, Мұса – Нұраддиннің немересі, Орақ – Мұсаның немересі, Алшағырдың ұлы Қарасай мен Қазі – Орақтың ұлдары болып келеді [148, 59-б.]. Эпостық жырды атақты Мұрын жырау Сеңгірбаев жырлаған. 1942 жылы КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалы Мұрын жырауды арнайы Алматыға шақыртып, осы жырды жаздырып алады. Мұндай шараны сол кездегі тарих, әдебиет және тіл институтының директоры Н.Т. Сауранбаев, фольклор бөлімінің меңгерушісі Е.С. Ысмайылов ұйымдастырады. Жыраудың аузынан жырларды М. Хакімжанова, Б. Жақыпбаев, жыраудың ұлы Д. Мұрынов және М. Исаева хатқа түсірген [147, 375-б.].

Енді осы жырлардағы мәліметтерге назар аударалық.

1) Батырлық жырларда Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының жалпылама жиынтық атауы – ноғайлы деп аталады.

2) Жырда ноғайлы елінің тағы бір атауы ретінде «тоқсан баулы ноғайлы» деген сөз тіркестері жиі кездеседі [147, 134-б.; 155-б.; 159-б.; 161-б.; 180-б.]. «Тоқсан баулы ноғайлы» дегеніміз – ноғай халқының 90 (92) тайпадан тұратындығын көрсетеді. Жалпы Қазақ хандығы құрылып, қазақ атауы Шығыс Дешті Қыпшақтағы рутайпалардың ортақ этникалық атауына айналғанға дейін, қыпшақ, өзбек атауларының, «92 баулы қыпшақ», «92 баулы өзбек», «92 баулы ноғай» деген сөз тіркестерімен айтылғандығы белгілі. Алғашқылар жазба дерек мәліметтерінде айтылса, соңғы ауыз әдебиетінде кездеседі. Осындай жағынан алғанда, «Қырымның қырық батыры» атты батырлар жыры топтамасындағы мәліметтер де XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың этникалық өміріне қатысты деректер береді. Біз бұл деректерді Қазақ хандығы құрылуының этникалық алғышарттарын көрсететін мәліметтерге жатқызамыз.

## **2. Қазақ халқының тарихи аңыз-әңгімелеріндегі мәліметтер:**

Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі көп таралған жанрдың бірі – тарихи аңыз-әңгімелер. Тарихи аңыз-әңгімелер көп жағдайда белгілі бір тарихи тұлғаларға қатысты пайда болады. Біздің қарастырып отырған тақырыбымызға қатысты ауыз әдебиетінде бірнеше материал кездеседі. Солардың алғашқысы – Ақжол бидің өліміне



қатысты тарихи аңыз-әңгіме. Бұл тарихи аңыз-әңгімені алғаш рет Ш. Құдайбердіұлы ел аузынан жазып алып, өзінің зерттеуінде қолданады және ол өзінің «Қазақтың түп атасы» атты өлең түрінде жырлаған еңбегінде осы тарихи аңыздың мәліметтерін пайдаланады [149, 22–23-б.; 73–74-б.]. Бұл деректер Қазақ хандығының құрылу тарихына тікелей қатысты болғандықтан, біз оларды осы жерде ұсынуды ұйғарып отырмыз: «... Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайыр қожа ханның (*Әбілхайыр ханды айтып отыр – К.Б.*) сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілхайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қияс қылып өлтіруге сұрапты. Әбілхайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатұғын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткен біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі, аты Қыдан еді, тайшы деген өлеңші, ақын дегені» [149, 22–23-б.]. Осы тарихи аңыз-әңгімені өлең түрінде Ш. Құдайбердіұлы:

«... Қазақтың Әз Жәнібек ханы болған,  
Билеген сыртын ноғай заңы болған.  
Арғынның арғы атасы Дайыр қожа,  
Дейтұғын бір әділ би тағы болған.  
«Ақжол» деп оң тізеден орын берген.  
Қобыланды қара қыпшақ батыр еді,  
Намыс қып күндестікпен шайтанға ерген.  
Өлтірген аңдып жүріп Ақжол биді,  
Қазаққа осы жұмыс ауыр тиді.  
Қысқасы Қобыландыны өлтірем деп,  
Жар салып, Әз-Жәнібек халқын жиды.  
Жалынған үш кісінің құнын ал деп,  
Алмаған «бізге керек емес мал» деп.  
Бермеген Әбілхайыр Қобыландыны.  
«Мұны өлтірсең қалған ел бұзылар» деп,  
Сондықтан өкпе қылып қазақ көшкен.



Қыпшақты шауып, шаншып қатты өштескен.

Шудағы Шағатайдың нәсілінен,

Қараймыз Мұғылтемір ханға дескен», – деп жырлайды [149, 73-74-б.].

Ауыз әдебиетіндегі бұл мәліметтерді жазба деректер ішіндегі «Тарих-и Рашидидегі» мәліметтермен ғана салыстыруға, теңестіруге болады. Екі дерек мәліметі Қазақ хандығының құрылу тарихындағы бір мәселені тікелей баяндайтын деректер қатарына жатады. Тарихи аңыз-әңгіменің бір ерекшелігі – оны деректің артықшылығына жатқызуға болады, онда тарихи болмыстың сыртқы болмысы емес, ішкі мазмұны баяндалып тұр. Сол арқылы біз хандықтың құрылу тарихындағы ең маңызды деген бірнеше мәселенің бетін аша аламыз. Олар:

1) XV ғасырдың ортасындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың этникалық жағдайы, ру-тайпалар арасындағы талас-тартыстар;

2) Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуіне себеп немесе түрткі болған оқиға;

3) Хан билігінің белгілі бір дәрежеде жергілікті ру-тайпа басшыларына тәуелді болуы;

4) «Қазақ» сөзінің мәні мен мазмұны;

5) Қазақ хандығының құрылуы барысында басты рөл атқарған ру-тайпалар.

Қазақ хандығының құрылу тарихы мен айналысатын мамандардың бір әлсіз тұсына олардың осындай керемет мәліметтерді өз зерттеулерінде қолданбауы жатады. Тек соңғы онжылдықтарда ғана зерттеушілер осы материалдарға көңіл аудара бастады [150, 61-68-б.]. Жалпы қорыта келе, Ш. Құдайбердіұлы ғылыми айналымға енгізген бұл тарихи аңыз-әңгімелердің мәліметтері Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде ең басты деректер қатарына жатады деп санаймыз.

Қарастырып отырған мәселемізге қатысты келесі тарихи аңыз-әңгімелерге 1996 жылы белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуұлының ҚазМУ Хабаршысының тарих сериясында жарияланған тарихи аңыз-әңгімелер топтамасындағы аңыздар жатады [151, 6-12-б.]. Ондағы екі аңыз-әңгіменің Қазақ хандығының құрылу тарихына тікелей қатысы бар. М. Елеуұлы біздің мәселемізге қатысты бірінші аңыз-әңгімені 1924 жылы туылған,



Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу ауылының тұрғыны Шәуенов Жүзімқұлдан 1976 жылы археологиялық зерттеулер кезінде, ал екінші мәліметті 1982 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында зерттеу жұмыстарын жүргізген кезінде Жамбыл кеңшарының тұрғыны, 1899 жылы дүниеге келген Назарқұлов Жүнжұма деген ақсақалдан жазып алғанын айтады [151, 7-8-б.]. Осы аңыз-әңгімелердің мәліметтеріне назар аударалық. «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елімен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға (Ұланбелден Хан тауына дейінгі аралық сөз болып отыр) жетіпті. Құмды қыстап шыққан қалың ел көктемде Тұлпарсазда Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлап, өздерін «қазақ» деп атапты. Керей мен Жәнібек сұлтандар Шудың бойына шаһар салдырып, олардың жаз жайлауы Қозыбасы, Хан тауы мен Жамбыл тауларында, ал қыстауы Шудың бойы мен Мойынқұмның құмы екен. Шудың бойында он жылдай хандық құрған Керей хан Хан тауына жерленіпті. Керей хан дүниеден қайтқанына екі жыл толғанда оның ұрпақтары мен Жәнібек сұлтан Сырға қайта көшіпті» [151, 7-8-б.].

Ал екінші мәліметтің мазмұны: «Қара күзде Сырдан қопарыла көшкен қалың елді Керей мен Жәнібек сұлтандар Мойынқұмға бастап келіпті. Құмды қыстап, мал-жаны аман қалған екі сұлтан Тұлпарсазда той жасап, бәйге шаптырыпты» делінеді [151, 8-б.]. Одан әрі М. Елеуұлы: «Аңыздың айтуына қарағанда, Керей хан мен Жәнібек сұлтан Шудың бойында ширек ғасырдай мекендепті, олар қоныс тепкен Шәрі мен Қойшыман осы төңіректегі үлкен қалалардың қатарына қосылған екен», – деп баяндайды [151, 9-б.].

Төменде осы материалдардағы мәліметтерге сипаттамалар беріп, олардың мазмұнына тоқталалық.

1) Келтіріп отырған мәліметтердің мазмұны «Тарих-и Рашидидегі» мәліметтерге ұқсас келеді, сол себепті де оларда жазба дерек мәліметіне тәуелділік байқалады. Бірақ та тарихи аңыз-әңгімелердегі мәліметтер Керей мен Жәнібектің кімнен бөлініп кеткенін, неге бөлініп кеткенін баяндайды.

2) Ауызша мәліметтерде Керей мен Жәнібектің Шу бойына нақты қашан көшіп келгені айтылады. «Тышқан жылы, қара күзде» деген мәліметке терең үнілу арқылы ордаежендік сұлтандар



бастаған көштің Шу бойына көшіп келген жылы мен жыл мезгілін анықтауға болады. «Тарих-и Абулхайр-ханида» Әбілхайыр ханның қайтыс болған жылы «тышқан жылына сай келетін 874 (11.07.1469–30.06.1470) жылы 57 жасында» деп көрсетіледі [110, 171-б.]. Бұл тышқан жылының алдындағы тышқан жылы 862 (19.11.1457–8.11.1458) жылға сәйкес келеді. Ал қара күз дегеніміз күз мезгілінің соңғы айы екендігін дәлелдеп жатуды артық деп санаймыз. Сөйтіп, осы ауыз әдебиетінің мәліметін жазба деректермен байланыстыра отырып қарасак, Керей мен Жәнібек бастаған көштің Шу бойына нақты қай жылы, қай мезгілде келгенін анықтай аламыз.

3) Керей мен Жәнібек бастаған көштің Шу бойына Сыр бойы жақтан келді деген аңыз-әңгіме мәліметі өте қызықты әрі өте таңданарлық. Бұған дейінгі қарастырылған не жазба дерек мәліметінде, не ауыз әдебиеті мәліметінде бұл туралы ешқандай ақпарат кездеспейтіндіктен, біз бұл мәліметке ерекше назар аударамыз. Бірақ та оның қаншалықты ақиқатқа сай екендігін дәл айту қиын.

4) Ауыз әдебиетіндегі «Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлады», «Керей хан Шу бойында он жылдай хандық құрды» деген мәліметтер бір жағынан «Махмұд ибн Уәлидің мәліметтерін қайталағандай болса, екінші жағынан, Керейдің он шақты жыл хан болды деген ауыз әдебиет мәліметі ешбір дерек түрінде айтылмайды. Тарихи болмыстың шындығын анықтау үшін XV ғасырдың 50–80-жылдарындағы оқиғаларына үңілсек, мынадай жағдайларды аңғарамыз. 1457 жылы қара күзде Керей мен Жәнібек бастаған көш Шу бойына көшіп келіп, келесі жылы көктемде Керейді хан сайлап алса, 1469/1470 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болып, оның мұрагерлігіне қарсы күрескен саяси күштер арасында Керей есімінің кездеспей, тек Қазақ хандығы жағынан Жәнібек хан есімінің кездесуі – сол жылдарға таман Керейдің өмірде болмағандығын көрсетеді. Олай болса, «Керей хан Шу бойында он шақты жыл хандық құрды» деген ауыз әдебиеті мәліметі тарихи болмысты айқын көрсетіп тұр деген қорытындыға келеміз.

5) «Керей хан дүниеден қайтқанына екі жыл толғанда оның ұрпақтары мен Жәнібек сұлтан Сырға қайта көшіпті» деген мәліметтің астарында әрі жұмбақ, әрі айқын бірнеше жағдайлар байқалады. Олай дейтініміз, Әбілхайыр ханнан кейін оның мұрагерлері



Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибанилық әулеттің билігін ұзақ ұстап тұра алмай, шамамен 1–2 жылдан соң жан-жаққа қашуға мәжбүр болғаны жазба деректер арқылы белгілі. Ауыз әдебиетінің мәліметі осы жағдайды ашық көрсетіп отыр. Осы жағынан келгенде ауыз әдебиетінің бұл мәліметін жазба дерекке тәуелді мәлімет деуге болады.

6) Осылайша, М. Елеуұлы ғылыми айналымға енгізген ауыз әдебиетінің мәліметтеріне қысқаша шолулар жасай келе, олардың кейбір мәліметтері жазба дерек мәліметтеріне тәуелді болғанына қарамастан, басқа мәліметтердің Қазақ хандығының құрылу тарихын көрсетуде ақпараттық маңызы өте зор деп санаймыз.

**3. Қазақ халқының шежірелеріндегі мәліметтер:** Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты ауыз әдебиетіне жататын дерек түрлерінің бірі – шежірелер. Шежірелердің басты мақсаты – белгілі бір тайпаның, рудың, ру-тайпалық бірлестіктердің қалай тарқалатындығын көрсету болғандықтан, оларда тарихи оқиғаларды баяндау кейінгі қатарларға қойылады. Тарихи оқиғалар шежірелердегі белгілі бір тұлғаның өміріне қатысты, тұлғаның тарихи рөліне қатысты жағдайларда ғана айтылады. Соған қарамастан, шежірелердегі материалдарды терең зерделеу арқылы, біз олардан өзіміздің қарастырып отырған мәселемізге қатысты мәліметтерді ала аламыз.

Жалпы алғанда, қазақ халқының шежіресіне қатысты материалдарды XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап ресейлік авторлар жинастыра бастайды. 1748 жылы М. Тевкелев жазбаларында, Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконскийдың тапсырмасымен 1803 жылы құрастырылған материалдарда, 1825 жылы жазылған «Ұлы Жүз руларының сипаттамасында», сондай-ақ П.И. Рычков, А.И. Левшин, Н.А. Маев, Н.А. Абрамов, Н.А. Аристов, В.В. Радлов, Н.И. Гродеков, И.М. Казанцев, Н.Н. Балкашин, Ш.Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Л. Мейер және тағы да басқа авторлардың зерттеулері мен материалдарында қазақ ру-тайпаларының шежіресі мен шежіресіне қатысты материалдар мол кездеседі [152, 407–408-б.; 153, 512–555-б.; 154, 224-б.; 155, 99–103-б.; 156, 192–193, 157, 115–116-б.; 158, 269–278-б.; 159, 255–268-б.; 160, 279–320-б.; 161, 321–328-б.; 162, 110–111-б.; 163.; 7, 18-б.; 164, 61–65-б.; 165, 255–257-б.; 166, 180–183-б.; 167, 54–66-б.; 168, 89–93-б.]. Біз өз жұмысымызда аталған авторлардың



алатын орны мен маңызын қазақ халқының шежіресін зерттеуде, сондай-ақ қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың шежіресін жеке зерттеуде атап көрсеттік [169, 92–105-б.; 170, 3–43-б.; 171, 227–252-б.].

Сондай-ақ қазақ шежіресіне қатысты материалдар XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ ұлтынан шыққан зиялы қауым өкілдері Құрбанғали Халидтың, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мұхамеджан Тынышпаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың еңбектерінде көп кездеседі [172, 304-б.; 149, 80-б.; 148, 75-б.; 173, 76-б.].

Біз бұл шежірелер ішінде М. Тынышпаевтың шежіресін ерекше атап өтеміз. Оның шежіресі өзінің жүйелілігімен, толық қамтылғандығымен ерекшеленеді. Соған байланысты біз өзіміздің ойларымыз бен пікірлерімізді М. Тынышпаев шежіресіндегі мәліметтерге негіздеп жасаймыз. Зерттеуші шежіресіндегі материалдар қазақ шежіресінің қай ғасырлардан бері басталатындығын анықтауға мүмкіндіктер береді. Мысалы, оның шежіре-кестесіндегі Ұлы Жүздің Дулат тайпаларындағы Сикым тайпалық бөлімінен 1850 жылы дүниеге келген Әжібек Датқаның ұлы Байсейітке (1925 жылы 75-тер шамасында болған) дейін – 13 буынды, Шымырдан Байзақ Датқаның немересі Тілеуқұлға (1925 жылы 45 жаста болған) дейін де 13 буынды, Шымырдан Бұралқы бидің ұлы Керімбайға (1922 жылы қайтыс болған) дейін де 13 буынды құрайтындығы көрсетіледі [148, 65–66-б.]. Арғыннан Саққұлақ биге (1924 жылы тірі болған) дейін 14, Шәкәрімнен (1925 жылы 67 жаста) Арғынға дейін – 15, Найман шежіресінде Төлегетайдан Жұмаханға (1925 жылы 30 жаста) дейін 17, Барлыбек Сырттановтан (1915 жылы 47 жасында қайтыс болған) Найманға дейін – 16, автордың өзінен Найманға дейін – 16 буынның бар екендігі айтылады [148, 71–72-б.]. Кіші Жүздің он екі ата Байұлындағы Беріш тайпасының шежіресінде Халел Досмұхамедұлынан (1884 жылы туылған) Берішке дейін – 12, Қаракесектен (Әлімұлы) Темірбек Жүргеновке (1925 жылы 27 жаста) дейін – 14 буын болғандығы көрсетіледі [148, 67-74-б.]. Қазіргі кездегі қалыптасқан тәсіл бойынша, орта есеппен әр буынның арасын 30 жыл деп алып есептесек, онда 13 буын – 400, 14 буын – 420, 15 буын – 450, 16 буын – 480, 17 буын – 510 жылға сай келеді. Орта есеппен алғанда, 13 пен 17 буындардың арасы 15 буынға немесе



450 жылға тура келіп тұр. XX ғасырдың басынан осы 450 жылды шегерсек, 1450 жылы немесе XV ғасырдың ортасы шығады.

Бұл кезең – Қазақ хандығының құрылған және қазақ халқының жеке дербес этнос ретінде тарих мінбелеріне көтерілген кезеңі. Осылайша, Қазақ хандығы құрылып, жаңа этнос қалыптасқанға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ ру-тайпалары қыпшақ, өзбек этноқауымдас­тығының құрамында болса, енді олардың жекеленген бөліктері өздерінің негізгі атауларын сақтай отырып, қазақ халқының құрамына енеді де, бұрынғы шежірелерін ұмытып, жаңа шежіреге негіз қалайды. Олардың жаңа шежірелерінің XV ғасырдың ортасынан басталуының себебі осында жатыр. Шежірелік материалдарға талдаулар жасау бізді осындай тұжырымға алып келіп отыр.

Сөйтіп, шежірелік материалдар нақты және тікелей түрде бол­маса да, Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде жанама және жалпылама түрде рөлге ие болып, өзіндік маңыз атқарады.

Енді осы тараушада көтерілген мәселелер бойынша тұжырым­дар жасалық.

Бірінші, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты халық ауыз әдебиетінің материалдары өз ішінде үш топқа жіктеліп, әр топтағы мәліметтер өзіндік ерекшеліктеріне сай, белгілі бір дәрежеде маңыз атқарады. Батырлық жырлар мен дастандардағы мәліметтер XV ғасырдың ортасы, атап айтқанда, «Едіге» жыры мен «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасының бізге XIV–XV ғасырлардағы саяси күрестер мен оқиғалардан, жалпылама си­паттағы этникалық ахуалдан мәліметтер беретіндігіне көз жеткіздік.

Екіншіден, кейбір жекеленген тарихи аңыз-әңгімелердегі мәлі­меттердің біздің мәселемізге қатысты тұстарының өте көп екендігін аңғардық. Тіпті, олардың кейбір мәліметтері дерек мәліметтерінен де маңыздырақ болып, біздің тақырыбымыздың кейбір жақтарын көр­сетуде басты орын ала алатындығын байқадық.

Үшіншіден, шежірелік материалдар да белгілі бір дәрежеде та­рихи мәселелерді ғылыми тұрғыда шешуде көмек бере алатынды­ғына көзімізді жеткізе түстік. Ал дерек түрлерінің бәрін бір-бірімен байланыстыра, толықтыра отыра қарастырсақ, Қазақ хандығының құрылу тарихында көп мәселенің бетін ашуға болады деп нық сеніммен айта аламыз.





### III. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

#### 3.1. Мәселенің XIX ғасырдың ортасынан – XX ғасырдың 20-жылдарына дейін зерттелуі

Тарих ғылымында қазақ халқы мен қазақ мемлекеттілігінің тарихын зерттеуді алғаш ғылыми негізде бастаған ресейлік ғалымдар екендігіне ешкім дау келтірмейді. Оны бұл жерде дәлелдеп жату да артық деп есептейміз. XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап Ресейде қазақ халқының шығуы, «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасына қатысты алғашқы ой-пікірлер мен тұжырымдардың айтыла бастағаны белгілі. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының Қазақстан аумағында саяси-экономикалық ықпалының күшейіп, тереңдеуіне байланысты ресейлік авторлардың қазақ халқының тарихына қатысты зерттеулері кең ауқымға ие бола бастайды. XIX ғасырдың ортасына дейінгі ресейлік авторлардың қазақ тарихына қатысты ең көп қалам тартқан тақырыптарына: қазақ жерінің географиялық жағдайы, қазақ халқының этнографиясы, қазақ халқының шығу тегі, «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасы, қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы мен құрамы, халықтың саны, шаруашылығы, көші-қоны, сауда-саттығы және тағы басқа да осындай сипаттағы мәселелер жатты. Ал XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында Қазақстанды Ресейдің жаулап алуының аяқталуымен Қазақстанды зерттеу, оның ішінде тарихын зерттеудің ауқымы одан ары ұлғайып, онымен арнайы ғылыми мекемелер мен ұйымдар айналыса бастайды. XIX ғасырдың орта тұсында Қазақстан тарихын зерттеу барысындағы жаңа тақырыптар күн тәртібіне қойылды. Сондай тақырыптардың біріне – Қазақ хандығының құрылуы тақырыбы жатады.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесінің тарих ғылымында зерттеле бастағанына содан бері 150 жылдай уақыт өтті. Осы аралық ішінде тарихшылардың бірнеше буын өкілдері хандықтың құрылуы және оған қатысты мәселелер төңірегінде әртүрлі ой-пікірлер мен тұжырымдар білдірді. Соның нәтижесінде мәселенің ауқымы кеңейіп, оның көптеген қырлары мен жақтары ашыла түсті. Дегенмен де, мәселені толық зерттеліп болды деуге әлі ерте. Хандықтың құрылуы



мәселесіне зерттеушілер неғұрлым тереңірек барған сайын, соғұрлым шешімін күтіп жатқан мәселелер, әлі де болса күн тәртібіне қойылмаған сұрақтар алдан шыға береді.

Жалпы алғанда, мәселенің бір жарым ғасырдай уақыт ішіндегі зерттелуі барысын шартты түрде бірнеше тарихнамалық кезеңге бөлуге болады. Бірінші тарихнамалық кезең – XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасы мен XX ғасырдың 20-жылдарының соңы аралығын қамтиды. 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зерновтың «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты зерттеуінің екінші бөлімінің жарыққа шығуымен және онда алғаш рет Қазақ хандығының құрылуы жөнінде тарихи деректердің айналымға енгізілуімен біз, мәселе тарих ғылымында күн тәртібіне қойылды деп санаймыз. Ал XX ғасырдың 30-жылдарына таман, Кеңес Одағында қоғамдық ғылымдарға маркстік-лениндік методологияның үстемдігі орнап, тарихқа таптық тұрғыда қараудың белең алуы тарих ғылымы үшін бір кезеңнің аяқталып, жаңа кезеңнің басталғанын көрсетеді. Соған байланысты біз қарастырып отырған мәселені зерттеу барысында да теориялық және методологиялық тұрғыда өзгерістер болады.

Мәселенің екінші тарихнамалық кезеңі XX ғасырдың 30–40-жылдары аралығын қамтиды. Бұл кезеңнің басты ерекшелігіне маркстік-лениндік методологияға сай барлық тарихи оқиғалар мен зерттеулер тек таптық тұрғыда қарастырылып, соған сай тұжырымдар мен қорытындылар жасалды. Қазақ хандығының құрылуы мәселесі де осындай көзқарастар негізінде зерттеледі.

Үшінші тарихнамалық кезең – сол ғасырдың 50–80-жылдары аралығын қамтиды. Осы үшінші тарихнамалық кезеңнің басты ерекшелігі – тарих ғылымына идеологияның үстемдік құрған кезеңі болса да, мәселемен осы жылдары арнайы мамандығы бар, кәсіби зерттеушілердің айналысуы. Қазақ хандығы құрылуының соңғы тарихнамалық кезеңіне өткен ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі кезеңге дейінгі зерттеулерді жатқызамыз. Соңғы тарихнамалық кезеңнің басты ерекшелігіне – бірнеше ондаған жылдар бойы тарих ғылымына үстемдік етіп келген идеологияның күші жойылып, тарих пен тарихи процестерді таптық тұрғыда емес, керісінше, одан да кең ауқымды ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырудың орныққанын айтамыз.



Енді төменде әрбір тарихнамалық кезеңдегі авторлардың біз қарастырып отырған тақырыпты зерттеу барысында айтқан ойлары мен жасаған тұжырымдарына талдау жасау арқылы олардың жалпы мәселені зерттеуге қосқан үлестерін, сондай-ақ әрбір тарихнамалық кезеңдегі тақырып бойынша зерттеудің бағыттарын айқындайық.

Алдымен мәселенің XIX ғасырдың ортасынан – XX ғасырдың 30-жылдарына дейін зерттелуіне тоқталамыз.

XIX ғасырдың ортасына дейін Ресейде қазақ халқының шығуы, қазақ сөзінің мәні мен мағынасы, қазақ халқының ру-тайпалық құрамы мен құрылымы және тағы да басқа мәселелері жөнінде едәуір тарихи білім жинақталды. Оның қалыптасуына В.Н. Татищев, Г.Ф. Миллер, И.Фишер, П.И. Рычков, П.С. Паллас, И.Г. Георги, И.П. Фальк, И.Г. Андреев, А.И. Левшин, И.М. Казанцев және тағы да басқа көптеген авторлар айтарлықтай үлес қосады. Бірақ та, бұл авторлардың зерттеулерінде Қазақ хандығының құрылуы мәселесі арнайы көтерілмейді.

1864 жылы В.В. Вельяминов-Зерновтың белгілі еңбегінің екінші бөлімінің жарыққа шығуымен тарих ғылымында Қазақ хандығының құрылуын зерттеу ісі басталды деуге болады [105]. Одан кейінгі көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде Қазақ хандығының құрылуы мәселесін жанама түрде қарастырса, ал кейбір зерттеушілер оған арнайы түрде тоқталып өтеді. Сөйтіп XX ғасырдың 20-жылдарының соңына дейін олар Қазақ хандығының құрылуы жөнінде өзіндік ой-пікірлер мен тұжырымдар айтып, мәселенің зерттелу тарихына өзіндік үлестерін қосады. Олардың жасаған тұжырымдары мен білдірген ой-пікірлері мәселенің тарихнамасының бірінші кезеңін құрайды. Бірінші кезеңге біз, В.В. Вельяминов-Зерновтың, В.В. Радловтың, Н.А. Аристовтың, И.И. Крафтың, В.В. Бартольдтың, Ш. Құдайбердіұлының, Л.П. Чулошниковтың, М. Тынышпаевтың, Г.М. Грумм-Гржимайлоның және тағы басқа авторлардың зерттеулерін жатқызамыз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақ хандығының құрылуының тарихы XIX ғасырдағы орыстың ірі шығыстанушы-ғалымы В.В. Вельяминов-Зерновтың (1830–1904) зерттеуінде алғаш рет көтеріледі. 1851–1856 жылдары Орынборда қызмет атқарған ол, жұмыс бабымен қазақ ауылдарына жиі барып, әскери шептер мен бекіністерді аралайды. Болашақ зерттеуші осы жылдары қазақ халқының



тарихына ерекше көңіл бөліп, материалдар жинастырады. Орынборда болған жылдары ол Орынбор мұрағатындағы материалдарды жете зерттейді. 1853-1855 жылдары В.В. Вельяминов-Зернов осы мұрағаттық материалдар негізінде өзінің алғашқы ірі зерттеу еңбегін жарыққа шығарады. Ол еңбек «Исторические известия о киргиз-кайсацких отношениях России со Средней Азии со времени кончины Абул-Хайр-хана (1748–1765)» деп аталады. 1865 жылы Ресей астанасына көшіп келіп, ол Қасым хандығының тарихын зерттеуге кіріседі де, 1863–1866 жылдары үш бөлімнен тұратын көлемді еңбегін жариялайды.

Араб, парсы, шағатай, татар, қазақ тілдерін жетік білген автор, осы тілдерде жазылған шығармаларды түпнұсқалардан бірден оқи білген [174, 15-б.]. Оның еңбегінің негізгі деректік базасын орыс жылнамаларынан басқа «Бабыр-нама», «Хабиб ас-сийар», «Жаһанара», «Тарих-и Рашиди», «Шайбани-нама», «Жамих ат-таварих», «Тарих-и Хайдари», «Тарих-и Аламарайи Аббаси», «Абдаллах-нама», «Шаджара-ий турк» секілді XVI–XVII ғасырлардағы негізінен парсы, шағатай, түрік тілдерінде жазылған шығармалардағы мәліметтер құрайды. В.В. Вельяминов-Зернов еңбегінің қазақ тарихы үшін қандай маңыз алатындығын кезінде Е.А. Масанов: «В.В. Вельяминов-Зернов шығыс қолжазбаларындағы қазақтарға қатысты әлі де жарияланбаған құнды мәліметтерді сөзбе-сөз көшіріп алып, оларды сол түпнұсқалардағы тілі бойынша және орысша аудармасында өз еңбегіне енгізеді. Күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған бұл құнды деректерді ғылыми айналымға енгізу – ғалымның қазақ халқының тарихнамасындағы басты еңбегі болып саналады. Ол мұнымен ғана шектеліп қоймай, өзі тапқан барлық мәліметтерді терең зерттеп, көптеген оқиғаларды қалпына келтіреді, ғылымдағы көмескі жақтарды анықтайды, тарих ғылымында маңызды рөл атқарған тың тұжырымдар жасайды» – деп атап өткен болатын [175, 143–144-б.].

В.В. Вельяминов-Зерновтың қарастырып отырған мәселеміздің зерттелуіне қосқан үлесі мен жасаған тұжырымына назар аударалық.

Автор еңбегінің негізгі мақсаты – XV–XVII ғасырлардағы Ресейдегі Қасым хандығында билік құрған хандар мен сұлтандардың өмірін зерттеу болғандығы көпшілікке мәлім. Осы хандықта XVII ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ билеушілерінің өкілі, Шығай



ханның немересі, Ондан сұлтанның ұлы Оразмұхаммед билікте болды. В.В. Вельяминов-Зернов еңбегінің екінші бөлімі Қасым хандығында 1567–1610 жылдары хан болған үш тұлға өміріне: Сайынболат ханның, Мұстафа Әли ханның және Оразмұхаммед ханның өмірлеріне арналған. Екінші бөлімнің жалпы көлемі мен ондағы қаралған мәселелердің көлемін бір-бірімен салыстырсақ, мынадай қызықты жағдайды байқаймыз. Екінші бөлімнің нақты көлемі – 498 бет, алғашқы екі ханның өмірі жөнінде 1–96 беттерде қарастырылады да, еңбектің қалған 400 беттен астамы Оразмұхаммед ханға қатысты мәселелерді қамтиды. Автордың осы 400 беттен астам көлемдегі тарауларда қандай мәселелерді енгізгеніне көңіл қойып көрелік. Зерттеудің 97-111 беттері, яғни, 14 беті – Оразмұхаммедтің 1588–1600 жылдардағы өміріне, 111–384 беттер, яғни 273 беті – Оразмұхаммедтің шығу тегі жөніндегі мәліметтерге, 384–400 беттер, яғни 16 бет – Оразмұхаммедтің таққа отыруы мәселесіне; 452–498 беттер, яғни шығарманың 46 беті – Оразмұхаммед хан өмірінің соңғы жылдарына арналған. Көріп отырғанымыздай, В.В. Вельяминов-Зернов еңбегінің үштен екісі немесе 70 пайызға жуығы – тек Оразмұхаммедтің шығу тегін анықтайтын жазба дерек мәліметтерін талдауға арналған.

В.В. Вельяминов-Зернов Оразмұхаммедтің төртінші атасы Жәнібек ханның өміріне қатысты деректерді алдыңғы беттерде айтылып өткен орта ғасырлық шығармалардан тауып, олардан көлемді үзінділерді келтіреді. Сондай қажетті үзінділердің бірі – Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі Жәнібек ханға қатысты мәліметтер. Қазіргі күндерде қалың көпшілікке белгілі болып отырған ол мәліметтің қысқаша мазмұны мынандай: «Дешті Қыпшақта билік құрып отырған Әбілхайыр ханнан бөлініп, Керей хан мен Жәнібек хан Моғолстанға қашып келеді. Моғолстанның сол кездегі билеушісі Есенбұға хан оларды жақсы қабылдап, оларға Моғолстанның батыс жағындағы Шу және Қозыбасы өңірін береді. Олар ол өңірде тыныш өмір сүре бастайды. Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек Ұлысы бүліншілікке ұшырап, көп халық Керей мен Жәнібек хандарға келіп қосылады. Сөйтіп, ондағы адамдар саны 200 мыңға жетеді, ол оларды «өзбек-қазақтар» деп атай бастайды. Қазақ сұлтандарының билігінің басталған кезін 870 (1465–66) жыл деуге болады. Анығы бір Аллаға аян...» [105, 139-б.].



Зерттеушінің негізгі мақсаты – Жәнібек ханға қатысты деректерді жинастыру болғандықтан, ол бұл мәліметтің Қазақ хандығының құрылуындағы маңызына тоқталмайды. Соған қарамастан, шығыстанушы-ғалымның парсы тіліндегі шығарманың Қазақ хандығының құрылуын көрсететін мәліметтерін орыс тіліне аударып, өз еңбегіне енгізуін, біз, оның біз сөз етіп отырған мәселені зерттеуге қосқан зор үлесі деп білеміз. Сонымен бірге, біз осы еңбегі арқылы В.В. Вельяминов-Зерновты Қазақ хандығының құрылуы мәселесін зерттеген ғалымдардың көшбасшысына жатқызамыз. Алғаш рет В.В. Вельяминов-Зернов ғылыми айналымға енгізген «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі жөніндегі мәлімет – одан кейінгі кезеңдегі тарихшылар үшін, қазіргі кезеңдегі зерттеушілер үшін де Қазақ хандығының құрылуын көрсететін негізгі, басты дерек болып отыр.

В.В. Вельяминов-Зернов осы тарихи мәліметті баяндау барысында өз тарапынан түсіндірме ретінде бір тарихи жылды атап өтеді. Оның өзі бұл датаны кейінгі зерттеушілердің Қазақ хандығының құрылған жылы деп көрсететінін сезбеген де шығар. Ол «Сол кезде Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақта билік құрып тұрды» деген сөзіндегі «сол кезеңнің» қай жылдар екендігін оқырмандарға түсіндіре кету үшін «сол кезде» деген сөзден кейін жақша ішінде «шамамен 860=1456 ж.» деген қосымшаны өзі қосады [105, 139]. Кейінгі зерттеушілер осы 1456 жылды – Қазақ хандығының құрылған жылы деп есептеп, өз зерттеулерінде осы датаны негіздеуге тырысады.

Осылайша, В.В. Вельяминов-Зерновтың Қазақ хандығының құрылуы тарихнамасына қосқан үлесін қарастыра келе, мынадай тұжырымдарға келеміз:

1) Мәселеге қатысты біраз ғылымға белгісіз болған тарихи дерек мәліметін айналымға қосу арқылы ол мәселенің зерттелуіне жол ашып береді;

2) Оның тарихи оқиғаны түсінікті ету үшін өз тарапынан қосымша, түсіндірме ретінде қосқан жылы – бірінші және екінші тарихнамалық кезеңдердегі зерттеушілер үшін хандықтың құрылған жылы деп қабылданды.

В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегінен кейін бір жылдан соң, яғни 1865 жылы императорлық Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі П. Семеновтың құрастыруымен «Географическо-



статистический словарь Российской империи» атты жинақтың II томы жарыққа шығып, онда кең көлемде «Киргиз-кайсаки» деген энциклопедиялық сипаттағы мақала беріледі [176, 590–595-б.]. Жинақтың авторлары Қазақ хандығының құрылуын қазақ халқының қалыптасуының аяқталуымен тікелей байланыстырып, Қазақ Одағы деген ұғымды әрі саяси, әрі этникалық мәнде қолданады. «Вельяминов-Зернов мырзаның зерттеуі қазақ халқының пайда болуының уақытын нақты көрсетеді. Ол XV ғасырдың екінші жартысында, нақтырақ айтсақ, 1455 жыл шамасында жүзеге асады», – дей келе, одан әрі В.В. Вельяминов-Зернов еңбегіндегі «Тарих-и Рашидидің» Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуі туралы мәліметін еркін түрде баяндап береді [176, 590–591-б.]. Жинақты құрастырушылар этникалық мәндегі Қазақ Одағы деген ұғымға қазақ халқын жатқызып, оның негізін найман, үйсін, юз-чжи, жалайыр, дулат және тағы басқа тайпалар құрады десе, саяси мәндегі Қазақ Одағын – Қазақ хандығы деп түсіндіреді. «Күшейген Қазақ Одағы көп ұзамай бүкіл Дешті Қыпшақты басып алады», – деген сөйлемде әңгіменің Қазақ хандығына қатысты айтылып тұрғанын аңғару еш қиынға соқпайды [176, 592-б.].

Енді осы жинақ авторларының қарастырып отырған мәселелізге қатысты тұжырымдарын қорытындылап көрелік.

1) Авторлар Қазақ Одағы деп әрі қазақ халқын, әрі Қазақ хандығын айтады да, олардың пайда болған кезі деп нақты 1455 жылды көрсетеді;

2) Қазақ Одағының құрылуын «Тарих-и Рашиди» мәліметі негізінде түсіндіреді;

3) Қазақ Одағының негізін Найман, Үйсін, Жалайыр, Дулат және тағы басқа тайпалар қалады деген тұжырым жасайды.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесіне арнайы түрде болмаса да өз зерттеуінде XIX ғасырдағы орыс тарихшысы, әрі этнографы, түрік халықтары мен тайпаларының этникалық құрамы мен саны жөнінде іргелі еңбек жазған Н.А. Аристов тоқталып өтеді. 1868–1889 жылдары Жетісу облысында қызмет атқарған ол, өзінің алғашқы ғылыми жұмыстарын «Туркестанские ведомости» газетінде жариялайды да, Ұлы Жүз қазақтары мен Жетісуда өмір сүретін қырғыздардың этникалық құрамын анықтауға арналған көлемді еңбегін XIX ғасырдың 90-жылдары баспадан шығарады [177]. Көп



ұзамай ол өзінің түрік халықтарының этникалық тарихына арналған негізгі еңбегін «Живая страна» журналында жариялайды [5].

Н.А. Аристов осы еңбегінің «Орта Азиядағы түрік тайпаларына қысқаша тарихи шолу» атты екінші тараушасында Қазақ хандығының құрылуын XV ғасырдағы Жошы Ұлысының ыдырауымен байланыстырады. «XV ғасырдың екінші ширегінде Жошы Ұлысының ыдырауы ұлыстың батыс бөлігінде тәуелсіз Қырым және Қазан хандықтарының құрылуынан басталады және сол ғасырдың үшінші ширегінде Әбілхайыр ханның өлімімен, сондай-ақ қырғыз-қазақ одағының пайда болуымен аяқталады», – деп жазады Н.А. Аристов [5, 40-б.]. Одан әрі ол осы тұжырымын тереңдете түсіп, былайша негіздеуге тырысады: «1452 және 1455 жылдар аралығында қалмақтардың Әбілхайыр ханды жеңіліске ұшыратуы оны қатты әлсіретіп кетті және тікелей соның салдарынан 1455 жылдың шамасында Керей мен Жәнібек сұлтандар ханға наразы тайпаларды ертіп Шағатай Ұлысына көшіп кетті. 1465–1466 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек ұлысы толығымен күйрейді; 1472–1473 жылы Әбілхайыр ханның үлкен ұлы Бурудж-оғланның қаза табуынан кейін өзбектер басшысыз қалып, Дешті Қыпшақтың көптеген тайпалары Қазақ Одағына біріктіріледі» [5, 40–41-б.].

Н.А. Аристовтың пікірін тікелей талдай келе, ол Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты мынадай тың тұжырымдар жасады дейміз:

1) Қазақ хандығының құрылуын кең ауқымда алғанда Жошы Ұлысының ыдырауымен байланыстырады;

2) Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуіне соңғысының қалмақтардан жеңілуі тікелей ықпал етті деп есептейді;

3) Керей мен Жәнібекті Әбілхайыр ханнан 1455 жылы шамасында бөлінеді, Әбілхайыр хан 1465–66 жылы қайтыс болады, Өзбек ұлысы сол жылы толығымен күйрейді, – деп санайды.

4) Қазақ Одағын әрі саяси, әрі этникалық мәнде қолданады.

Н.А. Аристовтың осы тұжырымдарына қазіргі кезеңдегі осы мәселенің тарихнамасының жетістігі тұрғысынан қарасақ, зерттеушінің алғашқы екі тұжырымының шындыққа жақын екендігін байқаймыз. Біз ол пікірлерді қарастырып отырған мәселе бойынша қажетті, бірақ мәселені толық ашып бере алмайды дейміз. Ал үшінші





пікірдегі барлық тарихи даталарды қазіргі кездегі ғылымға белгілі орта ғасырлық деректер бойынша нақты емес деп есептейміз.

Жалпы алғанда, Н.А. Аристов Қазақ хандығының құрылуы тарихын арнайы зерттемесе де, ол мәселені түрік халықтарының жалпылама тарихи шеңберінде қарастырады. Соған қарамастан оның білдірген кейбір пікірлерін оң әрі тың пікірлерге жатқызамыз.

Академик В.В. Бартольд (1869–1930) өзінің зерттеулерінде негізінен Орталық Азияның, Таяу және Орта Шығыстың тарихи мәліметтерін қарастырса да, ол бұрын ғылымға белгісіз болып келген орта ғасырлық деректердің мәліметтерін ғылыми айналымға енгізу арқылы қазақ тарихының көптеген мәселелерін түсінуге, зерттеуге мүмкіндіктер ашып берді [86, 178–187-б.]. Әлі күнге дейін қазақ тарихының орта ғасырлық мәселелерін зерттеуші ғалымдар оның еңбектеріндегі тарихи мәліметтерге, оның білдірген ой-пікірлеріне соқпай өтпейді. Ол өзінің алғашқы іргелі еңбектерінің бірі – «Жетісу тарихының очерктерінде» (еңбек 1898 жылы жарық көрген) Моғолстан тарихына арнайы тоқталып, Есенбұға хан тұсындағы оқиғаларды талдап өтеді [181]. Қазақ хандығының құрылуы Есенбұға ханның билігі тұсында Моғолстан аумағында жүзеге асқандықтан, ол процесс зерттеушінің назарынан тыс қалмайды. Ол В.В. Вельяминов-Зернов еңбегіндегі «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерін келтіре отырып, деректі қысқаша баяндаумен шектеледі. Біздің мәселеміз бойынша ешқандай ғылыми тұжырым, ой білдірмейді [182, 88-б.]. Соған қарамастан оның осы еңбегінің өзінде XV ғасырдың ортасындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Моғолстан және Мауереннаһр аумақтарындағы саяси оқиғаларды жете түсінуге және олардың даталарын нақтылауға мүмкіндіктер беретін тың тарихи мәліметтер көп кездеседі. Мысалы, ол қалмақ көсемі Үз-Темір тайшының Сыр бойында өзбектерді жеңуін басқа дерек көздеріне сүйеніп, 1457 жылы болған деп жазады [182, 87-б.]. Сондай-ақ XV ғасыр тарихшысы Абд ар-Раззак Самаркандидің еңбегіндегі құнды мәліметтерді алғаш рет қолданады [182, 86–89-б.]. «Абулхайр» атты энциклопедияға арналған мақаласында В.В. Бартольд Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуін: «Шамамен, 870/1465–1466 жылы өзбек халқы арасында бөлініс болып, нәтижесінде сол кезден бастап қазақтар атанған даланың нағыз тұрғындары халықтың негізгі бөлігінен бөлініп кетті», – деп түсіндіреді [183, 489–490-б.]. Оның Орта Азия



тарихына арналған көптеген зерттеулерінде Қазақ хандығының құрылу тарихына жанама қатысы бар тарихи деректер мол кездеседі [184, 109–166-б.; 185, 257–267-б.; 186, 25–177-б.; 187, 545–548-б.].

Жалпы, В.В. Бартольдтың біз қарастырып отырған мәселенің зерттеулеріне қосқан үлесіне оның зерттеулеріндегі көптеген тың деректердің, әсіресе, ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген мәліметтердің Қазақ хандығының құрылуы барысындағы көптеген тарихи оқиғаларды түсінуге, олардың болған мезгілін нақтылауға мүмкіндіктер беріп жатады.

В.В. Вельяминов-Зерновтың кезінен бері Қазақ хандығының құрылуы туралы ой-пікірін білдірген зерттеушілердің бәрі «Тарих-и Рашидидегі» бір ғана жазба дерек мәліметтеріне сүйенсе, Шәкәрім Құдайбердіұлы бұл мәселені өз еңбегінде қарастырып, оны тың, халық ауыз әдебиетінің материалдарымен байытады. Ш. Құдайбердіұлы 1911 жылы жазылған «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде қазақ халқының шығуына тоқталып, Қазақ хандығының құрылуын қарастырып өтеді [149, 21–33-б.]. Оның Қобыланды батырдың Ақжол биді өлтіруі туралы тарихи дерегі Жәнібек пен Керей хандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуінің себептерін түсінуге жол ашады. Негізінен алғанда, Ш. Құдайбердіұлы бұл мәселеде Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегіндегі бағытты ұстанады. Ал оның ғылыми айналымға енгізіп отырған дерегі тарихи процесті сырттай емес, ішінен танып-білуге мол мүмкіндіктер береді. Жалпы халық ауыз әдебиетіндегі тарихи аңыз-әңгімелердің бір ерекшелігіне олар сол тарихи процесті жасаушы, оған қатысушы ортада туындап, сол процеске деген халықтық көзқарастарды білдіреді. Сол себепті де ауыз әдебиетіндегі тарихи деректер бізге тарихи процестерді өте жақындатып көрсететіндей мүмкіндіктер береді. Қобыланды батыр мен Ақжол биге қатысты деректі «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібектің бөлінуі жөніндегі мәліметтен бірін-бірі толықтыра отыра талдасак, біздің Қазақ хандығының құрылуы туралы біліміміз кең жайыла да, тереңдеп те өскен болар еді. Өкінішке орай, Ш. Құдайбердіұлы есімінің кешегі кеңестік дәуірде көпшілікке белгілі себептерге байланысты атауға тыйым салынуы оның барлық еңбектеріне де тікелей әсер етіп, бірнеше ондаған жылдар бойы ол еңбектер зерттеушілердің назарына ілінбей келді.



Жалпы Ш. Құдайбердіұлы Қазақ хандығының құрылуын зерттеу барысында қосқан үлесіне оның жазба деректердегі мәліметке ауыз әдебиетіндегі мәліметтерді қосып, олардың көмегімен мәселені жан-жақты түрде зерттеуге ұмтылыс жасауы жатады.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесі жөнінде ой-пікірлері мен тұжырымдарын ХХ ғасырдың 20-жылдары А.П. Чулошников өз еңбегінде білдіреді [10, 102–107-б.]. Оның пікірлерінің көбісін М. Тынышпаев көп ұзамай-ақ қатты сынға алады да, А.П. Чулошниковтың қазақ халқының қалыптасуы жөніндегі тұжырымдарын сенімсіз, ғылыми емес деп санайды [188, 55–56-б.].

Ал қазақ хандығының құрылуына байланысты айтқан пікірлеріне келсек, А.П. Чулошников В.В. Вельяминов-Зернов еңбегіндегі «Тарих-и Рашиди» мәліметін негізге алып, оны өз қалауынша баяндап береді де, кейбір тұстарда ешбір дерекке сүйенбей, өзінің жеке пікірлерін ұсынады. Оның пікірінше, көшіп немесе қашып кету шамамен, 1456 жылы болып, Моғолстанға қашып келгендер басқа элементтерді өздеріне магнитше тарта бастаған [188, 102–103-б.]. Сондай-ақ көшіп келгендердің алғашқы толқыны бірден хандық билік құруды ойластырмаған, олардың жетекшілері Керей мен Жәнібек болып, моғол ханына толық тәуелді болып отырған. Ал рулар мен ауылдар бір-бірімен мидай араласып, жаңа руларды қалыптастырған; Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін көшіп келушілер көбейеді де, жаңадан келушілер хандық биліктің қажет екенін сезініп, хандықтың құрылуына қозғау салған; XV ғасырдың 70-жылдарының соңында құрылған [188, 103–104-б.].

А.П. Чулошниковтың осы пікірлеріне қазіргі кездегі мәселенің тарихнамасы жеткен биіктен қарайтын болсақ, оның пікірлерінің бәрін дерлік, ешбір деректік материалдарға негізделмеген, тарихи логика мен заңдылықтарға сай келмейтін пікірлер дейміз. Сол себепті де оның Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі пікірлерін одан кейінгі зерттеушілер онша көп қолданбайды. Біз өз тарапымыздан оның бір ғана пікірінің толық болмаса да біршама шындыққа сай келетінін аңғардық. Одан Керей мен Жәнібек хандардың Моғолстанның батысына көшіп келгеннен кейін, бірден дербес, тәуелсіз болмай, моғол ханына толық тәуелді болды деген пікірі жатады. Осы пікірдің қаншалықты дәрежеде шындыққа сай келетінін қазіргі кезде білу онша қиындық туғызбайды. Сол тұстағы



Моғолстанның ішкі саяси жағдайына назар салсақ, Жүніс ханның Әбу Сайд мырзаның көмегімен Ыстықкөл маңындағы моғол тайпаларына билігі орнауымен Есенбұға ханның билігіне сызат түседі. Ол бүкіл моғол ханы боп есептелгенімен, оның билігі тек Шығыс Түркістанда жүріп, Жетісудың батыс бөлігі Керей мен Жәнібек хандардың қолына көшеді. Сол себепті де А.П. Чулошниковтың Керей мен Жәнібек Есенбұға ханға толық бағынды, тәуелді болды деген пікірін шындықты толығымен көрсетпейді деп есептейміз.

XX ғасырдың 20-жылдары Қазақ хандығының құрылу тарихына арнайы тоқталып, өзінің ой-пікірлері мен тұжырымдарын білдірген зерттеушілердің бірі – қоғам қайраткері, XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы жетекшілерінің өкілі, инженер әрі тарихшы Мұхамеджан Тынышпаев (1879–1938) болды. Оның негізгі мамандығы тарихшы болмаса да, ол өткен ғасырдың 20-жылдары қазақ халқының этникалық тарихы мен XIII–XVIII ғасырлардағы саяси тарихын зерттеуге зор үлес қосады. Оның пікірлері мен тұжырымдарының ғылыми маңызы өте жоғары болуы себепті сол жылдары атақты тарихшылар мен түркі-танушылар оған сілтеме жасап, онымен санасуға мәжбүр болған [189, 621–623-б.; 190, 5–16-б.]. А. Самойлович «қазақ» сөзінің мәні жөніндегі он бір беттен тұратын қысқаша ғана мақаласында 6 рет М. Тынышпаевқа сілтеме жасайды.

М. Тынышпаевтың қазақ халқының этникалық тарихы мен қазақ хандығының XIII–XVIII ғасырлардағы тарихына қатысты ой-пікірлері «Материалы к истории киргиз-казахского народа», «Отзыв о труде А.П. Чулошникова по истории казах-киргизского народа», «Киргиз- казахи в XVII и XVIII веках (дополнение к Материалам к истории киргиз-казахского народа» атты еңбектері мен мақалаларында тұжырымдалады [148, 76-б.; 191, 15-б.; 188, 43–193-б.].

Қазақ халқының шығуы мәселесі жөнінде М. Тынышпаев XX ғасырдың 20-жылдарындағы тарих ғылымы үшін батыл тұжырымдар жасайды. Сол кезге дейін бұл мәселе жөнінде тарихнамада екі пікір үстем болатын. Біріншісі – Константин Порфиродныйдың дерегіндегі косогтар XV ғасырдағы қазақтардың тікелей арғы ата-бабалары деген пікір болатын. Бірақ та бұл пікірді айтушылар X ғасырдағы косогтар мен XV ғасырдағы қазақтар арасындағы генетикалық байланысты дәлелдемеген еді. Екінші пікірге – қазақтар тарих мінбелеріне тек XV ғасырда көтерілген деген пікір жатты.



М. Тынышпаев өзінің «Материалы к истории киргиз-казахского народа» атты еңбегінде: «Қазақ халқының құрамындағы әрбір тайпаның шығуын алдын-ала зерттемей, жалпы қазақ халқының тарихи тағдырына үңілу мүмкін емес», – деп жазады да, Үйсін, Жалайыр, Қаңлы, Арғын, Керей, Уақ, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Алшын, Жетіру тайпалары мен тайпалар бірлестігінің тарихын б.э.д. II ғасыр мен б.э. VI–VIII ғасырлардан бастайды [148, 3-26-б.]. Осы арқылы ол қазақ халқының шығу тегін XV ғасырдан әрі қарай 1500–1700 жылдан бұрын басталған деген өз пікірін дәлелдеп көрсетеді. Оның екінші бір батыл пікіріне X ғасырдағы косоғтар мен XV ғасырдағы қазақтар арасында генетикалық байланыстың болғандығын дәлелдеуі жатады. М. Тынышпаев өзіне дейінгі авторлардың еңбектері мен орыс тіліне аударылған араб, парсы, шағатай, түрік, татар тілдеріндегі тарихи деректерде кездесетін «косоғ», «Казахия», «кашек», «косоғ князі», «касах», «озак», «азак», тіпті антикалық деректердегі «Азоки» сөзін «Азок» деп, «Алазон» сөзін «Алшын» деп қабылдап, мынандай қорытындыға келді: «Геродоттағы «Алазондардың», Плинидегі «Азокилердің» алшындармен және қазақтармен ұқсастықтары бар екендіктерін жоққа шығармаймыз, ал Константин мен Фирдоуси тұсындағы «косоғтар» мен XV ғасырдағы «қазақтар» арасында генетикалық байланыстардың болғандығы сөзсіз деп есептейміз [148, 32–399-б.]. Оның бұл пікірлері әлі де болса толық және мұқият тексеруді қажет етеді. Ал 20-жылдар үшін бұл пікір-ғылыми жағынан әрі тың, әрі батыл болып есептеледі.

М. Тынышпаевтың тағы бір батыл пікірлер білдірген мәселесі – Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты болды. Егерде оған дейін ешбір зерттеуші Қазақ хандығының құрылуы мәселесін арнайы қарастырмай, жалпы мәселелер шеңберінде атап өтсе, М. Тынышпаев оны арнайы түрде қарастырады. Ол қарастырып отырған мәселесін Қазақ хандығының құрылу тарихы деп атап, тарихшылардың ішінде бірінші болып Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанға қоныстануын – Қазақ хандығының құрылуы деп атайды. Ал оған дейін зерттеушілер бұл процесі Қазақ Одағы деп атаған болатын.

М. Тынышпаев Қазақ хандығының құрылуын Алаш Орданың тарихымен, әсіресе, оның XV ғасырдағы ыдырау процесімен жал-



пылама байланыстыра зерделейді. Оның пікірінше, XV ғасырдың бірінші жартысында жалпыұлыстық биліктің әлсірей бастауымен шет аймақтардағы жеке хандықтардың күшеюі қатар жүріп, Қазан, Қырым, Сібір, Әбілхайыр хандықтары, Моғолстанмен шекарада Қазақ хандығы, Ноғай Ордасы және Алтын Орданың орнында Сарай хандығы айқындала бастайды, кейіннен Астрахань хандығы пайда болады. XV ғасырдың ортасынан бастап олар дербес мемлекеттер болып есептеледі де, ал олардың арасындағы қақтығыстарды көршілес хандықтар арасындағы соғыстар деуге болады [148, 45-б.].

Тікелей хандықтың өмірге келуін ол Шибан Ұлысындағы саяси жағдайлардан іздестіреді. Оның көрсетуінше, 1430–1450 жылдары Алтын Орда аумағындағы қуатты мемлекет Әбілхайыр хандығы болып, өмірінің соңына таман оның мемлекеті құлдырай бастайды. Бірінші болып шибанилық ханнан Оқас бидің ұлдары Мұса мен Жаңбыршы билер бөлініп кетіп, Әбілхайыр ханның қарсыласы Жәдігерге барады да, оны хан көтереді. Одан кейін 1456 жылы Керей мен Жәнібек те Әбілхайыр ханмен ренжісіп, Моғолстан жаққа көшіп кетеді. М.Тынышпаев Шәкәрімнің Қобыланды батыр мен Ақжол би жөніндегі ауызша мәліметін пайдаланып, ренжісудің себебіне Ақжол биді қыпшақ батырының өлтіруін жатқызады.

М. Тынышпаевтың тағы бір пікіріне – Керей мен Жәнібек хандардың жақтастары, яғни оларды қолдаушы ру-тайпалар кенеттен 1456 жылы пайда болып қойған жоқ, ол рулар тобы кем дегенде бірнеше ондаған жылдар бұрын қалыптасқан деген пікірі жатады [148, 45-б.]. Осы мәселелерге қазіргі күндегі тарихнаманың қол жеткізген жетістіктері тұрғысынан қарасақ, біз М. Тынышпаев пікірінің дұрыстығына көз жеткіземіз. Осы жолдардың авторы өзінің соңғы кездерде баспа бетінде жарық көрген жұмыстарының бірінде Керей мен Жәнібек хандарға қолдау көрсеткен ру-тайпалар тобын – ордаежендік тайпалар тобы деп атап, оның XIII ғасырдан бері Орда Ежен Ұлысында өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдеп жазған болатын [192, 3–7-б.; 253, 35–38-б.].

Осындай дұрыс пікірлермен қатар, М. Тынышпаев қате пікірлерге де жол береді. Оған оның қазақ ханы Жәнібекті Астраханда билікте болды, 1477 жылы Қырымда хан болып, ол кейін Ресейге кетеді де, сол жақта қайтыс болды деген пікірін жатқызамыз [148, 45-б.].



Жоғарыда атап өткен М. Тынышпаевтың қазақ халқының шығуы мен Қазақ хандығының құрылуын зерттеуге қосқан үлесін төмендегідей көрсетеміз.

1) Қазақ халқының шығуын үйсін-қаңлы дәуірлерінен басталады деп пікір айтып, оны дәлелдейді;

2) X ғасырдағы қосогтар мен XV ғасырдағы қазақтар арасында тікелей генетикалық байланыстарды дәлелдеп көрсетеді;

3) Қазақ хандығының құрылуын арнайы түрде қарастырып, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуін – бірінші болып Қазақ хандығының құрылу процесі деп атайды;

4) Қазақ хандығының құрылуын Алтын Орда тарихымен, Шибан Ұлысының ыдырауы процесімен байланыстыра қарастырады;

5) Керей мен Жәнібек хандардың қол астындағы рулар тобын кенеттен пайда болған рулар емес, кем дегенде бірнеше ондаған жылдар бұрын қалыптасқан рулар тобы деген пікір білдіреді;

6) Қазақ хандығының құрылуында жазба дерек мәліметтері мен ауыз әдебиетінің материалдарын байланыстыра қарауы жатады.

Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі ой-пікірлерін моңғол тарихының ірі маманы Г.Е. Грумм-Гржимайло да өз еңбегінде атап өтеді [189, 846-б.]. Оның пікірлері еңбектің мазмұнында емес, автордың түсініктемелерінде айтылады [189, 620–623-б.]. Автор В.В. Вельяминов-Зерновтың, В.В. Бартольдтің, Н.А. Аристовтың еңбектеріндегі тұжырымдарды қарастырумен шектеліп, өзіндік тың ой-пікір, тұжырым білдірмейді. Соған қарамастан, біз оның көлемді әрі іргелі еңбегінде Қазақ хандығының құрылуы мәселесінің сөз болуын тақырыптың Орталық Азия халықтарының XV ғасырдағы тарихында маңызды болғандығымен байланыстырамыз.

Осылайша, XV ғасырдың 20-жылдарының ортасына таман Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасындағы бірінші кезең аяқталады. Осы кездегі мәселенің зерттелуіне, оның негізгі бағыттары мен пікірлері және тұжырымдарына қорытынды жасалық.

1. 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зернов еңбегінің екінші бөлімі жарыққа шығуымен және онда Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мәліметтердің орыс тіліне аударылып ғылыми айналымға енгізілуімен Қазақ хандығының құрылу тарихы мәселесі күн тәртібіне қойылады.



2. Деректе айтылатын Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі – Қазақ хандығының құрылуындағы басты оқиға ретінде қабылданды, оны ешбір зерттеуші теріске шығармайды.

3. Шәкәрім Құдайбердіұлының ғылыми айналымға енгізген ауызша мәліметі Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі сызбамен сәйкес келіп, оны мазмұндық жағынан байыта, толықтыра түседі.

4. ХХ ғасырдың 20-жылдарына дейін хандықтың құрылуын зерттеушілер «Қазақ Одағы» деп атап, одан әрі саяси әрі этникалық мәндер берсе, М. Тынышпаев оны «Қазақ хандығының қалыптасуы» және «Қазақ хандығының құрылуы» деген сөздермен өзгертіп, «Қазақ одағын» жіктейді.

5. Қазақ хандығының құрылуы мәселесі осы тарихнамалық кезеңнің соңына таман жалпы мәселелер шеңберінен шығарылып, жеке тақырыпқа айналады.

6. Қазақ хандығының құрылуы жалпы алғанда Алтын Орданың тарихымен, нақты алғанда, оның бір бөлігі болып саналатын Шибан Ұлысының ыдырауымен тікелей байланыстырылады (М. Тынышпаев).

7. Керей мен Жәнібек хандарды қолдаған ру-тайпалар бір сәтте құрылмаған, олар бөлініске дейін бірнеше ондаған жылдар бұрын пайда болған (М. Тынышпаев).

8. Хандықтың құрылған жылы деп кезінде В.В. Вельяминов-Зерновтың шамамен шартты түрде ұсынған 1456 жылы осы тарихнамалық кезеңде «Тарих-и Рашидидің» дерегі ретінде қабылдана бастайды да, барлық зерттеушілер осы жылды нақты атап көрсете бастайды.

9. Осы тарихнамалық кезеңде орта ғасырлық дерек мәліметтерінің бірталайының ғылымға белгісіз болуы себепті Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысы бар бірнеше оқиғалардың даталары қате беріледі. Олар мыналар: а) Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілісі 1452, 1456 жылдары болған делінеді; ә) Әбілхайыр ханның қайтыс болған жылы – 1465–1466 жыл деп түсіндіріледі.

Жалпы, бірінші тарихнамалық кезеңді қорытындыласақ, осы кезеңдегі зерттеушілер Қазақ хандығының құрылуы тарихнамасының іргесін берік қалыптастырады. Әлі күнге дейін осы бірінші кезеңдегі тарихнамалық пікірлер мен тұжырымдардың көбі өздерінің ғылыми құндылықтарын жоғалтпай келе жатыр.





### 3.2. XX ғасырдың 30–40-жылдарындағы зерттеулер

Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының мәселелерін, оның ішінде, біз қарастырып отырған Қазақ хандығының құрылуы тарихын зерттеуде XX ғасырдың 30–40-жылдарындағы екінші тарихнамалық кезеңде біршама табыстарға қол жеткізілді. Алдыңғы беттерде айтып өткеніміздей, бұл кезеңнің басты ерекшелігіне – тарих ғылымын маркстік-лениндік ілім негізінде, яғни таптық тұрғыда қарастырудың орнығуы жатады. Осы тарихнамалық кезеңдегі зерттеушілер өздеріне дейінгі тарихшылардың тұжырымдарына «буржуазиялық», «ұлтшыл», «панисламдық», «пантүркілік» деген айдарлар тағып, оларды сынға алады. Олардың пікірлері ғылымнан жат, ғылыми емес деп жарияланады. С.Д. Асфендияровтың осыған қатысты төмендегі айтқан пікірі 30-жылдардағы Қазақстан тарихында қалыптасқан жағдайды көрсетеді. «Нәсілшілдік теориясын негізге ала отырып, олар (*Заки Вәлидиді, Губайдуллинді, М. Тынышпаевты айтып отыр – Б.К.*) Азия халықтарының, нақтырақ айтсақ, түрік-моңғол нәсілінің «ұлы» рөліне баса назар аударады. Қазіргі шығыс халықтары «ұлы ата-бабаларына еліктеуі, олардың рөлін қайта көтеруі тиіс деп санайды олар. Сөйтіп, тарихтың негізінде ұлтшылдық буржуазиялық идеология – жаңартылған панисламизм мен пантүркизмді қалыптастырып жатыр. Міне, Орталық және Орта Азия тарихының мәселелеріне буржуазияшыл тарихшылардың көзқарасы осындай» [193, 16-17-б.]. Тарих ғылымына сол кезеңдегі «ең мықты» идеология үстемдік орнатып, тарих ғылымының басты міндеттерін айқындап, көрсетіп береді. «Біздің міндетіміз – қазақ еңбекшілерінің жүріп өткен жолын, қоғамдық дамуының кезеңдерін анықтап көрсету болып табылады. Олар өздерінің өткенін буржуазиялық идеологтардың бұрмалап көрсетуімен емес, керісінше, нағыз маркстік-лениндік ілім негізінде айқын білуі тиіс. Біздің міндетіміз – қазақ еңбекші бұқарасының өзінің тарихи жолындағы таптық күрес жолдарын зерттеу болып табылады», – деп жазады С.Д. Асфендияров [193, 14-б.].

Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасындағы екінші кезеңде С.Д. Асфендияров, П.А. Кунте, П.М. Вяткин және 1943 жылы «Қазақ ССР тарихы» кітабының авторлары өз пікірлерін жаңа концепция негізінде ұсынса да, олардың еңбектері, кейбір тұжырымдары



мәселенің жалпы зерттелуінде алға басушылықты, деректік базаның кеңеюін көрсетеді.

1935 жылы профессор С.Д. Асфендияров пен П.А. Кунтениң редакциясымен «Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1. (V в. до н.э. – XVIII в.н.э.)» атты жинақтың жарық көруі тек қана Қазақ хандығы дәуірі үшін емес, жалпы алғанда, Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын зерттеу барысындағы ең ірі оқиғалардың бірі болып саналады. Жинақтың авторлары Қазақстан тарихында алғаш рет Қазақ халқының, Қазақстан тарихының әртүрлі тілдерде жазылған жазба дерек мәліметтерін ғылыми принциптерге сай жүйелеп, саралап және хронологиялық негізде топтастырады [123]. Егерде бұл жинақ жарыққа шыққанға дейін Қазақстан тарихының жазба деректері әртүрлі жинақтар мен әдебиеттерде сирек кездесетін кітаптарда басылып, оларды табу көптеген қиыншылықтарды туғызса, бұл жинақ бірқатар құнды деректерді көпшілік оқырмандармен таныстырды. В.В. Вельяминов-Зернов еңбегіндегі «Тарих-и Рашидиден» алынған Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі мәліметтер де осы жинақтың арқасында қалың оқырманға жол табады [123, 93–94-б.]. Мұхаммед Хайдар Дулатидың және тағы да басқа орта ғасырлық авторлар еңбегіндегі Қазақстан тарихына қатысты өте құнды тарихи мәліметтердің бір жинаққа шоғырландырылуы – зерттеушілер үшін өте қолайлы жағдайлар туғызып, жалпы Қазақстан тарихының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихының мәселелерін зерттеуге мол мүмкіндіктер береді. Жинақ жарыққа шыққан кезінен бастап, бірден құнды кітаптар қатарына енгізіледі. Ондағы көптеген деректердің ғылыми маңыздылығының деңгейін олардың әлі күнге дейін зерттеушілер назарынан түспей, тарихшылардың осы жинаққа жиі сілтеме беруінен байқаймыз. Сондай-ақ жинақтағы деректердің құндылығы ескеріліп, 1998 жылы ол екінші рет басылып шығады [193, 16–17-б.].

С.Д. Асфендияров 1935 жылы жарық көрген «История Казахстана» атты кітабында Қазақ хандығының құрылу мәселесін таптық тұрғыда қарастырып өтеді [193, 304-б.]. Ол өзінің негізгі тұжырымдарын М. Тынышпаевтың пікірлерін сынау тұрғысында білдіреді. Төменде оның пікірлеріне назар салып көрелік.

1) Әбілхайыр ханнан Керей мен Жәнібек хандардың бөлінуіне байланысты Әбілхайыр ханның жанында қалғандарды «өзбектер» деп, бөлініп кеткендерді «қазақтар» деп атайтындығымен келіс-



пейді. Оған дәлел ретінде С.Д. Асфендияров «қазақ» сөзі мен «өзбек» терминдерінің бөлінуден кейін бір-бірімен араластырып қолданылатынын тілге тиек едеді [193, 98-б.].

2) XV-XVI ғасырларда ноғай-өзбек-қазақ одақтарының ыдырау процесі әлі де болса ұлттық топтар арасындағы айырмашылықтардың толық ажыратылмағандығымен сипатталып, соған байланысты сол кезеңдегі саяси бірлестіктер: ноғай-қазақ немесе өзбек-қазақ болып, аралас сипатқа ие болады [193, 99-б.].

3) XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырдың басында далалық аймақтарда ірі жылжулар бәсеңсіп, қазақтар қазіргі Қазақстан территориясына берік орныққан кезде ғана дербес қазақтар тарихының басталғандығы туралы сөз айтуға болады [193, 99-б.].

4) Феодалдық-рулық топ басшыларының қалың бұқараны қанауы мен тонауы кейбір рулардың бөлінуі мен көшіп кетуіне алып келіп отырды, рулық бірлестіктер арасындағы құнды қырғындарда халық бұқарасының бас көтерулері стихиялы, ұйымдаспаған сипатқа ие болады. Қазақ тарихының осы кезеңін осылар толтырады [193, 99-100-б.].

С.Д. Асфендияровтың пікірлерін талдау арқылы, біз оның қате тұжырымдарының пайда болуының себептерін мынадай деп түсіндіреміз: а) «өзбек», «қазақ» терминдерін орта ғасырлық әрбір автор кейде әлеуметтік, кейде этникалық мәнде қолданса, С.Д. Асфендияров ол терминдерді этникалық мәнде қабылдайды; ә) Қазақ тарихы XVI–XVII ғасырлар шенінен басталады деп көрсетуі XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы этно-саяси процестерге терең мән бермеулерінен деп түсінеміз; б) хандықтың құрылу тарихында қалың бұқараның қанауға қарсы, талан-таражға қарсы бас көтерулерінің рөл атқарғанын басты фактор деп түсінуін – таптық тұрғының әсері деп есептейміз. Ал таптық көзқарастың тарихи процесті тек жартылай түсіндіре алатынын ескерсек, онда С.Д. Асфендияров пікірін нағыз дұрыс пікір дей алмаймыз. Дегенмен де оның пікірлерін жоққа шығаруға болмайды.

Екінші тарихнамалық кезеңде біз қарастырып отырған мәселе бойынша пікір білдіріп, ой айтқан тарихшылардың бірі – М.П. Вяткин болды. Оның «Очерки по истории Казахской ССР», «К вопросу об образовании Казахского ханства» атты жұмыстарында Қазақ хандығының құрылуы мәселесі арнайы қарастырылады [194, 76–89-б.; 195, 42–52-б.]. Төменде ғалымның пікірлеріне назар аударып көрелік.



1) Ғалым Қазақ хандығының алғашқы кезеңіндегі атауына қатысты «Жошы әулетінің ерекше иелігі», «Қазақ одағы», «Ерекше саяси бірлестік», «Қазақ мемлекеті» деген терминдерді жиі қолданып, Керей мен Жәнібек хандар тұсындағы олар негізін қалаған мемлекетке – Қазақ хандығы атауын қолданбайды.

2) Қазақ мемлекеттілігінің құрылуын жалпы алғанда Алтын Орданың ыдырауы кезеңіндегі жошылық ұрпақтардың өзара ішкі күрестерімен, ал нақтырақ алғанда, Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен мен Шейбан әулеттері арасындағы күреспен байланыстыра келе, ол күрестің Әбілхайыр хан тұсында өте шиеленісіп, жеңіліске ұшыраған Орда Ежен ұрпақтары қашуға мәжбүр болып, олардың «қашуын» Орда Ежен ұрпақтарының әулет билігін қалпына келтіру жолындағы күрес түрі деп есептейді.

3) Қазақтардың иелігі Моғолстанға тәуелді иелік ретінде пайда болады.

4) Қазақ Одағы XV ғасырдың екінші жартысында қалыптасады.

5) Алғаш рет тарихнамада М. Вяткин Қазақ мемлекетінің құрылуының саяси және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын мәселе етіп қояды. Бірақ ол оны шешуде қателіктерге бой алдырады. Оның ең басты қателігіне – Қазақ хандығының құрылған уақытын дұрыс анықтай алмауына байланысты саяси және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды XV ғасырдың екінші жартысындағы тарихи дамулардан іздестіруі жатады. Қазіргі кездегі мәселенің тарихнамасында Қазақ хандығының құрылған кезі XV ғасырдың ортасы деген пікірдің берік орныққандығына қарап, алғышарттарды тарихи оқиғаға дейін емес, одан кейін қарастыруды біз қателік деп санаймыз.

6) Жалпы алғанда, М.П. Вяткин Қазақ хандығының құрылуы мәселесін зерттеу барысында өзіне дейінгі тарихнаманың жеткен жетістіктерін пайдалана отыра, мәселенің көкжиегін кеңейтіп, кейбір жаңа қырларын ашуға күш салды.

Қазақ хандығының құрылуының тарихнамасындағы екінші кезеңнің соңғы тұжырымдамасына – 1943 жылы «Қазақ ССР тарихы» академиялық басылымындағы пікірлер жатады [196, 91–95-б.].

Томның авторлары Қазақ хандығының құрылуының жалпы сызбасына Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр билігінен бөлініп Моғолстанның батыс бөлігіне қоныстануын негізге алады да, осы оқиғаға қатысты кейбір мәселелерді басқаша түсіндіреді. Сон-



дай-ақ олар сол жылдарда қалыптасқан дәстүрге қарамастан, Керей мен Жәнібек негізін қалаған мемлекетті «Қазақ одағы», «ерекше саяси бірлестік», «иелік» деп атамай, олардың орнына «Қазақ хандығы» деген атауды қолданады. Авторлар одан да терең барып, «Қазақ хандығының пайда болуы» мәселесін жеке тақырып етіп, оны арнайы түсіндіреді. Енді осы ұжымдық авторлардың Қазақ хандығының құрылуы жөнінде айтқан пікірлеріне құлақ салып көрелік.

1) Алтын Орда ыдырап кеткеннен кейін Қазақстан аумағында Өзбек және Ноғай хандығы пайда болады да, олардың ішінде феодалдық күрестер жалғаса береді. Одан әрі том авторлары М. Вяткиннің Орда Ежен мен Шайбан әулеті арасында өткен күрестер туралы пікірін қайталайды.

2) Феодалдық топтар арасындағы талас-тартыстар еңбекші бұқараның жағдайына қатты әсер етіп, олардың шаруашылықтары күйзеліске ұшырайды. Сол себепті де көптеген көшпелілер тыныш өмір іздеп, Моғолстанға көшіп келеді. Моғолстанға тек қарапайым көшпелілер ғана емес, Керей мен Жәнібек сұлтандар да Әбілхайырдың тықсыруымен Шығысқа қарай қашады.

3) Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ауылдардың Моғолстанға келуі XV ғасырдың ортасында болған.

4) Моғолстанның батысында шашырап жүрген жергілікті түрік тайпалары мен Әбілхайыр ханнан қашып келген қауымдар Жәнібек пен Керей қоластына біріктіріледі. Сөйтіп, осы өңірде жаңа мемлекет – Қазақ хандығы дүниеге келеді.

5) Жәнібек хан тұсында Қазақ хандығы Моғолстанға тәуелділік қатынастарда болып, ол жағдай өз кезегінде жаңа мемлекеттің нығаюына мүмкіндіктер туғызады. Керей жөнінде еш нәрсе айтылмайды, Жәнібек хан – «Өз Жәнібек» деп аталынды деген пікірді білдіреді том авторлары.

Осылайша, академиялық томның авторлары Қазақ хандығының құрылуы мәселесінде өздеріне дейінгі зерттеушілердің жетістіктерін пайдалана отырып, оны одан әрі тереңдете түседі. Қазақ хандығының этникалық негізін Керей мен Жәнібек хандарға бағынышты ру-тайпалармен бірге Жетісудың жергілікті тұрғындары да құрады деген тың ой айтылады. Бірақ та неге екендігі белгісіз, оларға дерек мәліметі бойынша алғашқы қазақ ханы Керей екені белгілі болса да, том авторлары Жәнібек ханды алғашқы хан деп таниды.



### 3.3. Қазақ хандығы құрылуының XX ғасырдың 50–80-жылдарда зерттелуі

Өткен ғасырдың 50–80-жылдары ішінде Қазақстан тарихын, оның ішінде оның жекелеген мәселелерін зерттеуде маркстік-лениндік идеологияның үстемдік етуіне қарамастан алға басушылық байқалады. Осы кезеңде XIII–XVII ғасырлардағы Қазақстан тарихының маңызды тақырыптарына арнайы зерттеулер жүргізіліп, жеке монографиялық еңбектер жарық көреді [102, 159-б.; 197, 162-б.; 25, 288-б.; 24, 133-б.; 198, 103-б.; 199, 293-б.]. Қазақ хандығының құрылу мәселесі бойынша арнайы монографиялық зерттеулер жүргізілмесе де, ол тарихшылар назарынан тыс қалмай, зерттеушілер өз еңбектерінде бұл мәселеге тоқтап өтеді. Олар өздеріне дейінгі тарихнамалық жетістіктерге сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылуына қатысты тың ой-пікірлер айтып, жеке тұжырымдарды негіздейді. Дегенмен де, осы үшінші тарихнамалық кезеңнің бірнеше ерекшелігінің болғанын айта кеткіміз келеді. Оның біріншісіне – орта ғасырлық Қазақстан тарихының мәселелерімен арнайы жоғарғы тарихи білімі бар, шығыс тілдерін меңгерген зерттеушілердің айналысуы жатса, екінші ерекшелікке – осы кезде бұрын ғылымға беймәлім болған және өте сирек кездесетін дерек мәліметтерінің ғылыми айналымға енгізілуі жатады. Солардың арқасында орта ғасырлық көптеген дерек мәліметтеріне тек тарихшылардың ғана емес, қоғамтанушы ғалымдардың да қолдары жетіп, олар деректерді өз зерттеулеріне еркін пайдалануға мүмкіндіктер алады.

Қазақ хандығының құрылуының үшінші тарихнамалық кезеңінде А.А. Семенов, П.П. Иванов, С.К. Ибрагимов, К.И. Петров, М.Г. Сафарғалиев, В.П. Юдин, Г.А. Федров-Давыдов, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, М.Қ. Әбусейітова секілді белгілі шығыстанушы-ғалымдар мәселені терең зерттеуге күш салады. Олардың пікірлері мен тұжырымдары мәселенің тарихнамалық базасын кеңейтіп, байыта түседі. Енді төменде әрбір зерттеушінің Қазақ хандығының құрылуы тарихын зерттеуге қосқан үлестерін жеке-жеке қарастырып көрелік.

Белгілі кеңестік шығыстанушы-ғалым А.А. Семенов XX ғасырдың 50-жылдары XIV–XVI ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауреннаһрдың этникалық және саяси тарихы мәселелеріне арналған



көлемді мақалаларын жарыққа шығарады [200–202]. Оның бұл мақалалары ғылыми жағынан әлі күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Автордың қолданған деректеріне, ойлары мен тұжырымдарына қазіргі күндердегі зерттеушілер міндетті түрде сілтемелер жасап отырады. Оның «өзбек», «қазақ» атауларының мәндері туралы және «өзбек-қазақтардың» өзбектерден түпкілікті түрде бөлініп шығуының мерзімі жөніндегі пікірінің Қазақ хандығының құрылу мәселесіне қатысы бар болғандықтан оларға талдау жасалық.

1) Оның пікірінше, өзбектер Алтын Орданың тұрғындары емес және бұл атауды Алтын Орда ханы Өзбектен алды деп есептейтін кейбіреулердің пікірі толық дәлелденбеген [200, 35–36-б.].

2) Өзбектер мен қазақтар Дешті Қыпшақтың далалық бөлігінде бір халық болып өмір сүріп, сол себепті де кейбір зерттеушілердің айтып жүргеніндей, ішкі талас-тартыстар мен қақтығыстар нәтижесінде Шу өзеніне қарай көшіп кеткен өзбектердің бір бөлігін қазақтар деп атағандығы шындыққа сай келмейді [200, 36-б.].

3) Көшіп кету өзбек-қазақтар тарихындағы бір ғана оқиғалардың бірі, ол оқиға бүкіл халықты қамтымай, оның аз ғана бөлігін қамтыған. Сол себепті де қазақ сөзін бүкіл халыққа қатысты қолдануын қате деп санап, оны қайта қарау қажет [200, 36-б.].

4) Шейбани мен Орда иеліктеріндегі өзбек тайпаларының талас-тартыстары қанды қырғындарға ұласа келе, XV ғасырда шейбанилық хандар мен өзбек-қазақ арасындағы нақты күрестерге ұласады. Сөйтіп, өзбек-қазақтар деп аталатын Дешті Қыпшақтың өзбек тайпалары Шайбани ханның өзбектерінен түпкілікті түрде бөлінуі Шейбани ханның билігі тұсында жүзеге асады [200, 36-б.].

Көріп отырғанымыздай, А.А. Семенов бұған дейін айтылып келген және тарихнамада берік орныққан Қазақ хандығының құрылуы мен оның мезгілі жөніндегі пікірлерді жоққа шығарып, өз тұжырымдарын ұсынады. Алдын-ала ескерте кетейік, А.А. Семеновтың бұл пікірлерін тарихшылардың басым бөлігі қабылдаған жоқ. Ол пікірлер тек автордың жеке пікірлері ретінде ғана тарихнамада қалды.

Біздің ойымызша, А.А. Семеновтың жоғарыда айтып өткен пікірлерге келуіне мынадай факторлар әсер еткен: 1) Дешті Қыпшақ аумағындағы XIII–XVI ғасырлардағы болған тарихи процестерді терең қарастырмай, оның мәселелерінің тарихнамасына терең бойламаған.



2) Өз пікірін негіздеуде ол Йазиддың, Хондемирдің, Самаркандидің, Кухистанидың, Рузбиханның деректеріне, әсіресе, соңғы екі автордың мәліметтеріне сүйеніп, олардың мәліметтерін басқа авторлардың деректерімен салыстырмай, аударма күйінде баяндап өтеді. Сөйтіп ол, тарихи процестер мен құбылыстарды зерттеушінің тұрғысынан емес, деректердегі мәліметтердің ақпараттық ауқымы мен шеңбері тұрғысынан қарастырып, жоғарыда айтып өткеніміздей, тарихшылар арасында қолдау таппаған пікірге келген.

А.А. Семеновтың Қазақ хандығының құрылу тарихының әртүрлі мәселелеріндегі кейбір қате пікірлеріне қарамастан, оның Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһрдың XIV–XVI ғасырлардағы этникалық және саяси тарихына арналған жұмыстарының ғылыми маңызы өте жоғары болып саналады. Жұмыстың құндылығына, ең алдымен оның орта ғасырлық авторлар еңбектеріндегі мәліметтерді алғаш рет ғылыми айналымға енгізуі жатады деп санаймыз.

1957 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының жетекші мамандары жазған «Қазақ ССР тарихының» бірінші томы жарық көреді. Томдағы Қазақ хандығының құрылуын тарихшы В.Ф. Шахматов орындайды [203, 137–141-б.]. Онда Қазақ хандығының құрылу тарихының жазылуына сол жылдары ең беделді шығыстанушылардың бірі – А.А. Семеновтың пікірлері негізге алынады. Оның пікірі бойынша, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуі – орта ғасырлардағы жай ғана ру-тайпалардың қашып кетіп, басқа ханға барып қосылуы, ол жалпы сипатқа ие болмаған. Сондай-ақ XVI ғасырлардың басына дейін бірнеше қазақ сұлтандарының иеліктері болған деген тұжырым 1957 жылғы томда біз қарастырып отырған мәселемізге негіз болады. Енді осы академиялық басылымдағы пікірлер мен тұжырымдарға назар аударалық.

1) Томда тарау мен тарауша «Қазақ хандығының құрылуы» деп аталады да, «Алғашқы қазақ хандықтары Қазақстан аумағында XV ғасырда пайда болды» деген тезис ұсынылады [203, 137-б.].

2) «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібектің бөлініп кетуі туралы мәліметті келтіре отырып, Моғолстанның батысында Шу мен Сарысу өзендері аралығында Жәнібек хандығы пайда болғандықтан, көп ұзамай Жәнібек ханның туыстарының да Әбілхайыр ханнан тәуелсіз иеліктерінің құрылғандығы айтылады [204, 140-б.].





3) Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін, Өзбек Ұлысындағы алауыздықтарды пайдаланып, билікті тартып алу үшін Керей мен Жәнібек хандар басқа да сұлтандармен біріге отырып күрес жүргізеді. Бірақ Жәнібек хан Өзбек Ұлысында бірден орныға алмайды.

4) Өзбек Ұлысындағы билікке Мұхаммед Шайбан хан келеді де, Бұрындық пен Шайбан хан арасында күрестер жүреді.

5) Қазақ даласында Бұрындық хандығымен қатар, Қасымның, Жаныштың, Таныштың, Ахмедтің және тағы басқа сұлтандардың иеліктері болды.

6) XV ғасырдың 80–90-жылдары қазақ хандары мен Мұхаммед Шайбани хан арасында Сыр қалалары үшін күрестер жүреді.

7) Мұхаммед Шайбан ханның Мауереннахрда Темір әулетін жеңіп, билікті тартып алуы, олардың Шығыс Дешті Қыпшақтағы тайпаларымен байланысын үзеді де, далалы аймақтарда қазақ хандарының билігі үстемдік құрады [204, 11-б.]. Байқап отырғанымыздай, 1957 жылғы «Қазақ ССР тарихының» бірінші томында Қазақ хандығының құрылуы мүлде басқаша түсіндіріледі. Тұжырым авторының түсіндіруінше, алдымен, ұсақ қазақ хандықтары құрылған, кейіннен, ұсақ хандықтардың бірігуі нәтижесінде, Қазақ хандығы дүниеге келген.

Бұл тезисті 50-жылдардың екінші жартысында С.К. Ибрагимов қана қабылдап, оны одан әрі дамытуға күш салады. Ал басқа зерттеушілер одан бас тартып, өз жұмыстарында бір ғана Қазақ хандығы жөнінде ойларын білдіреді. XX ғасырдың 60–80-жылдарындағы осы мәселе бойынша пікір білдірген тарихшылардың тұжырымдары 1957 жылғы академиялық басылымдардағы тезистің қате екендігін көрсетіп береді.

Осы жылдары XV–XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде өмірден ерте кеткен шығыстанушы ғалым С.К. Ибрагимовтың қосқан үлесі ерекше. Ол өзінің қысқа ғұмырында он шақты ғылыми мақалалар жариялап, оларда негізінен ол XV–XVI ғасырлардағы шығармалардың мәліметтерін жариялап, орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізеді. Сондай-ақ орта ғасырлық Қазақстан тарихының өзекті мәселелері бойынша өзіндік тұжырымдарын білдіреді.

Оның ерекше назар аударған мәселелерінің біріне тың дерек мәліметтерін орыс тіліне аударып жариялау жатса, екіншісіне –



тың дерек мәліметтері арқылы XV–XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін түсіндіру, түйінді жерлерін шешу жатты. С.К. Ибрагимов XV ғасыр ортасындағы Дешті Қыпшақ тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі – Қазақ хандығының құрылуы жөнінде өз пікірлерін білдіреді. Оның пікірлерін топтастырсақ, мынадай ойларды көреміз.

1) Керей мен Жәнібек XV ғасырдың 60-жылдарына дейін Өзбек Ұлысындағы жоғарғы билік үшін күрестерде ешқандай рөл атқармаған. Оған «Тарих-и Абулхайр-хани» еңбегінде Керей мен Жәнібек жөнінде ешқандай деректердің кездеспеуі дәлел болады [205, 155-б.; 206, 86-б.].

2) Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр хандығынан бөлініп кетуі де «көшпелі өзбектер» елінің саяси тарихында онша елеулі оқиға болып саналмаған. Көшіп кету туралы Кухистани ешбір мәлімет бермейді [205, 155-б.; 206, 86-б.].

3) XV–XVI ғасырлар шенінде Әбілхайыр хандығынан жаңа феодалдық иеліктер бөлініп шығып, кейіннен ол иеліктер дербес Қазақ хандығы болып қалыптасады [207, 66-б.].

Біз С.К. Ибрагимов пікірінің А.А. Семенов пікірлерімен ұштасып, араласып жатқанын байқаймыз. Соған қарағанда өте белді шығыстанушы ғалымның С.К. Ибрагимовке әсері күшті болған сияқты. С.К. Ибрагимов пікірлеріне қазіргі кездегі тарихнаманың жеткен биігі тұрғысынан қарасақ, оның пікірлерінің шындықтан алшақ екендігін аңғарамыз. Біздің ойымызша, С.К. Ибрагимовтың мұндай шындыққа жуыспайтын пікірлер жасауына оның бір ғана дерек мәліметіне – шибанилық дерекке сүйеніп айтуы жатады. Жалпы, мұндай қате тұжырымға қарамастан, С.К. Ибрагимовтың XV–XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуге қосқан үлесі аз емес деп санаймыз.

XX ғасырдың 50-жылдарының соңы мен 60-жылдарының басында Қазақ хандығының құрылуы мәселесін арнайы түрде зерттемесе де, П.П.Иванов, М.Г. Сафарғалиев, К.И. Петров сынды тарихшылар өздері қарастырып отырған мәселе шеңберінде оған тоқталып өтеді. Мысалы, П.П. Иванов өз еңбегінде Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр хандығының ыдырауын қарастыра отырып, Керей мен Жәнібек хандардың «көшпелі өзбектерден» бөлініп



кетуінің себептерін анықтауға тырысады. Оның пікірінше, XV ғасырдың 40-жылдары Әбілхайыр ханның әскери қуаты ең шегіне жетеді, бірақ ханның қатаң шараларына қарамастан, кейбір Шыңғыс ұрпақтарының қарсылықтарын жоя алмайды. Оның басты себебіне Әбілхайыр хандығында қандай да бір басқару жүйесінің немесе биліктің орталықтанған әкімшілігінің болмауын жатқызады. Сондай-ақ хан билігінің тайпаларға жүргізілуін тайпа көсемдерінің мүдделеріне байланысты болғандығын айтады П.П. Иванов [208, 35-б.]. Ал нақты Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуі жөнінде ол мынандай тұжырымдарға келеді. Әбілхайырға және оны қолдайтын жақтастарына қарсы күресті одан әрі жалғастыруға мүмкіншіліктері болмай Керей мен Жәнібек өз туыстарымен, жақтастарымен XV ғасырдың 50-жылдары Моғолстанға кетуге мәжбүр болады. Көшпелі тайпалардың мұндай ұйымдасқан түрде ханнан бөлініп кетуі, олардың хан саясатына қарсы екендігін көрсетеді [208, 37-б.].

П.П. Иванов Әбілхайыр хандығының күйреуінің басты себебіне экономикалық факторды жатқызып, «көшпелі өзбектер» елінің аумағы әртүрлі экономикалық орталықтарға тартылғандықтан, батыс аймақтарының орталығы Астрахань болған төменгі Еділ бойына, ал Шығыс аймақтардың Орта Азияның гүлденген өңірлерімен экономикалық байланыста болғандығын айтады. Ал мемлекеттің өз ішінде ірі орталықтардың болмауы тайпалар арасындағы экономикалық байланыстардың орнамауына алып келіп, саяси жағынан бірігуге кедергі жасайды [208, 37-б.]. Осылайша, П.П. Иванов Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі негізгі тұжырымдарды қолдай отырып, оны өзінің тың тұжырымдарымен толықтырады. Мемлекетті басқаруда орталықтандырылған жүйенің болмауы, хан саясаты мен тайпа көсемдері мүдделерінің сәйкестілігі, «көшпелі өзбектер» елінде экономикалық орталықтардың болмай, көрші елдердегі орталықтармен байланыста болған деген пікірлер XV ғасырдағы Әбілхайыр хандығының ішкі өмірін түсінуге мол мүмкіндіктер береді. Ал Керей мен Жәнібектің бөлінуіне байланысты ол алғаш рет тарихнамада көшу барысы ұйымдасқан түрде өтті деген ой айтады. Кейінгі зерттеушілер П.П. Ивановтың пікірлерін теріске шығармай, оларды одан әрі қарай тереңдете түседі. Біз оны К.А. Пишулина зерттеулерінен байқай аламыз.



Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына қатысты кейбір пікірлерді К.И. Петров өз зерттеуінде білдіріп өтеді. Оның пікірі бойынша, XV ғасырдың басында қыпшақтық Ақ Орданың орнына татарлар деген атаумен Сібір хандығы, Шығыс Дешті Қыпшақта өзбек немесе «өзбек-қазақ» деген атаумен екінші тайпалар одағы құрылып, өзбек-қазақтар XV ғасырда екі ірі тайпалық бірлестікке бөліне бастайды. Қазақ тобын Орда ұрпақтары, өзбек тобын Шейбан ұрпақтары басқарып, олардың арасында күрес жүреді. XV ғасырдың 50-жылдары Керей мен Жәнібек бастаған қыпшақ-қазақ тобы Әбілхайыр ханнан жеңіліс тауып, 200 мың адамымен Шу бойына қоныс аударады және бұл өңірде бірнеше жыл болады [209, 33–35-б.]. К.И. Петровтың пікірлері тың және оған дейін ешбір зерттеуші айтпаған ойларға жатады. Бірақ та оның пікірлерінің кейбір тұстары шындыққа сай емес. Мысалы, ол «өзбек-қазақ» атауын көшпелі өзбек немесе Әбілхайыр хандығының барлық тайпаларына қатысты қолданады. Рузбиханның дерегінде Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының жалпы атауы – өзбек деп аталғандығы, ал «өзбек-қазақ» атауы тек одан бөлініп шыққан Керей мен Жәнібек тайпаларына қатысты айтылатындығы Мұхаммед Хайдар Дулатида да баяндалады [133, 110-б.]. Ал «көшпелі өзбектер» мемлекетінде Орда Ежен ұрпақтарын қолдайтын тайпалар одағының болғандығы және бөлінудің ұйымдасқан түрде жүрді деген пікірі қазіргі кезде толық дәлелденіп отыр [192, 3–7-б.].

Осы жылдарда XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси жағдайының тарихы көрнекті тарихшы М.Г. Сафарғалиевтың зерттеулерінде кеңірек қарастырылады [49, 453–483-б.]. Автор Алтын Орданың ыдырау процесін қарастыра отырып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр хандығының тарихына, одан бөлініп шыққан Қазақ хандығына арнайы тоқтап өтеді. Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты М.Г. Сафарғалиев мынадай ой-пікірлерді білдіреді:

1) Керей мен Жәнібек бастаған көшпелі өзбектердің бір бөлігі бөлініп кеткенге дейін Әбілхайыр хандығынан маңғыттар, карақалпақтар бөлініп шыққан [49, 461-б.];

2) «Көшпелі өзбектердің» бір бөлігі Керей мен Жәнібектің маңына топтаса бастайды да, бөлініп кету үшін қолайлы сәтті күтеді;

3) Керей мен Жәнібектің бөлінуі Әбілхайыр ханның Сығанақ түбінде жеңілуінен кейін іле-шала болған;



4) «Қазақ сұлтандарының билігі 870 (1465–66) жылдары бас-талды» деген «Тарих-и Рашиди» мәліметіне сүйеніп, М.Г. Сафарғалиев «қазақ сұлтандарының билігі» Әбілхайыр ханнан бөлінбей тұрып-ақ болған деген пікірді айтады;

5) Қазақ хандығы XV ғасырдың 60-жылдарында Орда Ежен Ұлысының бір бөлігінде құрылған;

М.Г. Сафарғалиевтың пікірлерінің барлығын қазіргі кездегі тарихнама биігінен қарастырғанымыз да дұрыс деуге болады. Бірақ та тың кейбір пікірлеріндегі тарихи дата қате айтылады. Мысалы, Үз-Темір тайшы мен Әбілхайыр хан арасындағы ұрыстың 1457 жылы болғандығы нақты белгілі, бірақ бұл оқиғаны М.Г. Сафарғалиев 1451 жылы болған деп түсіндіреді.

Жалпы, Қазақ хандығының құрылуы, кеңірек алғанда XV ға-сырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси тарихы мәселелері жө-ніндегі М.Г. Сафарғалиевтың пікірлері мен жасаған тұжырымдары әлі күнге дейін өзінің ғылыми құндылығын жоғалтқан жоқ. Оның бір дәлеліне – осы кезеңдегі Дешті Қыпшақ тарихымен айналыса-тын зерттеушілердің оның еңбегіне жиі-жиі сілтемелер беруі жатады.

Қазақ хандығының құрылуы жөнінде өз ойларын Б.А. Ахмедов те «Государство кочевых узбеков» атты монографиясында айтып өтеді [102, 159-б.].

Б.А. Ахмедовтың бұл мәселе жөніндегі айтылған пікірлерінде өзіне дейінгі айтылған тұжырымдардан ешқандай айырмашылық жоқ. Оның тұжырымдарына «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жә-нібектің Әбілхайырдан бөлініп кетуі туралы дерек негіз болады. Зерттеушінің пікірлерінен мынадай ойларды атап көрсетуге болады:

1) Керей мен Жәнібек Ақ Ордадағы Барақ ханның иелігін ием-деніп қалған, бірақ олар және олардың иелігі жөнінде XV ғасырдың ортасына дейін ешқандай деректе айтылмайды [102, 62-б.].

2) Керей мен Жәнібек Моғолстанға келгенде моғол ханы Есен-бұға оларды Моғолстанның солтүстік-батыс бөлігінде орнығып қал-ған қалмақтардан елдің ішкі аймақтарын қорғау үшін Моғолстанның батыс бөлігін береді [102, 62-б.]. Б.А. Ахмедовтың бұл пікірімен келісу қиын. Біріншіден, Моғолстанның солтүстік-батысында қал-мақтардың қоныстанып, өмір сүргендігі туралы ешбір деректе ай-тылмайды. Олар бұл өңірге жорықтар барысында келіп, жорықтан



кейін өз елдеріне оралып отырған. Екіншіден, Есенбұға ханның не себепті Моғолстанның батыс бөлігіндегі Шу өңірі мен Қозыбасы тауы жанындағы жерлерді Керей мен Жәнібекке бергендігін Махмұд бен Уәли өте жақсы атап өткен еді. Оның дерегі бойынша, бұл жерлер – Есенбұға хан мен Жүніс ханның иеліктері арасындағы жерлер болған [136, 35-б.].

3) Б.А. Ахмедов Қазақ хандығының құрылған кезін немесе жылын нақты айқындай алмай, өз еңбегінде бірнеше датаны көрсетеді [102, 35-б.].

Бұл туралы кезінде белгілі шығыстанушы В.П. Юдин «Государство кочевых узбеков» атты еңбекке сын-ескертпе айтып өткен болатын [46, 267-б.]. Сол себепті де біз Б.А. Ахмедовтың Қазақ хандығының құрылған жылы жөніндегі пікірлерін айқын емес деп есептейміз.

XX ғасырдың 60–80-жылдары белгілі қазақстандық шығыстанушы-ғалым В.П. Юдин (1928-1983) XIII–XVIII ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуге аса көп еңбек сіңіреді. Оның сіңірген еңбегінің бір қырына кейінгі орта ғасырлық кезеңнің деректік базасын кеңейту, соған қатысты жүргізген зерттеулері жатады. В.П. Юдин арнайы түрде Қазақ хандығының құрылуын зерттемесе де, мәселені терең біліп, оның әртүрлі мәселелерін жан-жақты менгергендігін ғалымның ғылыми жұмыстарға берген сын-ескертпелерінен, жеке-леген мақалаларынан көруге болады. Төменде оның осы мәселеге қатысты пікірлеріне назар салып көрелік.

В.П. Юдин 1969 жылы жарық көрген «Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атты жинаққа арнап «Персидские и тюркские источники по истории казахского народа XV–XVIII веков» атты мақаласын жазды. Бірақ та бұл мақала түсініксіз жағдайда жинаққа енбей, тек 2001 жылы ғана жарық көреді [46, 17–71-б.]. Жалпы алғанда, ғалым осы мақаласында алғаш рет XV–XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихына қатысты парсы және түрік тілдеріндегі тарихи шығармаларға деректанулық тұрғыда сипаттама бере келе, оларды жүйелеп сипаттайды, әрбір шығармадағы мәліметтерге ерекше назар аударады. Мәліметтердің маңыздылығына, құндылығына көңіл бөледі, олардың қандай тарихи мәселені ашуға көмегі тиетінін нақты көрсетіп береді.



Мысалы, ол парсы және түрік тілдеріндегі деректердің этникалық тарих үшін баға жетпес маңызы бар екенін ерекше айта келе, солар арқылы XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы этносаяси процестерді түсіндіреді. Оның көрсетуінше, XIV ғасырдың өзінде осы аумақта өзбек терминімен аталатын этникалық қауымдастық пайда болған; 1465–1466 жылы өзбек тайпаларының бір бөлігінің Жетісу жеріне көшіп кетуі – өзбектердің саяси жағынан ажырауына алып келеді де, көшіп кеткендерге өзбек-қазақ, ал қалып қойғандарға – өзбек-шибан атауы таңылған. Кейіннен екі атау қысқартылып, бірі – қазақ, екіншісі – өзбек деп аталған [46, 59–60-б.]. Одан әрі В.П. Юдин мынандай жалпы қорытындыға келеді. Саяси себептерге байланысты Шығыс Дешті Қыпшақта дүниеге келген халықтар жаңа атауларға ие болады [46, 60-б.].

Ал енді нақты Қазақ хандығының құрылуы мәселесіне байланысты В.П. Юдин өзінің «Историографическая концепция автора «Тарих-и Рашиди» Мирза Мұхаммед Хайдар доглетта» атты мақаласында мынадай өте маңызды пікірді білдіреді. Мұхаммед Хайдар Керей мен Жәнібектің көшуін Есенбұға ханның билігі тұсында болғандығын нақты жазады да, қазақ хандарының билігі 870 (1465–1466) жылдан басталғандығын айтады. Бірақ та Есенбұға ханның 1461/1462 жылы қайтыс болғандығына қарағанда, Керей мен Жәнібектің көшіп кеткен жылы – 1465–1466 жыл бола алмайды. Мұхаммед Хайдар 870 (1465–1466) жылды Әбілхайыр ханның қайтыс болған жылы деп есептеп, Керей мен Жәнібектің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі осы жылдан бастап басталған деп санаған. Қазір Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келуін 1461–1462 жылға дейін болған деп нық сеніммен айтуға болады [46, 195-б.]. Осылайша, В.П. Юдин бұған дейін Қазақ хандығының құрылған жылы немесе Керей мен Жәнібектің Моғолстанға көшіп келген жылы туралы айттылып келген әртүрлі пікірлердің негізсіз екендігін дәлелдеп берді. Кейіннен бұл пікірді шығыстанушы Т.И. Сұлтанов негізге алып, оны одан әрі қарай нақтылай түсті. Жалпы В.П. Юдиннің Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі ойларын қорыта келе, олар әлі күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ, соларды негізге алып, зерттеуді одан әрі тереңдете түсуге болады деп есептейміз.

Осы үшінші тарихнамалық кезеңде XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихын зерттеуде 1969 жылы «Материалы по



истории Казахских ханств XV–XVIII веков» атты деректер жинағының жарық көруі ерекше рөл атқарады [110]. Жинақты құрастырушылар осы ғасырлардағы қазақ тарихы үшін деректік материалдарды өте маңызды 17 парсы және түрік тілдеріндегі шығарманың Қазақстан тарихына қатысты мәліметтерін орыс тіліне аударып, әрбір дерекке алғы сөз жазып, түсініктемелермен қамтамасыз етеді. Ондағы 17 шығарма мәліметінің 8-нің Қазақ хандығының құрылуына әртүрлі дәрежеде қатысы бар. Мысалы, «Тауарих-и гузида-йи нусрат наме», «Шайбани-наме», «Фатх-наме» деректерінде Әбілхайыр хан қайтыс болып, оның мұрагері – Шайх Хайдар ханға қарсы күрескен саяси күштер арасында басқалармен бірге Қазақ хандығы тарапынан Барақұлы Жәнібек ханның есімі кездеседі. Керей хан есімі алғашқы дерек мәліметінде айтылады да, соңғы екеуінде оның есімі кездеспейді [110, 19-б.; 56–57-б.; 99-б.].

«Тарих-и Абулхайр-хани» еңбегіндегі мәліметтер Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында XV ғасырдағы болған этникалық және саяси процестерді зерттеуге негізгі дерек көздері болады. Бұл деректің мәліметтері, сонымен қатар, Қазақ хандығының құрылуының XV ғасырдың екінші жартысындағы этникалық алғышарттарын ашып көрсетуде баға жетпес маңыз атқарады. «Тарих-и Кипчаки» еңбегінде өте қысқа көлемде Қазақ хандығының құрылу кезеңдеріне қатысты мәліметтер кездеседі [210]. Бұл мәліметтің құндылығы сонда, онда алғаш рет 1469–1470 жылдарда Шығыс Дешті Қыпшақ үшін жүргізілген күрестерде Бұрындық ханның есімі аталады. Сондай-ақ ол деректегі мәліметтер XV ғасырдың 40–70-жылдарындағы Қазақстан аумағында болған этносаяси мәндегі оқиғалардың кейбір жақтарын ашуға көмектеседі.

Жинаққа Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің екі бөліміндегі қазақтарға тікелей қатысты тұстарының кең көлемде енгізілуін тек Қазақ хандығының құрылуы мәселесінде ғана емес, жалпы XIII–XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде өте елеулі оқиға деуге болады. Бұған дейін «Тарих-и Рашидидің» үзінділері В.В. Вельяминов-Зерновтың аударуымен 1864 жылы жарық көрсе, осы нұсқаны 1935 жылы С. Асфендияров пен П. Кунте өздері құрастырған жинаққа енгізген еді [105, 130–223-б.; 123, 91–100-б.]. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінің ағылшынша аудар-





масы 1895 жылы Лондонда жарық көріп, үш жылдан соң оның екінші басылымы шыққан болатын [204]. Қазақстандық шығыстанушы ғалымдардың еңбегінің арқасында «Тарих-и Рашидидін» қазақ хандығына қатысты мәліметтері біз сөз қылып отырған жинаққа еніп, қалың көпшіліктің де ортақ игілігіне айналды.

«Тарих-и Рашидидін» екі бөліміндегі Қазақ хандығының құрылуына қатысты мәліметтер XV ғасырдың бірінші жартысындағы Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайын, не себепті моғол ханы Есенбұғаның Керей мен Жәнібекке Шу бойынан жер бергендігін, Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр хандығының көшуі барысын білуге, сондай-ақ Қазақ хандығының құрылуы тарихына қатысты жалпы мәселелерді зерттеуге мүмкіндіктер береді.

Махмұд бен Уәлидің еңбегіндегі Қазақстан тарихына қатысты мәліметтердің де жинаққа енгізілуі жалпы жинақтың құндылығын одан әрі күшейтіп тұр. Оның Қазақ хандығының құрылуына қатысты мәліметтері Мұхаммед Хайдар Дулатидан алынса да, кейбір мәліметтердің бірегейлік сипаты басым. Мысалы, Керей мен Жәнібек хандар иеленген Шу мен Қозыбасы аралығындағы иеліктің ағалы-інілі екі моғол хандарының иеліктері арасындағы аймақ екендігін біз тек Махмұд бен Уәлидің дерегінен ғана кездестіреміз [136, 352-б.].

Осылайша, 1969 жылы төрт тарихшы-шығыстанушы еңбегінің арқасында жарық көрген жинақтың орта ғасырлық Қазақстан тарихын зерттеудегі рөлінің зор болғандығын тағы да қайталай келе, ондағы мәліметтердің Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеудегі маңызын төмендегіше қорытындылаймыз.

1) Жинақтағы әрбір шығарманың мәліметі мәселенің әр қырын түсінуге мүмкіндіктер берсе, ондағы мәліметтердің барлығын жинақтап, топтастырсақ, онда Қазақ хандығының құрылу тарихын барынша білуге болады деп сеніммен айта аламыз.

2) Жинақтағы мәліметтер Қазақ хандығының құрылуындағы саяси, этникалық алғышарттарды, хандықтың құрылу барысын өз ішінде бірнеше сатыға бөліп, әр сатыдағы оқиғаларды жеке-жеке талдауға мүмкіндіктер береді.

3) Жинақтағы мәліметтердің біз сөз етіп отырған мәселе бойынша деректік маңызын түйіндей келе, ол мәліметтер – Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуде ең басты материалдар болып саналады дейміз.



Қазіргі күндерде XIII–XVII ғасырлардағы Қазақстан тарихының көрнекті зерттеушілерінің біріне айналған Т.И. Сұлтанов өзінің алғашқы ғылыми жұмыстарын біз қарастырып отырған тарихнамалық кезеңде бастайды. Ол өзінің 1971 жылы жарияланған көлемі жағынан өте қысқа болса да, мазмұны жағынан терең «Некоторые замечания о начале казахской государственности» атты мақаласында Қазақ хандығының ең алғашқы кезеңінің, яғни құрылу тарихының мәселелерін қозғайды [211, 54–57-б.]. Оның дәлелдеп көрсетуі бойынша Керей мен Жәнібектің көшпелі өзбектердің негізгі бөлігінен бөлініп кетуі – Өзбек Ұлысындағы ішкі қайшылықтардың шиеленісуі мен Әбілхайыр хан билігінің ең әлсіреген кезеңіндегі біршама дербес сұлтандардың қарсылығының түрі болып, ол- қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу барысындағы оқиғалар тізбегінің ең маңыздысына және де жаңа саяси құрылымының атауының анықталуында ерекше рөл атқарған [211, 55-б.]. Одан әрі Т.И. Сұлтанов Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөлінуінің себептеріне көңіл аударып, әлеуметтік-экономикалық себептерге ерекше көңіл қояды. Оның пікірі бойынша Әбілхайыр ханның көшпелі тайпаларды қанауы күшейеді, сол себепті де тұрғындардың әлеуметтік жағдайы күрт нашарлап кетеді де, олар көрші елдерге көшіп кетуге мәжбүр болады. Әбілхайыр ханға наразы жошылық сұлтандар: Керей мен Жәнібек өздерінің әлеуметтік мүдделеріне сай, бөлінудің басында тұрады [211, 56-б.].

Осы мақаласында Т.И. Сұлтанов моғол ханы Есенбұғаның көшіп келушілерді жылы қабылдауының бірнеше себептерін көрсетеді. Бірінші себепке – солтүстіктегі көшпелі тайпалардың жорықтарына тосқауыл қоюға Есенбұға ханның мүмкіншілігі болмауы жатады. Екінші себепке көшіп келушілер арқылы өз иелігінің батыс шекараларын ағасы Жүністен қорғауы, ал келесі себепке – көрші елдің жауын өз жағына тарту арқылы оларды қажет кезінде сол елге қарсы қолдануға ұмтылуы жатады [211, 57-б.].

Т.И. Сұлтановтың назарынан хандықтың құрылған жылы жөніндегі мәселе де тыс қалмайды. Ол Әбілхайыр ханның соңғы жорығы мен оның осы жорық барысында қайтыс болғанын негізге ала отырып, Керей мен Жәнібектің Өзбек Ұлысына қайтып келгенін, ондағы жоғарғы билікті тартып алғанын айтады. Сөйтіп



ол «қазақ» сөзін Өзбек Ұлысына ала келгенін хабарлайды. Ол Қазақ мемлекеттілігінің басталуы XV ғасырдың 70-жылдарына сай келеді деген қорытындыға келеді [211, 57-б.].

1982 жылғы монографиясының қосымшасында ол Қазақ хандығының құрылған жылы туралы мәселеге тоқтап, оны 1470–1471 жылдары болған деп есептейді [24, 114-б.]. Т.И. Сұлтанов өзінің осы пікірін ешбір өзгертпей, қазіргі кездердегі зерттеулерінде оны тереңдетіп, кең түрде қарастыруда. Біз ол мәліметтерді Қазақ хандығының құрылуының қазіргі кезеңдегі (1991 жылдан басталады) тарихнамасында арнайы қарастырамыз.

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі кезеңдерде XV–XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихының ірі маманы әрі зерттеушісі болып отырған Т.И. Сұлтанов өткен ғасырдың 70-жылдарында-ақ өзінің алғашқы ғылыми жұмыстарының тақырыбын қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіне арнап, әлі күнге дейін ғылымилығын жоғалта қоймаған тұжырымдар жасайды. Ол тұжырымдар біз сөз етіп отырған тарихнамалық кезеңнің басты нәтижелеріне жатады.

Қазақ хандығының құрылу тарихнамасындағы үшінші кезеңнің ең іргелі еңбегіне және ең белгілі зерттеушісіне, біздің ойымызша, К.А. Пищулина және оның «Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVII веков» атты еңбегі жатады [25]. Монографияда, негізінен, XIV–XVI ғасырлардағы орта ғасырлық Моғолстан мемлекетінің тарихы қарастырылады. Қазақстанның оңтүстік-шығысы осы кезеңде Моғолстанның құрамдас бір бөлігі болып есептелгендіктен, Қазақ хандығының құрылуында осы аймақтың және XV ғасыр ортасындағы моғол билеушілерінің тікелей қатысы бар болғандықтан, К.А. Пищулина еңбегінің соңғы, төртінші тарауын Қазақ хандығының құрылуы мен Моғолстанның ыдырауына арнайды [25, 210–274-б.]. Осы ауқымды мәселені автор өз ішінде бірнеше мәселелерге жіктеп, оның бірін – Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары деп атайды. Ол Қазақ хандығының құрылуының терең түп-тамырлары Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Ақ Орда мен Әбілхайыр хандығы және Моғолстан мемлекетінің тарихымен байланысты деген жалпы тезис шеңберінде төмендегідей қорытындылар жасайды.



а) Шығыс Дешті Қыпшақ пен Моғолстан аумақтарында өмір сүрегін түрік тілдес тайпалардың этно-саяси және шаруашылық-мәдени дамуына XIII ғасырдағы моңғол жаулаушылығы бірдей кері әсер етеді, олар моңғол үстемдігінен қатар құтыла бастайды, этникалық бірігуді бірге бастарынан өткізеді.

ә) шаруашылық XIV–XVI ғасырларда қалпына келтіріліп, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік шаруашылықтар арасындағы байланыстар дамиды да, ол өз кезегінде Қазақстанның далалы аймақтары, Жетісу, Оңтүстік-Қазақстан өңірлеріндегі тұрғындарды бір-бірімен жақындата түседі.

б) Екі аймақтағы мемлекеттердің әлеуметтік дамуларында көптеген ортақ белгілер болады.

в) Ақ Орда мен Моғолстанның құрылуының өзінде ортақ ұқсастықтар болған, екеуі де жеке дербес ел ретінде жергілікті этникалық негізде құрылады.

г) Екі мемлекеттегі этникалық дамуларда да ортақ белгілер болады. Моңғол үстемдігінен кейін Ақ Орда мен Моғолстандағы саяси және мәдени дамулар әлеуметтік-экономикалық қауымдастық халықты қалыптастырады. Осы екі мемлекеттегі одан арғы этнодамулар қазақ этносын дүниеге келтіреді. К.А. Пищулинаның атап көрсеткеніндей, Ақ Орда мен Моғолстан Қазақстан аумағындағы моғолдар үстемдігіне дейінгі Қыпшақ және ежелгі Үйсін (Усунь) тайпалық одақтарының XIII ғасыр басында үзілген этникалық процесті одан әрі жалғастырады. Сөйтіп, қазақ этногенезінің екі орталығы арасында тығыз байланыстар қалыптасып дамиды.

ғ) Екі аймақ арасындағы шаруашылық байланыстардың дамуы этникалық процесті одан әрі нығайтады.

д) Феодалдық қатынастардың дамуы патриархалдық қатынастарды әлсіретіп, жаңа қатынастар негізіндегі этностың қалыптасуына оң әсер етеді.

е) XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші жартысында Ақ Орда мен Моғолстандағы тайпалардың этникалық құрамы тұрақталып, түрік, түріктенген моңғол тайпалары арасындағы айырмашылықтар азайып, Қазақстан тұрғындары біртекті бола түседі.



ж) XV ғасырдың ортасына таман Шығыс Дешті Қыпшақ пен Моғолстан (оның ішінде Жетісу аймағы) аймағындағы барлық тарихи процестердің ортақ саяси кеңістікте дамуына Қазақ хандығының құрылуы жағдай жасайды [25, 210–246-б.]. Осылайша, К.А. Пищулина Қазақ хандығының құрылуы тарихнамасында алғаш рет мәселені тереңірек қозғап, алғышарттардың өзін өз ішінде бірнеше мәселелерге бөледі де, олар жөнінде өз пікірлері мен ойларын білдіреді. XX ғасырды 70-жылдары үшін ол қарастырылған мәселелер нақты болып көрінгенімен, қазіргі кезең тұрғысынан қарастырсақ, ол пікірлер жалпылама сипат алып тұр. Дегенмен де, ғалымның Қазақ хандығының құрылуына байланысты айтқан пікірлерінің көбі әлі күнге дейін өзінің ғылымилығы мен құндылығын жоғалтқан жоқ.

К.А. Пищулинаның екінші бір пікірлері нақты Қазақ хандығының құрылуы барысына қатысты айтылады. Автордың өзі айтып өткендей, Қазақ хандығының құрылуына қатысты көптеген мәселелердің ішінде үш мәселені: Керей мен Жәнібектің көшуіне байланысты Қазақ хандығының құрылған уақыты мен жері; Қазақ хандарының Моғолстан билеушілерімен қарым-қатынасы; Қазақ хандығының құрылуының Жетісу мен Моғолстан тұрғындары үшін маңызды мәселелерін жеке қарастыру қажет деп санайды [25, 246-б.].

Біз төменде оның осы мәселелер бойынша айтқан пікірлеріне тоқталып, оларға талдау жасалық.

К.А. Пищулина хандықтың құрылған мерзімі туралы өзіне дейінгі аталған пікірлерге қысқаша шолу жасай келе, олардың тұжырымдарын қабылдамайды, ол пікірлердің әлсіз тұстарын көрсетеді [25, 248–250-б.]. Өз кезегінде ол орта ғасырлық қоғамда феодалдық қанауға қарсы қарапайым көшпелілердің қарсылықтарының бір түріне – одан бөлініп кетуді жатқызады да, Әбілхайыр ханның езгісіне қарсылық ретінде көшіп кетулер болып тұрған дей келе, ең жаппай көлемде болған көшіп кетуге Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған көшуді жатқызады. Әбілхайыр хандығынан тұрғындардың көшуі – оның мемлекетінің әлсіреуіне әкеліп соқтырған.

Шығыс Дешті Қыпшақтан көшіп келген ру-тайпалар Жетісудағы жергілікті тайпалармен өте туыс жақындықта болғандықтан олардың ара қатынастарында ешқандай қиыншылықтар болмаған.



Жетісуға жаңадан көшіп келушілер арқасында Керей мен Жәнібектің күші артады да, олардың моғол ханына тәуелділігі тоқталады. Сөйтіп, олар 1465–1466 жылдары Қазақ хандығының негізін қалайды [25, 253–254-б.]. Бұл жерде біз автордың Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткен датаны негіздеуге тырысып отырғанын байқаймыз. Оның көрсетуі бойынша, Керей мен Жәнібек Жетісуға XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында көшіп келген де, 1465–66 жылға дейін хансыз өмір сүрген. Сонда мынадай заңды сұрақ туындайды, неге 7–8 жыл бойы Жетісуда өмір сүріп отырған қазақ тайпалары арасынан хан сайланбаған, біз оған жауапты автордан таба алмаймыз.

Егерде XIX ғасыр мен XX ғасырдың ортасына дейінгі пікір айтқан зерттеушілердің көбі Қазақ хандығының құрылған жылына 1465–1466 жылды жатқызып, оған негіз ретінде осы жылы Әбілхайыр хан қайтыс болған деп дәлел айтса, одан кейінгі кезде Әбілхайыр ханның 1468–1469 жылы қайтыс болғандығы толық дәлелденген болатын. Ал К.А.Пищулинаның хандықтың құрылған жылына осы жылды жатқызуын тек «Тарих-и Рашиди» мәліметтерімен байланыстырамыз.

Мұхаммед Хайдар Дулати болса хижра жыл санауы бойынша хандықтың құрылған жылына 870 (1465–1466) жылды шамалап, болжаммен көрсетіп, «анығы бір Аллаға аян» деп айтқаны белгілі. «Тарих-и Рашиди» авторының шамалап айтқан датасын тек сол кезеңдегі оқиғалар барысына терең үңіліп, оларды кең түрде талдағанда ғана білуге болады. Біз ол жөніндегі өз ойларымызды алдыңғы тарауларда айтамыз.

К.А. Пищулинаның екінші бір көңіл аударған мәселесіне – Қазақ хандығының құрылған жері, аймағы жөніндегі мәселе жатады. Бұл мәселеге қатысты ол С.К. Ибрагимовтың пікірлерін сынай отырып, дерек мәліметтері негізінде Қазақ хандығы Жетісудың батысында құрылған деген тұжырымды дәлелдеп береді [25, 257–259-б.].

Қазақ хандығының құрылуы мәселесінде алғашқы қазақ хандарының моғол билеушілерімен қарым-қатынасына да К.А. Пищулина назар аударады. Бұл мәселеге қатысты зерттеушілердің көпшілігінде алғашқы қазақ хандары Моғолстан билеушілеріне тәуелділікте болды деген пікір үстем болып келсе, К.А. Пищулина олармен келіспей, қарсы пікір білдіреді. Ол өзінің пікірін былайша дәлелдеп көрсетеді:



1) Есенбұға хан қазақ тайпаларының басшыларымен одақ құруға барды, оның батыс шекарасын Әбілхайыр ханның белсенді әрекеттерінен қамтамасыз етуге, ағасы Жүністің билікті тартып алу үшін жасаған әрекеттеріне қарсы бағытталады;

2) шығыстағы ойрат тайпаларының жорықтарына қарсы күресу үшін қазақтардың әскери күшін пайдаланбақ болады;

3) ішкі саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Есенбұға хан Керей мен Жәнібекке сүйеніп, өзінің жағдайын нығайтуды мақсат етеді;

4) ең бастысы моғол ханы қазақ тайпаларының Жетісуға көшіп келуіне ешқандай қарсылық көрсете алмайтын еді [25, 265–267-б.]. Осы айтылған негіздерге сүйене отырып, К.А. Пищулина мынадай жалпы қорытындыға келеді: «... деректердегі барлық фактілер қазақ хандарының Моғолстанға алғаш келген кездеріндегі және шамамен 1465–1466 жылдары хандық құрылғаннан кейінгі саясатының толығымен тәуелсіз болғандығын көрсетеді» [25, 267–268-б.]. Автордың бұл пікірі – тың әрі өте батыл пікірге жатады. Өйткені мұндай тұжырымды оған дейін ешбір зерттеуші білдірмеген болатын.

Осылайша, К.А. Пищулинаның Қазақ хандығының құрылуына қатысты айтқан ойлары мен білдірген тұжырымдарын қорытындылай келе, өз қорытындымызда мынадай пікірлерді айтамыз.

1) Ол өз зерттеуін Моғолстанның тарихына арнаса да, онда Қазақ хандығының құрылу тарихына жеке бір тарауды арнап, мәселеге ерекше көңіл бөледі.

2) Оған дейін ешбір зерттеуші мәселені К.А. Пищулина секілді терең зерттеп, ондағы әртүрлі мәселелерді жеке-жеке талдамайды.

3) Ол алғаш рет мәселенің тарихи алғышарттарын жеке қарастырып, мәселенің түп-төркінін тарихтың терең қойнауларынан іздестіреді.

4) Оның жасаған тұжырымдары сол жылдар үшін өте тың және маңызы жоғары болып саналады. Қазірдің өзінде де оның көп пікірлері маңызын жойған жоқ.

5) Жалпы алғанда, оның пікірлері мен тұжырымдары мәселенің зерттелуін бірнеше қадам алға жылжытады.



1983 жылы бес томдық «Қазақ ССР тарихының» II томы жарыққа шығып, онда қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы мен Қазақ хандығының құрылуы мәселесі жеке бір тарауда беріледі [212, 248–274-б.]. Томдағы біз сөз етіп отырған мәселенің авторы К.А. Пищулина болғандықтан, ол өзінің тұжырымдарын мұнда қайталап ұсынады. Сол себепті де біз бұл жерде оларды талдап жатпай, тек атап қана өтеміз. Хандықтың құрылған жылы деп 1465–66 жыл көрсетіледі де, «бұл мерзімнің шындыққа сәйкес келетіні айқын, өйткені Моғолстанда қалыптасқан саяси жағдай қазақ хандары билігінің нығаюына және дербес саяси бірлестіктің құрылуына көмектеседі», – деп қорытындыланады [212, 268-б.].

Біз қарастырып отырған үшінші тарихнамалық кезеңдегі зерттеулердің ең соңғысына М.Х. Әбусейітованың еңбегі жатады [198, 104-б.]. Автордың негізгі зерттеу объектісі XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының саяси мәселелері болса да, ол Қазақ хандығының құрылуы мәселесіне қысқаша болса да тоқтап өтеді. Ол өзіне дейінгі беделді авторлардың пікірлеріне шолу жасай келе, хандықтың нақты құрылған жылы жөнінде ғылымда бекіген дата жоқ деген тоқтамға келіп, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр хандығынан бөлініп кетуі XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында жүзеге асқан, ол хандықтың құрылған жылы деп 870 (1465–1466) жылды қолдайтынын білдіреді [198, 39–40-б.]. Ал хандықтың құрылуының алғышарттарына қатысты мәселеде ол Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулинаның пікірлеріне толық қосылады.

Енді Қазақ хандығының құрылу тарихнамасындағы үшінші кезеңге қорытынды жасалық.

Өткен ғасырдың 50–80-жылдарында біз қарастырып отырған мәселе бойынша ең беделді деген зерттеушілер өз еңбектерінде ойлары мен пікірлерін айтып, мәселенің зерттелуін біршама алға жылжытады. Алдыңғы беттердегі тарихнамалық талдауларды біз бұл мәселенің тарихшылар назарынан ешқашан тыс қалмағанын көреміз. Әрбір зерттеуші өз деңгейіне, қолданған деректеріне қарай мәселенің зерттелуінің негізгі бағыттарын айқындай түсіп, оның деректік базасын нығайтады, тарихи білімді арттырады. Тө-





менде қарастырып отырған мәселеміз бойынша ХХ ғасырдың 50–80-жылдарындағы зерттеу жұмыстарының қандай бағытта дамығанын көреміз.

1) Осы кезеңде орта ғасырлық Қазақстан тарихының мәселелерімен кәсіби шығыстанушы ғалымдар айналысып, олар орта ғасырлық шығыс деректерінің мәліметтерін ғылыми айналымдарға енгізіп, ХІІІ–ХVІІІ ғасырлардағы, оның ішінде Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеуге мол мүмкіндіктер ашады.

2) Тың дерек мәліметтерінің айналымға түсірілуі Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жаңа мәселелердің беттерін ашады. Хандықтың құрылуының алғышарттары жеке тақырыпқа айнала бастайды.

3) Хандықтың құрылуын терең түсінуге жол ашатын әлеуметтік-экономикалық факторлар алғаш рет осы тарихнамалық кезеңде көтеріліп, зерттеле бастайды.

4) Қазақ хандығының құрылу тарихы аясында қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы екі этникалық орталықтың – Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу өңіріндегі этностардың бірігуі нәтижесінде жүзеге асқандығы дәлелденеді.

5) Жетісу жерінде құрылған Қазақ хандығының алғашқы жылдарда Моғолстан билеушілерімен қарым-қатынастары жөнінде пікірлер айтылады.

6) Қазақ хандығының құрылған жылы жөнінде бұрынғы пікірлерге қоса жаңа тұжырымдар айтылады, сөйтіп бұл мәселе ғылымда ашық күйінде қала береді.

7) Қазақ хандығының құрылу мәселесі кең ауқымда, яғни Алтын Орда мен Шағатай Ұлысы аумақтарында ХІV–ХV ғасырларда болған саяси дамулар барысында қарастырыла бастайды. Соның нәтижесінде, хандықтың құрылуы – осы аумақтардағы тарихи дамудардың қорытындысы ретінде жүзеге асқан деген тұжырым.

Жалпы, осы үшінші тарихнамалық кезеңді қорыта келе, бұл кезеңді өзіне дейінгі алғашқы екі кезеңмен салыстырғанда мәселенің зерттелуіне ерекше үлес қосқан, мәселенің жалпы тарихнама-сында айрықша орын алатын кезеңге жатқызамыз.



### 3.4. Қазақ хандығының құрылу тарихының қазіргі кезеңде зерттелуі

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында кешегі Кеңестер Одағында басталған реформалар 1991 жылы империяның күйреп, оның орнында дербес тәуелсіз ұлттық мемлекеттердің өмірге келуімен аяқталады. Империяның ыдырауымен бірге оның негізгі идеологиясы – маркстік-лениндік концепцияда өзінің тірегінен тайып, ондаған жылдар бойы жеке-дара билік еткен үстемдікке қол жеткізген мемлекеттер өз дамуларының басты тірегі етіп ұлттық құндылықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды таңдайды. Қазақстан Республикасы да тәуелсіздігін өз қолына алғаннан кейін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ту етіп ұстап, қазіргі заманы әлемдік тарихи көштің қатарына енеді.

Жоғарыда айтылған өзгерістер басқа да гуманитарлық ғылымдармен қатар тарих ғылымына қатты әсерін тигізді. Отан тарихы ескі концепциялардан арылып, жаңаша көзқарастар негізінде халқымыздың тарихын қайта зерделеуде мол табыстар мен жетістіктерге қол жеткізеді. Сөйтіп, XX ғасырдың 90-жылдарының басындағы өзгерістер Отан тарихының жаңа бір тарихнамалық кезеңінің басталғандығын көрсетіп берді. Біз де осы принципті басшылыққа ала отырып, Қазақ хандығының құрылуы тарихын зерттеуде келесі, төртінші кезең басталады деп есептейміз.

Осы кезеңде Қазақ хандығының құрылуы мәселелері бұған дейін тарихнамалық кезеңде есімдері аталып, ой-пікірлерін қарастырған Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина, М.Х. Әбусейітовалардың зерттеулерінде жалғаса берсе, олардың қатары өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап жаңа есімдермен, атап айтсақ, Ә. Хасенов, С. Жолдасбайұлы, З. Қинаятұлы, Б. Кәрібаев сынды тарихшылармен толыға түсті. Т.И. Сұлтанов пен К.А. Пищулинаның зерттеулерінде біз қарастырып отырған мәселе басты тақырып болса да, олардың тұжырымдарын талдауды кейінге қалдыра тұрып, алдымен, мәселені зерттеуге кейіннен қосылған тарихшылардың пікірлерін қарастырып өтелік.

1993 жылдың шілде айынан бастап алғашқы саны оқырмандар қолына тиген «Қазақ тарихы» журналы тарихшылардың назарын Қазақ хандығының құрылған жылын нақты анықтауға шақырады [213, 41–43-б.]. Осыған орай тарихшы Ә. Хасенов журналдың осы



санында «Қазақ хандығы қай жылы құрылды?» атты мақаласын жариялады. Онда ол хандықтың құрылған жылы және жалпы қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты бірнеше мәселені көтерді. Олар мыналар: а) Ақ Орда ханы Барак хан өлген соң тақ иесіз қалды деп ешбір дерек айтпайды. Олай болса, Барактың мұрагері тақты иеленуі әбден мүмкін, бірақ ол Ақ Орда деп аталады ма, әлде Қазақ Ордасы деп аталады ма ол жағы бізге белгісіз [214, 39–40-б.]; ә) Ақ Орда мен Алтын Орда халқының көпшілігі Ноғай-қазақтар болып, 1445 жылы Ұлық-Мұхаммед хан немесе Орманбет би өлгеннен кейін қазақтар мен ноғайлар бір-бірінен ажырайды да, ноғайлар (татарлар) бірнеше ұсақ хандықтарға бөлініп кетеді. Ал қазақтар Керей ханның бастауымен туған елге бет бұрып, Шу, Қозыбасы жаққа қайта оралады [214, 40-б.]; б) Керей хан Шу мен Қозыбасы өңіріне келгенге дейін-ақ «Қазақ» атанған және деректе айтылғандай ешкімнен қорқып, ығып, қашып-пысып келмеген [214, 40-б.]. Ал Қазақ хандығының нақты құрылған жылын Ә. Хасенов: «... моңғол шапқыншылығынан кейін қазақ мемлекетінің шаңырақ көтеруін Ұлық-Мұхаммед хан өліп, қазақ ұлысының жекеленіп шыққан, содан былайғы жерде не Әбілхайыр ордасына, не Моғолстан мемлекетіне бағынбай дербес өмір кешкеннен кейін 1445 жылдан бастау керек-ау деген ой қорытуға болады» – деп түсіндіріп, қорытындылайды [214, 41-б.].

Ә. Хасеновтың бұл пікірін жеке-жеке талдамай тұрып, оларға жалпылама түрде мынандай қорытынды білдіреміз. Оның пікірлері өзіне дейін ешбір зерттеуші айтпаған, Қазақ хандығының құрылуын дәстүрлі тұжырымдар мен пікірлерден мүлде өзгеше баяндайтын, хандықтың құрылған жылын түбірімен басқаша көрсететін пікірлер болып саналады.

Ә. Хасеновтың бірінші пікірі ойға қонымды, бірақ ешбір деректе ол туралы айтылмайды. Керісінше, «Тарих-и Абулхайр-хани» және тағы да басқа жазба деректерде шибанилық Әбілхайырды Барак ханнан соң Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының басым бөлігі хан тағына отырғызғандығы баяндалады. Соған қарағанда Барактың мұрагерлері өз ұлысында билікті иеленгенімен, бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақта хан бола алмаған. Ал екінші пікіріне келсек, онымен мүлдем келісуге болмайды. Қазақ хандығы құрылғанға дейін қазақ сөзінің этникалық мәні болмағандығын зерттеушілердің көпшілігі



дәлелдеп қойған. Сондай-ақ Ә. Хасеновтың Ұлық Мұхаммед пен Орманбет би туралы сүйеніп отырған материалдары жазба дерек мәліметтері емес, Ш. Құдайбердіұлының тұжырымдары. Ұлық Мұхаммед хан XV ғасырдың 20–30-жылдарында Алтын Орда тағында отырған және Кішік Мұхаммед ханнан жеңіліс тауып, Қазан хандығының негізін салған тұлға. Орманбет би болса, 1598 жылы қайтыс болған Ноғай Ордасының биі. Ә. Хасенов келтіретін ауыз әдебиетіндегі «Орманбет би өлгенде, Он сан ноғай бүлінгенде...», – деген материалдар XVI ғасырдың соңы – XVII ғасырдың басындағы тарихи жағдайларға қатысты айтылады. Ал Қазақ хандығының құрылған жылын 1445 жылдан бастау керек деген пікірмен де келісуге болмайды. Ұлық Мұхаммед хан осы жылы Қазанда қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Махмудек отырады. Оның өлімі мен Қазақ хандығының құрылуы арасында ешқандай байланыс жоқ. Ә. Хасенов пікірінің қате екендігі «Қазақ тарихы» журналының келесі санында айтылып өтеді [215, 18–21-б.].

С. Жолдасбайұлы да осы жылдары Қазақ хандығының құрылған жылы жөнінде өз пікірлерін зерттеулерінде қарастырып өтеді [216, 147–155-б.]. Ол Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуі жөніндегі «Тарих-и Рашиди» мәліметіне, сондай-ақ Ақжол бидің өлімі туралы халық ауыз әдебиетінің материалдарына сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылған жылы деп XV ғасырдың 50-жылдарын көрсетеді [216, 149-б.].

Қазақ хандығының құрылуы жөнінде «Түркі халықтарының тарихы» атты оқулық авторлары К. Аманжолов пен К. Рахметов те өз пікірлерін айтады [217, 115–132-б.]. Оқулық авторлары өздеріне дейінгі тарихнамалық жетістіктерді қайталай келе, хандықтың құрылған жылдарына 1456–1466 жылдар аралығын жатқызады [217, 132-б.].

Қазіргі таңда еліміздегі тарихшылар арасында ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихының мәселелерімен терең айналысып жүрген санаулы тарихшыларымыздың бірі-белгілі зерттеуші Зардыхан Қинаятұлы. Ол өзінің соңғы 10–15 жыл аралығында жариялаған монографиялары мен зерттеу мақалаларында Қазақстан аумағындағы этникалық және саяси процестерге, мемлекеттіліктің дамуы мәселелеріне ерекше назар аударады. Біз ғалымның өзіміз қарастырып отырған тақырып бойынша тұжырымдарын екі топқа



бөлеміз. Біріншіге, оның Қазақстан аумағындағы ежелгі замандардан кейінгі орта ғасырларға дейін өмір сүрген мемлекеттердің тарихына қатысты теориялық-методологиялық бағыттағы тұжырымдары жатса, екінші топтағы пікірлерін нақты Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты айтқан ойлары мен жасаған тұжырымдары құрайды [218–219]. Ол мемлекет, оның анықтамасы мен мәні, мемлекеттілік мәселесі жөнінде еуроцентристік көзқарастарды қалыптастырған Цицерон, И. Кант, Ф. Гегель, Дж. Тойнби тұжырымдарының біржақтылығын, олардың көшпелі қоғамның ішкі ерекшеліктерін түсіне алмағандығын ашып көрсетеді де, көшпелі қоғамдағы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен өзіндік ерекшеліктері туралы мынандай қорытындыларға келеді:

1) Көшпелі қоғамның дамуындағы ішкі қажеттіліктер оларда мемлекеттілікті туғызады. Көшпелілердің өзін-өзі қорғау мен ішкі қоғамдық тыныштықты сақтау үшін күрестері, көшпелілермен терезелес болуға ұмтылысы оларда мемлекеттің пайда болуына алып келеді.

2) Көшпелілердің ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылымының ең басты белгісі – хандық билік болып саналады [218, 12-б.].

3) Қазақ мемлекеттілігі ежелгі түрік және моңғол ұлыстық жүйелері туғызған қазақ жеріндегі жетілдірілген түрі. Ол біріншіден, сақ, үйсін, қаңлы, Батыс түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттарының, Қарахан мемлекетінің, наймандар мен керейттердің ерте феодалдық ұлыстарының жиынтығынан, екіншіден, Қыпшақ Одағындағы тайпалар бірлестігінің, кейіннен, Қыпшақ Ұлысының құрамындағы тайпалар негізінде, ең бастысы Қыпшақ Ұлысының сол қанатындағы – Орда Ежен немесе Ақ Орда мемлекетінің негізінде қалыптасып, пайда болған [218, 12-б.].

4) Мемлекеттік сипаты жағынан Қазақ хандығы ежелгі түріктік мемлекеттіліктің моңғолдық ұлыстың мемлекеттілікпен толықтырылған жалғасы болып табылады [218, 21-б.].

5) Мемлекеттіліктің белгілеріне этноаумақтық, ортақ тіл, мемлекеттік заң жатады дей келе, З. Қинаятұлы бұл белгілердің қазақ жерінде бұрыннан болғандығын айтып өтеді де, «Бұлардың бәрі қазақ жерінде ежелгі замандардан кейінгі орта ғасырларға дейін мемлекеттілік процестердің сабақтастығын көрсетеді, сақ дәуірінен (б.э.д. VII ғасырдың) бастап, ежелгі қазақ жерінде болған



мемлекеттердің бәрі мемлекет басқарудың дәстүрлі институттарын сақтаған. ...Бұл аумақтағы мемлекеттілікті жалғастырушыларымыз деп қазақтар толық құқықпен айта алады» [218, 31–32-б.].

3. Қинаятұлы бұл айтқан теориялық сипаттағы тұжырымдарының Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік пен мемлекеттер тарихын, оның ішінде Қазақ хандығының құрылу тарихын түсінуге тигізер көмегі өте зор.

Зардыхан Қинаятұлы Х–ХV ғасырлардағы Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған монографияларында этносаияси, этногенез тақырыптарын көрсетеді. Ал «Қазақ мемлекеттілігі және Жошы хан» атты кітабында Қазақ хандығының алғашқы кезіндегі өзекті мәселелерін қозғайды [219]. Бұл еңбекте автор Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан тарихындағы өте маңызды мәселенің бірі деп алып, оны арнайы қарастырады. 3. Қинаятұлының тұжырымдарын былайша топтастыруға болады:

1) 1428 жылы Шығыс Дешті Қыпшақта болған Әбілхайыр хандығын «көшпелі өзбектер мемлекеті» деп атау дұрыс емес, ғалым оны «Әбілхайыр тұсындағы Ақ Орда» деп атайды [219, 214–227-б.]. Осы тезисті негіздей отырып, 3. Қинаятұлы Қазақ хандығының құрылуында ХV ғасырлардың екінші ширегіндегі саяси алғышарттар атқарған мемлекеттілік құрылымдар мен оларға қатысты бірнеше мәселені жаңаша түсіндіреді: а) Әбілхайырдың 1428 жылы билікке келіп, 1431 жылға дейінгі жүргізген жорықтары Шибан Ұлысын біріктіру болғандықтан және оны жас хан жүзеге асырғандықтан, оның сол жылдары мемлекеттілік құрылымын Әбілхайыр басшылығындағы Шибан Ұлысы деп атау керек. ә) 1431–1446 жылдары Әбілхайыр хан бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақта өз билігін орнату үшін күрестер жүргізеді. Орыс хан ұрпақтары Керей, Жәнібек хандар Әбілхайырға қарсы шықпай, өздерінің Ақ Орданы билеуге деген моральдық құқығын сақтап қалады. б) 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілхайыр ханның қалмақ билеушісі Үз-Темір Тайшыдан масқара жеңілісі онсыз да ел ішінде орын алып келген жікшілдікті үдете түсті. Әбілхайыр бастаған шайбанилықтардың басқыншылығына әу бастан қарсы болған Орыс хан ұрпақтары мұндай мүмкіндікті қалт жібермеді. Жәнібек пен Керей бастаған Ақ Орда сұлтандары Әбілхайырдың шайбанилықтармен болатын келешек майдан ауқымын кеңейте түсу үшін Батыс Жегісуға қоныс аударып, Шу бойындағы Қозыбасына келіп тұрақтайды» [219, 223–224-б.].



2) 3. Қинаятұлы Керей мен Жәнібек бастаған тайпалар тобының Жетісуға келуіне байланысты, ол ел Әбілхайырдан «бөлініп-жарылып» немесе «қашып» өткен көш емес», «Керей мен Жәнібек өз елінен бөгде жұртқа ауып кеткен жоқ, тек ол өзінің этнотерриториясының бір бөлімін енді бір шетіне, өз этно-бірлігінің бір бөлімінен енді бір бөлімінің ортасына көшіп орналасты», – деген тұжырымдарын айтады [219, 224–225-б.].

3) Қазақ хандығының құрылған жылы туралы пікірінде зерттеуші мынандай тұжырымдарды негіздеуге тырысады. 1455–1456 жылдары Шу бойына көшіп келген Керей мен Жәнібектің мақсаты – Жетісудағы қазақтардың көлемді бөлігі Ұлы Жүзбен табысу, ондағы жұртқа арқа сүйеп, шайбанилықтар басып алған ел-жұртты азат ету болды дей келе, олардың қадамы 870 (1465–1466) жылы жүзеге асты, қазақтар саяси билігін өз қолына алып, іс жүзінде Ақ Орданың шаңырағын қайта көтереді [219, 240-б.].

3. Қинаятұлының тұжырымдары өте қызықты, олардың кейбіреулерімен толық қосылуға, ал кейбіреулерімен жартылай қосылуға болады. Төменде тарихшының пікірлеріне қатысты қысқаша түрде болса да өз пікірімізді білдірейік.

3. Қинаятұлының бірінші тұжырымымен біз, мынадай жағдайға байланысты келісеміз. 1428 жылы жап-жас Әбілхайыр жергілікті ру-тайпа, дін басылары хан сайлағанда, ол бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың, тіпті Шибан Ұлысының билеушісі болған жоқ, бар болғаны Шибан Ұлысындағы кіші ұлыстардың бірінің ғана ханы болып есептелді. 1431 жылдан бастап оның ұлысын «Көшпелі өзбектер» мемлекеті деп атау орынсыз деген пікірін қолдаймыз. «Көшпелі өзбектер» бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың тайпаларының жалпылама атауы, ол 1431 жылдары Әбілхайыр оның бір бөлігінің ғана билеушісі болғандықтан, шынында да Әбілхайырды «көшпелі өзбектер» елінің ханы деп атау асыра айтылғандық болып саналады. 1446 жылы Әбілхайырдың Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді бағындыруымен іс жүзінде ол Шығыс Дешті Қыпшақтың уақытша болса да, толық билеушісіне айналады. Міне, осы кезден бастап оны «көшпелі өзбектердің» ханы деп атауға болады.

3. Қинаятұлының келесі пікірі – Қазақ хандығының құрылу тарихындағы көтеріп жүрген, бірақ әлі шешімін таппаған мәселеге



қатысты болып отыр, яғни шибанилық хан Сыр бойын бағындырғанда Орыс хан ұрпақтары оған тәуелді болды ма, әлде өз дербестігін сақтап қала алды ма? – деген сұраққа қатысты болып отыр. Ғалым бұл сұраққа екіұшты жауап береді, Әбілхайырға қарсылық көрсеткендер ішінде де, оның жорықтарына қатысқандар ішінде де Орыс хан ұрпақтары жоқ. Олай болса, Барақтың мұрагерлері бұл манда болмаған деп санайды З. Қинаятұлы. Оның бұл пікірімен келісу қиын. Сыр бойы XIII ғасырдың басынан бері Орда Ежен Ұлысының құрамындағы аймақтардың бірі болғандықтан, ол аймақтың тұрғындары да ордаежендіктер болып саналған. Аймақтың кейде темір әулетінің билігіне тәуелді болғаны секілді 1446 жылдан бастап шибан әулетіне де тәуелді болса, оған еш таңдануға болмайды. Керей мен Жәнібек 1446 жылға дейін де, одан кейін де өздеріне қарасты осы аймақтағы ұлыстарында болмаса, Жетісуға қоныс аударғанға дейін қайда болған деген заңды сұрақ туындайды. Сол себепті де З. Қинаятұлының жоғарыда осыған байланысты пікірімен келісе қою қиын.

Зерттеушінің 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі ұрыстан кейін Керей мен Жәнібек Жетісуға қоныс аударды деген пікірі – бұған дейін де айтылып жүрген пікір. Сондықтан да оны талдап жатуды артық деп санаймыз.

Ал З. Қинаятұлының соңғы пікірі бір-біріне ұқсас келетіндіктен, оларға ортақ талдау берелік. Оның дәлелдеуі бойынша Керей мен Жәнібек Жетісуға көшіп келгенге дейін бұл өңірде қазақ жұрты өмір сүріп жатқан, олардың ұлыстарындағылар да қазақтар болған, Орыс хан ұрпақтары Жетісу қазақтарына арқа сүйеу үшін, олардың көмегімен өз жерлерін шибанилықтардан азат ету үшін қоныс аударған. Біріншіден, XV ғасыр ортасына дейін қазақ сөзінің этникалық мәнде болмағандығы дәлелденген, олай болса, Жетісудағы қазақтарға көшіп келген деген пікір шындықтан алыс жатыр. Екіншіден, XV ғасырдың ортасында Жетісу жері – саяси жағынан Моғолстан мемлекетінің бір бөлігі болып саналған. Сол себепті де Махмұд бен Уәли Керей мен Жәнібекті «бөгде елге», «Моғолстанға кетті» деп жазған болатын [136, 352-б.]. Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханның қысымынан бөлініп кеткені белгілі. Ал Жетісу қазақтарымен бірігіп, «өз жерлерін шибанилықтардан азат етуді мақсат етті» деген пікірді ғалымның субъективті пікірі деп санаймыз.





Қазақ хандығының құрылған жылын 1465–1466 жыл деп көрсетуі Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегіндегі мәліметке негізделген. Бұл жыл жөнінде бұған дейін де айтылғандықтан, ол жөнінде біз пікір-таласқа бармаймыз.

Жалпы алғанда, З. Қинаятұлының Қазақ хандығының құрылу тарихы жөніндегі пікірлерінің көбі бұрын-соңды тарихнамада айтылмаған, тың әрі батыл пікірлерге жатады. Оның тұжырымдарын мәселенің тарихнамасына қосылған үлкен үлес және қазіргі кезеңде мәселе бойынша бірден-бір терең зерттеулердің бірі деп есептейміз.

Қазақ хандығының құрылу мәселесі 1998 жылы жарыққа шыққан «Қазақстан тарихының» екінші томында кең түрде қарастырылады. Осы томдағы біз қарастырып отырған мәселені белгілі қазақстандық шығыстанушы-ғалым К.А. Пищулина жазады. Дегенмен де, академиялық басылым жеке автордың монографиясы емес, ұжымдық еңбек болып саналатындықтан, біз осы томдағы Қазақ хандығының құрылуына қатысты айтылған ой-пікірлер мен тұжырымдарды Ұлттық Ғылым Академиясындағы тарих және этнология институтының жетекші мамандарының пікірлері деп білеміз. Төменде 1983 жылғы екінші том мен 1998 жылғы екінші томдағы хандықтың құрылуына қатысты жасалған тұжырымдарды салыстыра отыра талдалық.

1) 1983 жылғы екінші томда «Қазақ хандығының құрылуы» атты тақырыпшаға бар болғаны 4 бет көлемінде орын берілсе, 1998 жылғы екінші томда бұл мәселе 24 беттік көлемде қарастырылуы және ол «Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары» (7 бет), «Жәнібек пен Керей» (8 бет) және «Қазақ хандығының құрылуы» (8,5 бет) атты тақырыпшаларға бөлінеді. Осының өзі-ақ қазіргі кездегі тарихнамада Қазақ хандығының құрылу тарихына қандай көңіл бөлінгенін аңғартады. Керей мен Жәнібек хандарға қатысты мәселелерді жеке тақырыпша көлемінде қарастыру том авторлары мен редакциялық алқа мүшелерінің үлкен жетістігі деуге болады.

2) 1983 жылғы томда «Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан территориясында XIV–XV ғасырларда болып өткен әлеуметтік-экономикалық және этникалық саяси процестердің заңды қорытындысы болды» – деген жалпылама тезиспен айтылып, ол тезис ашып көрсетілмесе, 1998 жылғы томда бұл тезис кең түрде қарастырылады да, «Моңғолдардан кейінгі уақытта (XIV–XV ға-



сырдың бірінші жартысы) халықтың әлеуметтік-экономикалық, этникалық-саяси, мәдени дамуы қазақ халқының саяси жағынан біртұтас болып бірігуіне жағдай дайындады», – делінеді. Сөйтіп, бұл процестер Қазақ хандығының құрылуына алғышарттар даярлайды.

3) 1983 жылғы томда Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығын құрудағы тарихи рөлі жөнінде ешқандай пікір айтылмаса, 1998 жылғы томда «Керей мен Жәнібекке» қатысты мәселелер жеке тараушада сөз болады. Том авторлары Керей мен Жәнібектің шығу тегі мәселесінде ордаежендік бағытты ұстанатындықтарын білдіре отырып, тұқайтемірлік пікірлердің де бар екендігін айтып өтеді. Сөйтіп, олар қазақ хандарының Жошының қай ұлынан тарайтындығының принципті маңызы жоқ деген тоқтамға келеді. Біздің ойымызша, оның принципті маңызы бар. Ордаежендік пікірді қолдаушылар сол арқылы қазақ жерінде XIII–XV ғасырларда билеуші әулеттің үзілмегендігін дәлелдейді. Керей мен Жәнібек хандар осы дәстүрді жаңа сипатта одан әрі жалғастырушылар болып саналады. Ал Тұқай Темір ұрпақтарының саяси билікке таласы мен жеңіске жетуі XIV ғасырдың соңына тұспа-тұс келеді. Т.И.Сұлтановтың дәлелдеп көрсеткеніндей, тұқайтемірліктердің билігі Батыс Дешті Қыпшақта орнаған болатын.

1998 жылғы екінші том Керей мен Жәнібектің саяси күрес-тердегі жетекшілік рөлін көрсетіп, олардың тарихи тұлғалық және хандықты құрудағы іс-әрекеттеріне оң баға береді. Бұл тарихнамадағы осы кезеңіндегі хандықтың негізін қалаған тарихи тұлғаларға қатысты алғашқы ой-пікірлер мен тұжырымдардың біріне жатты. 1997 жылы осы жолдардың авторы «Алғашқы қазақ ханы – Керей хан», «Жәнібек хан» атты мақалаларын жариялаған болатын.

4) Қазақ хандығының құрылған уақытына қатысты екі томдағы пікірлер бірдей. Құрылған жылға Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегіндегі 870 (1465–1466) жыл негіз етіп алынады.

5) Моғолстанның батыс бөлігінде құрылған Қазақ хандығының статусы жөнінде 1998 жылғы екінші томда Моғолстан билеушілері Қашғариядан қашық жерде орналасқан және туыстық жағынан қашғарлықтардан гөрі Қазақстанның орталық және оңтүстік аудандарының тұрғындарына жақынырақ болған Жетісу өңірінен өз ықпалын әлдеқашан жоғалтқан болатын – деген тұжырым білдіріледі. Бұл тұжырымның астарында саяси жағынан Жетісу өңірі



Моғолстан билеушілеріне тәуелсіз болды, Керей мен Жәнібек өздеріне бағынышты тайпалармен және Жетісудың жерілікті тайпаларымен бірігіп, дербес, ешкімге бағынбайтын хандық құрған деген ой жатыр. Бұл пікірмен толық келісе қою қиын. «Тарих-и Рашидиде» айтылатын «Есенбұға хан Керей мен Жәнібекті ілтипатпен қарсы алып, оларға Жетісудың батыс бөлігінен иелік берді» деген мәлімет жоғарыдағы пікірлердің шындыққа толық сай келмейтіндігін көрсетеді. Шындығында да Жетісудың Моғолстан мемлекетіндегі географиялық, экономикалық, этникалық, мәдени ерекшеліктері ерекшеленіп тұратын. XV ғасырдың орта тұсында Моғолстанның ішкі саяси жағдайының күрделі болғандығы да ақиқат. Бірақ ешбір деректе Жетісу өңірі Моғолстаннан бөлініп кетіп, онда Қазақ хандығы құрылғанға дейін жеке саяси құрылымның болғандығы туралы айтылмайды. Олай болса, Керей мен Жәнібектің Жетісуға көшіп келер қарсаңында ол аймақ өзінің ерекшеліктеріне қарамастан, Моғолстанның құрамдас бір бөлігі болғаны және онда моғол ханының саяси билігі жүріп отырған. Сол себепті де бұл аймақта құрылған Қазақ хандығы алғашқы жылдары толық дербес, толық тәуелді мемлекет емес, автономиялы статусқа сәйкес келетін мемлекеттік құрылым болады.

Жалпы алғанда, 1998 жылғы «Қазақстан тарихының» екінші томында Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты өзекті мәселелер арнайы түрде қарастырылып, кең талданады. Ондағы пікірлер мен тұжырымдар мәселенің тарихнамасын байытып, оларды мәселенің зерттелу тарихына қосылған зор үлес деп бағалауға болады.

Қазіргі кезде Қазақ хандығының тарихын, оның ішінде хандықтың құрылу тарихын зерттеуде өзіміздің жерлесіміз, Ресейдің Санкт-Петербург қаласында тұратын тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Икрамұлы Сұлтанов (1940 жылы туған) көшбасшы болып саналады. Ол С.Г. Кляшторныймен бірігіп және жеке өзі жазған бірнеше монографияларында XIII–XVII ғасырлардағы Қазақстан тарихының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани мәселелеріне терең көңіл бөледі. Т.И. Сұлтанов осы зерттеулерінде Қазақ хандығының құрылу тарихы мен оған қатысты мәселелерге ерекше көңіл бөліп, оларды жеке, арнайы түрде қарастырады. Қазақ хандарының шығу тегі, алғашқы қазақ хандары, Қазақ хандығының құрылуына қатысты жазба деректерге сипатта-



ма, хандықтың құрылуы жөніндегі пікірлерге талдау, хандықтың құрылуының саяси алғышарттары, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуінің маңызы мен салдарлары, хандықтың құрылуы барысындағы оқиғалар, хандықтың құрылған жылы, «қазақ» сөзінің мәні туралы мәселелер Т.И. Сұлтанов зерттеуінде басты тақырыптар болып саналады.

Т.И. Сұлтанов қазақ хандарының шығу тегі мәселесіндегі екі тұжырымға негіз болған деректерді топтастыра, олардың мәліметтерін салыстыра отырып, мынадай қорытындыға келді. Жошы ханның кіші ұлдарының бірі Тұқай Темір және оның ұрпақтары Батыйдың кезінен бері солтүстік Кавказ, Хажы Тархан, Қырым, Маңғышлақ аймақтарында билік құрған. Ал Жошы ханның үлкен ұлы Орда Ежен және оның ұрпақтары болса, XIII ғасырдың ортасынан XV ғасырдың басына дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында хандық билікте болған. Қазақ хандарының арғы атасы – Орыс хан Орда Ежен ұрпағы болып саналады. Оның бұл пікірі қазіргі кезде қазақ хандарының шығуы мәселесі бойынша үстем пікірлердің біріне айналып отыр.

Өткен ғасырдың 20-жылдары М. Тынышпаев бұл мәселеге назар аударып, қазақ хандарының шығу тегі Орда Еженнен бастау алады деген пікірді Жошыдан Орыс ханға дейінгі ұрпақ буындарын салыстыру арқылы айтқан болатын. Біз де өз зерттеулерімізде мәселенің деректеріне деректанулық тұрғыдан қарай келе, ордаежендік пікірді дәлелдеп көрсеткен едік. Ал белгілі тарихшы З. Қинаятұлы да моңғол тіліндегі дерек мәліметтеріне сүйене отырып, осы тұжырымды дәлелдеп шыққан еді.

Бұл тұжырымның Қазақ хандығының тарихы үшін қандай маңызы бар? – деген сауалға біз XIII ғасырдың басында Орда Ежен ұлысының негізін қалаған Орда Ежен және оның ұрпақтарының Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігінің үзілмегендігін және ұлттық сипаттағы Қазақ хандығының алғашқы хандары – Керей мен Жәнібек осы әулет билігінің жалғастырушылары екендігін жатқызамыз.

Т.И. Сұлтановтың тағы бір ерекше назар аударған мәселесіне – Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарты мәселесі жатады. Ол XV ғасырдың I жартысындағы Әбілхайыр хандығы мен Есенбұға ханның билігі тұсындағы Моғолстанның ішкі саяси жағдайларындағы қалыптасқан саяси ахуалдардың Керей мен Жәнібектің бөлінуіне тиімді болды деп санайды.



Хандықтың құрылған жылын Т.И. Сұлтанов өз зерттеуінде арнайы мәселе ретінде қарастырады. Оның көрсетуі бойынша, Керей мен Жәнібектің бөлініп кетуі және олардың өздеріне бағынышты ру-тайпалармен Моғолстанның батыс өңіріне көшіп келуі – 1459–1460 жылдар болған; 1468–1469 жылдар – Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін көптеген тайпалардың Керей мен Жәнібекке қосылуы нәтижесінде олар күшейе бастайды; 1470–1471 жылдар – Қазақ хандығының құрылған жылдары.

Т.И. Сұлтанов Қазақ хандығының құрылған уақыты жөніндегі пікірінде өзінің 1971 жылғы мақаласында айтқан ойларын тағы да қайталап, бұл жерде оны кең түрде негіздейді. 1459–1460 жылдарды бөліну мен 1470–1471 жылдарды хандықтың құрылған жылдары деп көрсетіп, осы екі оқиғаны – Қазақ хандығының құрылу барысындағы маңызды оқиғалар қатарына жатқызады да, оларды бір тарихи желідегі оқиғалар деп санайды. Ғалымның бұл пікірлері тарихнамадағы жаңа әрі тың пікір болып саналады. Біз өз зерттеулерімізде Т.И. Сұлтановтың осы пікірлерін негізге алып, хандықтың құрылуы барысын бірнеше сатыға бөліп қарастырдық та, Керей мен Жәнібектің Моғолстанға көшіп келуімен Қазақ хандығының құрылуы басталады, ал 1470–1471 жылы құрылудың аяқталған жылы деп санаймыз.

«Қазақ» сөзінің пайда болуы, оның мәні мен мазмұны жөнінде Т.И. Сұлтанов ең бір дұрыс тұжырымды қостайды. Оның дәлелдеп көрсетуі бойынша, XV ғасырдың ортасына дейін «қазақ» сөзі әлеуметтік мәнге ие болған. Керей мен Жәнібектің өз жақтастарымен Жетісу жеріне көшіп келуімен «қазақ» сөзі саяси-этникалық мәнге ауысады. Ал Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Қазақ хандығының билігі толық орнағаннан кейін, «қазақ» сөзі толығымен этникалық мәнде айтыла бастаған.

Жалпы, Т.И. Сұлтановтың Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты пікірлерін қорытындылай келе, мынадай тұжырымдарға келеміз.

- 1) Мәселені зерттеуде оның өзі қалай көшбасшы болса, оның пікірлері дәл сондай сипатта зерттеу бағытын айқындайды;
- 2) Оның ғылыми тұжырымдары жалпы мәселенің зерттелуін бірнеше қадам алға жылжығандығын көрсетеді;



3) Оның жекелеген пікірлері тарихнама үшін тың, жаңа болып саналады.

Мәселенің тарихнамасындағы үшінші кезеңде Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің орыс және қазақ тілдеріне аударылуы үлкен жетістік болып саналады. Осы басылымдар арқылы қазақстандық ғалымдар Тарих-и Рашидидің мәліметтерімен алғаш рет толықтай танысып, оның мәліметтерінің Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Үндістан, Шығыс Түркістан және тағы басқа елдер мен халықтардың тарихында алатын маңызын терең түсінуге мүмкіндік алады. Тіпті, Дулатидың тарихи оқиғаларды баяндауының, тарихи даталарды қолдануының өзі назар аудартады. Егер де тарихшылардың бәрі дерлік Қазақ хандығының құрылуы мәселесін зерттеуде үш негізгі дерек ретінде В.В. Вельяминов-Зернов еңбегіндегі үзінді аудармаларды, С. Асфендияров пен П.А. Кунте құрастырған жинақтағы материалдарды, 1969 жылы шыққан «XV–XVIII ғасырларда Қазақ хандығының материалдары» атты жинақтағы «Тарих-и Рашидидің» көлемді аудармасын пайдаланып келсе, енді «Тарих-и Рашидидің» орыс және қазақ тілдерінде толық нұсқасының жарық көруі мәселемен айналысатын зерттеушілерге сол кездердегі тарихи жағдайларды толық меңгеруге мүмкіндіктер береді. Жалпы алғанда, М.Х. Дулати еңбегінің қазақ және орыс тілдерінде жарық көруі XIII–XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихының әртүрлі мәселелерін, оның ішінде Қазақ хандығының құрылуы тарихын зерттеуде зор мүмкіндіктер берді деп айтамыз.

1999 жылы Қазақстан жұртшылығы Мұхаммед Хайдар Дулатидың 500 жылдығын атап өткені баршаға мәлім. Оған дайындық барысында Тараз, Алматы қалаларында бірнеше рет халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар өткізіліп, оның материалдары жарық көрді.

«Тарих-и Рашиди» авторы Қазақ хандығының құрылуы туралы алғашқы баяндаған автор болғандықтан, конференцияда жасалған баяндамаларда автордың өмірі мен қызметі, еңбегі мен оның маңызы жөніндегі тақырыптармен бірге Қазақ хандығының құрылу тарихы мәселесі де қарастырылады. Б.Е. Көмеков «қазақ» терминінің тарихнамасы, К.А. Пищулина, Б. Кәрібаевтар Қазақ хандығының құрылуы, хандықтың құрылуының алғышарттары жөнінде баяндамалар жасайды.



Жалпы алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидың 500 жылдығына арнап өткізілген конференциялар мен ғылыми оқулар материалдары тек автор мен оның еңбегіне қатысты тақырыптармен ғана шектелмей, XIII–XVIII ғасырларда қазақ хандығы тарихының, оның ішінде біз сөз етіп отырған қазақ хандығының құрылу тарихының мәселелерін де қамтыды.

Қазақ хандығының құрылуының қазіргі кезеңдегі тарихнамасында өз ойын білдірген зерттеушілердің біріне – белгілі тарихшы М.Қ. Әбусейітова жатады. Ол өзінің «Казахстан и Центральная Азия в XV–XVIII вв.: история, политика, дипломатия» атты монографиясының жеке бір тарауын Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңіне арнап, Қазақ хандығының құрылуы мәселелеріне тоқталады. Ғалымның осы мәселелер жөніндегі пікірлерін былайша топтастырып беруге болады: 1) Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орданың ыдырауы кезеңіндегі Жошы ұрпақтары арасындағы күрестермен байланысты. Жоғарғы билік үшін Шибан және Тұқай Темір ұрпақтары күрес жүргізіп, Орда Ежен ұрпақтары бұл кезде тарих сахнасынан кетеді. Пікірдің алғашқы бөлігі, яғни Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орданың ыдырауы барысында жүзеге асты деген пікір – тарихнамада әбден қалыптасқан, зерттеушілердің бәрі мойындаған және құптаған пікір болса, екінші бөлігі, яғни Шибан мен Тұқай Темір ұрпақтары арасындағы күрестерді Қазақ хандығының құрылуымен байланыстыру әлі де болса толық шешімін таппаған сұраққа жатады. Біз бұған дейінгі тарихнамалық талдауымызда М. Тынышпаев, Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина, З. Қинаятұлы секілді беделді зерттеушілердің Шибан әулетімен күрес жүргізген Тұқай Темір ұрпақтары емес, Орда Ежен ұрпақтары екендігін, Қазақ хандары Орда Еженнен тарайтындығы туралы пікірлерін атап көрсеткенбіз. Сол себепті де М.Қ. Әбусейітованың қазақ хандарының шығу тегін Тұқай Темірден таратуын осы мәселедегі екі пікірдің бірі деп есептейміз.

2) Керей мен Жәнібектің өздеріне бағынышты тайпалармен бірге бөлініп кетуі XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында орын алған және де ол Қазақ хандығының құрылуында саяси оқиғалар желісіндегі ең маңызды оқиға болып саналады. Ғалымның бұл пікірі де екі бөліктен тұрады, біріншісі, яғни бөлінудің болған уақытын шамамен айтса да, дұрыс көрсетеді. Ал пікірдің екінші



бөлігі Т.И. Сұлтанов пікірімен үндес келеді. Қазақ хандығының құрылуы барысында Керей мен Жәнібек бастаған топтың Әбілхайыр хандығынан бөлініп кетуі – осы процестегі шешуші оқиға болғандығы ешкімге де дау тудырмаса керек.

3) Қазақ хандығының құрылуы тек Керей мен Жәнібектің бөлінуімен ғана емес, сонымен бірге орта ғасырлардағы Қазақстанның шаруашылық, әлеуметтік, саяси, этникалық дамуының нәтижесі деген тұжырымы қазіргі кезде осы мәселенің тарихнамасындағы қалыптасқан және үстем пікірге жатады. Бұл тұжырымды оған дейінгі зерттеушілердің бәрі дерлік құптаған болатын. М.Қ. Әбусейітованың оны қолдауы – бұл пікірдің өміршеңдігін және растығын тағы да бір дәлелдеп көрсетеді.

4) М.Қ. Әбусейітова хандықтың құрылған жылына «Тарих-и Рашидидегі» 870 (1465–1466) жылды жатқызады. Бұл датаға байланысты тарихнамада қалыптасқан пікірлерді біз бұған дейін айтып өткендіктен, ол жөнінде қайталап жатпаймыз.

Жалпы алғанда, қазіргі кезде еліміздегі Қазақстан тарихының XV–XVII ғасырлардағы кезеңінің белгілі маманы М.Қ. Әбусейітованың Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты айтқан пікірлері бір жағынан, осы бағыттағы зерттеулердің дұрыс жолда екендігін көрсетсе, екінші жағынан, оның пікірлері тарихнаманың төртінші кезеңіндегі тарихи білімдерді одан әрі байыта түседі.

XV–XVI ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген саяси құрылымдардың бір-бірімен қарым-қатынастары мәселесін арнайы тақырып ретінде зерттеп, жеке монографиялық еңбек жазған тарихшы А. Исин өте қысқа түрде болса да, Қазақ хандығының құрылу мәселесіне тоқталып өтеді. Қыпшақ аумағындағы саяси мүдделердің әртүрлілігі онсыз да «көшпелі өзбектер мемлекетінің» ыдырауына негіз болды дей келе, Керей мен Жәнібектің қазақ тайпаларымен бірге бөлініп кетуі бұл процесті тездетті деп санайды. Ал бөліну XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында болды деген тоқтамға келеді.

Қазақ хандығының құрылуы тарихнамасын соңғы жылдары өздерінің зерттеулерінде жас ғалымдар – Г.Е. Сабденова, Е.О. Бұланов қарастырады [307, 308]. Г.Е. Сабденова хандықтың құрылу тарихын зерттеген тарихшылардың пікірлеріне талдау жасап, осы мәселеге қатысты екі тарихнамалық ағымның бар екендігіне, оның біріншісіне – хандықтың құрылуын Керей мен Жәнібектің Моғолстанның





батысына көшіп келіп, жеке өмір сүруімен байланыстыратын пікірлерді, ал екіншісіне – Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр хан өлгеннен кейін XV ғасырдың 60–70 жылдары Шығыс Дешті Қыпшақта билік жүргізе бастауымен байланыстыратын пікірлерді жатқызады.

Соңғы жылдары Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде құрылған Ноғай Ордасының, Астрахан хандығының тарихына арналған ресейлік авторлар – В.В. Трепавловтың, И.В. Зайцевтың монографиялық зерттеулерінде Қазақ хандығының құрылуына қатысты жалпы сипаттағы болса да, пікірлер мен тұжырымдар айтылады [257, 263].

В.В. Трепавлов мұсылман, еуропалық авторлардың, сондай-ақ орыс тіліндегі мұрағаттық материалдарға сүйене отырып, Ноғай Ордасының қалыптасу, нығаю және ыдырау кезеңдеріндегі оқиғаларды өте терең зерделейді. Сондай жан-жақты қарастырылған мәселелердің бірі – XV ғасырдың бірінші жартысындағы Маңғыт Ұлысының Әбілхайыр хандығымен қарым-қатынасы. Тарихшының осы кезеңдегі мәселелер бойынша зерттеулері бізге Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ал нақты Керей мен Жәнібек хандарға қатысты мәселеде олардың Әбілхайыр ханнан бөлінуін шамамен 1459 жылдары, Дешті Қыпшақтағы билігінің орнығуын 1460 жылдардың соңы – 1470 жылдардың басында болған деген тұжырымға келеді. Оның тұжырымы Т.И. Сұлтановтың пікірлерімен сәйкес келеді. Бір ғана айырмашылығы – Т.И. Сұлтанов бөліну мен хандықтың құрылған жылдарына нақты жылдарды көрсетсе, В.В. Трепавлов оларды шамалап, болжаммен көрсетеді.

Астрахан хандығының тарихын алғаш рет монографиялық еңбекке айналдырған Ресей тарихшысы И.В. Зайцев XV ғасырдағы Алтын Орданың ыдырау процесіне терең үңіліп, сол ғасырдағы Алтын Орданың аумағында пайда бола бастаған жаңа саяси құрылымдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынастары мәселесін тың деректерге сүйеніп қарастырады. Оның тұжырымдары тек Алтын Орданың сол қанатындағы жағдайды ғана емес, сонымен бірге оң қанаттағы да саяси ахуалды білуге, жалпы саяси процестердің даму бағыттары мен ағымдарын түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оның Астрахан билеушісі Жәнібек ханға (1514–1521) қатысты айтқан тұжырымдары қазақ тарихындағы Жәнібек хан жөніндегі шатасуларды дұрыс түсіндіріп бере алады.



Осылайша, ресейлік зерттеушілер Ноғай Ордасының, Астрахан хандығының тарихын зерттеу барысында XV ғасырдағы Жошы Ұлысында қалыптасқан саяси жағдайды дұрыс көрсетіп, жаңа саяси құрылымдардың құрылуын тарихи заңдылықтар арқылы түсіндіреді. Олардың түсіндірулері Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттарын терең білуге жәрдемдеседі деген қорытынды жасаймыз.

Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасындағы төртінші кезең – жоғарыда атап өткен зерттеушілердің тұжырымдарымен шектеліп қоймай, деректік базаның кеңеюімен де ерекшеленеді. Оған біз ел арасында айтылып жүрген хандықтың құрылуына қатысы бар кейбір тарихи аңыз-әңгімелердің жинастырылып, жарыққа шығарылуын жатқызамыз. 1996 жылы белгілі археолог-ғалым Мадияр Елеуұлы тарих сериясымен «ҚазМУ Хабаршысында» Шу өңірінен жинастырған аңыздар топтамасының бір бөлігін жариялады. Ондағы бес тарихи аңыздың екеуі тікелей Қазақ хандығының құрылуына қатысты. Бұл аңыздардың мәліметтері Мұхаммед Хайдар Дулатидың мәліметтерімен үндес келеді, тіпті, бір қарағанда-ақ олардың жазба дерек мәліметтерінен туындайтынын аңғару қиын емес. Дей тұрсақта, бұл тарихи аңыз-әңгімелердегі мынадай мәліметтер ешбір деректерде кездеспейді. Олар: Керей мен Жәнібектің Мойынқұмға Сыр бойынан көшіп келуі туралы, көштің қазақша жыл санау бойынша тышқан жылы қара күзде болғандығы туралы, келесі жылы көктемде Керейдің хан сайланылуы туралы, Керейдің 10 жылдай хан болып, Хан тауына жерленуі туралы, одан екі жылдай уақыт өткен соң қазақтардың оралуы туралы мәліметтер. Біз осы мәліметтерге деректанулық тұрғыда талдау жасап, олардың Қазақ хандығының құрылу тарихындағы маңызын қарастырғанбыз. Өкінішке орай, хандықтың құрылу тарихымен айналысатын тарихшылар осы тарихи аңыз-әңгімелердің мәліметтеріне көңіл бөлмей келе жатыр. Егерде оның мәліметтерін жазба дерек мәліметтерімен толықтыра отырып пайдаланса, зерттеушілер осы бағытта біршама жетістіктерге қол жеткізер еді.

Осылайша, өткен ғасырдың 90-жылдарынан қазіргі күндерге дейін жалғасып отырған Қазақ хандығының құрылу тарихнамасының төртінші кезеңіндегі зерттеулердің негізгі бағыттары мен жетістіктеріне қорытындылар жасалық.



Бірінші, Кеңестер Одағының ыдырап, Қазақ елінің саяси тәуелсіздігін алуы, қоғамдық ғылымдардың ондаған жылдарға созылған маркстік-лениндік идеологияның жеке дара үстемдігінен арылуына әкелді. Тарих ғылымында тарихи процестерді таптық тұрғыда емес, ұлттық мүдде тұрғысынан қарастыру орнықты да, Отан тарихының барлық мәселелері секілді, біз қарастырып отырған тақырып та жаңа көзқарастар тұрғысынан зерттеле бастады.

Екінші, қазақ елінің егемендік алуы нәтижесінде Отан тарихындағы көптеген мәселелерге деген қоғам арасында қызығушылықтар күрт артты. Сондай мәселелердің біріне – ХХ ғасырдың 90-жылдары Қазақ хандығының құрылуы мәселесінің көпшіліктің назарында болуы жатты. Өйткені, 1991 жылы 16 желтоқсанда қазақ ұлтының мемлекеті ретінде егемендігін жария еткен Қазақстан Республикасы мен XV ғасырдың ортасында тарих мінберіне қазақ халқының ұлттық мемлекеті ретінде көтерілген Қазақ хандығы арасында тарихи сабақтастықтың болуы қатты байқалған еді. Осыған байланысты мерзімді басылымдарда тарихшылар Қазақ хандығының құрылуы мәселесінде оның нақты қай жылы құрылғандығын анықтауға айрықша күш салды.

Үшінші, осы тарихнамалық кезеңде қалыптасқан тұжырымдарға қарамастан, Қазақ хандығының құрылуын қазақ-ноғай жұртының бір-бірінен бөлінген кезімен, тіпті, 1428 жылы Барақ ханның өлімінен кейін құрылған деген пікірлер (Ә. Хасенов) пайда болды. Бірақ та бұл бағыттағы ойлар мен тұжырымдар кең қолдауға ие бола алмады.

Төртінші, Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің орыс және қазақ тілдеріне толығымен аударылып, жеке кітап ретінде шығуы, сондай-ақ автордың 500 жылдығына орай халықаралық деңгейде өткізілген ғылыми конференциялардың өткізілуі мәселенің одан әрі терең зерттелуіне тың серпін береді.

Бесінші, 90-жылдардан басталатын төртінші кезеңдегі зерттеулердің бәрінде дерлік Қазақ хандығының құрылуына қатысты оған дейінгі тарихнамалық кезеңдерде айтылған тұжырымдар сақталынып, кейде олар қайталанады, ал кейбір зерттеулерде терең қарастырылады. Солардың біріне – Керей мен Жәнібектің Моғолстанға көшіп келуімен хандықтың құрылуы басталып, ал Шығыс Дешті Қыпшаққа қайтып оралуымен хандықтың құрылуы аяқталады деген пікір кіреді.



Алтыншы, осы тарихнамалық кезеңдегі келесі бір бағыттардың біріне – біздің мәселемізге қатысты халық ауыз әдебиеті материалдарының ғылыми айналымдарға енгізілуі жатады. Бірақ та зерттеушілердің бір бөлігінің халық ауыз әдебиеті материалдарын пайдаланбауы, оларды елемей, көзге ілмеуі ол зерттеушілердің тұжырымдарын толыққанды, жан-жақты ете алмайды.

Жетінші, Санкт-Петербургтегі жерлесіміз Т.И. Сұлтановтың зерттеулерінен басқа өзге ресейлік зерттеушілердің (В.В. Трепавлов, И.В. Зайцев) еңбектерінде Қазақ хандығының құрылуы мәселесі өте қысқа көлемде қарастырылады. Сондай-ақ олар бұл мәселеге терең бармай, Т.И. Сұлтановтың, К.А. Пищулинаның, М.Қ. Әбусейітованың және тағы басқа авторлардың тұжырымдарына сүйенеді, сілтеме жасап, оларды қайталайды. Мұның өзі Қазақ хандығының құрылу тарихын Қазақстан тарихшылары ғана терең, кең көлемде және жан-жақты зерттеп отырғандығын көрсетеді.

Осы тарауда арнайы түрде Қазақ хандығының құрылуының зерттелуі тарихын қарастыра келе, біз төмендегідей жалпы қорытындылар жасаймыз:

1) XIX ғасырдың 60-жылдарында басталған мәселені зерттеу қазіргі күндерге дейін жалғасып, оны біз шартты түрде төрт тарихнамалық кезеңге бөлдік. Әрбір тарихнамалық кезеңдегі зерттеудің негізгі бағыттары мен жетістіктеріне сипаттамалар берілді, басты тұжырымдар анықталды.

2) Бір жарым ғасырға жуық тарихнамада Қазақ хандығының құрылу тарихы жай айтылған пікірлерден кең ауқымды тақырыптың біріне айналып, академиялық басылымдарда тарау немесе тарауша көлемінде қарастырылады. Алғашқы тарихнамалық кезеңнен соңғы тарихнамалық кезеңге дейін мәселені зерттеудің кең және терең түрде жүргендігін көрсетеді. Мәселенің деректік негіздері мен зерттелу тарихы, алғышарттары, себептері, құрылу барысы, болған уақыты, ол жөніндегі пікір таластар, маңызы және басқа айтылған ой-пікірлер мен тұжырымдар – 150 жылдай уақыт ішіндегі тарихнаманың жетістіктерін көрсетеді.

3) Мәселенің тарихнамасына жалпы талдау жасай келе, Қазақ хандығының құрылу мәселесі тарихи әдебиеттерде көп айтылып, көп жазылды, бірақ әлі күнге дейін жеке зерттеу тақырыбына айналған жоқ, сол себепті де біз бұл жұмысымызда осы мәселені арнайы қарастырдық.



## IV. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

### 4.1. Моңғолдар жаулауы қарсаңындағы Дешті Қыпшақтың этносаяси жағдайы

Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы бір тарихи кезеңде жүзеге асқан тарихи процесс. Хандықтың құрылуы саяси тұрғыдан қарастырғанда жеке тарихи оқиға болып көрінгенімен, ол сондай-ақ этникалық, рухани және мемлекеттілік дамулардың заңды қорытындысы болып табылады. Сол себепті де хандықтың құрылу тарихын білуде оған әсер еткен, ықпал жасаған тарихи факторларды анықтаудың маңызы зор.

XV ғасырдың ортасында қазіргі Қазақстан территориясындағы бір-бірімен өте тығыз, бір-бірімен өзара байланыстағы тарихи процестердің дамуы нәтижесінде ұлттық сипаттағы этнос пен ұлттық сипаттағы хандық дүниеге келеді. Біздің негізгі қарастырып отырған мәселеміз – Қазақ хандығының құрылу тарихы болғандықтан, оған әсер етуші факторларды оның тарихи алғышарттары ретінде қарастырамыз. Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқының қалыптасу барысындағы XIII–XV ғасырлардағы этникалық процестер – Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарттарына жатады. Көрсетілген ғасырлар аралығындағы этникалық дамуларға талдау жасау, оның дамуының бағыт-бағдарларын айқындау, этностың компоненттеріне зерделеу арқылы ғана біз хандықтың құрылуына әсер еткен этникалық мәселелерді терең ұғына аламыз.

Отандық тарих ғылымында қазақ халқының қалыптасуының басталуы, кем дегенде, қол дәуірінің соңғы кезеңінен бастау алып, XV ғасырдың ортасында қалыптасу процесі өз мәресіне жетті деген тұжырымды зерттеушілердің бәрі мойындайды [220, 279–287-б.]. 2,5 мың жылдай уақытқа созылған этногенез барысы әртүрлі тарихи дәуірлерде ішкі және сыртқы факторларға байланысты бірде жедел, бірде баяу дамып отырды. Этнопроцестердің осындай дамуы оның ерекшеліктерін қалыптастырады. Қазақ халқының қалыптасуы барысында бірнеше этнокезеңдердің болғаны зерттеушілер арасында бірауыздан мойындалған. Олар: қола дәуіріндегі сақ-үйсін, ғұн, түрік,



оғыз-қыпшақ, моңғолдар үстемдігі және моңғолдар үстемдігінен кейінгі дәуірлердегі этнокезендер. Әрбір этникалық кезеңдегі процесс жалпы этногенездің шеңберінде, оның заңдылықтарымен қатар дами отырып, өз кезеңінде өзіне ғана тән белгілерге, ерекшеліктерге ие болады. Сондай этникалық кезеңге – қазақ халқының этногенезінің соңғы кезендері болып саналатын XIII–XV ғасырлар аралығы жатады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл 3,5 ғасырлық тарихи уақыт шартты түрде екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең – моңғолдар билігі немесе моңғолдар үстемдігі кезеңі деп аталып, XIII ғасырдың басынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі аралықты қамтыса, XIV ғасырдың ортасынан XV ғасырдың ортасына дейінгі бір ғасырлық тарихи уақытты қамтыған екінші кезең – моңғолдар үстемдігінен кейінгі немесе қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңі деген атауға ие. Бұл екі кезеңдегі саяси тарих мәселелер тарихнамада жақсы қарастырылған. Ал этникалық тарих мәселелеріне келсек, ол жөнінде жалпылама айтылған ой-пікірлер мен тұжырымдар бар да, арнайы жеке зерттеулер жоқ.

Сол себепті де біз, осы тарауда Қазақ хандығының құрылуына этникалық алғышарттар болып саналатын XIII–XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағындағы этнопроцестер мәселелерін қарастырамыз. Өйткені, бұл дәуірдегі этникалық дамуға осы дәуірде болып өткен саяси, мәдени, рухани факторлар көп әсерін тигізеді, этникалық дамудың бағыт-бағдарларына ықпал етеді. Әсіресе, саяси факторлардың ықпалы өте күшті байқалады. Сондықтан да XIII–XV ғасырлардағы этникалық тарихтың мәселелерін саяси тарих мәселелерінен бөлек қарау мүмкін емес. Соған байланысты біз, қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңдеріндегі этникалық мәселелерді негізгі мәселе ретінде қарастыра отырып, міндетті түрде саяси тарихпен байланыстырамыз.

XIII ғасыр басындағы моңғолдар жаулаушылығының қазіргі Қазақстан аумағындағы этнопроцестерге тигізген әсерлерін анықтау үшін, алдымен, жаулап алу қарсаңындағы осы территориядағы этносаяси ахуалға қысқаша түрде тоқталалық.

XIII ғасыр басына дейін қазіргі Қазақстан территориясында үш саяси құрылымның болғаны белгілі. Олар – Ертіс өзені мен Еділ өзеніне дейінгі далалық аймақтарда болған қыпшақ тайпаларының



мемлекеттік құрылымы, Жетісу өңіріндегі Найман хандығы және Оңтүстік Қазақстан мен Сырдария өзенінің орта және төменгі ағыстары бойы құрамында болған Хорезмшахтар мемлекеті [221, 414–419-б.; 423–425-б.]. Бұл үш мемлекеттің ішінде Қазақстанның басым бөлігі XI–XIII ғасырлар басында өмір сүрген Қыпшақ хандығының құрамында болды.

Отандық тарихнамада XI–XIII ғасырлардағы қыпшақтар тарихының этносаяси мәселелері біршама жақсы қарастырылған [199; 221, 419–435-б.]. Соған байланысты біз бұл жерде тек моңғолдар жаулаушылығы қарсаңындағы қыпшақ қоғамының этникалық мәселесіне ғана тоқталамыз.

XI ғасырдың 30-жылдары шамасында Сыр бойы мен Арал теңізі маңынан оғыз тайпаларын ығыстырған қыпшақ тайпалары сол тұстан бастап, Жетісуды қоспағанда, бүкіл Қазақстан территориясына иелік етіп, оңтүстігінде Хорезм мемлекетімен шектеседі. Жаңадан қалыптасқан этносаяси жағдайға байланысты бұрынғы «Мафазат ал-гуззи» – «Оғыздар даласы» терминінің орнына жаңа ұғым – «Дашт-и Кипчак» термині пайда болады [222, 525-б.; 550-б.]. Бұл ұғымға кейін келе Ертістен Еділге дейінгі, оңтүстігінде Балқаш көлі, Сырдария өзені және Арал теңізінен солтүстікте Батыс Сібірге дейінгі орасан зор территория енеді. С.М. Ақынжановтың пікірінше, «Б.э. II мыңжылдығының басында шығысында Алтай тауының қыраттарынан батысында Карпаттың орманды жоталарына дейінгі Еуразияның далалық белдеуі орта ғасырлық Шығыс мұсылмандарының еңбектері мен Ежелгі орыс жылнамашыларының мәліметтерінде негізгі тайпа атауымен «Дешт-и Кипчак» және «Половецкое поле» деген ұқсас атаумен аталған және соңғы терминге зерттеуші Еділден Днепрге және одан әрі батысқа қарайғы жерлерді жатқызады» [199, 9-б.]. Одан әрі автор мұсылман авторларындағы – қыпшақтар, батысеуропа хроникаларындағы – командар, орыс жылнамаларындағы – половецтер, осы атаулардың бәрі бір халықтың әртүрлі этникалық белгіленуі деген ойды айтады [199, 9–10-б.]. Осы жерде Дешті Қыпшақ терминінің эволюциясы мен мәндерін анық айқындап алуды өте қажет деп есептейміз. Өйткені, XI–XVI ғасырлардағы осы жоғарыда аталған аймақтардың тарихына қатысты зерттеулерде бұл ұғым жиі қолданылады.



Мысалы, Б. Греков пен А. Якубовский Дешті Қыпшаққа «Днепрден Еділдің шығыс жағындағы алыс жерлердің жататындығын» айта келе, «қалай десек те, оңтүстік-шығыс Еуропаның Днепрге дейінгі жерлері, оңтүстігінде Қырым, солтүстік-шығысында – Бұлғар (аймақтарымен), оңтүстік-шығысында Еділдің төменгі ағысы бойы «көшпелі қыпшақ мемлекетінің еуропалық бөлігі болып саналады», – деп түсіндіреді [223, 11–12-б.]. Одан әрі бұл авторлар бұл ұғымға бүкіл Еуразияның далалық бөлігін және Еділ мен Дунайға дейінгі аралықтағы далалы өңірлерді жатқызады [223, 25-б.; 43-б.]. Ал Г.А. Федоров-Давыдов өз еңбектерінде Дешті Қыпшақ деп жалпы Алтын Ордадағы көшпелілердің өмір сүретін мекенін, сондай-ақ тек Еділ мен Дунай өзендерінің аралығындағы көшпелі тайпалардың территориясын айтады [224, 228–232-б.; 39, 28–41-б.]. М.Г. Сафарғалиев болса, Дешті Қыпшақ терминін Жошы ұлысы, Алтын Орда терминдерінің баламасы ретінде жиі қолданады [49, 296-б.; 308-б.].

Ал Б.А. Ахмедов, Т.И. Сұлтанов секілді орта ғасырлық Қазақстан тарихының белгілі мамандары өз зерттеулерінде Дешті Қыпшақ ұғымына көп жағдайда қазіргі Қазақстанның территориясын енгізеді. Мысалы, Б.А. Ахмедовтың «Әбілхайырдың алғашқы жеңістері туралы хабар бүкіл Дешті Қыпшаққа тез тарады...», «Қалмақтар Дешті Қыпшақтың біз көшпелі өзбектер деп атап отырған түрік-моңғол тайпалары секілді көшпелілері болды», – деген пікірлерінде Дешті Қыпшақ ұғымының тек қана Ертіс пен Еділ өзендері аралығындағы аймақтарға қатысты екендігі көрініп тұр [102, 48-б.; 65-б.].

Т.И. Сұлтанов 1982 жылғы монографиясының бір тараушасын «XV ғасырдың Өзбек ұлысындағы өзбектердің этникалық құрамы және шибанилықтардың өздерін қолдайтын тайпалармен Дешті Қыпшақтан көшуі» деп атауынан-ақ бұл ұғымның тек Қазақстан жеріне қатысты екендігі бірден байқалады [24, 7-б.]. Дешті Қыпшақ терминінің қандай мәнде қолданылып отырғандығы туралы дәйектерді жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінен көптеп кездестіруге болады. Оларды бұл жерде келтіре беруді артық дей келе, осыған қатысты өзіміздің тұжырымымызды білдірелік.

Зерттеушілердің бәрі Дешті Қыпшақ ұғымының XI ғасырда пайда болғандығын, оған алғашында Ертіс өзенінен Еділ өзеніне дейінгі жерлердің, кейіннен қыпшақтардың батысқа қарай жыл-





жуына байланысты бұл ұғымның географиялық ауқымының кеңейіп, батыста Карпат тауына дейінгі жерлердің енетіндігін мойындайды. Ал бірақ Алтын Орданың саяси тарихына, қоғамдық қатынастары мәселелеріне арналған зерттеу еңбектерінде авторлар Дешті Қыпшақ терминін көп жағдайда Еділ мен Дунай өзендерінің аралығындағы аймақтарға қатысты қолданса, XIII–XVII ғасырлардағы Қазақстан тарихына арналған зерттеулердің авторлары Қазақстан территориясын (Жетісуды қоспағанда) Дешті Қыпшақ деп атайды. Біз осыған байланысты Дешті Қыпшақ терминінің екі мағынада қолданылатынына көз жеткізіп отырмыз. Біріншісі – кең, екіншісі – тар мағыналар болып отыр. Географиялық мәндегі Дешті Қыпшақ ұғымы этникалық мәндегі қыпшақ ұғымынан туындайды. Алдыңғы беттердің бірінде айтып өткеніміздей, XI ғасырдың 30-жылдарында Сыр бойы мен Арал теңізі маңынан оғыздарды ығыстырып шығарған қыпшақ тайпалары Жетісудан басқа бүкіл қазақ жеріне саяси билігін орнатады да, ондағы барлық жергілікті тайпалар бір ортақ атау – қыпшақ атауымен аталады. Ал олардың территориясы – Дешті Қыпшақ деген атауға ие болады. Біз бұл атауды – Дешті Қыпшақ ұғымының алғашқы немесе тар мағынадағы атауы деп ұғынамыз.

XI–XII ғасырлар шенінде қыпшақ тайпаларының Еділдің батыс жағындағы, Кавказдың, Қара теңіздің солтүстігіндегі және Дунайға дейінгі жерлерге үстемдігі орнауына байланысты қыпшақ этнонимінің шеңбері кеңейіп, енді Ертістен Дунайға дейінгі жерлерде мекендеген тайпалар жалпылама атаумен – қыпшақтар делініп, олардың территориясы – Дешті Қыпшақ деп жазыла бастайды. Бұл – Дешті Қыпшақ ұғымының екінші немесе кең мағынадағы түрі. Біздің жұмысымыздың хронологиялық шеңбері – XIII–XV ғасырлар аралығы болғандықтан, жұмысымызда бұл термин жиі кездесіп отырады. Сондықтан да терминдерді қолдануда қателіктерге ұрынбас үшін және нақтылық үшін Дешті Қыпшақ терминінің алғашқы немесе тар мағынадағы түрін қолданамыз. Ал кейде баяндауымыз кең мағынадағы түрде болып жатса, онда біз Еділ мен Ертіс өзендерінің аралығын – Шығыс Дешті Қыпшақ, Еділ мен Дунай өзендерінің аралығындағы жерлерге Батыс Дешті Қыпшақ терминін қолданамыз.

Дешті Қыпшақ терминіне қатысты мәселенің басын ашып алғаннан кейін, моңғолдардың жаулап алуы қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақтың этносаяси мәселесіне тоқталамыз.



Бұған дейін айтып өткеніміздей, қыпшақ тайпаларының саяси үстемдігі Шығыс Дешті Қыпшақта толығымен орнағаннан кейін, олардың саяси тарихы оңтүстігіндегі көршісі Хорезмшахтар мемлекетімен қарым-қатынаста дамиды. Жалпы алғанда, XI–XIII ғасырлардағы қыпшақтардың тарихын баяндайтын арнайы жазылған тарихи шығарма жоқ, тек кейбір шығармаларда жекелеген оқиғаларды, оның ішінде негізінен қыпшақ-хорезм қатынастарын көрсететін үзік-үзік деректер ғана бар.

Егерде, қысқаша сипаттамалық түрде қыпшақтардың саяси тарихына шолу жасасақ, онда Дешті Қыпшақта екі ғасыр саяси үстемдікте болған қыпшақтардың саяси тарихын шартты түрде үлкен екі кезеңге бөліп қарауға болады. Бірінші кезеңге – XI ғасырдың 30-жылдарынан 1133 жылға дейінгі, ал екінші кезеңге – 1133 жылдан моңғолдар жаулап алғанға дейінгі 100 жылдай уақыт жатады. Біздің бұл тараушадағы қарастырып отырған мәселеміздің хронологиясы моңғолдар жаулауының қарсаңы болғандықтан, біз оған қыпшақтар тарихының екінші кезеңі сәйкес келеді деп, шамамен алғанда, XII ғасырдың ортасынан XIII ғасырдың 20-жылдарына дейінгі тарихи кезеңді жатқызамыз.

XII ғасырдың 30-жылдарына дейін қыпшақ-хорезм қатынастарындағы белсенділік рөл қыпшақтарда болса, Хорезм билеушісі Атсыздың (1127–1156) билігі кезінен бастап, белсенділік рөл хорезмдіктердің қолына көшеді [86, 387-б.; 199, 198-б.; 225, 41-б.].

Мұрагерлік жолмен әкесінің орнына келген Атсыз қыпшақтарға қарсы белсенді әскери әрекеттерге көшеді. Оның әскери жорықтары нәтижелі болып, Хорезмде шахтың беделі бірден өседі, билігі нығаяды. Сол жылдары Хорезм әлі де болса Селжұқ мемлекетінің билеушісі Санжарға тәуелді болғанымен, Атсыз өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізеді. В.В. Бартольд ол туралы: «1127 немесе 1128 жылы әкесінің орнына келген Атсыз іс жүзінде Хорезмшахтар әулетінің қуатын нағыз қолдаушы болды», – деп жазады [86, 387-б.].

«Өзінің билігінің алғашқы жылдары Атсыз Санжарға тәуелділігін адал сақтады және оның жорықтарына қатысып отырды, сонымен қатар ол өз билігін көршілес көшпелілерді бағындыру арқылы нығайтуды ойластырды», – деп одан әрі жалғастырады В.В. Бартольд [86, 387-б.]. Атсыздың алғашқы бағындырған өңірлері Сырдария



өзенінің төменгі ағысы бойы мен Маңғыстау түбегі болды, Сырдың төменгі ағысы бойындағы Жент қаласынан Хорезм әскері Түркістанға тереңдей енеді, яғни Арал теңізінің солтүстігіндегі өңірлерге дейін барып, «дінсіздер арасында өте жоғары құрмет пен сыйға ие болған» қыпшақтар ханын жеңіліске ұшыратады. Қыпшақтар тарихындағы бұл оқиға – 1133 жылы жаз айларында болады [86, 388-б.; 199, 204-б.]. Қыпшақтарға қарсы Атсыздың бұдан кейін де бірнеше рет жорықтар жасап, жеңіске жеткенін тарихшы Жувейни жазады [104, 443-б.].

Осылайша, Атсыздың жорықтары нәтижесінде қыпшақтарға қараған Сырдың төменгі бойы мен орта бойындағы қалалар мен аймақтар Хорезмге тәуелді болады. Жувейнидің дерегінде Сыр бойы қалалары арасында Жент пен Сырдың атауы аталады [104, 443-б.]. Бұл екі қаланың деректе кездесуі жайдан жай емес. Олардың біріншісі – Сырдың төменгі ағысы бойындағы және соған іргелес аймақтардың орталығы болса, Сығанақ қаласы «сол кезеңде әлі де болса ислам дінін қабылдай қоймаған қыпшақтар иелігінің орталығы болып есептелген [86, 236-б.]. Басқаша айтқанда, Жент секілді Сығанақ – Сырдың орта ағысы бойы мен оған іргелес аймақтардың орталығы болған.

Қыпшақтанушы ғалым С.М. Ақынжанов Атсыздың 1133 жылғы жорығының салдарларын: «Қорыта айтқанда, Атсыз өмірінің соңғы жылдары қыпшақтар мекен еткен зор аймақты бағындырды. 1133 жылы ол қыпшақтардың өз ішінде бөлініп кетуіне тікелей әсер етті, соның нәтижесінде Қазақстан даласында қыпшақ тайпаларының екі тобы құрылады», – деп түсіндіреді [199, 198-б.]. Осыған байланысты мынадай пікірді айта кетсек дейміз. 1133 жылғы Атсыздың жорығы Хорезм үшін өте нәтижелі, ал қыпшақтар үшін сәтсіз аяқталған, бар болғаны сол ғана. Осы жорық қыпшақтарды екіге бөліп кетті деген тұжырым сенімсіздеу көрініп тұр. Егер де қыпшақтар 1133 жылға дейін біртұтас саяси жүйенің құрамында болса, неге онда олардың хандары мен мемлекетінің атауы Жувейниде кездеспейді. Жувейни тек жалпылама қыпшақтар атауын қолданып отырады. Егерде Атсыздың 1133 жылғы жорығы қарсаңында қыпшақтарда біртұтас мемлекеттік жүйе орын алған болса, Санжарға тәуелді болып отырған Атсыздың қыпшақтарға жорық жасай қоюы екіталай болар еді. Біздің ойымызша, қыпшақтардың екі топқа бөлінуі 1133 жылғы жорықтың салдары емес, жорыққа дейін



қыпшақ қоғамының ішкі факторларының нәтижесі, ал 1133 жылғы хорезмдіктер жорығы бөліну процесін тездеткен деп түсінеміз.

Атсыздың орнына келген оның ұлы Ил-Арслан (1156–1172) солтүстігіндегі көршісі қыпшақтарға қатысты бейбіт саясат ұстанады. С.М. Ақынжанов Жүзжанидың дерегіне сүйеніп, Ил-Арслан қыпшақтар ханымен шекараны қорғау жөнінде одақ құрғандығын келтіреді [199, 207-б.].

Хорезм мемлекетінің келесі билеушілері Текеш (1172–1200), оның ұлы Мұхаммед (1200–1220) тұсында қыпшақ-хорезм қатынастары басқаша сипатта дамиды. Қыпшақтар мен хорезмдіктердің сыртқы қарым-қатынасының басты нысанасы шекаралық аймақтар – Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы қалалар мен өңірлер болып, екі жақ та осы өңірлерді өз қолдарында ұстап қалу үшін күрестің түрлі әдістерін қолданады. Әсіресе, Хорезм билеушілері үшін әскери күрес табысты болғанымен, тұрақты болмаған секілді. Соған байланысты жаңа билеушілер қыпшақтарға қатысты өзгеше әдістерді қолдана бастайды. Текеш өзі билік құрған жылдары қыпшақ қоғамындағы ірі-ірі тайпалық топтардың жетекшілерін мемлекеттік қызметтерге тартады, олармен қыз берісіп, қыз алысып, туысқандық байланыстар орнатады. Мысалы, Қыпшақ ханы Жанкеші өз қызы Теркен-хатунды Хорезмшахы Текешке берсе, Ұран тайпасының көсемі Алып Қара үлкен ұлы Қыранды қызмет етуге Текешке жібереді. Текеш өз қызын Қыранға ұзатады [221, 423-б.]. Хорезмдіктердің қыпшақ тайпаларының жетекшілерімен осындай жеке-жеке туыстық қатынастар орнатуы – біріншіден, олардың бірігуіне жол бермеуден, екіншіден – оларды бір-біріне айдап салу арқылы өздеріне жартылай тәуелді етіп ұстаудан туындаған саясат дейміз.

Хорезм билеушілерінің бұл саясаты тікелей жаулап алуға қарағанда анағұрлым нәтижелі болады. Текеш өзінің інісі Сұлтаншахтың қарсылығын жеңе отырып, Хорезмнің оңтүстігіндегі көршілес иеліктерді біртіндеп бағындыра бастайды. Жувейнидың мәліметтеріне сүйенсек, Текеш 1187 жылы Нишапурды, 1192 жылы – Рейді, 1193 жылы – Мервті, 1194 жылы – Иранның батыс бөлігін бағындырады [104, 447–448-б.]. Текештің Хорезмнен алыста жүргенін пайдаланып, Сыр бойындағы қыпшақ билеушілері оған тәуелді болудан бас тартқан секілді. Өйткені, Текештің 1182 жылғы



Ирактағы селжұқ билеушісі Жаһан Пехлеви Мұхаммед Илдегизидке (1172–1186) жазған хаттарында Түркістанның өзіне бағынышты екендігін хабарлайды [6, 404–405-б.]. Ал 1195 жылы Текеш оңтүстігіндегі жаулап алу соғыстарын аяқтағаннан кейін, жорық бағытын Сыр бойындағы қыпшақтарға қарай бұрады. Жорықтың себебі мен барысы және қорытындысы туралы Жувейни: «591 (1195) жылы хорезмшах дінсіздерге қарсы қасиетті соғысты сылтау етіп, Сығанаққа аттанды. Сығанақ пен Женттің билеушісі Қадыр Бұқа хан қарсыласының көптігіне байланысты шегінуге мәжбүр болды. Бірақ та Текеш әскерінің құрамындағы түрік (қыпшақ) тайпасының бірі ұрандықтар Қадыр Бұқа ханға көмек беретіндігі туралы хабарлайды. Қуанған Қадыр Бұқа хан шегінуді тоқтатып, (18.V.1195) хорезмшахпен ұрысқа түседі. Келісім бойынша ұрандықтар ту сырттан сокқы беріп, тылды талқандайды, сасып қалған әскер дегбірге түсіп, қашуға мәжбүр болды. Олардың көбі қылыштан қаза тапты, одан да көбі құмда аштық пен шөлден қырылды. Хорезмшах тек 18 күннен кейін ғана Хорезмге келді. Қыпшақтар жеңістің нәтижесін ұзақ ұстап тұра алмайды. Көшпелілерге тән ортақ ауру – бірліктің болмауы тағы да осы жерде көрінеді. «Қадыр Бұқа ханның жиені Алып Дерек көкесімен сиыса алмай, 3 жылдан кейін хорезмшах Текештен көмек сұрайды. Хорезмшах Шадьяхтан екінші ұлы Мұхаммедті шақырып алып, Алып Дерек екеуін Бұқа ханға қарсы жібереді. Бұқа хан жеңіліп, Хорезмге тұтқындалып әкелінеді. Бірақ көп ұзамай Хорезмшах оған өз құқықтарын қайтарып береді», – деп баяндайды [104, 448-б.].

Бұқа ханды өлтірмей, оны бұрынғы дәрежесінде қалдыру арқылы Текеш қыпшақтар ішіндегі саяси күштердің арасалмағын сақтауға тырысады. Егерде Бұқа ханды өлтіріп, билікке Алып Деректі отырғызса, онда көп ұзамай соңғысының Сыр бойындағы қыпшақтарды жеке дара билеп, Хорезм үшін мықты қарсыласқа айналуы мүмкін болатын.

Көп ұзамай Алып Деректің дербес саясатына қарсы Текеш Қадыр Бұқа ханды оған қарсы аттандырады, Алып Дерек жеңіледі, алайда Қадыр Бұқа ханның өзі Хорезмшахына тәуелді болып қалады [221, 424-б.]. 1200–1220 жылдары Хорезм мемлекетін билеген Текештің ұлы Мұхаммедтің тұсында Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы өңірлердің бәрі Хорезмге тәуелді болады. Бірақ



та Дешті Қыпшақтың далалық бөлігіндегі қыпшақ тайпалары өз дербестіктерін сақтап қалады. Оларды бағындыру үшін Мұхаммед бірнеше рет жорықтар ұйымдастырады. Сондай жорықтың бірі 1215/1216 жылдың қыс айында болады да, 1216 жылдың жаз айларында Ырғыз даласында Хорезмшахтың алғаш рет моңғолдармен шайқасы өтеді [86, 436-б.]. Бұл шайқастың қалай аяқталғаны және оның қандай салдары болғандығы тарихи әдебиеттерде жақсы айтылғандықтан, біз оған бұл жерде тоқталып жатпаймыз.

Жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылай келе, моңғол жаулаушылығы қарсаңындағы Қазақстан аумағындағы қыпшақтардың мемлекеті және жағдайы туралы тұжырымдарымызды түйіндейік.

Біріншіден, моңғолдардың жаулап алушылығы қарсаңында, яғни XII ғасырдың ортасы мен XIII ғасырдың басында тар мағынадағы Дешті Қыпшақ территориясында жалпы атаумен қыпшақ тайпалары өмір сүргенімен, оларда бір орталыққа біріктірілген, бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйе болмаған. Кезінде В.В. Бартольдтың «қыпшақтардың саяси ұйымсыз және өз мемлекеттілігін құрмай-ақ осыншама зор территорияны иеленуі сирек кездесетін құбылыс. Жекелеген қыпшақ хандары болды, ал бірақ барлық қыпшақтарға ортақ хан болған жоқ», – деген тұжырымы Еділдің батысындағы қыпшақ тайпаларына да, Еділ мен Ертіс өзендерінің аралығындағы қыпшақтарға да қатысты айтылған [222, 99-б.]. Еділдің шығыс жағындағы қыпшақ тайпаларының иеліктері, княздіктері, бірлестіктері, одақтары туралы әр кездері А.Ю. Якубовский, К.В. Кудряшев, Г.А. Федоров-Давыдов, С.А. Плетнева және тағы басқа зерттеушілер айтқан болатын [226, 18-б.; 227, 134-б.; 224, 147-б.; 228, 275-б.]. Ал Қазақстан аумағындағы қыпшақ тайпаларының нақты моңғол жаулаушылығы қарсаңындағы мемлекеттілігі жөнінде С.М. Ақынжанов өз зерттеуінде арнайы тоқтала келе, оларда үш қыпшақ иелігінің болғандығын атап өтеді [199, 281-б.]. Бірінші қыпшақтардың иелігі Маңқыстау түбегінде болған, олардың билеушісі деректерде «патша» деп аталғанымен, XII ғасырдың ортасынан бастап Хорезм мемлекетіне тәуелділікте еді.

Одан әрі С.М. Ақынжановқа сүйенсек, Қазақстанның далалы аймақтарында қыпшақ тайпаларының екі үлкен тобы мекен етіп, олардың этникалық құрамы бірдей болған. Бұл екі топтың иелік-



терінің шекарасы бұған дейінгі тарихи дәуірде қалыптасқан, бірі Батыс Қазақстанда, Арал теңізінің солтүстігіндегі далаларға жетіп, IX ғасырдың өзінде-ақ қыпшақтар бірлестігі ретінде танылса, екіншісі XII ғасырдың ортасында қыпшақтардың Сығанақ маңындағы иелігі деген атаумен жазба деректерге енген [199, 282–283-б.]. Шамамен алғанда, Шығыс Дешті Қыпшақтағы екі үлкен қыпшақтар бірлестігінің территориялары кейінгі кезеңдерде пайда болған қазақтың Кіші және Орта жүздерінің аумақтарына сәйкес келеді.

Батыс бөліктегі қыпшақтар бірлестігінде билеуші әулет Елбөрі тайпасынан шығып, билік мұрагерлікпен әкеден балаға немесе әкеден бауырға беріліп отырылған. Биліктің мұндай берілуі тек ертефеодалдық мемлекеттік құрылымдарға тән құбылыс. Сығанақ иелігінің қыпшақтарындағы билік Ұран тайпасының өкілдеріне тиесілі болады.

Бұл иеліктің оңтүстігіндегі шекарасы тікелей Хорезм мемлекетімен шектесіп жатқандықтан, алдыңғы беттерде айтып өткен қыпшақ-хорезм арасындағы саяси қарым-қатынастар осы иелікпен жүргізіледі. Қадыр Бұқа хан, Алып Дерек секілді тұлғалар – сығанақтық қыпшақтардың әулетінен болып келеді.

Жазба деректерде Маңқыстау түбегі мен Батыс Қазақстан аумағындағы қыпшақтар бірлестігі жөнінде, олардың билеушілері, ішкі саяси жағдайлары туралы ешқандай мәліметтер айтылмайды. Ал тікелей Хорезм мемлекетімен қарым-қатынаста болған Сығанақ қыпшақтарының билеушілері мен олардың арасындағы билік үшін күрестер өте аз орын алса да деректерде ұшырасады [104, 448–449-б.].

Моңғолдардың жаулап алуы қарсаңында, яғни XII ғасырдың соңғы – XIII ғасырдың алғашқы онжылдығы ішінде Қазақстанның басым бөлігін қамтыған Сығанақ қыпшақтарының ішкі саяси жағдайы тұрақты болмады. Бір жағынан, Хорезм мемлекетімен күрес қыпшақтардың бұл хандығын әлсіретсе, екінші жағынан, билеуші әулеттің өкілдері арасындағы өзара билік үшін күрестер хандықты одан әрі еселеп әлсіретеді. Өзара күресуші жақтардың әрқайсысын Хорезмшахтарының от түтеткендей қолдап, қоздырып отыруы нәтижесінде орталығы Сығанақ қаласы болған Қыпшақ хандығы көп ұзамай моңғолдар жаулаушылығына жүйелі түрде қарсылық көрсете алмайды.



Ойларымызды қорыта келе, моңғол жаулаушылығы қарсаңында шығыс Дешті Қыпшақта бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік-әкімшілік құрылым мен басқару жүйесі болмады дейміз. Жазба деректер мен зерттеушілердің дәлелдеп көрсеткеніндей, бұл территорияда қыпшақтардың үш бірлестігі немесе үш хандығы жеке-жеке өмір сүреді. Батыс Қазақстан аумағындағы хандықтың ішкі саяси өмірі туралы деректер болмаса, Оңтүстік және Орталық бөліктердегі қыпшақ хандығының ішкі саяси жағдайы өте тұрақсыз болады. Ішкі саяси тұрақсыздық жалпы Дешті Қыпшақ тұрғындарына сыртқы жауларға, нақты алғанда, моңғол жаулап алушылығына қарсы бірігіп күресуге ешқандай мүмкіндіктер бермейді.

Енді мәселеміздің этникалық жағын қарастыралық.

XI–XIII ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағында мекен еткен тайпалар барлық деректерде жалпы ортақ атаумен қыпшақтар деп аталса, ал кейбір жазба деректерде қыпшақ бірлестігінің құрамына енген тайпалардың атаулары кездеседі.

Ан-Нувейри, Ибн Халдун секілді авторлар Дешті Қыпшақтың батыс бөлігіндегі 11 (он бір) тайпаның атауларын өз еңбектерінде атап өтеді [50, 540–541-б.]. Екі мәліметтегі 11 тайпаның атауларындағы сәл өзгешеліктерге қарамастан, олардың бір тайпаның атауы екендігін ажырату қиын емес. 1996 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихының» I томындағы «Қыпшақтар» атты тараушаны жазған Б.Е. Көмеков Ан-Нувейри мен Ибн Халдунның мәліметтеріндегі 11 тайпаның атауларын бір-бірімен салыстыра келе: «Токсоба, Истиоба, Бұржоғлы, Елбөрілі, Қаңғароғлы, Анджоғлы, Дурут, Құлабаоғлы, Жартан, Қарабөріккі және Қотан», – деп ұсынады [221, 425-б.]. Зерттеушілер бұл тайпаларды территориялық принциптерге сай лукоморлық, днепрлік, дон, қырымдық, алдыңғы кавказдық, еділбойлық, половецтер деп бөліп қарастырады [227, 134-б.; 228, 275-б.].

Ал XI–XIII ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы тайпаларға келсек, Б.Е. Көмеков араб авторларының деректеріне сүйене келе, бұл аумақта қыпшақ тайпаларының 16 тайпасының болғандығын айтады және олардың 8-інің ірі тайпа да, қалған 8-інің ұсақ рулық бөлімшелер болғандығын жазады [221, 426-б.]. Енді ірі немесе негізгі тайпалардың атауларына көңіл аударсақ. Олар: 1) Бөрілі немес Елбөрілі, 2) Токсоба, 3) Йетиоба, 4) Дурут (Туртоба),





5) Әл-арс (Астар), 6) Буржоғлы, 7) Манқұроғлы, 8) Иемек (Кимек) тайпалары.

Ал 16 қыпшақ тайпасының құрамына енген екінші деңгейдегі ұсақ сегіз рулық бөлімшелерге: 1) Тағ, 2) Башқұрт, 3) Куманлу, 4) Базанақ (Бажанақ), 5) Бажна, 6) Қарабөріккі, 7) Ұз (Оғыз), 8) Жортан (Шортан) рулары жатады [221, 426–427-б.].

XI–XIII ғасырларда қыпшақ тайпаларының тарихы бойынша көрнекті маман Б.Е. Көмеков жоғарыда айтылған тайпаларды алты ірі тайпалар тобына былайша топтастырады: 1) Кимек тайпалар тобы, оған Имек, Манқұроғлы рулары енгізіледі; 2) Оғыз, оған – Ұз, Тағ рулары, 3) Печенег-Башқұрт тобы, оған Башқұрт, Бажанақ, Бажна; Ас, Куман тобы, оған – Куманлу, Буржоғлы (?), Жортан бөлімдері және Қыпшақ тобы, оған – Бөрілі, Елбөрілі, Токсоба, Йетиоба, Төртоба ру-тайпалары [221, 427-б.]. Автор көрсетілген тайпалық бірлестіктердің одағын Қыпшақтар конфедерациясы дей келе, оның құрылымы күрделі және әр текті болғанын айтады. Конфедерацияға қыпшақ тайпаларымен бірге түрік тілдес кимек, куман, печенег, ертедегі башқұрт, оғыз тайпалары, сондай-ақ иран тілдес этникалық жіктердің элементтері енеді. XIII ғасырдың басына дейінгі қыпшақ конфедерациясына талдау жасаған Б.Е. Көмеков, ондағы этникалық процестердің даму бағытын «топтасу және бірігу негізінде туыстас қыпшақ тайпалары одағынан халық болып ұйысу үрдісі жүріп жатқандығымен байланыстырады» [221, 427-б.].

Моңғол жаулауы қарсаңындағы кезеңде қыпшақ этникалық қауымдастығының құрамында ортақ этникалық процеске жоғарыда аталған тайпалармен бірге көпсанды Қаңлы тайпалары да белсене араласады. Сондай-ақ Ұран, Баят, Азқиш, Түргеш, Қарлұқ, Жікіл, Қай тайпалары да қыпшақтардың этникалық компоненттерін құрайды [221, 428-б.].

Осылайша, XI–XIII ғасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің халық болып қалыптасуына қажетті факторлардың бәрі, атап айтсақ, ортақ этно-территория, шаруашылық түрлерінің бір типтілігі, қоғамдық қатынастар жүйесінің ортақтығы, мәдени, рухани және тілдік ортақтық қалыптасып болады. Мемлекеттік жүйенің алғашында бүкіл этнотерриторияға ортақ болуы – жетекші тайпаның атауына сай ортақ ұғымдарды – «қыпшақ» этнонимін, «Дешті Қыпшақ» атауын



дүниеге келтіреді. Бірақ та этностың қалыптасуында аса маңызды рөл атқаратын факторлардың бірі – мемлекеттік фактордың әлсіздігі немесе өз дәрежесіне сай этнопроцеске ықпал ете алмауы этнопроцесті өз мәресіне дейін жеткізе алмады. Саяси жағынан алғанда, XII ғасырдың ортасында Қыпшақ хандығының ішкі және сыртқы саяси факторлардың ықпалымен екіге бөлініп кетуі этнопроцеске кері әсер етіп, оның екпінін біршама тежейді. Этнопроцестің дамуы үшін басқа да қажетті факторлармен бірге мықты мемлекеттік жүйе, құрылым қажет болды. Мұндай элеуметтік-территориялық ұйымның Дешті Қыпшақ аумағында ішкі факторлардың әсерімен пайда болып, оның этнопроцестерге тікелей әсер етуі үшін бірнеше ғасырлар керек-ті. Ал моңғол жаулап алуы нәтижесінде Дешті Қыпшақ аумағында орныққан моңғолдық мемлекеттік жүйе қыпшақтық мемлекеттік жүйе мен құрылымға қарағанда анағұрлым мықты, күшті және қуатты болатын.

Моңғолдық этнокомпоненттердің жергілікті қыпшақтық этноортаға сіңісуі секілді моңғолдық мемлекеттік жүйе де дештіқыпшақтық ортаға бейімделеді.

Жалпы жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, моңғол жаулауы қарсаңында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында бір орталыққа бағындырылған мемлекеттік құрылым болмай, керісінше, бірнеше иеліктерге бөлінген жеке-жеке қыпшақ хандықтары өмір сүреді.

Екіншіден, олардың өзі ішкі талас-тартыстар нәтижесінде бір әлсіресе, Хорезм мемлекетімен күрестер оларды екі есе құлдыратады. Сол себепті де бұл хандықтар 1219–1224 жылдардағы моңғолдардың жаулап алуына тегеурінді қарсылықтар көрсете алмайды.

Үшіншіден, моңғолдар жаулауы қарсаңында, Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің дамуы нәтижесінде этностың халықтық түрі пісіп-жетілген-ді. Жаулап алу және одан кейінгі тарихи дамулар барысы бұл этникалық дамудың екпінін бірнеше есе тежейді, бірақ оны біржолата тоқтата алмайды.

Салыстырмалы түрде қарасақ, XIII ғасыр басындағы Қазақстан аумағындағы саяси жағдай XVIII ғасырдың басындағы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейінгі қазақ қоғамында қалыптасқан ахуалды еске түсіреді. Бір жағынан сыртқы фактор, оның ішінде басты



фактор – жоңғарлар шапқыншылықтары, екінші жағынан қазақ билеуші тобы арасындағы билік үшін талас-тартыстар, яғни ішкі факторлар бірлесе келе, қазақ халқын «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарындағы зор апатқа ұшыратады. Дәл осы секілді XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында қыпшақтардың Хорезмшахтарымен күресіндегі сәтсіздіктер мен жеңілістер, сондай-ақ осы кезеңдегі қыпшақ билеуші тобы арасындағы билік үшін жүргізілген күрестер қосыла келе, қыпшақтардың моңғол шапқыншылығына тойтарыс беруіне мүмкіндіктер бергізбейді. Соның нәтижесінде Ертіс пен Еділ өзендері аралығында өмір сүрген қыпшақ тайпалары 1219–1224 жылдары моңғол жаулаушылығына ұшырап, оларға тәуелді болады.

#### **4.2. Моңғолдар жаулап алушылығы мен одан кейінгі оқиғалардың Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тигізген әсерлері**

XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың бірінші ширегі аралығында қазіргі Моңғолия аумағында өмір сүрген тайпалардың арасында билік үшін жүргізілген күрестер мен Шыңғыс хан (Темучин) бастаған топтың жеңіске жетуі, сондай-ақ Шыңғыс ханның басшылығымен моңғол әскерлерінің Мәуереннаһр мен Дешті Қыпшақ аумақтарын жаулап алуы – ол аумақтардағы саяси тарихтың даму бағытын басқа арнаға бұрып жіберді, жаулап алуға дейінгі мемлекеттік құрылымдар мен әкімшілік-басқару жүйесін өзгерістерге ұшыратты.

Жалпы алғанда, моңғолдардың XIII ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһрды, Шығыс Түркістан, Жетісу жерлерін, мұсылман елдерін және тағы басқа аумақтардағы халықтарды бағындыруы сол дәуірдің өзінде әртүрлі тілдерде жазылған жазба деректерде жақсы баяндалған. Олардың көптігі сонша, деректердің авторлары мен атауларын атап өтудің өзі бірнеше бетке созылған болар еді. Сол себепті де біз жаулап алу барысын жүйелі және кеңірек баяндайтын жазба дерек мәліметтеріне, сондай-ақ басқа да деректердегі этникалық мәселеге қатысы бар мәліметтерге сүйенеміз. Моңғолдардың Дешті Қыпшақ пен Мәуереннаһрды 1219–1224 жылдар аралығында жаулап алуы араб және парсы тілдерінде жазылған Ибн ал-Асирдың, Несевидың, Джуджанидың,



Жувейнидың, Рашид ад-диннің шығармаларында өте жақсы баяндалады [229, 1–45-б.; 51, 77–97-б.; 230, 11–17-б.; 231, 18–22-б.; 90, 197–222-б.].

Жаулап алу мәселесіне қатысты жазба деректер қалай көп болса, соларға сүйеніп жазылған зерттеулер де жеткілікті [86, 474–526-б.; 232, 107–149-б.; 221, 440–448-б.].

Біздің негізгі мақсатымызға моңғолдардың Дешті Қыпшақ аумағын бағындыруы мәселесін толығымен баяндау немесе қарастыру жатпайды. Бірақ та жаулап алу барысындағы кейбір оқиғалардың, олардың салдарларының этникалық мәселелерге кейде тікелей, кейде жанама түрдегі қатысы орын алғандықтан, біз жаулап алу барысындағы кейбір мәселелерге тоқталуға мәжбүр боламыз. Сондай-ақ негізгі қарастыраар мәселеміз этникалық мәселе екендіктен, оны ғылыми тұрғыда талдау мен түсіндіру үшін тарихилық принципінің маңызды бір бөлігі хронологиялық ұстанымдарды басшылыққа аламыз. Сонымен бірге алдын-ала шешіп алар сұрақтың біріне – моңғолдар үстемдігі дәуірін өз ішінде саяси дамуларға байланысты кезеңдер мен сатыларға бөлу және этникалық процестердің дамуын сол кезеңдер және сатылармен байланыстыра қарау жатады.

XII ғасырдың соңынан Шыңғыс ханның ресми түрде 1206 жылы хан болып сайланған кезіне дейінгі аралықты шартты түрде бірінші саты деп алсақ, 1206 жылдан 1219–1224 жылдардағы жаулап алғанға дейінгі аралықты – екінші, жаулап алу жылдары, Батыйдың батысқа жорығының аяқталған кезін – үшінші, ал төртінші сатыға – бір орталықтан басқарылатын Моңғол империясының бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кеткен кезіне дейінгі тарихи уақытты жатқызамыз. Бұл кезеңнің соңғы жылы деп шартты түрде Талас құрылтайы болған 1269 жылды аламыз. Бұл сатылардың бәрі моңғолдар үстемдігі дәуірінің бірінші кезеңіне жатса, XIII ғасырдың 70-жылдарынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі аралық сол дәуірдің екінші кезеңін құрайды. Енді төменде әрбір кезең мен сатыда этникалық процестерге әсер еткен, этникалық ахуалға ықпал жасаған оқиғаларға талдау жасау арқылы этнодамудың ішкі ағымдары мен бағыттарына талдау жасалық.

Моңғолдар үстемдігі кезеңіндегі оқиғалардың Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық процестерге тигізген тікелей ықпалы мен



әсерлерінің сандық және сапалық белгілері болып, әр белгінің өз ішінде оң және теріс жақтарын байқаймыз. Мысалы, Шыңғыс ханнан жеңіліп, оған бағынғысы келмей, Моңғолиядан Дешті Қыпшақ аумағына қоныс аударған, сондай-ақ жаулап алу барысында көшіп келген тайпаларды этникалық процестерге тигізген сандық белгінің оң жағы деп есептесек, жаулап алу барысындағы қырғыншылықтар мен өлімдер, тұтқынға алынып кету, құлдыққа сатылу және осындай теріс құбылыстар сандық белгінің теріс жағына жатады.

Алдымен, Шыңғыс хан басшылығымен болған моңғолдар жаулаушылығының Шығыс Дешті Қыпшақтағы этникалық өмірге тигізген сандық белгісінің теріс жақтарын қарастыралық.

Кез келген жаулап алу соғыстарында басқыншылыққа түскен елдер үлкен материалдық шығындарға, бағындырылған халықтар өздерінің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресте орасан зор адам шығындарына ұшырайтыны тарихтан белгілі жайт. Басқа аймақтарды айтпай-ақ, қазіргі Қазақстан мен Орта Азия аумақтарын жаулап алу барысында басқыншылар сол аумақтарға зор материалдық шығындар мен өте көп адамдар шығынын әкелді. Бұл туралы сол дәуірдің авторлары өте қатты күйзеліспен жазады. Мысалы, араб тарихшысы Изз-ад-дин Әли ибн Мұхаммед Ибн ал-Асир (1160–1234) өзінің шығармасында моңғолдарды татарлар дей келе, олардың мұсылман елдеріне жаулап алу барысында жасаған зорлықтары мен көрсеткен қорлықтарын, қырып-жоюларын: «Мен бірнеше жыл бойы бұл оқиғаларды өте сұмдық деп санап, оларды жазуға дәтім шыдамай, өзімді-өзім тоқтата бердім. Ислам және мұсылмандардың қорлығы мен қасіреті туралы әлемге жария ету және ол туралы еске алудың өзі кімге оңай дейсің... Дегенмен, достарымның көпшілігі маған бұл оқиғаларды жазуыма кеңес бергенімен, мен өзімді тежей бердім. Кейін мен мұны орындамаудың ешқандай пайда әкелмейтіндігін түсіндім. Бұл істі баяндау бүкіл жаратылысты, соның ішінде әсіресе, мұсылмандарды ерекше қамтыған ұлы оқиғалар мен зор бақытсыздықтар туралы еске алу болып табылады. Егер кімде-кім құдіреті күшті Алла тағала адамзатты жаратқаннан бері бүгінгі күнге дейін әлем бұл оқиғаға тең келетін еш нәрсені басынан кешпеді десе, дұрыс айтқан болар еді. Расымен де жылнамаларда бұған ұқсайтын және тең келетін оқиғалар туралы ештеңе айтылмайды...», – деп баяндайды [50, 1–2-б.]. Мұсылман



авторының моңғолдардың жаулап алушылығы мен сол тұстарда жасаған зорлық-зомбылықтары туралы ашына айтқан ойларының тек Мауереннаһр, Иран, Ирак аумақтарына ғана емес, сонымен бірге Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы жергілікті қыпшақ этносына да қатысы бар.

1219–1224 жылдардағы жаулап алу соғыстарында моңғолдар Мауереннаһр мен Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойында орналасқан көптеген қалаларды қиратып, тұрғындарын қырып салады. Бұл туралы көптеген деректер мәліметтер береді. Хорезм қаласы тұрғындарының жау қолынан қалай қырылғандығын баяндау арқылы біз, жалпы жаулап алу барысында жергілікті тұрғындардың қандай қорлықты бастарынан өткергендігін көрсетеміз.

Хорезм қырғыны туралы парсы тарихшысы Джүзджани (1193 ж.т.): «...Моңғол әскерлері Хорезм қақпаларына жетіп, ұрыстар басталды... 4 ай бойы Хорезм тұрғындары олармен [моңғолдармен] соғысып, дінсіздерге тойтарыс берді. Ақырында олар қаланы алып, тұрғындарды қырып салды», – деп баяндайды [84, 12-б.]. Одан әрі Джүзджани ауызша информаторлардың мәліметтеріне сүйеніп, қала тұрғындарын моңғолдардың қалай қырғанын: «Хорезмді алғаннан кейін оның тұрғындарының бәрін далаға алып шықты. (Жошы) ер адамдарды әйелдерден ажыратуға бұйрық берді. Олар (моңғолдар) өздеріне ұнаған әйелдерді алып қалып, қалғандарын екі топқа бөлді және тыр жалаңаш шешіндіріп, оларды айналдыра қаруланған моңғол әскерін қойды. Кейін ол екі топқа былай деді: «Сендердің қалаңызда жақсы жұдырықтасады екен, екі топтағы әйелдерге жұдырықтасып төбелессін», – деп бұйырды. Сол мұсылман әйелдері масқара болып бір-бірімен жарты күн бойы төбелесті. Ақырында (моңғолдар) оларға тарпа бас салып, бәрін қырып салды», – деп суреттейді [84, 14-б.]. Өздеріне қатты қарсылық көрсеткен қала тұрғындарын моңғолдар осындай және басқа да әдістермен қырып отырады.

Жазба деректерде Қазақстан аумағындағы қалалар арасында Сыр бойындағы Отырар, Сығанақ, Ашнас қалаларының моңғолдарға тегеурінді қарсылықтар көрсеткендігі туралы және де осы қалалар тұрғындарының қырғыншылыққа қатты ұшырағандығы жөнінде айтылады. Рашид ад-диннің жазуы бойынша Отырар қаласы бес айдай қарсылық көрсетеді, бірақ та қалаға көмекке келген



Қараша Хаджибтың сатқындығы кесірінен моңғол әскерлері қаланың ішіне енеді. Қала билеушісі Қайырхан 20 мыңдай адамымен қала цитаделінде тағы бір айдай қарсылық көрсетеді. Қаланы толығымен алғаннан кейін, моңғолдар қала тұрғындарын сыртқа алып шығып, талан-таражға салады [90, 198–199-б.].

Отырар қаласынан кейін тұрғындары түгелімен өлтірілген Сыр бойының қаласы – Сығанақ болды. Сығанақ қаласының тұрғындары жауға өз еріктерімен берілуден бас тартып, туған қаласын бір апта бойы асқан ерлікпен қорғайды. Джувейнидің айтуы бойынша, Сығанақ қаласын жеті күндік үздіксіз шайқастардан кейін ғана моңғол әскерлері алып, тұрғындарын түгелдей қырып салады [232, 124-б.]. Сығанақтан кейінгі моңғолдарға тегеурінді қарсылықты Ашнас қаласының тұрғындары көрсетеді. Қаланың қарапайым халқы табандылықпен қорғанады, бірақ күш тең болмай, жау қаланы алып, қала халқының басым бөлігін қырып салады [90, 200-б.].

Моңғол әскерлері өздеріне қатты қарсылық көрсеткен қалаларды қиратып, тұрғындарын түгелге жуық қырып отырса, қарсылық көрсетпеген қалаларды қиратпайды, Бірақ та қала тұрғындарын қорқынышта ұстау үшін тұрғындардың аз ғана бөлігін өлтіріп отырады. Біздің ойымызша, өлтірілген адамдар қалалардағы бұрынғы басқарушы топтың өкілдері болса керек. Жаулап алушылар бағындырылған қалалардағы тұрғындардың көтерілістері мен қарсылықтарын болдырмау үшін бұрынғы басқарушылар мен олардың жақтастарын өлтіріп, орнына өздері тағайындаған адамдарды қалдырып отырады. В.В.Бартольдтың көрсетуі бойынша моңғолдар Сығанақ өңірінің басшысы етіп, моңғолдарға қызмет етіп жүрген Хасан қожаның ұлын, ал Женд өңірінің билеушісі етіп бұхарлық саудагер Әли қожаны тағайындайды [86, 482–483-б.].

1220 жылдың сәуірінің соңғы он күндігінде Жошы бастаған моңғол әскерлерінің Сырдың төменгі ағысы бойындағы Женд қаласын алуымен моңғолдардың бұл бағыттағы жаулап алу ұрыстары аяқталады.

Сөйтіп, Хорезм шахтары мемлекетінің солтүстік аймағы болып Дешті Қыпшақтың оңтүстік бөлігі болып саналатын, негізінен қыпшақтар мен қаңлылар мекендейтін Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойындағы қалалар моңғолдардың қолтастына қаратылады. Қала тұрғындарының қорғаныс соғыстарында қаза табуы,



қала жеңілгеннен кейінгі бейбіт тұрғындардың жаппай өлтірілуі аймақтағы жалпы тұрғындар санын кемітіп жібереді. Ал ол өз кезегінде этникалық ахуалға кері әсерін тигізеді. Жаулап алу барысындағы қала тұрғындары санының азаюын біз, жаулаушылықтың этникалық өмірге әсер еткен сандық белгілердің теріс жағының бір ғана көрінісі деп есептейміз.

Моңғолдардың жаулап алуы барысында жергілікті тұрғындардың саны тек қала қорғаныстарындағы ұрыстарға байланысты азайып қойған жоқ, сонымен бірге моңғолдар басып алған қалалардың тұрғындары ішінен ер адамдарды, әсіресе, жастарды басқа қалаларды қоршау ісіне күштеп жұмылдыруы, қолөнер иелерін және жас қыздар мен келіншектерді тұтқынға алуы да жалпы жергілікті халық санының күрт азаюына әкеледі. Жергілікті тұрғындардан іріктеп алынған ер адамдар қала қорғаныстарын бұзатын әскери құралдарды тасымалдауға, қала бекіністерінің түбіндегі орларды көмуге, камалдар түбінен орлар қазуға және тағы осындай қара жұмыстарды орындауға күштеп алынады. Рашид ад-диннің дерегінен біз, жоғарыда айтқан пікірлерімізге дәлел болар көптеген мәліметтерді кездестіреміз. Сырдың жоғарғы ағысы бойында орналасқан Бенакет пен Ходжент қалаларын алу барысында моңғолдар жергілікті жерлерден күштеп жинақталған адамдарды пайдаланады. Қанлылардан тұратын Бенакет қаласының қорғаушылары өз қаласын үш күн бойы қорғап, төртінші күні беріледі.

Моңғолдар қала тұрғындарын қаланың сыртына алып шығып, оларды үш топқа бөледі. Бірінші топқа – әскерді, екінші топқа – қолөнершілерді, ал үшінші топқа қарапайым халықты жатқызып, оларды бөлек-бөлек орналастырады. Әскерді бірден қырып салып, қалғандарын мыңдық, жүздік және ондық етіп бөледі. Жас жігіттерді қаладан алып шығып, Ходжентке бет алады [90, 201-б.]. Одан әрі Рашид ад-дин моңғолдардың Ходжентті алу үшін жүргізілген соғыста жергілікті тұрғындардан жасақталған қосымша топты қалай пайдаланғанын: «Ол жақтың (Ходжент өңірінің) әмірі Темір Мәлік болатын. Ол батыр, ержүрек және қайсар адам еді. [Моңғолдар келместен бұрын] ол Сейхунның [Сырдарияның]» ортасында, өзінің сенімді мың жігітімен бекінді. [Қарсылас] әскері келіп бірден [бұл] бекіністі ала алмады, өйткені садақ оғы мен катапульттен атылған тас оған дейін жетпеді. Оған Ходженттен әкелінген жас





жігіттерді және [оларға] көмек ретінде Отырардан, басқа да жаулап алынған қалалар мен елді мекендерден әкелінген адамдарды салды. Сөйтіп [жергілікті адамдардан] жинақталған адамдар 50 мыңға, моңғол әскерлерінің саны 20 мыңға жетті. Олардың бәрін жүздік, ондық етіп бөлді. Әрбір ондықтың басына моңғолды тағайындайды, олар өзеннен үш фарсанг жердегі таудан тастар әкеліп, Сейхунға тастайды...», – деп баяндайды [90, 201-б.]. Одан ары автор күн сайын кескілескен ұрыстардың болғандығын, Темір Мәліктің ерліктерін жазады.

Моңғолдар Хорезм мемлекетінің астанасы Хорезм (Үргеніш) қаласын қоршауға алып, оны жеті ай бойы ала алмайды. Осы кездегі ұрыстардың бірінде сырттан әкелінген қосымша топқа қаланы айнала қазылған орды көмуге бұйрық беріледі және ол екі күн ішінде көміліп тасталады [90, 216-б.].

Хорезмді қоршауға жұмылдырылған қосымша топтың қанша адамнан тұратындығын деректер айтпаса да, олардың санын болжап айтуға болады. Ходженттегі қосымша топтың саны 50 мың болса, Мауереннаһрдың сол тұстағы саяси орталығы Хорезмді қоршауға қатыстырылған қосымша топ одан бірнеше есе көп болған деуге болады. Қамалдарды алу барысында қамал іргесіндегі орларды көму, қамалдардың түбін үңгіп қазу, қамалдарға биік сатыларды қою секілді жұмыстарда шығындарға қосымша топтың адамдары ұшырайды. Өз кезегінде жергілікті халықтың санының күрт азаюына бұл жағдай да өзіндік әсер етеді.

Дешті Қыпшақ тұрғындарының санының азаюына әсер еткен келесі бір факторға – моңғолдардың 1219–1224 жылдардағы жаулап алу соғыстары барысында бағындырылған өңірлердегі тұрғындар есебінен өз әскерлерінің санын үнемі еселеп толтырып отыруы жатады. Бұл туралы да өте аз болса да жазба деректер мәліметтер береді. Тағы да Рашид ад-динге сүйенер болсақ, ол 1220 жылдың көктемінде Жошының Сырдың төменгі ағысы бойында болып, Хорезмді қоршауға жергілікті көшпелі тайпалардан 10 мыңдық әскердің жасақталып, Хорезмге аттандырылғанын айтады [90, 200-б.]. Осы 10 мыңдық әскерге моңғолдық Баниал-ноян атты адамы басшылық жасайды. Бұл әскер Хорезмге қарай бірнеше күн жол жүріп, орта жолда Баниал-ноянның орынбасарын өлтіреді де, көтеріліс жасайды. Баниал-ноян мұны есітіп, көтерілісшілерді қырады, ал



олардың қалған бөлігі жан-жаққа қашып кетеді [90, 200–201-б.]. Сол сияқты Рашид ад-дин моңғолдардың Бенакет пен Ходжент жаққа жіберген әскерінің санын алғашында 5 мың деп, Бенакет пен сол өңірлерді бағындырғаннан кейін, Ходженттегі Темір Мәлікке қарсы 20 мыңдық моңғол әскерінің қатысқандығын айтады [90, 201-б.]. Жергілікті тұрғындар мен көшпелі тайпалар есебінен моңғолдар өз әскерінің құрамын осылайша толтырып алып, келесі ұрыстар мен шайқастарға қатысып отырады. Туған жерінен, өскен ортасынан айырылып, моңғол әскерінің қатарын үнемі толықтырып отырған жергілікті тайпа өкілдері тағдырдың тәлкегімен жан-жаққа шашырап кетеді. Мұндай жағдайлар да жергілікті халықтар санының күрт азаюына алып келеді.

Біз осыған дейін жоғарыда және алдыңғы беттерде Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы қалалар мен елді мекендердегі тұрғындардың жаулап алуға байланысты санының күрт азаюына әсер еткен факторларды қарастырдық. Енді Дешті Қыпшақтың далалы аймақтарындағы көшпелі тайпаларды, яғни қыпшақтарды моңғолдардың бағындыруы және соған байланысты этникалық өмірге теріс әсер еткен факторларға тоқталалық. Бұл жөнінде мәліметтер өте аз, дегенмен де, жазба деректер бұл туралы үнсіз қалмайды. Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларына қарсы алғашқы жорық 1220 жылдың көктем-жаз айларында, бүкіл Сыр өңіріндегі қалалар мен елді мекендер жаулап алынғаннан кейін болады. Рашид ад-диннің мәліметтерінде Жошы әскерінің бір бөлігін басқарған Улусиди Дешті Қыпшақтың ішкі жағында орналасқан қаңлылардың ордасы Қарақорымға аттанады [90, 200-б.]. Осы деректе айтылатын Қарақорымға қысқаша түсініктеме бере кетелік. Бұл географиялық атаудың нақты орналасқан жерін анықтағанда, біз моңғол әскерлері жорығының Дешті Қыпшақтың қай өңіріне бағытталғандығын анық айта аламыз.

Алғаш рет бұл атау моңғол жаулап алушылығына байланысты Джувейнидің, Рашид ад-диннің деректерінде айтылады [86, 482-б.; 90, 200-б.]. В.В. Бартольд бұл атау жөнінде: «Әрине, бұл Шыңғыс ханның Моңғолиядағы астанасы емес, Бірақ та дәл сондай атаумен аталатын қаңлылардың (қыпшақтардың) ордасы бар. Және де бұл атау Джувейниде, сондай-ақ меркіттердің моңғолдардан қашып, сұлтанның (*Мұхаммед Хорезмиахты айтып отыр – Б.К.*) моңғолдармен алғашқы қақтығысы туралы әңгімеде айтылып өтеді», – деген пікір



білдіреді [86, 482-б.]. Атақты шығыстанушы ғалымның Дешті Қыпшақтағы қаңлылардың астанасы, ордасы – Қаракорым туралы айтқан бұл пікірін ешкім жоққа шығармай, бірауыздан мойындайды. Сөйтіп, Дешті Қыпшақ аумағында қаңлылардың Ордасы, орталығы болып есептелетін Қаракорым қаласының болғандығы жөнінде пікір қалыптасады. Бірақ та XIII–XV ғасырлардағы бірде-бір саяхатшының, елшінің, географ немесе тарихшының (Джувейни мен Рашид ад-динді қоспағанда) Дешті Қыпшақтағы Қаракорым қаласы жөнінде айтқан мәліметтері кездеспейді. Соған қарағанда, В.В. Бартольдтың Дешті Қыпшақтағы Қаракорым туралы айтқан пікірі сенімсіздеу көрініп тұр. XIII ғасырдың авторлары Ибн ал-Асир, Джувейни, Джужжани, Несеви өз шығармаларында моңғолдардың астанасы Қаракорым екенін жақсы білген. Ал олардың шығармаларын кейінгі кездердегі көшірушілер қате көшіруі мүмкін. Мұндай жағдай деректану ғылымында жиі кездеседі. Олай болса, Сырдың төменгі ағысы бойына Қаракорым атауына ұқсас келетін географиялық атау болған. Біздің ойымызша, ол – Қаракұм атауы. Қазақстан мен Орта Азия аумағында бірнеше Қаракұмның бар екендігі белгілі. Олар: Түркімен Қаракұмы, Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Қаракұм, Каспийдің солтүстік-шығысындағы Қаракұм және Арал маңы Қаракұмы. Соңғы Қаракұмның оңтүстігі Сырдың төменгі ағысына тиіп жатса, солтүстігі Ырғыз, Торғай, Байқоңыр өзендерімен шектеседі. Біздің ойымызша, 1220 жылы Сырдың бойы мен Арал теңізіне дейінгі жерлерді бағындырған моңғолдар, Аралдың солтүстігіндегі қаңлылар мен қыпшақ тайпаларына қарсы аттанған да, ол деректерге Қаракұм делінген, кейіннен көшірушілер тарапынан қате жазылып, Қаракорым болып өзгертілген.

Қазақстан жерінде Қаракорым қаласы орнының әлі күнге дейін табылмауын осымен түсіндіруге болады. Осылайша, Жошының қолбасшыларының бірі Улус-идидың жорығы Ырғыз, Торғай өзендері маңындағы қыпшақ тайпаларына бағытталған деп санаймыз. Бұл жорық моңғолдардың Хорезмді алуына дейін болса, екінші жорық Мұхаммед шахтың астанасын алғаннан кейін жүзеге асады. Бұл жорық туралы Әбілғазы: «... Шағатай мен Үгедей кері бұрылып, Термездегі әкесіне қарай кетті, ал Жошы Үргеніштен Дешті Қыпшаққа аттанды. Қыпшақ халқы бірігіп, соғысқа шықты Жошы хан жеңіске жетті, [оның] қолына түскен [барлық] қыпшақты өлтіреді, қолға түспей қашып кетіп аман-сау қалғандары естектерге



(*башқұрттарға – Б.К.*) кетті. Қазіргі естектердің көп бөлігі сол қыпшақтардың ұрпақтары болып келеді», – деп баяндайды [233, 44-б.]. Енді осы екі жорықтар салдарлары жөнінде ойымызды білдірелік.

Моңғолдардың Дешті Қыпшаққа жасаған бірінші жорығы нәтижесінде Арал маңынан Ырғыз, Торғайға дейінгі өңірлерде өмір сүрген қыпшақ тайпалары бағындырылып, олардан 10 мыңдық әскердің жасақталғандығын айтқанбыз. Бұл алғашқы жорықта бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты бағындыру мақсат етіп қойылмағандықтан, моңғолдар тек бір ғана өңірге шабуыл жасаумен шектеледі. Ал Хорезм мемлекетінің астанасын алғаннан кейін бүкіл аумақты бағындыру Жошының басты мақсатына айналады. Әбілғазының «қыпшақ халқы бірігіп, соғысқа шықты», – дегеніне қарап, біз оның қыпшақтар тарапынан болған шешуші шайқас деп ұғынамыз. Шешуші шайқастың қай өңірде болғанын деректер айтпайды. Жеңілген қыпшақтардың башқұрттарға қарай қашуына қарағанда, моңғолдар мен қыпшақтар арасындағы шешуші шайқас Батыс Қазақстанда, Елек, Жем бойында өтсе керек.

Рашид ад-дин мен Әбілғазы қыпшақтар мен моңғолдар арасында болған екі үлкен ұрыстарды айтып отыр. Бүкіл Дешті Қыпшақты бағындыру, көшпелі қыпшақтарды жеңу екі шайқаспен ғана шешілмей, басқа да деректерге енбей қалған бірнеше ұрыстар болған деп пікір айтуға болады.

В.В. Бартольд Рашид ад-диннің, Ибн ал-Асирдың және Несевидің мәліметтерін салыстыра келе, моңғолдардың Хорезмді алған уақытын 1221 жылдың сәуірі деп нақты көрсетеді [86, 504-б.]. Жошының қыпшақтарға қарсы шешуші жорығының Хорезмді алғаннан кейін жүзеге асқандығын ескере келе, біз, Дешті Қыпшақты моңғолдар 1221 жылдың жаз-күз айларында бағындырған деп санаймыз.

Моңғолдардың Сыр бойындағы қалалар мен елді-мекендерді бағындыру барысында жасаған қырғыншылықтары Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларын жаулау кезінде де қайталанады. Оған жоғарыда келтірген Әбілғазының деректері дәлел бола алады. Жалпы алғанда, жазба деректер көшпелі қыпшақтардың қаншасы моңғолдардың қолынан қырылғанын айтпаса да, біз, жоғарыдағы деректерге сүйеніп, жаулап алу барысындағы адам шығындары Дешті Қыпшақ халқының азайып кетуіне бірден-бір себепші болды деп санаймыз.



1219–1224 жылдардағы монғолдардың жаулап алу соғыстарына байланысты Дешті Қыпшақтағы этникалық процестерге әсер еткен сандық белгілердің теріс жақтарының біріне – жергілікті көшпелі тайпалардың бір бөлігінің туған жерлерінен ауа көшіп кетуі жатады. Дешті Қыпшақ үшін мұндай көшіп кетулер өте қайғылы. Өйткені көшіп кеткендер, жекелеген адамдар, жекелеген отбасылар немесе жекелеген рулық бөлімшелер мен рулар болсын, өз туған жерінен қол үзумен бірге, ғасырлар бойы үздіксіз жалғасып келе жатқан ортақ этникалық территориядағы этноүрдістерден тыс қалып, өзге этнотерриториядағы этнопроцестерге қосылады. Сөйтіп, олар өздерінің этникалық болмысынан айырылады.

Моңғол жаулап алушылығы мен содан туындаған оқиғаларда Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық процестер тұрғысынан қарасақ, өз елінен үдере көшіп кеткендер мен соғыстар барысындағы адам шығындарының этноахуалға тигізген әсері бірдей. Өйткені, өлгендер де, көшіп кеткендер де этнопроцестерден тыс қалып, халық санының күрт төмен түсіп кетуіне алып келеді.

Деректерде Дешті Қыпшақ тайпаларының моңғолдарға бағынғысы келмей немесе олардан қорқып көшіп кеткендігі туралы мәліметтер кездеседі. Жоғарыда біз келтірген Әбілғазының бір ғана мәліметінен қыпшақтардың бір бөлігінің башқұрттар жеріне көшіп барғанын білсек, оның келесі мәліметінде: «Еділ мен Тин (Дон) аралығында өмір сүретін қыпшақтар төрт тарапқа шашырап кетті», – делінеді [233, 44-б.]. Ал моңғол шапқыншылығының Шығыс Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тигізген ықпалын Р.Г. Кузеев: «Моңғол шапқыншылығы көшпелілердің көп бөлігінің жылжуын тұтқызды, әсіресе жаулап алудың алғашқы сатысында Еуразия далаларының орасан зор аумағы мен солтүстіктегі көршілес аймақтарға жаудан жеңіліске ұшыраған, талан-таражға түскен қыпшақтар шашырап кетті», – деп тұжырымдайды: [309, 464-б.]. Бұл жерде белгілі ғалым «жаулап алудың алғашқы сатысы» деп 1219–1224 жылдардағы оқиғаларды айтып отыр.

Моңғолдардың жаулап алуы мен одан кейінгі жылдардағы олардың жергілікті бағындырылған халыққа қатысты жүргізген саясаты жаулап алынған аймақтардағы тұрғындар санының азаюына әсерін тигізеді. Біз бұған дейін Дешті Қыпшақтың отырықшы және көшпелі өңірлеріндегі жаулап алу кезіндегі адам шығындары, өлім-



дер, күштеп әскерге алу, соғыстың қара жұмысына жұмылдыру, басқа аймақтарға көшіп кетулер туралы қарастырғанбыз. Халық санының азаюына осы факторлармен бірге қолөнершілерді, басқа да қолөнер иелерін тұтқынға алып кету, құлдыққа адамдарды сату, аурулар мен індеттерден, жұт пен аштықтардан адамдардың қырылуы секілді факторлар әсерін тигізеді.

Моңғол әскерлерінің бағындырған қалалардағы тұрғындарға қатысты іс-әрекеттерінен ортақ бір ұқсастықты байқауға болады. Олар алдымен, бүкіл тұрғындарды қала сыртына шығарып, халықты бірнеше топқа бөліп тастайды. Барлық жерде де қолөнершілер, қолынан бір іс келетін шеберлер міндетті түрде бір топқа шоғырландырылады. Сыр бойындағы қалалар ішінде моңғолдарға ең тегеурінді, ең ұзақ қарсылық көрсеткен Отырар қаласының гарнизоны түгелімен қырылса да, қолөнершілері мен шеберлері аман қалдырылады [90, 199-б.]. Сырдың жоғарғы ағысы бойындағы қаңлылар көп тұратын Бенакет қаласын алғаннан кейін, моңғолдар қаланы қорғаған әскерді, қолөнершілер мен шеберлерді және басқа қарапайым халықты үш топқа бөліп тастайды [90, 201-б.]. Шеберлер мен қолөнершілерді аман қалдырып, оларды моңғолдар өз еліне тұтқынға алып кетеді.

«Жұмысқа қабілеті бар қала тұрғындарының бір бөлігі өлтірілді, ал қалған бөлігі (әсіресе, қолөнершілер) күштеп Жетісуға, Шығыс Түркістанға және Моңғолияға күштеп әкетілді», – деген қорытындыға келеді «Алтын Орда және оның құлауы» атты монографияның авторлары [226, 53-б.].

Халық санының азаюына алып келген тағы бір факторға – бағындырылған халық өкілдерінің құлдыққа сатылуы жатады. Бұл жөнінде көптеген мәліметтер авторлардың деректерінде сақталып қалған.

Мысалы, Әл-Айни (1361–1451) өзінің еңбегінде: «...Олар (*моңғолдарды айтып отыр* – *Б.К.*) бұл елдерге басып кіріп, сонда өмір сүретін Түрік халықтары мен Қыпшақ, Алан, Аса, Авлак, Черкес тайпаларын және Орыстарды (тағы басқа) сол елдің тұрғындарын бағындырды; олар тонаумен, қарақшылықпен, тұтқындаумен және жорықтармен бұл елдердің есін шығарды. Бұл елдерден тұтқынға алынғандар Сирия мен Египетке әкетіліп отырылды», – деп жазады [50, 503-б.]. Осы жинақтың авторы В.Г. Тизенгаузен осы берілген



сілтемеге: «Олардың ішінде: Ал-Мелик-Аз-Захир деген есіммен 1260 жылдың соңында таққа отырып, Мамлүк сұлтандары әулетінің негізін қалаған Бейбарыс және аздаған үзілістермен 1279 жылдың қазанынан 1290 жылдың қазанына дейін Египеттегі Ал-Мелик ал-Мансұр деген есіммен басқарған Калауын болды. Ол екеуі де Қыпшақ, Түріктің Бурджоглы тайпасынан болатын», – деп түсініктеме береді [50, 503-б.]. Әрі қарай Әл-Айнидың дерегінде «Солардан (*тұтқындарды айтып отыр – Б.К.*) Адил, Камил, Ашреф, Муаззем, Насыр және Азиз мамлүктері шығып, мұсылман мемлекеттерінде өздерінің тамаша іздерін қалдырды», – деп жалғасады [50, 503-б.].

Қыпшақ тайпалары өкілдерінің саудагерлерге құлдыққа сатылғандығы туралы мәліметтерді әл-Айнидан басқа Ан-Нувейри, Ибн-Халдун жазады. Ан-Нувейри: «Оларды (түріктерді) бағындыру мен (әр елдерге) сатудың себебі мынада: Шыңғыс хан Эльтемирджи (Темучин) Татарлардың ханы болып, Шығысы мен Солтүстігіндегі елдерді бағындырады, өз әскерлерін басқа да (өлкелерге) аттандырды. Оның (әскері) Қыпшақ пен Аландарға дейін жетіп, оларға бас салады. Бұл туралы Шыңғыс хан мемлекетінің жағдайы туралы әңгімеде біз айтып өттік. Түрік пен Қыпшақтың ұрпақтары сатылды, саудагерлер оларды әр жаққа алып кетті», – деп жазады [50, 540-б.].

Бұл мәліметтен басқа Ан-Нувейри тағы бір өте маңызды деректі хабарлайды. Ол Қыпшақтардың 11 үлкен тайпадан тұратындығы жөнінде айта келе, Дурут пен Токсоба тайпаларының арасында бәсекелестіктің болғандығын, оның Токсобаның бір адамы Дурут тайпасының бір адамын өлтіріп, екі тайпа арасында ұрыстың болғандығын, ұрыста тоқсобалықтардың жеңіліп, Жошы ханға барып өтініш айтқандығы баяндалады да, одан әрі «Сол кезде ол (Жошы) өз әскерімен олар жаққа аттанды, оларды талқандап, көп бөлігін қырды және тұтқынға алды. Сол кезде саудагерлер оларды сатып алып, әр қала мен өңірлерге алып кетті», – деп жазады [50, 540–541-б.]. Келесі бір араб авторы Ибн Тагрибирди де қыпшақтардың жеңіліп, тұтқынға түскендігін хабарлайды [50, 542-б.].

Моңғолдардың жаулап алған елдерде жергілікті халық өкілдерін құлдыққа сатқандығы жөнінде пікірлерді зерттеушілер де айтады. Г.А. Федоров-Давыдов Батыс Дешті Қыпшақтағы жағдай туралы: «Моңғол жаулаушылығының көшпелілер (половецтер) үшін де, отырықшы халықтар үшін де ауыр салдарларының біріне құлдарды



шығару, оларды басқа елдерге сату болды. Қыпшақ құлдары мұсылман елдеріне сатылып, гулямдар ретінде пайдаланылды», – дейді [224, 235-б.]. Ал И.П. Петрушевский болса, одан да теренірек барып, «моңғол жаулап алушылығының экономикалық салдарларының бір-біріне феодалдық қоғамда құл иеленушілік қатынастардың қайта жаңғыруы жатты, соның салдарынан жүздеген мың адамдар құлға айналдырылды», – дей келе, 1260 жылдар шамасындағы санақ бойынша Бұхарада Батый ұрпақтарында – 5 мың, Төлей ханның жесірі Сүйіркөктениде – 3 мың, Ұлы ханда – 8 мың құл-колөнерші болған», – деп жазады [232, 131-б.].

Жалпы алғанда, Дешті Қыпшақ тұрғындарын моңғолдардың құлдыққа сатуы – сол аумақтағы халық санының азаюына алып келген факторлардың біріне жатады. Құлдыққа сатылғандар да өзге елдер мен Дешті Қыпшақтан тыс аймақтарда қалып, өздерінің туып-өскен жерінен қол үзеді. Сөйтіп олар Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерден шеттетіледі. Мұны біз, моңғол жаулаушылығының Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тигізген сандық белгісінің кері немесе теріс жақтарының бірі деп есептейміз.

Моңғолдардың жаулап алуы барысындағы 5–6 жыл ішінде болған оқиғалар халық санының күрт азаюына қалай кері әсер етсе, одан кейінгі жылдардағы моңғол билеушілерінің саясаты этнопроцестің сандық жағын одан сайын қиындатып жібереді. Жаулап алынғаннан кейінгі алғашқы кезеңде моңғол билеушілерінің жергілікті халыққа қатысты жүргізген саясаты, салықтар мен әртүрлі міндеткерліктер, тонаулар мен талан-тараждар, отырықшы өңірлерде егіншілік, қолөнер, сауда-саттық пен айырбас істерінің бұзылуы, көшпелі өңірлерде дәстүрлі шаруашылықтың қалыпты өмір сүруіне нұқсан келуі, отырықшы аймақтар мен көшпелі өңірлер арасында дәстүрлі байланыстардың бұзылуы, міне, осылардың бәрі – дағдарыстар мен күйзелістерді, жұт пен індеттерді көбейтеді. Мұның арты ауру-сырқауға, аштыққа, өлім-жітімнің көбеюіне тағы да бір өңірден екінші бір өңірлерге көшіп кетуді арттырып жібереді. Бұл айтылған жағдайлар Дешті Қыпшақ аумағындағы тұрғындар санының кемуіне, ал ол өз кезегінде жергілікті жердегі этнопроцестерге кері сандық әсерін тигізеді.

Шыңғыс ханның Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанды бағындыруы 1221 жылы аяқталса, келесі жылы, яғни 1222 жылы





қытайлық Чань-Чунь моңғол ханының шақыруымен Мауереннаһрға келеді. Қытайлық автордың деректері моңғол жаулаушылығынан кейінгі Мауереннаһр мен оған іргелес аймақтардағы қалыптасқан жағдайды көрсететін ең алғашқы дерек болып саналады. Оның жаулап алу соғыстарынан кейінгі Мауереннаһр қалалары жөніндегі мәліметтері Сыр бойы қалаларына қатысты. Өйткені, бұл қалалар Мауереннаһр қалаларымен бірге 2-3 жыл бұрынғы қырғындар мен қиратуларды бірге бастарынан өткерген болатын. Чань-Чуньның жазуы бойынша Самарқанда бұрынғы тұрғындардың төрттен бірі ғана қалған, қала маңындағы егіншілер мен диханшыларды аштық жайлаған [234, 328–332-б.]. Самарқан қаласында Чань-Чунь аштыққа ұшыраған дихандарға азық-түлік таратып, оларға тамақ дайындап береді. В.В. Бартольдтың жазуы бойынша Чань-Чуньның тегін асын ішкендердің саны өте көп болған [86, 519-б.]. Моңғол жаулаушылығының зардаптарын өз көзімен көрген келесі бір автор, Рим Папасы IV Инокентийдың моңғолдарға жіберген елшісін басқарған монах Плато Карпини болды. Ол 1246–47 жылдары Сарай мен Қаракорымда болып, Сыр бойы мен Жетісуды басып өткен болатын. Ол Еділдің батыс жағындағы командар (қыпшақтар, половецтер) туралы: «Командардың жері кең және үлкен, татарлар (моңғолдар) командарды қырды; олардың кейбіреуі қашып кетті, ал кейбіреулерін құл етті», – деп жазады [235, 25-б.]. Ал Еділдің шығыс жағындағы Кангиттердің (Қаңлылар) жері туралы жерлері шөлді, адамдар аз дей келе, «Бұл жерде Командар еліндегідей тезекше шашылып жатқан адамдардың бассүйектері мен қаңқаларын көрдік», – деп суреттейді Плато Карпини [235, 25–27-б.].

Француз королі IX Людовиктің Мөңке ханға жіберген елшісі Вильгельм Рубрук 1253–1255 жылдардағы сапарында Жетісу жеріндегі жағдайды: «Ол жерде бұрын қалалар көп болған, бірақ олардың көпшілігін татарлар [моңғолдар] мал бағуға қолайлы жағдай жасау үшін жойып жіберген, өйткені ол жерлерде керемет жайылымдар болған еді», – деп баяндайды [236, 105-б.]. Жетісу өңірін моңғолдардың жойқын ұрыстарсыз-ақ басып алғанын ескерсек, мұндағы отырықшылықтың, қалалық мәдениеттің күйреуіне тікелей себепші болған жағдайға XIII ғасырдың 20–40-жылдарындағы моңғол билеушілерінің жүргізген саясатын жатқызамыз. Жетісу жерінің моңғолдық үш ұлысының құрамына енгені белгілі.



Аймақтың Балқашқа дейінгі солтүстік бөлігі – Жошы, солтүстік-шығыс бөлігі – Үгедей, ал Іле өзенінің бойындағы өңірлер мен Шу, Талас өзендерінің аралығы – Шағатай ұлыстарының құрамына енеді. Ұлыстар құрылып, ұлыс билеушілерінің көшпелі мал шаруашылығының дамуына көңіл бөлуі өңірге көшпелілердің көптеп келуіне жағдай жасайды. Нәтижесінде елді мекендерді жою, егістікті жайылымдарға айналдыру және т.с.с. белең алады да, Жетісу жерінде қалалық мәдениет күйреп, мал шаруашылығы егіншіліктен үстем болып шығады.

Жоғарыда біз келтірген қытайлық Чань-Чунь мен еуропалық Плано Карпинидың мәліметтері жергілікті халықтың қырылуына, құлдыққа түсуі мен сатылуының, яғни халық санының азаюын тікелей моңғол жаулаушылығының әсері деп көрсетсе, Жетісудағы жағдайды моңғол хандарының жүргізген саясатының әсері деп түсінеміз.

Жалпы жоғарыда айтылған ойларымыз бен пікірлерімізді түйіндей келе, мынадай қорытындыларға келеміз.

Араб тарихшысы ибн ал-Асирдың жазғанындай, «Алла тағала адамзатты жаратқаннан бері бүгінгі күнге дейін әлем бұл оқиғаға тең келетін еш нәрсені басынан кешпеді» дегені тек қана материалдық құндылықтардың қиратылуына емес, сонымен бірге жергілікті халықтардың дамуына қатысты айтылған. Біз жазба дерек мәліметтеріне сүйеніп жаулап алу барысы мен одан кейінгі жылдардағы Қазақстан аумағындағы этникалық процеске кері әсер еткен маңызды фактор – халық санының күрт азайып кетуін қарастырдық. Жергілікті халық санының азаюы:

а) Сыр бойындағы қалалар тұрғындарының моңғолдардың қалаларды алу және қалаларды алғаннан кейінгі кезіндегі қырып-жоюларынан;

ә) бағындырылған қала тұрғындарын басқа қалаларды қоршау, қамалдарды алу үшін қара жұмысқа күштеп салудан және соған байланысты өлімдерден;

б) қала тұрғындары арасында қолөнершілер мен шеберлерді тұтқынға алып кетуден;

в) Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының моңғолдармен болған шайқастарда жеңіліп, қырылуынан;

г) көшпелі тайпалардан әскерлер жасақталып, жеңілген олардың соғыстарға жіберілуінен, сондағы адам шығындарынан;



ғ) моңғолдарға бағынғысы келмеген қыпшақ тайпаларының басқа аймақтарға көшіп кетуінен;

д) Дешті Қыпшақтағы тұрғындардың құлдыққа сатылуынан;

ж) жаулап алудан кейінгі дәстүрлі шаруашылықтардың бұзылуы мен моңғол билеушілерінің саясаты нәтижесінде болған аштық пен аурудан, жұт пен індеттерден көрініс береді.

Біз бұл көрсетілген жағдайлардың бәрін моңғол жаулап алушылығының Қазақстан аумағындағы этнопроцестерге тигізген сандық белгісінің теріс жағына жатқызамыз. Бұған дейін айтып өткеніміздей, XIII ғасыр басындағы моңғол жаулаушылығының этникалық өмірге тигізген кері әсерлері нәтижесінде Дешті Қыпшақ аумағында халықтық сипаты бар этностың қалыптасуы бірнеше ғасырға шегеріледі.

### **4.3. Моңғол жаулап алушылығына байланысты Қазақстан аумағына тайпалардың қоныс аударуы**

XIII ғасыр басындағы моңғолдардың жаулап алушылығы Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық процестерге кері әсер етіп, жергілікті жердегі халық санының азаюына алып келді. Сонымен бірге бұл тарихи оқиға Моңғолия аумағынан көптеген түрік, моңғол тілдес тайпалардың қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударуына да тікелей ықпал етті. Сөйтіп, жаулап алушылыққа байланысты көшпелі тайпалардың келуі аумақтағы этнопроцеске әсер еткен сандық көрсеткіштің оң белгісіне жатады. Мұның оң белгіге жататындығын мынадан көруге болады. XV ғасыр ортасында Қазақ хандығының құрылуымен ұлттық сипаттағы қазақ этносы да тарих мінберіне көтеріледі. Жаңа этносты қалыптастыруға қатынасқан, оның құрамына енген кейбір тайпаларды біз, XIII ғасыр басына дейін Моңғолия аумағынан кездестіреміз [89, 92–197-б.]. Олай болса, төменде біз осы мәселені тереңірек қарастыралық.

Моңғолия аумағынан көшпелі тайпалардың моңғол жаулап алушылығына байланысты келуін баяндайтын бірден-бір негізгі дерек, ол – Рашид ад-диннің «Жами ат-тауарих» еңбегіндегі мәліметтер. Автордың бірінші томының бірінші кітабы түгелімен Моңғолия аумағында өмір сүрген түрік тайпаларына арналған. Ал сол томның екінші кітабында саяси оқиғалармен қатар Шыңғыс ханның



Бөртеден туған төрт ұлына, оның ішінде алғашқы үш ұлына қандай тайпалардан құралған мыңдықтарды бөліп бергендігі айтылады [89, 274–276-б.]. Осы жерде мынадай жағдайды ескерте кетуді жөн көріп отырмыз. Рашид ад-дин Иранда туылып, сонда өсіп, сонда ірі мемлекеттік қызмет атқарғандықтан, ол өз еңбегінде қандай тайпалар мен рулардың Иранға келгендігін, ол тайпалардан шыққан әмірлердің қандай қызмет атқарып жүргендігін өте жақсы баяндайды да, Дешті Қыпшаққа келгенде, бұл мәселе жөнінде толық ештеңе айтпайды. Дегенмен, Дешті Қыпшаққа қоныс тепкен тайпалар туралы мәліметтер Иран мен Мауереннаһрға қоныстанған тайпаларға қарағанда өте аз болғанымен, мәселені қарастыруға жетерліктей.

Енді біз Рашид ад-диннің мәліметтерін негізге ала, басқа да дерек мәліметтерін онымен толықтыра отырып, Шығыс Дешті Қыпшаққа моңғол жаулаушылығына байланысты көшпелі тайпалардың қоныстануын қарастыралық.

Дерек мәліметтері Моңғолия аумағынан XII ғасырдың соңғы жылдары мен XIII ғасырдың бірінші жартысы аралығында Дешті Қыпшаққа көшпелі тайпалардың бірнеше дүркін келгенін баяндайды. Біз оны шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Үш кезең ішіндегі қоныс аударулар немесе тайпалардың жылжулары Шыңғыс ханның іс-әрекетіне және оның ұрпақтарының саясатына тікелей байланысты болады. Бірінші кезең – XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың алғашқы жиырма жылдығын қамтиды. Бұл тарихи кезеңде Моңғолиядағы тайпалар арасындағы кескілескен күрестерде жеңілгендер жеңгендердің қол астына қараса, бағынғысы келмегендер, қарсылас тайпаның құлы болғысы келмегендер батысқа қарай, Дешті Қыпшаққа ауа көшеді.

Екінші кезеңге – 1219–1224 жылдардағы жаулап алулар мен одан кейінгі ұлыстардың құрылуына байланысты, әскер мен тайпалардың Шыңғыс хан ұлдарына бөліп берілуіне байланысты қоныстанулары жатады. Ал үшінші кезеңге – біз XIII ғасырдың 40–60 жылдары Шыңғыс ханның немерелері арасындағы билік үшін күресте жеңген топтың жеңілген жаққа тәуелді, соларға бағынышты тайпаларды өзара бөлісуге байланысты болған жағдайларды жатқызамыз. Енді осы әр кезеңдегі тайпалардың Қазақстанға келуін деректерге сүйеніп талдап көрсетелік.



Тарихи деректер XIII ғасырдың басында Моңғолиядан Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Шыңғыс ханмен болған күрестерде жеңіліс тапқан жауынгер меркіт тайпаларының келгендігін баяндайды [89, 115–116-б.].

Рашид ад-дин меркіт тайпаларының Шыңғыс ханмен соғыстарын баяндай келе, «Куду (*Меркіт билеушісі Тоқтабектің тоғыз ұлының бірі – Б.К.*) ұрыста жеңіліп, қыпшақтарға бара жатқан кезде өлтірілді», «Соңғы соғыста Тоқта-бектің кіші ұлы Култукан-мэргэн шегініп, қыпшақтарға кетті», – деп жазады [89, 115–116-б.].

Меркіттердің көп бөлігінің үшінші рет қыпшақтарға қарай жылжығандығын моңғол деректеріне сүйеніп, белгілі қазақ тарихшысы З. Қинаятұлы түсіндіріп береді [237, 116–117-б.]. Ол: «Шыңғыс хан Найман мен Меркіттің көзін жоймай тынбасқа бел буды. Ол 1204 жылы Алтайға бет бұрған меркіттерді өкшелей қуа жүріп, Қам қойнауына қыстап шығады. 1205 сиыр жылы ерте көктемде аттанған ол Бұқтырма өзенінің бойында найман ханы Күшілік және Меркіт Тоқтабектің біріккен күшімен бетпе-бет келеді. Басынан бағы тайған Найман, Меркіттер бұл жолы да ойсырай жеңілді. Осы жолғы айқаста Тоқтабекке адасқан оқ тиіп өледі. Тоқтабектің ұлдары Куду, Шылауын, Құлтуғандар әке мәйітінің бетін жасыруға мүмкіндігі болмай, оның тек кесілген басын қанжығалап Ойғыр қарлуқтары арқылы Қыпшақ даласына қарай тартады», – деп жазады [237, 116–117-б.]. Рашид ад-дин Ұйғыр идикутының қашқындарды өз елі арқылы жіберілгендігін айтады [89, 117-б.]. Содан кейін наймандар қарақытайларға, ал меркіттер Дешті Қыпшаққа қарай кетеді. З. Қинаятұлы қыпшақ даласына қарай бет бұрған бұл меркіттерді «Тоқтабектің ұлдары бастаған Удуйд Меркіт тобы еді», – деп түсіндіреді [237, 117-б.]. Одан әрі ол меркіттердің Торғай өңіріндегі Ырғыз өзенінің бойына жетіп ат басын тірегендігін айтады [237, 118-б.].

Осылайша, XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басындағы Моңғолия жеріндегі өзара талас-тартыстарда жеңіліске ұшыраған меркіт тайпасының бөлімшелері Дешті Қыпшаққа келіп паналайды. Бірақ та бұл жерде де оларды моңғолдар тыныш жатқызбай, 1216 жылы Жошы бастаған моңғолдар қырғынға ұшыратады [90, 189–190-б.; 97, 173-б.]. Шыңғыс хан қанша рет меркіттерді жеңіп, оларды қырғынға ұшыратса да, толығымен жоя алмайды. Рашид ад-дин



меркіттердің Уйкур, Мудан, Тудаклин және Джиюн атты төрт тармағы бар екендігін айтқан болатын [89, 114-б.]. Шыңғыс хан тарапынан қырғынға ұшыратылған Токта бектің меркіттері болса керек. Меркіттердің басқа бір тобы Шыңғыс хан билігін мойындап, оған қызмет еткен. Деректерде Шыңғыс ханның өз мыңдығында жүзбасы болған меркіт Жемал қожа туралы айтылады [90, 267-б.].

Дешті Қыпшақ аумағына көшіп келіп, 1216 жылы моңғолдар тарапынан қырғынға ұшыраса да, меркіттер толығымен жойылып кетпеді. Шыңғыс хан заманына дейін Моңғолия жеріндегі түрік тайпалары ішінде мықты, қуатты, жауынгер тайпалардың бірі болған меркіттер Шыңғыс ханмен күресте жеңіліп, біріншіден, тайпалық құрылымынан айрылады да, қырғындарға ұшыратылады, жан-жаққа тарыдай шашылып, әр тайпа мен руларға барып қосылады. Екіншіден, Дешті Қыпшақ аумағына көшіп келгендер әр руға сіңісіп кетпей, өздерінің рулық дәрежесін сақтап қалады. Кейіннен олар XIV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың этносаияси тарихына белсене араласып, «көшпелі өзбектер» атты 92 тайпаның құрамында кездеседі [113, 212-б.]. Ал қазіргі кездегі қазақ шежіресінде меркіт атауы жеке тайпа немесе тайпалық бірлестік болмаса да, ру ретінде Керей тайпасының құрамында айтылады [5, 80-б.; 148, 70-б.; 238, 203-б.].

1219–1224 жылғы Шыңғыс хан бастаған моңғол жаулаушылығына дейін, яғни XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басында Моңғолия жерінен қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударған тайпалардың келесі бірі – наймандар болды. Наймандардың Моңғолия жеріндегі тарихы, олардың мемлекеті және Шыңғыс ханмен күресі туралы жазба деректерде, сондай-ақ зерттеу еңбектерінде жақсы баяндалған [89, 135–140-б.; 90, 146–151-б.; 179–184-б.; 239, 46–65-б.; 107–117-б.; 237, 52–96-б.; 240, 111–115-б.; 67, 116–120-б.; 140–162-б.].

Біз бұл жерде наймандардың XIII ғасырдың басына дейінгі тарихын қарастыруды мақсат етпегендіктен, бірден Шыңғыс хан заманындағы наймандарға тоқталамыз. Олардың негізгі мекені шығысында Селенга мен Орхон өзендерінің жоғарғы ағысынан, батысында Тарбағатай тауына дейінгі, солтүстігінде Танну-Оладан оңтүстікте Алтай тауының жоталарына дейінгі жерлер болып, батыста – қаңлылармен, солтүстікте – қырғыздармен, шығыста – керейт және меркіттермен шектесіп жатты. Наймандардың күшейген кезі Инанч Білге Бұқа хан тұсына сәйкес келеді [89, 139-б.]. Рашид ад-



дин жазуы бойынша Инанч Білге Бұқа хан қайтыс болғаннан кейін, оның артында қалған екі ұлы Таян хан мен Бұйрық хан бір-бірімен араз болды деп, себебіне әкесінен қалған бір әйелге таласты жатқызады [89, 139-б.]. Шыңғыс ханның күшейіп, Моңғолия үстіртіндегі тайпаларды бірінен-соң бірін бағындырып, талқандап келе жатқан тұсында ағайынды екі найман ханының арасындағы қатынас та шиеленісе түседі. Бұл жағдайды Шыңғыс хан керемет пайдаланады.

Моңғолдардың найман ханы Таянмен шешуші шайқасы З. Қинаятұлының дәлелдеуі бойынша 1204 жылдың шілдесі ортасында Наху Хон тауының бөктерінде өтеді [237, 78-б.]. Наймандар жағында Шыңғыс ханның қарсыластары: меркіттер, кереиттер, ойраттар, жаджираттар болады, бірақ жаңа одақтың арасында бірлік пен өзара сенімділіктің болмауы, Шыңғыс ханның әскери шеберлігі мен қолданған әскери әдіс-тәсілдерінің артықшылығы оны жеңіске жеткізеді.

Наймандар ұлысы Шыңғыс ханның бүкіл Моңғолия жеріндегі тайпаларды бағындыру барысындағы ең соңғы, ең күшті қарсыласы болатын. Шыңғыс хан үшін наймандарды және оның одақтастарын шешуші шайқаста талқандаудың қандай маңызы болғандығын З. Қинаятұлы: «Наху Хон жеңісі Темужинге үлкен абырой әкеліп қана қоймай, оның көкейіне үлкен үміт отын ұялатты. Найманды бағындыру арқылы Моңғол үстіртіндегі киіз туырлықты барлық халықтың басын біріктіру процесі аяқталды. Бұл жеңіс жаңадан бас көтере бастаған келешек Моңғол мемлекеті үшін екі түрлі белгілі жаңалық әкелді: 1) Моңғолдар үшін найманды жаулап алу арқылы батысқа беті бір ашылса, Найман хан ордасының іс басқарушысы Тататунганы қолға түсіру арқылы ойғыр жазуын меңгеруге екінші үлкен мүмкіндікке қол жеткізді; 2) Моңғол мемлекетінің ел іргесі Іле, Тарбағатай, Ертіс, Бұқтырмаға жетіп, Орталық Азия тайпаларымен қоян-қолтық келді... Бұл жеңістің стратегиялық маңызы зор еді. Жеңістің маңыздылығы соншалық Тэмужин аталмыш жеңіс тойын өзін ұлы қаған көтеру рәсімімен қоса белгіледі», – деп көрсетеді [237, 80–81-б.].

Моңғолдардан жеңілген наймандардың бір бөлігі олардың үстемдігін мойындауға мәжбүр болса, екінші бір бөлігі батысқа қарай жылжиды. Олар қазіргі Қазақстанның шығысындағы Ертіс, Зайсан, Марқакөл маңына келіп орнығады. Үшінші бөлігі Күшілік ханмен ілесіп, Шығыс Түркістандағы қарақытай билеушісіне кетеді. 1212

жылы ол Жетісу мен Шығыс Түркістандағы билікті иеленіп, наймандарды топтастыруға ұмтылады. 1218 жылы моңғолдардың қолынан Күшілік өлтірілгенімен, наймандар бұл өңірге орнығып қалады. Кейіннен моңғол ұлыстары құрылған кездерде біз наймандарды Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарынан кездестіреміз.

Осылайша, 1219–1224 жылдарға дейін Моңғолия жеріндегі билік үшін жүргізілген соғыстарда жеңіліс тапқан наймандар бірнеше бөлікке бөлініп кетіп, бір тобы Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіне, ал бір тобы Жетісу жеріне келіп орнығады. Наймандардың Дешті Қыпшаққа келесі бір орнығуы ұлыстардың құрылуы мен одан кейінгі XIII ғасырдың 40–60-жылдарындағы тарихи дамулар барысында жалғасын табады. Біз ол жөнінде жеке қарастырамыз.

Моңғол жаулауына дейін Қазақстан аумағына келген наймандардың ерекшелігі сонда, олар меркіттер секілді рулық бірлікке дейін өз құрылымдарын жоғалтпады. Олар ұлыс дәрежесінен айырылса да, өздерінің тайпалық бірлігін сақтап қалды. XV ғасыр ортасында Қазақ хандығының құрылуымен қазақ халқының қалыптасуы процесі аяқталғанда, басқа да тайпалармен бірге Найман тайпасы да бұл үрдіске белсене араласады.

Моңғол жаулап алуына дейін Қазақстан аумағына Моңғолия жерінен қоныс аударған түрік тілдес тайпалардың бірі – керейттер болды. Олардың XI–XII ғасырларда мекендеген жерлері Моңғол үстіртіндегі Селенга, Орхон, Керулен өзендерінің жоғарғы және орта ағыстары бойы болды. Батыста – наймандармен, шығыста – моңғол тайпаларымен, татарлармен, қоңыраттармен, ал солтүстікте меркіттермен, оңтүстікте онгуттармен (уақтармен) шектескен керейттер XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басындағы бүкіл Моңғолия аумағындағы ең күшті және ең көп санды ұлыстардың біріне жатты. Рашид ад-дин керейттер жөнінде «олардың өз тайпаларынан шыққан атақты билеушілері болды, өз заманында олар басқа тайпаларға қарағанда үлкен күш пен қуатқа ие болды», – деп жаза келе, олардың Керайт, Джиркин, Конкаит, Сакаит, Тумаут және Албат атты жеті тайпадан тұратындығын хабарлайды [89, 127–129-б.].

Моңғолия жеріндегі керейттердің XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басындағы тарихы бұған дейін қарастырған наймандар тарихымен ұқсас және деректері мен тарихи зерттеу әдебиеттері





де бірдей. Сол себепті де бұл жерде әдебиеттердің бәрін қайталап жатпаймыз.

Шыңғысханның Моңғолия жеріндегі тайпалардың басын біріктіру жолында 1179–1204 жылдары жүргізген күрестері мен соғыстарының жеңіспен аяқталуына сол тұстағы Керейт ханы Тоғырыл көп жәрдем береді. Тіпті Шыңғыс ханды Керейт ханына қарыздар деуге болады. Шыңғыс хан өзінен күшті қарсыласымен соғысу үшін Тоғырыл ханға арқа сүйеп жеңіске жетіп отырса, әбден күшейіп, Моңғолия жеріндегі елеулі саяси күшке айналғаннан кейін, кешегі одақтастарын бірте-бірте өзіне тәуелді ете бастайды. Шыңғыс ханның мақсаты бүкіл Моңғолия жерінің жеке дара билеушісі атану болғандықтан, кешегі одақтастармен соғысу болмай қоймайтын шара еді. «Соғыс керек болса, сылтау табылады» дегендей, Шыңғыс хан мен Тоғырыл хан арасындағы ашық соғысқа сылтаулар көпті. Бірақ Шыңғыс хан өзіне қолайлы жағдайды күтеді. Қытай тарихшысы Сайшиял керейт ханының саясатына: «Оның күші әлсіресе, Шыңғыс ханға сүйеніп, оны «ұлым» деп атайтын, ал күшейе келгенде, одан бойын аулақ ұстап, Шыңғыс хан мен Жамуханың арасында екіұштылық көрсететін», – деп баға береді [240, 104-б.]. Керейт ханының Шыңғыс ханның үлкен ұлына қызын беруден бас тартуы, сондай-ақ Шыңғыс ханның қарсыласы Жамухамен Тоғырыл ханның жақындасуы Шыңғыс ханды соғысқа итермелейді. Мағу Ундер деген жерде болған алғашқы шайқаста екі жақ бірін-бірі ала алмайды. Екінші шайқас 1203 жылы күзде, Езэгэр Ундур деген жерде өтіп, ол үш күн, үш түнге созылады да, ақыры Керейт ханы жеңіліп, ұлымен қашып кетеді. Ал керейт әскері Шыңғыс ханның билігін мойындайды [240, 107-б.]. Тоғырыл хан мен оның ұлы Санкумның кейінгі тағдыры өте қайғылы аяқталады [89, 132–133-б.].

Билеушісінен айырылып, моңғолдарға бағынышты болған Керейт жұрты бірнеше бөлікке бөлінеді. Рашид ад-дин бойынша 2003 жылғы жеңілістен кейін, керейттер қашып кеткен [90, 127-б.]. Керейттердің бір бөлігі Кейік батыр өзінің төрт ұлымен Шыңғыс ханға беріледі [90, 127-б.]. 3. Қианятұлы «Олардың моңғол билігіндегі негізгі тобы Саян тауының сағасы, Ертіс, Еренқабырға, Алтайға дейінгі бұрынғы наймандардан босаған алқапқа ауа қоныстанып, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақтармен қоян-қолтық келіп орналасты», – деп жазады [237, 48-б.].

Қазіргі кездегі қазақ халқының құрамындағы Жетірудың бірі – керейттерді М. Тынышпаев 1203 жылы Шыңғыс ханнан жеңіліп, бытыраған керейттердің тікелей ұрпақтары деп санайды [148, 13-б.]. Одан әрі ол: «Ғасырлар өте, олар (*Ырғыз маңына көшіп келген керейттерді айтып отыр – Б.К.*) шығыста қалған керейлермен ешқандай байланысы болмай, оларды мүлде ұмытты, дәл сол сияқты соңғылары да олардан хабарсыз болды. Менің ойымша, соған байланысты олардың бірі – керейлер деп, басқалары – керейттер деп аталады. («т» – көптік жалғауды білдіреді)», – деп толықтырады [148, 13-б.].

«Керей» мен «Керейт» атаулары туралы З. Қинаятұлы да М. Тынышпаевтың пікірін қолдайды. Ол «керей» және «керейт» атаулық ерекшеліктері болғанымен, заты бір тайпа. Олардың атаулық өзгешелігі тек Моңғол әулетінің Орталық Азияға трансформацияланған әкімшілік және әскери құрылысымен тікелей байланысты сияқты, – деген пікір айтады.

Сонымен, Моңғолия жерінде жеке ұлыс ретінде наймандар секілді өмір сүрген керейттер XIII ғасырдың алғашқы жылдары Шыңғыс ханнан жеңіліс тауып, өздерінің ұлыстық дәрежесінен айырылады. Олардың басым бөлігі Шыңғыс ханның билігін мойындаса, бір бөлігі Дешті Қыпшақ аумағына көшіп келеді.

Сөйтіп, олар меркіттер мен наймандар секілді 1219–1224 жылдардағы моңғолдар жаулап алушылығына дейін-ақ Дешті Қыпшақтың этникалық өміріне араласып кетеді.

Біз моңғол жаулаушылығына байланысты Дешті Қыпшақ аумағына тайпалардың келуін шартты түрде үш кезеңге бөліп, бірінші кезеңге – XII ғасырдың соңы мен 1219–1224 жылдарды жатқызғанбыз. Жоғарыда қарастырылған меркіттердің, наймандардың, керейттердің келіп қоныстануы бірінші кезеңде болады. Сан жағынан алғанда осы бірінші кезеңде келгендер онша көп болмай, Дешті Қыпшақтағы этникалық процестерге этнокомпонент ретінде қосылғаны болмаса, онша елеулі ықпал етпейді. Шаруашылық түрінің бір типтілігі, тілдік ортақтық, рухани жақындастық оларға бірден этнопроцестерге тез араласып кетуге мүмкіндіктер береді.

Моңғолия аумағынан көшпелі тайпалардың келуінің келесі бір кезеңі – 1219–1224 жылдардағы жаулап алудан кейінгі Қазақстан жерінде ұлыстардың құрылуы мен Шыңғыс ханның ұлдарына қарамағындағы әскерлерді бөліп беруіне байланысты болады.



Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін және өз жұрты Моңғолияны төрт ұлына бөліп бергені белгілі. Үлкен ұлы Жошыға «Ертіс өзенінен батысқа қарайғы жерлер, «Қойлық пен Хорезм шекарасынан Саксин мен Булгардың татар аттарының тұяғы тиген жерлерге дейінгі орасан зор аймақ беріледі» [220, 77-б.]. Екінші ұлы Шағатайға Жетісудың бір бөлігі, Шығыс Түркістан және Мәуереннахр аймақтары, Үгедейге Батыс Моңғолия мен Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймақтары, ал кіші ұлы Төлейге Моңғолияның өзін береді [220, 77-б.]. Сондай-ақ кіші ұл бүкіл Моңғолдың тұрақты 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын иеленсе, қалған үш ұлға 4 мыңнан тұратын әскерлер беріледі.

Қазіргі Қазақстанның көп бөлігі Жошы ұлысына еніп, оның орталығы Рашид ад-диннің көрсетуі бойынша алғашқы кезде Ертісте болған [92, 78-б.].

Жошыға берілген 4 мыңдық моңғол әскері мынадай мыңдықтардан құралады: Мунгур мыңдығы – Сиджиут тайпасынан, Кингитай мыңдығы – кингит руынан, Хушитай мыңдығы мен Байку мыңдығы Хушин тайпасынан тұрған [90, 274-б.]. Орта есеппен алғанда сол тұстағы әрбір отбасында 6–7 жан бар десек, Жошыға бөлінген моңғол әскері мен олардың жанұяларындағы жалпы адамдар саны – 25–30 мыңдай болған.

Төменде осы Дешті Қыпшаққа келген тайпаларға сипаттама берелік.

Рашид ад-дин өзінің бірінші кітабында жалпы саны 85 тайпа туралы құнды мәліметтер береді [89, 180–197-б.]. Ол бұл тайпаларды төрт топқа бөлген. Бірінші топқа – Оғыз және Моңғолиядан тыс жерлерде өмір сүрген Түрік тайпаларын жатқызады, олардың саны – 30. Екінші топқа – 19 тайпа жатқызылып, автор оларды түрік тайпалары, қазіргі кезде ғана олар моңғолдар деп аталатындығын ескертеді. Үшінші топқа – өздерінің дербес билеушісі болған – түрік тілдес тайпаны жатқызады. Ал қалған 27 тайпаны түріктер болса да, бұрыннан моңғол деген атауды қабылдаған деп, оларды – Дарлекин және Нирун атты екі бөлікке жіктейді.

Рашид ад-дин дарлекин тайпаларына Нукуз бен Қият тайпалары қалдықтарының Эргунэ-кунге (Аргун өзені) кетіп, сол жақта өсіп-өнген тобын жатқызса, Нирун тобы Дабун-Баян өлгеннен кейін оның әйелі Алан-Гоадан туылған ұлдардан тараған тайпалардан



тұрады деп айтады. Шыңғыс хан руы бөржігін осы моңғол руларының Нирун тобына жатады.

Жошының қарамағына берілген Сиджиут тайпасының мыңдығы осы Нирунның құрамындағы тайпаның бөлігі. Рашид ад-диннің уақытында сиджиуттар Алтын Ордадағы Тоқта ханның қарамағына еніп, Черкес атты Алтын Орда ханының бас әмірі осы тайпадан шыққан [89, 183-б.].

Келесі мыңдықты құраған Кингит тайпасы дарлекин тобына жатады. «Бұл тайпадан белгілі әмірлер мен адамдар шыққан жоқ...», – дей келе, «Куинджи ұлысында (*Ордаежен ұлысын айтып отыр, Куинджи – Ордаеженнің ұрпағы – Б.К.*) осы тайпадан шыққан Хуран деген белгілі әмір бар. Қазіргі кезде оның бала-шағасы мен туыстары сол жақта тұрып жатыр», – деп жалғастырады Рашид ад-дин [89, 177–178-б.]. Хушин тайпасы да моңғолдың дарлекин атты бөлігіне жатады. Бұл тайпа Шыңғыс ханға адал болған және одан шыққан әмірлер Иранда Хулағудың қол астында, Жошы ұлысында қызметтер атқарған» [89, 172-б.]. Көріп отырғанымыздай, Жошыға әкесі арғы тегі түркілік, бірақ бұрыннан моңғол деп аталатын, дарлекин және нирун тобындағы тайпалардан тұратын мыңдықтарды берген. Өз кезегінде Жошы ұлысы да екі қанатқа бөлініп, сол қанатты оның үлкен ұлы Орда Ежен, оң қанатты Батый басқарады да, біріншісіне кингит пен хушин, екіншісіне – сиджиут пен хунши мыңдықтары тағы да бөлініп беріледі. Этникалық тұрғыдан қарағанда Шығыс Дешті Қыпшаққа келген бұл тайпалардың жергілікті жердегі этнопроцестерге тигізер әсерін теңізге тамған тамшы сумен теңеуге болады.

Қазақстанның оңтүстік-шығысы Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарының түйіскен жері болған. Жетісудың үш бөлігі үш ұлысқа қарағандықтан, соңғы екі ұлысқа бөлінген тайпаларға да тоқталалық.

Шағатайға Рашид ад-диннің жазғанындай, Барулас, Қоңырат, Жалайыр, Найман тайпаларынан құралған 4 мыңдық, Үгедейге – Жалайыр, Сулдус және Конкоттан тайпаларынан тұратын мыңдықтар бөлініп беріледі [90, 275–276-б.; 92, 94-б.]. Бұл ұлыстарға бөлінген мыңдықтардың санын отбасымен қоса есептегенде, Жошы ұлысына бөлінгендермен бірдей. Бұлардың да жергілікті жердегі этникалық процестерге тигізген әсері өте төмен.



Осыған байланысты ойларымызды түйіндей келе, Шыңғыс ханның жаулап алған жерлерді ұлдарына бөліп беруіне байланысты моңғол тайпаларынан құралған әскери-әкімшілік негіздегі мыңдықтардың ұлыстардағы, оның ішінде Жошы ұлысындағы этнопроцестерге тигізген ықпалы елеусіз болды деп есептейміз. Сан жағынан олар өте аз болғандықтан, көп ұзамай-ақ жалпы этноөмірге тез араласып, сіңісіп кетеді.

Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына моңғол тайпаларының келесі бір келуін, сөйтіп олардың бұл аумақтағы этнопроцестерге сандық жағынан әсер етуін біз, жалпы моңғол тайпалары келуінің үшінші кезеңіне жатқызамыз. Уақыт жағынан алғанда бұл кезеңге XIII ғасырдың 40-60 жылдары аралығы жатады.

Бұл кезеңдегі тайпалардың бір орыннан екінші орынға, бір ұлыстан екінші ұлысқа қоныс аударуы, жылжуы деректерде арнайы түрде баяндалмайды. Рашид ад-диннің мынадай жазған бір дерегі ғана үшінші кезеңде тайпалардың қоныс аударғандығын дәлелдейді. Ол Жошы ұлысындағы төрт мыңдық тайпаның жайын баяндай келе, «[Одан басқа] алыс және жақын туыстардың арасындағы өзара қырқысулар кезінде [ака ва ини] олардың бір бөлігі сонда [Тоқтай мен Баянның иеліктеріне] кетеді» [90, 275-б.]. Бұл жерде ирандық автор Үгедей мен Шағатай ұлыстарындағы 1240–1260 жылдардағы билік үшін жүргізілген күрестерді айтып отыр. Күрестердің барысы Рашид ад-динде жақсы баяндалғандықтан, біз оған тоқтап жатпай, тек оның негізгі қорытындыларын ғана атап өтеміз.

Шыңғыс ханның немерелері арасындағы қайшылық алғаш рет Батый мен Гүйік қаған ортасында басталып, ол 1248 жылы қағанның кенеттен қайтыс болуымен бейбіт аяқталады. Гүйіктен кейін таққа отырған Төлейдің ұлы Менгу қаған өзіне қастандық ұйымдастырды деген желеумен Гүйіктің әмірлері мен нояндарының 77-сін өлім жазасына кеседі. Менгу қаған қайтыс болғаннан кейін тақ үшін күрес оның екі інісі Құбылай мен Арығ-Бұқа арасында жүріп, біршама ұзаққа созылады және империяның көп бөлігін қамтиды. Бұл күреске Төлейдің ұлдарымен бірге Үгедейдің, Шағатайдың да ұрпақтары белсене араласады. Ақыры бұл күрес Моңғол империясының бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетуіне әкеп соқтырады.

Тақ үшін күрестер Шағатай ұлысында оның ұрпақтары арасында жүреді.



XIII ғасырдың 40–60-жылдары Моңғол империясындағы күрестердің көбі Жетісу, Мауереннаһр, Шығыс Түркістан аймақтарында өтеді. Нәтижесінде жергілікті тұрғындар көп зардап шегеді. Ал Жошы ұлысында бұл кезде саяси тұрақтылық бар болатын. Кейбір жошылық сұлтандар ғана мысалы, Куинджи, Менгу Темір, Берке, Беркежар және тағы басқалары Үгедей мен Шағатай ұрпақтарының бірін қолдағаны болмаса, өз ұлысында соғыс өртінің тұтануына жол бермейді. Тұрақтылық сақталып отырғандықтан, Рашид ад-диннің жазғанындай Жошы ұлысына келіп паналағандар көбейе бастайды. Мысалы, Орда Еженнің ұрпағы Куинджидың ұлысына өз еркімен Үгедейдің ұрпағы Ширеки, Арығ-Бұқаның ұлы Букур келіп қосылады [92, 171-б.].

Жошы ұлысының шығыс бөлігі Үгедей ұлысымен, оңтүстік бөлігі Шағатай ұлысымен шектесіп жатуы себепті, ол жақтағы қырқысулардың үздіксіз және шексіз болуы жергілікті тұрғындар мен көшпелі тайпалардың Жошы ұлысының шығыс бөлігіне немесе шығыс бөліктің сол тұстағы билеушісі Куинджидың қолына келуіне мәжбүрлейді. XIII ғасырдың 40–60-жылдарындағы қырқысулар кезінде де қандай тайпалардың Шығыс Дешті Қыпшаққа келгендігін дөп басып айта алмаймыз. Бірақ та болжаумен Жалайыр, Қоңырат, Барулас, Сулдус және т.б. тайпалардың бөлімдері деуге болады. Өйткені бұл айтылған тайпалардан құралған мыңдықтар кезінде Үгедей мен Шағатайға үлестіріліп берілген болатын.

Осылайша, XIII ғасырдың 40–60-жылдарындағы Жошы ұлысына көршілес ұлыстардағы соғыстар мен қырқыстар кезінде бірталай рулармен тайпалардың бөліктері келіп қоныс тебеді. Бірақ та олардың саны өте аз болғандықтан, Шығыс Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тез сіңісіп кетеді.

Жалпы осы тараушада айтылған ойларымызды қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, моңғол жаулаушылығы мен одан кейінгі жылдардағы кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Моңғолия аумағынан негізінен түрік, сосын моңғол тілдес тайпалар келіп қоныстанады. Біз бұл тарихи процесті шартты түрде үш кезеңге бөліп қарап, бірінші кезеңге – 1209–1224 жылдарға дейінгі уақытты жатқыздық. Бұл кезеңде Қазақстан аумағына Шыңғыс ханға бағынбай, онымен күрестерде жеңіліс тапқан Меркіт, Керейт, Найман тайпа-



ларының келгендігін көрсеттік. Ұлыстардың құрылуына байланысты Жошыға берілген Сиджиут, Кингит, Хушин тайпаларының мыңдықтары – екінші кезеңде келсе, үшінші кезеңде – Үгедей мен Шағатай ұлыстарындағы өзара тартыстарға байланысты кейбір топтардың Жошы ұлысына келгендігі анықталды.

Екіншіден, бұл көшіп келгендер сан жағынан өте аз болғандықтан, бүкіл аумақтағы этнопроцестерге қатынасады, бірақ оған ықпал ете алмайды. Бірнеше ұрпақтар ауыса келе, бұл келгендердің бәрі де Жошы ұлысындағы этнос құрамына сіңісіп кетеді, кейбірі өздерінің рулық, тайпалық құрылымын сақтап қалса, кейбіреулері басқа күштірек тайпалардың құрамына енеді.

Үшіншіден, Моңғол жаулаушылығына дейін Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген тайпалар мен жаулап алу барысында көшіп келген тайпалар көп ұзамай-ақ, бір-бірімен араласудың нәтижесінде ортақ этнониммен атала бастайды да, XV ғасырдың ортасында қазақ этносын қалыптастырады.

#### **4.4. XIII ғасырдың ортасы мен XIV ғасырдың ортасына дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы этнопроцестердің дамуы**

XIII ғасырдың орта тұсынан XIV ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы Жошы ұлысының тарихына этникалық тарих тұрғысынан қарасақ, осы кезеңнің ең басты ерекшелігіне – моңғол жаулап алушылығына дейінгі Дешті Қыпшақ аумағындағы этнопроцестердің қайта жандана бастауы мен жаулап алу барысында аумаққа келген түрік және моңғол тілдес тайпалардың қыпшақтануы процесінің жүруі мен аяқталуы жатады. Бұл ерекшелік Жошы ұлысының сол қанаты болып саналатын Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына да қатысты. Төменде осы аумақта этнопроцестердің қайта жандануы мен жаңадан келген тайпалардың қыпшақтануы процесінің барысын талдап көрсетелік.

XIII ғасырдың ортасынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі Алтын Орда тарихындағы, әсіресе, оның сол қанатындағы Орда Ежен ұлысындағы салыстырмалы түрдегі саяси тұрақтылық және Моңғол империясы мен Алтын Орда хандарының бағындырылған аумақтардағы жүргізген ішкі саясаты этнопроцестердің қайта жандануына қолайлы жағдайлар жасайды. Алтын Орданың батыс



жағында XIII ғасырдың 70–90-жылдары болған ұлыс билеушісі Ноғай мен Тоқта хан арасындағы және XIII ғасырдың 90-жылдарындағы Ордаежен ұлысының шығысындағы Баян хан мен Құбылық арасындағы күрестерді есептемегенде, Алтын Орданың ішкі саяси тарихында этноөмірге кері әсер ететіндей үлкен оқиғалар болған жоқ. Саяси тұрақтылық қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани өмірлерінің қалыпты өмір сүруі мен дамуында негізгі фактор рөлін атқаратындығы баршаға белгілі. Орда Ежен ұлысындағы саяси өмірдің де тұрақты болуы – жаңадан келген этнокомпоненттердің аумақтағы этноөмірге тез араласып кетуіне, соның нәтижесі ретінде олардың қыпшақтанып кетуінде шешуші рөлдердің бірін атқарды деп есептейміз.

Сонымен бірге алғашқы моңғол қағандары мен ұлыс билеушілерінің бағындырылған аймақтарға қатысты жүргізген саясатынан да қыпшақтану процесіне әсер еткен оң ықпалды байқаймыз. Осы жөнінде тереңірек қарастыралық.

Зерттеушілер жаулап алудан кейін моңғол хандары мен билеуші тобының жаулап алған елдерге қатысты жүргізген саясатында анық, бір-біріне қарама-қарсы екі ағымның болғандығын көрсетеді.

И.П. Петрушевский бұл екі ағымға «Бірінші бағытты моңғолдың көшпелі-әскери тобының көп бөлігі және аздаған түрік тайпаларының көшпелі-әскери тобы қолдады. Моңғолдық дәстүр мен көшпелі өмірді жақтайтын бұл топ отырықшы өмірдің, егіншілік пен қалалардың жауы болды, отырықшы шаруалар мен қалалардың төменгі тобын шексіз қанауды жақтады. ... Бұл бағытты жақтайтындар отырықшы шаруаларды қорғамақ түгілі, оларды сақтап қалуға мүдделі болмады», – деген сипаттама береді [304, 48–49-б.].

Бірінші бағытты қолдайтын топтың жүргізген саясатының нәтижесін Иран, Қытай елдері мен Мауереннаһр, Жетісу аймақтарындағы XIII ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жағдайдан байқауға болады. В.В. Бартольд «Жетісудың Шығыс Түркістанмен бірге моңғолдарға еріктерімен берілгенін көрдік, сол себепті де Қытайға, Мауереннаһрға және Батыс Азияға қарағанда бұл аймақ моңғол жаулап алушылығының зардабына ұшырамады. Моңғолдардан кейін көп ұзамай Жетісуға келген саяхатшылар бұл өңірді мәдениеті гүлденген ел деп жазады», – дей келе, XIII ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы Жетісудағы жағдайды: «Іле





өзенінен өткен Рубрук, қираған бекіністің саз қабырғаларын көрді, қирандылардың маңында егістіктер болды. ... Келесі күні Рубрук онша үлкен емес таулы асудан өтіп, өзені көп, өзендері таудан бастау алып, Балқаш көліне құятын үлкен бір жазықтыққа келді. Мұнда көп саудагерлер тұратын Қайлақ қаласы болды. Жазықтықта бұрын көп қалалар болатын, бірақ қалалардың көп бөлігін татарлар жайылымдар үшін қиратып тастапты», – деп жалғастырады [182, 65–66-б]. Одан әрі атақты шығыстанушы ғалым XIII ғасырда Жетісуда отырықшылық мәдениеттің құлдырап кетуінің басты себебіне Жетісудың керемет жайылымдарының көшпелілерді үнемі қызықтырып отыруынан деп түсіндіреді. И.П. Петрушевский моңғол билеуші тобы арасындағы бірінші бағыттың салдарына Иран, Қытаймен қоса, Жетісуды да жатқызады [304, 49-б.].

Моңғол билеуші тобы арасында қалыптасқан екінші бағытты сарайдағы қызметтері арқылы хан әулетіне жақын болған көшпелі әскери топтың аздаған бөлігі мен орталық мемлекеттік биліктің жергілікті өкілдері, сондай-ақ мұсылман дін басылары, саудагерлер тобы қолдайды. Екінші топтың мақсатына хандық билігі бар күшті орталықтандырылған мемлекеттік жүйені құру, сол арқылы көшпелі-әскери топ арасындағы орталықсыздану, шеттеу ниетті жою жатты. Ол үшін де хандық билік бағындырылған елдердегі феодалдық топтың жоғарғы бөлігімен жақындасуы, қалалық өмірге, саудагерлерге, сауда-саттыққа қолдау көрсетуі, моңғол жаулаушылығы кезінде қираған өндіргіш күштердің, әсіресе, ауыл шаруашылығын қалпына келтіруі, тұрақты салық пен міндеткерлікті сақтауы, әртүрлі талан-тараждардан қорғауы қажет болды. Бірінші бағыт моңғолдар үстемдігінің алғашқы кезеңінде жетекші орынға ие болып, оны Шыңғыс ханның өзі, Гүйік қаған, ұлыс билеушісі Шағатай хан қолдаса, екінші бағытты қағандар арасында Үгедей қаған (1227–1242), Мөңке қаған (1251–1259) жақтап отырған. Ұлыс билеушілері арасында Дешті Қыпшақтың билеушісі Жошы хан екінші бағытты қолдағанын Джузджанидың дерегінен көруге болады. Ол бойынша Жошы әкесінің бағындырылған елдердегі жаппай қырулар мен тонауларды жүргізуін сынға алған, мұсылмандарға көмектесуді ойластырған. Екі бағыт арасында жабық түрде болса да үнемі күрес жүріп отырады. И.П. Петрушевскийдің көрсетуі бойынша екінші бағыт Хулағу мемлекетінде Газан хан тұсында,



ал Шағатай мемлекетінде Кебек хан тұсында (1318–1326) жеңіске жетеді.

Моңғол билеушілері арасындағы екі бағыт жөнінде пікір айтушылар, негізінен Иран, Мауереннаһр, Хорезм аймақтарындағы тарихи жағдайларға сүйенсе де, екі бағыттың Жошы ұлысының, оның ішінде сол қанатқа жататын Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы тарихи жағдайға қатысты екендігін де мойындауымыз керек. Бірақ та Шығыс Дешті Қыпшақтағы географиялық, шаруашылық, қоғамдық қатынастардың аталған аймақтардағы қатынастармен өзіндік ерекшеліктердің болуына байланысты екі бағыттың ара салмағында да өзгешеліктер байқалады. XIII ғасырдың 70-жылдарына дейін моңғолдың Ұлы қағандарының жергілікті халықтарға қатысты жүргізген саясаты бүкіл империяға ортақ болып, екі ағым арасындағы айырмашылықтар бірден байқалса, Жошы ұлысындағы хандардың саясатынан біз, алғашқы кезден-ақ екінші бағыттың басымдылықта болғанын аңғарамыз. Оның басты себебіне Жошы ұлысындағы жергілікті тайпалардың шаруашылық өмірінде көшпелі мал шаруашылығының жетекші орында тұруы жатса керек.

Парсы тарихшысы Джузджани осы жөнінде Жошының көзқарасын мынадай дерекпен көрсетеді: «Шыңғыс ханның үлкен ұлы Туши (*Жошыны айтып отыр – Б.К.*) Қыпшақ жерінің ауасы мен суын көріп, жер бетінде бұл жердің жерінен артық, ауасынан таза, суынан дәмді, жайылымдарынан кең жер жоқ деп білді. Оның басына әкесіне қарсы тұру туралы ойлар келіп, жанындағыларға былай дейді: «Шыңғыс хан ақылынан ауысып, соншама халықты қырып, соншама елдерді жойып жатыр. Менің ойымша, ең тиімдісі әкемді аң аулауда көзін жойып, Мұхаммед сұлтанмен жақындасу, бұл елді гүлдендіру және мұсылмандарға жәрдемдесу болып табылады» [230, 14-б.]. Джузджанидың бұл дерегі Жошының қандай бағытты ұстанғандығын бірден-ақ байқатып тұр.

Жошы ханның мұрагері болған Батый туралы парсы тарихшылары Джузджани де, Джувейни де екі түрлі дерек айтса да, біз одан Батыйдың бағындырылған халықтарға қатысты екінші бағытты ұстанғандығын байқаймыз. «Ол (Бату) өте әділетті адам және мұсылмандардың досы болды; оның қамқорлығы арқасында мұсылмандар өмірін еркіндікте өткізді. Оның ордасы мен жұртында



мешіт салынып, имамы, муэззины, намазға жығылатын қауымы болды. Оның патшалығы тұсында және оның тірі кезінде мұсылман елдеріне оның жағынан, оның қоластындағылар тарапынан, оның әскері тарапынан ешқандай жаманшылық болған жоқ. Түркістан мұсылмандары оның қорғаштауы арқасында тыныштық пен қауіпсіздікте өмір сүрді. Моңғолдарға бағындырылған Иран жерінің белгілі бір бөлігі оған қарады, ол жерлерге (Батый) өзінің басқарушыларын тағайындады. Барлық моңғол басшылары мен қолбасшылары оған бағынды, оған әкесі Жошы секілді қарады», – деп сипаттама береді «Табакат-и Насири» кітабының авторы [230, 15-б.]. Ал келесі бір парсы тарихшысы Джувейнидың Батый жөніндегі пікірі өзгешелеу. Соған қарамастан оның пікірінен де Батый ханның жергілікті бағындырылған халықтарға байланысты әкесі Жошының жолынан ауытқымағандығын көреміз.

Ол: «Ол ешбір дінге, ешбір сектаға кірмеген билеуші еді, ол оларды тек құдайшылықтан танудың жолы деп түсінді, сөйтіп, ешбір секта мен діни ағымның жолын құшпады. ... Өзіне берілген сыйлықтарды қазынаға түсірместен бұрын тұтасымен моңғолдарға, мұсылмандарға және басқаларға таратып берді. Әр жақтан келетін саудагерлер оған әртүрлі заттар әкелетін, ол не алса да, әрбір затқа бағасынан артық құн төлейтін», – деп жазады [231, 21–22-б.]. Бұл дерек Батыйдың діни ұстанымы жөнінде Джуджанидың мәліметінен өзгеше болғанымен, қол астындағы халқы мен саудагерлерге қатысты көзқарасының ұқсас болғандығын көрсетеді.

Батыйдың жүргізген саясаты туралы деректі парсы авторларымен қатар армян деректері де қостайды. XIII ғасырдың армян тарихшысы Киракос Гандазакеций Батый ханнан сауда жасауға жеңілдік алған Рабан Ата туралы айта келе, «оның адамдары, саудагерлері хан атынан тамғаны, яғни хат пен белгіні алып, барлық жерде емін-еркін жүрді, олар өздерін Рабанның адамдары екенін мәлімдегеннен кейін, оларға ешкім де тиіспеді. Тіпті, татар қолбасшылары оларға өз олжаларынан сыйлықтар беріп тұрды», – дейді [58, 50-б.]. Одан әрі армян тарихшысы Батый ханға патшалар мен ханзадалардың, князьдар мен саудагерлердің келіп, өз өтініштерін білдіргенде, ханның оларды әділдікпен шешім шығарып, оларға өз иеліктерін қайтарып бергендігі жөнінде баяндайды.



Одан кейін Алтын Орда тағында 10 жылдай отырған Берке ханның мұсылманшылдығы, ислам дініне көзқарасы туралы жазба деректердің бәрі бір ауыздан мақұлдап, оң баға береді. Жошы, Батый, Берке хандар ұстанған бағытты одан әрі Алтын Орданың кезекті ханы Мөңке Темір де жалғастырады. 1269 жылғы Талас және Кенджек өзендерінің бойында өткен құрылтайдың шақырылуы мен ондағы қабылданған шешімдерге Жошы ұлысы жағынан Мөңке Темір хан мен Жошының ұлдарының бірі Беркечардың тікелей қатысы бар. Құрылтайда қабылданған шешімдердің саяси аспектісін қарастырмай-ақ экономикалық жағына назар салсақ, онда алтын-ордалықтардың ұстанған көзқарасын анық байқаймыз. Құрылтайда қабылданған шешім туралы Рашид ад-дин былай: «Өздерінің әдет-ғұрыптары бойынша олар алтынмен анттасып, болашақта таулы жерлер мен далалы жерлерде қоныстануға, қалалар маңында жүрмеуге, егістіктерге мал жаймауға және де райиаттарға (егіншілерге) әділетсіз талаптар қоймауға уәделесті», – деп жазады [92, 71-б.]. Жалпы алғанда, жоғарыда келтірілген дерек мәліметтері Жошы Ұлысындағы жоғарғы билеушілердің жергілікті бағындырылған халықтарға қатысты жүргізген саясатында екінші ағымның үстемдікте болғандығын көрсетеді. Ал ол дегеніміз өз кезегінде сырттан келген аз санды моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақ тайпалары арасына тез сіңісіп кетуіне өте қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндіктер берді деген тұжырымға әкеледі.

Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтық этноортаға тез сіңісіп, араласып кетуіне әсер еткен келесі бір қолайлы жағдайға – моңғолдық әскери-әкімшілік құрылымның Жошы ұлысында немесе Дешті Қыпшақта енгізілуі жатады.

Моңғол қоғамындағы қатынастарды терең зерттеген академик Б.Я. Владимирцев Шыңғыс хан тұсындағы қоғамдық қатынастардың, яғни бұрынғы қатынастар мен жаңа ене бастаған қатынастардың ара-жігін көрсетіп, әрбір қатынасты қалыптастырған элементтердің қоғамдық өмірге енуі эволюциясын нақты дерек мәліметтері бойынша негіздейді. Мысалы, көшпелілерге бұрыннан белгілі ондық, жүздік, мыңдық және онмыңдық бірліктерді «Шыңғыс хан алғаш рет наймандарға қарсы күрес қарсаңында қолданып, бұрынғы курундік бойынша құрылған жасағын белгілі бір жүйе бойынша құрылған әскерге айналдырады. Сөйтіп, Шыңғыс хан



1206 жылы қаған болғаннан кейін бүкіл моңғолдарды мыңдықтарға бөліп, оларға мыңдық-нояндарын белгілейді», – деп жазады Б.Я. Владимирцев [14, 102-б.]. «Ондыққа, жүздікке және т.с.с. бөлудің ешқандай жаңалығы жоқ, бұл – Орта Азия көшпелілерінің ғасырлар қойнауынан келе жатқан әдеті. Шыңғыс ханның бұл жүйедегі қосқан жаңалығына – ұзақ процестер барысында жауынгерлер басшыға дейін өскен адамдардың вассалдық (тәуелділік, басыбайлылық) қатынастарын ретке келтіруі және бекітуі жатады», – деп түсіндіреді моңғолтанушы ғалым [14, 102-б.]. Одан әрі ол моңғол қоғамында мыңдықтардың пайда болуының екі түрлі жолы болғандығын, біріншісі – бұрынғы рулар негізінде, екіншісі – әртүрлі рулардың бөліктері мен қалдықтарының бірігуінен деп көрсетеді. Екінші жолмен құрылған мыңдықтар туралы көптеген деректерді келтіре келе, ол: «Шыңғыс ханның «мыңдықтарды» қалай «жинастырып» құрастырғанын түсінуімізге бұл деректерді жеткілікті деуге болады», – дей келе, Б.Я. Владимирцев одан әрі: «мыңдықтардың» құрылуы барысында моңғол рулары мен тайпаларының бұлайша араласуының рулық құрылым үшін өте зор салдарлары болды. Міндетті түрде олар қатты өзгеруі және жайылып кетуі тиіс еді. «Мыңдықтарға» бөлу, ұлыстарға бөлу көптеген моңғол тайпаларының... толығымен шашырап, жойылып кетуіне алып келді, мысалы, татар, меркіт, джаджират, найман, керейттердің қалдықтары көп жағдайда әртүрлі ұлыстар мен мыңдықтарға бөлініп, таралып кетті», – деп жазады [14, 109-б.].

Б.Я. Владимирцевтің бұл айтқан пікірлері моңғол қоғамының ішкі өміріне қатысты болғанымен, біз оны моңғол жаулап алуынан кейін Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһр аумақтарында құрылған ұлыстарға да тікелей қатысы бар екенін байқаймыз. Жошыға берілген төрт мыңдықтың біз екіге бөлініп, бірінің – Батыйға немесе оң қанатқа, екіншісінің – сол қанатқа немесе Орда Еженге берілгенін айтқанбыз. Шығыс Дешті Қыпшақтағы жергілікті тайпалар да Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтары мен оның інілерінің арасында кішігірім ұлыстарға, ол ұлыстар мыңдықтарға, мыңдықтар жүздіктерге бөлінеді. Басқаша айтқанда, бұрынғы ру-тайпалық негізде құрылған жүйенің орнына жаңа жүйені, әскери-әкімшілік негіздегі жүйені енгізеді. Бұрынғы ірі тайпалардың, кішігірім тайпалардың орнына түмендер мен мыңдықтар келеді. Кейбір мың-



дыктарды басқаруға бұрынғы ру-тайпа көсемдері немесе олардың ұрпақтары қалдырылса, ал кейбіріне моңғол нояндары тағайындалады. Тіпті жаңадан жүздіктер құрылып, оның басшылығына еңбегі сіңген қатардағы моңғолдар қойылады. Мұндай көзге түскен қарапайым жауынгерді ондықты, жүздікті, тіпті келе-келе мыңдықты басқаруға тағайындауды Шыңғыс хан кезінде жиі қолданған болатын. Аз санды моңғолдардың ондық, жүздік, мыңдықтарға басшы ретінде тағайындалуы біріншіден, оларды бір-бірінен ажыратып, алыстатса, екіншіден, жүйенің бірлігін құраған жергілікті қыпшақ тайпаларының арасына тез араластырып жібереді. Осылайша, Шығыс Дешті Қыпшаққа жаулап алушылар ретінде келген моңғолдық этнокомпоненттер әскери-әкімшілік негізінде құрылған жаңа жүйеге тез еніп кетеді де, аз санды моңғолдар қалың қыпшақ тайпалары арасында құмға сіңген судай, өздерінің этникалық болмыстарын тез жоғалта бастайды.

Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтық этноортаға сіңісіп кетуін тездеткен фактордың біріне – жергілікті тайпалар мен жаулап алушылар арасындағы шаруашылық пен тұрмыс-салттың жақындығына байланысты этникалық араласу жатады. Жазба деректер XIII ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Жошы ханнан тараған 2-4 буын өкілдерінің әйелдерін және олардың қай тайпадан шыққандығын атап көрсетеді. Қарапайым есептеу жолымен Жошы ұлысының сол қанатындағы ұлысты басқарған Орда Еженнің ұлдары: Сартақтай, Құи, Күнқыран, Хулагулерді шамамен, 1220–1230 жылдары дүниеге келген деп есептесек, олардың ұрпақтары XIII ғасырдың ортасында туылған болып шығады. Рашид ад-динде Орда Еженнің және оның ұлдарының көбі қоңырат тайпасынан қыз алғандығы туралы көп айтылады. Бұл Шыңғыс хан заманынан бері келе жатқан дәстүрді XIII ғасырда да оның ұрпақтары одан әрі жалғастырғандығын көрсетеді. Орда Еженнің ең кіші ұлы Хулагудың екі әйелінің бірі – қыпшақ тайпасынан шыққан, есімі – Турбарчин-хатун. Ал осы Хулагудың Темір-Бұқа атты ұлының әйелдері Қоңырат, Арғын тайпаларынан алынған. Орда Еженге немере болып келетін Куинджи (Қоныша), Тумакан, Мұсылман секілді ұлдардың әйелдері Қоңырат, Меркіт, Жаджират, Татар, Найман тайпаларынан делінеді. Ал XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың I жартысында өмір сүрген Куинджидың (Қоныша) ұлдарының



әйелдері – Кераит(Керейт), Қоңырат, Огунан (Уақ) тайпаларынан болған.

Енді осы Рашид ад-диннің деректеріне талдау жасап көрелік. Алдымен, мына жағдайды ескерте кетелік. Парсы тарихшысы мүмкіндігінше материалдарды толық қамтуға тырысқанымен де, Орда Ежен ұрпақтарының көбісінің әйелдері және олардың қай тайпадан шыққандығы жөніндегі мәліметтер оған белгісіз болған немесе қолына түспеген. Сондай-ақ бірнеше әйелдердің есімдері мен олардың тайпаларының атауы мәтіннің дұрыс сақталмауына байланысты өшіріліп қалған. Соған қарамастан біз, өзімізге белгілі Рашид ад-диннің мәліметтеріне назарымызды аударалық.

Біріншіден, жоғарыда келтірілген дерек мәліметтері Орда Ежен ұрпақтарының, әсіресе, Жошы ұлысының сол қанатындағы билеуші әулет өкілдерінің жергілікті тайпалардан (Қыпшақ, Арғын) қыз алысуы олардың этникалық өзара байланысын көрсетеді. Бұл сол кездегі ішкі саясат үшін екі жаққа тиімді болатын. Ұлыс билеушілері жергілікті жердегі мықты тайпалардан, әсіресе, тайпа басшыларының, оның ішінде моңғолдарға дейінгі тайпалар басшыларының қыздарына үйленіп, оларды өздеріне жақын тартса, жергілікті этникалық топтардың өкілдері билеуші әулет өкілдеріне қыз беру арқылы өздерінің бұрынғы дәрежесін сақтап қана қоймай, оны одан әрі өсіруге ұмтылып отырады. Билеуші әулеттің бұл дәстүрін кішігірім ұлыс басшылары, түмен, мыңдық, жүздік басшылары да қолданады. Жоғарыдағы деректер аз санды моңғолдық элементтердің қыпшақтық этноортаға тез сіңісіп кеткендігін көрсететін өте нақты мәліметтер болып саналады.

Екіншіден, Арғын, Қыпшақ тайпаларымен қатар аталатын Қоңырат, Найман, Кераит (Керейт), Онгунан (Уақ) тайпалары Моңғолия аумағынан XIII ғасыр басында келсе де, түрік тілдес және көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар болатын. «[Түріктердің] сыртқы түрі, сөздері мен сөйлеуі бір-біріне өте жақын болса да, өзіндік мінез-құлықтың түрлілігі мен әрқайсысының өз аймақтарындағы табиғат жағдайының ерекшелігі әрбір түрік халқының сыртқы пішіні мен сөйлеу өнерінен аз болса да өзіндік айырмашылықты байкатады», – деген Рашид ад-диннің байқауына қарап, біз жоғарыдағы тайпалардың Арғын, Қыпшақ тайпаларына өте жақын болғандығын аңғарамыз [89, 75-б.]. Жазба деректерде



айтылмаса да, біз бұл тайпалар арасында да өзара қыз берісу, қыз алысудың болғандығын жоққа шығармаймыз. Тілдік жақындық, этникалық тығыз байланыстар және ортақ саяси жүйеде ұзақ уақыт болу – бұл тайпаларды біртұтас этносқа айналдыра бастаса, таза моңғолдық элементтер осы этникалық ортаға араласып, сіңісіп кетеді.

Үшіншіден, деректе айтылған тайпаларды біз, кейінгі ғасырларда қазақ халқының құрамындағы Орта Жүздің тайпаларымен сәйкестендіреміз. Соған қарап, XIII ғасырдағы Орда Ежен ұлысының құрамындағы тайпаларды XV ғасырда қазақ этносын қалыптастыруда басты рөл атқарған тайпалар деуге толық негіз бар деп есептейміз.

Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтық этноортаға тез сіңісіп кетуінде қыпшақ тілінің рөлі ерекше болғандығын атап өтуіміз керек. Қыпшақ тілі моңғол жаулауына дейін бүкіл Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген барлық тайпалар үшін ортақ тіл болып, Ертістен Дунайға дейінгі орасан зор аймақта болған қыпшақ (куман, половец) хандықтары өздерінің сыртқы саясатын байланыстыратын қыпшақ тілінде жүргізді. Қыпшақ тілінің рөлі мен маңызын мынадай салыстырулар арқылы көрсетуге болады. Кең мағынадағы қыпшақ тайпаларының XI–XIII ғасырларда мекендеген аймақтарын ортақ атаумен Дешті Қыпшақ десек, ондағы тұрғындардың бәрін жалпы атаумен қыпшақтар (кумандар, половецтер) деп, олардың мемлекеттілігін қыпшақ хандықтары деп атасақ, қыпшақ тілі де бүкіл Дешті Қыпшақтың жалғыз және жалпыға ортақ кең таралған тілі болып саналады.

XIII ғасырда қыпшақ тілі жеңіске жеткен моңғолдармен бірге моңғол тілінің келуіне қарамастан, тұрмыстық деңгейдегі, рухани өмірдегі, әдебиет саласындағы өз позициясын жоғалтпайды, тіпті, жоғарғы деңгейдегі мемлекетаралық қатынастардың, елшілік қарым-қатынастардың құралы ретінде моңғол тілімен қатар қолданылып, XIV ғасырдың өзінде оны бірте-бірте қолданыстан ығыстырып шығарады. Бұл туралы Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский «... моңғолдардан, дәлірек айтсақ, татарлардан тіл емес, тек есімі ғана сақталынып қалды. XV ғасырда Дешті Қыпшақта моңғол тілінде сөйлейтін адам аз болған секілді», – деген ойларды айтады [226, 66-б.]. XIII ғасырда өмір сүрген Дешті Қыпшақтың ұлы жыршысы





Кетбұғаның Жошы өлімін Шыңғыс ханға астарлап естіртуі дәстүрлі өлең түрінде айтылып, қыпшақ (түрік) тілінде баяндалады:

«Тенгиз баштын булғанды ким тондурур, а ханым?

Терек тубтын джығылды, ким турғузур, а ханым?», – деген ұлы қыршыға, Шыңғыс хан:

«Тенгиз баштын булғанса тондурур олум Джошы дур,

Терек тубтан джығылса, турғузур олум Джошы дур», – деп жауап қайырған екен» [84, 203-б.].

XIII ғасырдың бірінші жартысында қыпшақ (түрік) тілінде айтылған бұл өлең жолдарының қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасынан аса көп айырмашылығы жоқ екенін тіл мамандары түгілі, қазақ тілін жетік білетін әрбір адам аңғарады. Бұл төрт жолдың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы:

«Теңіз бастан былғанды,

Кім тұндырар, уа ханым?!

Терек түптен жығылды,

Кім тұрғызар, уа ханым?!

Теңіз бастан былғанса,

Тұндырар ұлыс – Жошы-дүр!

Терек түптен жығылса,

Тұрғызар ұлым Жошы-дүр!», – деп айтылады [220, 236-б.].

Кетбұға жыры үзіндісінің бізге дейін жетуі оның XIV–XV ғасырлардағы жазба тарихқа енуінің арқасында болса, ал XIII ғасырдың өзінде қыпшақ тіліндегі ауыз әдебиетінің үлгілерінің бізге дейін жетпегені қаншама?!

XIII ғасырдағы моңғолдар билігінің алғашқы кезеңінде қыпшақ тілінің кең тарауымен бірге оның жазба әдебиетте де кең қолданыста болғандығын сол тілде жазылған көптеген туындылар дәлелдейді. «Кодекс Куманикус», «Оғыз-наме», «Мухаббат-наме», «Хусрау және Шырын», «Жүсіп-Зылиха», «Гюлистан би-т-тиорки», «Қисас-уль анбия» және тағы басқа қыпшақ тілінде жазылған бұл туындылар – XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Ордада қыпшақ тілінің әдебиет пен мәдениеттің тілі болғандығын көрсетсе керек. Зерттеушілер бұл туындыларды негізінен сарай төңірегіндегі ортада талантты ақындар жазған, олар әдетте мемлекеттік қызмет атқарған немесе билеушілер жанында болып, өз туындыларын екінің бірінде өз билеушілеріне арнаған не оларға сыйға тартып отырған, дейді.



Қыпшақ тілінің сол дәуірде халықаралық деңгейге дейін өскендігіне «Кодекс Куманикус» (XIV ғасырдың басы) («Қыпшақ тілінің сөздігі») атты жинақ дәлел бола алады. М.Г. Сафарғалиев бұл еңбекті «Италияда 1303 жылы құрастырылған бұл Қыпшақ сөздігі (Половецкий словарь) Дешті Қыпшақта сауда жасайтын итальяндық саудагерлерге көмекші ретінде қызмет етті», – десе, Қазақстан тарихының авторлары: «Бұл – ... арнаулы сөздік және кейбір жағынан әртүрлі мақсаттармен Ордаға келген және латынша білетін еуропалықтарға, сондай-ақ латынша білгісі келетін қыпшақтарға арналған қыпшақ тілінің оқулығы», «Дешті Қыпшаққа келіп, тіл жөнінен қиындық көргендерге көмек көрсету мақсатын көздеген адам құрастырғанын көрсетеді», – деп жазады [49, 241–242-б.]. Сөздікте қыпшақ тілінің латын, парсы тілдерімен қатар қойылып, әрбір сөздің осы үш тілдегі аудармасының қатар берілуі – қыпшақ тілінің Алтын Орда империясында кең тараған тіл екендігін, империяның ресми тілі болғандықтан, оның халықаралық маңызы да болғандығын дәлелдей түседі.

Осы жерде атакты түркітанушы В.В. Радловтың «Кодекс Куманикусқа» байланысты зерттеуінің қорытындыларын келтіріп кетуді жөн көріп отырмыз. Ол: «Құман тіліндегі дыбыстарды талдауым оның түрік тілдерінің қай тобына жататындығын анық көрсетеді. Біз оны ертіс, қырғыз (*қазақ тілін айтып отыр – Б.К.*), башқұрт және Еділ бойындағы тілдер енетін батыс түрік тобына жатқызамыз. Олардың ішінде құман тілі еділ тіліне, оның ішінде Мешер диалектісіне жақын тұр. Бірақ та дауыссыз дыбыстарды қарастыру барысында құман тілі қазіргі Мешер диалектісінен гөрі, одан да ертеректегі даму деңгейінде тұрғандығы байқалады. Құман тілін дыбысталуы жағынан алып қарасақ, ол қырғыздардың (қазақтардың) тіліне өте жақын...», – дейді [305, 52–53-б.].

Қыпшақ тілінің Алтын Ордадағы хан Ордасында да кең тарап, ресми тілге айналғандығын мынадай дерек көрсетеді. Ибнабдеш-захир 1263 жылы Египеттен келген елшілерді Берке ханның қалайша қабылдағанын: «Ол (Берке) 100 адам (басқа нұсқаларда 500 адам) сиятын үлкен шатырда тұрды, шатырдың сырты ақ киіздермен жабылған, ал іші қытайдың қымбат жібек маталарымен, түрлі-түсті асыл тастармен көмкерілген. Ол тақта отырды, жанында үлкен әйелі болды және 50–60-тай әмірлер орындықта отыр. Елшілер кірген



кезде ол өз уәзіріне жолдауды оқытты, сосын оларды сол жақтан оң жаққа қарай ауыстырды... Оның жанындағы бас қазы жолдауды аударып берді және ханға тізімді берді, сұлтанның хагы (Беркенін) жанында тұрғандарға арнап түрікше оқылды, олар (татарлар) бұған қатты қуанды», – деп суреттеп жазады [50, 65-б.].

Бұл жерде хаттың Берке ханның жанындағы 50–60 әмірге арнап түрікше оқылғандығына ерекше назар аударалық. Егерде ол әмірлердің бәрі немесе көбі таза моңғолдар болса, онда сұлтан хатының түрікше немесе қыпшақша оқылуының қажеті болмаған болар еді. Біздің ойымызша, Берке ханның жанындағы әмірлердің бәрі немесе көбісі жергілікті қыпшақ тайпаларынан, не болмаса қыпшақтанып кеткен моңғолдар болған. Ибнабдеззахирдың сұлтан хаты түрікше оқылғанда «Олардың бәрі оған қатты қуанды» дегеніне қарағанда, хан Ордасында қыпшақ тілінің үстемдікке жетіп отырғанын аңғарамыз.

Дегенмен де, әлі де болса XIII ғасырдың соңына дейін моңғол тілі Алтын Орда хандарының дипломатиялық хат алмасуларында қолданылып тұрады. 1283 жылы Египет сұлтанына Алтын Орда ханы Туда Менгудың моңғол тілінде жазылған хатын алып екі қыпшақ дін білгірі Меджеддин Ата мен Нураддиннің келгендігін араб тіліндегі деректердің авторлары: Калавун, Рукн ад-дин Бейбарс, ан-Нувейри, Ибн ал-Форат жазады. Бірақ та көп ұзамай моңғол тілінде хат жазылу дәстүрі бірте-бірте азайып, кейіннен мүлде тоқтатылады. Әрине, сол тілде сөйлейтін адамдар болмаса, сол тілге деген сұраныс жоқ болса, ол тілдің қолданыстан шығарылып қалатыны кімге де болса түсінікті.

Моңғол тілінің қолданыстан мүлде ығыстырылып шығарылуынан, енді Алтын Орданың ресми құжаттарының бәрін қыпшақ тілінде (түрік тілінде) жазу кең етек алады. В.В. Радлов Токтамыс пен Темір Құлтық хандардың жарлықтарын лексикалық және грамматикалық тұрғыдан талдай келе, мынадай қорытындыға келеді: «Токтамыстың жарлығының тіліндегі 104 сөздің 43-і жалпытүріктік (түрік тілінің барлығында кездеседі), 24-і солтүстіктүріктік, 22-сі батыстүріктік, 15-і ұйғыр-шағатай сөздері. Сол сияқты жарлықтағы 54 грамматикалық жалғаудың – 23-і жалпытүріктік, 15-і солтүстік-түріктік, 12-і батыстүріктік және 4-і ұйғыр-шағатайлық», –

деп «Тоқтамыстың жарлығын батыс татары жазған», – деген қорытындыға келеді [306, 1–40-б.]. Одан әрі Темір-Құтлықтың жарлығындағы сөздерді де осындай әдістермен талдай келе, жарлықты жазған адамның тілі – ноғай тілі деп есептейді. Қазіргі қазақ, ноғай, татар тілдерінің XIII–XV ғасырларда қыпшақ тілінің тобына жататынына қарап, біз бұл жарлықтардың тілі Алтын Ордадағы ресми тіл – қыпшақ тілі болғандығына ешқандай күмән келтірмейміз.

Алтын Ордадағы моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтық этноортаға сіңісуі барысындағы қыпшақ тілінің рөлін қарастыра келе, біз мынадай қорытындыларға келеміз.

Біріншіден, қыпшақ тілі моңғол жаулап алушылығына дейін бүкіл Дешті Қыпшақ тайпалары үшін өзара қатынас құралы ретінде қандай рөл атқарса, моңғолдар үстемдігі дәуірінде де өзінің маңызын жоғалтпай, Жошы ұлысындағы қыпшақтық және моңғолдық этнокомпоненттер арасындағы қатынас құралы болып қала береді.

Екіншіден, жаулап алуға байланысты Моңғолия аумағынан Дешті Қыпшаққа келген түріктік және моңғолдық аз санды этникалық элементтер азғантай уақыттың ішінде қыпшақ тіліне ауысады да, ол өз кезегінде қыпшақтану процесін тездетеді. Қыпшақ тілі қарапайым адамдардан хан Ордасындағы билеуші топ арасына дейін тез таралып, XIII–XIV ғасырлардағы ауыз әдебиетінің үлгілері, жазба әдебиет ескерткіштері, ресми құжаттар, тіпті халықаралық сөздік осы тілде орындалады.

Үшіншіден, қыпшақтық этнокомпоненттер моңғолдық этнокомпоненттерді өз ортасына сіңіріп, қалай жұтып қойса, қыпшақ тілі де моңғол тілінің Дешті Қыпшақ аумағында қолданылу аясының кеңеюіне жол бермей, керісінше, өзінің кендігімен, байлығымен, күші мен қуаттылығымен оны тарылтып, этноортадан ығыстырып шығарады.

Жаулап алу барысы мен Дешті Қыпшақ аумағында Ұлыстардың құрылған кезінен бастап қыпшақтану процесі жүре бастаса, ал оның қай кезде аяқталғандығын немесе оны қандай оқиғамен байланыстыру керектігін дөп басып айту өте қиын. Өйткені этникалық мәселенің саяси мәселелерден айырмашылығы бар. Оның өзіндік принциптері мен белгілері болғандықтан біз оған келгенде тарихи кезеңнің мәресін шамамен болжап қана көрсетеміз. Араб тіліндегі авторлардың еңбектерінде Жошы Ұлысын – Қыпшақ елі,



Қыпшақ патшалығы, Қыпшақ мемлекеті, Қыпшақ жерлері, ал Ұлы хандарын – Қыпшақ ханы, Қыпшақ елінің билеушісі, Қыпшақ патшалығының ханы, Қыпшақ жерлерінің билеушісі, Қыпшақ мемлекетінің сұлтаны және тағы сол сияқты атаулармен атау, көрсету жиі кездеседі. Соларға талдау жасау арқылы біз қыпшақтану үрдісінің аяқталған кезеңін анықтап көрелік.

Араб тарихшысы ад-Захаби (1348/1349 жылы 75 жасында қайтыс болған) өзінің «Ислам тарихы» атты көп томдық еңбегінде Берке ханды «Қыпшақ және Судак даласының патшасы», – деп, ал Тоқта ханды «Ұлы Тиран моңғол Шыңғыс ханның, оның ұлы Сайын ханның, оның ұлы Тоғанның, оның ұлы Менгу Темірдің, оның ұлы сұлтан Токтоғой, ол – Қыпшақ патшасы», – деп жазады [50, 204–206-б.]. Осы кезеңде өмір сүрген келесі бір араб тарихшысы ал-Омари Алтын Орданың билеушісін «Қыпшақ патшалығының ханы», «Қыпшақ және Хорезм жерлерінің билеушісі», Өзбек ханды «Қыпшақ мемлекетінің қазіргі билеушісі», – деп жазады [50, 236-б.; 239–240-б.]. 1334/1335 жылы туып, 1404/1405 жылы қайтыс болған Ибн ал-Форат «665 жылы (1266 ж. 2 қараша – 1267 ж. 21 қыркүйек) (Тоған) патшаның ұлы Менгу Темір қыпшақ патшалығының тағына отырды», – деп атап өтеді [50, 358-б.].

Көріп отырғанымыздай, жоғарыда біз келтірген деректерде Алтын Орда, Жошы ұлысы атауы мүлде қолданылмайды, керісінше, бір ғана термин – Қыпшақ мемлекеті және Қыпшақ ханы деген атау айтылып тұр. Сондай-ақ, мәліметті берушілердің бәрі дерлік өз еңбектерінде XIII ғасырдағы тарихи жағдайларды сипаттап қана қоймай, өздері Алтын Ордаға келген кездегі көргендерін де айтып өтеді. Оған «қазіргі кездегі Қыпшақ мемлекетінің билеушісі Өзбек хан деген дерек дәлел. Деректің мәліметтеріндегі тарихи оқиғалар XIII ғасыр мен XIV ғасырдың бірінші жартысындағы кезеңге сәйкес келеді. Олай болса, XIV ғасырдың басында-ақ Дешті Қыпшақтағы моңғолдық этникалық элементтер толығымен және түпкілікті түрде қыпшақтанып болған. Араб тарихшысы әрі Египет сұлтаны ал-Мелик ан-Насырдың хатшысы, 50 жас шамасында 1348/1349 жылы Дамаскіде қайтыс болған. Абулаббас Ахмед Ибн-Фадлаллах ал-Омари, өз еңбегіндегі Алтын Орда тарихына қатысты материалдарды сонда сауда-саттық пен елшілік мақсаттармен барып келген



адамдардан ауызба-ауыз сұрастырып жинайды да, біз сөз етіп отырған мәселеге қатысты: «Ежелде бұл мемлекет қыпшақтар елі болатын, бірақ оларды татарлар басып алған соң, қыпшақтар оларға бағынышты болды. Бұдан кейін олар (татарлар) (қыпшақтармен) араласып, туыстасты және жер олардың (татарлардың) табиғи және нәсілдік белгілерінен үстем түсті; моңғолдар (және татарлар) қыпшақтар жеріне қоныстанғандықтан, олармен некеге тұрып, олардың (қыпшақтардың) жерінде өмір сүріп қалғандықтан, өздері де олармен бір рудан шыққандай, тура қыпшақ болып кетті», – деген өте маңызды деректі береді. Автор бұл мәліметті 1338 жылы Алтын Ордада болған саудагер Шериф Шемседдин Мұхаммед Ал-Хусейни ал-Кербалайдан алғандығын айтады. Ал-Омаридың бұл дерегі біз қарастырып отырған мәселенің бірнеше жағына нақты жауап береді. Біріншіден, автордың информаторы болған араб саудагері 1338 жылғы көзімен көргендерін баяндап, моңғолдардың бұл жылға дейін қыпшақтанып кеткендігін аңғарған. Соған қарап біз, жоғарыда айтқан ойымызды тағы да осы дерек арқылы негіздеп, моңғолдардың қыпшақтануы XIV ғасырдың басында аяқталған деп есептейміз. Екіншіден, әл-Омари дерегі қыпшақтану процесінде басты рөл атқарған бірнеше факторды көрсетіп отыр. Оларға екі этникалық топтың бір-бірімен қан жағынан араласуы, қыпшақтық этникалық топтардың моңғолдарға қарағанда жоғары тұрғандығы жатады. «Жер олардың табиғи және нәсілдік белгілерінен үстем түсті» дегені осыны көрсетсе керек.

Осылайша біз, осы тараушада көтерілген мәселелерге байланысты ойларымызды түйіндей келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз.

Бірінші, моңғолдардың жаулап алуы мен одан кейінгі Ұлыстардың құрылған кезінен бастап XIV ғасырдың бірінші жартысына дейінгі аралықта Жошы Ұлысында Шағатай, Үгедей Ұлыстарына қарағанда саяси тұрақтылықтың сақталуы мен ішкі саяси жағдайдың біршама қалыпты дамуы, сондай-ақ Жошы Ұлысындағы хандардың бағындырылған халықтарға қатысты жүргізген саясатында жергілікті халықтармен жақындасу, олардың өкілдерін мемлекеттік билікке араластыру, сауда-сағтыққа қолдау көрсету сияқты бағыттың үстем болуы бұрынғы этникалық процестердің қайта жандануына, сондай-ақ аз санды моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтық этноортаға тез араласып, сіңісіп кетуіне қолайлы жағдайлар жасайды.



Екінші, жаңадан пайда болған Ұлыстарда мемлекеттік жүйенің әскери-әкімшілік негізде құрылуы, соның негізінде Ұлыстардың ондық, жүздік, мындық, түмендік деп аталатын әкімшілік бірліктерге сай бөлінуі аз санды моңғолдарды қалың қыпшақтар ортасына тарыдай шашып жібереді. Көшпелі өмірдің заңдылығына сай бір-бірінен оқшау орналасқан әкімшілік бірліктердегі моңғолдар бір-бірінен оқшауланып, әкімшілік бірліктердің басым бөлігін құраған жергілікті қыпшақ тайпаларымен араласады. Бұл жағдай моңғолдардың тез сіңісіп кетуінде басты факторлардың бірі боп есептеледі.

Үшінші, Жошы Ұлысының сол қанаты боп саналатын Орда Ежен Ұлысында өмір сүрген Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Керей, Уақ, Меркіт және т.б. тайпалар мен рулар арасында қыз алысу, қыз берісу секілді байланыстардың дамуы, Ұлысты билеген әулет өкілдерінің аталған ру-тайпалардан қыз алысуы, моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануында басты рөл атқарып, қыпшақтану процесінің жылдам жүруіне толық мүмкіндіктер жасайды.

Төртінші, моңғолдар жаулап алуына дейін бүкіл Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген тайпалардың ортақ тілі болған қыпшақ (куман, половец) тілі өзінің негізгі функциясын жоғалтпай, XIII–XIV ғасырларда Алтын Орданың негізгі ресми тілі болып қала береді. Ауыз әдебиетінің үлгілері, жазба әдебиет туындылары, халықаралық сөздік, ресми құжаттар қыпшақ тілінде айтылып, жазылады. Қыпшақтық этностың моңғолдық этноэлементтерді жұтып қойғаны секілді қыпшақ тілі де моңғол тілінің қолдану аясының шеңберін тарылтып, жойып жібереді. Тіл факторы да моңғолдардың қыпшақтану процесінде басты рөлдердің бірін атқарады.

Бесінші, қыпшақтану процесінің аяқталған кезеңі жөніндегі мәселе бойынша, жазба деректерге, оның ішінде араб тілді авторлардың еңбектеріндегі мәліметтерге терең талдаулар жасау арқылы біз, бұл процесті XIV ғасырдың басында толық және түпкілікті аяқталған деп есептейміз.

Моңғолдардың қыпшақтануы процесінде келесі бір маңызды рөл атқарған факторға – ислам дінінің ықпалы жатады. Біз ол мәселені келесі тараушада арнайы түрде қарастыратын болғандықтан, бұл жерде тек оны атап қана өтеміз.

#### 4.5. Моңғолдардың қыпшақтануы процесіндегі исламның рөлі

XIII ғасыр басынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі Жошы Ұлысындағы этникалық процестерге саяси, тілдік, шаруашылық, мәдени факторлар қандай маңыз атқарса, ислам діні олардан кем рөл атқармайды. Тіпті, ислам дінінің ықпалынсыз, тікелей әсерінсіз бұл процесс өзінің мәресіне дейін жетпеген болар еді. Жалпы алғанда, XIII–XV ғасырлардағы қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңінде исламның атқарған рөлі зор. Ислам діні рухани өмірде қандай маңызға ие болса, руханилық дамуда да дәл сондай маңызға ие. Руханилықтың негізгі өзегі, тірегі, қозғаушы күші, дінгегі ислам діні болып табылатындықтан, біз оны этникалық процестерде ең басты орындардың бірін иеленеді деп есептейміз. Этникалық процестерге қолайлы жағдайлар мен қажетті шарттар жасаған әрбір фактор өздеріне тән ғана белгілі бір функцияларды атқарса, руханилық фактор – бұлардың бәріне ортақ руханилық кеңістікті қалыптастырады, этнопроцестерге қатысушы этноэлементтерді рухани жағынан біріктіреді, ынтымақтастырады, әрбір этноэлементтің сана-сезімін жоймай-ақ, барлық этноэлементтердің сана-сезімдерінің жиынтығынан, бірлігінен одан да жоғары деңгейдегі сана-сезімді, жаңа этносқа ортақ – халықтық сана-сезімді туғызады, қалыптастырады.

Исламның этнопроцестегі маңызын сезіне келе, оның XIII ғасырдың басынан XIV ғасырдың бірінші жартысына дейінгі кезең ішінде Жошы ұлысындағы моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтану процесінде атқарған рөлін нақты деректер бойынша көрсетелік.

Жалпы алғанда, исламның орта ғасырлық Қазақстан тарихында алатын орны, исламның қазақ жеріне келуі мен таралуы, оның басты-басты кезеңдері, дінді таратушы, уағыздаушы ірі діни тұлғалардың қазақ ру-тайпаларының тарихында алатын орны, қазақ мәдениетіндегі исламның рөлі және тағы осындай мәселелер қазіргі кездегі Отандық тарих ғылымында біршама жақын қарастырылып, оң шешімдерін тапқан деуге болады [241–244]. Әсіресе, ислам дінінің Дешті Қыпшақ тайпалары арасында, біз сөз етіп отырған кезең ішінде таралуын белгілі тарихшы әрі дінтанушы Н.Д. Нұртазина өз зерттеулерінде қарастырған [242, 152–174-б.]. Сол себепті де осы тараушада жалпы мәселелерге көп тоқталып жатпай, бірден нақты мәселеге ауысамыз.





Қазақ жеріне исламның алғаш келуі VIII ғасырдан басталса, оның бүкіл Дешті Қыпшақ аумағында ресми дін мәртебесін алуы XIV ғасырдың басына, Өзбек ханның билігінің басына сай келеді. Міне, осы 600 жылдық тарихи дәуірді исламның таралуына қарай бірнеше кезеңге бөліп қарастырсақ, XIII–XIV ғасырлар аралығы соңғы тарихи кезеңге жатады. Осы соңғы кезеңде ислам діні Жошы Ұлысында, оның ішінде қазіргі Қазақстан аумағында әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты XIII ғасырға дейін орын тепкен басқа діндер мен ағымдарды жеңіп шығады.

Біз бұл жерде XIII ғасырға дейін Қазақстан аумағына әлемдік діндердің келуі тарихын қарастырмаймыз, ол туралы азды-көпті болса да тарихи әдебиеттерде айтылған [97, 150–152-б.; 221, 383–389-б.]. Біз тек XIII ғасырға дейін Қазақстан аумағында әртүрлі діндердің болғандығын тарихи факт ретінде ғана атап өтеміз.

Түрік тайпаларының ертеден бергі келе жатқан діні – тәңіршілдік екендігі баршаға мәлім. Олардың Тәңірге табынатындығы туралы IX–XII ғасырларда араб саяхатшылары, елшілері, географтары мен тарихшылары көптеген мәліметтер қалдырған. Солардың бірі – Ибн Фадлан (X ғасырдың). Ол оғыздардың діні туралы: «... Ал егер олардың (*оғыздардың* – Б.К.) бірі әділетсіздікке тап болса немесе жаманшылыққа ұшыраса, онда ол басын аспанға қарап көтеріп: «бір» түрікше «бір», ал «тенгри» – «құдай» (аллах)», – дейді [245, 159-б.]. Дәл осындай сипаттағы мәліметті X ғасырдың өмір сүрген араб географы ал-Макдиси береді. Ол: «Түріктер «бір тәңірі», яғни «тәңір – біреу» дейді. Олардың кейбіреулері тәңір дегеніміз – зәңгір көктің атауы деп пайымдаса, енді біреулері тәңір деген көктің нақ өзі дейді», – деп жазады [221, 385-б.].

Ертедегі түрік тайпаларының дінінің негізі Көкке – Тәңірге және Жер-Суға сыйыну болды. Одан кейінгі тұрған әйел тәңірі – Ұмай Ана – отбасы мен бала-шағаны қорғаушы болған [97, 150-б.]. Бұл наным-сенім Орталық Азиядағы барлық түрік тілдес тайпаларға оның ішінде оғыздарға, қарлұқтарға, қимақтарға, қыпшақтарға бірдей болған.

Қазақстан аумағындағы ислам толығымен және түпкілікті орнығып жеңіске жеткенге дейін, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірінде Ұлы Жібек жолы арқылы буддизм, христиан дінінің несториандық бағыты, манихейлік дін, зороастризм діні тарала бастайды [242, 39–42-б.]. Ислам да VIII ғасырдан бастап Қазақстанның жоғарыда



аталған өңірлерінде кең қанат жая бастайды. Ислам діні Мауереннахрда толығымен үстемдікке жетіп, ондағы билеушілер тарапынан қолдауға ие болады. Жергілікті тұрғындардың бәрінің мұсылман болуы, онымен шекаралас – Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға да әсерін тигізеді. Осы аумақта 766 жылы саяси үстемдікке келген қарлұқ тайпалары арасында ислам кең тарап, үлкен қолдауға ие болса, одан кейінгі әулеттің билігі тұсында, яғни Қарахандар әулеті билігінің алғашқы жылдарында-ақ ислам мемлекеттің ресми діні мәртебесін иеленеді. Сөйтіп, XIII ғасырға дейін-ақ ислам діні Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы өңірінде христиан дінін де, будда дінін де, зороастра дінін де, сондай-ақ жергілікті діндерді де біртіндеп ығыстырып шығарады. Ұлы Жібек жолының бойындағы көптеген қалаларда ислам үстемдікке жетеді. 840 жылы саманилық билеуші Нұх ибн Асад Исфиджабты алып, мұсылмандардың қорғаушысына айналса, 893 жылы осы әулеттің келесі бір өкілі Исмаил ибн Ахмад Тараз қаласын алып, «қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырады» [86, 269–270-б.; 282-б.]. Аталған аймақтардағы IX-X ғасырларға жататын ескерткіштерге жүргізілген археологиялық зерттеулер де ислам дінінің жеңіске жеткендігін көрсетеді. Жерлеу ғұрыптары өзгеріп, бұрынғыдай емес, ол енді мұсылмандық ережелер бойынша жасалатын болған. Археолог Б.Н. Нұрмұханбетовтың дәлелдеуі бойынша, Отырар алқабында IX–X ғасырлар деп белгіленген ескерткіштер ең ертедегі мұсылман зираттары болып саналады [246, 85–94-б.].

Осылайша, моңғол жаулаушылығы қарсаңында Қазақстан аумағында өмір сүрген көшпелі қыпшақ тайпаларының бір бөлігі дәстүрлі тәңіршілдікті ұстанса, бір бөлігі исламға бет бұрып, мұсылмандар аталады. Ал далалық мәдениет дамыған Оңтүстік өңір мен Жетісуда жетекші дін ислам болса да, басқа діндегілердің рөлі ең төменге дейін түсірілгенімен, әлі де толық жойылмаған болатын. Тек XIV ғасырдың ортасына таман ғана, исламның Алтын Ордада мемлекеттің ресми діні мәртебесін алуымен ол толық және түпкілікті жеңіп шығады.

VIII–XII ғасырлардағы тарихтың даму барысы көрсеткеніндей, Орта Азия мен Қазақстан аумағында діннің таралуына, оның басқа діндерге қарағанда жетекшілік рөл атқаруына көп жағдайда билеуші әулеттің сол дінге деген көзқарасы, оны қолдауы не қолдамауы көп рөл атқарады. Моңғолдар жаулауы аяқталып, ұлыстар құрылып



болғаннан кейін Жошы Ұлысының алғашқы билеушілері (Батый, Берке хандар) Қаракорымдағы моңғол қағандарына тәуелді болып саналғанымен де, іс жүзінде Ұлыстың ішкі өмірінде дербес саясат жүргізеді. Дербестікті біз, ұлыс билеушілерінің дін саясатынан анық байқаймыз. Моңғол қағаны Гүйіктің ұстанған діни бағыты туралы Рашид ад-Дин: «Гүйік хан тұсында атабек лауазымын жас кезінен христиан болған Қадақ атқарғандықтан, бұл оның [Гүйік ханның] мінезінде өз ізін қалдырады. Ал одан кейін болған Чинай да оны жалғастырады, сол себепті де [Гүйік хан] священниктердің іліміне және христианға жақын болды. Бұл жағдай жан-жаққа таралып кеткенде, Шам, Руми, Ос және Орыс елдерінен оның астанасына христиан священниктері ағыла бастады. Қадақ пен Чикайдың арқасында ... Гүйік ханның билігі тұсында христиандардың ісі оңға басты, бірде-бір мұсылман оларға қарсы дауыс көтере алмады», - деп жазады [91, 120–121-б.]. Осы жерде айта кетуіміз керек, Рашид ад-Диннің «бұл жағдай жан-жаққа таралып кетті» дегенін, 1245 жылы Рим папасы I Инокентийдің ұсынысымен Лионда өткен собордың шешімдерінен көреміз. Онда «ол жаулап алушыларға (*моңғолдарға* – *Б.К.*) бейбітшілікті ұсыну, христиан дінін қабылдауға көндіру және олардың қаруын түріктер мен арабтарға қарсы бағыттау үшін» елшілік аттандыру қажет деген шешім қабылданады. Және де сол шешімге сай Моңғолияға Плато Карпинидың басшылығымен 6 монах жіберіледі [235, 17–18-б.]. Плато Карпини өз серіктерімен 1246 жылы Қаракорымға келген кезінде Гүйіктің қаған ретінде таққа отырғызылу рәсіміне қатынасады және ол рәсімге жан-жақтан 4000 адам келгенін, оның ішінде Суздаль герцогы Ярослав, Грузин патшасының екі ұлы, Қытай мен Солоннан (Манчжур), араб елдерінен және тағы басқа елдерден адамдардың келгенін айтады [235, 35-б.].

Ұлы қаған Гүйіктің діни ұстанымына қарамастан, Жошы ұлысының ханы Батый қоластындағы және тәуелді халықтар мен елдерге қатысты өзіндік саясат, оның ішінде діни саясат ұстанады. Батыйдың саясаты жөнінде сол дәуірдің тарихшылары: «Ол (Бату) өте әділетті адам және мұсылмандардың досы болды, оның қамқорлығы арқасында мұсылмандар өздерін еркін сезінді. Оның ордасы мен жанында мешіт салынып, имамы, муэззины, намазға жығылатын қауымы болды. Оның патшалығы тұсында және оның тірі кезінде мұсылман елдеріне ол жағынан, оның қоластындағылар тарапынан, оның әскері тарапынан ешқандай жаманшылық болған



жок. Түркістан мұсылмандары оның қорғаштауы арқасында тыныштық пен қауіпсіздікте өмір сүрді», – деп сипаттама береді [84, 15-б.]. Ал келесі бір араб авторы Батый туралы: «Ол ешбір дінге, ешбір сектаға кірмеген билеуші еді, ол оларды тек құдайшылықты танудың жолы деп түсінді, сөйтіп, ешбір секта мен дін ағымының жолын қумады», – деп жазады [84, 21-б.]. Ал XIII ғасырдағы армян тарихшысы Киракос Гандзакций өз дерегінде Батыйдың тек мұсылмандарға ғана емес, сонымен бірге басқа да діндегі адамдарға, оның ішінде саудагерлерге жақсы қарағандығын айтады [59, 50-б.]. Бұл келтірілген деректер Алтын Орданың негізін қалаушы әрі алғашқы ханы Батый ханның дінге қатысты көзқарасы мен ұстанымын көрсетеді. Егер де Қарақорымда Ұлы қаған Гүйік христиан дініне бет бұрып, мұсылмандарға қолдау көрсетпесе, Сарайда, керісінше, мұсылмандар хан тарапынан қысымшылықтар көрмейді. Дәл сол секілді басқа діндегілер де ешқандай шетқақпай көрмейді. Бұл Батыйдың нақты бір дінді қабылдамаса да, оның діни сабырлылығын, шыдамдылығын көрсетеді. Жазба деректер Батый ханның әкесі Жошының жаулап алушы болса да, діни ұстанымдар жағынан келгенде, оның «мұсылмандарға көмек көрсетуді қолдайтынын» жазған болатын [84, 14-б.].

Алтын Ордада Батый хан тұсында діни еркіндіктің болғандығын ханның ұлдары мен інілерінің әртүрлі дінге кіргендігінен көруге болады. Мысалы, Батыйдың үлкен ұлы – Сартақ христиан дініне енсе, туған інісі Берке, мұсылман дінінде болады [84, 19-б.]. Н.Д. Нұрғазина «Берке (Жошының үшінші ұлы) 1253 жылы Бату ханның билігі тұсында-ақ мұсылман болған еді», – деп жазады [242, 50-б.].

Алтын Ордада Батый ханнан кейін христиандық жолды ұстанған оның ұлдары Сартақ пен Ұлақшыны Қарақорым қолдаса да, билікке келе алмауын, ең алдымен, Сарайдағы басқарушы топ арасында мұсылмандық топтың күшейгенінен деп түсінеміз.

Алтын Орданың билеуші тобы арасында мұсылмандық топтың күшеюі нәтижесінде билікке Берке хан келеді. Оның тақты иеленуіне басқа да факторлар әсер етуі мүмкін, Бірақ та біз ислам факторын солардың ішінде алдыңғы қатарлардың біріне қоямыз.

Беркенің Сарайда хан болуымен исламның бүкіл Алтын Орда аумағында кең түрде таралуына, билеуші тап арасында оның ықпалының күшеюіне жол ашылады. Берке ханның жеке басының мұсылманшылдығы туралы сол заманның тарихшылары мен XVII



ғасырға дейінгі авторлар тек жағымды пікірлер айтады. Солардың бірнешеуінің пікірлеріне назар аударып көрсек.

1279–1333 жылдары өмір сүрген араб тарихшысы ан-Нувейри: «Ол – Солтүстік мемлекетінің (*Алтын Орданы айтып отыр* – Б.К.) төртінші билеушісі. Берке мұсылмандықты қабылдады және оның мұсылманшылдығы керемет болатын. Ол сенім туын жоғары ұстап, мұсылмандық дәстүрді енгізді, дін басыларына құрмет көрсетті, оларды өзіне жақын тартып, жанында ұстады, олармен достасты, мемлекетінде мешіттер мен медреселер салдырды. Ол Шыңғыс хан ұрпақтары ішінде бірінші болып исламды қабылдады, олардың ішінде исламды оған дейін қабылдаған адам туралы ешкім ештеңе айтқан жоқ. Ол мұсылман болғанда, оның халқының көп бөлігі де исламды қабылдады. Оның әйелі Джиджек-хатун да мұсылман болды, ол өзіне шатырдан мешіт салдырып, өзімен бірге алып жүрді», – деп жазады [50, 151-б.]. 1245–1325 жылдары өмір сүрген келесі бір араб тарихшысы Рукнеддин Бейбарыс: «661 жылы (1262 ж. қараша – 1263 ж. қараша) Татар патшасы Беркенің елшілері, (Египетке) келіп, оның исламды қабылдағандығы жөнінде хабар әкеледі», – деген дерек береді [50, 98-б.]. Одан әрі деректе Беркенің хаты туралы айтылып, онда мұсылман дінін қабылдаған адамдардың аты-жөндері, ру-тайпалары, олардың бала-шағаларымен, қызметкерлері мен қарауындағы адамдармен исламды қабылдағаны, мысалы, Кутлуг-тимур, Аджи өзінің балаларымен, Дурбай және Хорасанға аттанған 10 мыңдық әскер бәрі түгелімен мұсылмандыққа өтіп, өздері исламның заңдары мен ережелерін қабылдағандығы баяндалады [50, 98–99-б.]. Сондай-ақ осы деректің келесі бір жерінде Беркенің жақтастарының алғашында Хулагудың қарамағында болып, екі ел билеушісі арасындағы қарым-қатынас бұзылғаннан кейін, олардың Египетке қашып барып, исламға бой ұрғандығы айтылады [50, 100-б.]. Ибнабдеззахр 1263 жылы Берке ханның араб елшілігін қабылдау және Берке ханның 50–60-тай әмірлері туралы айта келе, «Оның (жанындағы) әрбір әмірдің муэззині мен имамы, әрбір хатунның да муэззині, имамы болды. Балалар медреселерде қасиетті Құранды оқиды», – деп жазады [50, 64-б.]. Араб тарихшылары Берке ханның жеке басының мұсылмандығы мен оның билігі тұсындағы Алтын Ордадағы исламның жағдайын осылай деп баяндаса, парсы тарихшыларының пікірлері олардан артық болмаса, кем емес. Джузджанидың Берке ханның мұсылманшылдығы туралы деректерін төмендегіше топтастырып беруге болады:



1) Берке туылғанда әкесі оның кіндігін мұсылман әйелге кесітіріп, мұсылман әйелдің сүтін ішкізген,

2) Берке жас кезінен имамның тәрбиесінде болып, Құранды оқыған, Ходжентте діни оқуда дәріс алған;

3) Ер жетіп, қол бастағанда, оның әскері тек мұсылмандардан тұрған; оның әскерінде 30000 мұсылман болған; әскерде жұма намаз енгізілген;

4) Беркенің жанында Құранды, хадистерді, мұсылман ережелері мен заңдарын жақсы білетін адамдар үнемі болған, кітапханасы бай болып, сарайда шариат заңына байланысты пікір айтыстар үнемі болып тұрған [200, 16–19-б.].

Өтеміс қажының еңбегінде де Берке хан және оның мұсылманшылдығы туралы көп айтылады. Онда жоғарыда келтірілген деректерден басқа, Беркенің діни ұстаздары туралы, Аллаһтың көмегімен жалғыз өзінің Хулагу әскерін жеңуі туралы ұзақ әңгіме айтылады [118, 96–99-б.]. «Дешті уалайаты Берке-ханның қолына өткенде, ол дінсіздердің көбін исламға кіргізді», – деп Берке хан туралы деректерін тәмамдайды Өтеміс қажы [118, 99-б.]. Берке хан халифпен де қатынас орнатып, Батыйдың тірі кезінде одан қымбат бағалы киімдерді сыйға алған [50, 17-б.].

Міне, осылайша Берке ханның мұсылмандығы мен оның билігі тұсында ислам дінінің Алтын Ордада үлкен қолдауға ие болып, кең қанат жаюы туралы деректерді жалғастыра беруге болады.

Берке хан тұсындағы Алтын Орданың саяси жағдайы мәселесін М.Г. Сафарғалиев жақсы қарастырғандықтан, ол мәселеге тоқталып жатпай біз, тек ислам дінінің моңғолдардың қыпшақтануы процесіндегі рөлі жөнінде пікірлерімізді білдіреміз.

Жоғарыда келтірген деректерден байқағанымыздай, Берке ханның өзі әйелімен, билеуші әулеттің, жоғарғы биліктегі әмірлердің басым бөлігі хан секілді исламды қабылдайды. Сол сияқты Дешті Қыпшақтың тұрғындары да бұл процестен тыс қалмайды. Алтын Ордадағы тұрғындардың қанша пайызы Берке хан тұсында мұсылман болғандығын дәл айта алмасaq та, біз жергілікті халық арасында исламның рөлі өсіп, ықпалының артқандығын байқаймыз. Берке ханның діни саясаты Алтын Ордада ислам дінінің орнығуы мен бекуіне мықты негіз қалайды. «Процестің күшті болғаны сондай, оны кейіннен билікте болған несториандар мен шамандық бағыттағылары тоқтата алмайды» [247, 113-б.].



Ислам дінінің Дешті Қыпшақ аумағында күшеюі оның құндылықтарының басқа рухани құндылықтардан жоғары тұруына, оның басқалардан үстем болуына алып келді. Үстемдікке жеткен ислам діні бүкіл Дешті Қыпшақ аумағындағы барлық тұрғындар үшін, көшпелі тайпалар үшін де, қалалық тұрғындар үшін де ортақ, біртұтас рухани кеңістік қалыптастырады. Бұл рухани кеңістіктің ортақ құндылықтарына: Аллаһ, Мұхаммед пайғамбар, Құран, шариат, хадистер, Мекке, Медине, Қағба және тағы басқа ислам дініндегі қасиетті ұғымдар жатты. Мұсылмандықты қабылдау арқылы көптеген тайпалар бұрынғы шамандық негіздегі дүниетанымынан, этикадан, моральдан ажырап, жаңа ислам өркениетіндегі құндылықтарға ие болады. Географиялық жағынан алғанда, XIII ғасырдағы Жошы Ұлысының шығысы мен батысы аралығында өмір сүрген тайпалар жалпылама атаумен қыпшақтар деп аталса да, шаруашылық, аймақтық, тілдік-диалектілік ерекшеліктерге сай өзіндік, өздеріне ғана тән дүниетаныммен өмір сүрген болатын. Оған Моңғолия аумағынан келген түрік тілдес және моңғол тілдес тайпалардың рухани дүниетанымы, рухани өмірі келіп қосылса, сонда ислам діні орныққанға дейінгі Жошы Ұлысындағы тайпалардың рухани өмірін ала-құла затпен, әр түстегі нәрсемен салыстыруға болады. Этникалық жағынан алғанда барлық тайпалар үшін қыпшақтану процесі белең алып жатса да, XIII ғасырдың екінші жартысында осы процесің исламдық фактордың ықпалымен жүруі, рухани өмірде исламның жетекші орынға шығуы, барлық тайпалар үшін бір ғана рухани кеңістіктің қалыптаса бастауы – міне, осылардың бәрі XIV ғасырдың басында қыпшақтану процесін өзінің мәресіне дейін жеткізеді. Берке хан тұсында Алтын Ордада ислам дінінің осылайша, биліктің ең жоғарғы тұрғысынан қолдау табуы – исламның бұл мемлекетте ең басты дінге айналуына негіз қалап, жергілікті қыпшақ этносының жаңадан келген этноэлементтерді өз бойына сіңіруінде маңызды рөл атқарады.

1266 жылы Берке хан қайтыс болғаннан Алтын Ордада Өзбек хан таққа келгенге дейінгі уақыт ішінде исламға Берке хандай қолдау көрсеткен хан болмады. 1266–1282 жылдары хан болған Мөңке Темірдің (Менгу Темір) діни көзқарасы жөнінде араб деректері ешқандай мәлімет бермейді. Бірақ та Берке хан тұсында кең дамыған Алтын Орда мен Египет арасындағы қарым-қатынастар жалғаса береді. Араб деректерінің Мөңке Темір хан туралы өте аз мәлімет-



тер беруін біз, оның мұсылман дініне кірмегендігінен деп білеміз. Сондай-ақ деректер Мөңке Темір ханның мұсылмандарға қарсы жасаған іс-әрекеттері жөнінде ештеңе айтпайды. Рукнаддин Бейбарыста Мөңке Темірдің мұсылман болмағандығын көрсететін мынадай бір дерек кездеседі. Берке хан тұсынан бері Алтын Ордада тұтқында жатқан Румның сұлтаны Иззеддин Кейкаус 1278/1279 жылы қайтыс болғанда Мөңке Темір оның ұлы Масуд сұлтанды әкесінің әйелі Урбай хатунға үйлендірмек болады. Бірақ Масуд мұны адамгершілікке жатпайтын, ешбір ережеге сай келмейтін ұсыныс деп одан қашуға мәжбүр болады [50, 103-б.]. Мұсылмандық тұрғыдан ханның бұл ұсынысы өте ұятты, өте жабайы, ешбір ақылға сыймайтын болса, дінсіздер тұрғысынан алғанда ол кәдімгі, қарапайым шаруа секілді болып көрінеді. Мөңке Темір ханның бұл әрекеті оның қандай дінді ұстанса да, тек мұсылман болмағандығын көрсетеді.

Одан кейін билікке келген Туда Менгу ханның мұсылмандықты қабылдағанын араб тарихшысы Рукнеддин Бейбарыс хабарлайды [50, 105-б.]. 5 жыл хан болып, сопылық жолға түсуіне байланысты ол биліктен өз еркімен бас тартады да орнына Тула Бұқаны қалдырады [50, 105–106-б.; 122-б.].

Осылайша, 1312 жылы тақ билігіне Өзбек хан келгенге дейін Алтын Ордада ислам діні жоғарғы билік тарапынан кең қолдауға ие болмаса да, жекелеген билеуші әулет өкілдерінің ықпал етуімен тарала береді, өзінің рухани өмірдегі маңызын арттыра түседі.

Алтын Ордада исламның толығымен және түпкілікті түрде жеңіске жетіп, мемлекеттің ресми дініне айналуы – тікелей Өзбек ханның есімімен байланысты. Бұл туралы араб және парсы тілдеріндегі деректердің көбі жазады. Өзбектің билікке келер қарсаңында Сарайдағы билеуші топ арасында діни мәселелер бойынша екі топ болған секілді. М.Г. Сафарғалиевтың дәлелдеуі бойынша бірінші топ – шамандықты ту еткен дін басылары мен қалалық саудагерлер тобының өкілдері болған [49, 331-б.]. Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағының» жалғасының анонимді авторының жазуы бойынша, Өзбектің билікке келуі былайша баяндалады: «Сол кезде Дешті Қыпшақтың, Хорезмнің және басқа да өлкелердің билігі Өзбек ханға ауысты. Ол былай болған еді. Сол елдің ханы Тоқтай болатын. ... ол (9.VIII.1312) жылы Сарай маңында Еділ өзенінде кемеде қайтыс болды. ... әмірлер мен нойандар билік мәселесіне келгенде дауласа бастады. Сарай әмірлерінің бірі Кутлук Темір: «Таққа





Тоқтайдың ұлы отыруы тиіс, бірақ ол үшін Өзбекті ұстап алу керек, өйткені ол (біздің) жауымыз, ал содан кейін ғана Тоқтайдың ұлын билікке әкелуге болады», – деп айтады. Ол (әмірлер) мұнымен келіседі. Тоқтайдың өлімін естіген Өзбек Сарайға келеді, ол әмірлердің жасырын әрекеттерінен хабарсыз болатын. Сол әмірлердің арасында Құтлұқ Темір деген тағы бір әмір (болып), ол әмірлердің ойын Өзбекке білдіреді. Әмірлердің Өзбекке жаулығының себебі мынада болатын. Өзбек үнемі оларды ислам дінін қабылдауға үгіттеуші еді. Ал әмірлер болса: «Сен бізден бағыну мен жарлыққа құлақ асуды күт, ал біздің сенімімізде, қандай дінге қарайтынымызда шаруаң болмасын, қалайша біз Шыңғыс ханның заңы (тура) мен жарғысынан (ясак) бас тартып, арабтар дініне кіреміз?» – деп жауап қайтаратын. Ол (Өзбек) өз дегенінен қайтпайтын, соған байланысты әмірлер оны жек көріп, оның көзін құртпақ болды. Сол мақсатпен ол той ұйымдастырып, сонда оны өлтіруді ойластырады. Өзбек тойға келгенде, сол баяғы әмірлердің жоспарын естірткен Құтлұқ Темір оған белгі береді. Өзбек (қауіпті) сезіп, дәрет алуды сылтауратып, далаға шығады. Сол әмір (Құтлұқ Темір) ере шығып, әмірлердің жоспарын айтып береді. Өзбек бірден атына мініп, қашып кетеді. Әскерін жиып әкеліп, (оларды) жеңіп шығады. Тоқтайдың ұлын және Шыңғыс хан ұрпақтарының 120-сын өлтіреді... Өзбек Дешті Қыпшақтың тағына келіп, өте күшті билеуші болады. Ол сыртқы сұлулығы мен адамгершілігін, діншілдігін бір өзіне ұштастыра білген, мұсылмандықты нығайтқан ханзада болды» [84, 141-б.].

Басқа деректерде Тоқтай ханнан бұрын оның мұрагер етіп тағайындаған ұлының қайтыс болғандығы айтылады [50, 174-б.; 206-б.]. Біз бұл жерде Өзбек ханның дінге қатысты саясаты жөнінде қарастырып отырғандықтан, сондай-ақ оның Алтын Ордадағы басқа да жүргізген саясатына, оның билікке келуі мәселесіне терең бармаймыз.

Сонымен деректерде Өзбек хан билікке келгеннен соң, оның жүргізген діни саясаты туралы «әмірлер мен қызметкерлерді, көптеген ұйғырларды, яғни ламалар мен сиқыршыларды өлтіріп, «өз жеріне исламды жариялап дінсіз болған көптеген әмірлерді өлтіргендігі, исламды басқа діндерден жоғары қойғандығы», «Аллахтың жауларының көзін құртушы, дін жолындағы күрескер екендігі», «өзіне қарсы шыққандардың көзін жойғандығы» жөнінде айтылады [50, 174-б.; 206-б.; 277-б.; 290-б.; 323-б.; 384-б.; 446-б.]. Ибн Кесирдің



«Мұхаммедтің заңы басқа заңдардан жоғары тұрды» деген дерегі Өзбек ханның исламды мемлекеттің ресми діні етіп жариялағанын білдіреді. Тарих ғылымында Өзбек ханның Алтын Орда тарихындағы рөлі жақсы көрсетілгендіктен, біз тек ол жөніндегі негізгі тұжырымдарды атап өтеміз.

Өзбек ханның Алтын Ордадағы 30 жылдық билігі тұсында зерттеушілердің пікірлері бойынша бірнеше маңызды мәселелер шешімін табады:

1) Өзбек хан бір орталықтан басқарылатын мықты аппараты бар мемлекеттік жүйені қалыптастырды, Жошы ұрпақтары басқаратын Ұлыстардың дербестіктерін жойды;

2) Алтын Орда өз дәуіріндегі ең қуатты мемлекетке айналды;

3) ислам діні түпкілікті және толығымен Қыпшақ даласында жеңіске жетті;

4) қыпшақтар арасында моңғолдық элементтердің сіңісуі аяқталады [49, 331–341-б.; 226, 90–94-б.; 242, 185–188-б.; 38, 89–104-б.; 218, 202–214-б.].

Бұл авторлар мұндай тұжырымдарды Алтын Орда тарихының өздері қарастырған мәселелерге байланысты қол жеткізген. Біздің ойымызша, жоғарыда атап өтілген жалпы тұжырымдарға тағы мынадай бір тұжырым қосылса, ол да Өзбек ханның Алтын Ордадағы 30 жылдық билігінің қорытындысын көрсеткен болар еді. Біз оған мынадай тұжырымды жатқызамыз.

Ислам дінінің Алтын Ордада толық жеңіске жетіп, ресми дін мәртебесін алуы моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесінің аяқталуымен бірге қыпшақ тайпалары негізін қалаған және рухани негізі ислам діні болған жаңа этникалық қауымның қалыптасқандығын көрсетеді. Жаңа этностың атауы – өзбек.

Енді осы тұжырымды жазба деректер негізінде талдап, түсіндірелік.

Біз бұған дейін моңғол жаулаушылығына дейін-ақ Дешті Қыпшақ аумағында қыпшақ этносының қалыптасуының қажетті шарттардың толық пайда болып, тек қана бүкіл Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық процестерге ортақ мемлекеттік жүйенің болмағандығын айтқанбыз.

Моңғолдардың жаулап алуымен, оның келтірген зардаптары, этникалық өмірге тигізген кері салдарлары, моңғолдық этноэле-



менттердің келуі – Дешті Қыпшақ аумағындағы негізін қыпшақ тайпалары қалаған этнопроцестердің дамуын тежейді, бірақ тоқтамайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, моңғолдық элементтер Жошы Ұлысындағы салыстырмалы түрдегі саяси тұрақтылық, ұлы билеушілерінің жергілікті халыққа қатысты жүргізген саясатының бағыты, қыпшақ тілінің басым болуы және т.с.с. мәселелер аз санды моңғолдардың қыпшақтануы барысына қолайлы жағдайлар мен қажетті шарттар жасап, жалпы процестің бағытын айқындаған деп айтып өткенбіз. Сол процесте ислам діні – руханилық фактор аткарып, этнопроцеске қатысушы барлық этнокомпоненттердің бұрынғы руханилық құндылықтарының орнына бәріне ортақ мұсылмандық рухани құндылықтарды қалыптастырады. Исламға еніп, мұсылман болған әрбір жеке тұлғалар өздерінің жақындығын бір мемлекеттің адамдары, бір тілде сөйлейтіндер, бір этноқауымның өкілдері ретінде ғана емес, енді өздерін ортақ бір рухани дүниенің өкілдері ретінде де іштей сезінетін болды. Әрине, мұндай жақындықтар мен сезімдер жаңа рухани түрдегі этносты қалыптастыруы заңды құбылыс болатын. Жаңа түрдегі этностың «өзбек» деп аталуының Өзбек хан есімімен байланысты екендігін сол дәуірдің өзінде-ақ тарихшылар өз деректерінде айтқан болатын. XIV ғасырдағы парсы тарихшысы әрі географы Хамдаллах Казвини (1281–82 жылы туған) 1335–1336 жылғы Өзбек ханның Әзірбайжанға жасаған жорығын баяндай отырып, алғаш рет оның әскерін өзбектер (узбекиян) деп атайды [84, 93-б.]. Және де осы автор сол баяндауында Алтын Орданы – Мамлякат-и-узбеки, яғни Өзбек мемлекеті деп жазады [84, 93-б.]. Міне, шамамен, осы тұстан бастап өзбек термині – этноним ретінде де, саяси термин ретінде де қолданыла бастайды.

XV ғасырдың орта тұсында белгісіз автор жазған «Шаджарат ал-атрак» («Түріктер шежіресі») атты шығармада өзбек этнонимінің шығуы жөнінде: «... Оның (Өзбек ханның – Б.К.) билік еткеніне 8 жыл болғанда ол Зенгі Атаның орнына келген ... қасиетті Сейіт Атаның басшылығымен хижраның 720 жылының айларында (12. II.1320–30.I.1321), түрікше тауық жылында исламды қабылдау құрметіне ие болды. Қасиетті Сейіт Ата Өзбек ханға Сұлтан-Мұхаммед Өзбек-хан деген есім берді. Сол мемлекетті елдер мен ұлыстарда өмір сүретін көптеген адамдар исламды қабылдау бақытына ие болды», – делінеді. Одан әрі автор Сейіт Атаның көрсетуімен олардың бәрінің Мауереннаһр жаққа бет алғанын айтып, ермей қал-



ғандарды «қалмақ» деп, «ал Сейіт Ата мен Сұлтан Мұхаммед-Өзбек ханмен бірге жорыққа шығып, (Мауереннаһрға) аттанған адамдардан «бұл келе жатқан кімдер» деп сұрағанда, олар өздерінің басшысы мен ханы Өзбектің атын атайды. Сол себепті де содан бері келгендерді «өзбектер» деп, ал қалып қойғандарды «қалмақтар» деп атап кетеді [84, 206–207-б.].

Келтірілген екі дерек мәліметі де «өзбек» атауының шығуын Өзбек ханның есімімен байланыстырады және атауды оның жақтас-тарына, әскеріне, адамдарына берілгендігін баяндайды. Біз келесі тараушада бұл жөнінде тереңірек қарастыратындықтан, қазір ол жөнінде пікірімізді білдірмейміз.

Ислам дінінің этникалық процестерге ықпалын Жошы ұлысының сол қанатындағы тарихи дамулардан да байқауға болады. Орда Ежен ұлысының билеушілері Орда Еженнің, Күнқыранның, Қонышаның (Куйнджи), Баянның қандай дінде болып, қай дінге қолдау көрсеткенін дерек мәліметтері атап айтпайды. Дегенмен де, олар Батый, Мөңкетемір, Токтай хандар секілді ислам дінін қабылдамай-ақ, мұсылмандарға қолдау көрсеткен деуге болады. Оған ұлыстың Жошы ұлысының бір бөлігі бола тұрып, Сарайдағы хандардың билігіне толық мойынсұнуы және XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, ұлыстың құрамындағы Сыр бойы қалаларының қайтадан қалпына келтіріліп, гүлдене бастауы жатады. Бұған дейін айтылғандай, Батыйдың мұсылман саудагерлеріне қолдау көрсетуі, Беркенің исламға өтіп, оған кең қолдау жасауы тек Алтын Орданың батыс бөлігіне ғана емес, бүкіл Алтын Ордаға қатысты болды. Ал Сыр бойындағы қалалардың қалпына келтіріліп, гүлдене бастауы – ұлыс билеушілерінің сол өңірдегі тұрғындарға қамқорлығынан деп түсінуге болады. Өңір тұрғындары моңғол жаулап алушылығына дейін мұсылмандар болғандықтан, өңірдің гүлденуіне ордаежендіктердің дінді қолдауының да қатысы бар дейміз. Алтын Ордадағы Токтай мен Өзбек хандардың тұсында Орда Ежен ұлысын басқарған Сасы Бұқа ханның (1320–1321 жылы қайтыс болған) Сыр бойындағы әскери, әкімшілік және діни орталық болған қала – Сауранда жерленуі, оның ислам дініне өте жақын болғандығын көрсетеді. Ал оның ұлы Ерзен хан туралы Муин аддин Натанзи: «Ол өте ақылды, діндар, алғыр және дінді құрметтейтін патша болды. Отырар, Сауран, Жезд және Барышкенттегі медреселердің, ханакалардың, мешіттердің басқа да қайырымдылық ғи-



мараттардың көбін ол салғызды. ... Ол 745 жылы (1344/1345) қайтыс болып, денесі Сығанақ қаласында жерленген», – деп сипаттама береді [84, 129–130-б.]. Ерзен ханның ислам дініне қолдау ретінде жүргізген бұл іс-әрекеттеріне қарап, оны Орда Ежен ұлысының «Өзбегі» деуге болады.

Жалпы алғанда біз, Орда Ежен ұлысындағы XIII–XIV ғасырдың басындағы тарихи дамуды Алтын Ордадан бөліп қарамаймыз. Осы кезеңде Алтын Ордада болған барлық процестер, оның ішінде ислам дініне қатысты мәселелер де Орда Ежен ұлысына да ортақ болған деп санаймыз.

Осылайша, біз Дешті Қыпшақ аумағындағы моңғолдық және Моңғолия аумағынан қоныс аударған түріктік этнокомпоненттердің XIII–XIV ғасырлардағы қыпшақтану процесіне ислам дінінің ықпалын анықтау барысында, алдымен, ислам дініне Жошы ұлысындағы билеушілердің қатынасын көрсетуге тырыстық. Жазба деректердегі мәліметтерге талдау жасай келе, біз Батый ханнан Өзбек ханға дейінгі Алтын Орда билеушілерінің исламға деген көзқарастарын бірнеше топқа бөлеміз.

1) Мұсылмандықты қабылдамаса да, ислам дінінің Алтын Орда аумағында таралуына қарсы болмағандар. Олар – Батый, Мөңке Темір, Тула Бұқа, Токтай хандар.

2) Мұсылманшылдықты қабылдап, ислам дінінің Алтын Ордада орнығып, кең таралуына ықпал еткен хандар. Олар – Берке, Туда Мөңке және Өзбек хандар. Біз бұл топқа Орда Ежен ұлысынан Ерзен ханды жатқызамыз.

XIII ғасырдың басынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі бір ғасырлық тарихи кезеңде ислам дінінің Алтын Ордада орнығуына, таралуына және ресми мәртебе алуына хандардың ислам дініне қатысты көзқарастары мен жүргізген саясаттары маңызды рөл атқарды деген қорытындыға келеміз.

Исламның Жошы ұлысында жетекші дінге айналуына ресми хандармен бірге билеуші әулет өкілдерінің де өз ұлыстарында ұстанған саясаты аса шешуші болмаса да өзіндік рөл атқарады. Алтын Орда тарихынан билеуші әулет өкілдерінің дінге қатысты көзқарастарын айқын байқауға болады. Оған дәлел ретінде Өзбек ханның Шыңғыс әулетінің 120 өкілін өлім жазасына кесуі жатады. Сондай-ақ араб тарихшылары ибн Дукмак пен Ал-Айни билеуші әулет өкілдері мен жоғарғы билікке жақын тұрған әмірлер – Тунгуз



бен Мунджуктың ұлы Таздың Өзбек ханның дінге қатысты саясатына қарсы шығып, оларды және солармен бірге жақтастарын өлтіргендігін хабарлайды [50, 323-б.; 515–516-б.].

Орда Ежен ұлысында мұндай сипаттағы оқиғалар туралы айтылмайды. Бірақ та біз ислам дінінің Орда Ежен әулетінің өкілдері арасында таралуын, олардың мұсылмандықты қабылдауын мынадай жолмен біле аламыз.

Жошы ұрпақтарының, оның ішінде Орда Ежен ұрпақтарының да тарқатылуын таратқан Рашид ад-дин олардың шежіресін XIII ғасырдың соңына дейін жеткізеді. Сол тарқатылымдағы есімдерге қарап, исламның билеуші әулеттің арасында қалай таралғанын байқауға болады. Жошы ұрпақтарының шежіресін Рашид ад-дин бес буынға дейін олардың есімдерімен көрсетеді [91, 66–78-б.]. Бірінші буынға – Жошының ұлдары жатады. Олардың есімдері – Орда, Бату (Батый), Берке, Беркечар, Шейбан, Тангут, Буал, Чилакун, Шингкур, Чимпай, Мұхаммед, Удур, Тука-Тимур, Шингкум. Жошының өзі 1179 жылы Шыңғыс ханның 18 жасында дүниеге келгенін, ал қалған ұлдар – Шағатай әкесінің 22 жасында, Үгедей – 25, Төлей – 32 жасында туылғанын ескеріп, орта есеппен әкесі мен ұлдарының арасын – 24 жыл деп есептейміз [240, 387–388-б.].

Жоғарыда келтірілген Жошының ұлдары шамамен, 1200–1220 жылдары яғни, Дешті Қыпшақты жаулап алғанға дейін туылған. Біз оларды бірінші буынға жатқызамыз. Жошының 14 ұлының біреуі – Мұхаммедтің ғана есімі ислам дінімен байланысты.

Екінші буын өкілдері: Орда Еженнің ұлдары – Сартақтай, Құли, Құрмиши, Күнқыран, Чурмакай, Кутуку, Хулағулар – шамамен 1220–1230 жж. туылғандар. Есімдердің бәрі – түріктік және моңғолдық есімдерге жатады.

Үшінші буынға жататындар Орда Еженнің немерелері – шамамен 1240–50 жылдары туылғандар. Олардың есімдері – Куинджи, Тумакан, Туман, Мынгкан, Аячи, Мұсылман, Темір Бұқа, Үшбұқа, Бесқұртұқа, Бұқатемір, Дерк. Батыйдың ұрпақтары арасында Барак, Ахмед, Сабыр деген есімдер кездеседі. Біз бұлардан исламға қатысты бірнеше есімді көріп отырмыз.

Төртінші буын өкілдерін 1260–70 жылдары туылғандар деп, ал олардың арасынан – Мубарак, Хәлил, Ходжа, Ильяс, ал одан кейінгі буын өкілдерінен – Данишменд, Хасан, Мәлік, Туевкет (Тәуекел), Бахтияр, Адил, Қарақожа, Абай сынды есімдерді кездестіреміз [240, 66–78-б.].



Үшінші, төртінші буын өкілдері XIII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келгендіктен, ислам дінінің Шыңғыс ұрпақтары арасында таралуына байланысты Жошы ұлысындағы билеуші әулеттің өкілдері өз ұрпақтарына өздерінің бұрынғы, дәстүрлі есімдермен қатар, мұсылманша және араб, парсы тілдеріндегі есімдерді көптеп қоя бастайды. Мұның өзі ислам дінінің, мұсылмандық дәстүрдің, араб, парсы тілдеріндегі сөздердің билеуші әулет арасына тереңдеп еніп кеткендігін көрсетеді.

Ал XIV ғасырдың бірінші жартысында Жошы ұлысында дүниеге келген Жошы ұрпақтары арасында Ильяс, Тавакул-ходжа, Махмұдхожа, Ибрахим, Арабшах, Тимур-Шайх, Әли, Хасан, Ахмед және т.б. көптеген мұсылманша атаулар ұшырасады [110, 34–37-б.].

XIV ғасырдың ортасынан бастап билеуші әулет өкілдері арасында мұсылманша есімдердің өте көп ұшырасуын біз, ислам дінінің, шариаттың, мұсылмандық әдет-ғұрыптардың, Жошы ұлысы аумағында толығымен жеңіске жеткендігін көрсететін факт деп түсінеміз. Билеуші әулет арасында мұсылманша есімдер қою дәстүрін жергілікті қарапайым халық та тез қабылдаған деп ұғынуымыз қажет. Өйткені, жаңа әдет-ғұрыптардың билеуші әулет арасында тез сіңісуі қарапайым халыққа да қатты әсер етіп, олар да бұл әдет-ғұрыптарды тез қабылдайды.

Осылайша, осы тараушада айтылған ойларымызды түйіндей келе, мынадай қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, моңғолдардың жаулап алуы нәтижесінде Жошы ұлысында орын тепкен моңғолдық және түріктік этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесінде маңызды рөлдердің бірін ислам діні атқарады. Оның мұндай рөлді атқаруына ең алдымен Алтын Орда хандарының исламға қолдау көрсетуі, оның кең түрде таралуына жағдай жасауы жатады. Біз Батый ханнан Өзбек ханға дейінгі Алтын Орда хандарын діни көзқарастарына қарай екі топқа бөліп, бірін – мұсылмандықты қабылдаса да, исламға зиянын тигізбегендер, екіншісін – мұсылмандықты қабылдап, исламға кең қолдау көрсеткендер деп атадық. Бірінші топқа – Батый, Мөңке Темір, Тулабұқа, Токтай, ал екінші топқа – Берке, Тудамөңке, Өзбек хандар жатқызылды.

Екіншіден, ислам діні биліктің жоғарғы деңгейінен қолдау тапқаннан кейін, Алтын Орданың қоғамдық өмірінің барлық жағына тереңдеп енеді, әсіресе этникалық процестердің руханилық

факторына негіз болады. Этникалық процестерге қатысушы барлық этнокомпоненттер үшін ортақ рухани кеңістік пен ортақ құндылықтарды қалыптастырады. Нәтижесінде әрбір этноэлемент ислам діні арқылы басқа этноэлементтермен іштей жақындасады, өздерін ортақ бір рухани кеңістіктің мүшесі ретінде сезінеді.

Үшіншіден, ислам дінінің бүкіл Алтын Ордада ресми дінге айналуы оның сонда толық және түпкілікті жеңіске жеткендігін, сонымен бірге қыпшақтану процесінің мәреге жеткендігін, рухани негізі ислам діні болған жаңа типтегі этностың қалыптасқандығын көрсетеді.

Төртіншіден, Алтын Ордадағы секілді оның сол қанаты немесе бір бөлігі болып саналған Орда Ежен ұлысында да ислам діні ұлыс билеушілері тарапынан зор қолдауға ие болады. Ол әсіресе, Өзбек ханның тұсында ұлыста билік құрған Ерзен ханның кезінде қатты байқалады. XIII ғасырдың ортасынан XIV ғасырдың ортасына дейінгі Жошы ұрпақтарының шежіресіндегі жеке тұлғалардың есімдеріне бұрынғы түріктік-моңғолдық атаулармен бірге мұсылманша есімдер көбейе бастайды. Бұл дерек исламның билеуші әулеті арасында да кең таралып, мұсылмандық дәстүр олардың өмір сүру заңына айналғандығын дәлелдейді.

#### **4.6. XIV–XV ғасырлардағы этнопроцестер және қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы**

Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңі бұған дейін айттып өткеніміздей, XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың ортасы аралығына сай келеді. Моңғолдар үстемдігі дәуіріндегі этникалық дамулардың заңды қорытындысына моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтану процесінің аяқталуы, соның нәтижесінде жаңа этноқауымдастықтың қалыптасуы жатады. Ол этноқауымдастықтың «өзбек» деп аталғандығын жазба дерек мәліметтері дәлелдейді. Өзбек атауына байланысты әртүрлі пікірлер жөнінде біз алда кеңірек тоқталамыз. Дешті Қыпшақ аумағында XIV–XV ғасырлардағы этникалық дамулар барысы өзбек этноқауымдастығынан «көшпелі өзбектер» атты этнобірлестікті туғызса, ал одан өз кезегінде XV ғасырдың ортасында жеке халық ретінде қазақ этносы бөлініп шығады. Қазақ этносының тарих мінберіне көтерілуі Қазақстан аумағындағы бірнеше мың жылға созылған этногенездің мәреге жеткендігін





көрсетеді. Төменде біз, осы қазақ халқының этногенезіндегі соңғы кезеңге талдау жасаймыз.

Сөйтіп, Алтын Орда тарихында Өзбек ханның билігі тұсы саяси тарих тұрғысынан алып қарағанда бір орталыққа бағындырылған мемлекеттік жүйенің құрылуымен, Жошы ұлысының орта ғасырлардағы ірі мемлекетке айналуымен ерекшеленсе, ал этникалық тарих тұрғысынан қарағанда XIV ғасырдың алғашқы жартысы мен ортасы жалпы этногенез барысындағы кезекті бір этникалық кезеңнің аяқталып, жаңа этникалық кезеңнің басталғандығын көрсетеді. Жошы Ұлысы құрылған тұста оның аумағында – қыпшақтар және жаулап алу барысында Моңғолия аумағынан түрік тілдес, моңғол тектес тайпалар қоныстанып, Дешті Қыпшақтың этникалық келбеті мен бет-бейнесіне өзгерістер әкеледі. Бірақ та қыпшақтану процесі сырттан енген этноэлементтерді бір ғасырдан астам уақыт бойы бойына сіңіріп, негізі қыпшақтық болған жаңа этноқауымдастықты дүниеге келтіреді. Жоғарыда атап өткеніміздей, ол этноқауымдастық – «өзбек» деген атауға ие. Осы жерде өзбек сөзінің шығу төркіні мен оның мәніне, сондай-ақ осы мәселеге қатысты пікір білдірген зерттеушілерге тоқтала кетелік.

Жалпы алғанда, өзбек атауының шығуына байланысты зерттеушілер арасында ортақ пікір жоқ. Бұл жөнінде пікір айтқандардың бір тобы «өзбек» атауының шығуын Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен байланыстырса, екінші бір тобы бұл пікірге қарсылық білдіріп, атаудың пайда болуын «өзі» немесе «өз» сөзі мен «бек» сөздерінің қосылуынан шыққан деп көрсетеді [248, 1–2-б.; 162, 102-б.; 5, 146–147-б.; 10, 102-б.; 208, 21-б.; 226, 94-б.; 200, 3–5-б.; 9–37-б.; 102, 11–30-б.; 218, 202–214-б.; 220, 105-б.]. Біз бұл жерде өзбек атауы жөнінде пікір білдірген барлық авторлардың ойларына талдау жасамаймыз, өйткені кейбір авторлар өз пікірлерін ешбір дәлелдеусіз айтады [162, 102-б.; 226, 94-б.; 10, 102-б.]. Ал Г. Вамбери, А.А. Семенов, Б.А. Ахмедов, З. Қинаятұлы секілді зерттеушілер өз тұжырымдарын дерек мәліметтері арқылы негіздесе де, бір-біріне қарама-қайшы келетін пікірлерге тоқтайды. Мысалы, Г. Вамбери өз ойын: «Түрік халықтарында мынадай бір ерекшелік бар: олар өз билеушілері ішіндегі атағы кең тараған билеушінің немесе жалпыға ортақ мекемелерді енгізгеннің есімін мәңгі сақтау үшін оның есімін қабылдап отырған. Сол есімді олар өздерінің екінші

түп атасы етіп, сол арқылы өз мемлекеттілігінің гүлденгендігін және әлемдік тарихтың аренасына көтерілгендігін көрсетуге паш еткен», – деп негіздеуге тырысады да, одан әрі ол өз ойына дәлел ретінде Византия империясының орнына келген түріктердің өз көсемі Османның есімімен османдар деп аталғандығын дәйек етіп, дәл сол сияқты Көк Орданың шығыс бөлігіндегі, яғни Еділ мен Арал теңізінің аралығындағы түрік-моңғол тайпалары Жошы әулетіндегі тоғызыншы хан – Өзбектің есімі бойынша саяси жинақтаушы өзбек атауын қабылдады», – дейді [248, 1–2-б.].

Г. Вамберидің бұл пікіріне қарсы ойды XIX ғасырдағы белгілі орыс шығыстанушысы В.В. Григорьев «История Бохары» атты кітапқа берген сын-ескертпесінде айтады. Онда ол: Г. Вамберидың өзбек атауы Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен байланысты деген пікірі мен оның сүйенген дерегіндегі мәліметтің аңыздық сипатта екендігін басып айта келе, «Өзбек хан билік құрған Алтын Ордада ешқандай өзбектер болған жоқ, өзбектер Өзбек ханның билігі жүрмеген Көк Ордада және Өзбек хан қайтыс болғаннан кейін жүз жылдан соң барып пайда болды», – деп өз тұжырымын білдіреді [249, 123-б.]. Г. Вамбери мен В.В. Григорьевтің өзбек атауы жөніндегі бір-біріне қарама-қарсы пікірлері осы мәселеге қатысты екі топқа негіз болады. Өзбек атауы мен өзбектердің құрамы туралы терең ғылыми талдау жасап, ғылыми тұжырымдар айтқан ғалымдардың бірі белгілі шығыстанушы – А.А. Семенов болды. Ол өзінің ғылыми ортаға кең танылған белгілі мақаласында қарастырып отырған мәселе бойынша бірнеше ойлар мен тұжырымдарды ұсынады. Олар мыналар: 1) «В.В. Григорьевтың осы мәселе жөніндегі қорытындысы әлі күнге дейін өз күшін жойған жоқ;

2) өзбектер Алтын Ордан шыққан жоқ және кейбіреулер айтып жүргендей, олардың өз атауын алтынордалық Өзбек ханнан алғандығы дәлелденген жоқ» [200, 5.; 35–36-б.]. Б.Б. Ахмедов болса, «өзбектер», «мамлакат-и узбек» (Өзбек мемлекеті), «улус-и узбек» (Өзбек ұлысы) атауларын алғаш қолданған Хамдаллах Казвини мен оның ұлы Зайн ад-дин Казвинидің мәліметтеріне талдау жасай келе, «Бұл жерде әңгіме Өзбек хан және оның мемлекеті туралы болып отыр, бірақ ол Ақ Орданың көшпелілеріне қатысты емес», – деп қорытынды жасайды [102, 13-б.].

Одан әрі ол «XIV ғасырдың 60 жылдарына дейін жазба деректерде өзбек сөзі ұшыраспайды», – дейді де, «Өзбек» термині XIV



ғасырдың 60-жылдарында жинақтаушы сөз ретінде Дешті Қыпшақтың түрік-моңғол тұрғындары үшін пайда болған секілді», – деген тұжырымға келеді [102, 13-б.; 15-б.].

Қазіргі кездегі тарихшылар арасында бұл мәселеге тереңірек барып, өз ойын білдірген тарихшы – З. Қинаятұлы. Ол Низам ад-дин Шамидың, Шереф ад-дин Иездидің мәліметтеріндегі «өзбек» сөзінің қолданысына, мәні мен мағынасына талдау жасайды да: «Сөйтіп, Өзі-бек атауы Әмір Темірдің тұсында дала көшпенділерін отырықшы батыс Қыпшақ бөлімдерінен ажырату мағынасында, орталыққа басыбайлы емес, өз елі бар, өз билігі өзіндегі көшпенділердің билеуші Бектеріне қолданылған атау. Осылайша Өзі-бек атанғандар негізінен жергілікті Түркі және XII–XIII ғасырларда Моңғол үстіртінен ауып келген соңғы түркі тайпалары болатын», – қорытындыға келеді [218, 211-б.].

Осылайша, жоғарыда келтірілген авторлардың тұжырымдары өзбек сөзінің шығуы мен мәні жөніндегі мәселеде бір-біріне қарсы. Бірі – өзбек атауын Алтын Орда ханы Өзбек ханның есімімен байланыстырса, екінші бірі – «өзі» және «бек» сөздерінен шығарады. Біз де осыған байланысты өзіндік ой-пікірлерімізді осы жерде білдірелік.

Алдымен, өзбек сөзінің түп-төркіні мен мәніне тоқталсақ. Атаудың «өз» және «бек» деген қос сөзден құралып тұрғандығы және ол екеуінің де түрік сөзі екендігі ешкімге дау тудырмайды. Г. Вамбери өзбек сөзінің тікелей мағынасын «дербес», «өзіне-өзі қожайын» деп аударады [248, 2-б.]. «Бұл сөз ежелгі венгерлерде дәреже немесе атақ мағынасында қолданылады. Және ол 1150 жылға жататын құжаттарда кездеседі», – деп түсініктеме береді Г. Вамбери [248, 2-б.]. Соған қарап біз, өзбек сөзінің түп-төркіні түріктік және әлеуметтік мәні болып, ал мағынасы бойынша өз дербестігін белгілі бір дәрежеде сақтаған, әлеуметтік жіктелістің жоғарғы деңгейіндегі адамдарға қатысты қолданылған деп есептейміз. Біздің ойымызша, бұл – өзбек сөзінің ең алғашқы мәні мен мағынасы.

Өзбек сөзінің келесі мәні мен мағынасы оның ер адамға берілетін есім екендігін білдіреді. Жазба деректерден Алтын Орда ханы Өзбекке дейін де, одан кейін де Өзбек есімді кісі есімдерін кездестіреміз. Ибн ал-Асир, Ан-Нисави, Рашид ад-дин еңбектерінде 1210–1225 жылдары Әзірбайжан атабегі Өзбек ибн Мұхаммед,

1197–1198 жылғы Балх қаласының билеушісі Узбех, Мұхаммед Хорезмшахтың қолбасшыларының бірі Өзбек (Өзбектай), Жошының немересі, Мингқадардың ұлы – Өзбек атты есімдер жиі ұшырасады [250, 368-б.; 377-б.; 390-б.; 229, 69-б.; 51, 85-б.; 90, 159-б.; 169-б.; 91, 76-б.; 82, 144-б.].

XV–XVI өмір сүрген тұлғалар арасында да Өзбек есімді кісі есімдері кездеседі [108, 41-б.; 251, 248-б.]. Кез келген атау белгілі бір ұғымды білдірсе, ұғымның өзі объектілердің ішкі және сыртқы қасиеттерінен тұрады. Ұғымды қалыптастыратын қасиеттердің бірі немесе бірнешеуі өзгерсе, жойылса, онда ұғым да өзгеріске ұшырап, мәні мен мазмұнға әсер етеді, ал атау сақталынып қала беруі мүмкін. Біз осындай мән мен мазмұндағы өзгерістерді Өзбек атауынан байқаймыз. Оның алғашқы әлеуметтік мәні өзгеріп, кісі есімін білдіретін мәнге ауысса, Алтын Орда ханы Өзбектің жүргізген саясатына, оның жеке басындағы қасиеттеріне байланысты, Алтын Орданың рухани өмірінде ол жүргізген түбегейлі өзгерістерге байланысты Өзбек есімі басқа мәнге, жинақтаушы саяси-этникалық мәнге ауыса бастайды.

Бұған дейінгі тараушада айтып өткеніміздей, Өзбек ханның Алтын Ордадағы 30 жылдық билігі тұсында ірі-ірі, терең мәні бар бірнеше түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылады. Оның біріншісіне – мемлекетті басқару жүйесінің реттеліп, бір орталықтан басқарылатын құрылымның пайда болуы жатады. Өзбек ханның саясатына қорытынды берген М.Г. Сафарғалиев ол туралы: «Өзбек хан тұсында мемлекеттік басқарудың орталықтануына байланысты жергілікті жерлердегі билік органдары да ретке келтіріледі. Алғашында Алтын Орданың қалыптасуы кезеңінде биліктің орталықсыздануы жүрді, мемлекетті Батыйдың інілері бөліп алып, әрбір ұлысты басқарған адам өздерін жартылай мемлекет басшысы ретінде дербес сезініп, өз ұлысын жеке дара басқарды. Енді бір орталықтан басқару жүйесі енгізілгеннен кейін бұрынғы ұлыстар облыстарға айналдырылып, кейін бұрынғы ұлыстар облыстарға айналдырылып, оларды әмірлер басқарды... Алтын Орданың саяси дамуының алғашқы жүз жылын қорытындылай келе, Батый тұсындағы қарапайым ғана мемлекеттік құрылым Өзбек хан тұсында орта ғасырлық ірі мемлекетке айналды деп айтуға болады», - деп жазады [49, 340–341-б.].

Тарихшының бұл айтқан қорытындысы Жошы Ұлысының оң және сол қанаттарына бірдей қатысты. Парсы тарихшысы Муин



ад-дин Натанзи Жошы Ұлысының сол қанаттағы билеушісі Ерзен хан туралы «Өзбек ханның жарлығы бойынша ол әкесінен кейін оның орнына келді, ... ол Өзбек ханға бағынуды, оған құлақ асуды қатты ұстады», – деген мәліметі осыны дәлелдейді [84, 129-б.]. Биліктің орталықтанып, жергілікті билік органдарының ретке келтірілуі – Алтын Ордада да ортақ саяси-құқықтық кеңістікті қалыптастырады. Бұл Өзбек ханның Алтын Орданың саяси өміріндегі бірінші жүзеге асырған ірі көлемдегі шарасы болса, екіншісіне оның рухани өмірінде жасаған түбегейлі өзгерісі жатты. Басқаша айтқанда, исламның қарсыластарын жойып, оны мемлекеттің ресми дініне айналдыруы – қалың көпшілік тарапынан қолдау табады да, бүкіл Алтын Орда аумағында саяси-құқықтық кеңістік секілді ортақ рухани кеңістікті қалыптастырады. Бұл жолда Өзбек ханды қолдаушылар – әмірлер, бектер, дін басылары, қолбасылар және тағы басқалары рутайпасына, әлеуметтік орнына, кәсібіне қарамастан, Өзбек ханның жақтастары, қолдаушылары болды да, олардың бәрі ортақ атаумен «өзбектер» деп атала бастаған. Осылайша, өзбек атауы жаңа мәнге ие бола бастайды. Ол – жинақтаушы саяси мән болатын. Осы жинақтаушы саяси мәнде өзбек атауы ең алғаш рет 1336 жылғы оқиғаларға байланысты жазба деректе қолданылады. Парсы тарихшысы Хамдаллах Казвини (1281 жылы шамасында туылып, 1350 жылы қайтыс болған) Өзбек хан бастаған Алтын Орда әскерінің Иранға қарсы жорығын жаза отырып, бір жерде Өзбек ханның әскерлерін өзбектер (узбекиян) деп, ал мемлекетін Мамлякат-и-узбеки – Өзбек мемлекеті деп атайды [252, 93-б.]. Ал оның ұлы Зайн ад-дин Казвини әкесінің шығармасын жалғастыру барысында Алтын Ордаға қатысты Өзбек ұлысы (улус-и Узбеки) деген терминді қолданады [84, 97-б.].

Енді парсы авторының өзбектер (узбекиян) деген сөзіне талдау жасап, түсініктеме берелік.

Терминнің қағаз бетіне түскен жылы – 1336 жыл, Өзбек ханның Алтын Орда тағында отырғанына – 23, исламды ресми дін етіп жариялағанына – 15 жыл болған кез. Осы жылдар ішінде Өзбек ханның барлық бағыттағы жүргізіп отырған саясаты өз нәтижесін беріп, оның атақ-даңқы мен абырой-беделі ең шарықтау шегіне жетеді. Бұл жағдай Алтын Орданың көршілеріне де белгілі болады. Әсіресе, ол Алтын Орданың басты қарсыласы Иранға өте белгілі болса керек. Ирандықтар Алтын Орданың күшеюі мен нығаюын,



ондағы барлық оң өзгерістердің бәрін Өзбек ханның есімімен байланыстырып, Алтын Орданы – Өзбектің елі, мемлекеті деп, ал Алтын Орда тұрғындарын жалпылама жиынтық атаумен – өзбектер деп атай бастайды. Тарихта қарапайым ғана мәні бар сөздердің белгілі бір жағдайларға байланысты жинақтаушы саяси-этникалық мәнге ие болып, көршілес елдерге сол этнониммен белгілі болғаны жөнінде мысалдар көп кездеседі. Олардың бір-екеуін атап көрсетелік. Ирандықтардың XVI ғасырдан бастап «қызылбастар» деп атала бастағаны белгілі, жаңа атаудың «қызыл» және «бас» деген сын есім мен зат есімді білдіретін қос сөзден құралғаны бірден байқалып тұр. Осман және Ноғай атты кісі есімдерінен ноғайлар, Османдар атты этнонимдердің пайда болғанын дәлелдеп жатудың өзі бұл жерде артықтау. Тіпті, кеңесу, кеңес қылу деген етістіктен, кеңес атты зат есім, ал одан кеңес халқы деген этникалық мәндегі жаңа сөз шығып тұр. Адам есімін білдіретін Өзбек сөзі де дәл жоғарыдағыдай, жиынтық саяси-этникалық мәнге ие болып, Казвини дерегінде «өзбектер» деген жаңа сөзді қалыптастырып тұр. Ол алғашында Алтын Орда әскерлеріне қатысты айтылса, кейіннен оның барлық тұрғындарына да қатысы болады.

Өзбек ханның тұсында саяси-құқықтық және рухани кеңістіктің бүкіл Алтын Ордаға ортақ болуы «өзбек» атауын да оның барлық тұрғындарына ортақ етеді. Жошы Ұлысының шығыс бөлігіндегі немесе сол қанатындағы Ақ Орданың тайпалары да жиынтық саяси-этникалық мәндегі өзбек атауымен аталады. Парсы авторлары өзбек атауын енгізгеннен кейін бұрынғы қыпшақ атауы жойылып кеткен екен деген ой тумауы керек. XIV ғасырдың ортасында, екінші жартысында және соңында араб авторлары Алтын Орда тұрғындарына қатысты қыпшақ терминін өзбек атауымен қатар қолдануды жалғастыра береді. Ибн ал-Форат (1334–1404) Тоқтамыс ханды «Солтүстік дала» елінің билеушісі, Қыпшақтар жеріндегі Берке хан тағын иеленуші» десе, Ал Макризи (1364/1365–1441/1442) «833 және одан кейінгі жылдарда (1428–1430) Сарай мен Дешті жерлерінде және Қыпшақ далаларында қатты құрғақшылық болды», әл-Асади (1377–1447) 1394 жылы Дамаскіге Қыпшақ жерінен Өзбек ханның орнында отырған Тоқтамыс ханның елшілері келгенін баяндайды [50, 364-б.; 442-б.; 448-б.]. Ал ибн-Дукмак (1308-1388) болса, «786 жылы (24.02.1384–11.02.1385) Өзбек елінің билеушісі Тоқтамыс ханның елшілері келді», «796 жылы (06.11.1393–26.10.1394) Дамаскідегі



сұлтанға Қыпшақ патшасы Тоқтамыс ханның елшілері келді», – деп Тоқтамысты бірде қыпшақтардың, бірде өзбектердің билеушісі ретінде көрсетеді [253, 329-б.]. Келесі бір араб авторы Абулаббас Ахмед Шихабеддин әл-Мысри әл-Калкашанди (1417/1418 ж. қайтыс болған) Тоқтамыс ханды «Өзбектер елінің билеушісі» деп нақтылап жазады [254, 414-б.]. Осы келтірілген дерек мәліметтері көрсетіп отырғанындай, «өзбек» атауы этникалық мән ретінде қыпшақ атауымен синоним болып тұр. Әрбір араб авторларының шығармаларында Алтын Орданы «Солтүстіктегі дала елі», «Дешті мен Сарай жері», – деп атағанымен, ол жердің тұрғындарын қыпшақтар немесе өзбектер деп атап көрсетуі – өзбек атауының жиынтық саяси-этникалық мәннен таза этникалық мәнге ауысқанын және оның осы мәнде кең тарап кеткендігін көрсетеді.

Егер де араб авторларының шығармаларында Алтын Орданың тұрғындары XV ғасырдың басына дейін қыпшақтар, өзбектер деп қатар айтылып келсе, ирандық авторлар сол қанаттағы Ақ Орданың тұрғындарына қатысты тек өзбек атауын қолданады. Низам ад-дин Шами өзінің «Зафар-наме» еңбегінің «Тоқтамыс ханзаданың Сахибқыран әмірге (*Әмір Темірге – Б.К.*) келуі», – деп аталатын бөлімінде XIV ғасырдың 70-жж. оқиғалар туралы айта келіп, «Ол (Темір) оған (Тоқтамысқа) Отырар мен Сауран өңірін беріп, сол жаққа жібереді. Біршама уақыттан кейін өзбек Орыс ханның ұлы Кутлун-Бұқа әскер шығарып Тоқтамыс оғланмен көп соғысты», – деп баяндайды [255, 106-б.]. Автор осы еңбегінің «Темірдің Тоқтамыс ханға қарсы жорығы туралы әңгіме» атты тарауында этникалық мәндегі өзбектер атауы бірнеше рет кездеседі, ол деректе мынадай жағдайға байланысты қолданылады. 1389/1390 жылы Әмір Темір Тоқтамысқа қарсы жорыққа шығып, Ходжент өзенінен (Сырдария) өтеді де, әскерінің алдыңғы легі бірнеше рет қарсыластарын жеңіліске ұшыратады. Темір Сарығ өзен мен Курчуннен өтіп, Ал-кушун деген жерге аялдайды. Осы кезде оған Хорасандағы көтеріліс туралы хабар келеді. «Ойлана келе Темір Хорасанға Мираншах мырзаны әскерімен жібереді де, өзі өзбектер аймағына аттануды жоспарлайды. Нояндар мен әмірлер бас қосып, оған алдымен, Еңке-Төреге қарсы шығып, оны жойған дұрыс, сосын өзбектер еліне аттанайық деп кеңес береді. Темір олармен келісіп, Бөрібасы арқылы Еңке-Төреге аттанып кетті», – деп жазады Низам ад-дин Шами [84, 111–112-б.].

Шамидың бұл дерегі Ақ Орда тұрғындарының жиынтық атаумен өзбектер деп аталғандығын көрсетеді. Келесі бір тарихшы Абдараззак Самарқанди (1413–1482) өз еңбегінде Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тұрғындарын жалпылама атаумен өзбектер, елін – өзбектер елі, Өзбек ұлысы, ал билеушілерін – Өзбек елінің патшасы деп жиі атайды. 1409–1410 жылы Шахрухқа «Дешті Қыпшақ пен өзбек еліндегі билікті иеленуші Болат ханның, Едіге әмірдің және Иса әмірдің елшілері келді», 1410–1411 жылы «Өзбек елі мен Дешті Қыпшақтан әмір Едіге-баһадүр келді...», 1410 жылы «өзбектер аймағындағы әмір Едігеге барған тавачи Абан қайтып оралды», 1416 жылы «Шахрух Фарс өңірінен Хорасанға оралды... Өзбек ұлысынан Ходжа-Лаканың ұлдары қашып кетіп, Өзбек ұлысында бүліншіліктердің болып жатқандығын жеткізді», 1420 жылы «Өзбек Ұлысынан қашқан Барақ оғлан, Ұлықбек мырзаның сарайына келіп пана тұтты», 1421/1422 жылы «Дешті Қыпшақтан Өзбек елінің патшасы Мұхаммед ханнан Әлім шейх оғлан мен Болат келді...», 1422/1423 жылы «осы кезде Хорезмнен әмір Шахмеликтің нөкері келіп, Барақ оғланның Мұхаммед хан ордасын басып алғандығын және Өзбек ұлысының көп бөлігінің оған бағынғандығын жеткізді», 1430/1431 жылы – «өзбек әскерінің Хорезмді тонаушылыққа ұшыратқандығы» және «Хорезм әмірлерінің Өзбек ұлысы мен халқына жорық жасағандығы», 1451/1452 жылы «Өзбек ханы Әбілхайыр ханның Әбу Саид мырзамен одақтасуы туралы ойын сарай қызметкері жеткізеді» және тағы осындай сипаттағы мәліметтер Самарқанди еңбегінде жиі кездесіп отырады [101, 192-б.; 198–199-б.; 201-б.]. Самарқандидың өзбектер жөніндегі мәліметтері 1467/1468 жылғы оқиғаларға дейін созылады және оның мәліметтерінен байқағанымыз, ол – Мәуереннахрдың солтүстігінде орналасқан Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тұрғындарын жалпылама жиынтық атаумен – өзбек деп атауы жатады. XVI ғасырда өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулати мен Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани өзбектер, Өзбектер елі жөнінде, біздің ойымызша, басқа авторларға карағанда өте дәл және өте анықтау сипаттама береді. Дулати өз еңбегінің көптеген жерінде өзбек атауын Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарына қатысты қолдана отырып, олардың өмір сүрген аумағын Өзбекстан деп атайды. «Тарих-и Рашидидың» I кітабындағы 39-тарауда Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсетуі туралы әңгімесінде «Шо-





рас (Чурас) пен барин тайпаларының әмірлері Исан Тайшының баласы Амасанжы Тайшы қалмаққа кетті. Тағы басқа топ калучи (қалушы), бұлғашы (булгачи) және басқа да бірнеше тайпалар Өзбекстанға Әбілхайырдың қоластына кеткен еді», – деп жазса, осы тараудың соңында Қазақ хандығының құрылуы туралы айта келе, «940 (1533–1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді», – деп баяндайды [133, 109–110-б.]. Осы еңбектің екінші кітабындағы 68-тарауда автор Моғолстанға кеңірек географиялық сипаттама беріп: «Моғолстанда Жейһун сияқты, не соған жақын үлкен өзендер көп болған. Мысалы, Іле, Еміл, Ертіс, Шолақ және Нарын сияқты. Бұл өзендердің Жейһун мен Сейхуннан еш кемдігі жоқ. Олардың көпшілігі Көкше теңізге құяды. Көкше теңіз Моғолстан мен Өзбекстан арасын бөліп тұрған көл... ..Қыс мезгілінде Көкше теңізде мұз қатағын. Өзбектер мұздың үстінен өтіп, Моғолстанға баратын... Көкше теңізге құятын өзендер көп те, одан ағатын өзен аз. Ағатын өзеннің мөлшері оған құйылатын судың бір бөлігіндей ғана. Ағатын өзен Өзбекстан аумағынан ағып өтіп, Құлзумға (*Каспий теңізі – Б.К.*) құяды. Бұл өзеннің аты Атил деп аталады. Тарихи кітаптарда [Атил, ал өзбектер арасында Идил деген атпен белгілі]», – деп суреттейді [133, 404-б.].

Бұлардан басқа 73-тарауда Моғол ханы Жүніс ханның Сұлтан Нигар ханым атты қызының қазақ ханы Тахирға: «... Менде Өзбекстанның даласында көшіп-қонып жүретін әл-қуат жоқ», «... Қазір сенің Өзбекстандағы маңғыттардың кесірінен жұмысың алға баспай тұр», – деген сөзінде, «Ал, Тахир хан Өзбекстанда болатын», – деген дерегінде Өзбекстанның қазіргі Қазақстан аумағы екенін аңғару қиын емес [133, 413-б.; 417-б.].

Ал Ибн Рузбихан болса, өзбектердің қандай аймақтармен шекараласатынын: «Өзбектер иелігінің бір шеті мұхитпен шектеседі (автор бұл жерде мұхит деп Каспий теңізін айтып отыр); екінші шеті Түркістанмен (*XIV–XVI ғасырларда Түркістан деп Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы өңірлер мен қалаларды осылай атаған – Б.К.*); үшіншісі Дербентпен; төртіншісі Хорезммен және бесіншісі – Астрабадпен шектеседі (Астрабад – Ирандағы провинция және қала атауы). Бұл [жерлердің] бәрі түгелімен өзбектердің жазғы және қысқы жайылымдары болып есептеледі», – деп нақты көрсетіп жазады [112, 62-б.].



Жоғарыда келтірген дерек мәліметтеріне талдау жасай келе біз, мынадай қорытындыларға келеміз.

Біріншіден, араб тіліндегі авторлар өз шығармаларында XIV ғасырдың 30-жылдарынан бастап Алтын Орданың халқын бұрынғы қыпшақтар атауына қоса жалпылама жиынтық атаумен өзбектер деп атай бастайды да, бұл екі атау олардың еңбектерінде синоним ретінде қолданыла береді.

Екіншіден, парсы тіліндегі авторлар болса, өзбек атауын жалпы Алтын Орда тұрғындарына қатысты қолданса да, нақтырақ келгенде, өзбектерге олар Мауереннаһрдың солтүстігіндегі Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларын немесе Ақ Орда тұрғындарын жатқызды.

Үшіншіден, Мұхаммед Хайдар Дулати Ташкентте туып-өсіп, саналы өмірін Дешті Қыпшаққа іргелес Моғолстанда өткізгендіктен, көршілес елдің халқы жөнінде бай материалдарға ие болған да, өз еңбегінде Шығыс Дешті Қыпшақ халқын өзбектер деп, ал территориясын Өзбекстан деп атап көрсетеді.

Осылайша, Қазақстан атауы қалыптасқанға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ халқы өзбектер, ал олардың жері Өзбекстан деп парсы тіліндегі деректерде қолданыста болады.

Б.А. Ахмедов «Дешті Қыпшақтың далалық бөлігі өзбек даласы деп аталып, олар Сырдариядан солтүстікке қарай орналасқан бірталай жерді алып жатты», – деп түсіндіреді [102, 15-б.]. Біздің ойымызша, бұл түсіндіру дұрыс, бірақ толық емес. Жоғарыда келтірген дерек мәліметтерінде Токтамысты, Едігені, Барақ ханды, Әбілхайыр ханды өзбектердің билеушісі деп көрсетуі, Балқаш көлі Өзбекстан мен Моғолстанның шекарасындағы көл делінуі – Өзбекстанның шекарасы шығыста Ертіс өзенінен, батыста Еділ, Жайыққа дейін Сырдың орта, төменгі ағысы бойынан, Арал теңізінен солтүстікке Сібірге дейінгі жерлерді алып жатқандығы дәлелдейді.

Енді, Жошы ұлысының шығыс бөлігіндегі этникалық процестерге тоқталып өтелік. Орда Ежен ұлысының негізінде құрылып, Алтын Орданың құрамында болған Ақ Орда хандығының аумағы шамамен алғанда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына сай келеді. XIV ғасырдың ортасына дейінгі Алтын Орда тұрғындарына қатысты айтылған қыпшақ атауының Ақ Орда тұрғындарына да қатысы бар. Одан кейінгі өзбек атауының да сол қанат тұрғындарына қатыстылығын жоғарыдағы дерек мәліметтері дәлелдейді.



Жошы ұлысы құрылғаннан XV ғасырға дейінгі аралық Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында салыстырмалы түрде саяси тұрақтылықтың ұзақ уақыт бойы сақталынуы, қыпшақтану процесінің аяқталуы, дәстүрлі шаруашылық түрлерінің сақталуы, жергілікті тайпалардың бәрінің исламды қабылдауы, осылардың бәрі осы аймақта біртұтас, ортақ саяси, рухани, этникалық, экономикалық кеңістіктің қалыптасып, дамуына әкеледі. Ал ол өз кезегінде этникалық процестерге оң ықпал жасап, олардың өзара жақындасуын, бірігуін, сол арқылы ортақ халықтық сана-сезімді туғызды. Ақ Орда аумағының Өзбекстан деп аталуы, оның тұрғындарының жалпылама атаумен өзбек делінуі соның дәлелі.

Өзбек атауы біз қарастырып отырған кезең ішінде жиынтық мәнде болғандықтан, оның құрамына енген ру-тайпаларды анықтаудың маңызы ерекше. Біз сол арқылы қандай тайпалардың жергілікті, қандай тайпалардың түрік, моңғол тілдес екендігін анықтай аламыз. Сол себепті де төменде өзбектер құрамын анықтап көрелік.

Шығыс Дешті Қыпшақтың XV ғасырдағы тайпаларының жалпылама атауын немесе бір бөлігін ауыз әдебиетінде өзбектермен қатар, ноғай, қыпшақ деп атайды да, ауыз әдебиетінің әртүрлі үлгілерінде олардың саны айтылып қалып отырады.

Г.Н. Потаниннің қазақ халқы арасынан жазып алған тарихи аңыз-әңгімелерінде «Отыз екі баулы өзбек», «Тоқсан екі баулы қыпшақ» атты сөз тіркестері кездеседі [167, 54-б.; 64-б.]. Ал Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында ноғайлы еліндегі рулардың саны туралы:

«Сонда Аңшыбай сөйлейді:

– Руымды сұрасаң,

Мұсылман деген ел деді.

Қайратымды сұрасаң,

Қара дауыл сел деді.

Тұқымымды сұрасаң,

Тоқсан баулы ноғайдан,

Қырық таңбалы Қырымнан

Шылқытып жатқан жер деді», – деп жырланады [147, 26-б.].

Осы жырдың келесі бір жерлерінде:

«... Тоқсан баулы ноғайлы

Байтақ жатқан ел едің...»

«... Тоқсан баулы ноғайда

Құтқарып алар адам жоқ депті»,



«... Тоқсан баулы ноғайдан

Бір қыз іздеп таппадым...»

«... Нәріктейін ханымыз

Тоқсан баулы ноғайдан

Артық тұрған жанымыз...», – деп баяндалады [147, 159-б.; 161-б.; 307-б.; 321-б.].

Ал енді жазба дерек мәліметтеріне келсек, оларда да тоқсан екі өзбек тайпалары туралы айтылып, тайпалардың атаулары беріледі. Оларға: «Маджму ат-таварих», «Тухфат ат-таварих», «Асамийи наваду ду фирка-йи узбек» («тоқсан екі өзбек тайпаларының атаулары») секілді тарихи жазба деректер жатады [256, 210–213-б.; 47, 129–131-б.]. Осы деректердегі мәліметтерден біз, қазақ халқын құраған тайпаларды кездестіреміз. «Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңінің этникалық негізіне Өзбек ұлысындағы тайпалар тобы жатады. Сондықтан да XV–XVI ғасырлардағы қазақтардың этникалық тарихын зерттеуде XV ғасырдағы Өзбек ұлысындағы көшпелілердің ру-тайпалық құрамы туралы мәліметтер басты рөл атқарады, – деп жазған болатын Т.И. Сұлтанов [24, 8-б.]. Біз осы тезисті негізге ала отырып, қазақ халқының негізін құраған тайпаларды анықтауға тырысып көрелік. Жоғарыда аталған жазба деректер ішінде хронологиялық тұрғыда ең ежелгісі немесе ең көнесі Сайф ад-дин Ахсикентидің Ферғанада XVI ғасырда жазылған «Маджму ат-таварих» атты еңбегі болып есептеледі. 92 тайпаның атаулары кездесетін жазба деректердің әртүрлі нұсқалары мен тізімдерін бір-бірімен салыстырып, оларға талдау жасаған Т.И. Сұлтанов тізімдегі тайпалардың реттік жағынан орналасуында мынадай үш принциптің бар екендігін анықтайды: 1) Саяси жүйеде бірге болған немесе шығуы жағынан туыс келетін рулар мен тайпалар атауларының тізімде бірге тұру принципі; 2) Бұл принцип бойынша тізімдегі ру немесе тайпаның реттік нөмірі сол ру немесе тайпаның жергілікті жердегі әскери-саяси өміріндегі алатын маңызына байланысты, ру немесе тайпа атауы тізімнің бас жағында тұрса, автор оның маңыздылығын көрсетеді және керісінше болады; 3) Айтылуы жағынан ұқсас келетін ру-тайпалар атауларының есте жеңіл сақтау үшін қатар берілу принципі [24, 51-б.].

Төменде «Маджму ат-таварих» дерегіндегі 92 тайпаның тізіміне назар аударалық. Тайпалар атауының реттік орналасуы дерек мәліметі бойынша берілді [256, 210-213-б.].



1. минг	25. убрят (убрят)	49. куралаш	73. сахтиан (санкиян)
2. йуз	26. кыйат	50. цглен	74. кыргын
3. кырк	27. хытай	51. кари	75. ширин
4. джалаир	28. канглы	52. араб	76. оглан
5. сарай	29. урйуз	53. иладжи	77. джимбай
6. конгурат	30. джуналахи	54. джубурган	78. джехл-кес (чаркас)
7. алчын	31. куджи	55. кышлык	79. уйгур
8. аргуң	32. утарджи	56. кирай	80. анмар
9. найман	33. куладжи	57. дурман	81. йабу
10. кыпчак	34. джыйыт	58. табын	82. таргыл
11. калмак	35. джуйут	59. таме	83. тургак
12. чакмак	36. джалджиут	60. рамадан	84. таин
13. кыргыз	37. турмаут	61. уйшун	85. кохат
14. кырлык	38. уймаут	62. бадай	86. фахыр
15. турк	39. арлат	63. хафиз	87. куджалык
16. туркман	40. кераит	64. уйраджи	88. шуран
17. байаут	41. онгут	65. джурат	89. дераджат
18. бурла-н	42. тангут	66. татар	90. кимат
19. шымырджык	43. мангут	67. йурга	91. шуджаат
20. кабаше	44. джалаут	68. баташ	92. авган
21. нуджин	45. мамасит	69. каучин	
22. киледжи	46. меркит	70. тубай	
23. килекес	47. буркут	71. тилау	
24. бурат (бурят)	48. кият	72. кердари	

Тізімде Жалайыр (4), Қоңырат (6), Алшын (7), Арғын (8), Найман (9), Қыпшақ (10) тайпаларының алғашқы 10 тайпа арасында берілуі Т.И. Сұлтанов атап көрсеткен үш принциптің біріншісі мен екіншісіне сәйкес келіп тұрғандығын көрсетеді. Оның ішінде белгілі бір саяси құрылымда болған ру-тайпалар тізімде қатар айтылады деген тұп-тура осы алты ірі тайпаға айтылған секілді. Біз бұл алты тайпаның қандай саяси құрылымда болғандығы жөніндегі мәселеге төменде қайтып ораламыз.

Табын (58), Тама (59), Рамадан (60), Үйсін (61) және Телеу (71), Кердері (72) тайпаларының бұл тізімде Үйсіннен басқасының қатар берілуін де Т.И. Сұлтанов анықтаған үш принциптің біріншісіндегі екі пунктке де сай келетінін аңғарамыз. Жетіру тайпалар одағына енетін бұл тайпаларды қазақ шежіресі бір атаның балалары деп



көрсетсе, XIV–XVI ғасырлардағы тарихына қатысты зерттеу жұмыстарында Жетіру тайпалар одағының ұзақ уақыттар бойы Ноғай Ордасында болғандығы айтылады [257, 499–504-б.].

Кестедегі 92 тайпаның 19-ын біз қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалардан кездестіреміз. Олар – Жалайыр, Қоңырат, Алшын, Арғын, Найман, Қыпшақ, Қаңлы, Оймауыт, Кереит, Меркіт, Қоралас, Керей, Табын, Тама, Рамадан, Үйсін, Телеу, Кердері және Шеркес тайпалары. Бұл тайпалардың әрқайсысына Т.И. Сұлтанов өз еңбегінде қысқаша болса да сипаттама бергендіктен, біз оларға тоқталмаймыз [24, 34–38-б.].

Енді 92 көшпелі тайпадан құралған өзбек этноқауымдастығының ыдырап, одан қазақ этносының бөлініп шығуы мен қазақ этносының этникалық негізін құраған тайпалар мәселесіне ауысалық.

XVI ғасырдың басында Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүретін тұрғындардың бәрін өзбектер дей келе, «Өзбектерге үш тайпа жатқан, олардың бәрі Шыңғыс ханның иеліктеріндегі ең мықтылары болып саналады. Қазіргі кезде [олардың] бірі – шибаниттер, бірнеше аталарынан кейін оларды мәртебелі хан (*Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр* – Б.К.) басқарып отыр. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемге күштерімен және ержүректіліктерімен даңқы шыққан, үшінші тайпа – маңғыттар, олардан астрахандық хандар шығады», – деп «көшпелі өзбектер» қауымдастығын жіктеп береді. Рузбиханның осы мәліметіне қатысты алдын-ала мынадай ескертпе мен түсініктеме беруді жөн деп есептейміз. Оның тайпа деп айтып отырғаны, қазіргі біздің түсінігіміздегі тайпа емес, одан жоғары және кең мағынадағы ұғым. Қазіргі түсініктер бойынша Рузбихан жазып отырған өзбектерді этноқауымдастық деп санасақ, онда оның тайпа деп отырғанына тайпалық одақтар сай келеді. Сонда біз автордың жоғарыдағы мәліметін өзбектер үш үлкен тайпалар тобынан немесе бірлестігінен тұрады деп қабылдауымыз керек. Келесі бір түсіндірмеге мынау жатады. Автор өз шығармасын 1509 жылы жазып, XV ғасырдың оқиғаларын өткен шақ тұрғысынан баяндап тұр. Қазақ хандығы құрылып, қазақ атауы халықтың атауына берілгенге дейін, яғни XV ғасырдың 50–70-жылдарына дейін қазақ сөзінің этникалық мәні болған жоқ. Сол себепті де «өзбектердің екінші тайпасы – қазақтар» деген мәліметті дұрыс түсінген жөн.



Ибн Рузбихан айтқан өзбектер этноқауымдастығындағы үш тайпалар тобының әрқайсысына талдау жасайық.

Алдымен, өзбектер құрамындағы бірінші тайпалық одақ – шибанилерге тоқталалық. Шибанилер атауының Жошының бесінші ұлы – Шейбан есімімен байланысты екендігін ешбір зерттеуші жоққа шығармайды. Рашид ад-дин, Плано Карпини, «Таварих-и гузидайи нусрат-наме» еңбегінің белгісіз авторы, Әбілғазы, Қадырғали Жалайри, Махмұд бен Уәли секілді өте сенімді деректердің авторлары Шыңғыс ханның және Жошы ұрпақтарының шежіресін таратқан мәліметтерінде Жошы ханның бесінші ұлын – Шейбан, Сейбан, Шайбан, Шабан, Шибан деп атайды [91, 74-б.; 80, 39–40-б.; 108, 34-б.; 117.; 77, 93-б.; 136, 34-б.]. Осы дерек мәліметтеріндегі бір тұлғаның әртүрлі формада берілуіне байланысты зерттеушілер де оның есімін және одан тараған ұрпақтарды кейде шибандықтар, ал кейде шайбандықтар деп жазып жүр. Жиі кездесетін терминдердің қолданылуында бірізділік болғанын дұрыс деп санап, біз осы терминге қатысты академиялық басылымдар мен іргелі еңбектер қолданған Шибан нұсқасын қабылдап, осы терминді одан ары қолданамыз [110, 494-б.; 258, 134-б.; 220, 82-б.].

Жошы ұлысы өз ішінде ұлыстарға бөлінгенде Шибан да ағалары Орда Ежен, Батый секілді жеке ұлысты иеленеді. Өтеміс қажының «Шыңғыс-намасында» Жошы хан қайтыс болғаннан кейін Шыңғыс ханның оның үш ұлы Орда Еженге, Батыйға және Шибанға үш киіз тіккізіп, Алтын босағалы Ақ Орданы Батыйға, Күміс босағалы Көк Орданы Орда Еженге, Болат босағалы Боз Орданы Шайбанға бергендігі баяндалады» [118, 92-б.]. Дерек авторы шибанилық бағыттағы авторлардың бірі болып, Шибанды және оның ұрпақтарын жоғары көтермелеп мадақтағаны деректе қатты байқалады. Дегенменде, Шибанның ұлы атасы Шыңғыс ханнан иелік алып, онда ұлыс басқарғандығын тәуелсіз басқа деректер де мақұлдайды. Шибанның алғашқы кездегі алған Ұлысының қай жерде екендігін деректер нақты көрсетпесе де, Батыйдың 7 жылдық жорығынан кейін, оған бөлінген территорияны Әбілғазы нақтылай көрсетіп береді. Онда «Батый ханның жорықта жеңіске жетуге көп күш салған ағасы Орда Ежен мен інісі Шибанға жер бөліп бергендігі айтыла келе, Шибанға Корел өңірі мен Құсшы, Найман, Қарлық және Бұйрық атты төрт



халықты бөліп бергендігін және Батыйдың Шибанға: «Сенің жұртың менің жұртым мен үлкен ағам Иченнің жұрты арасында болсын. Жазда сен Жайықтың шығыс жағында Ырғыз, Ор, Елек өзендері мен Орал тауы аралығында бол, қыста Аралқұм, Қаракұм мен Сырдың, Шу, Сарысу өзендерінің бойы аралығында бол», – деп айтқандығын баяндайды» [258, 104-б.]. Бұл аймақтың аумағын басқаша айтсақ, Шибан ұлысына батыста Жайықтан, шығыста Сарысуға дейінгі, оңтүстікте Арал теңізі мен Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойынан, солтүстікте башқұрттардың жеріне дейінгі территорияның енгендігін білеміз.

Шибан ұлысының орналасуы жөніндегі Әбілғазының дерегін Плано Карпини мәліметі қуаттайды. 1246 жылы осы өңір арқылы өткен ол: «... Бұл жерде бір үлкен өзен бар, оның аты бізге белгісіз; онда Янкинт деген бір қала бар, тағы бірі Бархин, үшіншісі Орнас деп аталады және аттары белгісіз тағы көп қалалар бар. Бұл жерде Алтисолданус (*Ала ад-дин Мұхаммед Хорезмишах – Б.К.*) деген билеуші болған, оны татарлар бүкіл үрім-бұтағымен жойып жіберді. ... Оңтүстікте ол жерде Иерусалиммен Балдахпен (Бағдад) және Саррацин жерлерімен (*бұл жерде Плано Карпини Саррацин деп Иранды айтып отыр – Б.К.*) шектеседі; солтүстікте бұл жерге қарақытайлар жері мен Мұхит түйіседі. Онда Батудың інісі Сыбан өмір сүреді», – деп жазады [80, 64-б.]. Бұл жерде италяндық монах Сырдың төменгі ағысы бойынан солтүстікке дейінгі жерлердің бәрі Сыбанға немесе Шибанға қарайтындығын айтып отыр. Орта ғасырлық тарихшы Махмұд бен Уәли де Батый ханның Шибанға төрт омақ бергендігін, ал оның ұлы Бахадүр жазғы, қысқы жайылымға Ақ Орданы алғандығын хабарлайды [136, 347-б.]. Махмұд бен Уәли Шибан ұлысында биліктің Шибан ханнан бастап Әбілхайыр ханның әкесі Дәулет-шайх оғланға дейін үзілмей келгендігін және Шибан әулетіне бағынышты территорияны «ел», «ұлыс» деп аталатындығын баяндап береді [136, 347–349-б.]. Жошының 1227 жылы қайтыс болып, сол жылы Шибан осы өңірді иеленсе, ал Әбілхайыр ханның осы аймаққа 1428 жылы күреспен билікке келгенін есептесек, онда Шибан ұрпақтары Әбілхайырға дейін 200 жыл бойы осы ұлыста тыныш билік құрады. Осыншама ұзақ уақыт бойы Шайбан ұлысында өмір сүріп, бір-біріне жақын болған ру-тайпаларды Шай-





бан ұлысының тайпалары немесе қысқаша атаумен шайбанилар (Рузбиханда шибанилар) деп атап кеткен. Шайбан ұлысының аумағы Шығыс Дешті Қыпшақтың құрамдас бір бөлігі болғандықтан, ал Шығыс Дешті Қыпшақтың тұрғындары XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап жалпылама атаумен өзбектер деп аталғандықтан, шайбанилар, яғни Шайбан ұлысының тайпалары өзбек этноқауымдастығының заңды түрдегі құрамдас бір бөлігі болып есептеледі.

Енді жазба деректерге сүйеніп, шайбанилықтардың ру-тайпалық құрамын анықтап көрелік. Сол арқылы бұл топтың шығу тегін де анықтауға болады.

Алғаш рет жазба дерек мәліметтеріне сүйеніп, өзбектер құрамындағы шибанилардың ру-тайпалық құрамын анықтауға А.А. Семенов күш салады [200, 24–37-б.]. Бұл мәселеге Б.А. Ахмедов, Т.И. Сұлтанов өз зерттеулерінде арнайы тоқталған [102, 16–18-б.; 24, 7–28-б.]. Бұл үш зерттеуші Масуд ибн Осман Кухистанидың дерегіндегі мәліметтерге сүйеніп, 1428 жылы жап-жас шибанилық сұлтан Әбілхайырды хан тағына отырғызған және де оны кейінгі жылдары қолдаған тайпаларды шибанилық тайпалар деп атайды да, оған: «қият, маңғыт, қаанбайлы (байлы), чинбай, қоңырат, тангут, иджан, дурман, кушчи, утарчи, найман, украш-найман, тубай, таймас, джат, китай, барак, уйгур, карлук, кенегес, уйшун, курлаут, имчи (ички), туман, минг, буркут, нукуз, шадбаклы, шункарлы, ойрат, мажар және кипчак» тайпаларын жатқызады [200, 24-б.; 102, 16-б.; 24, 8–11-б.]. Бұл тайпалардың жалпы саны – 32. Мүмкін, «отыз екі баулы өзбек» деп аталатын тайпалар тобы – осы шибанилық тайпалар шығар. Мұны әлі де болса терең қарастыру қажет. А. Вамбери еңбегінде берілген 32 баулы өзбек тайпаларын жоғарыдағы 32 тайпа атауларымен салыстырғанымызда, қият, маңғыт, қоңырат, дурман, найман, қытай, ұйғыр, кенегес, уйшун, ички, минг, нукуз, кипчак секілді тайпа атауларына екі нұсқа да сәйкес келетінін аңғардық [259, 171-б.].

Бұл тайпалардың шығу тегі мәселесіне келсек, біз олардың көбісінің моңғол жаулап алушылығына байланысты XIII ғасыр басында Моңғолия аумағынан келгендігіне көз жеткіземіз. Рашид ад-диннің дерегіндегі тайпалар негізінен үш топқа бөлініп, олардың біріншісіне – түрік тайпалары, екіншісіне – түрік, бірақ қазіргі кезде моңғол деп аталатын тайпалар, ал үшіншісіне – тегі түрік, бірақ



бұрыннан моңғол деп аталған тайпалар жатты [89, 80–197-б.]. Осы тұрғыдан алып қарағанда, шайбанилық тайпалардың бәрінің арғы тегі түркілік, моңғол деген атауға ие болып, Қазақстан аумағына XIII ғасырдың басында келген. Осы жерде қыпшақ, найман, қоңырат, үйсін(уйшун) тайпаларына қатысты мынадай түсіндірме бере кетуді жөн көріп отырмыз. Бұл тайпалар сан жағынан өте көп болып, олардың жекелеген бөлімдері мен бөлімшелері, тармақтары әртүрлі ұлыстардың құрамында болғандықтан, олардың ортақ атаулары тек жекелеген ұлыстардағы тайпалар тобында ғана емес, сондай-ақ түгелге жуық түрік тілдес халықтардың құрамында кездеседі. Қыпшақ, найман, қоңырат, уйшун атауларының шайбанилық топтан кездесуін біз, осы аталған тайпалардың жекелеген рулары сол топта болған деп түсінуіміз керек.

Осылайша, өзбек этноқауымдастығының құрамындағы шайбанилық топтың құрамын анықтай келе, біз, олардың басым бөлігінің XIII ғасыр басында моңғол жаулап алушылығына байланысты Моңғолия аумағынан келген арғы тегі түріктік, жалпылама моңғол атауымен аталған тайпалар деген қорытындыға келеміз.

Ибн Рузбихан атап көрсеткеніндей, өзбектер құрамындағы келесі бір тайпалар тобына – маңғыт тайпалар тобы жатады. XIV ғасырдың соңында Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында, кейіннен Ембіге дейінгі жерлерде мекендеген үлкенді-кішілі тайпалар маңғыт деген ортақ атаумен аталғаны белгілі. Бұл тайпалар Ноғай Ордасының этникалық негізі болып табылады. XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл аймақтағы тайпалар да өзбек этноқауымдастығының құрамында болып, Ноғай ұлысының өзіне тән ерекшелігіне, тарихи-географиялық жағдайларына байланысты бұл өңірдегі тайпалар да өз бетінше топтасады. Бұларға маңғыт деген ортақ атау бірнеше себепке сай берілген. Біріншісі, ол атау осы топтағы жетекші тайпаның атауы болса, екіншісіне – ұлыстың билеушілері маңғыт тайпасынан шыққан билер болған. В.В. Трепавлов құрастырған «Ноғай ру-тайпалары» деген кестедегі 70 ірі ру-тайпа атауларын 92 баулы «көшпелі өзбектер» тайпаларымен салыстырғанымызда, біз бұл топтағы тайпалардың да түбі түріктік екендігіне көзімізді жеткіздік [257, 499–504-б.]. Мұндағы тайпалардың ішінде де шайбанилықтар секілді Моңғолия аумағынан келгендер де бар. Бірақ та шайба-



нилықтардан бір ерекшелігі мұнда аз, аксюрют (*деректе осылай жазылған – Б.К.*), алшын, байұлы, қаңлы, қыпшақ, киргиз, құла-аян, тама, тоғай, түркмен, уйшун, шөмішті, телеу секілді жергілікті тайпалардың саны басымдау келеді.

Ал енді өзбек этноқауымдастығындағы үшінші тайпалар тобына тереңірек тоқталалық. Рузбихан бұл топтағы тайпаларды қазақтар деп атағанын жоғарыда айттық. Қазақ атауы ол тайпаларға Қазақ хандығы құрылғаннан кейін, яғни XV ғасырдың 60-жылдарынан кейін берілгені белгілі. Қазақ атауы этникалық мәнге ие болмай тұрып-ақ «көшпелі өзбектер» құрамында бұл тайпалар бірлестігі болған. Төменде осы тайпалар бірлестігіне қатысты мәселелерді рет-ретімен шешуге тырысып көрелік.

Алдымен, 92 тайпа ішінде қандай тайпалар үшінші тайпалар тобын құраған екен, соны анықталық. Біз алдыңғы беттердің бірінде 92 тайпаның тізімін беріп, алғашқы ондықтағы алты тайпаны бөліп көрсеткенбіз. Т.И. Сұлтанов анықтаған тізімдегі тайпалардың берілу принциптерінің алғашқы екеуі осы алты тайпаның бір-бірімен қатар тұру себептерін көрсетеді. Бірінші принцип бойынша тізімде бір-біріне жақын тұрған тайпалар – белгілі бір мемлекетте, саяси жүйеде ұзақ уақыт бойы бірге болған тайпалар болып келеді. Олай болса, алғашқы ондықтағы алты тайпа – Жалайыр, Қоңырат, Алшын, Арғын, Найман және Қыпшақ тайпаларын біз бір аймақтан, бір ұлыстан, бір мемлекеттен іздестіруіміз қажет. Жазба дерек мәліметтерін талдау, саралау барысында біз бұл тайпалардың XIII ғасырдың басынан бері Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен ұлысында өмір сүргендігіне көзімізді жеткіздік. Алшын, Арғын, Қыпшақ тайпалары моңғол жаулап алушылығына дейінгі кезеңде осы аймақтарда мекендеген жергілікті тайпалар болса, XIII ғасырдың басында оларға Моңғолия аумағынан түрік тілдес Жалайыр, Қоңырат, Найман тайпалары келіп қосылады. Бұл тайпалардың Жошы ұлысы аумағында, оның ішінде Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұлысында болғандығын жазба деректер тікелей айтпаса да, біз, ол туралы жанама деректер арқылы біле аламыз. Орда Ежен ұлысындағы билеуші әулет өкілдерінің XIII ғасырдың II жартысында алған әйелдері жергілікті ру-тайпалардың өкілдері екендігін Рашид ад-дин жазады. Оның мәліметінде Орда Еженнің ең кіші

ұлы Хұлағудың алған екі әйелінің бірі – Турбарчин-хатун қыпшақ тайпасының қызы болса, осы Хұлағудың Темір-Бұқа атты ұлының әйелдері Қоңырат, Арғын тайпасынан, Орда Еженге немере болып келетін Куинджи (Қоныша), Тумакан, Мұсылман секілді ұлдарының әйелдері Қоңырат, Меркіт, Жаджират, Татар, Найман тайпаларының, ал XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың I жартысында өмір сүрген Куйнджидың (Қонышаның) ұлдарының әйелдері – Керайт (Керей), Қоңырат және Огунан (Уақ) тайпасынан болған [91, 67-б.; 69-б.; 71-б.]. Деректе көптеген ру-тайпалар атауының берілмей қалуына қарамастан, бұл мәліметтер Орда Ежен ұлысында қандай тайпалардың болғандығын хабардар етеді. Бұл тайпалар Орда Ежен ұлысының басты этникалық негізін құрап, XV ғасырдың ортасына дейін біртұтас этникалық жүйеде болады. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін де Орда Ежен ұлысындағы Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ тайпаларын қазақ халқының құрамындағы Орта жүзден кездестіреміз. Бұл тайпалардың Орта жүз құрамында болуының негізі, осылайша Орда Ежен ұлысы кезінен бастау алады. Ұзақ уақыт бойы бір саяси-әкімшілік құрылымда болған, бір-біріне өте жақын тайпаларды кейін келе қазақ шежіресінің кең тараған бір нұсқасында Болат кожа атты кісіден тараған деп баяндайды [167, 56-б.; 61-б.; 63-б.]. Ал Жалайыр тайпасы атауының 92 тайпаның ішінде жоғарғы қатардан орын алуын – оның Жошы ұлысы аумағында алатын мәртебелік орнымен байланыстырамыз. Қадырғали Жалайри Жалайыр тайпасының Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қандай рөл атқарғандығын: «Ұрыс ханның (Ақ Орда ханы Орыс хан) оны (маймене) мен солы (майсара) мынадай... Майсара Алаш мыңы болды, ол үш сан еді. Қатаған қауымының өз араларында осы заманға дейін үлкендері белгілі. Ал Алаш мыңы арасында үлкені тарақ тамғалы Жалайыр болады. Шыңғыс хан заманынан бері бір мәртебеден (ұлықтық) Тебре бекке тиді. Одан Шайх Софы бекке тиді, одан Итбаға бекке тиді. Одан Қараш бекке тиді. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар еді. Олар Өзбекия арасында мәлім, мәшһүр», – десе, тағы бір жерде «Шыңғыс хан заманында Сартақ ноян болған. Оның ұлы Жалайыр Саба еді. Оның ұрпағы Жалайыр Тебре бек. Оның ұрпағы Айтөле бек еді. Ол белгілі мәлім-мәшһүр болған адам. Ұрыс ханның ұрпағында ұлы әмір болған», – деп



түсіндіреді [77, 126-б.]. Бұл мәлімет Жалайыр тайпасы XIII ғасырдан Қадырғали Жалайыр заманына дейін Орда Ежен ұлысы мен Ақ Орда мемлекетінде, одан кейін Қазақ хандығында билеуші әулеттен кейінгі мәртебелі орында болып, тайпа өкілдерінің «ұлы әмір» немесе «Алаш мыңының ағасы» лауазымы болғандығын дәлелдейді. Автордың «Өзбекия» деп айтып отырғаны Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Өзбекстаны», парсы авторларының «Өзбектер елі», Рузбиханның «өзбектердің жазғы және қысқы жайылымдары» – яғни Шығыс Дешті Қыпшақ территориясы. Ал Алаш мыңын біз, қазақ халқының өзіндік атауы (самоназвание) деп түсінеміз. Міне, Жалайыр тайпасының осындай рөліне байланысты «92 көшпелі өзбек» тайпаларының алғашқы тізімін құрастырған автор бұл тайпаны жалпы тізімнің жоғарғы жағына қойған. Жалайыр тайпасының Орда Ежен ұлысындағы, кейіннен Ақ Ордадағы, сосын Қазақ хандығындағы мәртебесі халықтың дәстүрлі санасына терең сіңіп, Ұлы жүзде бұл тайпа нокта аға болып саналған. Н.И. Гродеков: «Жалайыр – қазіргі кезде Ұлы жүздің үлкені. Тойларда, табақ тартқанда бірінші болып табақ тарту үшін нокта ағасы Жалайыр бар ма деп сұрайды, үйлену тойларында жалайырлар бірінші болып ән бастайды», – деп жазады [7, 7-б.].

Алшындардың тізімнің жоғарғы жағында тұруының бірнеше себебі бар, біз, ол жөнінде алдыңғы беттерде арнайы қарастырғандықтан, бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз. Алшындардың шибанилық тайпалар тобында болмағанын Масуд ибн Осман Кухистанидың дерегі дәлелдейді [110, 143–144-б.]. Ноғай ру-тайпаларының құрамында алшындар Байұлынан бөлек XVI ғасырдан бастап кездеседі [257, 499-б.]. Соған қарағанда, Алшындар XIII ғасырда Орда Ежен ұлысының құрамында болып, ұлыстың Ақ Ордаға айналуына, сондай-ақ Ақ Орда хандарының билігі бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына таралуына байланысты жауынгер тайпа ретінде хандықтың аумағындағы Сыр, Арал, Каспий өңірлеріне қоныстандырылған секілді. Санының көп болуы да оларды мал шаруашылығына қолайлы жайылымдар қарастыруға мәжбүрлеген болуы керек. Тек қана XVI ғасырда Батыс Қазақстан өңірінің Ноғай Ордасы құрамында болуына байланысты ондағы алшындар ноғайлар құрамында айтылған.



Міне, осындай жағдайларға сай, Алшындардың Орда Ежен ұлысындағы тайпаларға жақын болуы және тайпаның әскери-экономикалық қуатының күштілігі – оларды 92 тайпаның алдыңғы жағына шығарды деп есептейміз.

Рузбихан бұл алты тайпаны Қазақ хандығы құрылғаннан кейін қазақтар деп жазса, ал оған дейінгі атауын, біз шартты түрде ордаежендік тайпалар деп атаймыз. Өйткені, оның Шибан ұлысындағы тайпаларды – шибанилықтар, Маңғыт ұлысындағы тайпаларды маңғыттар деп атағанын жоғарыда атап өттік. Олай болса, Қазақ хандығы құрылғанға дейін Орда Ежен ұлысының этникалық негізі болған бұл тайпаларды ордаежендіктер деп атау өте орынды.

Осылайша, біз «көшпелі өзбектер» құрамындағы үш үлкен тайпалар тобына талдау жасай келе, мынадай тұжырымдарға келеміз.

Біріншіден, XIV ғасырдың ортасынан XVI ғасырдың басына дейін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығын қалыптастырған 92 көшпелі тайпалар өз ішінде аумақтағы үш әкімшілік құрылымға байланысты үш топқа бөлінген де, сол әкімшілік атаулармен: маңғыттар, шайбанилар және қазақтар (ордаежендіктер) деп аталған.

Екіншіден, әр топтағы тайпалардың құрамын тексеру барысында шайбанилық тайпалардың тегі түріктік, көбісінің XIII ғасыр басында моңғол жаулап алушылығына байланысты Моңғолия аумағынан көшіп келгендігі анықталды. Маңғыт тобындағы тайпалардың жартысы жергілікті, жартысы Моңғолия аумағынан келген түрік тілдес тайпалар екендігі дәлелденді. Ал ордаежендік тайпалардың да басым бөлігі дештіқыпшақтық және түріктік екендігі анықталды.

Үшіншіден, XIII–XV ғасырлардағы әртүрлі саяси жағдайларға байланысты әр топтағы тайпалардың жекелеген рулары мен тармақтары басқа топтың құрамында кездесіп отырғандығын анықтап, біз мұндай жағдайдың себебін XIII ғасыр басындағы ұлыстардың құрылуы мен жаңа әкімшілік-басқару жүйесінде әскери-әкімшілік принциптің негізге алынуымен байланыстырамыз.

Төртіншіден, ордаежендік тайпалар құрамында тек қазақ халқын құраған ру-тайпалар кездесетіндіктен, біз бұл тайпаларды, оның ішінде Алшын да бар, қазақ этносының негізгі ұйтқысы болған тайпалар деп есептейміз.



Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырап, одан ордаежендік тайпалар тобының бөлініп шығуы, сөйтіп олардың қазақ деген этникалық мәндегі атаумен жеке дербес саяси құрылымға этникалық негіз болуы алып келеді.

Қазақ этносының тарих мінберіне көтерілер қарсаңындағы Дешті Қыпшақтағы этникалық процестерді сол аумақтағы саяси тарихтың дамуларынан бөле қарау мүмкін емес, сол себепті де біз, халықтың қалыптасуы барысындағы соңғы кезеңнің мәресі тұсында этникалық процестерге тікелей әсер етіп, оны тездеткен саяси оқиғаларды жалпылама түрде болса да негізге ала отырып, «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырауын этносаяси тұрғыда қарастырамыз.

Ақ Орда ханы Барақ 1428 жылы қайтыс болғаннан кейін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы ортақ этникалық кеңістікте саяси бытыраңқылықтар пайда болады. Б.А. Ахмедовтың көрсетуінше тек Шибан Ұлысының өзінде кіші хандар билік жүргізген бірнеше ұлыстар болған [102, 41–44-б.]. Арал теңізінің солтүстігіне қарай, Сарысу мен Ембі өзендерінің аралығында шибанилық Жұмадық ханның, одан солтүстікке қарай тағы бір шибанилық әулеттің өкілі Махмұд қожа ханның, одан шығысқа қарай Ертіс өзеніне дейінгі аралықта осы әулет өкілі Мұстафа ханның, ал шибанилық сұлтан Дәулет шайх оғланның (Әбілхайыр ханның әкесі) ұлысы Тобыл мен Ертістің оң жағында, Тура қаласынан солтүстікке қарай орналасады [102, 42–43-б.]. Маңғыт Ұлысы XV ғасыр басында Батыс Қазақстан аумағындағы Жайық пен Ембі өзендерінің аралығында болады.

Ал Шайбан Ұлысынан шығысқа қарай Ертіске дейінгі, Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы жерлерде қандай ұлыстардың болғандығын ешбір жазба дерек мәліметтері айтпайды. Соған қарамастан бұл өңірлерде Орда Ежен ұрпақтарының ұлыстары болғандығына ешқандай күмән келтірмейміз. Ақ Орда хандарының билігі тұсында бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақта ортақ саяси және этникалық жүйе болып, оның құрамындағы ұлыстар ханға өздерінің бағыныштылығын сақтайтын. Ертіс пен Сарысу аралығындағы, Сырдың бойындағы өңірлер ежелден Орда Ежен әулетіне тиесілі болып, онда әулет өкілдері билік құратын. Барақ хан қайтыс болып, орталық билік жойылғанымен, Орда Ежен ұрпақтарының өз ұлыстарындағы билігі сақталады.



1428/1429 жылы Әбілхайыр Шибан және Маңғыт ұлыстарындағы жергілікті ру-тайпа басшылары мен ірі дін басыларының тікелей қолдауымен әкесі ұлысында билікке отырғызылады. Кухистани өз еңбегінде оны қолдаған 30-ға жуық әмірлері мен бектерінің, жетекшілерінің атауын келтіреді [110, 143–144-б.]. Бұл тізімде Арғын, Алшын, Жалайыр, Қыпшақ тайпалары атауларының кездеспеуін біз мынадай себептермен түсіндіреміз. Біріншіден, Әбілхайырдың хан болып сайланылуы Шибан Ұлысының аумағында өткізілгендіктен, оған ордаежендік тайпалар қатыспаған, екіншіден, хандық биліктің Жошы ұрпақтарының басқа бір әулетіне көшуін ордаежендік әулет пен олардың қарамағындағы тайпалар қолдамаған.

Әбілхайыр хан билікке келісімен, оның жүргізген саясатының басты бағыты ең алдымен, оны күшпен болса да біріктіру болды. Ұлыстағы шайбанилық тайпалардың, сондай-ақ Маңғыт Ұлысының биі Оқас бидің тікелей қолдауы оның күрестерінің жеңіспен аяқталуына септігін тигізеді.

1428–1445 жылдар аралығында Әбілхайыр хан өзінің алға қойған алғашқы мақсатын толығымен орындап, Шибан Ұлысын біріктіреді. Осы жылдардағы оның жүргізген күрестері мен ұрыс-шайқастары Кухистани дерегінде баяндалғандықтан, біз оған бұл жерде тоқталмаймыз.

Шибан Ұлысының біріктіріліп, ондағы ру-тайпа әмірлері мен бектерінің ханды қолдауы, сондай-ақ Маңғыт Ұлысындағы Оқас бидің Әбілхайырға сенімді одақтас болуы оны Шығыс Дешті Қыпшақтағы ең ірі, ең күшті саяси күштердің біріне айналдырады. Бірақ та Шығыс Дешті Қыпшақтағы бұрынғы Орда Ежен Ұлысының 1446 жылға дейін бағындырылмауы оны тек қана Шибан Ұлысының ханы ретінде танытты. Әбілхайыр ханның стратегиялық мақсатын Б.А. Ахмедов: «Әбілхайыр хан тек Шибан ұлысын біріктіруді ғана алдымен мақсат етіп қойған жоқ, сонымен бірге Жайық өзенінен шығысқа қарай жатқан бұрынғы Алтын Ордаға тәуелді болған аймақтардың бәріне өз билігін орнатуды көздеді», – деп көрсетеді [102, 48-б.].

XV ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысындағы Моғолстан мен Мауереннаһрдағы саяси дағдарыстар мен қиыншылықтарды пайдаланып, Әбілхайыр хан ешбір қиындықсыз 1446 жылы Сыр





бойындағы Сығанақ, Өзгент, Ақ-Қорған, Созақ қалаларын басып алады да, онда өз адамдарын әкім етіп тағайындайды [110, 159-б.].

Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді бағындыру – Орда Ежен Ұлысының ең жанды жерін уыста ұстаумен бірдей болатын. Ұлыстың далалық бөлігінде Әбілхайыр ханның билігі орнады ма, әлде орнамады ма, орнаса қандай дәрежеде болған деген сұрақтарға жауап айту өте қиын, өйткені бұл сұрақтарға тікелей жауапты ешбір жазба дерек бермейді. Соған қарамастан қисынды ойлар мен пікірлер арқылы бұл сұрақтарға жауап беруге болатын секілді.

Біріншіден, Әбілхайыр ханның басты мақсаты бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты бағындырып, өз билігін онда толық орнату болғандықтан, ол оны жүзеге асырмай көрші елдерге жорыққа шыға алмаушы еді. Ал ханның осы жылдарда Мауереннаһрға жорыққа аттануына қарағанда, бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында оның билігі орнаған. Екіншіден, Рузбиханның ордаежендік тайпаларды да өзбек этноқауымдастығының құрамында маңғыттармен, шибанилармен қоса айтуы, бұл да Орда Ежен ұлысының Әбілхайыр хан билігін мойындағанын көрсетеді.

Осылайша, XV ғасырдың 40-жылдарының ортасында бұрынғы Ақ Орданың аумағы саяси жағынан да, этникалық жағынан қайта біріктіріледі. Тарихи әдебиеттерде бұл мемлекетті Әбілхайыр хандығы немесе «көшпелі өзбектер» мемлекеті деп атау дәстүрге айналған. «Көшпелі өзбектер» атауы, оның құрамындағы 92 тайпаның болғандығы, біздің ойымызша, осы тұста пайда болған секілді. Өйткені, тізімде ордаежендік тайпалардың шоғырланып бір жерде тұруы осыны көрсетеді. «Көшпелі өзбектерге» ордаежендік тайпалар қосылса да, олар сол этноқауымдастық арасында шашырап кетпей, жеке тайпалар тобы ретінде өз құрылымын өзгертпей сақтап қалады.

Мұның өзі ордаежендік тайпалардың маңғыттар мен шибанилерге қарағанда өзіндік бір ерекшеліктері болғандығын көрсетеді. Бұл тайпалар тобының өзінің ерекшелігіне мынадай белгілер жатса керек. Ең алдымен, бұл топтағы Қыпшақ, Арғын, Алшын тайпалары немесе тайпалық бірлестіктері – моңғол жаулаушылығына дейін жалпылама түрде қыпшақтар атанған және XI–XIII ғасырларда Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің негізгі,

басты этнокомпоненттері болып, этникалық дамудың бағыттарын айқындаған тайпалар мен тайпалық бірлестіктер. Басқаша айтқанда, бұл тайпалар қазақ халқының этногенезінің өзегі болған этнокомпоненттер болып саналады.

Екіншіден, XIII–XV ғасырлардағы тарихи дәуірде бұл тайпалар және олардың жекелеген рулары мен тармақтары өз ұлыстары мен басқа да ұлыстарды жаулап алу барысында сырттан келген түріктік және моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесіне көп ықпал жасап, әсер етеді. Сырттан қосылған этнокомпоненттердің жергілікті тайпалардың тілін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, наным-сенімдерін, мәдениетін қабылдап, бойына сіңіруі үшін жергілікті тайпалардың өз құндылықтарын жоғалтпай, өздерінің рухани кеңістігіне оларды ендіреді. Осы процесте ордаежендік тайпалар басты рөл атқарады.

Осылайша, Шығыс Дешті Қыпшақтың негізгі тайпалары саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты Әбілхайыр хандығының, ал этникалық тұрғыдан алғанда жалпылама саяси жиынтық мәндегі өзбек атауының шеңберіне енеді.

Өзбек этноқауымдастығының ғұмыры Әбілхайыр хандығының саяси тарихымен тікелей байланысты болды. Мемлекеттің әлсіреуінен бұл этноқауымдастықтан оның құрамындағы тайпалар тобы бөліне бастайды. Өзбек этноқауымдастығының ыдырауы қазақ халқының қалыптасуының аяқталып, қазақ этносының тарих мінберіне көтерілер алдындағы этносаяси жағынан ең маңызды оқиға болып саналады. Сол себепті де аз уақыт болса да Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тайпаларын біріктіре алған бұл қауымдастықтың күйреу, ыдырау процестеріне терең үңілетік.

Әбілхайыр хандығының күшеюінің ең шырқау шегі XV ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысына сай келеді. Көп ұзамай бұл мемлекеттің тарихында келесі кезең – ыдырау, күйреу кезеңі басталады. Ол маңғыттардың өзбектерден бөлінуімен басталады. Сол тұстағы Маңғыт биінің ұстанған бағыты мен жүргізген саясаты туралы біз, осы жұмыстың саяси жағына келгенде, терең тоқталамыз. Тек қана қазір бұл жерде Оқас мұрагерлерінің Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себебін көрсете кетелік. Белгілі ноғайтанушы В.В. Трепавлов бұл туралы: «...маңғыт жұртының Өзбек хандығы-



нан бөлінуіне 1440 жылдардың соңында Оқас би қайтыс болғаннан кейін оның ұлдарының Әбілхайырға бағынудан бас тартуы себеп болды. ... Оқас бидің Әбілхайырға қарағанда басқа бір әлсіздеу Жошы ұрпағымен саяси жағынан жақындасуы жөніндегі көзқарасын оның ұлдары жүзеге асырған сияқты», – деп түсіндіреді [257, 100-б.]. Біз осы тұжырымды қолдай отыра, өз тарапымыздан мынадай қосымша дәлелдеулермен толықтырамыз.

Қадырғали Жалайырдың Уақас би туралы «... онан соң Оқас би болды. Неше уақытқа дейін ұлысты сол биледі. Қырық тоғыз жасында Уақас би опат болды», – деген мәліметінен бидің өз ажалынан өлмегенін аңғарамыз [77, 118-б.]. В.В. Трепавлов Оқас бидің өліміне байланысты әртүрлі пікірлерді қарастыра келе, Оқасты өлтірген оның өз туысы Қожас (Хаджы Ахмет мырза) деген тоқтамға келеді [257, 100-б.]. Ол оны кек алумен түсіндіреді [257, 100-б.]. Маңғыт биі Оқастың Әбілхайыр ханға өте жақын болуы Маңғыт Ұлысының «көшпелі өзбектер» еліне тәуелділігін тереңдетіп жібереді. Бұл жағдай өзге маңғыт мырзаларының оған қарсы наразылығын туғызады. Оқас биге қарсы маңғыт мырзалары арасында күшті оппозициялық топ пайда болып, олар оны өлтіру арқылы ғана Ұлыстың дербестігін сақтап қалуға тырысқан. Оқастан соң билікке келген оның інісі Аббас би, одан кейін би болған Оқастың ұлы Хорезми би өздерінің Әбілхайыр ханға қатысты ұстанған саясатында дербестік бағытын ұстанады. Оқас бидің мұрагерлері Маңғыт Ұлысындағы көптеген мырзалар мен бектердің талаптары мен мүдделеріне сай «көшпелі өзбектерден» бөлектеніп, дербес саясат жүргізе бастайды. Біздің ойымызша, Маңғыт тайпалар тобының «көшпелі өзбектерден» бөлінуінің ең басты себебі осы болса керек. Бұл бөлінудің «көшпелі өзбектер» мемлекеті үшін саяси және этникалық салдарлары өте зор болып, біріншіден, оны әлсіретсе, екіншіден, одан ордаежендік тайпалар тобының да бөлінуін бір қадам болса да жеңілдетеді.

Маңғыт Ұлысының «көшпелі өзбектерден» бөлініп, дербестенуін зерттеушілер Ноғай Ордасы мен Ноғай халқының тарихындағы аса маңызды оқиға ретінде қарастырады. В.М. Жирмунский ноғай мемлекетінің құрылуын XV ғасырдың басында болған деп жазса, Е.П. Алексеева, М.Г. Сафарғалиевтер Оқастың Ноғай Ордасының



биі болып жариялануын мемлекеттің құрылған уақыты деп көрсетеді [138, 413-б.; 260, 201-б.; 49, 481-б.]. «Ноғай Ордасы түпкілікті түрде дербес мемлекет болып XV ғасырдың 40-жылдары қалыптасты, әсіресе ел өзбек одағының әлсіреуі мен күйреуіне байланысты күшейе бастайды. Бұрын өзбек одағында болған көптеген тайпалар ноғайларға қосылды», – деп жазады М.Г. Сафарғалиев [49, 481-б.]. Көріп отырғанымыздай, маңғыт билеушілерінің Әбілхайыр ханнан бас тартып, дербес саясат жүргізе бастауы, этникалық тарих тұрғысынан алып қарағанда, «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырай бастағандығын көрсетеді.

Енді төменде ордаежендік тайпалар тобының өзбек этноқауымдастығынан бөлініп кетуі мәселелеріне тоқталалық.

Алдыңғы беттердің бірінде Әбілхайыр ханның Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді бағындырғанын айттық. Сол арқылы ол ордаежендік тайпаларға формальды болса да өз билігін орнатады. Бұл тайпалар өзбек этноқауымдастығының құрамына енгізіледі.

Бірнеше ғасыр бойы ордаежендік әулеттің билігіне мойынсұнған бұл тайпалар тобы бірден шибандық әулеттің билігін мойындай қоймайды. Сырдария өзені бойындағы жақсы жайылымдардан айырылу, жаңа салықтар және тағы сол сияқты шибан әулетінің үстемдіктері ордаежендік тайпаларды Әбілхайыр ханға қарсы қояды. Бұл дегеніміз – «көшпелі өзбектер» елінде ішкі этникалық бірліктің болмағандығын көрсетеді. Тіпті шибанилық тайпалар арасында да хан билігіне наразы топтар пайда бола бастайды. Наразы топтардың пайда болуын біз былайша түсіндіреміз. 1428 жылы 16–17 жастағы Әбілхайырды хан сайлаған жергілікті ру-тайпа көсемдері – әмірлер, бектер, бахадүрлер өзіндік мүдделерді көздеген болатын. Егерде жоғары билікті ресми түрде иеленген хан жас, тәжірибесіз болса, онда мемлекеттегі жоғары саяси билікті иелену мен шешімдер қабылдау секілді маңызды істер әмірлер мен бектердің қолында болады. Ал хан өте тәжірибелі болса, онда әмірлер мен бектер саяси билік пен шешім қабылдаудан шеттетіліп, тек шешімді орындаушылар ғана болады. Бұған мысалды әлемдік тарихтан көп кездестіруге болады. Тіпті, Алтын Орданың тарихында да мұндай жағдайға дәлел болатын оқиғалар баршылық. Соның біріне Кіші



Мұхаммед хан мен Барақ ханның таққа отырғызылуына қатысты оқиға жатады. XV ғасырдың бірінші ширегінде Алтын Орда тағына Едігенің ұлы Мансұр би Темір ханның жас баласы Кіші Мұхаммедті отырғызады. Біршама уақыт өткеннен кейін ол биге ұнамай, таққа Барақ ханды отырғызуды ойластыра бастайды. Сол кезде өз заманының кемеңгер, ақылгөй қариясы – Жантемір деген ақсақал оған: «Мұхаммед хан әлі жас, әлі де өз бетінше арбаны сүйреп жүре алмайды, онымен сенің өмірің тыныштықта өтеді, ал Барақ – күшті бурамен бірдей, ол арбанды сүйреп қана қоймай, керек кезінде сені аударып, таптап тастайды», – деп кеңес берген екен [97, 209–210-б.]. Жантемір қарияның айтқан сөзін жай ғана сөзден гөрі, сол дәуірдегі, яғни XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси-құқықтық және философиялық ақыл-ойдың көрінісі деуге болады. Өйткені, Алтын Ордадағы «дүрбелең жылдар» оқиғалары барысында көптеген ұстанымдар мен құндылықтар өзгеріске ұшырап, одан кейінгі кезеңде жаңа ұстанымдар қоғамдық өмірде белең ала бастаған болатын. Соның біріне – мемлекеттік биліктің жоғарғы деңгейінде шексіз құқыққа ие болып, дербес, жеке-дара билік жүргізетін шыңғыстық ұрпақтар бірте-бірте жергілікті жерлердегі ру-тайпа әмірлері мен бектеріне тәуелді бола бастауы жатады. Олардың таққа келуін, ішкі және сыртқы саясаттарының бағыттарын әмірлер немесе әмірлер тобы айқындап, белгілей бастайды. Әмірлер мен бектердің қолдауымен таққа отырып, олардың барлық мүдделеріне сай келетін немесе қарсы келмейтін саясат жүргізген ханның өмірі де, билігі де ұзаққа созылады. Ал егерде қайшы келсе, онда ханның өмірі де, билігі де өте қысқа болған.

Алтын Орданың XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси тарихы соған дәлел. Жантемір қарияның сөзінен тағы бір мынадай ерекше жағдайды аңғарамыз. Мемлекеттік билікті басқару және оған ықпал етуге байланысты бір-біріне қарама-қарсы екі дәстүрдің өзара күресін көруге болады. Моңғолдық немесе шыңғыстық дәстүр бойынша ханның билігі шексіз болса, қыпшақтық дәстүр бойынша билікке белгілі бір дәрежеде ру-тайпа әмірлері мен бектерінің қатысы болған. «Дүрбелең жылдарға» бірінші дәстүр үстем болып келсе, ал одан кейін екінші дәстүрдің күшеюі басталады. Екінші дәстүрді ұстанушылар көп жағдайда билікке жап-жас немесе



ерік-жігері аз Шыңғыс ұрпағын отырғызу арқылы өз мүдделеріне сай келетін саясат жүргізуге тырысып отырған. Кіші Мұхаммед хан мен Барақ ханның мысалы біздің осы ойымызды қуаттайды. Жап-жас Әбілхайыр ханның билікке келуінде де оны қолдаған шибанилық тайпалардың әмірлері мен бектері осындай көзқарастарда болатын.

1440 жылдардың соңына таман Әбілхайыр ханның жасы 40-қа тақап, тақта отырғанына 20 жылдай уақыт болады. Ол осы жылдар ішінде үлкен тәжірибе жинақтап, күшті мемлекет басшысына айналады. Бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты саяси жағынан бағындырып, қарсыластарын жеңіліске ұшыратқан ол, бұрынғы моңғолдық дәстүр бойынша билікті жеке дара иеленіп, өзі басқара бастайды. Бұған іштей наразы болған маңғыт мырзалары одан бөлініп кетсе, өзінің қоластындағы шибанилық тайпалар бөліне алмайды, тек наразылықтарын іште бүгеді.

Біз оның сыртқа шығуын 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілхайыр хан мен қалмақ тайшысы Үз-Темір арасындағы шайқастан көреміз. Сығанақ түбіндегі шайқас туралы біз келесі тараулардың бірінде тереңірек қарастыратын болғандықтан, оған бұл жерде тоқталмаймыз. Тек қана осы шайқасқа шибанилық тайпалардың қаншасының қатысқан-қатыспағанын қарастырамыз.

Алдыңғы беттерде 1428 жылы Әбілхайырды хан сайлағанда оған шибанилық тайпалардың бәрінің қатысқандығын айтқанбыз. «Тарих-и Абулхаир-хани» дерегінде оған қатысқан тайпалардың саны 30-ға жуық, ал әмірлер мен бектер, баһадүрлер саны 71 болатын [110, 143–144-б.]. Осы дерек 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі шайқасқа Әбілхайыр ханды қолдаушылардың, яғни шибанилық тайпалардың 9-ының, ал әмірлер мен бектердің, бахадүрлердің 17-інің ғана қатынасқандығын баян етеді [110, 168-б.].

Шибанилық тайпалар ішінде сан жағынан ең көптерінің біріне жататын найман тайпасының Әбілхайыр ханға көзқарасының өзгеруі бүкіл шибанилық тайпалардың «өзбектер» ханына көзқарасының қалай өзгергендігіне нақты мысал бола алады. 1428 жылғы хан сайлауға найман тайпасындағы тоғыз рулық бөлімнің өкілдері қатынасып, олар – найман және Украш найман (Өкіреш-найман) деген атаулармен екіге бөлініп беріледі [110, 144-б.]. Қазіргі қазақ шежіресінде қазақ халқының құрамындағы наймандардың арғы



аталарының бірі Өкіреш делініп, ол тайпаның түп атасы ретінде айтылады [172, 94-б.]. Кухистанидың мәліметіндегі тоғыз найман басшысының үшеуі – Өкіреш найман бөлімінен деп берілуі олардың рулық бөлімдерінің көп тармақталғандығын көрсетеді.

1428 жылғы хан сайлаудан 1457 жылғы қалмақтармен шайқасқа дейін шибанилық тайпалар секілді наймандар да Әбілхайыр ханның туы астында оның барлық ұрыстары мен шайқастарына белсене қатынасады. Атап айтсақ, «көшпелі өзбектер» ханының Махмұд қожа ханға қарсы соғысына Сопы бек найман, Қара Оспан найман, Омар найман, Әбубәкір Өкіреш найман; Алтын Орда билеушілері Махмұд пен Ахмед хандарға қарсы соғысына Сары Оспан найман, Әбубәкір Өкіреш найман; Мұстафа ханға қарсы соғысқа да осы екі найман тайпасының басшылары белсене атсалысады [110, 146–149-б.; 153–158-б.].

1450–1451 жылы «көшпелі өзбектердің» Мауереннаһрға жасаған жорығына Сопы бек найман, Қара Оспан найман және Төлен қожа найман бастаған жасақтар қатысып, олар Әбілхайыр хан әскерінің оң қанатын құрайды [110, 164-б.].

Ал 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі қалмақтармен ұрысқа найман тайпасынан Әбубәкір найман бастаған бахадүр жалғыз өз жасағымен ғана қатысады. Ал наймандардың басқа ру бөлімдері бұл шайқасқа қатыспай, тыс қалады. Олардың қатыспауын Әбілхайыр ханға деген көзқарастарының өзгеруінен деп түсінеміз. Әбілхайыр ханның бұл шайқаста жеңіліс тапқаны белгілі. Жеңіліске ең басты себеп – Әбілхайыр ханның өзін билікке әкелген тайпалар тобынан толық қолдау таппауы жатады. Міне, ханның саясаты жергілікті этникалық күштердің мүдделеріне сай келмегенде, олар ханға өз наразылықтарын осындай жолдармен көрсетеді.

Ордаежендік тайпалар алғашқы кезден-ақ Әбілхайыр ханға қарсы болғандықтан, бұл шайқасқа қатысудан бірден бас тартқан секілді. Қалай болса да, Кухистанидың мәліметінде ханға жасак қосқан тайпалар арасында ордаежендік тайпалар атауы кездеспейді.

1457 жылғы Сығанақ түбіндегі шайқаста Әбілхайыр ханның жеңілуі «көшпелі өзбектер» елінің өз дамуының соңғы кезеңіне, ыдырау мен күйреу кезеңіне аяқ басқандығын көрсетеді. Әбілхайыр хан жеңілістің себебін өзін қолдамаған ру-тайпалардан көріп, олар-



ды жазалауға кіріседі. Шибанилық деректердің авторлары өз шығармаларында Сығанақ түбіндегі шайқас туралы айтпауға, айтқандарын өте қысқа ғана баяндауға тырысады. Әбілхайыр ханның жеңістерін мадақтап жазған Кухистани шайқастан кейінгі жағдайды: «Үз-Темір тайшы кеткеннен соң Әбілхайыр хан... Сығанақ қаласын қалдырып, халқы мен ұлысын жинады да, мемлекеттің және қоластындағылардың істері мен әскерін ретке келтірумен айналысты», – деп баяндайды [110, 170-б.]. Бұл дерек мәліметіндегі «қоластындағылардың істері» деген сөзден көп нәрсені аңғаруға болады. Соның біріне – өзін қолдамағандарды жазалау жатса керек. Қолдамағандардың ішінде ең басты тайпалар, ол – ордаежендік тайпалар болғандықтан, хан тарапынан ең қатты жазалауға да ұшырайтындар осылар болуы тиіс-ті. Мұхаммед Хайдар Дулати «Керей хан мен Жәнібек хандар одан қашып Моғолстанға кетті», «... Жошылық кейбір сұлтандар ол тарапынан төніп келе жатқан қауіпті алдын-ала сезіп, оны болдырмауға тырысты», «Сол мақсатпен Керей хан, Жәнібек сұлтан және тағы сол сияқтылар аздаған адамдармен Әбілхайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді», – деп жазса, Махмұд бен Уәли: «Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақ өңірлерінде көкесінің ұлдарын жеңіске ұшыратты, билікке келгенде, ... Керей хан мен Жәнібек хандар тәуелді болу мен бағынудан бас тартып, туған жерлерінен қашуға мәжбүр болды», – деп баяндайды [133, 110-б.; 305-б.; 127, 195-б.; 221–222-б.; 136, 352-б.].

Осылайша, ордаежендік тайпалардың Әбілхайыр ханға деген наразылығы Сығанақ түбіндегі шайқасқа дейін жабық түрде болып келсе, шайқастан кейін ол ашық түрге ауысады. Ал орта ғасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағындағы тайпалардың билікке қарсы ашық түрдегі күресінің біріне – оның әскеріне қарсы тұру болса, екіншісіне – ханнан бөлініп, көршілес елдердің біріне көтеріле көшіп кету жатады. Ордаежендік тайпалар күрестің осы екінші түрін қолданады. Сөйтіп, маңғыттардың бөлініп кетуінен кейін, ордаежендік тайпалардың да «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығынан бөлінуі – біріншіден, Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси-этникалық мәндегі өзбек этноқауымдастығының ыдырағандығын, екіншіден, осыдан бөлініп шыққан этнотоптың жаңа бір этносты – қазақ атты этносты тарих мінберіне шығарғандығын көрсетеді.





Жоғарыда айтылған пікірлеріміз этникалық дамудың объективті барысын көрсетсе, ол дамудың бағыт-бағдары, ауқымы, екпіні, жылдамдығы көп жағдайда саяси факторлармен тығыз байланыста болады. Ордаежендік тайпалар тобының сол тұстағы жетекшілері, Орда Ежен әулетінің өкілдері Керей мен Жәнібек сұлтандардың осы этносаяси процестерде өзіндік мүдделері болғаны белгілі. Оған ең алдымен, әрине, бұрынғы Ақ Орда хандығы тұсындағы Орда Ежен әулетінің билігін қалпына келтіру жатты. Осылайша, XV ғасырдың бірінші жартысындағы этносаяси процестердің дамуы барысында саяси күштердің мүддесі мен этникалық топтардың мүддесі бір арнаға тоғыса келе, жаңа ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығы мен ұлттық сипаттағы этнос – қазақ халқын қалыптастырады.

Осы тараушада қарастырылып, әрбір мәселе бойынша жасалған тұжырымдарымызды жинақтай келе, мынадай жалпы қорытындыларға келеміз.

Бірінші, XIII–XIV ғасырлардағы этникалық дамулардың нәтижесінде Жошы ұлысында қалыптасқан өзбек этноқауымдастығы атауының түп-төркіні, шығуы, мәні және осыған қатысты зерттеушілердің пікірлері қарастырыла келе, біз бұл мәселе бойынша ортақ тұжырымның жоқ екендігіне көзімізді жеткіздік. Зерттеушілердің бір тобы «өзбек» этнонимінің шығуын Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен байланыстырса, екінші бір тобы бұл сөзді «өзі» және «бек» атты әлеуметтік мәндегі қос сөзден шыққан деп түсіндіреді. Біз өз зерттеуімізде бірінші пікірді қостай отыра, өзбек сөзінің түп-төркіні «өзі» және «бек» атты түрік тіліндегі қос сөзден құралып, ер адамға берілетін кісі есімі екендігін, бұл есімнің Алтын Орда ханы Өзбекке дейін де, Өзбектен кейін де тарихта болғандығын жазба деректер негізінде дәлелдедік.

Екінші, өзбек атауы Өзбек ханның билігі тұсында бүкіл Алтын Орданың әскеріне, кейіннен барлық тұрғындарына қатысты қолданыла бастап, әлеуметтік мәннен жинақтаушы саяси-этникалық мәнге ауысады. Араб тіліндегі авторлар XV ғасырдың басына дейін өзбек атауын қыпшақ атауымен қатар қолданса, парсылық авторлар осы тұста тек қана өзбек атауын этникалық мәнде қолданады. Сонымен бірге олардың көп жағдайда өзбек атауын Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары мен Ақ Ордаға қатысты қолданатындықтары анықталды.



Үшінші, XV ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларының «көшпелі өзбектер» атты этноқауымдастықта болып, оның құрамындағы маңғыт, шайбанилық және ордаежендік тайпалар тобының ру-тайпалық құрамы анықталды, оларға қысқаша сипаттама берілді.

Төртінші, Қазақ халқының негізін ордаежендік тайпалар тобының құрағандығы анықталды. Бұл топтағы Арғын, Қыпшақ, Алшын тайпалары мен тайпалық бірлестіктері моңғол жаулаушылығына дейін Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің басты компоненттерін құраса, оларға кейін қосылған Жалайыр, Қоңырат, Найман, Керей тайпалары XIII–XV ғасырларда Орда Ежен Ұлысында болып, осы дәуірдегі этникалық дамудың негізгі бағыты мен бағдарларын айқындайды.

Бесінші, ордаежендік тайпалар XV ғасырдың ортасында тарихи жағдайларға байланысты «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығынан бөлініп, жаңа ұлттық сипаттағы қазақ этносын дүниеге келтіреді, ал ол өз кезегінде, яғни бөліну процесі Қазақ хандығының құрылуының этникалық негізін құрайды. Сондықтан да біз осы кезеңдегі этникалық дамулар барысын Қазақ хандығы құрылуының этникалық алғышарттарына жатқызамыз.



## V. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ САЯСИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

### 5.1. XV ғасырдың ортасындағы Әбілхайыр хандығының ішкі саяси жағдайы

Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттары XV ғасырдың бірінші жартысы мен сол ғасырдың орта тұсындағы Шығыс Дешті Қыпшақта болған Әбілхайыр хандығының, Ноғай Ордасының, Моғолстан мемлекетінің және Мауереннаһрдағы Әмір Темір ұрпақтары мемлекетінің ішкі саяси жағдайлары мен олардың бір-бірімен жүргізген сыртқы саяси қатынастарынан туындайды. Осы аталған мемлекеттердегі ішкі және сыртқы саясат мәселелерін терең талдағанда ғана біз, Қазақ хандығының құрылуы кездейсоқ оқиға емес, керісінше, XIV–XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһр және оларға іргелес елдердегі саяси құрылымдар арасында болған саяси дамулардың заңды қорытындысы болғандығына көзімізді жеткіземіз. Олай болса, жоғарыда аталған мемлекеттердің әрқайсысын жеке-жеке алып, біріншіден, олардың XV ғасырдың бірінші жартысындағы ішкі саяси жағдайын, екіншіден, бір-бірімен саяси қатынастарын қарастырып көрелік.

Қазақ хандығының құрылуы барысындағы ең ірі, ең маңызды оқиғаға – Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр хандығынан бөлініп кетуі жататындықтан, талдауымызды осы мемлекеттің тарихынан бастаймыз.

Ақ Орда мемлекетінің соңғы билеушісі қайтыс болғаннан кейін, 1428/1429 жылы жергілікті ру-тайпа көсемдері мен ірі дін басыларының қолдауымен жап-жас шибанилық сұлтан Әбілхайыр таққа отырғызылады да, 40 жылдай билікте болып, 1469/1470 жылы қайтыс болады. Көп ұзамай оның мұрагерлерінің билігі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан шеттетіледі. Кенестік дәуірдегі және қазіргі кезеңдегі отандық тарихнамада бұл мемлекетті Әбілхайыр хандығы, «Көшпелі өзбектер» мемлекеті, Өзбек ұлысы деп атау қалыптасқан [102, 196-б.; 212, 183–188-б.; 220, 154–159-б.; 24, 7–26-б.; 97, 215–223-б.; 98, 225–227-б.].

Бұл мемлекеттің тарихын тарих ғылымында зерттелмеген, көмескі деуге болмайды. 1965 жылы белгілі өзбек кеңес тарихшысы



Б.А. Ахмедов осы мемлекеттің тарихына арналған «Государство кочевых узбеков» атты монографиясын жарыққа шығарған болатын [102, 196-б.]. Оның еңбегіне белгілі шығыстанушы В.П. Юдиннің берген сын-пікірін нағыз классикалық үлгідегі сын-пікір деуге болады. «Б.А. Ахмедовтың зерттеуі – XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген өзбектердің тарихи жолын жүйелеп, ғылыми тұрғыда зерттеуге арналған алғашқы ұмтылысы», – дей келе, ол зерттеудегі көптеген қате пікірлер мен кемшіліктерді нақты-нақты атап көрсетіп береді де, жалпы кітап жөнінде «Б.А. Ахмедов пайдалы кітап жазған», – деген тұжырым жасайды [261, 261–270-б.]. Қазіргі таңда Б.А. Ахмедовтың осы еңбегінің жарыққа шыққанына 50 жылдай уақыт өтті. Тарих ғылымында осы жылдары күрделі өзгерістер болып, ол теориялық, методологиялық, деректанулық, тарихнамалық тұрғыда біршама алға жылжып кетті. В.П. Юдин атап көрсеткен кемшіліктер мен қателіктерден басқа біздің өзіміз одан бірнеше кемшіліктерді аңғарып отырмыз. Олар мыналар: а) жап-жас Әбілхайырдың билікке келуінің және де жергілікті ру-тайпа басшыларының оны қолдауының себептері ашылмай қалған; ә) Әбілхайыр ханның Шығыс Дешті Қыпшақты біріктіру жолындағы қол жеткізген жеңістерінің себептері ашылмаған; б) 1446–1468/1469 жылдардағы Әбілхайыр ханның Мауереннаһрдағы Ақсақ Темір ұрпақтарымен жүргізген саясаты, қарым-қатынастары бар болғаны бір-ақ сөйлеммен берілген; в) Әбілхайыр ханның Моғолстанға жасаған ең соңғы жорығының мақсаты, бағыты, барысы туралы ештеңе айтылмайды. Мұндай кемшіліктерді зерттеуден көптеп кездестіруге болады. Жалпы алғанда, А.А.Ахмедовтың бұл еңбегінде XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының этносаяси тарихына қатысты бірталай мәселелер назардан тыс қалдырылған және терең қарастырылмаған. Дегенмен де, біз В.П. Юдиннің бұл кітап жөніндегі айтқан пікірін қостай отырып, өз тарапымыздан Б.А. Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» атты еңбегі – Шығыс Дешті Қыпшақта XV ғасырдың 20–60-жылдары өмір сүрген Әбілхайыр хандығының тарихына арналған бірінші және күні бүгінге дейінгі жалғыз еңбек, ол сонысымен құнды демекпіз.

Біз Әбілхайыр хандығының XV ғасырдың 20–60-жылдардағы ішкі және сыртқы саяси жағдайларын қарастыру барысында кейбір мәселелерге қатысты ой-пікірлеріміз, тұжырымдарымыз бізге дейінгі



зерттеушілердің зерттеу қорытындыларымен ұштасып, бірін-бірі қайталап жатса, онда біз сол авторларға сілтеме жасаумен ғана шектелеміз. Ал тың мәселеге қатысты өзіміздің жеке ойымыз бен пікірлерімізді білдіреміз.

Әбілхайыр хандығының ішкі саяси жағдайын түсіну үшін, алдымен, Әбілхайырдың билікке келуі мәселесіне тоқталалық. Ежелгі және орта ғасырлардағы әлем және Қазақстан тарихында жоғарғы билікке бірнеше жолдармен келетіндігі белгілі. Біріншісіне – әулеттің негізін қалаушы тұлға өзінің жеке басының қасиеттерін көрсете отырып, қарулы күрес, соғыс арқылы келсе, екіншісіне – мұрагерлік жолмен келу жатады. Бұл жағдайда көбінесе, бұған дейін хан болған әкенің, не аға-бауырдың өсиеті есепке қатаң алынады. Үшіншісіне – бір әулет ішіндегі тұлғалардың өзара билік үшін күресі арқылы келу болса, төртіншісіне – әулеттің жап-жас өкілін сарай маңындағылардың, әмірлер мен бектердің қолдап отырғызуы жатады. Бұларға дәлел ретінде ежелгі үйсіндердің, түріктердің, қыпшақтардың, саяси тарихынан, сондай-ақ Алтын Орданың, Ақ Орданың, Моғолстанның, Темір мемлекетінің, Ноғай Ордасының тарихынан көптеген мысалдар келтіруге болады. Осы билікке келудің әртүрлі жолдарын талдай келе, мынадай бір заңдылық бар екенін аңғарамыз. Билеуші әулеттің идеологиялық негізі мықты болған жағдайда билікті мұралану барысы қатаң сақталады, ал идеологиялық негіз әлсіреп, тоқырағанда, онда билікке туған бауырлар бірін-бірі өлтіріп жетеді немесе әулеттің ең жас, тәжірибесіз өкілін жергілікті саяси күштер немесе топтар таққа отырғызады. Әбілхайырдың 16–17 жасында билікке келуіне қарап-ақ XV ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси-идеологиялық жағдайдың қандай күйде болғандығын біле аламыз. Жалпы алғанда, XV ғасырдың Алтын Орда үшін қандай маңызға ие екендігі тарихшыларға мәлім. Бұл ғасырда Алтын Ордадан Қырым, Қазан, Сібір, Астрахан хандықтары, Ноғай Ордасы бөлініп кетіп, әрқайсысы жеке, дербес мемлекет ретінде өмір сүре бастайды [49, 453–518-б.]. Империяның саяси жағынан бытыраңқылыққа ұшырап, күйреуінің басты себептерінің біріне – билеуші әулетке негіз болған идеологияның әлсіреуі жатса керек. Дәл осындай тенденцияны Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінен де көреміз. Ақ Орданың соңғы ханы Барактың ноғай мырзалары Қазим (Ғазим), Наурызбен соғысып қаза табуы шыңғыстық идеологияның әбден әлсірегенін көрсетеді [77, 118-б.].

Шыңғыс ұрпағына жатпайтын ноғай мырзаларының Шыңғыс хан ұрпақтарымен текетіреске түсуі, жоғарыда атап өткендей, шыңғыстық идеологияның әлсіреуін және хандық билік беделінің төмендеуін жергілікті этнооптардың саяси беделінің артқандығын көрсетеді. Міне, осы саяси беделі мен ықпалы өскен Шыңғыс Дешті Қыпшақтың ру-тайпаларының көсемдері мен ірі дін басылары 1428 жылы Әбілхайырды хан сайлайды.

Әбілхайыр ханның шығу тегі жазба деректерде өте жақсы баяндалады [108, 34–35-б.; 136, 347–349-б.]. Ол – Жошының бесінші ұлы Шибанның ұрпағы. Дерек мәліметтеріне сүйенсек, Шибан, одан Баһадүр, одан Жошы Бұқа, одан Бадағұл оғлан, одан Мың Темір хан, одан Болат, одан Ибрагим (*Аба-оғлан деп те аталады – Б.К.*), одан Даулет-Шайх, ал Даулет-Шайхтың жалғыз ұлы – Әбілхайыр хан [110, 34–35-б.; 347–349-б.]. Деректер Шибан Ұлысында XIII ғасырдың басынан, яғни Шибан ханнан бастап Әбілхайырдың әкесі Даулат-шайхқа дейінгі ұлыс билігінің өзгермей әкеден балаға дейін ауысып отырғандығын нақты көрсетеді [110, 347–349-б.]. Бұл дегеніміз Әбілхайырдың жас болса да 1428 жылы ұлыс және әулет ішіндегі ең бір ерекше тұлға екендігін көрсетеді.

Әбілхайырдың туған жылы ортағасырлық дерек мәліметтерінде және оған сүйенген зерттеушілердің еңбектерінде хижра жыл санауы бойынша 816 жыл (1413) деп көрсетіледі [110, 141-б.; 47, 37-б.]. В.В. Бартольд бұл датаның қате екендігін көрсетіп, «Әбілхайыр 1412 жылы айдаһар жылы туылған, – деп дәлелдейді [182, 489-б.].

Біз де осы датаны қолдай отырып, өз тарапымыздан былайша дәлелдеп көрсетеміз. Кухистани Әбілхайыр ханды 57 жасында хижраның 874 жылы қайтыс болған деп жазады [110, 171-б.]. Бұл жылдың біздің жыл есептеуіміз бойынша 1469 жыл екендігі белгілі. Олай болса, 1469 жылы 57 жастағы адам 1412 жылы туылған болып шығады.

Әбілхайырдың әкесі Даулат Шайх оғлан әкесінің орнына билік жүргізіп, жазба деректерде ол туралы: «Ол басқарудың негізін қалады және адамдар үшін жарлықтарға бағынуды үйретті. Туысқандармен, ру-тайпалармен және барлық әскермен ол өте жақсы қатынаста болды. Ол сол тұстағы хандарға қатысты «көтеріліс» деген сөзден қашығырақ болды, бұл сөзден ол алыс болуды өзінің міндеті деп санады», – деген мәліметтер қалады [136, 349-б.]. Әбілхайыр хан әкесінің өз ұлысындағы билігі ұзаққа созылмаған секілді. Оның қашан, неше жасында қайтыс болғанын деректер айтпайды.



Б.А. Ахмедов осыған байланысты Махмұд ибн Уәлидің дерегіне сүйеніп, «Даулат шайх-оғлан қайтыс болғаннан кейін шибанилықтар арасында билік үшін күрес күшейіп, соның салдарынан оның кішкентай ұлы Әбілхайыр биліктен шеттетіледі. Шибан Ұлысындағы билікті алғашында Сопы, ал кейін оның ұлы Жұмадық хан басып алады», – деп айтады [102, 43-б.]. «Тарих-и Кипчаки» дерегінің авторы «Әбілхайыр хан балалық шағын [туысқандығына] байланысты Жұмадық ханның жанында өткізді. Ол Әбілхайырды әскер мен елді басқаруға қабілеті жететіндей етіп тәрбиеледі», – деп жазады [210, 390-б.]. Әр түрлі жазба деректердегі мәліметтер бойынша Әбілхайыр мен Жұмадық хан 5-6 атадан туысады. Олардың ортақ арғы атасы – Бадағұл ұлы Мың Темір хан. Мың Темірдің алты ұлының бірі – Болат, одан төртінші буында Әбілхайыр тараса, Мың Темірдің келесі бір ұлы – Сүйініш Темір. Одан Сүйініш бай, одан Баба, одан Сопы мен Ақсопы, ал Сопыдан – Жұмадық таралады [108, 34–36-б.; 136, 348–349-б.]. Кухистани секілді тарихшылар Жұмадықтың есімінің жанына «хан» титулын қосып жазса, бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақта, Қырымда, Қазанда, Хажытарханда (Астрахан), Батыс Сібірде, Хорезмде билік құрған әулеттер туралы құнды мәліметтер берген Қадырғали Жалайыр еңбегінде Жұмадық ханның есімі кездеспейді де, аталмайды да. Керісінше, Қ. Жалайыр Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы шайбанилық әулеттің билігін Әбілхайыр ханнан бастайды [77, 120-б.]. Соған қарағанда Жұмадық хан – Шибан ұлысы ішіндегі көп ұлыстардың бірінің ханы ғана болған. Біздің бұл ойымызды «Муизз ал-ансаб фи шаджарат салатин могул» атты шежірелік деректегі мынадай мәлімет дәлелдейді. Шығарманың анонимді авторы (еңбек 1426 жылы жазылған) шибан әулетінің шежіресін тарқата келе, Жұмадық-оғланның әкесін Сопы (Суфи) деп жазады да, Жұмадыққа қатысты: «Қазіргі кезде – 829 жылы (13.XI.1425–1.XI.1426) әкесінің тірі болғанына қарамастан, бір адамдар тобы оны патшалыққа отырғызды», – деген қосымша мәлімет береді [84, 55-б.]. Бұл мәліметке Б.А. Ахмедов ерекше назар аударып, мәтіндегі «жамағат» деген сөздің тек «адамдар тобы» ғана емес, сонымен бірге, «тайпа», «белгілі адамдардың жиыны», «бас қосу» және тағы басқа осындай сипаттағы мағынаға ие екендігін айтады [102, 43-б.]. Біздің ойымызша, бұл жерде «жамағат» сөзі ұлыс көлеміндегі ру-тайпа көсемдері мен дін басыларының тобын, жиынын, бас қосуын білдіріп тұр. Міне, осы топ 1425/1426 жылы



Жұмадықтың әкесі Сопыны биліктен шеттетіп, орнына ұлы Жұмадықты отырғызады. Жошы ұрпақтарының шежіресін, оның ішінде шибанилықтар шежіресін өте жақсы тарқататын «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» атты еңбекте Мыңтемір ханның Сүйінші Темір атты ұлынан таралатын ұрпақтардың ешқайсысының есімінің жанында «хан» лауазымы берілмеген. Бұл деректегі шежіренің бір ерекшелігі сол, онда қай заманда өмір сүргендігіне қарамастан кез келген Жошы ұрпағы егер ол билікте болса, оның есімінің жанына «хан» лауазымы қоса жазылып отырылады. Осы тұрғыдан келгенде, Мыңтемір ханнан Жұмадыққа дейінгі бес буында ешкім хандық билікте болмаған. Тіпті, «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» авторы Жұмадық есімін «хан» лауазымынсыз жазады [110, 36-б.].

Осы жоғарыда келтірілген мәліметтерді талдай келе, біріншіден, Жұмадықтың Мыңтемір ханға дейінгі ата-бабалары туралы сөз айтқанда оларды Шығыс Дешті Қыпшақтың қоғамдық-саяси өміріне ықпал етіп, із қалдырған белгілі тұлғалар деп айта алмаймыз. Керісінше, олар саяси оқиғалардың қалтарыстарында, шеттерінде қалып отырған секілді. Екіншіден, Шибан ұлысындағы ру-тайпа басшыларының ұлыс билігінен Шыңғыс ұрпағын алып тастап, орнына оның ұлын отырғызуы – Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Шыңғыс ұрпақтары беделінің әлсірегендігін, жергілікті ру-тайпа көсемдерінің саяси рөлі мен ықпалының өсіп, күшейгендігін көрсетеді. Үшіншіден, Әбілхайыр ханның әкесі Даулат Шайх оғлан қайтыс болғаннан кейін сонау XIII ғасырдан әкеден балаға беріліп, жалғасып келе жатқан ұлыс билігін мұралану дәстүрі бұзылады. Билікке келген жаңа хан – Сопы ұлыстағы бытыраңқылықты тоқтата алмайды, керісінше, Шибан Ұлысында бір-біріне бағынбайтын, бірнеше дербес ұлыстар пайда болады.

Енді Әбілхайырдың билікке келуі қарсаңындағы Шибан ұлысының ішкі жағдайына тоқталалық.

Бұған дейінгі тарауда Шибан ұлысының аумағын қарастырып өткенбіз. Сол себепті де бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, ұлыс аумағы Кіші жүздің аумағына сәйкес келеді. Шибан Ұлысын XIV ғасырда билеген Болаттың екі ұлы Ибрагим мен Арабшах әкелерінен кейін ұлысты екіге бөліп, дербес басқарады. Олар жазда – Жайықтың жоғарғы ағысы бойында, қыста – Сыр бойында мекен етеді. Дерек беруші Әбілғазы Ибрагим мен Арабшахты «бір-біріне көшіп-қонып араласты», –





деп баяндайды [258, 105-б.; 117, 122-б.]. Жазба деректер Шибан ұлысындағы екі иеліктің қай өңірде болғандығын нақты жазбаса да, оларды анықтауға болады. XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларға қарап, оларға талдау жасай келе, Арабшахтың иелігі шибан Ұлысының оңтүстік бөлігін, ал Ибрагимнің иелігі солтүстік бөлігін алып жатқан деген тұжырымға келеміз. Бұған дәлел ретінде Арабшахтың 3–4 буын ұрпақтары: Ядгар ханның, Берке сұлтанның иеліктерін XV ғасырдың ортасында Сыр бойынан, ал Ибрагимнің немересі Әбілхайырдың иелігін солтүстіктегі Тобыл өзені маңынан кездестіреміз [110, 147-б.; 127, 198-б.; 210, 391-б.].

Әбілхайырдың әкесі қайтыс болғаннан кейін солтүстік бөлікте Сопы, одан кейін Жұмадық ханның билігі орнағанымен, олардың жарлығы солтүстік бөліктің барлық ұлыстарына жетпейді. Б.А. Ахмедов өз еңбегінде Әбілхайырдың билікке келуі қарсаңында Шибан Ұлысында пайда болған жеке ұлыстарға Жұмадық ханның, Махмұд қожа ханның, Мұстафа ханның, Даулат-Шайх-оғланның, сондай-ақ Тура қаласы мен оған іргелес аудандардың бүркіт тайпасының көсемдері Адаб бек пен Кепек бектің билігі жүргендігін айтады [102, 43–44-б.]. Осы жерде Б.А. Ахмедовтың ұсақ Шибан ұлысындағы ұлыстардың аумақтарын көрсетуде бірнеше кемшіліктер мен дәлсіздіктерге орын берілген деп есептейміз. Біріншіден, Б.А. Ахмедов ұсынып отырған «Шибан Ұлысының картасында» оңтүстік бөліктегі ұлыстар көрсетілмеген. Екіншіден, картада Сыр бойы мен Аралдың солтүстік жағы Жұмадық ханның ұлысы деп көрсетіледі, бұл аймақ Арабшах ұрпақтарының иелігі болғандықтан, бұл өңірде Жұмадық ханның иелігі болуы мүмкін емес. Үшіншіден, Даулат шайх-оғланның ұлысы Тобыл маңында деп дұрыс көрсетіледі, оның орнына билікке келген Сопы, одан кейін Жұмадықтың да ұлысы сол жерде болуы керек. Өкінішке орай, Жұмадық ханның ұлысы Б.А. Ахмедовтың картасында оңтүстік бөлікте деп көрсетілген. Біздің ойымызша, Б.А. Ахмедов құрастырған картаны «Шибан ұлысының солтүстік бөлігіндегі иеліктер» картасы деп атауға болады. Жалпы алғанда, XV ғасырдың 20-жылдарының соңына таман Батыс Қазақстан аумағындағы Шибан Ұлысының солтүстік бөлігінде саяси бытыранқылықтың нәтижесінде бірнеше дербес ұлыстар пайда болып, әрбір ұлыстың билеушісі өз беттерінше дербес саясат жүргізіп отырады. Ол ұлыстарға: Жұмадық ханның, Махмұд қожа



ханның, Мұстафа ханның иеліктері, Тура өңірінде бүркіт тайпасының бектері Адаб бек пен Кепек бектің иеліктері, сондай-ақ Ембі мен Еділ өзендерінің аралығында маңғыт билерінің ұлыстары жатады.

1428 жылы 16 жасар Әбілхайырдың билікке келер қарсаңындағы Шибан Ұлысының жағдайы осындай болатын.

Енді Әбілхайыр ханның билікке келуі мәселесіне тоқталалық.

Біз бұған дейінгі Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарттарына арналған тарауда мәселенің этникалық жағын қарастырып өткенбіз. Енді саяси жағына да назар салалық. Жап-жас, ешқандай тәжірибесі жоқ Әбілхайырды билікке отырғызу арқылы жергілікті этносаяси күштер өзіндік саяси мүдделерді көздейді. Кез келген саяси күштердің басты мақсаты билікті иелену, билікке ықпал ету болса, орта ғасырлардағы монархиялық елдерде саяси күштер мен топтардың мақсаты билікке әулет өкілдері арасынан өздерінің қалаған адамын әкелу, сол арқылы ішкі және сыртқы саясатта өздерінің мүдделеріне сай келетін саясат жүргізу болды. Мұндай жағдайда саяси топтар терең ойлап, алысты болжамайтын, принципшілдігі аз, ой-өресі таяз, білімі мен тәжірибесі онша көп емес және тағы басқа осындай қасиеттерге ие үміткерлерді әулет арасынан іздеп тауып, таққа әкеледі. Кейде мұндай жағымды қасиеттері жоқ үміткерлермен алдын-ала келісім жасасады. Ал кейде саяси топтар әулет өкілдері арасынан өмірлік тәжірибесі аз, жап-жас жеткіншектерді отырғызуға тырысады. Сол арқылы ол топ жоғарғы саяси билікті уыстарында ұстайды, мемлекеттік маңызы жоғары шешімдерді қабылдауда өздерінің мүдделеріне сай жүргізеді. 16 жасар Әбілхайырдың кандидатурасын жергілікті этносаяси топтар осындай мүдделеріне байланысты билікке әкеледі. Біздің ойымызша, Әбілхайырдың кандидатурасы мынадай талаптарға сай келген: а) шибан әулетінің өкілі, әкесі Даулетшайх оғланға дейін ата-бабалары үздіксіз ұлыстарда билік жүргізген; ә) шибанилар арасында өте танымал, белгілі, асылдың асылы секілді әулеттің өкілі болғандықтан, Әбілхайырдың үміткерлігіне басқа шибанилық сұлтандар қарсылық көрсетпейді; б) үміткер жас, тәжірибесі аз, ықпал етуге өте тиімді. Міне, осындай талаптарға сай келгендіктен, Шибан ұлысының жамағаты, яғни ру-тайпалардың көсемдері мен бектері, әмірлері мен мырзалары, дін басылары, сейіттер мен қожалар өзара ақылдаса, кеңесе келе, Әбілхайырдың кандидатурасын таққа лайықты деп ұйғарады.



Мұндай жап-жас үміткерді жергілікті этносаияси күштердің билікке әкелуі XIII–XV ғасырлардағы Қазақстан тарихы үшін бірінші оқиға емес-ті. Мысалға алсақ, XIV ғасырдың бірінші жартысында Шағатай мемлекеті ыдырап, бірнеше әмірліктерге бөлініп кеткенде, Жетісу мен Шығыс Түркістандағы жергілікті ру-тайпа басшылары дулат тайпасының көсемі әмір Болатшының басшылығымен Дува ханның немересі, Есенбұғаның ұлы Тоғылық Темірді іздеп тауып, оны 17–18 жасында билікке отырғызады [133, 44–55-б.]. Сондай-ақ XV ғасырдың бірінші ширегінде Алтын Ордадағы тақты жап-жас Мұхаммедке (*тарихта бұл хан Кіші Мұхаммед деген атаумен белгілі болып қалды – Б.К.*) Едігенің ұлы Мансұр би алып береді [77, 119-б.; 97, 209–210-б.; 257, 93-б.]. Осы жерде Мансұр бидің Кіші Мұхаммедті билікке әкелуіне байланысты алдыңғы беттердің бірінде келтірген тарихи дерек мәліметі біз қарастырып отырған мәселенің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз. [97, 209–210-б.]. Шибан ұлысының әмірлері мен бектері де Әбілхайырды «өз бетінше арбаны сүйреп жүре алмайтын» адамға теңеп, «әмірлерін тыныштықта өткізуді» ойластырған.

Егерде тарихта бір тарихи факт тосындау, қисынсыз болса, онда оған кездейсоқтық деп қарауға болады. Ол егер тағы да қайталанса, онда ол ерекше бір назар аударарлық құбылысқа айналады. Ал енді осы оқиғаға ұқсас келетін фактілер үшінші рет, төртінші, бесінші рет қайталанса, онда оны тарихи заңдылық деп қабылдауымыз қажет. Тоғылық Темірдің 17 жасында (1347/1348 жылы), XV ғасырдың бірінші ширегінде Кіші Мұхаммед ханның, 1428 жылы 16 жасар Әбілхайыр ханның таққа отырғызылуы, бәрі бір-біріне ұқсас тарихи фактілер. Бұлардың арасында бір заңдылықтың бар екендігі белгілі. Олай болса, сол заңдылықтың ішкі мәнін түсіндіріп көрелік.

Жалпы, XIII ғасырдан бері Моңғол империясының құрылуымен Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси биліктің Шыңғыс хан әулетінің қолына шоғырланғандығы белгілі. Моңғолдардың қоғамдық құрылысын деректер негізінде өте терең зерттеген академик Б.Я. Владимирцев: «... Мемлекет – оны құрған және оның ханы болған адамның, оның руының меншігі болып саналады», «Шыңғыс хан руының ұлысқа, яғни мемлекет пен халыққа билігі мынадан көрінеді: сол рудың бір өкілі император, хан болып құрылтайда сайланады да, бүкіл империяға билік жүргізеді, ал рудың басқа өкілдері, негізінен, еркек кіндіктілер, ұлыс иеленуге, басқаруға



күқылы екендігі мойындалады». «Моңғол императоры – шексіз билікті иеленген монарх болып саналады», – деген пікірлерді алға тартады [14, 98–100-б.].

Әскердің көмегімен басқа да халықтарды жаулап алған Шыңғыс хан бағындырылған халықтар мен олардың территориясының толық, жеке дара қожайынына айналды. Соғыстардан түскен мол қазына, салықтар, міндеткерліктер, сауда-саттықтан алынатын баж және тағы басқа байлық көздері Шыңғыс хан және оның әулетін экономикалық жағынан да, саяси жағынан да шексіз байлық пен қуатқа кенелтеді. Шыңғыс ханның өзі тірі кезінде-ақ осыншама зор территорияны бір ғана әскердің күшімен ұстап тұрудың өте қиын, ауыр екенін түсіне біліп, өз әулетінің билігін әрі шексіз, әрі ұзаққа созу мақсатында екі үлкен міндетті жүзеге асырады. Оның біріншісіне – бағындырылған аймақтардағы бұрынғы билеуші әулетті түбірімен жойып, әулет өкілдерін үрім-бұтақтарымен қырып жіберуі жатса, екіншісіне – әулет билігін идеологиялық тұрғыдан негіздеп, өз руының арғы түп аталарын киелі етіп көрсету жатты. Біздің ойымызша, Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының алғашқы буын өкілдері екі міндетті шебер орындап шығады. Моңғолдардың жаулап алған елдерде әсіресе, бұрынғы билеуші әулеттерге қатысты қандай қырып-жоюларды жүзеге асырғаны белгілі. Ал екінші міндет 1240 жылғы «Моңғолдың құпия шежіресінде» алғаш рет негізделеді. Онда Шыңғыс ханның шығу тегі жөнінде: «Шыңғыс ханның түп атасы Борте-Чиноның Көк Аспаннның әмірімен дүние есігін ашқандығы, ол әйелі Гао-Марал екеуі Теңізді жүзіп өтіп, Онон өзенінің бастау алатын Бұрхан-Халдун тауында көшіп жүргендігі баяндалады. Борте-Чиноның ұрпағы Бата-Чиган, ал оның 16-ұрпағы Дува-Сахор мен Добун-мерген болған екен. Біріншісінің маңдайында жалғыз ғана көзі болыпты. Ал екіншісінің Алан-гао деген әйелі болып, одан екі ұлы болған екен. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін Алан-гао киіз үйдің түндігінен түскен ақсары адамның қолының сипауымен жүкті болып, үш ұлды дүниеге әкеледі олардың ең кішісі Бодочар деп аталып, ол моңғолдың Боржігін руының түп атасы болып саналады», – делінеді [67, 79–81-б.]. Одан ары бұл еңбекте Бодончардан Шыңғыс ханға дейінгі 11 буын ата-тек көрсетіліп, олардың қасиеттері мен ерлік істері баяндалады [67, 81–85-б.]. XV ғасырдың басында Шыңғыс хан әулетінің шығуы жөнінде Рашид ад-дин «Құпия шежіре» мәліметтеріне сүйене отырып, кең түрде, керемет баяндап береді [90, 7–59-б.].



Енді осы деректердегі мәліметтерді талдай келе, біз, Шыңғыс хан әулетінің билігін идеологиялық жағынан негіздейтін бірнеше белгінің бар екендігін аңғарамыз.

1) Шыңғыс ханның 27-атасы Борте-Чино Көктің құдіретімен дүниеге келген, яғни бұл дегеніміз, оның ерекше жаратылғандығын, жер бетіндегі адамдардан жоғары тұратындығын, Көктің оны адамдар арасына белгілі бір мақсаттар үшін жібергендігін көрсетеді;

2) Моңғолдар үшін киелі болып саналатын Бұрхан тауын алғаш қоныстанған адам – Шыңғыс ханның осы түпатасы. Бұл – Шыңғыс хан әулетінің Моңғолияның иесі екендігін көрсетеді;

3) Шыңғыс ханның 11-атасы да ерекше жағдайда, дүниенің тылсым күшінің арқасында дүниеге келеді. Бұл да осы әулеттің ерекше жаратылысын, киелілігін көрсетеді.

4) Шыңғыс ханның 27-атасына дейінгі шығу тегі нақты көрсетіледі. Бұл – осы әулеттің тектілігін білдіреді.

5) Шыңғыс ханның 11-атасынан бастап өзіне дейінгі шығу тегінде оның аталары ең үлкен ұлдар ретінде көрсетіледі. Бұл осы әулеттің бүкіл моңғол тайпалары арасында жолы үлкендігін білдіреді.

6) Шыңғыс ханның аталарында батыр да, мерген де, қаған да болған. Ол – әулеттің ел басқаруға, қол бастауға, билік айтуға толық құқылы екендігін білдірді.

Орта ғасырлық адамдар үшін шығу тегінде осындай ерекше қасиеттер мен киелілік белгілерге толы болған адамның болмысы да ерекше жаратылған деген қоғамдық сананы қалыптастырады. Оған Шыңғыс ханның моңғол мемлекеті мен империясын құрудағы іс-әрекеттері мен жеке басындағы қасиеттері қосыла келе, жалпы сол дәуірдің адамдарының санасында Шыңғыс ханның тұлғасы шындығында да Көктің әмірімен жаралған тұлға деген сананы бейнелейді. Ал оның әулеті де қоғамдық санада дәл солай бейнеленеді.

Осылайша, Моңғол империясының аумағында XIII ғасырдан бастап Шыңғыс хан әулеті билігінің идеологиялық негізі қалыптасады. Осы жерде қосымша болса да айта кетелік, қазақ халқы XV ғасырдың ортасынан бастап бұл әулет өкілдерін әлеуметтік тұрғыда жалпылама түрде «төре» атты әлеуметтік топқа жатқыза, этникалық тұрғыда «ақсүйектер» тобына жатқызады. Қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин кезінде осы мәселеге ерекше назар аударып: «Кейбір көшпелі халықтарда шамандық, буддалық, ислам және басқа діндердің тұжырымдары мен шыңғыстық доктринаның синтезі жаңа



бір дүниетанымның, жаңа идеологияның қалыптасуына алып келді. Бұл жерде жаңа діннің қалыптасқандығы туралы айтуға толық негіз бар. Бұл дін моңғол-татар жаулап алушылығы туғызған дүниетаным мен идеологияның бір бөлігі болып табылады. Жаңа дүниетанымдық және идеологиялық түсініктердің жиынтығын біз чингизизм деп атаймыз», – деп атап көрсеткен болатын [262, 16-б.]. Біз автордың «жаңа діннің қалыптасқандығы туралы айтуға толық негіз бар» – деген субъективті және дискуссиялы пікірін шегере тұрып, Шыңғыс хан әулетінің моңғолдардың жаулап алған аймақтардағы саяси билікке қатысты құқықтық идеологиясын чингизизм деп атауына толық қосыламыз.

Міне, осы шыңғыстық идеологияға негізделген Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси жүйе мен билік XIV ғасырдың ортасына дейін толық сақталып, үздіксіз қызмет атқарады. Бұл идеологияға 1360–1380 жылдардағы Алтын Орда тарихында орын алған «дүрбелен жылдар» оқиғалары қатты соққы береді. Билікке негіз болған идеологияның шайқалуы биліктің беделі мен абыройына нұқсан келтіреді. Саяси биліктің әлсіреуіне байланысты бос қалған саяси-құқықтық және идеологиялық кеңістікте жаңа саяси-құқықтық идеология пайда бола бастайды. Мауереннаһрда 1370 жылы Самарқан тағын иеленген Әмір Темір өзінің билігін құқықтық-идеологиялық жағынан негіздеу үшін шығу тегін Шыңғыс ханның төртінші атасы Тумбина Сеченмен байланыстырады. Ш. Құдайбердіұлы: «... Түмен ханның (Тумбина Сечен) бұл тоғыз баласының ішінде Қажіл (Рашид ад-динде Качули) мен Қабул – Әмір Темірдің арғы атасы», – деп жазады [149]. Ноғай Ордасының негізін қалаушы Едігенің де шыққан тегін Ш. Құдайбердіұлы Түмен ханның Нотақыш деген ұлымен байланыстырады. Екінші бір нұсқа бойынша Едігенің арғы атасы мұсылман әлеміндегі алғашқы халиф Әмір әл-Момын Бәкір әл-Садық, ал бергі атасы Баба Түкті Шашты Әзіз делінеді [77, 117-б.]. Көріп отырғанымыздай, бұрынғы моңғолдар билігі орнаған аумақтарда шыңғыстық идеологияның ықпалының келуіне байланысты Шыңғыс хан әулетінің билігі де өзінің қауқарын жоғалта бастайды. Ол өз кезегінде жаңа саяси-идеологиялық-құқықтық идеологияға негізделген жаңа бір әулеттің билігін дүниеге әкеледі. Ноғай Ордасы мен Әмір Темір ұрпақтары мемлекеттерінің идеологиялық негізі осыны дәлелдейді.

Осы жерде мынадай бір жайтты ескерте кеткіміз келеді. Шыңғыстық идеология Мауереннаһр мен Ноғай Ордасында басқа идео-



логияға орын берсе де, толық жойылып кетпеген. Оның көрінісіне Әмір Темір мен Едігенің және олардың ұрпақтарының «хан» титулын иелене алмауы, Әмір Темір және оның Әбу Сайд мырзаға дейінгі ұрпақтарының елді Шағатай әулетінен шыққан «қуыршақ» хандар арқылы басқаруы, Едіге ұрпақтарының толыққанды мемлекет басшысы болып, билік жүргізуі үшін міндетті түрде олардың «би» лауазымын Шыңғыс хан ұрпақтары билеген көрші елдердегі ресми бір ханның заңды түрде мойындауы жатты. Бұл дегеніміз – шыңғыстық саяси-құқықтық идеологияның XIV–XV ғасырлар шенінде біршама әлсіресе де, өз күшін толық жоймағандығын білдіреді.

Ал енді Дешті Қыпшақ аумағындағы басқа аймақтарға келсек, әрбір аймақтағы қалыптасқан саяси-экономикалық, діни-мәдени, этникалық-әлеуметтік ерекшеліктерге байланысты шыңғыстық саяси-құқықтық идеология әртүрлі деңгейде өзгеріске ұшырайды. Бірақ та өзінің саяси кеңістіктегі құқын, статусын толық сақтап қалады. Өзгерістерді біз хандық биліктің статусынан емес, хандық билікке әкелуден көреміз. Егерде бұрынғы кезеңде, яғни моңғолдар үстемдігінің алғашқы кезеңінде ханның билікке келуі билеуші әулет өкілдері арасында шешілсе, енді «дүрбелең жылдардан» кейін бұл міндетті жергілікті жерлердегі жаңа этносаяси күштер – ру-тайпа көсемдері, әмірлер, бектер, батырлар, дінбасылары шеше бастайды. Қадырғали Жалайырда баяндалатын Қырымда Қажы Керей ханның билікке келуі осының нақты айғағы болады. Онда «Хажы Керей ханның ағасы – Жанкерей сұлтанды қоңырат Хайдар билер өлтіргеннен соң, Хажы Керей сұлтан кішкене екен, қашып жүріп Чағырған байға жалға кіріп жүргенде билер өз араларында бір-бірімен жараса алмай, Хажы Керей сұлтанды іздеп тауып хан жасады», – делінеді де, одан әрі хан сайлауға қатынасқан 15 тайпаның атауы мен әр тайпаның басшысының есімі беріледі [77, 116–117-б.]. Моғолстандағы дулат тайпасының көсемі Әмір Болатшы бастаған ру-тайпалар басыларының Тоғылық Темірді, Мансұр би бастаған топтың XV ғасырдың бірінші ширегінде Кіші Мұхаммед ханды хандық билікке әкелуі – біздің жоғарыда айтқан пікірлеріміздің дұрыстығын нығыздай түседі. Әбілхайыр да дәл осындай жағдайда 16–17 жасында өз күшімен емес, Шибан ұлысындағы ру-тайпа көсемдері мен ірі дінбасыларының тікелей қолдауымен билікке отырғызылады.

Біз, XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың ортасына дейінгі аралықта моңғолдар үстемдігі орнаған аумақтардағы жоғарғы билік

мәселесіне қатысты заңдылықтың болғандығын айтып өтіп, оның ішкі мазмұнын талдап, түсіндіруге тырыстық. Енді сол заңдылықты тұжырымдап берелік.

Орта ғасырлық монархиялық мемлекеттердегі билеуші әулеттің саяси-құқықтық және идеологиялық негізі неғұрлым мықты болса, онда жоғарғы билікке қатысты мәселелер тек билеуші әулет өкілдері арасында ғана шешіледі. Ал егерде билікке тірек болған саяси-құқықтық және идеологиялық негіз күшін жойса, онда билеуші әулет биліктен айырылады. Ал биліктің тірегі болған факторлар күшін толық жоймай, тек қатты әлсіресе, онда жоғарғы билікке қатысты мәселелерде жергілікті этносаяси күштер басты рөл атқарады.

Міне, осы заңдылықты ұғынғанда ғана, біз Әбілхайырдың жап-жас болса да Шибан ұлысында билікке келуін түсіне аламыз. Ноғай Ордасы мен Мауереннаһрда шыңғыстық идеологияны едігелік және темірлік идеологиялар саяси-құқықтық кеңістіктен ығыстырып шығарса, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында шыңғыстық идеологияға қарсы қоятындай негізделген идеология қалыптаса қоймайды. Дегенмен де, жергілікті аймақтарда ру-тайпа көсемдерінің саяси-экономикалық рөлі артып, мемлекеттік деңгейді аса маңызды іс-шараларға белсене араласады. Осындай, мемлекеттік маңызы бар іс-шараның бірі – жаңа ханды таңдау, оны таққа отырғызу болып саналады.

Енді Әбілхайырдың билікке келуіне тоқталсақ. 1425/1426–1426/1427 жылдары Шибан ұлысында феодалдық соғыстар мен талас-тартыстар күшейіп тұрған болатын. Жазба дерек мәліметтері ұлыстағы талас-тартыстардың бәрін баяндамаса да, кейбіреулерінен хабар береді. Кухистанидың дерегінде Едіге бидің ұлдарының бірі Ғази бидің билігі, оның саясатына наразы бір топ әмірлер мен бектердің одан бөлініп, Жұмадық ханға келуі, хан тарапынан маңғыт әмірлерінің жылылық пен қайырым көрмей тағы да қашып кетуі, сөйтіп Жайтар Жалқын (*Батыс Қазақстандағы тарихи жер-су атауы, нақты қай жер екендігі анықталмаған – Б.К.*) деген жерде бас қосуы туралы айтылады да, одан әрі оларға қарсы Жұмадық хан 70 мыңдық әскер жасақтап, әскердің сол қанатында Әбілхайырдың болғандығы баяндалады [110, 141–147-б.]. Одан әрі дерек мәліметінде екі жақ арасында кескілескен қанды шайқас болып, Жұмадық хан әскерінің жеңілгендігі, Жұмадық ханның қаза тауып, ал 16 жастағы Әбілхайырдың тұтқынға түскендігі айтылып өтіледі [110,





142-б.]. Б.А. Ахмедовтың пікірінше, Жұмадық ханның өзі және әскерінің көптеген қолбасшылары тұтқынға алынып, кейін маңғыт әмірлерінің жарлығымен өлтірілген [102, 45-б.]. Ал Кухистани болса, «бұл ұрыста Көктегі жарылқаушының қалауымен Жұмадық хан қаза табады», – деп нақтылап айтады [110, 142-б.].

16 жасар Әбілхайырға маңғыт әмірлерінің бірі Сарыг-Шиман (*Б.А. Ахмедовте Сарыг-Усман деп жазылады – Б.К.*) аса жоғары құрмет көрсетіп, оның кейін оралуына жағдай жасайды. Әбілхайыр сол жылдың желтоқсанынан келесі жылдың наурызына дейін сол өңірдегі аймақтың басшысы, өте беделді және ықпалды тұлға – Алаш-баһадүрдің жұртында қыстап шығады [110, 143-б.]. Осы кезде Шибан ұлысының болашақ тағына үміткер анықталған секілді. Алаш-баһадүр өзінің жұртында Шыңғыс ұрпағының және жай ғана ұрпағы емес, Шибан ұлысын XIII ғасырдан бері басқарып келе жатқан әулеттің тікелей ұрпағы бар екендігін көршілес өңірлердегі барлық ру-тайпа басшыларына хабарлаған секілді. Көктем шыға Әбілхайыр өз жұртына қайтып оралады. Сол жылы-ақ Әбілхайырды ірі дін басылары – Құл-Мұхаммед Сейд, Қарасейд, қият, маңғыт, шынбай, иджан, қаанбайлы, табгут, дурман, құсшы, отаршы, найман, өкіреш найман, тубай, таймас, уат, қытай, барақ, ұйғыр, қарлұқ, кенегес, уйшін (үйсін), қоңырат, құрлауыт, ички, туман, туман-минг және тағы басқа ру-тайпалар басшылары мен Шадбақыт оғлан, Темір оғлан, Мұратсопы оғлан секілді Шыңғыс әулетінің өкілдері, сондай-ақ тархан лауазымын иеленген бірнеше белді тұлғалар хан етіп көтереді [110, 143-144-б.; 102, 46-б.]. А.А. Ахмедов Махуд бен Уәлидің дерегіне сүйеніп «сол кезде оны (*Әбілхайырды – Б.К.*) рулар мен тайпалардың 200-ге жуық көрнекті басшылары қолдады», – деп жазады [102, 46-б.]. Кухистани Әбілхайырдың билікке келген жылын: «Он жеті жасында, сегіз жүз отыз үшінші жылы биджин, яғни мешін жылы (1428/1429 жж) [Әбілхайыр] мемлекет тағына келіп отырды», – деп көрсетеді [110, 144-б.]. Осылайша, 17 жасар Әбілхайырдың Шибан ұлысы мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы 40 жылға созылған (1423-1469) билігі басталады.

Билікке келген Әбілхайыр ханның басты мақсаты Шибан ұлысындағы саяси бытыраңқылықты жойып, ұлыстың тұтастығын қалпына келтіру болды. Бұл мақсат оны билікке әкелген ірі дін басшылары мен ру-тайпа басшыларының да мүдделерімен ұштасып жатқан болатын. Дінбасылары үшін кішігірім, дербес ұлыстар-

да жеке-жеке діни кеңістіктің пайда болуы үлкен қауіп туғызып отырды. Әрбір жеке ұлыста бір-біріне қайшы келетін діни бағыттар тарап кетсе, онда ол өз кезегінде әртүрлі мұсылмандық топтардың пайда болуына әкеп соғары сөзсіз-ді. Сол себепті де ұлыстың түгелдей бір саяси кеңістікте болуы әртүрлі бағыттарға жол бермейтін бірден-бір ұстаным болып есептеледі. Ал ру-тайпа көсемдеріне келсек, олардың қоластындағы елдің көшіп-қонуы үшін үлкен кеңістіктің қажет екендігі белгілі жайт. Көшпелі мал шаруашылығы үшін орасан зор шаруашылық кеңістіктің саяси тұрғыда жеке-жеке саяси кеңістіктерге бөлінуі мал шаруашылығының дамуына кедергі келтіріп отырды. Сол себепті де ру-тайпа басшыларына жеке-жеке саяси кеңістіктен гөрі ортақ саяси кеңістіктің болғаны өте тиімді болды.

Саяси бытыраңқылық сауда-саттыққа да кедергі келтіріп отырғандықтан, саудагерлер тобы да бір аймақта бір саяси кеңістіктің болуына өте мүдделі болды. Ал Әбілхайыр хан үшін сонау XIII ғасырдан бері ата-бабалары үзбей билік жүргізіп келген ұлыстың бірнеше ұлыстарға бөлініп, онда жеке дара билік жүргізген хандардың болуы өте тиімсіз болды. Ол Шибан ұлысында бір ғана биліктің – Шибан әулеті билігінің қайта қалпына келтірілуін көздеді. Осылайша, Әбілхайыр хан мен оны жақтаған әулет өкілдерінің, қолдау көрсеткен дін басылары мен ру-тайпа көсемдерінің мақсат-мүдделері бір арнаға тоғысып, бір бағытқа жұмылдырылады.

Әбілхайыр ханның 40 жылдық билігін шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңге – Шибан ұлысындағы саяси бытыраңқылықтарды жою үшін жүргізген күрес жылдары жатады, ол 1429–1431 жылдар аралығын қамтиды. Келесі екінші кезеңге – 1432–1445 жылдар еніп, бұл жылдар тыныштық, бейбіт өткен жылдармен ерекшеленеді. Үшінші кезеңге – Әбілхайырдың Шығыс Дешті Қыпшақты толық бағындырып, аумақтың жеке-дара билеушісіне айналған және мемлекетінің ең күшейген жылдары жатады. Оған – 1446–1457 жылдарды жатқызамыз. Ал соңғы кезең – 1457–1469 жылдар, ол Әбілхайыр мемлекетінің әлсірей бастауымен, бытыраңқылықтың күшеюімен, ханның қайтыс болуымен ерекшеленеді.

Әбілхайыр ханның Шибан Ұлысындағы бытыраңқылықтарды жою үшін жүргізген табысты күрестері Масуд ибн Осман Кухистанидың дерегінде, соған және тағы басқа жазба дерек мәліметтеріне



сүйеніп жазылған Б.А. Ахмедовтың зерттеуінде жақсы қарастырылған [102, 48–54-б.; 110, 144–158-б.]. Сол себепті де біз Әбілхайыр хандығының саяси тарихындағы бірінші және екінші кезеңге терең тоқталмай, тек сипаттама беріп өтеміз де, бірден үшінші кезеңдегі тарихи мәселелерге назарымызды аударамыз. Осы кезеңдегі тарихи дамудың барысын талдағанда ғана барып, Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттары айқындала түседі.

Әбілхайыр хан өзінің жақтаушылары мен қолдаушыларының арқасында Шибан ұлысын біріктіру жолындағы күрестерде бірден ірі-ірі табыстарға қол жеткізеді. Жас ханның алғашқы жорығы сол аймақтың саяси, әкімшілік және экономикалық орталығы болған Тура (Тара) қаласына бағыттталып, ұрыссыз жеңіске қол жеткізіледі. Адаб-бек, Кепек-қожа секілді әкімдер Әбілхайыр ханның билігіне бірден мойынсұнады [110, 144-б.].

Б.А. Ахмедов Әбілхайыр ханның Тура қаласын алғаннан кейін өз атына құтба оқытып, ақша соқтырғандығын және қаланы 1446 жылға дейін өзіне астана еткендігін атап көрсетеді [102, 48-б.]. Бұл жеңіс Әбілхайыр ханның Шибан ұлысын біріктіру жолындағы алғашқы жеңісі болды. Ол Әбілхайыр ханды жаңа жорықтарға аттануға итермелейді. Сондай-ақ бұл жеңіс туралы хабар жан-жаққа тез тарап, Шибан әулетінің өкілдерін, Әбілхайыр ханның туыстарын, сонымен бірге кейбір ру-тайпа көсемдерін жас ханның төңірегіне топтастырады да, олар ханның күшін арттырып, Әбілхайырдың келесі, жаңа жорықтарына белсене қатынасады [102, 48-б.].

1430/1431 жылы Әбілхайыр хан Тобыл өзені маңында шибанилық Махмұд қожа ханның әскерін талқандап, оның ұлысын өзіне қосады [110, 146–149-б.]. Кухистани Әбілхайыр ханның бұл жеңісінен кейін Дешті Қыпшақтың көп бөлігінің ханның қоластында бағынғандығын атап өтеді [110, 149-б.]. Шынында да, Әбілхайыр ханның жеңісті екі жорығы нәтижесінде бытыраңқы Шибан ұлысының басым бөлігі біріктіріледі. Өзінің Дешті Қыпшақтағы позициясын нығайту үшін және Орта Азиямен экономикалық байланыстарда жетекшілік рөл атқару үшін ханның келесі жорығы 1431/1432 жылы Хорезмге бағытталады.

Әбілхайыр хан Хорезмнің астанасы Үргеніш қаласын тез алады, бірақ онда тұрақтап қала алмайды. Оның Хорезм өңірінен тез кетуін жазба дерек мәліметтері, сондай-ақ зерттеушілер әртүрлі себептермен түсіндіреді. Кухистанидың дерегінде ол жөнінде:

«Хорезм қаласы мен сол уәлаяттың тұрғындары біршама уақыт қайнаған ыстық күннің астында және Сүлеймен секілді қайырымды патша [Әбілхайыр ханның] қарамағында болып еді, Хорезмде оба ауруы пайда болады», – деген мәлімет айтылады [110, 152-б.]. Одан әрі автор Дешті Қыпшақтың таза ауасына үйренген Әбілхайыр хан әскерінің белді адамдарына Хорезмнің жаман ауасының жақпай, ауыра бастағанын, соған байланысты әскер басшыларының ханға келіп, әскерді оба ауруы мен күннің шыжыған ыстығынан құтқарудың жалғыз жолы Дешті Қыпшаққа оралу екендігі жөнінде кеңес, өтініш бергендігін баяндайды. Әмірлері мен кеңесшілерінің [осы] өтініштері негізінде [Әбілхайыр хан] кейін қайтуға шешім қабылдап, [өзінің] ордасы жағына бет алды», – деп нақтылап түсіндіреді Масуд ибн Осман Кухистани [110, 152-б.]. Дәл осы жылдары осы аймақта қатты құрғақшылық пен оба ауруының індет болып кең жайылып тарағаны, одан көп халықтың қырылғаны 1364/1365–1441/1442 жылдары өмір сүрген араб тарихшысы Абу Аббас Ахмед Такмаддин Ал-Макризидың «Книга путей для познания» атты кітабында баян етіледі [50, 442-б.]. Ал темірлік әулеттің тарихшысы Абд ар-Раззак Самарқанди дерегі (1413–1482) мен жоғарыда келтірген оба ауруы және күннің ыстығы Әбілхайыр ханның кейін оралуына себеп болды деп түсіндіреді П.П. Иванов [208, 33-б.]. Абд ар-Раззак Самарқанди еңбегінде бұл оқиға жөнінде айтылады, бірақ оны П.П. Иванов толық түсіндіре алмаған. Онда 834 жылы (19.IX.1430–8.IX.1431) Хорезммен Шахрухқа хабаршы келіп, өзбек әскерлерінің Хорезмді басып алғандығын, үлкен тонаушылықтар мен талан-тараждар жасағандығын және қайтадан өздерінің Дешті Қыпшағына қайтып кеткендігі туралы хабарды жеткізеді [101, 198-б.]. Одан әрі Самарқанди «Ол (Шахрух) сол өңірді бірнеше әмірге тапсырды, [ол] әмірлер батырлық пен қайсарлық көрсетіп, өзбек ұлысына шабуыл жасап, оларды жойды, қалғандарын қашырып жіберді», – деп жазады [101, 198-б.]. Енді осы дерек мәліметіне терең үңілсек, 1430–1431 жылы Гераттағы Шахрухқа келген хабаршы өзбек әскерінің Хорезмді жаулап алып, тонаушылыққа ұшыратқанын және өзбек әскерінің, яғни Әбілхайыр хан әскерінің кейін қайтып кеткендігін жеткізеді. П.П. Ивановтың: «Бірақ та ол (Әбілхайыр) темірлік әскердің тықсыруымен Хорезмді қалдырып кетті», – деген пікірінің негізсіз екендігін бірден көреміз. Ал Шахрух жіберген әмірлер Хорезмде Әбілхайыр хан қалдырып кеткен әкімдер мен аз ғана әскерді тас-талқан етіп жеңген секілді.



А.А. Семенов Әбілхайыр ханның Хорезмнен кетуінің себебін оба ауруының таралуымен байланыстырса, Б.А. Ахмедов осы себепті және Кіші Мұхаммед ханның ұлдары: Махмұд хан мен Ахмед ханның Әбілхайыр ханның ұлыстарына төндірген қауіптері де себеп болғандығын атап көрсетеді [200, 51-б.].

Біз Б.А. Ахмедовтың осы пікіріне толығымен қосыламыз. Әбілхайыр ханның келесі жорығының Ахмед хан мен Махмұд ханға қарсы бағытталуы Б.А. Ахмедов пікірінің дұрыстығын көрсетеді. Хорезм жорығынан оралғаннан кейін Әбілхайыр хан бірден ағайынды хандарға қарсы жорыққа мұқият әзірленіп, аттанып кетеді. Бұл жорық және оның барысы туралы шибанилық әулеттің тарихшысы Масуд ибн Осман Кухистани жақсы баяндап береді. Дегенмен де, шибанилық әулет тарихшысының біржақтылық ізі көп байқалады. Оның мәліметтеріне қарасақ, Махмұд хан мен Ахмед хан Әбілхайыр ханға тәуелді болып, оған бағынудан бас тартқан да, бүліктер жасаған [110, 153-б.]. Ал басқа ешбір жазба деректе Кіші Мұхаммед хан ұлдарының Әбілхайыр ханға тәуелді болғандығы туралы айтылмайды. Б.А. Ахмедов болса бұл мәселеден айналып өтіп, бірден екі жақ арасында болған шайқасты талдайды. Әбілхайыр хандығының тарихы үшін бұл мәселенің өзіндік маңызы болғандықтан, оған арнайы тоқтала кетелік.

Әбілхайыр ханның қарсыластары болған Ахмед хан мен Махмұд хандар Алтын Орда тарихында із қалдырып, хан болған тарихи тұлғалар: Орыс ханның, Темір-Мәліктің, Темір-Құтлықтың және оның ұлы Кіші Мұхаммедтің тікелей ұрпақтары болып келеді [84, 63-б.; 110, 40-б.; 77, 116-б.; 49, 520–521-б.; 98, 345–347-б.].

М.Г. Сафарғалиев Алтын Ордада XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың алғашқы 30 жылы ішінде Тоқтамыс ханның бес ұлы, Темір Мәліктің бес ұрпағы және Хасанның ұлы Ұлуғ Мұхаммедтің билікте болғандығын айта келе, 1437 жылдан бастап Алтын Орда тағының иесі Кіші Мұхаммед хан мен оның ұрпақтары екендігін атап өтеді және өзі құрастырған «Алтын Орда хандарының шежіресі» атты кестеде ол туралы нақты көрсетіп береді [49, 488–494-б.; 510–518-б.; 520–521-б.]. Кіші Мұхаммед хан Алтын Орда тағын иеленгенге дейін Астрахан аймағында болады. Оның атасы Темір Құтлық хан 1396 жылдан бастап осы өңірді өзінің қоластына ұстап тұрады. Қадырғали Жалайырдың дерегі бойынша Темір Құтлық Еділ бойындағы Қажы Тарханға қожалық етіп, Едіге бимен бірге

бірі хан, бірі би болған [77, 116-б.]. В.В. Вельяминов-Зернов та XVI ғасырда ноғай мырзалары Астраханды – «Темір Құтлұғ патшаның жұрты» деп атайтындығын айтады [105, 123-б.].

Осылайша, Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға қарсы жасаған жойқын жорығынан кейін, Еділдің батыс жағындағы ұлыстар мен өңірлер қатты күйзеліске ұшырап, көптеген ру-тайпалар басқа жақтарға қоныс аударса, кейбір ұлыстарда билеушілер ауысып, жаңалары келеді. Темір Құтлұғтың ұрпақтары Астраханда орын теуіп, 1459 жылы оның ұрпақтарының бірі – Махмұд хан дербес Астрахан хандығының негізін қалайды. 1430 жылдардағы Астрахан иелігінің шығыстағы шекарасына көз салсақ, оның Маңғыт ұлысы мен Еділ өзені арқылы түйісіп жатқанын көреміз. Еділден шығысқа қарай Ембіге дейінгі аралықта маңғыт рулары көшіп-қонып жүрді. Ал сол кездегі маңғыт биі Оқастың Әбілхайыр ханның жағында болғандығын деректердің бәрі бір ауыздан мақұлдайды [108, 16–17-б.; 110, 143-б.; 77, 120-б.]. Егер (1397–1399) оның биі Едіге болса, ал Едігенің немересі Оқас бидің шибанилық Әбілхайыр ханға өте жақын болуы, оны билікке әкелуге қатысып, оның жорықтарына белсене атсалысуы Темір Құтлұғ ханның ұрпақтары Ахмед хан мен Махмұд хандарға ұнамаған секілді. Бұл екеуін жазба деректер 1430 жылдар басында «хан» лауазымымен атағанымен, олар әлі хандық билікті иеленбеген болатын. Тек әкелері Кіші Мұхаммед хан 1459 жылы қайтыс болғаннан кейін ғана Ахмед – Астраханда, Махмұд – Үлкен Ордада хандық билікке келеді. Ал оған дейін ағайынды екі сұлтан Астраханның шығыс өңіріндегі маңғыттармен шектес ұлыстарда билік жүргізген деп есептейміз.

Біздің ойымызша, 1429 жылы билікке келіп, 1431/1432 жылға дейін бүкіл Шибан ұлысын біріктіріп, тез күшейе бастаған Әбілхайыр ханнан қауіптеніп, екі сұлтан оны әлсірету мақсатында қарсы әрекеттер жасаған секілді. Қалай десек те, Кухистани айтып отырған ағайынды Ахмед пен Махмұдтың Әбілхайыр ханға қарсы бүлік жасады деген дерегі сенімсіз. Мүмкін, шибанилық әулеттің тарихшысы Әбілхайыр ханның шыңғыс ұрпақтарына қарсы жасаған жорығын ханды ақтау үшін жазған шығар. Мүмкін, маңғыт биі Оқастың Әбілхайыр ханның жанында жүруіне байланысты оның Еділ мен Жайық, Жайық пен Ембі аралықтарындағы иеліктеріне ағалы-інілі екі сұлтан жорықтар жасаған шығар. Міне, осындай себептерге байланысты Әбілхайыр хан өзінің төртінші жорығын Кіші Мұхаммед ханның ұлдарына қарсы бағыттайды.



Жалпы алғанда, жорықтың барысы мен оған қатынасқан ру-тайпа көсемдері, шайқастың өтуі мен нәтижесі Кухистани еңбегінде жақсы баяндалған [110, 153–156-б.]. Әбілхайыр хан бұл шайқаста да жеңіске жетеді. Орда Базарда (әлі күнге дейін нақты қай жерде болғаны белгісіз) Әбілхайыр ханның атына хұтба оқылып, ақша соғылады. Деректе Орда Базар – Дешті Қыпшақтың астанасы делінеді, ал дерекке түсініктеме берушілер «хандардың Ордасы әдетте осылай аталған» десе, «Тарих-и Абулхайр-ханида» кезінде Батыйдың ордасы болған Орда Базар туралы айтылып тұр», – деп жазады [110, 155-б.; 515-б.]. Біз әлі шешімін таппаған мәселеден саналы түрде бас тартып, осы шайқасқа қатысты екінші бір жер-су атауына тоқтала кеткенді жөн көріп отырмыз. Ол – Икри-Туп деген жер атауы туралы.

А.А. Семенов бұл атауды – Икри-Туп деп оқып, оны шамамен Сыр бойындағы далалардың бірінде болған десе, Б.А. Ахмедов «Тарих-и Абулхайр-хани» дерегінің қолжазбаларындағы бірнеше нұсқаны салыстыра келе, Әбілхайыр хан мен Кіші Мұхаммед хан ұлдары арасындағы шайқастың болған жері Икри-Туб деген жер болған деп дәлелдейді [200, 25-б.; 102, 52-б.]. Ал С.К. Ибрагимов болса, оны «Анкри-туп» деп оқиды [206, 93-б.]. 1983 жылы Қазақ ССР тарихының II томы мен 1998 жылғы «Қазақстан тарихының» II томында бұл жер атауы «Екіре түп» делінеді де, 1983 жылғы басылымда оны А.А. Семеновтың пікірінше «Сырдария даласында» деп көрсетеді, ал 1998 жылғы басылымда «Ахмед ханның ұлысы болған Арал теңізінің солтүстік-батыс жағындағы жер» деп көрсетеді [212, 185-б.; 220, 156–157-б.]. Астрахан хандығының тарихы бойынша арнайы зерттеу жүргізіп, монографиялық еңбек жазған ресейлік тарихшы И.В. Зайцев Икри-Тубты Жайық өзені бойында болған болуы керек деген ойды білдіреді [263, 36-б.]. Жалпы алғанда, шайқастың болғаны тарихи факт, ал оның қай жерде болғандығы нақты белгісіз. Осыған қатысты біз төменде өз ойларымызды білдірелік.

Алдымен, шайқастың болған аймағына келсек, И.В. Зайцевтің пікірі дұрыстау келеді. Біздің ойымызша, шайқас Батыс Қазақстан аумағындағы Еділ мен Жайық алқаптарында өткен. Ал «Икри-Туб» жер атауына келсек, бұл атау да «Тарих-и Абулхайр-ханиды» көшірушілер тарапынан жіберілген аздаған қателердің салдарынан қате оқылып тұрған жер атауы секілді. «Икри-Тубтын» соңғысын «түп» емес, «төбе», ал «Икридың» араб жазуындағы әріптік құрылымы «Ақыр» сөзіне ұқсас келеді. Сонда «Икри-туб» сөзін «Ақыр

төбе» деп оқығанда ғана белгілі бір мағыналы атауға ие боламыз. Қазіргі кезде мұндай атаумен қазақ жерінде көптеген жер атаулары кездеседі.

1431/1432 жылғы Әбілхайыр ханның батыстағы жеңісі оның беделін арттырады, бірақ ол ұзаққа созылмайды. Махмұд ибн Уәлидің дерегінде Ахмед пен Махмұд хандардың 1431 жылғы жеңілістен кейін «мұра еткен таққа қайта отырғандығы» айтылады [220, 157-б.]. Жалпы алғанда, Әбілхайыр хан 1429–1431/32 жылдары Шибан ұлысын қалпына келтіру ісін аяқтап, өзінің алғашқы мақсатына жетеді.

1431/1432–1446 жылдары Әбілхайыр хан ешқандай жорықтар жасамайды. 14–15 жылдық өмірі өз ұлысында өтеді. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында бұл жылдары жеке-жеке өмір сүріп жатқан бірнеше ұлыстар бар болатын. Олар: Есіл мен Ертіс өзендерінің аралығындағы шибанилық Мұстафа ханның ұлысы, Сырдың төменгі ағысы бойындағы шибанилық Буреке сұлтанның ұлысы және Сырдың орта ағысы бойындағы ордаежендік Керей мен Жәнібек сұлтандардың ұлыстары еді. Шамасы оларға қарсы күресу үшін Әбілхайыр ханның күші жетпей, ол қолайлы сәтті күткен секілді. Әбілхайыр хандығының саяси тарихындағы бұл жылдар тыныштық, бейбіт кезең болды.

Әбілхайыр хандығының тарихындағы келесі, үшінші кезең – 1446 жылдан басталады. 1429 жылы 17 жасар Әбілхайырды рутайпа көсемдері мен дін басылары қолдап, бытырап жатқан Шибан ұлысын біріктіру үшін билікке әкелсе, енді 34 жасар хан бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты біріктіріп, бүкіл аумақта өзінің жеке-дара билігін орнату үшін күресін бастайды.

Күрестің басталуына маңғыт биі Оқас пен Мұстафа ханның жақындаса бастауы түрткі болады. Кухистани ол туралы: «... [оның] (*Әбілхайыр ханның – Б.К.*) жеңімпаз күзетшілері ханға келіп, Мұстафа ханның өте көп әскермен және Оқас бидің қолдауымен (*Әбілхайыр ханға*) қарсы жорыққа дайындалып жатқанын жеткізді...», – деп жазады [110, 156-б.]. Хабарды естіген хан Мұстафа ханның жорығын күтпей, өзі қарсы аттанады да, Орталық Қазақстандағы Атбасар өзенінің маңында ұрысқа түседі. Бұл шайқаста Әбілхайыр хан жеңіске жетіп, Мұстафа хан болса, кейін қашуға мәжбүр болады [110, 158-б.].





Мұстафа ханды жеңіп, оның ұлысын өзіне қосып алған Әбілхайыр хан бірден келесі жорығына дайындалады. Кезекті жорықты хан Сырдың орта ағысы бойындағы Сығанақ өңіріне бағыттайды. Ол туралы дерек мәліметінде «қыстап шығу үшін хан Сығанақты бағындыруды қажет деп тапты», – делінеді [110, 159-б.].

Әбілхайыр хан қан төкпей-ақ Сырдың орта ағысы бойындағы Сығанақ, Аққорған, Аркөк, Созақ, Өзгент қалаларын иеленіп, әр қаланы өзінің әмірлері мен қолбасшыларына басқаруға береді. Ханның өзі алғаш рет осы өңірде қыстап шығады. 1446 жылдан бастап Сығанақ Әбілхайыр хандығының астанасына айналады [110, 159-б.].

Әбілхайыр ханның Мұстафа ханды жеңіп, Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді иеленуі оны Шығыс Дешті Қыпшақтың толыққанды және жеке дара билеушісі етеді. Саяси жағынан алғанда ол Барақ ханнан кейінгі бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты бір саяси құрылымға біріктіреді. Саяси бірігу этникалық кеңістікті де қалыптастырып, тарихи әдебиеттерде ол «көшпелі өзбектер» деп аталынады.

1446 және одан кейінгі алғашқы жылдар Әбілхайыр ханның жеке билігі мен оның хандығының қуатының өсіп, ең шегіне жеткен көзі болып саналады. Сондай-ақ осы кезеңнен бастап хандықтың әлсіреуінің алғашқы белгілері байқала бастайды. Біз ол жөнінде төменде арнайы тоқталамыз.

Әбілхайыр хан Шығыс Дешті Қыпшақты толығымен бағындырғанымен, оның кешегі қарсыластары оның билігін толық мойындап, бағына қойған жоқ. Мысалы, Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар, шайбанилық Буреке сұлтан және тағы басқа ұлыс билеушілері хан билігіне амалсыздан мойынсұнып, өздерінің оңтайлы сәттерін күтеді. Біз көп ұзамай-ақ, ондай оңтайлы сәттердің туып, оны Буреке сұлтанның да, Керей мен Жәнібек сұлтандардың шебер пайдаланғанына көзімізді жеткіземіз.

Әбілхайыр үшін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты билеу үлкен жауапкершілік пен міндеттерді жүктейді. Оған дейін ешбір шайбан әулетінің өкілі бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа хан болмаған болатын, олардың билігі тек Шайбан ұлысының аумағымен шектелетін. 1446 жылы ол Орда Ежен әулетіне тиесілі ұлыстарды бағындырды. Орда Ежен әулеті XIII ғасырдың басынан Барақ хан қайтыс болғанға дейін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа билік жүргізіп отырған әулет болатын. Орыс хан, Барақ хан – осы әулеттің беделін кө-

теріп, атағын шығарған атақты хандары болды. Ең бастысы, бұл әулеттің хан бола алатындай өкілдері жететін. Олардың ішіндегі ең белгілі болғандары Керей мен Жәнібек сұлтандар еді.

1446 жылы бұл сұлтандардың не себепті Әбілхайыр ханға қарсылық көрсетпегені біз үшін белгісіз. Ал Әбілхайыр хан болса Орда Ежен әулетінің билігіндегі ұлыстарды бағындыра отырып, әулет өкілдерін жоймай, керісінше, олармен туыскандық қатынастарды орнатуды көздеген сияқты. Ол өзінің үлкен ұлы Шахбудаг сұлтанды Жәнібек сұлтанның әйелі Жаһан бегімнің туған сіңлісі Ақкөзі бегімге үйлендіреді. Жаһан бегімнен шамамен 1445/1446 жылы Қасым хан дүниеге келсе, Шахбудагтың әйелі – Ақкөзі бегімнен 1451 жылы Мұхаммед Шайбани хан мен 1453/1454 жылы Махмұд сұлтан туылады [77, 121-б.; 264, 97-б.; 117-б.]. Билеуші әулет өкілдерінің алғашқы қалыңдықтары көп жағдайда белгілі бір ішкі және сыртқы саяси қатынастарға байланысты таңдап алынатындығын және де Жәнібек сұлтанның үлкен ұлдарының бірі Қасым ханның Жаһан бегімнен 1445–46 жылы туылғанын, ал Әбілхайыр ханның тұңғыш немересі Мұхаммед Шайбани ханның Ақкөзі бегімнен 1451 жылы туғанын ескере келе, біз Әбілхайыр ханның саналы түрде өзінің үлкен ұлы Шахбудагты Орда Ежен әулетінің белді өкілі Жәнібек сұлтанмен туысқан (бажа) еткенін көреміз. Осы жерде алдын-ала айта кетелік, Қазақ хандығы құрылып, Сыр бойындағы қалалар үшін XV ғасырдың соңында жүргізілген күрестердің бірінде қазақтардың қолына тұтқын болып түсірілген Мұхаммед Шайбани ханның туған інісі Махмұд сұлтанды Бұрындық ханның өлтіруі туралы жарлығына қарамастан, Қасым сұлтан қашырып жібереді. Деректе айтылатындай, олардың аналары апалы-сіңлілі болатын [264, 117-б.].

Жалпы алғанда, Әбілхайыр хан Орда Ежен әулетімен туыскандық қатынастар орнатуға тырысты десек те, ол Шығыс Дешті Қыпшақтың ішкі саяси өмірінің тұрақты болуына қатты әсер ете қоймаған дейміз.

Шибанилық ханның Сыр бойын иеленіп, онда орнығуы оған оңтүстіктегі Мауереннаһрдың ішкі істеріне тікелей араласуға мүмкіндіктер береді. Біз бұл жөнінде Әбілхайыр хандығының сыртқы саяси қатынастары деген мәселеде арнайы қарастырамыз.

Енді жоғарыда ескертіп өткеніміздей, 1440 жылдардың екінші жартысы – хандықтың күшейген кезеңі болса да, хандықтың әлсіреуінің белгілері осы кезден бастау алады. Сол белгілерге арнайы тоқтап, олардың мәні мен себептерін ашып көрсетуге ұмтыламыз.



1440 жылдардың екінші жартысына таман Әбілхайыр ханның жасы 35-тен асып, хандық билікте отырғанына 17–18 жылдай уақыт болады. Бұл кез ол үшін 1428 жылдардағыдай «арбаға өз күшімен міне алмайтындай» кез емес, керісінше, «арбаны аударып тастайтын» кезі болатын. Ел билеу мен хандықты басқару, үкім шығару мен жарлық беру секілді мемлекеттік істерде әбден тәжірибе жинап ысылған Әбілхайыр хан бұрынғыдай әмірлер мен бектерді мемлекеттің маңызды істеріне араластырмай, Шыңғыс хан заманындағыдай, жеке дара билік жүргізе бастайды. Ханның мұндай әрекеттері, әрине, оны билікке әкеліп, оған қолдау көрсеткен, оның 1429–1446 жылдар аралығындағы барлық жеңістеріне үлес қосқан жергілікті ру-тайпа әмірлері мен бектеріне, қолбасшылары мен батырларына ұнамайды. Басқаша айтқанда, жергілікті этносаяси күштер саяси өмірдегі өздерінің қалыптасқан ықпалынан айырылып, позициясын әлсірете бастайды. Мұндай жағдайда олардың Әбілхайыр ханға наразылығы пайда болып, ол наразылық алғашқы кезде іштей, жасырын түрде өрши бастайды. Міне, осы қайшылық – Әбілхайыр хандығының әлсіреуінің басты белгілерінің бірі болып саналады.

Әбілхайыр хандығының әлсірей бастауының келесі бір белгісіне, оның өз ордасын бірнеше ғасыр бойы әулеттің меншігіне айналған Шибан ұлысынан Сыр бойындағы Сығанаққа ауыстыруын жатқызамыз. Орданы қалалық аймаққа өзгерту арқылы хан өзіне тікелей бағынышты Шибан Ұлысының ру-тайпаларынан, өзіне ақыл-кеңес беретін шибанилық ру-тайпа көсемдерінен қол үзеді. Хан мен оған тірек болған көшпелі ру-тайпа басшыларының қалалық жерге орналасуына байланысты болатын қайшылықтың нақты мысалына моғол ханы Жүніс пен оның әмірлері арасындағы оқиға дәлел болады. Мұхаммед Хайдар Дулати ол туралы: «Сұлтан Жүніс хан екінші рет Мырза Сұлтан Әбу Саидтан Моғолстанға келгенде, мұндағы әмірлердің барлығы тағы да хан маңына жиналды. Хан Моғолстанда біраз тұрды. Жетікентті тұрақтап қалды. Сол күндері Жүніс хан бірнеше рет Қашғарға барды, алайда, Моғолстан әмірлерінің ешқайсысы Қашғарда тұрақтай алмады. Хан шарасыздықтан қайта оралған болатын. Неше мәрте осылай болған. ... Жүніс хан қашан да шаһарда тұруды армандайтын. Бірақ моғолдың әскері мен әмірлері қаладан қашқақтаған-ды. Сол себептен де хан Моғолстанда тұруға мәжбүр болды», – деген мәлімет береді [133, 117-б.]. Дерек мәліметі айтып тұрғандай, Жүніс хан билік үшін амалсыздан моғол

әмірлерінің талаптарына көнуге мәжбүр болған. Ал Әбілхайыр хан болса, қалалық өңірді таңдау арқылы өзінің этносаяси ортасынан қол үзіп, олармен арадағы байланыстарға сызат түсіреді. Кейінгі жылдардағы тарихи даму барысы көрсеткеніндей, бұл сызат үлкейе түседі.

Әбілхайыр хандығының әлсірей бастауының тағы бір белгісіне – оның астана еткен Сығанақ пен басқа да Сыр бойы қалаларының Орда Ежен әулетінің билігінде ұзақ уақыттар бойы болуы, ұлыстың және оның құрамындағы ру-тайпалардың да ордаежендік әулет өкілдерінің ықпалында болуы – Әбілхайыр ханның этникалық және әлеуметтік тірегінің негізін әлсіретеді.

Осы аталған белгілер алғашында ашық түрде байқалмаса да, бірте-бірте анық көзге көріне бастайды, әсіресе оны біз 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі шайқастан анық көреміз.

Әбілхайыр хандығының тарихындағы 1446 жылдан кейінгі аса ірі оқиғалардың біріне этникалық тұрғыдан алғанда «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының құрамындағы маңғыт тайпалар бірлестігінің немесе тобының одан бөлініп кетуі, ал саяси тұрғыдан алғанда саяси одақтың ыдырауы жатады. Маңғыттардың Әбілхайыр ханнан бөлінуі маңғыт биі – Оқастың қайтыс болуынан кейін, яғни 1440 жылдардың соңында жүзеге асқан. В.В. Трепавловтың көрсетуі бойынша Оқас би 1446 жылы әлі тірі болған, ал 1451 жылғы Әбілхайыр ханның темірлік мырза Абдулламен қақтығысында оның есімі аталмайды [257, 100-б.].

Біз Оқас бидің нақты қай жылы қайтыс болғанын деп басып айта алмасақ та, В.В. Трепавловтың 1440 жылдардың соңында деген пікіріне толық қосыламыз. Қадырғали Жалайыр ол жөнінде «Қырық тоғыз жасында Уақас (*Оқас – Б.К.*) би опат болды», – деп жазады. Ал Матвей Меховский болса бұл туралы: «ноғай татарлары немесе олар оқастар (*Оқас бидің қарауындағы маңғыттарды айтып отыр – Б.К.*) Еділдің арғы жағындағы татарлардың бір бұтағы ретінде ең соңынан құрылған, пайда болғанына көп уақыт бола қоймаған төртінші Орда. Ұлы ханның [Әбілхайырдың] қызметшісі, әрі жауынгері, 30 ұлы бар Оқас өлтірілгеннен кейін оның ұлдары Еділдің арғы жағындағы бас ордадан бөлініп, қазіргі 1517 жылдан шамамен, 70 жыл немесе одан сәл аздау уақыт бұрын Сарай [Сарайшық] қаласының маңына қоныстанады. Көп ұзамай олар бірден көбейіп кетті. Қазіргі кезде олар ең көп, ең ірі Ордаға



айналып отыр... Оларды Оқастың ұлдары мен немерелері баскаруда», – деп баяндайды [81, 92–93-б.]. В.М. Жирмунский қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі үлгілердің бірі – шежірелік деректерге сүйене келе «Оқасты Қожас өлтірді» деген дерек шындыққа өте жақын екендігін айтады [138, 437-б.]. Бұл пікірдің дұрыстығына белгілі ноғайтанушы В.В. Трепавлов ешқандай күмән келтірмейді [257, 100-б.].

Оқас бидің 49 жасында туысқанының қолынан опат болуы немесе қаза табуы біз қарастырып отырған мәселеге жанама түрде болса да жақындығы бар.

Оқас би – Едігенің немересі, Нұраддиннің ұлы болса, Қожаш та (Хаджи Ахмед) – Едігенің немересі, Ғази (Қази) бидің ұлы болып келеді. Қадырғали Жалайырдың дерегінде олар туралы: «.. Онан соң Қази, Наурыз Барақ ханмен соғыс қылды. Барақ хан ол соғыста өлді. Ол ұлыста Мансұр бидің орнына Қази би болды. Ол опат болғаннан соң Нұр-ад-Дин мырзаның ұлдары Афас, Уақас, Хорезми бар еді. Нұраддин мырзаның ұлы Афас би болды. Атасының інісі Қази би ұлысын ол биледі. Онан соң Уақас би болды. Неше уақытқа дейін ол ұлысты сол биледі. Қырық тоғыз жасында Уақас би опат болды, – деген мәлімет бар [77, 118-б.]. В.В. Трепавлов Қожаштың (Хаджи Ахмед) Оқасты өлтіруін әкесі үшін кек алумен түсіндіреді [257, 100-б.]. Бұл дұрыс пікір. Енді осы Ноғай мырзалары арасындағы саяси топтарға үңілсек, XV ғасырдың орта тұсында Нұраддиннің ұлдары мен Қазидің ұлдары арасында билік мәселесіне қатысты қайшылықтардың болғанын байқаймыз. Қазиды «опат болды» деуіне қарағанда, ол кісі қолынан қаза тапқан. Одан кейінгі билік Нұраддин ұлдарына өтіп, олардың беделі артады. Осы жерде мынадай жағдайды ескеру керек: әулетаралық талас-тартыстарда жеңіске жету үшін жеке бастың қасиеттерімен қатар қоғамдағы белді саяси топтар мен күштерді де өз жағына тарта білген тұлға ғана жеңіске жете алады. Ал саяси топтар мен саяси күштерді өзіне тарту үшін олардың мүдде-талаптарымен есептесу қажет.

Оқас бидің ұзақ жылдар бойы 1428–1446/1449 Әбілхайыр ханның жанында болуы, сөйтіп маңғыттардың «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығы құрамында айтылуы дербестікке үйренген маңғыт мырзаларының қарсылығын туғызады. Әбілхайыр ханның 1446 жылы Сыр бойын иеленгеннен кейін Үзгент қаласын Оқас биге сыйға беруі қарсылықты одан әрі күшейткен секілді. Біз мысал

ретінде алдыңғы беттердің бірінде Жүніс хан мен моғол әмірлеріне қатысты келтірген дерек мәліметіндегідей, Ноғай мырзалары да қалалы жерлерге барудан бас тартып, өздерінің үйреншікті дәстүрлі шаруашылығынан қол үзгісі келмейді. Мұндай процесті тоқтатудың бір ғана жолына – Оқас биді өлтіріп, Әбілхайыр ханнан мүлде бөліну жатса керек. Ноғай мырзаларының осындай наразылықтарын дер кезінде сезіне білген Қожас солардың мүдделеріне сай жұмыс істеп, өз жағына тартады. Күшейіп алғаннан кейін ол әкесінің кегін сылтау етіп, Оқас биді өлтірген деп есептеуге болады. Бірақ Оқастан кейін Қожаш билікке келе алмайды. Билікке келген Оқастың мұрагерлері Ноғай мырзаларының талаптарына сай Әбілхайыр ханнан бөлініп, өздерінің ата-бабасы Еділ, Ембі аралықтарына кетеді де, Сарайшықты әкімшілік орталық етеді.

Міне, біздің ойымызша, Ноғай мырзаларының Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себебі осындай. Оқас биден соң билікке келген оның інісі Аббас би, одан кейін Оқастың ұлы Хорезми би өздерінің Әбілхайыр хандығына қатысты саясатында дербестік бағытты ұстананады. Осылайша, маңғыттардың Әбілхайыр хандығынан, ал маңғыт билері мен мырзаларының шайбанилық әулеттен бөлінуі «көшпелі өзбектер» елін біршама әлсіретіп кетеді. Біз бұл бөлінуді «көшпелі өзбектер» еліндегі алғашқы бөлініс деп айтамыз.

Әбілхайыр хан ішкі саяси өмірдегі қайшылықтар мен дағдарысты көрші елдерге тонаушылық сипаттағы жорықтар жасау арқылы жеңілдетуді ойластырып, 1448 жылы Мауереннаһрға басып кіреді. Оның мақсаты аумақты бағындыру емес, олжа табу болғандықтан, Самарқан төңірегінен мол олжамен кері оралады [110, 159–160-б.; 265, 505-б.]. Ал 1451 жылы Әбілхайыр хан Мауереннаһрдағы темірлік әулет арасында болған билік үшін тартыстарды пайдаланып, Самарқан тағын басып алады. Әулет өкілі Әбу Саид мырзаны билікке отырғызып, өзі мол олжа, сыйлықтармен кейін оралады [110, 161–162-б.; 265, 505-б.]. Көп ұзамай, 1455 жылы «көшпелі өзбектер» ханы Мауереннаһрдағы саяси талас-тартыстарға араласып, Мұхаммед Жөкі (Ұлықбектің немересі, Абдоллатиф мырзаның ұлы) өтініші бойынша өзі отырғызған Әбу Саид мырзаға қарсы Буреке сұлтанды 30 000 әскермен аттандырады. Мауереннаһрда тек тонаушылықпен айналысқан бұл әскер Әбу Саид әскерімен тікелей соғысуға бармай, тағы да мол олжамен кері оралады [117, 123–125-б.]. Бұл жолы Әбілхайыр хан өзінің мақсатына жете алмайды, оның әскері негізгі



міндетті орындамақ түгілі, Мауереннаһр әскерімен соғысудан бас тартады. Мұның бәрі Әбілхайыр хандығындағы қалыптасқан ішкі саяси жағдайдың онша берік емес екендігін көрсетсе керек.

1455 жылғы «көшпелі өзбектер» әскерінің Мауереннаһрға жорығы олардың бұл елге ең соңғы жасаған жорығы болды. Енді Әбілхайыр хан сыртқы жаулардан өзін қорғауға мәжбүр болды. Бірекі жылдан кейін, яғни 1457 жылы «көшпелі өзбектер» еліне шығыстан қалмақтар басып кіріп, Сығанақ қаласы түбінде Әбілхайыр ханды жеңіліске ұшыратады.

Сығанақ түбіндегі шайқастың XV ғасырдағы Қазақстан тарихында алатын өзіндік орны мен маңызы бар. Бұл шайқас Әбілхайыр хандығының ішкі саяси өмірі мен «көшпелі өзбектер» қоғамындағы жасырын проблемалардың бәрінің дерлік аузын ашып берді. Шайқас, ең алдыменен, Әбілхайыр хандығының бұрынғыдай күшті емес екендігін көрсетіп берді. Бұл шайқас Керей мен Жәнібек бастаған сұлтандардың, Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуіне тікелей әсер етіп, Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысы болса да, ол жөнінде тарих ғылымында арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан да біз осы жерде Сығанақ түбіндегі шайқас және оның салдарларына арнайы тоқталамыз.

1457 жылғы Сығанақ түбіндегі шайқас туралы мәліметтер бірнеше орта ғасырлық авторлардың еңбектерінде кездеседі. XVI ғасырда өмір сүрген шайбанилық әулеттің тарихшысы Масуд бен Осман Кухистани өз еңбегінің бір тарауын осы шайқасқа арнаса, үзік-үзік мәліметтер авторы белгісіз «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Тарих-и Кипчаки» секілді деректерде кездеседі [110, 17-б.; 168–170-б.; 392–393-б.].

Қалмақтардың жорығы жаз айларының бірінде басталады. Кухистани бұл туралы: «... Қалмақтардың падишахы Үз-Темір тайшы ханның даңқы мен байлығы жөнінде естіп, кеудесінде қызғаныш оты лаулап жанды. Ол өзінің әмірлерін, батырларын және әскер басыларын жиып, Әбілхайыр хан көп қару жинап, мол байлыққа ие болып отыр. Қазір ол өзінің жайлауында көңілді күндерін өткізуде. Тез арада әскер жинап, тосыннан соққы беру керек», – деп баяндайды [110, 168-б.]. Қалмақтардың әскербасылары өз тайшыларының ойын түсінді де, әскер дайындап жорыққа аттанады [110, 168-б.]. Бұл мәліметтен көріп отырғанымыздай, Үз-Темір тайшының жорығы жаз айларында өтеді. Екінші бір байқайтынымыз, ол – қалмақ

тайшысының Әбілхайыр хандығының ішкі өміріндегі өзгерістерден хабардар болуы, яғни Оқас би мұрагерлерінің одан бөлініп кетуі, жергілікті ру-тайпа көсемдерінің ішкі наразылықтары, ордаежендік әулет өкілдерінің Әбілхайыр ханға қатысты көзқарастары және тағы басқа мәселелер Үз-Темір тайшыға белгілі болған. Егер де Әбілхайыр хандығында ішкі бірлік күшті болса, онда оған көршілес елдерден шапқыншылықтар жасалмаған болар еді. Кез-келген көрші елдің өз көршісінде не болып жатқанын әртүрлі жолдармен біліп, бақылап отыратыны белгілі. Қысқаша түрде айтсақ, қалмақ билеушісі Әбілхайыр хандығының әлсірей бастағанын бірден байқаған. «Тарих-и Кипчаки еңбегінің авторы: «... қалмақтардың басшысы Үз-Темір тайшы 170 мың атты әскермен ханға қарсы аттанды», – деп қалмақтардың санын көрсетеді [110, 392-б.]. Ал «Тарих-и Кипчаки» еңбегінің басқа нұсқаларында қалмақ әскерлерінің саны 70 мың болғандығы айтылады [110, 556-б.]. Біздің ойымызша, осы соңғы әскер саны дұрыс секілді.

Қухистани мәліметіне келсек, автор жорықтың бағытын: «... Үз-Темір тайшының жарлығына сай барлық әскер әйелдері және балашағаларымен жорыққа аттанды. Олар Шу өзенінің жағалауына жеткенде әйелдерін, балашағаларын қалдырып, өздері әрі қарай суыт жүрді», – деп баяндайды [110, 168-б.].

Қалмақтардың жорығы туралы хабарды естіген бойда Әбілхайыр хан өзінің ең атақты сұлтандары – Бақтияр сұлтан мен Ахмед сұлтандар бастаған әмірлерді, батырларды жауға қарсы аттандырады. «Тарих-и Абулхайр-ханида» Қият, Шынбай, Итжан, Қытай, Қоңырат, Құсшы, Найман, Дурман тайпалары әмірлерінің осы жорыққа қатысқандығы айтылады [110, 168-б.]. Маңғыт тайпасынан жалғыз Сарыг Шиман атты тұлғаның есімі кездеседі. Бұған дейінгі жорықтарға Әбілхайырдың жарлығына сәйкес Оқас биден бастап бірнеше маңғыт билерінің есімдері кездесіп отырса, бұл жорықта тек қана жалғыз маңғыт көсемінің айтылуын біз маңғыттардың «көшпелі өзбектерден» бөлінуінің салдары деп түсінеміз.

Жоғарыда Әбілхайыр ханның жарлығына сәйкес әскер шығарған тайпалар тізіміне қарасақ, олардың бәрінің шибандық әулетке адал тайпалар екендігін аңғарамыз. Бұл тізімде ордаежендік тайпалар атаулары ұшыраспайды. Олардың неге кездеспейтінін бұл жерде түсіндіріп жатуды артық деп есептейміз. Біздің ойымызша, ор-





даежендік тайпалардың жетекшілеріне Әбілхайыр ханның жеңісінен гөрі, жеңілгені тиімді болған.

Сонымен, екі жақтың әскері Сығанақ төңірегіндегі Көк Кесене деген жерде бір-біріне сап түзеп, қарама-қарсы тұрады. Көк Кесене – Сығанактан Төменарыққа қарай 8 шақырым жерде орналасқан жер атауы. Оның осылай аталуы кесене түсінің көк болуына байланысты болған [266, 98–101-б.]. Масуд бен Осман Кухистани әртүрлі тенеулер арқылы екі жақ әскерінің көптігін, сарбаздардың ерлігін мейлінше суреттейді. Біз оны кейінге қалдырып, оқиға барысына көшейік. Үз-Темір тайшы әскерінің көптігіне қарап, Әбілхайыр ханға бірнеше талаптар қояды. Бірақ оған ханның сұлтандары көнбей, ұрысқа даяр екендігін, жаудан қорықпайтындығын білдіреді. Сөйтіп, екі жақтың әскері қан майданға түсіп кетеді. Майдан барысын қызыл тілмен барынша суреттеп жазған автор, ақыр соңында Әбілхайыр ханның ең сенімді серіктері, атақты сұлтандар – Бақтияр-сұлтан мен Ахмед сұлтанның қаза тапқанын, жеңістің қалмақтар жағына өткенін айтады [110, 169-б.].

Бұдан кейін Әбілхайыр хан ұрысты тоқтатып, Сығанақ қаласына шегінеді де, қаланың бекінісін күшейте бастайды. Ал қалмақтар болса, қаланың төңірегіндегі елді мекендерді талан-таражға салып, ханға екінші рет елшілік жібереді. Елшіліктің қандай талаптар қойғаны белгісіз, деректерде айтылмайды. Әбілхайыр хан бұл талаптарға амалсыздан көнуге мәжбүр болады. «Тарих-и Абулхайр-хани» авторы: «... Қалмақтар келісім жасаспай тұрып, Түркістан, Шахрухия өңірлерін, Ташкент маңындағы тайпаларды, отырықшы елді мекендерді тонап үлгірді», – деп баяндайды [110, 170-б.].

Одан әрі Үз-Темір тайшы Әбілхайыр ханмен келісімге келгеннен кейін, Сайрам арқылы Шу өңіріне келіп, онда қалдырған әйел, бала-шағаларына қосылады да, өз елдеріне оралады [110, 170-б.]. Қалмақтар Әбілхайыр ханды өз талаптарына көндіргеннен кейін, аманат ретінде ханның 1454 жылы туған үш жасар немересі Махмұд сұлтанды алып кетеді [264, 97-б.]. Әбілхайыр ханның аманатқа туған немересін беруіне қарағанда, ол қалмақтардың ауыр шартына көнген секілді.

Шибанилық әулет тұсында жазылған еңбектерде бұл жөнінде ештеңе айтылмайды. Тек қана кейбіреуінде қысқаша түрде Махмұд сұлтан үш жасар кезінде Үз-Темір тайшы қалмақтың қолына түскен делінеді [110, 17-б.].



Осылайша, 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Көк кесенеде Әбілхайыр ханның қалмақтар көсемі Үз-Темір тайшымен болған шайқасы жеңіліспен аяқталады. Шайқастың Әбілхайыр хан үшін, сонымен бірге «көшпелі өзбектер» елі үшін бірнеше кері салдары болды.

Біріншіден, қалмақтардан жеңілу, қол астындағы елді жаудың емін-еркін тонауына мүмкіндік беру – Әбілхайыр ханның беделін түсіреді. Екіншіден, мұсылман елінің ханы бола тұра, деректерде кәпірлер елі деп аталатын қалмақтардың қойған шартына көнуі және аманат ретінде туған немересін жау қолына беруі – тек ханның ғана емес, сонымен бірге бүкіл шибан әулетінің беделіне нұқсан келтіреді. Үшіншіден, шайқасқа әскерлердің аз келуі – «көшпелі өзбектер» елінде этникалық бірліктің болмағандығын, ханға қарсы этникалық топтардың болғандығын дәлелдейді. Төртіншіден, «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының бірі болып саналатын ордаежендік тайпалардың хан жарлығына құлақ аспай, шайқасқа қатыспауы – олардың маңғыттар секілді Әбілхайыр ханнан бөлінуіне қадам басқандығын көрсетеді.

Осылайша, 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі шайқаста Әбілхайыр ханның қалмақтар көсемі Үз-Темір тайшыдан масқара жеңілісі – «көшпелі өзбектер» мемлекетінің саяси тарихында бір кезеңнің аяқталып, келесі кезеңнің, яғни күйреу кезеңінің басталғандығын көрсетті. Әбілхайыр ханға наразы ордаежендік тайпалар өз жетекшілері – Керей мен Жәнібек хандардың бастауымен осы жылы-ақ «көшпелі өзбектерден» бөлініп кетеді де, оның күйреуі процесін тездетіп жібереді. Әбілхайыр хандығының соңғы кезеңі – 1457–1469 жылдар аралығына сай келеді. Бұл кезеңде Моғолстанның батыс бөлігінде Қазақ хандығы құрылып, оның тарихының алғашқы кезеңдері жүріп жатқандықтан, біз «көшпелі өзбектер» елінің соңғы кезеңін Қазақ хандығының алғашқы жылдарындағы оқиғалармен байланыстыра қарастырамыз.

Енді жоғарыда айтылған Әбілхайыр хандығының ішкі саяси жағдайына қатысты ойларымыз бен пікірлерімізді қорытындылай келе, мынадай тұжырымдарға келеміз.

Бірінші, XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Ордадағы болған билік үшін болған үздіксіз күрестер оның әр аймақтардағы ұлыстарында да жалғасып, ол ғасырдың 20-жылдарында Батыс Қазақстан аумағында орын тепкен Шайбани Ұлысында да көрініс береді. Ұлыстың ішінде бірнеше дербес кішігірім ұлыстар пайда



болып, онда шайбанилық әулеттің өкілдері билік жүргізеді де, олар бытыраңқылық жағдайды одан әрі тереңдетеді.

Екінші, Шыңғыс хан дәуірінде қалыптасып, содан бергі уақытта санаға сіңдірілген шыңғыстық идеология әлсірейді. XIV ғасырдың екінші жартысында Моңғол империясының жекелеген аумақтарында шыңғыстық идеологияға қарсы темірлік, едігелік идеологиялар пайда болып, ол аумақтардағы жоғарғы билік Әмір Темір мен Едіге би ұрпақтарына ауысады. Ал Қазақстан аумағында жаңа идеология пайда болмаса да, шыңғыстық идеология біршама әлсірейді. Жергілікті этносаяси күштер билік мәселесіне араласып, өздерінің мақсат-мүдделеріне сай келетін талаптарын орындайтын Шыңғыс әулетінің жап-жас өкілдерін билікке отырғызды. 17 жасар Әбілхайыр осындай жолмен билікке келген.

Үшінші, жергілікті этносаяси күштер мен рухани көсемдерден қолдау тапқан Әбілхайыр 3–4 жылда Шайбан ұлысындағы саяси бытыраңқылықты жояды. Алғаш рет Темір әулетіне қарасты Хорезмге жорық жасайды, бірақ тұрақтай алмайды. Кіші Мұхаммед ханның ұлдарына қарсы күресте жеңіске жетіп, өзінің беделін арттырады. 1446 жылға дейін Әбілхайыр хан салыстырмалы түрде бейбіт өмірді бастан өткізеді.

Төртінші, 1446 жылы Атбасарда Мұстафа ханды және сол жылы Сыр бойын иелену арқылы Әбілхайыр хан Шайбан әулеті арасында бірінші болып бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың жеке дара билеушісі атанады. Саяси орталықты Сыр бойына көшіру арқылы ол Мауереннаһр ісіне араласуға мүмкіндік алады. Сырттай қарағанда оның мемлекеті күшті, мықты болып көрінгенімен, болашақ ыдырау мен күйреудің басы осы жылдардан басталады. Оның мынандай белгілері анықталды. 1) Бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты бағындыру арқылы ол бұрынғы Шыңғыс хан заманындағыдай хандықты басқаруға тырысты. Сөйтіп, өзін билікке отырғызған ру-тайпа басшыларының жасырын наразылығын өршітті; 2) Саяси орталығын қалаға ауыстыру арқылы өзінің меншікті ұлысынан алыстап, өзіне қарсы наразы ұлыстың аумағына келді және көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ру-тайпа көсемдерінің наразылықтарына тап болды; 3) Орда Ежендік әулеттің ұлысын иелініп, сөйтіп әулет өкілдерінің қарсылығын туғызды.

Бесінші, Әбілхайыр хандығынан бірінші болып бөлініп кеткен маңғыттар «көшпелі өзбектер» еліндегі саяси дағдарыстың бетін

ашып, елдің этносаяси жағынан тұрақсыз екендігін көрсетті. Мауереннаһрға жасалған соңғы жорықтар хандықтың онша күшті, қуатты емес екендігін дәлелдеді.

Алтыншы, 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі шайқаста қалмақтардан жеңіліс табу және олардың ауыр шарттарына көну – Әбілхайыр хандығының күйреуінің басы екендігін, сондай-ақ Шибани әулетінің беделінің тұрғындар арасында төмен түскендігін танытты.

Міне, осыларға қарап, XV ғасырдың орта тұсында Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ру-тайпалардың маңғыттар секілді «көшпелі өзбектер» елінен бөлініп, дербес хандық құруына қолайлы саяси алғышарттар даярлады деп нық сеніммен айта аламыз.

## **5.2. XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы Әбілхайыр хандығының көрші елдермен саяси қарым-қатынастары**

XV ғасырдың орта тұсындағы Әбілхайыр хандығының сыртқы саяси жағдайы оның ішкі саяси жағдайымен қатар дамып, бір-бірімен үндесіп жатты. Ішкі саяси өмірдегі көптеген мәселелер сыртқы саясатта да көрініс береді. Сол себепті де Әбілхайыр хандығының XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы сыртқы саяси жағдайы хандықтың осы кезеңдегі жалпы саяси жағдайын қалыптастырып, оның саяси өмірі мен дамуының құрамдас бір бөлігі болып есептелетіндіктен, оны талдау да Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттарын түсінуге, білуге мүмкіндіктер береді.

Жазба дерек мәліметтерінде хандықтың сыртқы саяси жағдайын көрсететін деректер жүйелі түрде кездеспейді, тіпті, жоқтың қасы. Бірақ та жанама деректердің көмегімен бұл мәселені нақтылы түрде болмаса да, жалпылама түрде шешуге болады.

Біз Әбілхайыр хандығының сыртқы саяси жағдайы мәселесін қарастырғанымызда, хронологиялық тұрғыдан 1446 жылдан кейінгі кезеңдерді талдаймыз. Өйткені, бұл жылға дейін Әбілхайыр хан бар болғаны Шығыс Дешті Қыпшақтағы Шибан Ұлысының ғана билеушісі болды. Ондай ұлыстар 1446 жылға дейін бірнешеу болатын. Әбілхайыр хан 1446 жылы Мұстафа ханның ұлысын, Керей мен Жәнібек сұлтандардың ұлысын бағындыру нәтижесінде ғана бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың билеушісіне айналды. Әбілхайыр хандығы деген терминнің өзі осы жылдан кейінгі саяси құрылымға қатысты.



Әбілхайыр хандығының XV ғасырдың орта тұсындағы көрші елдермен саяси қарым-қатынастарын білу үшін, біріншіден, хандықтың нақты шекарасын білу керек, ал содан кейін оның қандай мемлекеттермен шекаралас болғандығын анықтау қажет.

Әбілхайыр хандығының оңтүстіктегі шекарасы XV ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы өңірлер арқылы өтіп, сол бағытта Мауереннаһрдағы Темір әулетінің иеліктерімен шектесе, оңтүстік-шығыс бағыттағы шекара Балқаш көлі арқылы анықталады. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Көкше теңіз (*Балқаш көлін айтып отыр – Б.К.*) Моғолстан мен Өзбекстан арасын бөліп тұрған көл», – деп жазады [133, 404-б.]. Осы бағытта Әбілхайыр хандығы моғол хандарының иеліктерімен түйісіп жатқан болатын. Ал шығыстағы шекараға келсек, Ертіс өзені «көшпелі өзбектер» елі мен қалмақ тайпалары арасындағы табиғи шекара болып саналады. Солтүстіктегі шекара Батыс Сібір аймағының оңтүстік бөлігімен, мұндағы шибанилық Ибақ ханның иелігіне қарасты жерлер «көшпелі өзбектер» құрамындағы ру-тайпалар жерімен шекараласып жатты. Ал батыстағы шекара мәселесіне келсек, оның бірнеше рет өзгеріп, ауысып отырғанын байқаймыз. Әбілхайыр хан мен маңғыт биі Оқастың достығы жарасып, «бір кеседен бал ішіп жүрген» кездерінде маңғыт тайпалары «көшпелі өзбектердің» құрамында болғандықтан, олардың аумағы да Әбілхайыр хандығының аумағына жатқызылатын. Соған байланысты Оқас бидің өліміне дейін Әбілхайыр хандығының шекарасын батыста Еділ өзені арқылы өткен деуге болады. Ал Оқас бидің өлімінен кейін маңғыт Ұлысы бөлініп жеке саяси құрылым ретінде батыстағы көрші елге айналады да, екі ел арасындағы шекара Ембі (Жем) өзені арқылы өтеді. М.Г. Сафарғалиев ағылшын саяхатшысы Дженкинсонның картасы негізінде ноғайлардың Арал теңізі жағалауларына дейін, Қарақұм, Борсық құмдарға дейін, Сырдың төменгі ағысы бойына дейін көшіп жүрген деп айтады [49, 482-б.].

Батыстағы шекараны нақты айту қиын, өйткені, әр кезеңдегі саяси құрылымдардың қуаттылығына байланысты ру-тайпалардың көш-қондары да өзгеріп отырған. XV ғасырдағы шекара туралы айтқанда, біз Б.А.Ахмедовтың пікірін негізге алып, Әбілхайыр хандығы мен маңғыт жұртының арасын Ембі бөліп жатқан деп есептейміз [102, 42-б.].



Шекара мен көршілес елдерді анықтап алғаннан кейін, Әбілхайыр хандығының XV ғасырдың орта тұсындағы осы мемлекеттермен саяси қарым-қатынасын жеке-жеке қарастырайық. Алдымен, «көшпелі өзбектер» елінің Батыс Сібірдегі Шибан әулетімен қарым-қатынасынан бастасақ.

Батыс Сібір аумағы XIII ғасырдың басынан Жошы Ұлысының құрамында болғаны белгілі. Сол кезден бері онда Шайбан ұрпақтары билік құрып, XV ғасырдың бірінші жартысындағы Алтын Ордадағы саяси таластар мұнда да байқалды. Жазба деректер мен оларға негізделген зерттеу еңбектерінде XV ғасырдың 20-жылдары Батыс Сібірде шибанилық әулеттің өкілдері билеген бірнеше ұлыстар болды. Оларға: Хажы Мұхаммед ханның (1420 немесе 1421 жылы хан болып сайланған), Жұмадық ханның (1425/1426 жылы хан болып сайланған) және Махмұд қожа ханның ұлыстары жатты [49, 457-б.; 110, 146-б.; 102, 43-б.; 220, 155-б.].

Осы жерде өзіміз жиі сілтеме беріп отырған М.Г. Сафарғалиевтың кейбір пікірлерінің қате екендігіне көзімізді жеткізіп, оны көрсете кетелік. Бірінші пікірге, оның шибанилық хандар – Хажы Мұхаммед хан мен Махмұд қожа ханды бір тарихи тұлға деп санауы жатады [49, 458-б.]. Ол «Тарих-и Абулхаир-ханидың» авторы шибанилық әулет өкілдері арасында ұрыстың болғандығын және Әбілхайырдың Хажы Мұхаммед ханның өзін жеңгендігін жазады», – дей келе, «Хафиз ал-Ташкенди Хажы Мұхаммедті Махмұд қожа хан деп атайды», – деп түсіндіреді [49, 458-б.]. Одан әрі ол Әбілхайырдың Хажы Мұхаммедті тұтқынға алып өлтіргендігін, «мұсылман әдеті бойынша Хажы Мұхаммедтің әйелін алғандығын айтады. М.Г. Сафарғалиев тағы да Хафиз ал-Ташкендиге сүйене отырып, Әбілхайыр аң аулап жүргенде Махмұд қожаны садақпен атып өлтіреді, сөйтіп оның әйелін алды», – деп Махмұд қожаны Хажы Мұхаммед хан деп оқу керек деген ескерту жасайды [49, 458-б.].

Бұл пікірдің дұрыс еместігін жоққа шығармаса да, Б.А. Ахмедов өз еңбегінде Махмұд қожа ханды шибанилық хандардың бірі деп көрсетеді де, оны Хажы Мұхаммед ханмен байланыстырмайды [102, 43-б.]. Т.И. Сұлтанов та, 1998 жылғы «Қазақстан тарихының» II томындағы осы мәселені жазған К.А. Пищулина да 1430 жылы Әбілхайырдың Тобыл өзені бойында Хажы Мұхаммед ханды емес, Махмұд қожа ханды жеңгендігін айтады [97, 220–221-б.; 220, 156-б.].

Байқап отырғанымыздай, орта ғасырлық Қазақстан тарихының, оның ішінде XIII–XVII ғасырлардағы кезеңнің белгілі маман-та-



рихшылары өз зерттеулерінде Махмұд қожа хан мен Хажы Мұхаммед ханды бір тарихи тұлға деп қарастырмаған. Алтын Орда тарихының ірі маманы М.Г. Сафарғалиев неге мұндай қателікке орын берген дей келе, оны төменде өзіміз түсіндіріп көрелік.

Біздің анықтағанымыздай, М.Г. Сафарғалиевтың мұндай қате тұжырым жасауына ол сүйенген XVI ғасырдағы араб тарихшысы Ал-Дженнабидың (1590/1591 жылы Алеппо қаласында қайтыс болған) деректері негіз болған. Өз кезегінде Ал-Дженнаби біз сөз етіп отырған мәліметтерді парсы тілінде жазылған Хафиз Мұхаммед Ташкендидің еңбегінен алады да, оны араб тіліне аударып өз шығармасына енгізеді [50, 535-б.]. Онда: «... Сосын хандыққа Шыңғыс хан ұрпақтарының бірі, Махмұд қожа хан келді. Бірақ Өзбектің ұрпақтарының бірі, Шыңғыс хан әулетінің өкілі Әбілхайыр оғлан оған сатқындық жасап, аң аулап жүргенде, оны садақпен атып өлтіреді де, өзі Дешті Қыпшақтың билігіне келді және Махмұд қожа ханның әйелін алады», – делінеді [50, 538-б.]. Дерек мәліметіне деректанулық тұрғыдан қарасақ, мынадай жайттарды байқаймыз:

1) Дерек авторы Ал-Дженнаби XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Дешті Қыпшақта болған оқиғалардың тікелей куәгері емес, Дешті Қыпшақта болмаған, оқиғаны шамамен 150 жыл өткеннен кейін араб елінде жазған;

2) Дерек авторы мәліметті парсы тілінде жазылған өзге автордың еңбегінен аударып алып отыр, ал ол автордың деректі қайдан алғаны белгісіз. Ал-Ташкенди деген тегіне қарағанда XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген шибанилық авторлардың бірі болуы мүмкін;

3) Деректің өзі Алтын Орда тарихындағы оқиғаларды өте қысқа, өте жұпыны баяндайды;

4) Деректе мынадай дәлсіздіктер бар: а) Махмұд қожа ханды Дешті Қыпшақтың ханы деп хабарлайды, ол бар болғаны Шибан Ұлысындағы бірнеше ханның біреуі ғана; ә) Әбілхайыр ханды Өзбек ханның ұрпағы деп айтады, ол Шибан әулетінің өкілі екендігі белгілі;


5) «Тарих-и Абулхайр-ханида» Махмұд қожа ханның аң аулауда емес, ұрыста қолға түсіріліп өлтірілгендігі нақты айтылады [110, 148-б.].

М.Г. Сафарғалиевтың осындай сенімсіз деректерге сүйеніп, тұжырым білдіргені біз үшін түсініксіздеу. Оған Кухистани еңбе-



гінің С.К. Ибрагимов аудармасындағы мәліметтері белгілі болса да, ол екі тарихи тұлғаны бір адам деп қабылдайды.

Түсінікті болуы үшін «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» дерегіндегі мәліметтерге сүйеніп, XV ғасырдың бірінші жартысында Шибан Ұлысы мен Шығыс Дешті Қыпшақта хан болған Шибан ұрпақтарының шығу тегін кесте түрінде көрсетелік [110, 34–37-б.].







Кестеден көріп отырғанымыздай, Махмұдқожа хан да, Әбілхайыр хан да, Иадгар хан да, Жұмадық хан да, Хажы Мұхаммед хан да – Шибан әулетінің ұрпақтары, Мыңтемір ханның төрт ұлынан тарайтын өкілдер. XV ғасырдың 20-жылдары Шибан Ұлысында бытыраңқылық пайда болған тұста Махмұд қожа хан, Жұмадық хан, Хажы Мұхаммед хан өз ұлыстарында хан атанады. 1429 жылы билікке келген Әбілхайыр хан алғашында бүкіл Шибан Ұлысын біріктіру үшін алғашқы жорықтарының бірін туысы Махмұд қожа ханға бағыттаған.

М.Г. Сафарғалиевтың екінші бір қате пікіріне – Әбілхайыр хан жорық жасаған Ахмед хан мен Махмұд ханды шибанилық Хажы Мұхаммед ханның ұлдары деп есептеуі жатады [49, 459-б.]. Бұл мәселе жөнінде Б.А. Ахмедов та, Т.И. Сұлтанов та, К.А. Пищулина да бір ауыздан бұл хандарды тұқайтемірлік Кіші Мұхаммед ханның ұлдары деп санайды [102, 51-б.; 97, 221-б.; 44, 156-б.]. Хандар шежіресіне назар салсақ, Хажы Мұхаммед ханның үш ұлы болған, олар: Сайидек хан, Махмұдек хан және Шибан-Ғази [110, 37-б.]. Б.А. Ахмедов Махмұд ибн Уәлидің дерегіне сүйеніп, Әбілхайыр ханның қарсыластары Ахмед хан мен Махмұд ханның одағында олардың әкелері Кіші Мұхаммед хан, бауырлары Джавак сұлтанның, Башйак сұлтанның («Таварих-и гузида-йи нусрат наме» дерегі бойынша – Джуак-сұлтан, Бахшайш сұлтан) болғандығын жазады [102, 51-б.]. «Таварих-и гузида-йи нусрат нама» дерегінің «Жошы ұрпақтарының шежіресі» атты бөлімінде Ахмед ханның, Джуак сұлтанның, Бахшайш сұлтанның Тұқай Темірдің ұрпағы – Темір-Құтлық ханның шежіре тармағында айтылуына қарап, біз Ахмед, Махмұд хандарды Кіші Мұхаммед ханның ұлдары деген пікірді жақтаймыз.

Енді негізгі мәселемізге қайта оралсақ.

Біз бұған дейін Батыс Сібір аумағындағы Шибан Ұлысында XV ғасырдың 20-жылдары бірнеше кішігірім ұлыстардың болып, оларды шибанилық хандар мен сұлтандардың басқарғанын айтқанбыз. Сондай ұлыстардың бірі – шибанилық Хажы Мұхаммед ханның ұлысы болатын. Болашақ Сібір хандығының билеушісі Ибақ ханның (*деректерде Абақ деп те айтылады – Б.К.*) атасы осы – Хажы Мұхаммед хан. Қадырғали Жалайыр ол туралы және оның ұрпақтары туралы: «... Ол уақытта Хажы Мұхаммед оғлан



еді. Бір уәлаяттан бір уәлаятқа еркін өтіп барар еді, өзі иулак [жас], баһадүр, ұзын бойлы, бір бет [сынлығ] еді, оқтары ұзын еді. Онан Едіге биге хабар береді, оны Едіге өз алдына шақыртты. ... Ол жолы Хажы Мұхаммед оғланды әскерге бастық қылды. Көп ұрысты. Қадірберді ханды ол алтын садағымен кесе атты. ... Негізінде Өзбекия арасында кең тараған хикаяда былай айтылады. Едіге би опат болды. Мансұр би болды. Хажы Мұхаммед оғланды Мансұр би хан көтерді. Бірі хан, бірі би болып жүрер еді. ... Өзбекия арасында Мансұр биді Барақ хан өлтірді. Онан соң бір күні Хажы Мұхаммед ханды да Барақ хан өлтірді. Және тағы Хажы Мұхаммед ханның ұлы Мұхаммед тек [өзі] хан еді. Оның ұлы Құлұқ хан еді. Оның ұлы Айбақ [Ибақ] хан еді», – деген мәліметтер береді [77, 119-б.]. Қадырғали Жалайыр дерегіне талдау жасай келе, М.Г. Сафарғалиев Сібір хандығының негізін шибанилық Хажы Мұхаммед қалады деген тұжырымға келеді [49, 476-б.]. Хажы Мұхаммед ханды Барақ хан өлтіргеннен кейін Сібір хандығының билігіне оның ұлы Махмүдек хан келеді. Міне, осы Махмүдек ханның мұрагерлері XV ғасырдың 40–60-жылдары Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр ханмен қарым-қатынасқа түседі.

Әбілхайыр хандығы XV ғасырдың орта тұсында солтүстігінде Сібір хандығымен шектесіп жатты. Екі жақ арасындағы саяси қарым-қатынастардың негізгі объектісіне біздің ойымызша, территориялық таластар, сауда-саттыққа бақылау орнату, саяси ықпалдылыққа ұмтылу жатқан. 1446–1469 жылдар аралығындағы саяси қарым-қатынастар туралы жазба деректерде ешқандай мәліметтер кездеспейді. Бұған қарап екі ел арасында ешқандай қатынастар болған жоқ деп пікір айту дұрыс емес. Негізінен, 1446 жылдан бастап Әбілхайыр ханның сыртқы саясаты оңтүстік бағытта белсенді жүргізіліп, жазба деректерде ол жөнінде мол мәліметтер кездеседі де, Сібір хандығымен болған қатынастар жылнамашылардың назарынан тыс қалған секілді.

Дегенмен де, Әбілхайыр хандығы мен Сібір хандығы арасындағы қатынастарға жалпы сипаттама берер болсақ, біз оны достық сипатта болған деп айта алмаймыз. Өйткені, 1469 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін, оның мұрагеріне қарсы ашық күреске шығып, шайбанилар әулетіне қарсы соғысқан күштердің қатарында Сібір хандығы тарапынан Хажы Мұхаммед ханның ұлы Сайидек



хан мен Махмүдек ханның ұлы Ибақ (Абақ) хандар есімі аталады [108, 19-б.; 111, 56–57-б.; 264, 99-б.; 136, 362-б.]. Әбілхайыр ханды деректер Ибақ ханның өлтіргендігін баяндайды [110, 20-б.; 99-б.].

Жалпы алғанда, Әбілхайыр хандығының Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы Сібір хандығымен саяси қарым-қатынасын қорыта келе, шайбанилар әулетінің өкілдері билікте болған екі елдің арасындағы қарым-қатынастар достық қатынаста болмай, Қазақ хандығының құрылуына қолайлы саяси алғышарттар туғызған деген қорытындыға келеміз.

XV ғасырдың ортасындағы Әбілхайыр хандығының оңтүстік-шығыстағы көршісі – Моғолстан мемлекетімен сыртқы саяси қарым-қатынастары Қазақ хандығының құрылуында ерекше маңыз атқарады. Әбілхайыр ханнан бөлініп, Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен ордаежендік ру-тайпалардың Моғолстан аумағына қоныс аударуы екі ел арасындағы қатынастардың нәтижесінен туындаған. Егер де сол тұстағы Моғолстан билеушісі Есенбұға ханның Әбілхайыр ханмен қатынасы өте жақсы болған болса, онда «көшпелі өзбектер» ханының қарсыластары оның жақтасына бармаған болар еді. Олай болса, шайбанилық әулет пен шағатайлық әулет билеушілері арасындағы саяси қарым-қатынастарды жақсы болған деп айта алмаймыз. Енді осының бәрін қолда бар дерек мәліметтеріне сүйеніп ашып көрсетелік.

Жалпы, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы ордаежендік әулеттің болсын, шайбанилық әулеттің болсын Шағатай әулеті билеген Моғолстан мемлекетімен жүргізген саяси қарым-қатынастары әртүрлі тарихи кезеңде әртүрлі сипат алып тұрды. Деректер және оларға негізделген зерттеулер екі елдің бір-бірімен достық та, жаулық та қарым-қатынастарда болғандығынан хабардар етеді. Мысалы, 1380 жылдардың соңында Шығыс Дешті Қыпшақ билеушісі Тоқтамыс хан мен моғол әмірі Қамар ад-дин Әмір Темірге қарсы бірігіп, одақ құрған [25, 70–73-б.]. Ал XV ғасырдың бірінші жартысында моғол ханының қарсыластары Шығыс Дешті Қыпшаққа қашып барып, ондағы билеуші әулеттен пана сұраған [133]. Ал енді XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы «көшпелі өзбектер» мен моғол елдері арасында болған нақты қарым-қатынастарға келсек, жазба деректер саяси қатынастардың барысы жөнінде ешқандай мәліметтер бермейді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың мәліметтерінен саяси



қарым-қатынастардан гөрі, осы кезеңде этникалық байланыстардың жиі жүргенін байқаймыз.

Оның объективті себептері бар. Моғолстанның құрамдас бір бөлігі болып саналатын Жетісу жері өзінің географиялық орналасуына қарай батысында Түркістан өңірімен, солтүстігінде Дешті Қыпшақпен шектесіп жатқандықтан, ондағы тұрғындармен әртүрлі бағыттағы байланыстарға ешқандай кедергілер болмады. Егер де Моғолстанның ең маңызды аймақтары болып есептелетін Жетісу мен Шығыс Түркістан аймақтарын Тянь-Шанның биік асулары бөліп жатып, екі аймақ арасындағы экономикалық байланыстардың өзі жылдың бір қолайлы мезгілдерінде ғана жүргізіліп тұрса, Жетісудың солтүстігі мен батысында ондай табиғи географиялық кедергілердің болмауы Дешті Қыпшақ пен Түркістан аймақтарындағы тұрғындардың Жетісу тұрғындарымен мәдени, рухани, этникалық, экономикалық байланыстарына кең жол ашып отырды. Саяси тұрғыдан алғанда бұл аймақтың түрлі тарихи кезеңдерде әртүрлі саяси құрылымдардың құрамында болуы Жетісу аймағын Дешті Қыпшақтан алыстатып тұрғандай көрсетеді.

Ал саяси тұрғыны соңғы қатарға қойып, алдыңғы қатарларға географиялық, этникалық, мәдени, рухани тұрғыларды шығарсақ, онда Жетісу, Дешті Қыпшақ, Түркістан аймақтары тұтас бір жүйенің, толық бір құрылымның бір-бірінен ажыратуға болмайтын, бір-біріне аса қажетті бөліктері болып табылады. Мұхаммед Хайдар Дулати екі аймақтың тұрғындары арасындағы этномәдени және шаруашылық байланыстарға дәлел болатын мынадай тарихи фактілерді келтіреді: «Өзбекстан мен Моғолстанның арасын Көкше теңіз (*Балқаш көлін айтып отыр – Б.К.*) бөліп тұрады, қыс мезгілінде Көкше теңізде мұз қататын. Өзбектер мұздың үстінен өтіп, Моғолстанға баратын. Олар екі тәулік бойы жылдам жүріп отырып, мұздың үстінен басып өтетін. Қыстың аяғында қайтқан кезде де дәл сондай жылдамдықпен мұздың үстінен жүріп өтетін» [133, 404-б.]. Ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық өмірдегі бұл байланыстар екі аймақтың ру-тайпалары арасындағы этномәдени байланыстарды одан әрі тереңдетеді. Екі аймақтағы саяси құрылымдарда саяси дағдарыстар өршіп, ру-тайпалар үшін қиыншылықты жағдайлар туындаған кезде екі жақтағы ру-тайпалар емін-еркін екінші



жаққа өтіп отырған. Тағы да Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегіне сүйенсек, онда Есенбұға ханның саясатына наразылық ретінде моғолдық қалушы (калучи), бұлғашы (булгачи) және тағы басқа тайпалардың Дешті Қыпшаққа көшіп кеткендігі жөнінде баяндалады [133, 109-б.].

Дәл осылай, XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Дешті Қыпшақтағы ордаежендік тайпалар өздерінің басшыларымен бірге Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға көшіп келеді. «Менің жауымның жауы маған жау емес» деген қағидаға сай, моғол ханы Есенбұға жауларының Әбілхайыр ханға баруы, сол сияқты Әбілхайыр хан жауларының Есенбұға ханға келуі – Әбілхайыр хан мен Есенбұға хан арасында онша жылы қатынастардың болмағандығын көрсетеді. XV ғасырдың ортасында Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасында осындай саяси қарым-қатынастардың орын алуы Қазақ хандығының құрылуына қолайлы алғышарттар туғызған деген қорытындыға келеміз.

Әбілхайыр хандығының XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы Мауереннаһрдағы Темір әулетімен жүргізген сыртқы саяси қарым-қатынастары да белгілі бір дәрежеде Қазақ хандығының құрылуына ықпал жасады. Біз бұған дейін Әбілхайыр хандығының ішкі саяси жағдайы мәселелерін қарастырғанымызда оның XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы Темір әулеті мемлекетімен жүргізген саясатына қысқаша болса да тоқталғанбыз. Сондықтан да бұл жерде ол мәселеге тереңірек тоқталық.

Б.А. Ахмедов Әбілхайыр хандығының Мауереннаһрдағы Темір әулетімен саяси қарым-қатынасын бір ғана сөйлеммен: «Өзбектер Сырдарияны иелену арқылы темірлік әулет мемлекетінің тікелей көршісіне айналды және темір ұрпақтарының билік үшін өзара күрестеріне белсене араласты, сондай-ақ өздерінің үздіксіз жорықтарымен Мауереннаһрдың отырықшы аудандарындағы тұрғындарды талан-тараждарға ұшыратып, үнемі оларды мазалап отырды», – деп түсіндіреді [102, 59-б.]. Тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі қол жеткізген жетістіктеріне сүйенсек, Б.А. Ахмедов айтып отырған пікір толық емес, жеткіліксіз. Тіпті біздің ойымызша, тарихшы екі жақты жалпы қарым-қатынастардың тек салдарларын ғана айтып отыр. Қарым-қатынастардың басты себептері мен негізгі объектісі оның назарынан тыс қалған. Біз өзіміздің бұл мәселеге арналған



жеке жұмысымызда оны арнайы қарастырғандықтан, бұл жерде негізгі тұжырымдарды ғана беріп өтеміз [267, 64-б.].

Жалпы, Әбілхайыр хандығы мен темірлік әулеттің мемлекеті арасындағы саяси қарым-қатынастарды ұғыну үшін оны көшпелілік пен отырықшылық шаруашылықтар тұрғысынан қарау қажет.

Дешті Қыпшақ тұрғындарының басым бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындықтан, олардың негізгі байлығы мал мен мал өнімдері болғандықтан, олар мал санын арттыруды, сақтауды бірінші орынға қойған. Ол үшін ең басты қажетті нәрсеге – жайылым жатқан да, жылдың төрт мезгіліндегі жайылым түрлерін өте тиімді пайдаланып отырған. Көшпелілер экстенсивті мал шаруашылығын дамыту үшін негізінен табиғи жайылым түрлерін пайдаланған. Дешті Қыпшақтың көшпелілері үшін қысқы жайылым мен қыстаулар ретінде Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойындағы жайылымды жерлер мен өзеннің сол жағындағы Қызылқұмның қысы жұмсақ өңірлері болған. Қызылқұмның Сыр бойынан оңтүстікке қарай созылып жатқан құмды және шөлді жерлері Мауереннаһр мен Дешті Қыпшақтың табиғи шекарасы рөлін атқарады. Сөйтіп, солтүстікте Тобыл өзенінің жоғарғы және орта ағысы бойы мен оңтүстікте Қызылқұмға дейінгі орасан зор аймақ Дешті Қыпшақтың көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ру-тайпалар үшін өмір сүру кеңістігі болып есептеледі. Бір типті шаруашылықтың басым болуы және оның шаруашылық өмірде жетекшілік рөл атқаруы шығыста Ертіс өзенінен, батыста Еділ өзеніне дейінгі, солтүстікте Тобылдан, оңтүстікте Қызылқұмға дейінгі кеңістікте өмір сүрген ру-тайпалардың этномәдени, саяси-рухани өмірінде аса маңызды рөл атқарып, олардың жеке этнос болып қалыптасуында ерекше орын алады. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы көшпелі мал шаруашылығы үшін аса қолайлы болып, ондағы ру-тайпалардың этникалық жағынан бірігуіне ерекше жағдай жасаса да ол процесс XV–XVI ғасырларға дейін жүзеге аспады. Өйткені әрбір тарихи кезеңдерде Дешті Қыпшақтың жекелеген аймақтары ондағы саяси жағынан бірліктің болмауына байланысты көрші мемлекеттердің қоластына қарап келді. Әсіресе, бұл жағдай Дешті Қыпшақтың оңтүстік аймақтарына көп қатысты. Сыр бойы мен Қызылқұмдағы қыстауларда қыстап шыққаны үшін ру-тайпалар ондағы билеушілер мен олардың тағайындаған әкімдеріне



есепсіз салықтар төлеуге мәжбүр болады. Сол себепті де Дешті Қыпшақ тайпалары үшін Сыр бойы мен Қызылқұм өңірлерінің тек қана Дешті Қыпшақ билеушілеріне қарағаны өте тиімді болатын. Бұл оңтүстік өңірлердің шаруашылық өмірдегі мәнін көрсетсе, ондағы қалалардың саяси-әкімшілік, мәдени-рухани, сауда мен экономикалық, білім мен ғылымның орталықтары ретіндегі мағынасы өте жоғары еді [267, 18–45-б.]. Сондай-ақ аймақтың Дешті Қыпшақ билеушілері үшін геосаяси маңызы да өте тиімді болып саналады.

Жалпы алғанда, Сыр өңірі мен ондағы қалалы, далалы өңірлердің Дешті Қыпшақтың ру-тайпалары үшін атқаратын рөлі мен маңызын былайша тұжырымдап беруге болады:

1) этношаруашылық, рухани-мәдени өмірдің тұтас болуы үшін оның мағыналы бөлігі болып саналатын территориялық кеңістік те тұтас болуы қажет. Сондықтан да Сыр бойы да солтүстіктегі Тобыл, Есіл бойлары секілді Дешті Қыпшақтың ажырамас, құрамдас бір бөліктері болып саналады;

2) Сыр бойының маңызы өте жоғары болғандықтан ол аймаққа саяси жағынан кім үстемдік орнатса, сол бүкіл Дешті Қыпшаққа ықпал ете алады. Міне, осы жағдайлар Шығыс Дешті Қыпшақ билеушілерін осы аймаққа үнемі үстемдік орнатуға тырысқан Мауереннаһр билеушілерімен күрес жүргізуге итермелейді. XI ғасырда қыпшақтар мен оғыздардың, XII–XIII ғасыр басына дейін Хорезм билеушілері мен қыпшақтардың, одан кейінгі Орыс хан мен Әмір Темірдің, Барақ хан мен Ұлықбектің арасындағы болған күрестердің басты себептері осылар. Әбілхайыр хан мен темірлік әулеттің, Қазақ хандары мен шайбанилық әулеттің, одан кейінгі аштарханилық әулеттің арасындағы күрестің себептеріне осы факторлар жатады.

Біз осындай тұрғыдан келгенде ғана Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһр билеушілері арасындағы қарым-қатынастардың жалпы сипатын, ал нақты алғанда XV ғасырдың орта тұсындағы Әбілхайыр хандығы мен Темір әулеті арасындағы үздіксіз күрестердің себептерін ұғынамыз.

Әбілхайыр хан 1446 жылы Сыр бойын иеленгеннен кейін Шығыс Дешті Қыпшақтың дербес билеушісі ретінде ол Мауереннаһрдың ішкі саяси өміріне назар аударуға міндетті болды. Бұл кезде ондағы билеуші Шахрух мырза қайтыс болып, билік үшін темірлік әулет өкілдері арасында соғыс өрті тұтана бастаған болатын. Мұн-



дай жағдайда кез-келген көрші елдің билеушісі ондағы жағдайды өз пайдасына шешуге тырысатыны, билікке таласушылар арасынан бір үміткерді таққа отырғызып, өзінің саяси ықпалын онда да нығайтуға күш салатыны белгілі. Осындай жағдайлар Әбілхайыр ханды Темір әулетімен саяси қарым-қатынастар жүргізуге итермелейді.

1449 жылы Ұлықбек мырзаны туған ұлы Абд-ал-Латип мырза өлтіріп, билікке келеді. Бірақ көп ұзамай өзі талас-тартыстың құрбаны болады да, билік үшін күрес одан ары өршиді. Темірдің ұрпақтары Абдулла мырза мен Абу-Сайд мырза арасында болған күресте соңғысы жеңіліске ұшырап, қашуға мәжбүр болады. Сөйтіп ол 1451 жылы Әбілхайыр ханнан көмек сұрайды.

Кухистани 1451 жылы Әбілхайыр ханның Самарқан қаласын алып, билікке келген Әбу Сайд мырзаны отырғызғанын айтып өтеді [110, 167-б.]. Бірнеше жылдан кейін Әбу Сайд мырза мен Абд ал-Латиф мырзаның ұлы Мұхаммед Жөкі арасында билік үшін күрес қайта тұтанғанда, Әбілхайыр хан соңғысына қолдау көрсетеді. Әбілғазының жазуы бойынша «көшпелі өзбектер» ханы Мұхаммед Жөкіге Самарқан тағын алып беру үшін өзі бармай, шибанилық сұлтан Бурекеңі 30 мыңдық әскермен аттандырады [117, 124-б.]. Бұған дейін айтып өткеніміздей, Буреке сұлтан бұл тапсырманы орындай алмайды. Абу Сайд мырзаның әскерімен тікелей шайқасқа түсуден бас тартып, Мауереннаһр өңірін талан-таражға салады да, мол олжамен кейін оралады [117, 125-б.]. 1455 жылы болған «көшпелі өзбектердің» бұл жорығы – Әбілхайыр ханның Мауереннаһрға ақырғы жорығы және Темір әулетінің ішкі ісіне араласуының соңы болды. Өйткені, 1457 жылғы қалмақтардан жеңілісі «көшпелі өзбектердің» екінші рет бөлініске түсуіне алып келіп, Әбілхайыр ханның сыртқы саясатта белсенділік рөл танытуына мүмкіндік бермеді.

Жалпы, XV ғасырдың орта тұсында Әбілхайыр хандығының Мауереннаһрдағы темір әулетімен жүргізген саяси қарым-қатынастарын қарастыра келе мынадай қорытындыларға келеміз:

1) Әбілхайыр хандығы мен Мауереннаһрдағы темірлік әулет арасындағы саяси қатынастарды тек «көшпелі өзбектер» тарапынан болған тонаушылық сипаттағы жорықтармен көрсету – мәселені толық ашып бере алмайды. Саяси қарым-қатынастардың негізгі себептерін: шаруашылық, этникалық, рухани, мәдени, геосаяси фак-





торларды түсінгенде ғана саяси қарым-қатынастардың астарларын көреміз. Біз оған Сыр бойы мен Қызылқұмның Дешті Қыпшақ үшін атқарған маңыздарын жатқызамыз.

2) XV ғасырдың 40-жылдары екінші жартысында Әбілхайыр хандығы өз дамуының ең шегіне жетсе, дәл сол тұста оңтүстіктегі көршіде билік үшін күрестер басталады. Бұл жағдай Әбілхайыр ханға екі жақты қарым-қатынаста белсенділік рөл атқаруға, Мауереннаһрдың ішкі саяси ісіне араласуға, ондағы билікке өз адамын отырғызуға мүмкіндіктер береді.

3) Өзі отырғызған Әбу Сайд мырзаны биліктен кетіріп, орнына басқа Темір ұрпағын отырғызуға күш салуы және оны жүзеге асыра алмауы – Әбілхайыр ханның Әбу Сайд мырзамен қарым-қатынасы шиеленісіп кеткендігін және өз жағдайының әлсірей бастағандығын көрсетеді. Ал біз оны Қазақ хандығының құрылуына қолайлы жағдай жасаған саяси факторға жатқызамыз.

Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп кетіп, олардың Қазақ хандығын құруына қолайлы саяси жағдай туғызған келесі бір факторға Әбілхайыр хандығының Маңғыт Ұлысымен жүргізген сыртқы саяси қарым-қатынастары жатты. Маңғыт биі Оқастың тұсында Әбілхайыр хан оның көмегімен бүкіл Шығыс Дештіні бағындыруға қол жеткізді. Әбілхайыр хан мен Оқас бидің арасында болған достық қатынасты Қадырғали Жалайыр: «Олар туралы «бір кесенің бір жағынан бірі әселді (балды) ішер еді, екіншісі екінші жағынан ішер еді» дейтін. Араларында көп достығы бар еді. Бір уақыт бірі хан, бірі би болып жүрген еді», – деп суреттеп береді [77, 120-б.]. Матвей Меховский Оқасты «Ұлы ханның *(Әбілхайыр ханды айтып отыр – Б.К.)* атақты қызметшісі әрі жауынгері», – деп атаса, мұсылман авторлары Бинай, Қухистани Оқастың екі рет Әбілхайырға хан тағын алып бергендігін айтады [110, 97-б.; 155-б.]. Жалпы алғанда, Оқас би тұсындағы «көшпелі өзбектер» елімен арадағы достық қатынастар би қайтыс болғаннан кейін тоқтатылып, бидің мұрагерлері – Аббас би, Мұса, Жаңбыршы билер Әбілхайыр ханнан бірден қол үзеді де, басқа шибанилық хан – Йадгар ханмен жақындасады. Ал жазба дерек мәліметтері Оқастың мұрагерлері мен Әбілхайыр ханның арасында XV ғасырдың 40–50-жылдары аралығында қарым-қатынастар жөнінде ештеңе айтпайды. Соған қарағанда екі жақ арасында саяси қарым-

қатынастарға елеулі өзгерістер әкелетіндей маңызды оқиға бола қоймаған секілді. Ұзақ жылдарға созылған Оқас би дәуіріндегі достық қатынастар үзіледі, бірақ ол Оқастың мұрагерлері тарапынан ашық түрдегі жаулық қатынастарға айнала қоймайды. Бірақ та қарым-қатынастың жаулық түрдегі жабық формасының болғандығын Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар ханға қарсы күрескен топ ішінде Маңғыт билері – Аббас бектің, Мұса, Жаңбыршы мырзалардың қатысқандығы дәлелдейді [108, 19-б.; 111, 57-б.; 99-б.].

Осылайша, XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы Әбілхайыр хандығының маңғыт билерімен саяси қарым-қатынастарына қысқаша тоқтала келе, Оқас бидің қайтыс болуынан кейін маңғыттардың шайбан әулетінен бөлінуі Әбілхайыр хандығын әлсіретіп, ол өз кезегінде Қазақ хандығының құрылуына қолайлы саяси алғышарттар әзірледі деген қорытындыға келеміз.

Енді жоғарыда айтылған Әбілхайыр хандығының XV ғасырдың орта тұсында көрші елдермен жүргізген саяси қарым-қатынасы мәселесіне байланысты айтқан ойларымыз бен пікірлерімізді жинақтап қорытындылайық.

Біріншіден, Әбілхайыр ханның бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты бағындыруы Жошы Ұлысының сол қанатындағы басқа саяси құрылымдардың (Сібір хандығы, Ноғай Ордасы) күшті қарсылығын туғызады да, ол өз кезегінде сол мемлекеттермен жүргізілген саяси қарым-қатынастардың сипатын анықтайды.

Екіншіден, Әбілхайыр ханның Мауереннаһр және Моғолстандағы темір, шағатай әулеттерімен көрші болуы олардың ашық қарсылығын туғызбаса да, ұнатпағаны белгілі. Өз іштеріндегі саяси дағдарысқа байланысты олар Сыр бойының Әбілхайыр ханға бағындырылуын мойындауға мәжбүр болады. Ал Әбілхайыр хан болса, Темір әулеті арасындағы өзара күресті өз пайдасына шешуге тырысады. Алғашында ол саясат нәтижелі болғанымен, кейінгі жылдары Мауереннаһрдың ішкі саяси өміріне оның ықпалы азаяды.

Үшіншіден, XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы Әбілхайыр ханның көрші елдермен жүргізген саяси қарым-қатынастарында ешбір елмен қатынастардың достық сипатта болмағандығына көзімізді жеткізіп, ол Қазақ хандығының құрылуы үшін аса қолайлы саяси алғышарттар даярлаған деген жалпы қорытындыға келеміз.



### **5.3. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайы**

Қазақ хандығының құрылуында Әбілхайыр хандығымен бірге тікелей қатысты болған мемлекеттің бірі – Моғолстан. Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ордаежендік тайпалардың «көшпелі өзбектер» елінен бөлінуі Әбілхайыр хандығындағы ішкі және сыртқы саяси жағдайлардан қалай туындаса, дәл сол сияқты XV ғасырдың орта тұсындағы Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайы осы мемлекеттің аумағында Қазақ хандығының құрылуына алып келеді. Сондықтан да, Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттарын түсіну үшін Моғолстандағы ішкі және сыртқы саяси жағдайды анықтаудың маңызы ерекше.

Тарихнамада Моғолстан мемлекетінің саяси тарихы зерттелмеген деп айтуға болмайды. Алғаш рет Моғолстанның саяси тарихы 1898 жылғы В.В. Бартольдтың «Жетісу тарихының очеркі» атты еңбегінде қарастырылады [181, 74–175-б.]. Еңбектің ғылыми құндылығы сондай, ол академиктің шығармалар жинағына енгенге дейін бірнеше рет қайта басылады. 1943 жылы А.Н. Бернштамның редакциялығымен Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында, 1956 жылы ағылшын тілінде, 1962 жылы тағы басылып шығады. Академиктің бұл еңбегі оның шығармаларының 1963 жылы жарық көрген екінші томының бірінші бөліміне енгізілген [182, 21–106 б.] Ондағы «Моғолистан» атты жетінші тарауша көлемі жағынан 17 беттен тұрса да, онда Моғолстан мемлекетінің құрылуынан XVI ғасырдың ортасына дейінгі Жетісу өңіріндегі саяси оқиғалар қысқаша көлемде, бірақ жүйелі түрде баяндалады [182, 79–95-б.]. В.В. Бартольд Моғолстан тарихына қатысты осы мақалада айтқан ойлары әлі күнге дейін өзінің ғылыми маңыздылығын жойған жоқ, сол себепті де Моғолстан тарихына қалам сілтеуші авторлар оның еңбегінен аттап немесе айналып кете алмайды.

Қазіргі кезде отандық тарихнамада Моғолстан тарихының жалғыз және белгілі маманы К.А. Пищулина болып саналады. Оның 1977 жылғы монографиясы толығымен осы мемлекеттің тарихына арналған [25]. Сондай-ақ 1983 жылғы көп томдық «Қазақ КСР тарихының» 2-томындағы «Моғолстан» атты тараушаны, 1998 жылғы көп томдық «Қазақстан тарихының» 2-томындағы Моғолстан мемлекетінің тарихына арналған 3-тараушаны К.А. Пищулина орындап шығады.



Көрсетілген авторлардың еңбектерінде Моғолстан мемлекетінің құрылуы, алғашқы моғол хандарының саясаты, Әмір Темірдің Моғолстанға жорықтары, XV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси тарихы мәселелері жақсы қарастырылғандықтан, біз бұл жерде ол мәселелерді қайталап жатпай, бірден XV ғасырдың орта тұсындағы Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси тарихының мәселелеріне көңіл аударамыз.

XV ғасырдың басынан сол ғасырдың орта тұсына дейінгі Моғолстанның ішкі саяси жағдайына шолу ретінде көз жүгіртсек, «XV ғасырдың I жартысында Оңтүстік-шығыс Қазақстан (*Моғолстанның бір бөлігін құраған Жетісу жері – Б.К.*) тынымсыз өзара алауыздық қырқысулар сахнасына айналды. Қызыр-Қожа хан, Мұхаммед хан, Уәйіс хан тұстарында Моғолстанда өкімет билігін орталықтандыру мен ішкі саяси жағдайларды уақытша тұрақтандырудың жекелеген кезеңдерін феодалдық күрестің жаңа толқындары мен Жетісу аумағына бағыстан Темір әулеті және шығыстан ойраттар жасаған үздіксіз шапқыншылықтар бұзып кетіп отырды», – деп сипаттама береді К.А. Пищулина. [220, 151-б.]

Моғолстан тарихын баяндайтын орта ғасырлық шығарма «Тарих-и Рашидиде» XV ғасырдың бірінші жартысындағы Моғолстандағы саяси бытыраңқылық, өзара күрестер, талас-тартыстар жақсы баяндалады. 1418–1428 жылдары билік құрған Уәйіс ханның тұсында біршама тұрақтылық байқалғанымен, ол қаза тапқаннан кейін, билік үшін күрестер мен талас-тартыстар қайта күшейеді. Ол туралы Мұхаммед Хайдар Дулати «Уәйіс хан шаһид болғаннан кейін моғолдардың ұлысы бейберекетсіздікке ұшырады», – деп жазады [133, 105-б.]. Одан әрі «Тарих-и Рашиди» авторы Моғолстандағы бейберекетсіздіктің себептерін: «Уәйіс ханнан екі ұл қалды. Жүніс хан және Есенбұға хан. Жүніс хан үлкен ұлы еді, оның жасы сол кезде он үште болатын. Әмірлердің арасындағы алауыздықтың кесірінен әмір Хұдайдақтың сыйлы адамдары Иразан барин және Мирак түрікпен екеуі Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейін адамдарымен және қару-жарақтарымен Хұдайдақтың ұлы әмір Мұхаммед шаһтан бөлініп, Жүніс ханға барып қосылды. Сөйтіп олар бүлікшіліктің негізін қалайды», – деп түсіндіреді [133, 105-б.]. Көріп отырғанымыздай, Моғолстандағы саяси дағдарыстың себептері XIV ғасырдың екінші жартысынан бастау алатын Алтын Ордадағы саяси дағдарыстардың себептерімен ұқсас келеді. Жергілікті ру-



тайпа көсемдерінің экономикалық қуатының артуы олардың саяси өмірдегі ықпалын күшейтсе, шағатайлық әулеттің билік үшін бір-бірімен өзара күресі, олардың осы күрестерде әмірлер мен бектерге арқа сүйеп, саяси күресте оларға тәуелді болуы ең алдымен, шыңғыстық идеологияны қатты әлсіретеді. Алтын Ордадағы Едіге би секілді мұнда Шағатай әулетінің қайсысының билікке келуі дұғлат тайпасы әмірлерінің кімді қолдайтындығына байланысты болды. Мұхаммед Хайдар Дулати осыған байланысты: «Моғолдарға әмір Хұдайдақ (*автордың алтыншы атасы, әмір Болатшының ұлы – Б.К.*) өз қолымен алты ханды таққа отырғызғаны мәлім. Олардың алғашқысы Қызыр қожа хан, содан соң Шам-и Жәһан хан, Нақыш-и Жәһан хан, Мұхаммед хан, Шир Мұхаммед хан, соңғысы Уәйіс хан», – деген қызықты мәлімет береді [133, 101-б.]. Тағы да мынадай бір мәліметтен жергілікті ру-тайпа көсемдерінің қандай материалдық байлықтарға ие болғанын көреміз. Автор үшінші атасы Әмір Саид Әлінің Қашғардағы билігі жөнінде айта келе, «Әмірден үш ұл және екі қыз қалды. Бір ұлы Мұхаммед Хайдар мырзаға, яғни менің атамның үлесіне бір жүз алпыс мың қой тиген еді», – деп хабарлайды [133, 108-б.]. Әрбір әмір немесе әмірлер тобы өздерінің мақсат-мүдделеріне сай келетін, солардың талаптарын орындайтын Шағатай әулеті өкілін билікке отырғызуға күш салды. Соның нәтижесінде таққа бірнеше үміткер пайда болып, ең күштісі немесе ең жолы болғышы билікті иеленгенге дейін күресін тоқтатпайды. Уәйіс ханнан кейін Моғолстанның әмірлерінің іс-әрекеттері біздің осы ойымызды негіздей түседі.

Уәйіс ханның екі жас ұлын қолдаған әмірлер арасындағы күрестер 5-6 жылға созылып, ақыры ең жасы Есенбұғаны қолдаған топ жеңіске жетеді де, 1434 жылы Жүністі жақтастары Мауереннаһрдағы Ұлықбекке алып кетеді [133, 105-б.; 25, 117-б.; 120, 29–30-б.].

Есенбұға ханның жастығын, оның мемлекет басқарудағы тәжірибесіздігін Моғолстанда қалған моғол әмірлері өз пайдаларына шешуге тырысады. Тұрфандық ұйғыр тайпасынан шыққан Темір атты әмірдің ханға өте жақын болуы басқа әмірлердің қарсылығын туғызады да, олар бүлік жасап, Темірді өлтіреді. Ал өздері болса, әрқайсысы өз ұлыстарына қашып барып бекінеді. Моғол әмірлерінің бүлік жасауы себебін К.А. Пищулина: «Өз кезегінде жас хан Моғолстанның көшпелі тайпаларының әмірлері арасында өзін еркін сезіне алмай, өзіне тірек болуды оңтүстіктегі егінші отырықшы



аудандардағы феодалдардың жоғары тобынан іздеді. Моғолстанның бұрынғы ру-тайпаларының көсемдері, әмірлер мен бектер бұған наразы болды», – деп дәл анықтап түсіндіреді [25, 118-б.].

Осы тұстағы Моғолстандағы бытыраңқылықтың күшейгені сондай, орталық биліктің қауқары тек Есенбұға ханның айналасындағыларға ғана жеткен сияқты. Ал «Тарих-и Рашиди» авторының мәліметіне сүйенсек, әрбір әмір өз ұлысында дербес өмір сүре бастаған. Мысалы, бұрынғы ұлысбегі Әмір Мұхаммед шаһ Атбасыға қоныстанса, Әмір Кәрімберді Моғолстанның Әндіжан мен Ферғанаға шекаралас Алабұға деген жерінде өзіне қорған салдырады. Бекжак тайпасының әмірі Хақберді Ыстық көлдің Қойсу деген жерінде қорған салдырады. Шорас, барин тайпаларының әмірлері қалмақтарға, калуун (қалушы), бұлғауи (бұлғашы) және тағы басқа бірнеше тайпалар Шығыс Дешті Қыпшаққа кетеді. Құнжы және тағы басқа тайпалардың әмірлері Моғолстан жерінде ешкімге бағынбады, даланы сергелденге салып, берекетсіздікке ұшыратады [133, 109-б.; 269, 87-б.; 25, 118–119-б.]. Әрбір әмір өз бетінше өмір сүріп, өз саясатын жүргізеді. Әмір Кәрімберді Ферғана мен сол аймақтағы елді мекендерді тонауға ұшыратса, Әмір Хақберді Түркістан мен Сайрамды ойрандауға кіріседі [133, 109-б.]. Уақыт жағынан алғанда Моғолстандағы бұл бытыраңқылық XV ғасырдың 30-жылдарының соңы мен 40-жылдарының бірінші жартысында болады. Сондай-ақ ол мемлекеттегі ішкі саяси жағдайдың ең тереңдеп, бытыраңқылықтың ең асқынған түрінің көрінісі болды. Моғолстан атты мемлекеттің одан әрі өмір сүруі не болмаса тарихтан өшу мәселесі бірінші боп күн тәртібінде тұрды деуге болады. Ресми хан Есенбұғаның бұл тығырықтан елді алып шығар ешқандай жоспары болмаған секілді. Теңеу түрінде айтсақ, сол жылдардағы Есенбұғаның жағдайы мен халін ағысы қатты өзенде ескегінен айырылған қайықшы деуге болады.

Осындай жағдайда ханның қауқарсыздығын түсініп, елдегі ішкі жағдайды ретке келтіру үшін жергілікті ру-тайпа көсемдерінің алдыңғы қатардағы тобының өкілдері өз бастамаларымен жағдайды жөндеуде қолға алады.

Ханның беделі болмаса да, шынғыстық идеология әлі де болса өз позициясын толық жоймаған болатын. Мұны жете сезінген әмірлер тобы бүкіл мемлекеттік көлемдегі саяси шараларды ханның атынан, ханның қолдауымен, ханның жарлығымен жүзеге асыру



үшін ханды өз ықпалдарында ұстау керектігін түсінеді. Сол мақсатпен ханға бірінші боп бұрынғы ұлысбегі, Дуғлат тайпасының әмірі Мұхаммед шаһ қайтып оралады. Одан кейін басқа әмірлер де ханның төңірегіне топтаса бастайды. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Одан соң барлық ел ханға қайтып оралды. Хан да өзінің жасаған әрекеттеріне опынып, елімен жақсы қатынас жасай бастады», – деп баяндайды [133, 109-б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидың осы мәліметіне талдау жасау арқылы біз сол кезеңдегі моғол қоғамындағы этносаяси жағдай туралы біршама түсініктер ала аламыз.

Мәселенің этникалық жағына назар аударсақ, онда Моғолстан мемлекетіндегі негізгі этноқауым – моғолдардың осы кезеңде таза классикалық үлгідегі этнос болып қалыптаса қоймағанына көзімізді жеткіземіз.

К.А. Пищулина бұл жөніндегі: «XV ғасырдың бірінші ширегінде Оңтүстік-шығыс Қазақстан бірнеше рет феодалдық өзара қырқыстар мен сыртқы шапқыншылықтарды бастан өткерді. ...Ондаған жылдарға созылған феодалдық соғыстар, феодалдық қырқыстар, сондай-ақ жаулаушылардың кезекті соғыстары мемлекеттің саяси тұтастығын сақтап қалуға мүмкіндік бермеді. Мұның бәрі тұрғындардың этникалық бірігуіне кедергі келтіріп отырды», – деген тұжырымы біздің ойымыздың дұрыстығын растайды [25, 287-б.]. Көрсетілген себептер XV ғасырдың екінші ширегінде де этникалық бірігуге кедергі жасайды.

Моғолстанның негізгі аймақтары Жетісудағы, Тянь-Шаньдағы және Шығыс Түркістандағы түрік тілдес тайпалар ортақ атаумен «моғолдар» деп аталса да, олар географиялық орналасуға, шаруашылық түрлеріне, этногенетикалық және тарихи дамуларына қарай бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Моғолдар құрамындағы ірілі-ұсақты 25–26 тайпалардың ішінде қазақ халқының құрамында кездесетін Қаңлы, Доғлат (Дулат), Керайт тайпалары болған. В.П. Юдин әрбір тайпаға тарихи сипаттама бере келе доғлаттар туралы: «Доғлаттар Моғолстанның саяси өмірінде белсенді рөл атқарған және оның ең қуатты тайпасының бірі болған. Тайпа әмірлеріне Қашғария берілген. Бұл тайпа Моғолстанның бар аймағына тараған. Доғлаттардың бір тармағы Жетісуда қоныс тебеді», – деп түсініктеме береді [46, 73-75-б.].

Керайт тайпасы болса, Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегінде қазіргі Алматы өңірінде қоныс тепкендігі айтылады [133, 74-б.].



Керайт тайпасының Жетісуда керайттар аймағы деп аталатын өңірде тұрғандығын В.В. Бартольд та деректерге сүйеніп айтады [182, 182-б.].

Ал Қаңлы тайпасына келсек, бұл тайпаның б.з.д. III ғасырдан бері Оңтүстік Қазақстанда өмір сүріп, жеке мемлекет құрғаны белгілі. Біз қарастырып отырған кезеңде қаңлылардың аймағы Тоғьлық Темір ханға бағынып, аймақ басшыларының бірі, Бекжак, Керайт, Арканут тайпаларының қолбасшыларымен Мауереннаһрды жаулап алуға атсалысады [133, 50-б.; 268.]. Қаңлылар сан жағынан көп болуына байланысты Оңтүстік Қазақстан, Жетісу және Моғолстанның басқа да өңірлерінде қоныстанған. «Тарих-и Рашиди» дерегіндегі қаңлылар жөніндегі мәлімет тек қана Жетісудағы қаңлыларға қатысты айтылып отыр. Кейіннен қазақ халқының құрамына енген бұл тайпалар Моғолстан құрылғанға дейін-ақ Жетісу өңірінде мекендейді де, Моғолстан мемлекеті құрылғаннан кейін, оның маңызды аймағының басты тайпалары болып саналады.

Шығыс Түркістан аумағындағы жергілікті этносаяси күштердің бір жағынан, екінші жағынан, Жетісу аймағындағы этносаяси күштердің моғол хандарына ықпал ету арқылы өздерінің талап-мүдделеріне сай саясат жүргізуге күш салып отырғанын байқаймыз. Моғол хандары болса екі аймақтағы екі ірі этносаяси күштерге алма-кезек тәуелді болып, жалпымоғолдық бағыттағы саясат жүргізуде дәрменсіздік танытады. Мұндай мемлекеттің ұзақ өмір сүре алмайтыны белгілі. Моғол хандарына екі аймақтың біріндегі этносаяси күштерге сүйеніп қана әулет билігін сақтап қалу мүмкіндігі қалған болатын. Тарихи дамудың барысы көрсеткеніндей, XV ғасырдың соңында екі аймақтағы этносаяси күштер Моғолстанда екі ханды билікке әкеледі, ал XVI ғасырдың басында Жетісу аймағының Қазақ хандығының құрамына қосылуына байланысты, моғол хандары Шығыс Түркістанға біржолата ауысып, сол аймақтағы этносаяси күштердің мақсат-мүдделеріне сай саясат жүргізе бастайды.

XV ғасырдың орта тұсындағы Моғолстандағы саяси жағдайға екі аймақтағы этносаяси күштер арасындағы ханға ықпал жасау, ханды өз талаптарына сай пайдалану жолындағы тартыстар қатты әсер етеді. «Хан өзінің жасаған әрекеттеріне опынып, елімен жақсы қатынас жасай бастады» – деген дерек мәліметі жалпылама түрде біздің жоғарыда айтқан ойларымызды дәлелдесе, нақтырақ алғанда, Есенбұға хан тұрфандық Темірді ұлысбегі ету арқылы Шығыс Түркістандық этносаяси күштерге бет бұрғандығына өкініш біл-





дірген секілді. Одан әрі «елімен жақсы қатынас жасай бастады», – деген дерек мәліметінен біз Жетісу және Қырғыз жерлеріндегі этносаяси күштердің ханға ықпал ету жолындағы тартыстардың толық жеңіске жеткендігін көреміз.

Есенбұға ханға моғол әмірлерінің қанша жыл бағынбағаны, олардың қай жылы Есенбұға ханның төңірегіне жинала бастағанын деректер айтпаса да, біз оны шамамен Мауереннаһрдағы саяси дағдарыстарға дейін болған деп есептейміз.

Жетісулық және тянь-шаньдық әмірлердің қолдауына сүйенген Есенбұға хан В.В. Бартольдтың көрсетуінше «өз билігін қалпына келтіріп, мейіріммен ел басқару арқылы өзінің беделін өсіруге күш салады» [182, 87-б.]. Осындай жолмен Моғолстанда уақытша болса да біршама тұрақтылық сақталғандай болады.

Осы тұста Моғолстанның батысындағы көршісі Мауереннаһрда 5–6 жылдай уақытқа созылған саяси дағдарыстарды пайдаланып, Есенбұға хан ол жақтың Моғолстанмен көршілес аймақтарына бірнеше рет тонаушылық сипаттағы жорықтар жасайды. Біз ол туралы Моғолстанның XV ғасырдың ортасында Мауереннаһрмен жүргізген саясаты деген мәселеде тереңірек тоқталамыз.

Есенбұға ханның жорықтарына тосқауыл қою үшін Мауереннаһр билеушісі Әбу Сайд мырза моғол ханының ағасы Жүністі іздеп таптырып, оған қолдау көрсетеді де, інісіне қарсы айдап салады, «ондағысы осылайша ағалы-інілі екеуі бір-бірімен тартысып, жанжалдасып жатса, уәлаяттың шекарасы тыныш табар деген ойы еді» [133, 110-б.]. Осылайша, Әбу Сайд мырза Жүніс ханға қолдау көрсету арқылы Моғолстандағы сөнбесе де бықсып тұрған оттай ішкі саяси жағдайға май құйғанмен бірдей әрекет жасайды.

Жүніс хан «Тарих-и Рашиди» авторының туған нағашы атасы болғандықтан, ол Жүніс хан туралы мол материалдарды өз кітабына енгізіп, оған үш тарауды арнайды. Мұхаммед Хайдар Дулатидың мәліметтері бойынша: Жүніс хан 1416/1417 жылы туған; 13 жасында моғол әмірлерінің бір тобы оны әкесі Шахрухқа жібереді; Шахрух оған құрметпен қарап, Шарафаддин Йаздиге білім алуға тапсырады; Жүніс хан ұстазының жанында 12 жыл болады; одан кейін ол Йазд қаласынан кетіп, Фарсы, Әзербайжан, Казвин өңірлерінде ұзақ уақыт болады да, Ширазға келеді; Ширазда жүрген жерінен оны Әбу Сайд мырза шақыртып, Моғолстанға жібереді; сол кезде Жүніс ханның жасы 41-де және бұл 1455/1456 жылы болған [133, 112–113-б.].



Соңғы екі тарихи датаның Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауда тигізер көмегі көп, сондықтан да біз бұл екі датаға кейін әлі ораламыз.

Жүніс ханның тағы бір туған жиені, темірлік әулеттің өкілі Бабыр да өз еңбегінде Жүніс ханға тоқтала келе, оның өмірінен мынадай мәліметтер береді:

«Жүніс хан мен Есенбұға Уәйіс ханның ұлдары. Жүніс ханның шешесі – Темірдің рақымы түскен түркістандық қыпшақ бегі Шейх Нұр ад-диннің я қызы, я немересі. Уәйіс хан өлгеннен кейін, моғол ұлысы екіге жарылды: бір бөлегі – Жүніс ханға, екінші бөлегі – Есенбұға ханға қарады. Бұған дейін Ұлықбек мырза Жүніс ханның әпкесін Әбді әл-Әзиз мырзаға айттырған. Осындай туыстық, жегжаттыққа байланысты Бәрін тұман бектерінің бірі Иразан, Чарас тұманының бегі Мирек Түркмен екеуі қасында үш-төрт мың түтін моғолмен қоса Жүніс ханды Ұлықбек мырзаға алып келді. Мұндағы мақсаты Ұлықбектің жәрдемімен Моғолстанды түгел жаулап алу еді. Ұлықбек мырза бұлардың бұл қылығына оң қарамады: келген моғолдардың біразын тұтқынға алып, қалғандарын әр аймаққа таратып жіберді. Иразанның салған бұл лаңы моғол ұлысында естен кетпейтін оқиға болды.

Ханды Иран жаққа жөнелтті. Тебрезде жылдан астам тұрып қайтты. Ол кезде Тебрезді Жаһан шаһ Барани Қарақойлық билейтін. Хан сол жақтан Ширазға келеді, Ширазда Шаһрух мырзаның екінші ұлы Ибраһим Сұлтан мырза тұратын. Бес-алты айдан кейін Ибраһим Сұлтан мырза дүние салып, оның хан тағы мұрагер баласы Абдолла мырзаға көшеді. Сөйтіп, хан Абдолла мырзаның нөкері болды. Ширазы бар, басқасы бар, әйтеуір, сол аймақта хан он жеті-он сегіз жыл өмір кешеді. Ұлықбек мырза мен балаларының арасындағы жанжалды пайдаланып, Есенбұға хан Ферғанаға шабуыл жасап, атының басын Қанди-Бадамға келіп тіреді. Ол Әндіжанды басып алып, барлық тұрғындарын тұтқынға алды. Сұлтан Әбу Сайд мырза таққа отырғаннан соң, Есенбұға ханға қарсы жорыққа шықты. Янгидің ар жағында Ашпарада, Моғолстанда ол Есенбұға ханның быт-шытын шығарды. Сұлтан Әбу Сайд мырза мына лаңды басу үшін бұрынғы Әбді әл-Әзиз мырзаның әйелі, ханның әпкесі Ханымға үйленуіне байланысты «жезделігін бетке ұстап, Ирак пен Хорасан жақта жүрген Жүніс ханды шақыртты. Оның келу құрметіне ұлан-ғайыр той жасап, екеуі төс қағысып дос болды. Сұлтан Әбу



Сайд мырза Жүніс ханды моғол ұлысына хан тағына отырғызғанда, бұрын Есенбұға ханға өкпелеп кеткен Сағараш түменнің барлық бектері Моғолстанға қайтып оралды. Жүніс хан оларға келіп жолықты. Ол кезде Сағараш түменнің бегі Шир Қажы бек болатын. Жүніс хан оның қызы Исан Дулат бикеге үйленді. Моғолдардың әдеті бойынша, Жүніс хан мен Исан Дулат бикені ақ киізге отырғызып, хан көтерді» [120, 29–30-б.].

Әбу Сайд мырза Жүніс ханға қолдау көрсету арқылы оған шарт қояды. Бұл шарттың Моғолстанның ішкі саяси өміріне де, Моғолстан мен Мауереннаһрдағы билеуші әулеттер арасындағы қарым-қатынастарға да, тіпті мемлекет басқару мен қоғамдық өмірдегі шыңғыстық идеологияға да тікелей қатысы болғандықтан, осы жерде шарттың мәтінін толық беруді жөн көріп отырмыз.

«Хорасанда ол *(Әбу Сайд мырзаны айтып отыр – Б.К.)* Жүніс ханды Бағ-и заған бағындағы сарайға жайғастырды да ханның құрметіне патшалық той жасады. Олар бірнеше мәселе бойынша келісім шарт жасады. Сұлтан Әбу Сайд мырза (Жүніс ханға) мынаны айтты: «Әмір Темір о баста әмірлерді сайлап, билік бергенінде басқа әмірлер оны мойындамаған-ды. Өйткені бұл жағдайды өздерін кемсіткендей сезінді. Сондықтан әмірлер: «Әмір Темірге хан тағайындаған кезде біз оған бағынатындай лайықты хан болсын», деп ұсыныс айтты. Содан соң Әмір Темір Суиурғатмыш ханды хандыққа отырғызды. Әмірлер оны мойындады. Әмір Темір сайланған ханды өз уысында ұстады. Түрікше жарлықтар (пәрмендері) мен тугра ханның атынан жарияланып отырды. (Суиурғатмыш) хан қайтыс болған соң оның ұлы Сұлтан Махмұд ханды орнына тағайындады. Әмір Темір заманынан бастап Мырза Ұлықбекке дейін бұл дәстүр жалғасып келді. Алайда, хандықтан (қолдан қойған) хан деген сөздің аты ғана қалған еді. Хандар өмірінің соңғы кезеңдерін көбіне, Самарқанда өткізетін болды. Қазір патшалық кезек маған жетті. Мен ешкімге де тәуелді емеспін, дербеспін, ешқандай да ханға мұқтаждығым жоқ. Қазір мен сіздің пақырлық киіміңізді шешкізіп, үстіңізге патша шапанын жаптым, енді сізді ата жұртыңызға жіберемін. Менің шартым мынау болсын: өткен хандар (хақандар) Әмір Темір мен оның ұрпақтарын өздерінің нөкері деп санайтын, ал мен олай ойламаймын. Бұрында біздің аталарымыз солай болған еді дегенді тастау керек. Қазір мен дербес патшамын, басқалар өзін маған нөкерімін деп санайды. Енді «достық» ұғымынан



«қызметші» және «мырза» деген сөзді алып тастап, бұрынғы хандар сияқты «Темірдің мырзаларына» деп жазбай, достық хат-хабар алысып отыруды сақтаған жөн. Осы дәстүр болашақта ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсе екен».

Жүніс хан барлығын қабыл алды. Бұл уәде шарттарын ант ішіп, бекітті. (Әбу Сайд) Жүніс ханға рұқсат беріп, сол маңайдағы бар моғолды оған қосып берді» [133, 111–112-б.].

Осы жерде Әбу Сайд мырза мен Жүніс хан арасында жасалған шартқа қысқаша тоқталып, оның мәні мен маңызына түсініктеме берелік.

Біріншіден, бұл шарт – Моғолстандағы дәл сол кездегі ішкі саяси жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған. Әбу Сайд мырза өзіне үнемі шығыстан жорықтар жасап отырған Есенбұға ханды тоқтатып, Жүніс ханның «үстіне патша шапанын жабу» арқылы Моғолстанның ішкі саяси өміріне от салады. Есенбұға ханға «жазылмастай бас ауруын» тауып береді. Тарихтың кейінгі даму барысы көрсеткеніндей, Жүніс хан Әбу Сайд мырзаның қолдауына сүйеніп, Есенбұға ханмен ашық күресте жеңілсе де, Мауереннаһр билеушісі оған Моғолстанмен іргелес жерден иелік беріп, Есенбұға хан үшін сейілместей қауіп төндіріп қояды.

Екіншіден, бұл шарт – Моғолстан мен Мауереннаһр арасында болашақта болатын қарым-қатынастарды реттеуге бағытталады. В.В. Бартольд осы мәселе жөнінде Әбу Сайд мырза Жүніс ханды «Мауереннаһрға шабуылдар жасаудан алдын-ала бас тартқызып барып, Моғолстанға жіберді», – деп жазады [182, 88-б.].

К.А. Пищулина болса, бұл шарт – болашақта Жүніс хан билікке келгеннен кейін Моғолстанның Мауереннаһрға тәуелді болатындығын анықтады, Бірақ та Жүніс ханның өзі, ұлдары мен немерелері тұсында ол қағаз күйінде қалғандығын айтады [25, 122–123-б.]. Біздің ойымызша, бұл шарт – Моғолстан мен Мауереннаһрдың болашақтағы қарым-қатынастарын анықтайтын ең басты принципті мәселені анықтауға арналған. Моғолстан мен Мауереннаһр аймақтары XIII ғасырдың басынан бері бір саяси құрылымда болып, онда XIV ғасырдың ортасына дейін Шағатай хан және оның ұрпақтары билік жүргізеді. Шағатай мемлекеті ыдыраса да оның Моғолстан деп аталған бөлігінде шағатайлық әулеттің билігі сақталынып қалады. Есенбұға хан да, Жүніс хан да сол әулеттің өкілдері. Ал Мауереннаһрда билікке келген Әмір Темір Шыңғыс хан ұрпағынан



болмағандықтан, өзін «хан» деп санай алмайды. Шыңғыс хан әулетіне оның бар жақындығы, оның бұл әулеттен қыз алып «курэ-кэн»-«күйеу» лауазымын алуы ғана. Бүкіл Мауереннаһрды ол Шағатай әулетінен тағайындалған «қуыршақ» хандар арқылы басқарып отыратын. Орта ғасырлық мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарда терезесі тең екі елдің билеушілері хат жазысқанда, егер де екі ел арасында бейбіт, достық қатынастар болса, онда олар бірін-бірі «дос-бауыр» деп айтады. Ал сол екі елдің біреуі мықты, екіншісі әлсіздеу болса, онда олар бір-біріне «аға-іні», тіпті кейде «әке-бала» деп, ал біреуі екіншісіне тәуелді болса, онда «мырза-құл», «хан-нөкер» деп атасады. Моғолстан мен Мауереннаһр арасындағы қарым-қатынастардың алғашқы кезеңінде «мырза-құл» немесе «хан-нөкер» принципі болып, ол кейін қолданылмаса да, есте сақталған секілді. Әбу Сайд мырза «қуыршақ» хандардан да бас тартып, өзін дербес, күшті билеуші ретінде сезінеді де, енді болашақта моғол хандарымен болатын қарым-қатынастардың басты принципіне «дос-бауыр» принципін енгізуді ұсынады. Билікке келуден үміті бар Жүніс хан бұл принциптің Шыңғыс әулеті үшін кемсітушілік мәні болса да, қабылдауға мәжбүр болады.

Үшіншіден, бұл шартты бұрынғы моңғол империясы аумағында қалыптасқан шыңғыстық идеологияға қарсы жергілікті жерлерде билікке келген шыңғыстық емес әулеттің саяси-құқықтық және идеологиялық әлсіреуіне байланысты билікке келген жергілікті әулетке – едігелік әулет жатса, Шағатай мемлекетінде – темірлік әулеті жатады. Едігенің беклербек ретінде Алтын Ордадағы беделінің күшті болғаны соншалық, оның ұлдары империяның ыдырауы кезінде пайда болған хандықтарда осы лауазымды сақтап қалады. В.В. Трепавлов ноғай билерінің Дешті Қыпшақтың жүздеген тайпаларының бірі-маңғыт тайпасынан шығып, шыңғыс әулетіне жақындауын және ерекше статусқа ие болуын, біріншіден, маңғыттардың Жошы Ұлысындағы сол қанатта орын алуымен, екіншіден, Едіге бидің шығу тегінің Баба Түкті Шашты Әзизбен байланыстыруынан деп түсіндіреді [257, 85–88-б.]. Тағы бір нұсқаларда Едігенің арғы аталарының бірі – Натакын Шыңғыс ханның Түмен хан деген ағасымен бірге туған делінеді [149]. Осылайша, ноғай билері өздерінің шығу тегін шыңғыс әулетімен жақын етіп көрсетеді де, едігелік әулеттің заңдылығына идеологиялық негіз қалайды. Дәл сол сияқты Мауереннаһрда билікке келген Әмір Темірдің де билігін идеоло-

гиялық тұрғыда заңдастыру үшін оның «идеологтары» оның арғы ата-бабасын Шыңғыс ханның арғы атасымен егіз болған деп дәлелдейді [149]. Сөйтіп, жергілікті аймақтарда билікке келген әулеттер өздерінің шығу тегін алғашында шыңғыс әулетімен туыс, жақын етіп көрсетеді де, олармен қарым-қатынастарда өздерінің бір сағы төмен екендігін білдіреді, Әбу Сайд мырза мен Жүніс хан арасындағы шарт алғаш рет шыңғыстық идеология мен темірлік идеологияның теңескендігін аңғартады. Бірақ та, К.А. Пищулина айтып өткендей, бұл шарт орындалмай, қағаз жүзінде қалса да, біздің ойымызша, Жүніс хан секілді Шыңғыс әулеті өкілінің оны мойындап, келісуі шыңғыстық идеологияның жекелеген аймақтарда күшін жоғалта бастағанын байқатады.

Сөйтіп, 1450-жылдардың ортасында Моғолстандағы ішкі саяси жағдай қайта өзгереді. Моғолстандағы әмірлердің бір бөлігі Жүніс ханға келіп қосылады. Олар: Әмір Кәрімберді, Құнжы тайпасының әмірлері, бекжак тайпасының әмірі – Ибраһим Әмір және тағы басқалар болатын. «Моғол аймақтарының кейбір жерлері хан билігіне өтті. ...Ханға біршама ел жиналды», – деп жазады «Тарих-и Рашиди» авторы [133, 113-б.]. Одан кейінгі оқиға былай өрбиді:

Жүніс хан Моғолстанның бір бөлігін өзіне қаратқаннан кейін, Қашғарды алуға аттанады. Есенбұға хан бұл кезде Моғолстанның шығыс жағындағы Жұлдыз жайлауында еді. Ағасының Қашғарға жақындағанын естіп, Жұлдыздан Қашғарға он бір күнде 60 мың әскермен келеді. Қашғар билеушісі Әмір Саид Әлі 30 мың әскермен Есенбұға ханға қосылады да, Хансалар деген жерде Есенбұға хан мен Жүніс хан арасында ұрыс болады. Есенбұға хан жеңіске жетеді. Ал Жүніс хан болса, жеңіліп, қашуға мәжбүр болады. Оның әйелі, бала-шағасы Әмір Саид Әлінің қолына түседі. Жүніс ханның үлкен қызы Михр Нигар-ханым сол кезде әлі бір жасқа толмаған, емшекте болатын [133, 114-б.].

Қашғар түбіндегі жеңілістен кейін Жүніс хан Моғолстанға қайта оралады. Оның жақтастары одан теріс айналып кетеді. Хан амалсыздан Мауереннаһрдағы Әбу Сайд мырзаға қайта келеді. Әбу Сайд мырзадан ол «Сол маңайдан моғол жұрты сеніммен қарағанға дейін мекен ететін уәлаят берсеңіз», – деп көмек сұрайды. Мырза келісіп, Әндіжан аймағының Жетікент деген жерін ханға тапсырып, ханды сол жаққа жібереді [133, 114-б.] Сөйтіп Жүніс хан тағы да Моғолстанға оралады. Ел оның қасына топтаса бастайды. Бірақ



Жүніс ханның Есенбұға ханға қарсы екінші жорығы жасалмайды. Оның себебін біз алда әлі түсіндіреміз.

Осы кездегі оқиғалардың Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауға тигізер көмегі бар болғандықтан, олардың болған жылын анықтап көрсетелік.

1. Жүніс ханның Моғолстанға алғаш келген жылы – 860 1455/1456 жыл, ол кезде Жүніс хан 41 жаста болды. Бұл дата «Тарих-и Рашидиде» нақты көрсетілген.

2. Жүніс хан сол жылы Исан Даулат бегімге үйленеді. 861 (1456/1457) жылы Жүніс ханның үлкен қызы Михр Нигар ханым дүниеге келеді.

3. Жүніс хан мен Есенбұға хан арасындағы Хансалар деген жердегі шайқас 861 (1456/1457) жылы өтеді. Өйткені Мұхаммед Хайдар Дулати Михр Нигар ханымды әлі емшекте деп жазады [133, 114-б.].

4. 862 (1457/1458) жылы Қашғар билеушісі Әмір Сайд Әлі қайтыс болады [133, 114-б.]. Сондай-ақ осы жылы Жүніс хан Моғолстанға қайта келеді. Бірақ оның інісіне қарсы екінші жорығы болмайды.

Осылайша, Моғолстан ханы Есенбұға Мауереннаһрдағы саяси бытыраңқылықты пайдаланып, тонаушылық сипаттағы жорықтар арқылы әскери олжаға ие болғанымен, XV ғасырдың 50-жылдарының арасында өз басына пәле тілеп алады. Әбу Сайд мырза ағасы мен інісін бір-біріне қарсы қою арқылы ең басты мақсатына жетеді. Ол Мауереннаһрдың шығысындағы аймақтарды моғол ханының әскерінен қорғау болатын. Екінші мақсаты – Жүніс ханды Моғолстан билігіне отырғызу жүзеге аспаса да, моғол елі екіге бөлініп, онда саяси күрес қайта жанданады. Бұл өз кезегінде Әбу Сайд мырзаға Хорасандағы мәселелерге бар күшін аударуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда қарастырылған мәселелеріміз бойынша қорытындылар жасалық.

Біріншіден, XV ғасырдың бірінші ширегіндегі жағдай секілді сол ғасырдың екінші ширегінде де, Моғолстандағы ішкі саяси жағдай тұрақсыз болады. Ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығының себебіне Уәйіс хан ұлдарының билікке таласы жатса, оны тудырған жағдайға моғол әмірлерінің топтық мүдделері негіз болады. Моғолстанның Шығыс Түркістан аймағы мен Жетісу, Тянь-Шань аймақтары географиялық, шаруашылық жақтарынан ғана емес, этника-



лық жағынан да ерекшеленіп, ондағы ру-тайпа көсемдері билеуші хандарға ықпал ету үшін күресіп, билікке өз үміткерлерін әкелуге тырысады. Сөйтіп үміткерлер арасындағы билік үшін күрестер елдің XV ғасыр ортасындағы ішкі саяси жағдайын анықтайды. Есенбұға хан мен Жүніс хан арасындағы алғашқы таластар осыны көрсетеді.

Екіншіден, ішкі саяси жағдайдың тұрақсыз болуына аймақтық топтардың арасындағы талас-тартыстар да себеп болады. Есенбұға ханның отырықшы-егіншілік аудандардың әмірлеріне мойын бұруы – көшпелі, жартылай көшпелі ру-тайпа әмірлерінің бүлігін туғызып, олардың ханға бағынбай, бірінің көрші елдерге, бірінің таулы жерлерге кетіп, ал біреулерінің ел ішінде бейберекетсіздіктер жасауына алып келеді.

Үшіншіден, Есенбұға ханның Мауереннаһрға жасаған жорықтары Әбу Сайд мырзаға Жүніс ханды туған інісіне туған ағасын қарсы пайдалануға алып келеді. Сөйтіп, Жүніс ханның XV ғасырдың 50-жылдарының ортасында Есенбұға ханмен күресі қайта басталып, Моғолстанның ішкі саяси жағдайын өте шиеленістіріп жібереді. Есенбұға хан басқа елге жорықтар жасаудан гөрі енді өз тағын аман сақтап қалу үшін қорғанысқа көшуге және өзіне одақтас іздеуге мәжбүр болады.

Төртіншіден, осы қорытындыларды түйіндей келе, XV ғасырдың орта тұсындағы Мауереннаһрдың ішкі саяси жағдайы Моғолстан аумағындағы Қазақ хандығының құрылуына толық қолайлы алғышарттар әзірлеген дейміз. Ал Моғолстанның батысында Керей мен Жәнібек сұлтандардың ту тігуі – Моғолстанның көрші елдермен жүргізген саяси қарым-қатынастарынан туындайды.

Енді Моғолстанның XV ғасырдың орта тұсындағы сыртқы саяси қатынастары мәселесін қарастыралық.

Қарастырып отырған кезең ішінде жазба дерек мәліметтері Моғолстанның саяси қарым-қатынастары батысында Мауереннаһрдағы темірлік әулеттің мемлекетімен, шығысында – қалмақ тайпаларымен, ал солтүстігінде – «көшпелі өзбектер» елімен жүргізілгендігін хабар етеді. Оның ішінде батыс пен шығыстағы көршілермен саяси қарым-қатынастар, әсіресе, Темір әулетімен жүргізілген саяси қарым-қатынастар XV ғасырдың орта тұсындағы Моғолстанның сыртқы саясатының негізгі мазмұнын анықтайды.

Тарихи әдебиеттерде Моғолстан мемлекеті құрылғаннан оның күйреген кезіне дейінгі көрші елдермен жүргізген сыртқы саясаты





жақсы қарастырылған [182, 81–91-б.; 25, 41–126-б.]. Сондықтан да біз екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастардың жалпы тарихына бармай, тек оның өзіміз қарастырып отырған кезеңіндегі мәселелеріне тоқталып, сыртқы саяси қатынастардың Қазақ хандығының қалыптасуына қаншалықты дәрежеде әсер еткенін анықтаймыз.

1447 жылы наурыз айында Мауреннахрдың билеушісі Шахрух қайтыс болғаннан кейін Темір әулеті арасында 1451 жылға дейін үздіксіз билік үшін күрестер жүреді [185, 48–164-б.]. Осы жағдайды пайдаланып Есенбұға хан Мауреннахрдың шығыстағы аймақтарына бірнеше рет тонаушылық сипатта жорықтар ұйымдастырады. Мұхаммед Хайдар Дулати бұл жорықтар туралы: «Ол (*Есенбұға ханды айтып отыр* – Б.К.) толық өз күш-қуатына келген соң алғаш рет Сайрам, Түркістан, Ташкентке жорық жасап, ойрандап, қайта оралды. Бұл жорық 855 (1451) жылдан бұрынырақ болды. Осындай жолмен ол сол жерге екінші рет шабуыл жасады», – деп мәліметтер қалдырады [133, 109-б.]. Осы жорықтардың және одан кейінгі де Мауреннахр аймақтарына қарсы жүргізілген әскери қимылдардың біз қарастырып отырған мәселе үшін маңызы ерекше. 1451 жылы Әбілхайыр ханның тікелей көмегімен Самарқан тағына келген Темір әулетінің өкілі Әбу Саид мырза Есенбұға ханның жорықтарына тойтарыс ұйымдастырады. Тағы да «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторына сүйенсек, ол бұл жөнінде: «Сол мезетте Сұлтан Абу Саид мырза Мауреннахрда патша тағына отырды. Ол (Есенбұға) ханды қуып, тарихи кітаптарда Тараз деп жазатын Иангиге дейін тықсырып тастады. Моғолдар ұрыссыз қашып кетті де, мырза Әбу Саид өз уәлаятына қайта оралды», – дейді [133, 109-б.].

Ал «Бабырнаманың» авторы болса, «Янгидың ар жағында Ашпарада, Моғолстанда ол Есенбұға ханның быт-шытын шығарды», – деп жазады [120, 30-б.]. В.В. Бартольд Бабырдың осы дерегіне сүйеніп Мауреннахр әскері Ашпарада моғолдарды жеңген деп есептесе, К.А. Пищулина болса, «Темірлік Әбу Саид мырза Есенбұғаны Иангиге (Таразға) дейін қуып барды, бірақ моғолдар ұрысқа түспей елдің ішкері жағына қашып кетті», – деп Мұхаммед Хайдар Дулати дерегін алға тартады [182, 88-б.; 25, 121-б.]. Бұл жерде екі дерек мәліметіне сүйенген екі зерттеуші пікірлерінің мынасы дұрыс, мынасы қате деген тұжырым айтудан аулақпыз. Тек қана дерек мәліметіне қатысты мынадай деректанулық тұрғыдағы ескертпе айтамыз. Екі автор да болған оқиғаның куәгері немесе сол жылдарда



өмір сүрген адамдар емес. Бабыр Ианги түбіндегі оқиғадан кейін 30 жылдан кейін туылса, Мұхаммед Хайдар Дулати 50 жылдан кейін дүние есігін ашқан. Олай болса, олар деректі басқа бір шығармалардан алған немесе ауызша естіген.

Екінші бір ескертер нәрсеге мәлімет беріп отырған екі тарихшының соғысушы екі әулеттің көзқарасын білдіруі жатады. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр Мауереннаһрдағы темірлік әулеттің өкілі, сол әулеттің көзқарасын білдіріп отырса, екінші тарихшы, Мұхаммед Хайдар Дулати – Моғолстандағы шағатайлық әулеттің көзқарасын білдіруші және сондағы ұлысбегі қызметін атқарушы әулеттің өкілі. Сол себепті де, екі автор кейбір оқиғаларды баяндағанда өз әулеттеріне қарай іш тартуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, екі автор да бір-біріне өте жақын туыс екендігін ескерте кетеміз. Екеуінің аналары апалы-сіңлілер, Моғолстан билеушісі Жүніс ханның қыздары болып келеді.

Сонымен, Ианги түбінде екі жақ арасында шайқастың болғанын, не болмағанын біз нақты айта алмаймыз. Оның ақиқатын басқа деректер арқылы ғана айтуға болады.

Моғолстан билеушісінің Мауереннаһр аймақтарына тонаушылық сипаттағы жорықтары мұнымен аяқталмайды. Көп ұзамай ол Әбу Саид мырзаның Хорасан жақта жүргендігін пайдаланып, өзінің келесі жорығын Әндіжан аймағына бағыттайды. Бұл жорықтың салдары екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастар үшін маңызды болғандықтан, оған тереңірек тоқталалық. «Мырза Сұлтан Әбу Саид Хорасанды алып, сонда кеткенде, Есенбұға хан Әндіжанға бет алды. Әндіжанда Мырза Әлі Кучак деген әлдебір әмір болатын-ды. Мырза Әбу Саидтың билікке қойған адамы еді, ол Әндіжан қорғанын күшейтті. Есенбұға ханның әскерінің көптігі сонша, олар үш қатар болып сап түзеп Әндіжанды айналдыра қоршады. Қорғанның әр тұсынан жерасты жол қазып, қорғанды алды. Мырза Әлі Кучак хан сарайында (аркада) қалды. Ең соңында татуласып, көп сыйлықтар тапсырды. Хан Әндіжан уәлаятының тұрғындарын түгел тұтқындап, барлығын (өзімен бірге) алып оралды», – дейді Мұхаммед Хайдар Дулати [133, 110-б.]. Есенбұға ханның Әндіжандағы тонаушылықтары Мауереннаһр үшін өте ауыр болса да, Самарқан тағының иесі оған қарсы әскери іс-әрекет қолданғанымен, ол ешқандай оң нәтиже бермеген еді. Оның себептерін Мұхаммед Хайдар Дулати: «Сұлтан Әбу Саид мырза бұл хабарды *(автор бұл хабар*



деп Есенбұға ханның Әндіжандағы тонаушылықтарын айтып отыр – Б.К.) естігенімен, Есенбұға ханға тойтарыс беруге дәрменсіз еді. Өйткені ол Моғолстанға барса, Есенбұға хан Моғолстаннан шеткері кетіп қалар еді. Самарқан әскерлеріне кең байтақ далада Есенбұға ханның қай түкпірге тығылып қалғанын табу қиын болмақ. Сондықтан олар амалсыз кері қайтпақ. Ал әскерлер кетісімен, Есенбұға хан да өз жұртына қайта оралады. Сөйтіп Есенбұға ханды жазалау мүмкін болмас еді. Екіншіден, Есенбұға ханның әскерінің көптігінен Сұлтан Әбу Саид әмірлері оларға қарсыласуға шамасы келмейтін де еді. Сұлтан Әбу Саид әскерімен Иракқа бет алуға мүдделі-тін. Алайда, ол жоғарыда айтылғандай, Есенбұға ханға алаңдап, ол жаққа бара алмай қалды». – деп түсіндіреді [133, 110-б.].

Міне, осы кезде бұған дейін айтып өткеніміздей, Мауереннаһр билеушісі Әбу Саид мырза Есенбұға ханға қарсы оның туған ағасы Жүніс ханды Шираздан алдырып, онымен келісім шарт жасасады да, Моғолстанға аттандырады. Жүніс ханның Моғолстанға алғаш келуі 1455/1456 жыл болды. Ал оның інісімен Хансалар түбіндегі ұрысы келесі жылы, яғни 1456/1457 жылы өтеді.

Есенбұға тарапынан болатын жорықтардың Әбу Саид мырзаның Хорасандағы жоспарларын жүзеге асыруына кедергі келтіруі оны Жүніс ханға көмек беруді тоқтатпауға мәжбүрлейді. Дәл осындай жағдайды біз XIV ғасырдың 70-жылдары Әмір Темірдің Ақ Орда ханы мен Орыс ханға қарсы Тоқтамысты пайдалануынан көреміз. Осындай мақсатпен Жүніс ханға Моғолстан мен Мауереннаһрдың Әндіжан аймағының шекарасындағы Жетікент жерді береді. Бұл хижра бойынша 862(1547/1558) жылы болады.

Осылайша, XV ғасырдың орта тұсындағы Моғолстан мен Мауереннаһр арасындағы саяси қарым-қатынастар өте шиеленісіп кетіп, оның ақыры 1457/1458 жылы Жүніс ханның Моғолстан шекарасына жақын жерде табан тіреуімен аяқталады. Ақсу қаласындағы Есенбұға хан үшін бұл өте қауіпті болатын. Сондықтан да оған Жүніске қарсы қоятындай одақтас қажет болды. Дәл осы тұста Моғолстанға Әбілхайыр ханнан бөлініп, Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ордажеңдік тайпалар келеді. Махмұд ибн Уәлидің айтуы бойынша, Есенбұға хан «Жәнібек хан мен Керей ханның келуін адамдар (үшін) қайырымдылық пен ізгіліктің қайнары деп есептеген» [110, 352-б.].

XV ғасырдың орта тұсындағы Моғолстан мен Мауереннаһр арасындағы саяси қарым-қатынастар барысын талдай келе, біз екі

ел арасының осы кезеңде өте нашарлап кеткендігін, әсіресе, оның моғол ханы Есенбұға хан үшін өте тиімсіз, қиын болғандығын көреміз. Бұл жағдай да өз кезегінде Жетісуда Қазақ хандығының құрылуына өте қолайлы жағдай туғызған деген қорытындыға келеміз.

XV ғасырдың бірінші жартысындағы моғол-қалмақ (ойрат) қатынастарын бейбіт түрде дамыды деуге болмайды. И.Я. Златкин бұл мәселе жөнінде «Ойрат феодалдарының Моғолстанға қарсы қарулы соғысы Қытайға қарсы соғыстан ертерек басталды. ...Ойраттардың Моғолстанға жорықтары XIV ғасырдың соңында болып тұрды», – деп жазған болатын [32, 27-б.]. Екі ел арасындағы әскери қақтығыстар мен жорықтардың экономикалық негізіне «екі ел феодалдарының сауда жолдары үшін, өз өнімдерін өткізетін және өздерін қамтамасыз ететін аймақтар үшін күрестер жатты», – деген тұжырымға келеді И.Я.Златкин [32, 27-б.]. Мұхаммед Хайдар Дулатидың деректерінде XV ғасырдың 20-жылдары моғол-ойрат қатынастарының қандай сипатта және қандай дәрежеде болғандығы нақты айтылады. Ол «Хан енді кәпірлердің жорығынан қорғап, олармен шайқаста қалмақтармен іргелес болғандықтан, кәпірлерге қарсы үнемі соғысып келді. Ол көбінесе, жеңіліске ұшырап отырса да, жиһаз (ғазуат) соғысынан бас тартқан емес. ...Ел аузында мынадай сөз таралған: хан қалмақпен алпыс бір рет шайқасқан, тек бір рет қана жеңіп шыққан, одан басқаларында жеңіліске ұшыраған. «Алла жақсы біледі» [133, 99–100-б.]. Осы мәліметтің өзі-ақ Моғолстанның шығыстағы көршісімен қандай қарым-қатынаста болғандығын көрсетеді.

Моғолстанды Есенбұға хан басқарып тұрған кезде де қалмақтардың бұл елге жойқын жорықтары тоқтамаған. Моғол әмірлерінің Есенбұға ханға қарсылығы жылдары Әмір Хақберді бекжак қалмақтардан қорғану үшін Қойсу деген жерде қорған салдырып, өзі Түркістан мен Сайрамды тонауға аттанып отырған [133, 109-б.]. Хан билігінің әлсіз болуына байланысты шорас, барин тайпаларының әмірлері қалмақтарға көшіп кетеді [133, 109-б.]. Қазақ хандығының құрылуына қарсаңында, яғни XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында қалмақтардың кезекті бір жойқын жорығы Моғолстанның бір аймағы – Жетісу арқылы өтіп, Сыр бойындағы Сығанаққа дейін барады. Деректерде жазылғандай, қалмақтар Шу бойында жүгі мен бала-шағаларын қалдырып, өздері тек таза әскерімен Сығанақ түбінде Әбілхайыр ханмен соғысады [110, 17-б.; 170-б.]. Қалмақтардың Жетісу жерінде өздерін осылай емін-еркін



сезінуі біріншіден, моғол ханы Есенбұғаның қалмақтар алдында дәрменсіз болғандығын көрсетсе, екіншіден, 1455/1456 жылдан бастап Жүніс ханның Әбу Саид мырзаның қолдауымен Моғолстанның далалы аймақтарына келуі және 1456/1457 жылдан Жетікент өңіріне табан тіреуі Есенбұға ханға Шығыс Түркістандағы өз орталығы – Ақсудан басқа жаққа баруға мүмкіндік бермейді. Жүніс хан Есенбұғаның әр қадамынан хабардар болып, реті келсе Шығыс Түркістан қалаларын жаулап алуға даяр болатын.

Міне, Есенбұға хан үшін осындай қиын-қыстау күндері Жетісу жері қалмақтар үшін ашық қалдырылады. Есенбұға ханның қолын Жүніс хан жіпсіз байлағандай етіп, оның Ақсудан басқа жаққа, тіпті, өз елінің бір аймағына баруына мүмкіндік бермейді.

Осы жерде мынадай бір тарихи заңдылықты байқаймыз. Есенбұға хан Мауереннаһрдың шығыс уәлаяттарына жорықтар жасап, Әбу Саид мырзаның Хорасандағы мемлекет үшін маңызды істермен айналысуына кедергі келтіріп, қол байлау жасап отырса, Әбу Саид мырза да Жүніс ханды інісіне қарсы қойып, Есенбұғаның Ақсу қаласынан шығуына мүмкіндіктер бермейді. Мұндай жағдайда Жүніс ханға қарсы қою үшін Есенбұға ханға одақтас өте қажет болды. Ол одақтас көп ұзамай-ақ тез табылды. Ол – Керей мен Жәнібек сұлтандар болатын.

Сөйтіп, XV ғасырдың ортасындағы Моғолстанның қалмақтармен қарым-қатынастары да моғол хандары үшін өте тиімсіз болды. Бұл қарым-қатынастарда қалмақтар белсенділік танытып, моғолдар қорғанумен болады. Мұндай жағдайда Есенбұға ханға одақтас аядай қажет еді. Осылайша, Моғолстандағы сыртқы саяси жағдай да Қазақ хандығының құрылуына қолайлы жағдайлар жасайды.

#### **5.4. XV ғасырдың ортасындағы Мауереннаһрдағы Темір әулеті мемлекетінің саяси жағдайы**

Қазақ хандығының құрылуына саяси жағынан өзіндік әсер еткен мемлекеттердің бірі – Мауереннаһрдағы Темір әулетінің мемлекеті болды. Егерде XV ғасырдың ортасында Әбілхайыр хандығындағы этносаяси жағдайлар жаңа мемлекеттің қалыптасуына толық алғышарттар даярласа, оның көршісі Моғолстандағы ішкі этносаяси жағдайлар Қазақ хандығының Моғолстан аумағында ту көтеруіне алып келеді. Ал нақты Моғолстанның батысында Қазақ хандығының құрылуы – оның Мауереннаһрдағы Темір әулеті мем-



лекетімен XV ғасырдың ортасында жүргізілген саяси қарым-қатынастарының нәтижесі болып саналады. Сондықтан да біз үшін XV ғасырдың орта тұсындағы Темір әулеті мемлекетінің ішкі және сыртқы саяси жағдайын білудің маңызы зор.

Орта Азиядағы темірлік әулеттің тарихи мәселелері тарих ғылымында жақсы қарастырылған деуге болады. Тіпті, оның XV ғасырдағы жекелеген мәселелерінің өзіне арналған арнайы зерттеулер бар [185, 25–196-б.; 184, 167–433-б.; 269.; 270.; 271, 5–68-б.]. Сондықтан да біз XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы Мауереннахрдың ішкі және сыртқы саяси жағдайы мәселелерін қарастырғанымызда бұрыннан белгілі болған мәселелерге жалпылама түрде қарап, ал Қазақ хандығының құрылуына қатысы бар мәселелерге тереңірек тоқталамыз.

Ақсақ Темірдің жаулап алу соғыстары нәтижесінде құрылған оның империясы этносаяси, мәдени, экономикалық дамуы жағынан алғанда біркелкі болмады. Әкеден қалған тақты иеленген Темірдің кіші ұлы Шахрух империяны 40 жылдай басқарса да, империяның әр аймақтарында әлсін-әлсін болып тұратын толқулар мен сепаратистік бағыттағы қимылдар оның негізі берік емес екендігін көрсетіп отырды. Болашақтағы саяси бытыраңқылықтар мен тақ үшін талас-тартыстардың негізі Шахрухтың тірі кезінде-ақ, XV ғасырдың 40-жылдары басында қалана бастайды. Сол тұста тақ мұрагеріне қатысты мәселе бойынша билеуші әулеттің өз арасында бірнеше үміткерлер пайда болып, олар жасырын түрде болса да болашақ күрестерге даярлана бастайды. В.В. Бартольдтың көрсетуі бойынша Шахрух әбден қартайып, кәрі жасқа жетсе де, ол өз ұлдары мен немерелері арасынан ешкімді ресми түрде тақ мұрагері етіп жарияламайды [185, 147-б.]. Соған қарамастан 40-жылдардың басында Герат тағынан үміттенген бірнеше үміткерлер пайда болады. Бірінші және ең басты үміткер – Шахрухтың үлкен ұлы, Самарқанның билеушісі Ұлықбек болса, екінші үміткер – Шахрухтың келесі бір ұлы, Балх аймағының билеушісі – Мұхаммед Жөкі болып есептелінді. Империяны іс жүзінде басқарып отырған Шахрухтың әйелі Гаухар-шад билікке немерелерінің бірі – Ала аддауланы отырғызуға ниет қылса, Шахрухтың өзі көп немересінің бірі, Ұлықбектің ұлы Абдаллатифті ресми түрде тақ мұрагері етіп жарияламаса да, өзіне жақын тартқан [185, 147–148-б.; 271, 58–59-б.; 265, 466-б.]. Шахрухтың тірі кезінде тақтан үміттенгендер өз ой-



ларын жасырын ұстайды. Бірақ та әрбір үміткер тақты қандай жолмен болса да иеленуге даярлана бастайды.

1444 жылы Шахрухтың қатты ауырып қалуына байланысты үміткерлер арасында болған оқиғалар Шахрухтың өлімінен кейін Темір әулеті арасында жан берісер күрестердің болатынынан хабардар етеді. Шахрух ауырып, бүкіл Герат оның қайтыс болғандығы туралы хабарды күтіп отырғанда, үміткерлердің бірі Мұхаммед Жөкі Балхтан тез аттанып, Гератқа келеді, ал мұнда Гаухар шадтың талап етуімен империяның әскери күштерінің басшысы Жалал ад-дин Фирузшах мұрагер ретіндегі Ала ад-даулаға ант беріп қояды. Бір қызығы, қатты ауырып, өлім халінде жатқан Шахрух жазылып кетеді. Тақтан үміткер Мұхаммед Жөкі белгісіз жағдайда сол жылы қайтыс болады. Сондай-ақ сол жылы Ала ад-даулаға ертерек ант берген Жалал ад-дин Фирузшах пен оның ұлы да өмірден ерте қош айтысады [185, 147–148-б.]. Міне, осы оқиғалардың өзі Шахрухтан кейін Темір әулетінде тақ үшін шиеленіскен талас-тартыстардың болатынын білдірген алғашқы қоңырау секілді болды. Соған қарамастан ресми түрде тақ мұрагері болып ешкім жарияланбайды. Мұхаммед Жөкінің белгісіз жағдайдағы өлімінен кейін тақтан үміткер ең басты екі адам қалады. Бірінші – Ұлықбек, ал екінші үміткер – Ала ад-даула болды.

1447 жылы наурыздың 14-де (басқа бір деректер бойынша 12 наурызда) Шахрух Хорасанның батыс аймақтарының бірінде жорықта жүріп ауырады да, көп ұзамай қайтыс болады [272]. Шахрухтың денесі жерге тимей жатып-ақ Герат тағына үміттенушілер арасында күрес басталып кетеді. В.В. Бартольдың еңбегінде бұл күрестер жақсы қарастырылғандықтан, біз оған тоқталып жатпай, тек оның кейбір тұстары мен нәтижелеріне ғана назар аударамыз [185, 148–156-б.].

Егерде Шахрух өлгеннен кейінгі Темір әулеті арасындағы тақ үшін күрестерді бірнеше кезеңге бөліп қарасақ, бірінші кезеңге 1447 жылдың наурызы мен сол жылдың соңғы айларына дейінгі аралық жатады. Негізгі оқиғалар Хорасан аймағында өтеді де, Герат тағын басты үміткердің бірі Ала ад-даула иемденеді. Ұлықбек болса Амударияның сол жағалауындағы Балх аймағын иеленіп, онда ұлдарының бірі – Абдаллатифті отырғызады. Ала ад-даула Гератты иеленгенімен, оның билігі бүкіл Хорасанға жүрмейді. Ондағы Мазендаран аймағына Шахрухтың немересі, Байсұңқардың ұлдарының бірі – Әбілқасым Бабырдың билігі орнайды.



1447 жылдың соңында Мауереннаһр мен Хорасан билеушілері арасында уақытша болса да бейбіт келісімдерге қол жеткізіліп, тыныштық қалыптасады [185, 150-б.]. Бірақ та бұл тыныштық ұзаққа созылмайды. 1448 жылдың көктемінде Ұлықбек Хорасан аймағына еніп, Темір әулеті арасындағы күрестің екінші кезеңін бастап жібереді.

Екінші кезеңдегі басты оқиғаларға мыналар жатады:

а) Ұлықбек пен Абдаллатифтің 90 000 әскері Герат маңындағы Тарнаба қалашығы түбінде Ала ад-даула әскерін жеңіліске ұшыратады; ә) Ала ад-даула қашып, Әбілқасым Бабырды паналауға мәжбүр болады; б) Ұлықбек Герат пен оның төңірегіндегі қалалардың бірін күшпен, бірін ұрыссыз иеленеді де, бүкіл Хорасанды бағындыру үшін батысқа қарай жорығын жалғастырады. Гераттағы әмірлердің бүлігі Ұлықбекті кейін оралуға мәжбүр етеді, сөйтіп ол қаршаның соңында Гератқа қайтып келеді; ал «көшпелі өзбектер» елінің билеушісі Әбілхайыр ханның Самарқанға жорығы оны Хорасаннан Мауереннаһрға қайтып оралуға мәжбүрлейді; Ұлықбек ұлы Абдаллатифті Гератта қалдырып, өзі Самарқанға қайтып оралады; екі аптадан кейін Әбілқасым Бабыр Абдаллатифті Гераттан қуып шығады [185, 150–156-б.; 271, 60-62-б.].

Темір әулеті арасындағы күрестің екінші кезеңін қорытындылай келе, күрес барысындағы басты рөлді Ұлықбек атқарса да, нәтижесі ол үшін өте тиімсіз болды дейміз. Күрестің бастапқы сатыларында ол қалай жеңіске жетсе, соңғы сатыларында ол қол жеткізген жеңістерінің бәрінен айырылады. Абд-ар-Раззак Самаркандидың айтуына қарағанда, 1448 жылғы тақ үшін жүргізілген күрестер әскер мен жергілікті тұрғындар арасында Ұлықбектің беделін күрт төмендетіп жібереді [185, 156-б.].

1449 жылдың көктемінде Ұлықбек Хорасанға қайта жорық жасауды жоспарлайды, бірақ ол оны жүзеге асыра алмайды. Өйткені, Ұлықбекке өзінің туған ұлы Абдаллатифке қарсы күресуіне тура келеді. Сөйтіп, 1449 жылдың көктемінде Темір әулеті арасындағы күрестің үшінші кезеңі басталып кетеді. Күрес Мауереннаһр аумағында әкесі мен ұлы арасында жүреді. Ұлықбек пен Абдаллатифтың арасындағы күрестің себептерін В.В. Бартольд өте жақсы ашып көрсеткен [185, 124–126-б.; 128-б.]. Әкесі мен ұлы арасындағы күрес 1449 жылдың қазан айының соңында Ұлықбектің жеңіліп, кейіннен өлтірілуімен аяқталады. Осылайша, үшінші кезеңнің соңында Мауереннаһр тағын Ұлықбектің ұлы Абдаллатиф иеленеді.





Осы жерде Ұлықбек өмірінің соңғы айларында Мауереннаһр мен Дешті Қыпшақ билеушілері арасындағы саяси қарым-қатынастарды көрсететін бір-екі фактіге тоқтала кетсек дейміз. Б.А. Ахмедов Масуд бен Осман Кухистани мен Даулатшахтың деректеріне сүйеніп, Ұлықбек ұлынан масқара болып жеңілгеннен кейін, Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр ханға барып, одан көмек алуды ойластырды, бірақ ол ойынан қайтып, ұлы оған қастандық жасай қоймас деп, Самарқанға қайтып келеді де, билікті ұлына тапсыруды, өзі ғылыммен айналысуды жоспарлағандығын айтады [271, 63-б.]. Ал кейінгі дәуірде жазылған деректің бірінде Ұлықбектің Әбілхайыр ханға барғандығы, бірақ одан көмек ала алмай, Самарқанға қайтып оралғандығы айтылады [271, 63-64-б.].

Ұлықбектің Әбілхайыр ханнан не себепті қолдау таппағандығын анықтау онша қиын емес. 1446 жылы Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен аймақтарды иелену арқылы «көшпелі өзбектер» елінің билеушісі бүкіл Дешті Қыпшақтың қожайыны ғана емес, сонымен бірге Мауереннаһрдың ішкі істеріне араласуға, Мауереннаһрды өзіне тәуелділікте ұстауға мүмкіндік алған болатын. Шахрухтың өлімінен кейінгі Темір әулеті арасындағы тақ үшін күрестер ол үшін өте тиімді еді. Әсіресе, 1449 жылғы әкесі мен баласы арасындағы күрестер оның бұл ойының жүзеге асуына бір қадам болса да жақындата түседі. Сол себепті де ұзақ жылдар бойы Самарқанды билеген, 55 жастағы Ұлықбекке қолдау көрсету, оның билігін қайтадан нығайту Әбілхайыр ханның жоспарының жүзеге асуына кедергі келтірген болар еді. Біздің ойымызша, осындай себептер оны Ұлықбекке қолдау көрсетуден бас тартқызады.

Осылайша, Мауереннаһрда 40 жылдан аса уақыт билік жүргізген Ұлықбек ұлынан жеңіліс тауып, солтүстіктегі көршісінен қолдау таппай, ақырында өз ұлының қолына қайтып келеді. Ал Абдаллатиф болса жасырын түрде бұйрық беріп, сол жылдың 25 қазанында атақты Ұлықбекті өлтірткізеді. 2–3 күннен кейін бауыры Абд ал-Азиз де өлім жазасына кесіледі [185, 159–160-б.].

Ұлықбек пен оның ұлы Абдаллатифтың арасындағы күрес кезінде Темірдің басқа ұрпақтары көзге түсе бастайды. Шахрухтың Ибрагим атты ұлынан туған Абдолла мырза мен Мираншахтың Сұлтанмахмұд атты ұлының баласы Әбу Саид мырза Ұлықбек жағында болып, қолға түсіріледі де, қамауға алынады, бірақ өлтірілмейді.

Жеке дара билікті иеленген Абдаллатиф қатаң шаралар арқылы өзіне қарсы келгендер мен қарсы шыққандарды аяусыз басып отырады.

Оның билігіне наразылар көтеріліс жасауға дәті бармайды, дегенмен де қастандық арқылы жаңа билеушінің көзін құртуға бел буады. В.В. Бартольдтың дәлелдеуінше, қастандықты ұйымдастырушылар Ұлықбек пен Абд-ал-Азиздың бұрынғы нөкерлері болып, олар өз бектерінің өлімі үшін кек алуды мақсат еткен [185, 161-б.]. 1450 жылдың 8 мамырында Абдаллатиф қастандық арқылы өлтіріліп, оны ұйымдастырушылар билікке қамауда жатқан Абдолланы әкеледі.

Абдолланың билікке келуімен Мауереннаһрдың саяси өмірінде тыныштық орнай қоймайды, керісінше билік үшін күрестің оты одан әрі қыза түседі. Бұхарада қамауда отырған Әбу Саид мырзаны дін басылары мен қала әкімі тұтқыннан босатып, оған ант береді. Әбу Саид мырза бірден Самарқанға аттанады. Бірақ та Абдолла мырзадан жеңіліс тауып, солтүстіктегі көрші «көшпелі өзбектер» еліне қашуға мәжбүр болады.

Осы тұста Хорасан аймағында да Шахрухтың үш немересі – Сұлтан Мұхаммед, Әбілқасым Бабыр және Ала ад-даула арасында Герат тағы үшін күрес қызып, Балх, Хисар және Шапурган аймақтарының билігіне Ала ад-даула келеді де, ол Самарқандағы Абдолла мырзаға қарсы аттанады. Өз кезегінде Абдолла мырза да оған әскермен қарсы шығады. Бірақ екі жақ арасында ашық шайқас болмай, қарсыластардың бірі – Балхқа, екіншісі Самарқанға қайтып оралады. Ала ад-дауланың шайқасқа шықпай, кейін оралуына Әбілқасым Бабырдың Хорасанға қауіп төндіруі жатса, біздің ойымызша, Абдолла мырзаның Самарқанға қайтуына солтүстік аймақтарда қашып жүрген Әбу Саид мырзадан төнген қауіп-қатерлер себеп болады. Әбу Саид мырза сол кездерде Темір әулетіне тәуелді Сыр бойының қалаларының бірі Ясыны (Түркістан) басып алған болатын. Қалаға қарсыласының мықтап бекінуіне жол бермеу үшін Абдолла 1450–1451 жылдың қыс айларында Сыр бойына әскер жібереді. Бірақ та одан ешқандай нәтиже шықпағандықтан, Абдолла мырзаның өзі аттанады. Әбу Саид мырза болса, Әбілхайыр ханнан әскери көмек сұрауға мәжбүр болады. «Көшпелі өзбектер» елінің ханы оның бұл ұсынысына қуана келісіп, Дешті Қыпшақтың әскерін өзі бастап шығады. Абразак Самарканди екі жақ әскерінің шайқасын керемет суреттеп баяндайды [50, 199–200-б.]. Шайқастың нәтижесі бойынша Мауереннаһр әскері жеңіліске ұшырап, Абдолланың өзі қаза табады да, 1451 жылдың маусымының соңы – шілдесінің басында Әбу Саид мырза Самарқан тағының егесіне айналады [84, 200–201-б.; 185, 164-б.; 273, 350-б.].



Осылайша, Шахрухтың қайтыс болғанынан Әбу Саид мырзаның билікке келгенге дейінгі 4 жарым жылдай уақыт ішіндегі Темір әулеті билік құрған империяның ішкі саяси жағдайын қарастыра келе, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, империяның негізі берік болмай, орталық биліктің әлсіреуіне байланысты ол бірнеше аймақтарға бөлініп кетеді.

Екіншіден, тақ үшін күрестер алғашында Хорасан аймағында Шахрухтың үлкен ұлы Ұлықбек пен Шахрухтың тағы бір баласы Байсұнқар ұлдарының арасында өтсе, күрестің келесі кезеңінде билік үшін тартыстар одан әрі шиеленісе түсіп, Хорасандағы күрес Байсұнқардың ұлдары арасында жүреді. Ал Мауереннаһрдағы күрестің отын Ұлықбек пен ұлы Абдаллатиф қыздырады. Нәтижесінде, әкесін өлтіріп ұлы билікке келеді.

Үшіншіден, Мауереннаһрдағы күреске соңғы кезеңде Әмір Темірдің өзге ұлдарынан тараған өкілдер де белсене араласып, аз уақыт болса да, тақты иеленеді.

Төртіншіден, Мауереннаһрдағы билікке таласушылар арасында өте беделді, көпшіліктің қолдауына сүйенген дара тұлғаның болмауы талас-тартыстарды үздіксіз етеді де, үміткерлер міндетті түрде сыртқы күштерге арқа сүйеуге мәжбүр болады. Әбу Саид мырзаның билікке келуін осымен түсіндіруге болады.

Бесіншіден, саяси бытыраңқылықтардың нәтижесінде Мауереннаһр аймағында Гератқа бағынбайтын жеке саяси құрылым пайда болып, билік үшін күрестердің тоқтамауы XV ғасырдың ортасында оны да өте әлсіретіп жібереді. Міне, Шахрух қайтыс болғаннан кейінгі Темір әулеті билеген Мауереннаһрдың 4–5 жыл ішіндегі ішкі саяси жағдайы осылай қалыптасады.

Әбу Саид мырза Мауереннаһрды 1451 жылдан бастап 18 жыл бойы билесе де, оған өз билігін, сондай-ақ Мауереннаһрдың тұтастығын сақтап қалу үшін үнемі сыртқы күштер мен ішкі күштерге қарсы соғыс жүргізуіне тура келеді. Тек 1457 жылы Гератта Әбілқасым Бабырдың қайтыс болуынан кейін, ол Хорасанды бағындырады, бірақ Гератқа тұрақты билік жүргізу үшін Иранның батысындағы Қара Қойлы, Ақ Қойлы әулеттерімен күрес жүргізуіне тура келеді. Міне, осындай Мауереннаһрдың саяси өміріндегі оқиғалардың оның шығысындағы көршісі Моғолстан аумағында Қазақ хандығының құрылуына қалай ықпал еткенін білу үшін, Әбу Саид мырзаның 1451–1457 жылдардағы билігіне, осы жылдардағы Мауереннаһрдың ішкі және сыртқы саяси жағдайына үңілеміз.



Әбу Саид мырзаның билігіне алғашқылардың бірі болып баға берген В.В. Бартольд: «Ұлықбектің қырық жылдық үстемдігі Әбу Саид мырзаның Ташкенттен алдырған Қожа Ахрар, нақышбандық топ өкілдерінің қырық жылдық үстемдігімен ауысты», – деп жазады [185, 166-б.]. Біз бұл жерде XV ғасырдағы Мауереннаһрдың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, діни тарихы мәселелерін талдаудан аулақпыз. Бірақ та бұл мәселелер әсіресе, діни факторлардың ықпалы Әбу Саид мырзаның өмірінде, жүргізген саясатында байқалады. Орта Азиядағы сопылықтың негізін, нақышбандық бағытының негізін қалаған Қожа Ахрар (ол – Хазірет Қожа Ұбайдоллах, Қожа Насыр ад-дин Убайдаллах, Хазірет Ишан) (1404–1489–1490 ж.) XV ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Мауереннаһрдың саяси өмірінде үлкен рөл атқарады. В.В. Бартольд Әбу Саид мырзаның Қожа Ахрардың ықпалында болғандығын айтып өтеді [185, 168-б.]. В.В. Бартольдың бұл пікірін Ұлықбектің билігі жылдарындағы Мауереннаһрдың мәдени өмірін одан кейінгі жылдардағы мәдени өмірмен салыстыру үшін айтылған пікір деп түсінуіміз қажет. Ал саяси өмір болса біршама тұрақтанып, билік үшін ашық түрдегі күрестер бәсеңдегенімен, ішкі саяси өмірді толығымен бейбіт қалыпқа түсті деуге болмайды.

Әбу Саид мырзаның 18 жылдық билігінің алғашқы жылдарында Самарқан тағын ұстап қалуына бірнеше факторлар әсер етеді. Оның біріншісіне – Ұлықбектің 40 жылдық билігі тұсында саяси биліктен алыс болса да, халық арасында ықпалы күшті болған сопылық бағыттағы нақышбандық топ жетекшілерінің Әбу Саид мырзаға қолдау көрсетуі жатса, екіншісіне – өзін тікелей билікке отырғызған Әбілхайыр ханның қолдауы болды. Самарқан тағының иесі болған қызметі үшін мол сыйлықтар беріп, Ұлықбектің Рабиға Сұлтан бегім атты қызын ұзатады [110, 167-б.; 101, 201-б.]. Осындай мықты қолдауға ие болған Әбу Саид мырза алғашқы жылдары өзіне қарсы шыққандар мен бас көтергендерді жеңіліске ұшыратып, қатаң жазалап отырады. Темір әулетінің тарихшыларының бірі – Абразак Самарқанди Әбу Саид мырзаның тақты иеленуін барынша мадақтай келе, оның алғашқы жасаған әрекеттері туралы: «Ақылды адамдардың көңілінен шыққан оның бірінші және маңызды ісі Абдаллатиф мырзаны өлтіргендерден кек алу болды. Оларды ұстатып, өлтірткізеді де, Абдаллатифты өлтірген жерде өртетіп жібертті», – деп жазады [101, 201-б.]. Әбу Саид мырза осы әрекеті



арқылы өзінің Ұлықбектің саясатына қарсы саясат жүргізгендігін көрсетеді. Ұлықбектің ұзақ жылдардағы саясатын қолдаушылар мен жақтаушылар алғашқы кезде тым-тырыс қалғандай болады да, бірте-бірте өз қарсылықтарын білдіре бастайды.

Алғашқы бас көтеру 1455 жылы Отырар қаласында болады, бірақ оны Әбу Саид мырза тез басып тастайды [185, 169-б.]. Бір қызығы, Отырардағы бас көтергендерге Әбілхайыр хан көмек береді [185, 169-б.]. В.В. Бартольдтың пікірінше, бүлікшілерге Бұхарадағы дін басылары қолдау көрсеткен [185, 169-б.]. Біз оларды Ұлықбектің саясатын қолдаушыларға жатқызамыз. Ал Әбілхайыр ханның Отырардағы бүлікшілерді қолдауын мынадай себеппен түсіндіреміз. Әбу Саид мырзаның билікке келгеннен кейін бірнеше рет Моғолстан әскерлерін жеңуі, уақытша болса да, 1454 жыл Гераттағы Әбілқасым Бабырмен бейбіт келісімге келуі, оның беделін көтеріп, абыройын асырады. Халық арасында ықпалы өсіп, билігі күшейе түседі. Сол түстіктегі көршіге бұл ұнамай, Отырардағы бүлікшілер арқылы ол Әбу Саид мырзаның билігін төмендетіп ұстауды мақсат еткен секілді. Кезінде, яғни 1449 жылы Әбілхайыр хан Ұлықбектің күшейіп кетуіне жол бермеу үшін оның ұлына қарсы күресіне әскери көмектен бас тартқан болатын.

1455 жылғы Отырардағы Әбу Саид мырзаға қарсы жасалған бас көтерудің жеңіліске ұшырауына – онда Темір әулетінен шыққан өкілдің жетекшілік етпеуі жатады. Егерде Отырардағы бүлікте Темір әулетінің бір өкілі басқарып, жетекшілік еткен болса, онда ол жөнінде Самарканди немесе Кухистани міндетті түрде хабарлаған болар еді.

Ал келесі көтеріліске Темір әулеті өкілдерінің бірі жетекшілік етеді. Ол көтерілістің Мауереннаһрдың сол жылдардағы ішкі саяси өміріне тигізген әсері біршама болғандықтан, оған тоқтала кетелік.

1451–1457 жылдары Мауереннаһрдың ішкі саяси өмірінде болған ірі оқиғалардың біріне Ұлықбектің немересі, Абдаллатифтің ұлы – Мұхаммед Жөкінің Әбу Саид мырзаға қарсы жасаған көтерілісі жатады. В.В. Бартольд Абд-ар-Раззак Самаркандидың дерегіне сүйеніп, Мұхаммед Жөкінің көтерілісі 1461 жылы басталды деп жазса [185, 170-б.], Әбілғазы Мұхаммед Жөкінің көтерілісіне қатысты оқиғалардың бәрін, яғни Ұлықбек немересінің Әбу Саид мырзадан қашып Әбілхайыр ханның Ордасына келуін, онда біршама уақыт тұрғанын, Әбілхайыр ханнан әскери көмек алып, Мауереннаһрдың жартысын жаулап алғанын, Әбу Саид мырзаның оны



Шахрухия қамалында қоршауға алғанын, кейіннен оны тұтқындап Гератта, түрмеде ұстағанын хижраның 860 (1455) жылы болып еді деп баяндайды [117, 123–125-б.; 258, 106–108-б.]. Шахрух пен Әбу Саид мырзаның билік құрған жылдары Гератта билеуші әулеттің жанында болған Абд-ар-Раззак Самаркандиге (1413–1482) мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси өмірінде болып жатқан оқиғалардың бәрі белгілі болып, әр жылғы оқиғалар қағазға түсіріліп отырылған. Мұхаммед Жөкінің көтерілісі, оның «көшпелі өзбектер» ханынан әскери көмек алып, Әбу Саид мырза әскерімен соғысы және т.с.с. оқиғалар Мауереннаһр өміріндегі маңызды оқиғалардың қатарына жатқандықтан, Самарканди сол оқиғалардың тұстасы бола тұра, олардың болған мерзімін қате айтуы мүмкін емес.

Ал Әбілғазыға келсек, Мұхаммед Жөкіге қатысты оқиғалар 200 жылдан кейін баяндап отырғандықтан, оның оқиғалардың болған жылдарын қате айтуы немесе шамамен болжап айтуы әбден мүмкін. Сондықтан да біз, Мұхаммед Жөкінің Әбу Саидқа қарсы көтерілісі 1461 жылы басталды деген деректі қолдаймыз.

Мұхаммед Жөкінің көтерілістің алғашқы кезінде тез арада Мауереннаһрдың жартысынан астам аумағын бағындыруы, біріншіден, Әбілхайыр ханның әскери көмегінің арқасында болса, екіншіден, Мауереннаһрда Мұхаммед Жөкіні қолдайтын күштердің көп болуынан деп түсінеміз. Ұлықбек немересін қолдайтындардың Әбу Саид мырзаның қарсыластары екендігі өзінен өзі-ақ түсінікті. Отырардағы бас көтеру басып тасталғаннан кейін Әбу Саидтың қарсыластарды көтеріліске кең ауқымдылық беру үшін міндетті түрде Ұлықбектің немересін көтерілістің жетекшілігіне тартып, Мұхаммед Жөкіні билікке әкелуді ойластырған. Біздің ойымызша, көтеріліс 1461 жылы басталғанымен, оның дайындығы 1455 жылғы Отырар көтерілісі басылғаннан кейін бірден басталған.

Жалпы алғанда, бұл айтып өткен бас көтерулер мен көтеріліске дайындықтар Әбу Саид мырзаның билігінің алғашқы жылдарында Мауереннаһрдың ішкі саяси өмірінің әлі де болса тұрақсыз, құбылмалы жағдайда тұрғандығын көрсетеді.

Осы қарастырып отырған жылдар ішіндегі Мауереннаһрдың сыртқы саяси жағдайының барысынан, оның ішінде Моғолстанмен, Хорасанмен және Хорасанның батысындағы Қарақойлылар әулетімен жүргізген саяси қарым-қатынастарының Қазақ хандығының құрылуына қандай дәрежеде қолайлы жағдайлар жасағанын анық-



тауға болады. Сондай-ақ осы қатынастар шеңберіндегі жазба деректер негізінде нақты анықталған оқиғаларды салыстыру арқылы Керей мен Жәнібек хандардың Моғолстанға көшіп келген мерзімін білуге болады. Олай болса, 1450 жылдардың бірінші жартысындағы Мауереннаһрдың көршілес елдермен, оның ішінде жоғарыда айтып өткен елдермен қарым-қатынастарын талдап көрелік.

Алдымен, Мауереннаһрдың Моғолстанмен жүргізген қарым-қатынастарынан бастайық.

Біз бұған дейін бұл қарым-қатынастарды Моғолстан тұрғысынан қарастырғанбыз. Сондай-ақ қысқаша болса да, кезінде Шағатай ұлысының құрамында болған екі аймақтың жеке мемлекет болғаннан бергі қатынастарына шолу жасағанбыз. Ондағы қарастырылған мәселелерді бұл жерде қайталап жатпай, тек жалпылама түрде айтсақ, екі ел арасындағы қатынастардың өзгермей, ауыспалы болғандығын байқаймыз. XIV ғасырдың 50–60-жылдары қарым-қатынастарда Моғолстан жетекшілік рөл атқарса, одан кейінгі кезеңдерде жетекшілік рөл Мауереннаһрға көшеді. Ұлықбектің билігі тұсында да Мауереннаһр бұл жетекші рөлді сақтап қалады. Ал Шахрухтың қайтыс болған жылынан бастап, Темір әулеті арасындағы билік үшін болған өзара күрес жылдары екі ел арасындағы саяси қарым-қатынаста белсенділік қайтадан Моғолстан жаққа ауады да, Мауереннаһр жағы тек қорғанушы рөлін атқаруға мәжбүр болады.

1451 жылға дейін, яғни Әбу Саид мырза билікке келгенге дейін Есенбұға хан Темір әулеті арасындағы билік үшін болған күрестерді пайдаланып, Мауереннаһрдың шығыс аймақтарына бірнеше рет тонаушылық сипатта жорықтар жасайды. Есенбұға үшін бұл жорықтар қалай сәтті болса, Мауереннаһр үшін керісінше, қайғылы аяқталып отырады. 1447–1451 жылдардағы Темір әулеті арасындағы күрестің қызған кезінде, әсіресе, Ұлықбектің Хорасан аймағы үшін, оның өз ұлымен, сондай-ақ Абдаллатиф мырзаның Абдаллахпен, Абдаллахтың Әбу Саидпен күрестері кезінде Мауереннаһрдың шығыстағы аймақтары ешбір қорғаусыз қалып, Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуынша, Есенбұға «Сайрам, Түркістан, Ташкентке жорық жасап, ойрандап қайта оралып» отырады [133, 109-б.]. Мауереннаһр тарапынан ешқандай қарсылық болмаған соң, Есенбұға хан «сол жерге екінші рет шабуыл жасайды» [133, 109-б.].

1451 жылы Самарқан тағына Әбу Саид мырзаның келуімен жағдай күрт өзгереді. Мұхаммед Хайдар Дулати Әбу Саид мырза



«Есенбұға ханды қуып, Иангиге дейін тықсырды, моғолдар ұрыссыз қашып кетті», – деп жазса, Бабыр «Сұлтан Әбу Саид мырза таққа отырғаннан соң, Есенбұға ханға қарсы жорыққа шықты. Янгидың ар жағында Ашпарада, Моғолстанда ол Есенбұға ханның бытшытын шығарды», – деп баян етеді [133, 109-б.; 120, 30-б.]. Әбу Саид мырза осылайша Есенбұға ханға алғаш рет тойтарыс берсе де, оның тонаушылық жорықтарына тұрақты тосқауыл қоя алмайды. Самарқан билеушісінің сыртқы саясаттағы басты бағыты – Хорасан аймағын жаулау екендігін білген Моғолстан ханы Мауереннаһрдың шығыс аймақтарына жорықтар жасап, үнемі қауіп-қатерде ұстайды, ал егер Самарқан әскері қарсы шықса, шегініп кетеді, олар кейін оралса, тағы да қауіп төндіре бастайды. Міне, Мауереннаһр билеушісі үшін Моғолстан ханымен нақты бір принциптерге негізделген саяси қарым-қатынастар жүргізу мүмкін емес болатын.

Мауереннаһр билеушілерінің XV ғасырдың 50-жылдарындағы сыртқы саясаттағы басты бағыты – оңтүстік-батыс бағыт, яғни орталығы Герат қаласы болған Хорасан аймағын Әмір Темірдің билігі кезіндегідей Мауереннаһрға қайта қосу болды. Сол себепті де ол Моғолстанның тонаушылық жорықтарына қарамастан Хорасаннан айырылып қалмау үшін бар күштерін салады. Әбу Саид мырзаға бірден – бір мезгілде екі майданда күрес жүргізуге тура келеді. Біріншісі – шығыс бағыттағы Моғолстан болса, екіншісі – оңтүстік-батыс бағыттағы Хорасан үшін Темір әулетінің басқа өкілдерімен, сондай-ақ Хорасанға қауіп төндіріп отырған Қарақойлы әулетінің билеушісі Жаһаншахпен күрес болды. Осы екі бағыттағы күресте Әбу Саид мырза басты бағыт ретінде Хорасан бағытын ұстанады да, өзінің негізгі күштерін сонда бағыштайды. Ал шығыс бағытты екінші орынға қояды. Мұны біз 1457–1458 жылдардағы оқиғалар барысынан көреміз.

Мауереннаһр үшін негізгі бағыт болып саналған Хорасанға келсек, онда 1447 жылы Шахрух қайтыс болғаннан кейін саяси билік жиі ауысып отырады. 1448 жылы Ұлықбектің Хорасанға жасаған екінші жорығынан кейін, ондағы билікті Ұлықбектің інісі Байсұңқардың үш ұлы иемденеді де, 1451 жылға дейін билік үшін күрестер Сұлтан Мұхаммед мырза, Әбілқасым Бабыр және Ала ад-даула арасында өршиді. А. Мюллердің жазуынша, «ағайынды үш бауырдың арасындағы қатынастар Ұлықбек әулеті арасындағы қатынастарға ұқсайды. Мұхаммед мырза мен Ала ад-даула Бабырға қарсы аттанады. ...Олар өздерін қаншама қарапайым етіп көрсеткенімен,





іс насырға шауып, ұрыс болады. Бабыр жеңіске жетіп, екі бауырын да тұтқынға алады. Ол Мұхаммедті өлтіруге бұйрық береді, ал Ала ад-дауланың екі көзін ойып алғызады» [273, 350-б.]. Осылайша, Бабыр 1451 жылы Хорасан билігіне таласқан негізгі қарсыластарын толығымен жеңеді, бірақ оған жаңа қарсыластар пайда болады. Оның бірі – Мауереннаһрда билікке келіп, оған Хорасанды қосуды алдына мақсат етіп қойған Әбу Саид мырза болса, екіншісі – Хорасанның батысындағы Қарақойлы әулетінің билеушісі Жаһан шах (1436–1467 ж.) болатын. Мауереннаһрдағы Әбу Саид мырзаға Есенбұға хан мен Бабыр қандай қауіптер туғызып отырса, Хорасанды иеленген Бабырға да Әбу Саид мырза мен Жаһан шах дәл сондай қауіптер туғызады.

Осы жерде өзіміздің қарастырып отырған мәселеге қатысы бар болғандықтан, қысқаша болса да Иранның батысындағы Қарақойлы әулеті мен оның көрнекті билеушісі Жаһан шахқа тоқталып өтелік.

Қарақойлы деген жалпылама атаумен белгілі болған тайпалар бірлестігі XIV ғасырда Шығыс Анатолия аумағында көшпелі өмір сүрген. Бұл тайпалар бірлестігі – түріктің оғыз тайпалар тобына жатады. Бірлестік құрамына Бахарлу, Саадлу, Қараманлу, Алпаут, Духарлу, Джагирлу, Хаджилу, Ағашері тайпалары еніп, Бахарлу мен Саадлу тайпалары онда жетекші рөл атқарады. Тіл жағынан келгенде бұл тайпалық бірлестік эзірбайжан тілінің оңтүстік диалектінде сөйлеген [274, 230-б.].

XIV ғасырдың 90-жылдарындағы Әмір Темірдің Ирандағы жаулап алу соғыстары барысында Қарақойлы бірлестігі Темір империясының құрамына енгізіледі. Иранда екі үлкен аймақ құрылып, біріншісі – орталығы Герат қаласы болған Хорасан, Гурган, Мазендаран, Систан өңірлері де, екіншісіне – орталығы Тебриз қаласы болған Батыс Иран мен Әзірбайжан, Армения аумақтары жатады [85, 232-б.]. Әмір Темірдің өзі Самарқан қаласында болса, Гератта бір ұлы Шахрухты, ал Тебризде – келесі бір ұлы Мираншахты отырғызады. Қарақойлы тайпалық бірлестігі алғашында Мираншахқа бағыныштылықта болады.

1405 жылы Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін Ирандағы екі аймақта жоғары билік үшін күрестер болады. Хорасанда Шахрух пен Мираншахтың ұлы Хәлил сұлтан билікке таласып, Шахрух жеңіске жетсе, Батыс Иран мен Әзірбайжан аумағында билікке Мираншах пен оның ұлы Омар таласады. Бұл күреске Жалайыр әулетінің бұрынғы билеушісі Ахмед пен оның одақтасы ретінде қарақойлық Қара



Жүсіп те араласады. Күрес барысында 1408 жылы Мираншах қаза тауып, билікті Ахмед қолға алады да, жалайырлар әулетінің билігін қалпына келтіреді. Бірақ та көп ұзамай одақтастар арасынан шу шығып, Қара Жүсіп пен Ахмед ашық майданға шығады да, ол 1410 жылы қарақойлылардың жеңісімен аяқталады [85, 232–233-б.]. Қарақойлы әулеті басқарған мемлекеттің аумағына Батыс Иран, Әзірбайжанға Армения, Ирак жерлері енеді. Мемлекеттің астанасы Тебриз қаласы болып, онда Қара Жүсіптің өзі отырады да, аймақтарға ұлдарын жайғастырады.

Шахрух Батыс Ирандағы Қарақойлы әулетін жою үшін 1420, 1429, 1435 жылдары бірнеше рет жорықтар ұйымдастырады. Хорасан билеушісі Қарақойлы әулетінің билігін жоя алмайды, бірақ әулеттің жаңа билеушісі Жаһан шах (1436–1467) өзінің Темір әулетіне тәуелді екендігін мойындайды. Жаһан шахтың Шахрухқа тәуелділігі тек сөз жүзінде ғана болып, Қарақойлы әулеті өзінің Армения мен Грузия аумағындағы тонаушылық соғыстарын жалғастыра береді. Ал Шахрухқа қарсы ешқандай әрекеттерге бармайды [273, 350-б.].

1447 жылы Шахрухтың қайтыс болуымен Хорасандағы жоғары билікке таласып жатқан Темір ұрпақтарының күресін Жаһан шах өз пайдасына шешпек болып, бұрынғы темірлік әулеттің иеліктерін өзіне бағындыра бастайды. Ол өзін сұлтан деп жариялайды, сол арқылы ол өзін дербес мемлекеттің билеушісі болғандығын жария етеді. XV ғасырдың 50-жылдарының басында Парсы шығанағының шығыс жағындағы Хузистан, Фарс және Керман провинцияларын жаулау арқылы бүкіл Ирандағы ең қуатты саяси күштің біріне айналады. Бүкіл Иранды бағындыруда оған Хорасандағы Темір әулетінің кезекті билеушісі Әбілқасым Бабыр кедергі келтіреді.

Міне, 1450 жылдардың бірінші жартысында бұрынғы Темір империясының аумағында қалыптасқан саяси жағдайлар осындай болатын. XV ғасырдың бірінші жартысында империяның орталық аймағы Хорасанды, астанасы Гератты бағындыру үшін солтүстік-шығыстан – Әбу Саид мырза ұмтылыстар жасаса, батыстан – Қарақойлы әулетінің билеушісі – Жаһан шах қолайлы сәтін күтіп отырады.

Ал Герат тағын сол жылдары иеленіп отырған Әбілқасым Бабыр болса екі оттың ортасында қалғандай күй кешіп, екі қарсыласына бір мезетте қарсы қоятындай күш таба алмай, амалсыздан қорғанысқа көшеді. Бұл туралы А. Мюллер: «... Қарақойлылар 856 жылы (1452/1453) Фарс аймағын бағындырды. Бабыр одан ол жерді



қайтаруды ойластырады, өйткені, оны басқа жақтан Трансоксанияны (Мауереннаһрды) жаулап алған Әбу Саид қыса бастап, Хорасанға көз аларта бастаған болатын. Ақырында олардың бәрі өзара келісімге келіп, сол тұстағы қалыптасқан иеліктерінің шекараларын мойындайды», – деп жазады [273, 351-б.]. Бірақ та бұл келісімдер ұзаққа созылмайды. Хорасан билеушісі Әбілқасым Бабырдың 861 жылы (1456 ж. қараша – 1457 ж. қараша) қайтыс болуы қалыптасқан саяси жағдайды бұзып, Хорасан үшін күрестің жаңа кезеңіне жол ашады.

А. Мюллер Әбілқасым Бабырдың қайтыс болуы мен оның мінездері жөнінде: «... Ол үнемі әйелқұмар болатын, ал соңғы кездерде шарапты көп ішіп, өзіне өзі жеккөрінішті болды; ол бейшара ішімдік ішуден Имам Ризаның қабірі алдында ант беру арқылы бас тартса да, оның көмегі аз тиді; көптеген моңғол-татар әмірлері секілді ол 861 жылы (1457) ішімдіктің құрбаны болды. Оның мұндай жағымсыз жақтарына қарамастан, жақсы жақтары да болды, оның біріне өз сарайында Әмір Әлішерді уәзір етіп пайдалануы жатты», – деп сипаттама береді [273, 351-б.].

Хорасан билеушісінің кенеттен қайтыс болуын өз кезегінде Жаһан шах та, Әбу Саид мырза да тез пайдаланып қалуға тырысады. Кейбір тарихи әдебиеттерде Хорасанда Бабырдан кейін Әбу Саид мырза немесе Жаһан шах билікке келген деп айтылады [273, 351-б.; 85, 236-б.; 274, 479-б.]. Ал осы дәуірге қатысты арнайы зерттеулердің материалдарына сүйенсек, Бабырдан кейін билікке оның ұлы Шах-Махмұдтың келіп, оны тез арада Ала ад-дауланың ұлы Сұлтан Ибрагимнің талқандап, 861 жылы (1456/1457) Хорасанды иеленгендігі, ал оны 862 жылы (1457/1458) Жаһан шахтың жеңгендігі, өз кезегінде 863 жылы (1458/1459) Жаһан шахтан Хорасанды Әбу Саид мырзаның тартып алғандығы айтылады [198, 227 бетке арналған аудармашының түсініктемесі және қосымша]. В.В. Бартольдтың қосымшалары мен түсініктемелерінен көріп отырғанымыздай, Бабырдың өлімінен кейін билікке Жаһан шах та, Әбу Саид мырза да бірден келмеген. Әкесінен соң тақты баласы иеленген, бірақ азғантай уақыт ішінде биліктен айырылып, Сұлтан Ибрагимге жол берген де, ол өз кезегінде қуатты Жаһан шахқа қарсы тұра алмаған секілді. Біздің ойымызша, бұл оқиғалардың бәрі 861 жылы 1456 қараша – 1457 қарашада болады. Жаһан шахтың Хорасанға енгенінен хабардар болған Әбу Саид мырза да тез арада аттанып, Гераттан Жаһан шахты кетуге мәжбүр етеді. В.В. Бартольд «Хорасанда Әбу Саид



билігінің бекуі Темір дәуіріндегі қырып-жоюлардан асып түсетін қатандықпен жүргізіледі. 1457 жылы Әбу Сайдтың жарлығымен кәрі патшайым Гаухаршад өлтіріледі...», – деп жазады [185, 171-б.]. Әбу Саид мырзаның Хорасан аймағындағы жеңісті жорықтарына Моғолстан ханы Есенбұға кедергі жасайды.

Өз кезегінде Әбу Саид мырзаның Хорасанға кеткенінен хабардар болған Есенбұға хан Әндіжанға шабуыл жасайды. Ол жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати: «Мырза Сұлтан Әбу Саид Хорасанды алып, сонда кеткенде, Есенбұға хан Әндіжанға бет алды. ... Есенбұға ханның әскерінің көптігі сонша, олар үш қатар болып сап түзеп Әндіжанды айналдыра қоршады. Қорғанның әр тұсынан жер асты жол қазып, қорғанды алды. ... Хан Әндіжан уәлаятының тұрғындарын түгел тұтқындап, барлығын [өзімен бірге] алып оралды», – деп жазады [133, 109-110-б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуына қарағанда, Есенбұға ханның Әндіжанды ойрандауы туралы хабарды Хорасанда естиді. Бұл кезде ол Хорасанға төніп келе жатқан Жаһан шахпен соғысуға дайындалып, Ирак жаққа бет алуды ойластырып жатқан болатын [133, 110-б.].

Осылайша, 1457 жылы Гератты алып, Хорасанды бағындырғанымен, Әбу Саид мырза үшін сыртқы саясаттағы барлық мәселелер шешіле қоймайды, керісінше, жаңа мәселелер пайда болып, олар күрделене түседі. Хорасанды бағындыру әлі де болса бүкіл Иранды бағындыру емес еді, ол тек қана оның маңызды бір бөлігі ғана болатын. Бүкіл Иранды бағындыру үшін алдымен, оның батысында күшейіп келе жатқан Қарақойлы әулетінің билеушісі Жаһан шахты жеңу керектігі туындайды. Өз кезегінде Жаһан шах та Хорасанның Әбу Сайд мырзаның қоластына өткенін қаламады. Сөйтіп, жаңа соғыстардың иісі шыға бастайды.

Әбу Саид мырзаға келсек, ол 1457 жылы Гератты иеленгенімен, Есенбұға ханның Әндіжандағы әрекеттеріне байланысты батыс Иранға қарай жорық жасай алмайды. Осы кезде ол Есенбұға ханға қарсы қоятын, өзіне одақтас болатын күшті табады. Ол – Уәйіс ханның үлкен ұлы, Есенбұға ханның туған ағасы Жүніс болды. Біз бұған дейін Жүністің қандай жағдайда Хорасанға, одан кейін Иранның әртүрлі қалаларында болғандығын Бабырдың, Дулатидың мәліметтеріне сүйеніп айтып өткендіктен, бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз. Әбу Саид мырза үшін сыртқы саясаттағы басты бағыт – 1457 жылдан кейін де Хорасаның батыс жағындағы ай-



мақтарды бағындыру, сол үшін де Жаһан шахпен күрес жүргізу болып қала береді. Ал Моғолстанмен қатынас ол үшін аса маңызды болып саналмаса да, Жаһан шахпен күресте, ол үнемі қол байлау болып отырады. Оны иелену үшін Әбу Сайд мырза Жүністі «Есенбұға ханға қарсы жіберді, ондағысы осылайша ағалы-інілі екеуі бір-бірімен тартысып жанжалдасып жатса, уәлаяттың шекарасы тыныш табар деген ойы еді», – деп түсіндіреді Мұхаммед Хайдар Дулати [133, 110-б.].

Мауереннаһр билеушісі үшін бұл бірден-бір амалсыздан жасалған іс болды. Жүністі ол Иранның оңтүстік-батыс жағындағы Шираз қаласынан алдырып, Хорасанда Герат қаласының солтүстігіндегі Бағ-и заған атты бақтағы сарайға жайғастырып, оның келу құрметіне үлкен той жасайды [133, 111-б.]. Бабырдың айтуына қарағанда, Жүністің туған әпкесін Ұлықбектің ұлы Абдалазиз алған; ал ол өлтірілгеннен кейін ханымға Әбу Саид мырза үйленген; сөйтіп Әбу Саид мырза Есенбұға ханның лаңын басу үшін жезделігін бетке ұстап Ирак жақта жүрген Жүністі шақыртқан [120, 30-б.]. Бұл жерде Әбу Саид мырзаның Жүністі шақырту себебін Бабырдан гөрі Дулатидың мәліметтері терең ашып көрсетіп тұр. Мәуереннахр мен Хорасанды иеленген Әбу Саид мырза сол тұста үлкен саяси күшке ие болды. Біз бұған дейін айтып өткеніміздей, ол Жүніспен келісім жасасып, шартқа отырады. Дулати Жүніс хан барлығын қабыл алды. Бұл уәде шарттарын ант ішіп, бекітті. [Әбу Саид] Жүніс ханға рұқсат беріп, сол маңайдағы бар моғолды қосып берді, – деп жазады [133, 112-б.]. Одан кейінгі оқиғалардың барысына назар аударсақ, ол былайша өрбиді: «Сұлтан Әбу Саид мырза Жүніс ханды Моғол ұлысына хан тағына отырғызғанда, бұрын Есенбұға ханға өкпелеп кеткен Сағараш түменнің барлық бектері Моғолстанға қайтып оралды. Жүніс хан оларға келіп жолықты, – деп баяндайды Бабыр [120, 30-б.]. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати болса, бұл оқиғалардың Моғолстан тарихына тікелей қатысы болғандықтан, оны одан да тереңірек баян етеді. Оның мәліметтеріне сүйенсек, Жүніс хан Моғолстанға келген кезде ең алғашқы болып, оған әмір Кәрімберді келіп қосылды. Одан соң құнжының [тайпасының] басқа да әмірлері болған болатын. Моғол аймақтарының кейбір жерлері хан билігіне өтті. Әмір Қажы пір құнжы ол кезде құнжының тұманына әмірлік жүргізу қолында болатын. Ол өз еркінде дербес биледі. Ыстықкөлдi жайлаған бекжак [бекчик] тайпасы әмірлерінде Әмір Пір Хақберді қайтыс болған еді. Оның орнына ағасының баласы



әмір Ибраһим отырған еді. Ол да ханға келіп қосылды. Ханға біршама ел жиналды. Алайда, біраз уақыттан бері әмірлері өз бетімен кетіп қалғандықтан, қызмет көрсету дәстүрін орындай алмай жүрді [133, 113-б.]. Жүніс хан жергілікті әмірлер арасында өз ықпалын нығайту үшін ең қуатты тайпалардың бірі құнжы тайпасын басқарып отырған әмір Қажы Пір құнжының Исан Дулат бегім атты қызына үйленеді [133, 113-б.; 120, 30-б.].

Осы жерде біз пайдаланып отырған деректердегі оқиғалар барысы біреуінде аз, қысқа, ал біреуінде көбірек және көлемді түрде баяндалса да, негізінен, оларда онша көп алшақтықтар байқала қоймайды. Тек қана оқиғалардың болған жылдарына қатысты айырмашылықтар мен сәйкес келмейтін тұстар кездесіп қалады. Енді соларға тоқтала кетсек. Өйткені, осы кездердегі нақты анықталған оқиғалардың Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауға тигізген көмектері көп.

Мұхаммед Хайдар Дулати Әбу Саид мырзаның Хорасанды жаулап алғанын Есенбұға ханның Мауереннахрдың шығыс аймақтарына қауіп төндіруіне байланысты Иракқа жорық жасай алмағанын, Жүніс ханды Шираздан алдырып, келісім шартқа отырғаны мен Моғолстанға жібергенін, міне, осы оқиғалардың бәрін хижраның 860 (1455-1456) жылы болғандығын айтады [133, 113-б.]. Ал енді осы оқиғалар жөніндегі беделді авторлардың зерттеулеріне қарасақ, олардың бәрі бірауыздан басқа жылды көрсетеді. А. Мюллер Герат билеушісі Әбілқасым Бабырдың 861 жылы (1456–1457) қайтыс болып, Әбу Саид мырза Хорасанды бірден жаулап алғандығын айтса, В.В. Бартольд 1457 жылы Бабыр қайтыс болғаннан кейін Әбу Саид Хорасанда өз билігін нығайту үшін күрес жүргізгендігін жазады [273, 351-б.; 185, 169-б.]. 1967 жылы жарық көрген төрт томдық «Өзбек ССР тарихының» бірінші томындағы «Темір мемлекетіндегі жаңа феодалдық бүліктердің басталуы» деген тарауында Герат тағын Шахрухтың немересі (Байсұңқардың ұлы) басып алып, қайтыс болғанға дейін, яғни 1457 жылға дейін биледі. 1457 жылы Мешхедте Әбілқасым Бабыр қайтыс болғаннан кейін, жағдай күрт өзгерді. Хорасанда да, Гератта да билікті қолына алатын адам табылмады. Үміткерлер көп болды. Бірақ олардың ешқайсысының үлкен әскери күші болмады. Олардың ішінде Әбу Саид хан ғана күшті болып, Герат тағын басып алды, – деп түсіндіріледі [265, 479-б.].

Осы жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Герат билеушісі 861 (1456 жылы қараша – 1457 ж.) қайтыс болған және дәл осы жылы



Әбу Саид мырза Гератты иеленген, сондай-ақ осы жылы Шираздан Жүніс ханды алдыртып, Моғолстанға жіберген деп есептейміз.

Әбу Саид мырзаның 1457 жылдан кейінгі Ирандағы жағдайына келсек, ол шығыстағы мәселелерді реттегеннен кейін, бар күшін Иранның батыс аймақтарына аударады. Бұл кезде Жаһан шах Ирак, Хузистан, Фарс, Кермен аймақтарын басып алып, Хорасанды бағындыруға күш сала бастайды. Бірақ та Әбу Саид мырзаның оған қарсы шығуы 1458 жылы екі жақтың бейбіт келісімге келуімен аяқталады. Келісім бойынша ұлы Иран шөлі «Дешт-и Кевир» екі елдің шекарасы деп белгіленеді [85, 236-б.].

Ал енді осы кездерде Моғолстанға қайтып оралған Жүніс ханға келсек, Дулатидың жазғанындай, хан олармен (*моғол әмірлерін айтып отыр – Б.К.*) келісімге келіп, бірнеше жыл осылай өткізген соң назарын Қашғарға аударды [133, 113-б.]. Бұл жерде тарихшының «бірнеше жыл осылай өткізген соң» деген мәліметінде Жүніс ханның Моғолстандағы күш жинау, біріктіру уақыты бірнеше жылға созылып тұр. Дулатидың келесі бір баяндамаларынан Жүніс ханның Моғолстандағы күш жинау, топтастыру уақытының бір жылға да жетпегендігін байқаймыз.

Жүніс ханның алғашқы аттанған қаласы Қашғар болды. Онда Дулат тайпасының әмірі «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы Мұхаммед Хайдар Дулатидың бабасы Әмір Саид Әлі билік етіп тұрған болатын. Автор бабасының сол кезде әбден қартайып, атқа мініп жүруден қалған кезі болатын, – деп жазады [133, 113-б.].

Жүніс ханның жорығы жаз айларында өтеді. Ол туралы автордың «Есенбұға хан ол уақытта Моғолстанның шығыс жағындағы Жұлдыз жайлауына шығып кеткен еді», – дегеніне қарап білуге болады [133, 114-б.]. Есенбұға хан үшін ағасы Жүністің Моғолстан аумағына енуі, Моғол өңірлерінің бір бөлігінен қолдау табуы және Қашғар секілді Моғолстанның маңызды аймақтарының біріне жаулап алуға аттануы – оның билігіне зор қауіп төндіреді. Егерде Жүніс хан Қашғарды алып, онда табан тіресе, Есенбұғаның бүкіл Моғолстандағы билігінің іргесі сөгіле бастағандай болады. Әмір Саид Әлі Жүніс ханның жорығы жөніндегі хабарды алысымен, ол тез арада 60 мыңдық әскер жиып, Қашғарға қарай шұғыл аттанады. 60 мыңдық әскердің алғашқы легіндегі 6 мыңымен он бір күнде Қашғарға жетеді. Оған 30 мыңдық әскермен Дулатидың бабасы да қосылады. Қашғардан шығысқа қарай 3 фарсах жердегі

Хансалар деген жерде соғыс болып, Есенбұға хан өте қиындықпен жеңіске жетеді [133, 114-б.].

Жүніс ханның Моғолстандағы билікті алу жолындағы алғашқы қадамы сәтсіз аяқталып, отбасының тұтқынға түскеніне қарамастан, кейін қарай қашады да, Хорасандағы Әбу Саид мырзаға қайтып келеді [133, 114-б.]. Жүніс ханның сәтсіздікке ұшырауының бір себебіне, Моғол әмірлерінің оған сенімсіздікпен қарауы жатса керек. Сол себепті де ол Әбу Саид мырзадан «сол маңайдан моғол жұрты сеніммен қарағанға дейін мекен ететін уәлаят беріңіз, деп көмек сұрайды. Мырза келісіп, Әндіжан аймағының Жетікент деген жерін ханға тапсырды да, ханды сол жаққа жіберді», – деп жазады «Тарих-и Рашиди» авторы [133, 114-б.]. Сөйтіп, Моғолстанмен шекаралас өңірге табан тіреген Жүніс ханның маңайына моғол әмірлері қайта жинала бастайды. Ол енді Моғолстандағы билікті ашық күрес арқылы емес, моғол әмірлерін жанына көптеп тарту арқылы иеленбек болады. Оның бұл әдісі тез арада жеңіске жеткізбесе де, бірте-бірте жүзеге асатын әдіс еді. Ең бастысы қандай әдіс болса да, ол Хорасандағы Әбу Саид мырзаға тиімді болды. Оның мақсаты Дулатидың айтқанындай, ағасы мен інісін бір-бірімен жанжалдастыру арқылы мемлекетінің шекарасын тыныштандыру болатын. Ол бұл мақсатына жетіп, өзінің Хорасандағы негізгі жұмыстарына ешбір алаңсыз кірісіп кетеді де, Қарақойлы әулетінің билеушісі Жаһан шахпен бұған дейін айтып өткеніміздей, 1459 жылы келісімге келеді [85, 236-б.].

Енді осы оқиғаларға қатысты нақты даталарды анықталық. Мұхаммед Хайдар Дулати өз бабасы Әмір Саид Әліні 862 (1457–1458) жылы қайтыс болып, оның кесенесінің күмбезіне осы өлген жылы жазылғандығын айтады [133, 114-б.]. Бұдан шығатын қорытынды: Жүніс хан мен Есенбұға хан арасындағы Хансалар шайқасы 1457 жылдың күз айларында болған; ал Жүніс ханның Әбу Саид мырзаға қашып барып, одан Жетікент уәлаятын алуы 1458 жылдың басында болған деуге болады. Қысқаша айтқанда, Жүніс хан мен оның інісі арасындағы шайқаста Есенбұға хан жағында болған Әмір Саид Әлінің нақты 1457–1458 жылы қайтыс болуы Хансалар шайқасының нақты 1457 жылдың күз айларында болғандығын көрсетеді.

Осылайша, Мауереннаһр мен Хорасанды 1457 жылдан кейін біріктіре алған Әбу Саид мырзаның шығыс пен оңтүстік батыс бағыттарындағы сыртқы саясаты Темір әулетінің өкілі үшін біршама нәтижелі болады. Оңтүстік батыс бағыттағы саясатта бүкіл Иран бағындырылмаса да, Хорасан аймағы Шахрухтың қайтыс болуынан





кейін Мауереннаһр қайта біріктіріледі. Уақытша болса да батыс Ирандағы Қарақойлы әулетімен шекара мәселесі шешіледі.

Ал шығыстағы саясатқа келсек, ол жақтағы оқиғалардың даму барысы дәл Әбу Саид мырза ойлағандай өрбиді. Жүніс ханның Моғолстанға келіп, інісімен алғаш рет соғысуы, одан кейін Жетікент уәлаятына табан тіреуі Мауереннаһрдың шығыстағы аймақтарының қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етіп қойған жоқ. Сонымен бірге Есенбұға ханның билігіне, Моғолстанның батысындағы оның иеліктеріне үлкен қауіп төндіреді.

Енді Жүніс ханның Моғолстан аймағына екінші рет келуіне тоқталалық. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабының 45 тарауында: «Сұлтан Жүніс хан екінші рет Мырза сұлтан Әбу Саидтан Моғолстанға келгенде, ондағы әмірлердің барлығы тағы да хан маңына жиналды. Хан Моғолстанда біраз тұрды. Жетікентті [Иетикент] тұрақтап қалды. Бірақ Есенбұға ханға тиесілі иеліктерге кіруге батылы бармайды», – деп жазған болатын [133, 175-б.]. Жүніс ханның екінші рет келуін шамамен 1458 жылы деп есептейміз. Ал оның Дулатидың айтқанындай, Есенбұға ханға тиесілі иеліктерге кіруге батылы бармады деуінің ар жағында бірнеше себебі болған. Оның біріне – Есенбұға ханмен ашық күреске шығудан бас тартуы, екіншісіне – Есенбұғаның өзіне Керей мен Жәнібек хандар секілді сенімді одақтас тауып, оларға Моғолстанның батыс жағынан иелік беруі жатса керек. XVII ғасырдың тарихшысы Махмұд бен Уәли бұл жөнінде «осы себепті Есенбұға хан билігінің түбінде сызат пайда болды. Бұл Жәнібек хан мен Керей ханның келуін [ізгіліктің қайнар бұлағы мен өзінің адамдары үшін] қайырымды іс деп санады... Ол Моғолстанның батыс жағын хандарға берді. Бұл өңір Жүніс ханның ихтасы мен Есенбұға ханның [иелігін] байланыстырып жатқан өңір еді. Ол жер Шу және Қозыбасы деген атаумен белгілі болатын», – деп нақтылап айтады [136, 352-б.]. Байқап отырғанымыздай, Есенбұға хан да Әбу Саид мырза секілді өз билігімен иеліктерін сақтап алу үшін өзге күштерді пайдаланады. Бұл жерде Есенбұға хан үшін өзге күшке Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға қоныс аударған Керей мен Жәнібек хандар жағады. Моғолстанның батыс жағында жаңа саяси күштің пайда болуы Жүніс ханға тосқауыл болып, оның Моғолстанның билігін иелену жолындағы күресіне кедергі келтіреді. Сөйтіп, Дулатидың айтып отырғанындай, ағасы інісінің иелігіне кіруге батылы бармайды. Осылайша, XV ғасырдың орта тұсындағы

Мауереннаһр мен Моғолстан арасындағы саяси қарым-қатынастардың шиеленісе түсуі Моғолстанның батыс аумағында Қазақ хандығының пайда болуына қолайлы жағдайлар туғызып, құрылуына алып келеді.

Енді жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, төменде мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, 1447–1458 жылдар аралығында, яғни Шахрухтың қайтыс болған кезінен Әбу Саид Мырзаның Хорасанда Қарақойлы әулетінің билеушісі Жаһан шахпен келісім жасасқан кезіне дейінгі он бір жыл ішінде біртұтас, бір орталықтан басқарылған Темір империясы әулет өкілдерінің билік үшін күресін басынан өткеріп, орасан зор дүрбеленді басынан өткереді. Күрес барысында империя аумағында жекелеген әулет өкілдерінің басшылығымен уақытша болса да бірнеше дербес иеліктер пайда болып, ақырында Әбу Саид мырза қарсыластарын ығыстырады да, билікке қолы жетеді. Бірақ та Иранның батыс бөлігі империядан бөлініп, ондағы Жаһан шахтың билігін Әбу Саид мырзаның мойындауына тура келеді.

Екіншіден, Әбу Саид мырзаға Хорасанды бағындыру жолында одан кейінгі Қарақойлы әулетімен күрес кезінде шығыстағы көршісі Моғолстан үнемі қауіп төндіріп отырады. Есенбұға ханның тонаушылық сипаттағы жорықтары Әбу Саид мырзаға ылғи да қолбайлау жасап, кедергі келтіреді.

Үшіншіден, Есенбұға ханға ағасы Жүністі қарсы қою арқылы Әбу Саид мырза Жаһан шахтың Хорасанды жаулап алуына қарсы тұруы оны келісімге келуге көндіреді. Өз кезегінде Жүніс хан да Моғолстанда өзін қолдайтын әмірлердің көмегімен Есенбұғадан билікті тартып алу үшін шайқасқа түседі. Алғашқы ұмтылыс нәтижесіз аяқталғанымен, Әбу Саидтың қолдауымен Жетікент өңіріне билік жүргізіп, Есенбұға ханға үнемі қауіп туғызып отырады. Бірақ Есенбұға ханға қарсы ашық күреске шыға қоймайды. Есенбұға хан да өз кезегінде ағасына қарсы Керей мен Жәнібек хандарды пайдаланып, қарсы қояды. Сөйтіп, XV ғасырдың ортасындағы саяси қарым-қатынастардың шиеленісуі Моғолстанның батысында Қазақ хандығының құрылуына алғышарттар жасап, тікелей ықпал жасайды.

Төртіншіден, осы кездердегі кейбір оқиғалардың нақтылығын білу арқылы біз жанама түрде Керей мен Жәнібек хандардың Моғолстанға көшіп келген жылын анықтай аламыз. Ал көшіп келудің Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауда алатын маңызының зор екендігі, сондай-ақ осыған қатысты оқиғалар тізбегі ішінде ең басты оқиға болғандығы белгілі.



## VI. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ БАРЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

### 6.1. Қазақ хандарының шығу тегі мәселесі

Қазақ хандығының құрылу мәселесінде зерттеушілердің айналып өте алмайтын, міндетті түрде қарастыратын сұрақтарының біріне – қазақ хандарының шығу тегі мәселесі жатады. Бұл сұраққа дұрыс жауап тапқанымызда біз, XIII–XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекеттілік, саяси, билеуші әулеттер тарихының мәселелерін, ең бастысы Қазақ хандығындағы билеуші әулеттің шығу тегі мен ол әулеттің XV ғасырдың ортасына дейінгі Қазақстан аумағындағы тарихынан хабардар боламыз. Сондай-ақ Қазақ хандығының негізін қалаушылар – Керей мен Жәнібек хандардың не себепті жаңа этникалық сипаттағы мемлекетті қалыптастыруға күш салып, күрескенін түсіне аламыз. Міне, сол себепті де, тарихшылар үшін Қазақ хандығының құрылуы тарихын зерттеуде хандықтың негізін қалап, оны билеген әулеттің шығу тегін анықтаудың маңызы ерекше. Бұл мәселеге қатысты тағы бір айтарымыз мынау, яғни Қазақ хандығының құрылуы мәселесін жүйелі түрде зерттеу біздің ойымызша, хандықтың құрылуы барысында саяси жетекшілік рөлді атқарған тарихи тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандардың шығу тегін анықтаудан басталуы керек. Олай болса, осы мәселені шешіп көрелік.

Бұл мәселе жөнінде зерттеушілер арасында біржақты пікірдің жоқтығына М.Қ. Әбусейітова көңіл аударып: «Қазіргі кезде қазақ хандары әулетінің шығуы жөнінде екі түрлі пікір бар. Зерттеушілердің бір тобы оларды Орда Еженнен таралады деп есептейді», – дей келе, «қазақ хандары Жошының он үшінші ұлы Тұқай Темірдің ұрпақтары», – деген өзінің пікірін ұсынады [198, 38-б.]. Ал белгілі тарихшы З. Қинаятұлы болса, «Қазақ мемлекетінің бастауында Орыс хан, оның ұрпақтары тұрғандығы ғылымда мойындалған шындық. ... Орыс хан қазақ хандарының атасы деп танылады. Орыс ханның ата тегі жайлы тарихи әдебиетте екі жақты пікір бар, – деп жазады да, әр пікірге негіз болған жазба деректер мен әр пікірді жақтайтын бірнеше тарихшыларды атап өтеді» [218, 227–229-б.]. Біз де кезінде осы мәселенің тарих ғылымында шешілмей тұрғандығына назар аударып, «Қазіргі күнде қазақстандық тарихнамада осы

мәселе бойынша екі бағыттағы пікірлер толық айқындалып отыр. Алғашқы пікірді қолдаушылар қазақ хандарының шыққан тегі Жошының үлкен ұлы – Орда Еженнен бастау алады деп көрсетсе, ал кейбір тарихшылар қазақ хандарын Жошының кенже ұлдарының бірі – Тұқай Темірден тараған деп дәлелдейді», – деп айтқан едік [275, 54–55-б.].

Екі түрлі пікірге негіз болған жазба дерек мәліметтерін талдамас бұрын алдымен, пікір білдірген зерттеушілерге және олардың дәлелдеулеріне тоқталып өтелік.

Қазақ хандары Тұқай Темірден тараған деген пікірді Ш. Уәлиханов, Ш. Құдайбердіұлы, Құрбанғали Халид, В.П. Юдин, М.Қ. Әбусейітова жақтайды. Ал ордаежендік бағытты ұстанатындарға В.В. Вельяминов-Зернов, Стэнли-Лэн-Пуль, М. Тынышпаев, М.Г. Сафарғалиев, А.Ю. Якубовский, П.П. Иванов, К.И. Петров, Б.А. Ахмедов, Г.А. Федоров-Давыдов, К.Э. Босфорт, К.А. Пишулина, Т.И. Сұлтанов, З. Қинаятұлы және осы жолдардың авторы жатады.

Осы екі топтағы авторлардың біреулері өз пікірлерін деректер арқылы немесе басқа тәсілдермен дәлелдеуге тырысса, ал екінші біреулері ешбір дәлелдеулерсіз өз пікірлерін ұсынған. Сол себепті де біз, өз пікірлерін дәлелдеуге тырысқан авторлардың пікірлеріне қысқаша болса да тоқтап өтуді жөн көріп отырмыз.

Қазақ хандары Тұқай темірден таралады деген пікірді жақтаушылар: Ш. Уәлиханов, Ш. Құдайбердіұлы, Қ. Халид және М. Әбусейітова өз пікірлерін негіздеу үшін Әбілғазының дерегіндегі мәліметтерді алға тартады. «Ұрыс шыққан әулет, Әбілғазының айтуынша, Жошының кіші ұлдарынан тарайды, олардың аталары Тоқай Темір», – деп 1856–1857 жылдары Ш. Уәлиханов жазса, Ш. Құдайбердіұлы «Жошының төртінші баласы – Тоқай Темір, біздің қазақ осының қол астында болған және Әбілмансұр – Абылай ханның арғы атасы осы еді», – деп түсіндіреді [276, 162-б.; 149, 51-б.]. Шоқан, Шәкәрім, Халид секілді М. Әбусейітова мен В.П. Юдин де өз пікірлерін XVII ғасырдағы тарихшы Әбілғазының дерегіне негіздейді. Біз Әбілғазының дерегіндегі Қазақ хандарының шежіресіне қатысты мәліметтер жөнінде ойымызды сәл кейінірек айтамыз.

Ал енді Қазақ хандарының шығу тегін Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен тарататын зерттеушілердің дәлелдеулеріне назар аударсақ.



Олардың пікірлеріне негізінен Рашид ад-дин мен Муин ад-дин Натанзидың деректеріндегі, сондай-ақ Гаффаридың (1567/1568 жылдары қ.б.), Хайдар Разидың (1618/1619 жылдары жазылған) шығармаларындағы мәліметтер тірек болған [91, 66–71-б.; 84, 129–131-б.; 210–211-б.; 214–215-б.]. Осы пікірді жақтайтын бірнеше тарихшы өз пікірлерін дерек мәліметтерімен қатар, өзіндік дәлелдеулермен де негіздеп, қарсы пікірлерді теріске шығарады. Оларға М. Тынышпаев, Т.И. Сұлтанов, З. Қинаятұлының дәлелдеулері жатады. М. Тынышпаев өз дәлелдеуін: «Ежен мен Тұқай Темірдің әкесі Жошы 1227 жылы, ал Орыс 1376 жылы қайтыс болған, яғни олардың арасы 150 жыл; бірінші пікір бойынша (*М. Тынышпаев бұл жерде бірінші пікір деп Ордаежендік бағытты айтып отыр – Б.К.*) бұл уақытқа 7 буын сәйкес келеді, ал екінші бағытқа (Тұқай-Темір, Өз Темір, Қожа, Бадақұл, Орыс) – 4 буын келіп тұр. Көптеген шежірелерде 100 жылға 4 буынның, кейде 5 буынның, өте сирек жағдайда 3 буынның сай келетінін аңғарамыз. Қазақтарға қарағанда хан әулетінде ерте үйлену кең тараған, сол себепті де 100 жылда оларда 4 ұрпақтан аса буын өзгереді. Осы есептеу қазақ хандарының шығу тегін Тұқай Темірден емес, Еженнен тарайтындығын көрсетеді» [188, 169–170-б.]. Екінші бір дәлелдеуінде ол: «Тіпті, қазақтарда, оның ішінде Шыңғыс ұрпақтарында белгісіз бір Ежен хан жөнінде естелік қалған (кейбір төрелер оны өздерінің түп атасы деп санайды), ал Тұқай Темір оларға мүлде беймәлім», – деп түсіндіреді [188, 170-б.]. Біздің ойымызша, М. Тынышпаевтың екі дәлелдеуі де өте орынды. Әсіресе, оның бірінші дәлелдеуі ерекше назар аудартады. Біз оның осы дәлелдеуіне қосымша ретінде Жошының Орда Еженнен кейінгі екінші ұлы Батыйдың, бесінші ұлы Шибанның ұрпақтарын есептегенімізде, Батыйдан Бердібек ханға дейін 7 буын, шибанилық Әбілхайыр ханның (1412–1468/69) атасы Ибрагимге дейін де 7 буын болатынына көз жеткіздік. Бұл дегеніміз біріншіден – Әбілғазы дерегіндегі Тұқай Темірден Орыс ханға дейін төрт буын болады деген мәліметтің дұрыс еместігін көрсетсе, екіншіден, Қазақ хандары – Орда Еженнің ұрпақтары деген пікірдің дұрыстығын дәлелдей түседі.

М. Тынышпаевтан кейін бұл мәселеге арнайы назар аударып, өз дәлелдеулерін ғылыми түрде негіздеген Т.И. Сұлтанов болды. Ол екі пікірге негіз болған жазба дерек мәліметтерін келтіре отырып,

зерттеушілердің бұл мәселеде ортақ пікірге келе алмай отырғандығын айтып өтеді де, мәселені шешуді Тұқай-Темір мен Орда Еженнің және олардың ұрпақтарының қай кезде, қай өңірлерде билік құрған іздерінен қарастырады. Оның көрсетуі бойынша Тұқай Темір 1236–1242 жылдары моңғолдардың батысқа жорығынан кейін Маңғышлақ пен Солтүстік Кавказ өңірлерін алған, сондай-ақ Батый мен оның алғашқы мұрагерлері Тұқай Темір мен оның ұрпақтарына Хажы Тархан (Астрахан), Кафа, Қырым уәлаяттарын басқаруға берген. Жазба деректер Тұқай Темір ұрпақтарын «хан ұлдары» (хан-оғлы), ал тұқайтемірлік әулет «Ханедан-и Тукайтимурийан» деп аталған [100, 141–142-б.]. Одан әрі ол көптеген жазба дерек мәліметтеріне негіздеп, Орда Ежен ордасының алғашқы кездерде Ертістің жоғарғы ағысы бойы мен Алакөл маңында болғандығын, оның мұрагерлері: Күнкыранның (Орда Еженнің төртінші ұлы), Қонышаның (Орда Еженнің немересі, Сартақтайдың ұлы), Баянның (Қонышаның ұлы) билік еткендігін айта келе, XIII ғасырдың екінші жартысында ұлыс орталығы Алакөл маңынан Сырдария маңына ауысады да, сол кезден бастап Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойы мен оған іргелес аймақтарда Орда Ежен ұрпақтары билігінің мықтап орныққандығын айтады. Бұған қоса ол Орыс ханның өзі де, аталары да, ұрпақтары да Сыр бойынан саяси қарсыластарына қарсы жорықтар жасап, Сыр маңындағы өз иеліктеріне қайтып оралып отырған деп айтады да, «Орыс хан – Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің ұрпағы деген қорытынды жасаймыз», – деп дәлелдеуін түйіндейді [100, 143–144-б.].

Т.И. Сұлтановтың дәлелдеуін қысқаша түрде айтсақ, XIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап XIV ғасырдың екінші жартысына дейін Тұқай Темір және оның ұрпақтары Жошы Ұлысының оң қанатындағы аймақтарда билік құрған, ал Орда Ежен және оның ұрпақтары Жошы Ұлысының сол қанатында, яғни Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында мемлекет басқарған. Біз де бұл пікірге қосымша ретінде мынадай дәлелдеу қосамыз. Алтын Орданың ыдырау процесі кезеңінде оның бұрынғы аймақтарында жеке хандықтар: Қырым, Қазан хандықтары құрылғанда ондағы билік Тұқай Темір ұрпақтарының қолында болады [82]. Бұл жағдай тұқайтемірліктердің Батыс Дешті Қыпшақ аумағында заңды иеліктері болғандығын, сол иеліктерін жеке хандықтарға айналдырғандығын, ал Шығыс



Дешті Қыпшақ аумағында олардың ешқандай іздері болмағандығын көрсетеді. Олай болса, Қазақ хандарының шығу тегі Тұқай Темірден бастау алады деген пікірдің түбірімен қате болғаны.

Қазақ хандары Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен таралған деген пікірді З. Қинаятұлы моңғол тіліндегі дерек мәліметіне сүйеніп дәлелдейді. Ол Орыс ханның шығу тегі Орда Еженнен бастау алады деген пікірді қостайтынын білдіре келе, оны «тек араб, парсы тарихи шежірелері ғана емес, моңғолдың төл тарихи шежірелерінің бірі «Чингис хааны язгуур торлийн цадигууд» (Шыңғыс ханның ата шежіресі) де растайды. Шежіренің (цадиг) №5 – кестесінде Жошы әулетінің ақордалық хандар кестесін Шыңғыс хан – Жошы – Ордана – Кали (Кули) – Буян (Баян) – Сасыбұқа – Абисан (Эрзен) – Шымтай – Орыс хан деп, Орыс ханды Орда Еженнің тоғызыншы ұрпағы деп таниды», – деген болатын [218, 228–230-б.].

Енді біз де қазақ хандары Орда Еженнен таралады деген пікірді негіздейтін өзіміздің дәлелдеуімізді ұсынайық. Біздің дәлелдеуіміздің негізіне жазба дерек мәліметтерін деректанулық тұрғыда қарастыру жатады. Алдымен, екі пікірге негіз болып отырған деректерге тоқталып, олардағы өзімізге қатысты мәселе бойынша мәліметтердің оригиналдылығы мен компилятивтілігін анықтап көрелік.

Қарастырып отырған мәселеміздің деректерін Т.И. Сұлтанов төмендегідей топтастырады. Ол бірінші топтағы деректерге, яғни Орыс ханды Жошының кіші ұлы Тұқай Темірден тарататын деректерге мыналарды жатқызады:

1) 1426 жылы Темір әулетінің билеушісі Шахрухтың тапсырмасымен белгісіз автор құрастырған «Му’изз ал-ансаб» («Книга, прославляющая генеологию») еңбегінің мәліметтері. Ол бойынша Орыс ханның шығу тегі: «Тұқай Темір, одан Урингтам, одан Аунк, одан Бактук, одан Темірхожа, одан Бадак, ал одан Орыс хан», – болып келеді [100, 140-б.; 55, 61-б.].

2) 1504 жыл шамасында Орта Азияда белгісіз автор жазған «Тауарих-и гузида-ий нусрат-наме» («Нусрат-наме») дерегінің мәліметтері. Ол бойынша Орыс ханның шығуы: Тұқай Темір, одан Өзтемір, одан Хожа, одан Бадық, ал одан Орыс хан болып беріледі [100, 140-б.].

3) Әбілғазының (1603–1664) «Түрік шежіресінің мәліметі». Ол бойынша Тұқай Темірден Өзтемір, одан Хожа, одан Бадақұл, ал одан Орыс хан болып келеді [100, 140-б.].



Сондай-ақ осы топтағы деректерге Т.И. Сұлтановтың көрсетуі бойынша XVI ғасыр авторы Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» мен XVII ғасыр тарихшысы Махмұд бен Уәлидың «Бахр ал-асрар» еңбектері жатады [100, 140-б.].

Ал екінші топтағы деректерге, яғни Орыс ханды Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен таралатындығын көрсететін деректерге Т.И.Сұлтанов төмендегідей еңбектерді жатқызып, оларды:

1) 1413–14 жылы Муин ад-дин Натанзи жазған «Мунтахаб атауарих-и Муини» немесе «Ескендірдің анонимі» атты шығарма;

2) 1564–65 жылы жазылған ал-Гаффаридың «Нусах-и джаһанара» атты еңбегі, – деп көрсетеді.

3) 1611 және 1619 жылдар аралығында жазылған Хайдар ибн Әли Хусайин Разидың «Тарих-и Хайдари» атты еңбегі. Сонымен бірге бұл топқа XVII ғасырдағы Осман тарихшысы Мунаджим-башының «Джами ад-дувал» («Собрание династий») атты шығармасы да жатады. Бұл деректер бойынша Орыс ханның тегі: Орданың ұлы Құли, одан Нукай, одан Сасы Бұқа, одан Ерзен, одан Шымтай, ал одан Орыс хан, – деп берілген [100, 140–141-б.].

Мәселеге қатысты деректердің бәрін анықтап алғаннан кейін, олардың жазылған уақытына қарай келе, біз Орыс ханды Тұқай Темірден тарататын деректердің негізгісіне 1504 жыл шамасында Орта Азияда жазылған «Тауарих-и гузида-ий нусрат-наме» еңбегінің мәліметтерін жатқызамыз. «Муйизз ал-ансаб» мәліметінде Орыс хан Тұқай Темірден таратылса да, одан кейінгі буындар мүлде басқаша айтылады. Сондықтан да біз бұл шығарманың мәліметін қарастырмаймыз. Әбілғазы, Өтеміс қажы және Махмұд бен Уәлидың мәліметтері Орыс ханның шығу тегін анықтауда негізгі, оригиналды дерек көзі бола алмайды, өйткені олардың мәліметтері XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған «Тауарих-и гузида-ий нусрат-наме» дерегінен алынған. Сол себепті де біз төменде осы шығармадағы Орыс ханның шығу тегі жөніндегі мәліметті деректанулық тұрғыдан саралап, оның ақиқаттылығының шынайылық деңгейін анықтауға тырысамыз.

Жазба деректерді деректанулық тұрғыдан талдаудың маңызды бір бөлігіне тарихи сын, яғни ондағы информациялардың ақиқаттығына көз жеткізу, шығарманың жазылуы мен оның авторына әсер еткен қоғамдық-саяси факторларды анықтау және т.б. тарихи



жағдайлар жататындықтан, «Тауарих-и гузида-ий нсурат-наме» еңбегін осы тұрғыдан қарап көрейік.

«Тауарих-и гузида-ий нусрат-наменің» қай жылы жазылғандығын оны зерттеген тарихшылар 1–2 жыл айырмашылықпен көрсетсе де, анығы сол, ол – шығарманың XVI ғасырдың алғашқы жылдары жазылғандығы [102, 20-б.; 47, 12-б.; 108, 12–13-б.]. Шығарманың авторы және жазылу тарихы мәселесіне келсек, бірінші мәселе бойынша бір жақты пікір жоқ. А.А. Семенов бұл шығарманың авторы Мұхаммед Шайбани ханның өзі болған деген пікірді білдірсе, А.М. Акрамов шығарманы жазған Мұхаммед Салих деп көрсетеді [202, 113-б.; 109, 16-б.].

Р.Г. Мукминова болса «Таварих-и гузида-йи нусрат-наменің» жазылуына Мұхаммед Шайбани хан тікелей ат салысқан, ал шығарманы Шайбани ханға жақын адам жазған деген ойды айтады [106, 126-б.]. В.П. Юдин бұл шығармаға Мұхаммед Шайбани ханның қатысын және нақты шығарма авторы туралы мынадай ойды айтып өтеді. «Біздің ойымызша, Мұхаммед Шайбани ханның авторлығы екі жағдайдан көрінеді», – дей келе, бірінші жағдайға Мауереннаһрды бағындырғанға дейін Мұхаммед Шайбани хан шығармаға негіз болған алғашқы нұсқаны дайындаған, ал Самарқан мен Бұхараны алғаннан кейін, Мұхаммед Салих және т.б. өте мықты әдебиетшілер оның жағына өтеді. Осы әдебиетшілер өздеріне ұсынылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің» жоспары мен фактологиялық материалдарын пайдаланса, сондай-ақ қойылған мақсатты ескере отырып, өз тілдерінде Мұхаммед Шайбани ханды мадақтайтын шығарманы жазып шығады. Мұхаммед Салих шығарма деректерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алған бірінші адам болуы мүмкін. Дегенмен де, оның авторлығы күмән тудырып отырса, Мұхаммед Шайбани ханның авторлығын сөзсіз деп есептейміз [110, 10–11-б.].

Мұхаммед Шайбани ханның авторлығын дәлелдейтін екінші жағдайға «Тауарих-ий гузида-йи нусрат-наменің» тілі мен ханның басқа шығармаларының тілі (лексикасы, фонетикасы, морфологиясы) арасындағы ұқсастық жатады, – деп ойын тұжырымдайды В.П. Юдин [110, 11–12-б.]. Ал Б.А. Ахмедов болса, шығарма авторының «Бейшара, кедей, түгі жоқ қайыршыға Төлей ханның ұлы Менгу ханға [арналған] «Тарих-и Жахангушайды», Газан-ханның



қызына [арналған] «Тауарих-ий гузида-йи нусрат-намені», Ұлықбек мырзаның атынан жазылған «Мунтахаб-и тауарих-и шахиды», моңғол тілінде жазылған моңғол бақсыларының кітаптарын, сондай-ақ парсыша жазылған [кітаптарды] ретке келтіруге, түсінуге жеңілдету үшін аударуға бұйрық берілді. Еңбек «Тауарих-ий гузиде нусрат наме» деп аталды», – деген мәліметіне қарап, «шығарманы Шайбани ханның тапсырмасымен оның айналасындағы ғалымдардың бірі жазған», – деген тұжырымға келеді [47, 12–13-б.].

Осылайша біз, шығарманың авторы жөнінде пікірлер айтқан зерттеушілердің тұжырымдарын қарастыра келе, «Тауарих-ий гузида-ий нусрат-намені» Мауереннаһрда шибанилық әулеттің негізін салып, оның алғашқы билеушісі болған Мұхаммед Шайбани-хан арнайы тапсырыспен жаздырған деген пікірлерді қолдаймыз.

Р.Г. Мукминова осы мәселеге арнайы тоқтап, «Тауарих-ий гузида-йи нусрат-наме» и его автор» атты мақаласында В.П. Юдиннің пікірін қостай келе, оны мынадай тұжырымдармен толықтырады. «Шейбани-ханның билікке келуі мен оның жаулап алу соғыстарын мадақтауды міндет еткен ақындар мен жазушылардың еңбектеріндегі және «Тауарих-ий гузида-йи нусрат-намедегі» фактологиялық материалдардың сәйкес келуі, баяндаудың бірдей болуы В.П. Юдин айтқандай, мадақ кітаптар жазу үшін ортақ бір дерек-құралдың болғандығын дәлелдейді» [277, 157-б.]. Одан әрі ол шығарманың нақты авторын атамаса да, шығармаға негіз болған «дерек-құралдың авторы – Мұхаммед Шайбани-ханның нақ өзі», – деп көрсетеді [277, 157-б.].

Осылайша, қарастырып отырған шығарманың авторы жөніндегі зерттеушілердің тұжырымдарын талдай келе мынадай қорытындыға келеміз.

Біріншіден, «Тауарих-ий гузида-йи нусрат-наме» және XVI ғасырдың басында жазылған басқа да Шайбани-ханды мадақтап, дәріптейтін тарихи шығармаларға әлі де болса жеке кітап күйіне жеткізілмеген тарихи жазба негіз болған.

Екіншіден, ол тарихи жазбаның бір бөлігін Мұхаммед Шайбани-ханның өзі жазса, қалған бөліктерін Шайбани-ханның қатысуымен немесе айтуымен басқа авторлар жазған. Сөйтіп шығарманың жазылуына Мұхаммед Шайбани-ханның қатыстылығын осылай анықтаймыз.



Үшіншіден, «Тауарих-ий гузида-йи нусрат-наменің» авторын зерттеушілер әртүрлі айтатындықтан біз бұл мәселе әлі күнге дейін толық шешілмеген, шығарма авторы белгісіз деп есептейміз.

Жалпы қорытындылай келе, Мұхаммед Шайбани-хан «Тауарих-ий гузида-йи нусрат-намені» өзі жазбаса да, оның жазылуына тікелей мұрындық болған және оның тапсырмасымен жазылған деп санаймыз.

Ал енді шығарманың жазылу мақсатына келсек, ол жөнінде ешқандай даулы сұрақ жоқ. Бұған дейін айтып өткеніміздей, шығарма – Мұхаммед Шайбани ханның өзі мен оның жеңістерін мадақтауға, Мауереннаһрдағы шибанилық әулеттің билігін негіздеуге арналған [110, 12-б.]. Еңбектің бірінші және екінші бөлімдерінде түрік және моңғол тайпаларының арғы ата-бабасы Оғыз ханның тарихы, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының Моңғолияда, Дешті Қыпшақта, Орта Азия мен Ирандағы билігі баяндалса, үшінші тарауда Шайбани ханның дүниеге келгенінен оның 909 (1503–1504) жылы Мауереннаһрды бағындырып, Самарқан тағын иеленгенге дейінгі тарихы айтылады [47, 12-б.]. В.П. Юдин атап көрсеткеніндей, еңбектің «Мұхаммед Шайбани ханның өмірі мен іс-әрекеттеріне және Жошы ұрпақтарының шежіресіне арналған бөлімі қазақ халқының тарихы үшін біршама маңызға ие» [110, 13-б.]. Міне, осы Жошы ұрпақтарының шежіресінде қазақ хандарының шығу тегі Жошының ең кіші ұлы Тұқай Темірден таратылып, Орыс ханға дейін: «Жошы хан → Үз-Темір → Ходжа → Бадық → Орыс хан», – деп көрсетіледі [108, 39–42-б.]. Бұған дейін айтып өткеніміздей, қазақ хандарының шығу тегі жөніндегі осы мәлімет XVII ғасырдың бірінші жартысында жазылған «Бахр ал-асрар» еңбегі мен сол ғасырдың 60-жылдарының басында жазылған «Түрік шежіресіне» дерек болып енеді. Осы мәліметтің қате екендігін М. Тынышпаев Т.И. Сұлтанов, З. Қинаятұлы өз дәлелдеулерінде нақты атап көрсеткендігін және де біз бұған дейін ол жөнінде айтып өткендіктен, бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз. Біз төменде мұндай сенімсіз, күдігі көп мәліметтің неге осындай шығармаға енгендігіне жауап беріп көрелік.

Кез келген тарихи фактілер, тарихи мәліметтер саяси жағдайлардың ықпалымен әдейі бұрмалануы әбден мүмкін екендігін ескере отырып, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намедегі» кейбір дерек-



тердің субъективтілігі басым екендігін аңғаруға болады. Мысалы, 1457 жылы Әбілхайыр ханның Сығанақ түбінде қалмақ тайшысы Үз-Темірден жеңіліп, оның шарттарына көнгені белгілі [110, 169–170-б.]. Бұл жеңіліс туралы «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде» ештеңе айтылмайды, тек қана Мұхаммед Шейбани-ханның туған інісі Махмұд-баһадүр-сұлтанның 3 жасында Үз-Темір қалмаққа тұтқынға түскендігі қысқаша ғана баяндалады [110, 17-б.]. Сондай-ақ осы деректе Мұхаммед Шайбани ханның 40 адаммен Ибақ ханның ордасына, 150 адаммен 150 мыңдық әскері бар Ахмад ханның ордасына шабуыл жасап, қаза тапқан Шайх Хайдар хан үшін кек алғандығы айтылады [108, 20-б.]. Шығарма авторының баяндауына қарағанда осы шайқастардың бел ортасында Мұхаммед Шайбани ханның өзі жүріп, басшылық жасап отырады. Тіпті, ол 300 адамдық әскерімен қазақ сұлтаны Қасымды да жеңіліске ұшыратады [108, 21-б.]. Сондай-ақ Шайбани хан 200 адамымен 3000 әскері бар Мұхаммед Мазид-тарханды жеңіп, оның көп адамын қырып салады [108, 31-б.]. Көріп отырғанымыздай, шығармада Мұхаммед Шайбани ханның бейнесі – ешқашан да, ешкімнен де қорықпайтын, жеңілмейтін, соғыса қалса жаулары өзінен қанша есе көп болғанына қарамастан жеңіліс табатын, батыл, батыр, қолбасшы және керемет басшы ретінде сомдалады. Деректегі осындай сипаттағы мәліметтердің бір жақтылығын осы және тағы басқа баяндаулардан көруге болады.

Мұхаммед Шайбани хан Мауереннаһрдағы Темір ұрпақтары арасындағы алауыздықтарды шебер пайдалана отырып, 1501 жылдың шілдесінде Самарқан тағын Темір әулетінің өкілі Захир аддин Мұхаммед Бабырдан тартып алады да, 1501–1505 жылдар аралығында Мауереннаһрдың Ташкент, Шахрухия, Ферғана, Хорезм аймақтарына билігін толық орнатады. 1505 жылдың күзінен бастап ол жаулап алудың бағытын Хорасанға қарай бұрады [201, 55–61-б.; 273, 356–358-б.; 265, 510–516-б.; 278, 261–265-б.].

Мұхаммед Шайбани ханның осы жылдардағы іс-әрекеттерінен өзінің жеке-дара билігімен қатар, Мауереннаһрда жаңа әулеттің – шибанилық әулеттің билігін орнықтыруға күш салғанын көруге болады. Оның Мауереннаһрдың жоғарыда аталған аймақтары мен қалаларын өзінің ең жақын туыстарына басқаруға беруі, жаңа әулетке қауіпті болып көрінген бұрынғы әулет мүшелері мен оларға



ең жақын, ең сенімді, халық арасында беделге ие болған жекелеген отбасыларын қырып-жою, оларды Мауереннаһр аумағынан қуу көрсетеді. Біздің бұл ойымызға «Тарих-и Рашиди» кітабының авторы, Мұхаммед Хайдар Дулатидың әкесін өлтіруге байланысты Мұхаммед Шайбани ханның айтқан: «Бүгін біздің өзбектердің арасында отыз мыңға жуық өзбек бар. Моғол басшылары басқарып тұрғанда, олардан жақсылық күту мүмкін емес. Егер олардың күні жарқырап туар болса, біз оларға не істеген болсақ, бізге соны жасайды. Олардың ішінде ең бірінші орында Мұхаммед Хусейін гурган тұр. Мен неше күннен бері ол жайлы ойланып жүрмін. Оны өлтіру, хандардың бірін өлтіргенмен бірдей», – деген сөзі дәлел болады [133, 211-б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидың ата-бабалары XIII ғасырдың 20-жылдарынан бері Шағатай ханға, оның әулетіне мемлекет басқару ісінде адал қызмет атқарған әулет болатын. Тіпті, Шағатай мемлекеті ыдырап, Жетісу мен Шығыс Түркістан аумағында Моғолстан атты мемлекеттің құрылуында «Тарих-и Рашиди» авторының аталарының бірі Әмір Болатшының батыл рөл атқарғаны, осы мемлекеттің тарихында Дулат тайпасы әмірлерінің ерекше рөл атқарғандығы белгілі [133, 44–46-б.; 92–93-б.; 95–98-б.; 106–108-б.; 114–115-б.; 124–125-б.].

Мұхаммед Шайбани ханның өз билігі мен шибанилық әулеттің билігін орнықтырудағы келесі бір іс-әрекетіне әулеттің Мауереннаһрға билік жүргізуге құқығын негіздеуі және жаңа әулетті мадақтап, ол әулеттің басқа шыңғыс әулеттеріне қарағанда артықшылықтарын дәріптеуі жатады. Мұндай мадақтар мен дәріптеулердің найза ұшынан гөрі қалам ұшымен жақсы әсер етіп, күшті ықпалы болатындығын білген әулет басшысы кітаптар жаздыруға жарлық береді. Сондай кітаптардың бірі – «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме». Кітаптың 1502 жылдың 2 қарашасында жазыла бастауына қарағанда, Мұхаммед Шайбани хан 1501 жылдың шілдесінің ортасында Самарқанды түпкілікті иеленіп, өз билігін тұрақтандырғаннан кейін, бұл іске бірден кіріскен секілді.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, кітаптың үшінші бөлімінде Шибан ұрпақтары, Әбілхайыр ханның билігі, Шайбани ханның өмірі мен жеңістері, Мауереннаһрдағы билікке келуі жөнінде баяндалса, Жошының бесінші ұлы Шибан ұрпақтарының Жошының басқа ұлдарының ұрпақтарынан артықшылығы осы кітаптың соңындағы «Жошы ұрпақтарының шежіресінде» асыра көрсетіледі [108, 33–43-б.].



Енді төменде осы «Жошы ұрпақтарының шежіресіне» назар аударалық.

«Тауарих-и гузида-йи нусрат-намедегі» шежірелік материалдардың XIV ғасырдың басында жазылған Рашид ад-диннің «Жылнамалар жинағынан» алынғанын аңғару қиынға соқпайды. В.П. Юдин де, Б.А. Ахмедов та «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің» деректері ретінде басқа шығармалармен бірге Рашид ад-диннің көпшілікке белгілі еңбегін атап өтеді. Ойымыз дәлелді болуы үшін бірнеше мысал келтіре кетелік. Жошының екінші ұлы Батыйдың ұрпақтары туралы Рашид ад-дин «Батудың көптеген бәйбішелері мен күндері болды және 4 ұлы бар», – деп жазса, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің» авторы «Батудың көп әйелі және көп күні болды. Оның 4 ұлы болған», – деп баяндайды [91, 72-б.; 108, 33-б.]. Рашид ад-дин: «Батыйдың бірінші ұлы – Сартақ. Оның бірде-бір ұлы болмады», – десе, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» авторы: «Сартақ – Бату-ханның бірінші ұлы. Оның ұлдары болмады», – деп жазады [91, 72-б.; 108, 33-б.]. Рашид ад-динде «Батудың төртінші ұлы – Улакчи. Оның ұлдары болмады және де оның әйелдерінің есімдері белгісіз», – деп айтылса, «Батудың төртінші ұлы Улагчи. Оның ұлдары болмады. Оның әйелдері де белгісіз», – деп сөзбе-сөз қайталанады «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» [91, 73-б.; 108, 34-б.]. Дәл осындай салыстыру әдісі арқылы Рашид ад-дин еңбегіндегі Жошы ұрпақтары жөніндегі материалдардың «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намаға» ауысқандығын көптеп көрсете беруге болады. Бұл жерде біздің көздегеніміз Рашид ад-дин еңбегіндегі Жошы ұрпақтарының шежіресін «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама» авторының пайдаланғандығын дәлелдеу болғандықтан, осы екі-үш мысалды көрсетумен шектелеміз.

Енді «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама» авторының немесе авторға тапсырма берген Мұхаммед Шайбани ханның «Жылнамалар жинағындағы» шежірелік материалдарды өз пайдасына орай қалай пайдаланғанына көңіл қоялық.

Рашид ад-дин Жошы ханның 14 ұлы болғандығын, оларды ретімен: «1) Орда, 2) Бату, 3) Берке, 4) Беркечар, 5) Шибан, 6) Тангкут, 7) Бувал, 8) Чилаукун, 9) Шингкур, 10) Чимпай, 11) Мұхаммед, 12) Удур, 13) Тука Тимур және 14) Сингкум», – деп жазады да, олардың ұрпақтарын дәл осы ретпен таратады [91, 66-б.]. Бірінші



болып үлкен ұл Орданың ұрпақтары тарқатылады. Ал «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде» Орда Ежен және оның ұрпақтары туралы неге екені белгісіз, бір ауыз сөз айтылмайды. Хандар шежіресі бірден Батый ұрпақтарын таратудан басталып, ол аяқталғаннан кейін «Жошы ханның үшінші ұлы – Берке. Оның ұлдары болмады», – делінеді де, «Жошы ханның төртінші ұлы – Беркежар», – деп жалғасады [108, 34–35-б.]. Осы жерде шежіре авторының Рашид аддинде бірінші ұл болып айтылатын Орда Еженді қалдырып кетсе де, Жошы ұлдарының реттік санын өзгертуді ұмытып кеткенін байқаймыз.

«Тауарих-и гузида-йи нусрат-намедегі» шежіре Жошы ұрпақтарына арналғанымен, бүкіл шежіре көлемінің жартысына жуығы Жошының бесінші ұлы Шибан ұрпақтарына арналады. Дәл осындай көлемде шежіреде Тұқай Темір ұрпақтарына орын берілген. Басқаша айтқанда, шежіредегі Шибан мен Тұқай Темір ұрпақтарының тереңдетіп берілуі – екі әулеттен таралатын ұрпақтарды салыстыру үшін берілген деуге болады.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, осы шығармада қазақ хандарының арғы атасы болып саналатын Орыс ханның шығу тегі: Тұқай Темір – Үз-Темір – Хожа – Бадық және Орыс хан беріледі. Осы жерде мынадай заңды сұрақ туындайды. Неге «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде» қазақ хандарының шығу тегі бұрмаланған? Оның себептерін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Қазақ хандығы мен Мауереннаһрдағы шибан әулетінің XVI ғасырдағы қарым-қатынастарынан ғана емес, сонымен бірге XV ғасырдың бірінші ширегінен бері жалғасып келе жатқан екі әулет арасындағы күрестерден іздеу керек.

Алтын Орда құрылғаннан бері ондағы билік Жошының екінші ұлы Батый мен оның ұрпақтарында, ал сол қанат болып саналатын Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы Орда Ежен және оның ұрпақтарына бағынышты болып, олар Батый әулетіне тәуелді болса да, ерекше статусқа ие болғаны белгілі [91, 66-б.]. Алтын Ордадағы «дүрбелен» жылдарға дейін Шибан әулеті империядағы саяси оқиғаларға араласпайды. Олардың саяси белсенділігі 1359–1380 жылдары Орда Ежен, Тұқай Темір ұрпақтарымен Алтын Орда тағы үшін күресте қатты байқалады. Лэн-Пуль Стэнлидың анықтамалық материалында 20 жыл ішінде үш әулеттен 15 хан таққа отырса, олардың 7-уі Шибан әулетінің өкілдері болады [82, 191-б.]. Орда Ежен мен Шибан

ұрпақтарының иеліктері Шығыс Дешті Қыпшақта болғандықтан, олардың арасындағы таластар өте қатты жүреді. Барақ хан қайтыс болғаннан кейін мұндағы билік Шибан әулетіне ауысады. Тек 1470 жылдардың басында ғана саяси билік Орыс хан ұрпақтарына қайта оралады. Жеңіліске ұшыраған Шибан әулеті ширек ғасыр бойы Мұхаммед Шайбани ханның басшылығымен Сыр бойында әулет билігін сақтап қалу үшін күрес жүргізеді. Бірақ ол күрес нәтиже бермейді. XVI ғасырдың басында Самарқан тағын иеленіп, Мауереннаһрда 3–4 жыл ішінде Шибан әулетінің билігін орнатқан Әбілхайыр ханның немересі Шығыс Дешті Қыпшаққа да шибанилік әулет билігін қайта орнату үшін қазақ хандарына қарсы күрестің барлық түрлерін қолданады.

Жазба дерек мәліметтері XVI ғасырдың алғашқы жылдары Мұхаммед Шайбани ханның Қазақ хандығына қарсы экономикалық, діни, әскери күрес әдістерін қолданғанын көрсетеді. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакханидың жазуы бойынша Мұхаммед Шайбани хан бірнеше рет Түркістан тұрғындары қазақ саудагерлерімен ешқандай сауда-саттық жасамасын, олар мен бұл жердің (*Түркістанның – Б.К.*) тұрғындары арасында өзара барыс-келіс пен саудагерлердің баруы болмасын деген жарлық шығарған. Сондай-ақ бірнеше рет Түркістанның кейбір аудандары мен Хорезм қалаларында қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық берілген [112, 101-б.]. Біз бұны Мауереннаһрдың жаңа билеушісінің Қазақ хандығына қарсы жүргізген экономикалық күресіне жатқызсақ, «қазақтарды – пұтқа табынушылар деп жариялауы, оларға қарсы соғысты ғазуатқа айналдыруы – оның діни күресіне жатады» [112, 63-б.]. Сондай-ақ қазақ хандарының билігін жою үшін Мұхаммед Шайбани хан оларға қарсы 1505–1510 жылдар аралығында төрт рет жорық ұйымдастырады [279].

Қазақ билеушілеріне қарсы ұйымдастырылған күрестің келесі түріне – идеологиялық күрес жатады. Күрестің осы түрі арқылы Мұхаммед Шайбани хан қазақ билеушілерінің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігінің негізсіз екендігін дәлелдеуге тырысады. Ол идеологиялық күрестің құралы етіп қазақ хандарының шежіресін, яғни шығу тегін пайдалануы. Сөйтіп, XVI ғасырдың басында арнайы тапсырмамен жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің» Жошы ұрпақтарының шежіресіне арналған бөлімінде Жошы ханның





ең кіші ұлы – Тұқай Темір ұрпақтарына көп орын беріледі де, қазақ хандары тұқайтемірліктер деп көрсетіледі.

Осы жерде мынадай жағдайды қоса айтып өткен өте орынды деп есептейміз.

XVI ғасыр басында Хорезмде билікке келген шибанилық әулеттің тарихшысы Өтеміс қажы өз еңбегінде Шибан ұрпақтарының Тұқай Темір ұрпақтары алдында өздерінің шығу тегін қалай мақтан ететінін былайша баяндайды. Автор Жошы ханның қайтыс болып, кім мұрагер болады деген мәселеде Орда Ежен мен Батыйдың бір-біріне тақты ұсынғандығын, ақыры тақты иеленуді Шыңғыс хан шешсін деген ұйғарымға келіп, аталарына он жеті інісімен келгендігін айта келеді де, «олар ханға қызмет етуге келді, хан оларға үш киіз үй тіктіріп, алтын босағалы ақорданы Саин-ханға, күміс босағалы көк орданы Ижанға (*Орда Еженге – Б.К.*), болат босағалы боз орданы Шибанға берді. Қысқасын айтқанда, үш жағдайда Шибан-ханның ұрпақтары Тоқтамыс-ханның, Темір Құтлының және Орыс ханның ұрпақтары алдында «Біз сіздерден артықпыз» (Біз сізләрдің артуқ турур біз) деп мақтанады. Бірінші, мынау – киіз үй. Шыңғыс хан ... Ижан мен Сайыннан кейін біздің атамыз Шибан-ханға киіз үй бергенде, сіздердің атаңызға [жабық] арба да берген жоқ», – деп жазады [118, 92-б.]. Одан әрі Өтеміс қажы шибанилықтардың мақтан ететін екінші жағдайында Өзбек ханның ашуланып, барлық сұлтандарды өздерінің ру-тайпаларымен қият Исатайға қосын ретінде бергенде, шайбанилықтарға құрмет көрсетіп, қос құрамды ел бергендігін, ал үшінші жағдайға – «Саин ханның ұрпақтары Бердібек хан тұсында құрып кеткенде, Жәнібек ханның анасы Тайдулла бегім хандық пен елді Шайбан-хан ұрпақтары басқарады деп ұйғарып, Маңғытайдың ұлы Хызыр-ханды шақырады да, Сарай уәлаятында хан етеді. Саин хан ұрпақтарынан кейін тақты билеу бізге қалды», – деп мақтанады», – дейді шибанилық автор [118, 92–93-б.].

Өтеміс қажының осы мәліметінен жалпы шибанилар әулетінің XVI ғасыр басында Жошының басқа ұлдарының ұрпақтарына қарағанда өздерін бүкіл Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһрдың бірден-бір, дара билеушілері ретінде жарияланғандығын байқаймыз. Ал «Шыңғыс-наме» мен «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің» жазылған уақыттарын салыстыра келе, қазақ хандарын тұқайтемірліктер деп көрсету тарихи шығармаларда Мауереннаһрдағы шибанилық



әулеттен, нақтырақ айтсақ, шибанилық әулеттің негізін қалаушыдан бастау алған және осы шығу текті бұрмалап көрсету арқылы олар қазақ хандарының Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігіне нұқсан келтіруді, олардың абыройы мен беделін төмендетуді, билік етуге құқын жоюды мақсат еткен дейміз.

Енді қазақ хандарының шығу тегіне байланысты алдыңғы беттерде айтқан ойларымыздың бәрін түйіндей келе, төмендегідей тұжырымдарға келеміз.

Біріншіден, бұл мәселе жөнінде зерттеушілердің пікірлері екі топқа бөлініп, бір тобы қазақ хандарын Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен таратса, екінші тобы кенже ұл – Тұқай Темірдің ұрпақтары деп санайды. Оларға мұндай пікірлер айтуға Муин ад-дин Натанзи мен авторы белгісіз «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбектеріндегі мәліметтерді осы шығармалардан алған Гаффаридың, Хайдар Разидың, Әбілғазының деректері жатады.

Екіншіден, пікір айтқан зерттеушілердің көпшілігі қазақ хандарын Орда Еженнен таратқанымен, М. Тынышпаев, Т.И. Сұлтанов және З. Қинаятұлы өз дәлелдеулерін ғылыми негізде дәлелдеп береді. М. Тынышпаев Жошыдан Орыс ханға дейінгі 150 жыл ішінде төрт буын емес, 7 буынның болатынын алға тартып, тұқайтемірлік деп көрсететін пікірлерді жоққа шығарса, Т.И. Сұлтанов екі әулеттің тарихына тарихи шолу жасау арқылы, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында ордаежендік әулеттің XIII ғасырдың басынан билігі үзілмегенін көрсетіп отыр. Ал З. Қинаятұлы болса, моңғол тіліндегі жазба дерек мәліметтеріне сүйеніп, қазақ хандарының шығу тегін Орда Еженнен бастайды.

Үшіншіден, біз де қазақ хандарының арғы атасы – Орда Ежен деген пікірді қостай келе, өз дәлелдеуімізді жазба дерек мәліметтеріне сыни көзқараспен қарау арқылы, дерек мәліметтеріне әсер етіп, ықпал жасаған тарихи жағдайлар мен саяси факторларды, субъективтіліктің деңгейін анықтау арқылы негіздеуге ұмтылдық. Қазақ хандарының шығу тегін Тұқай Темірден таратқан деректердің негізгісі XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған, авторы белгісіз, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» екендігін анықтадық.

Төртіншіден, еңбектің жазылу мақсатына, оны жазуға тапсырма берген Мұхаммед Шайбани ханның тарихына шолу жасап, а) шығарманың шибанилық әулетті, Мұхаммед Шайбани ханды мадақтауға, дәріптеуге арналғандығына, ә) шибанилық әулеттің билігін



Мауереннаһрда орнықтыруға, б) сол кезеңде шибанилық әулеттің негізгі, басты қарсыласы қазақ хандары болғандықтан, оларға қарсы күрестің түрлерін, оның ішінде шежірені бұрмалап, идеологиялық күресті де қолданғандығына көз жеткіздік.

Бесіншіден, қазақ хандарының шығу тегін бұрмалап көрсету Мауереннаһрдағы шибан әулетінен басталып, Хорезмдегі шибан әулетіне де кең таралады. Жалпы, Шибан әулеті өкілдерінің Тұқай Темір ұрпақтарына қарап, «Біз сендерден артықпыз» деуі – олардың Мауереннаһр мен Хорезмнен басқа Шығыс Дешті Қыпшақта да билік жүргізуге ұмтылғандығын, ал қазақ хандарының Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында билік етуге оларға қарағанда құқының төмен екендігін көрсетеді. Осылайша, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбегіндегі шежірелік материалдарға сыни көзқараспен қарау – қазақ хандарының арғы атасын – Жошының кенже ұлы Тұқай Темірден таралады деген мәліметін қате, әдейі бұрмаланған деуге негіз береді. Соған байланысты осы қате, әдейі бұрмаланған мәліметке сүйеніп пікір айтқан зерттеушілердің де тұжырымдарын бұрыс деп есептейміз.

Алтыншыдан, осы жоғарыда айтылған тұжырымдарымызды қорыта айтсақ, қазақ хандарының шығу тегі Жошының ең үлкен ұлы Орда Еженнен бастау алады және де Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен ұрпақтарының билігі шибанилық Әбілхайыр ханның тұсында уақытша тоқталғаны болмаса, жалпы алғанда, XIII ғасырдың алғашқы ширегінен XV ғасырдың ортасына дейін, яғни Керей мен Жәнібек хандарға дейін жалғасқан деп санаймыз.

## 6.2. Керей мен Жәнібек хандар туралы

Тарих ғылымында XIX ғасырдың 60-жылдарынан бері Қазақ хандығының құрылуында жетекші рөл атқарған екі тұлғаның – Керей мен Жәнібектің есімдері анықталып, белгілі болған. В.В. Вельяминов-Зернов алғаш рет Оразмұхаммед ханның шығу тегін анықтау барысында «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерін айналымға енгізе отырып: «Қазақтар туралы (В.В. Вельяминов-Зернов қырғыз қайсақтар деп жазады – Б.К.) «Тарих-и Рашидиде» Мұхаммед Хайдар айтқан мәліметтер хижра бойынша 860 жылдан 944 жылға дейінгі, яғни 1456 жылдан 1537/1538 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Осы 80 жыл ішінде Мұхаммед Хайдар бойынша қазақтар-

дың ең басты тұлғалары: жошылық Керей мен Жәнібек, Керейдің ұлы Бұрындық, Жәнібектің ұлдары Әдік пен Қасым және Әдіктің ұлы Тахир болды», – жазған-ды [105, 228–229-б.]. Міне, осы кезден бастап Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи рөлі анықталып, қазіргі күндерге дейін оны ешбір зерттеуші теріске шығармай, керісінше, оны зерттеушілердің бәрі бірауыздан мойындап отыр. Олай болса, осындай тарихи тұлғалардың өздеріне жеке тоқтап, олардың шығу тегіне, ата-бабаларына, жеке өміріне, хандықты құру ісіндегі іс-әрекеттеріне қатысты мәселелерге арнайы тоқтап өту арқылы олардың қазақ тарихындағы алатын орны мен атқарған рөліне назар аударалық.

Махмұд бен Уәлидің жазуы бойынша алғашқы қазақ ханы Керей хан болғандықтан, арнайы қарастыруды Керей ханнан басталық [136, 353-б.].

Жазба деректер мен тарихи зерттеулерде алғашқы қазақ ханының есімі – Гирей, Герей, Кирай, Керей түрінде кездеседі. Қазақ тілінде жазылған әдебиеттер мен зерттеулерде соңғы есім жиі және тұрақты пайдаланылатындықтан, біз де осы есімді өз зерттеуімізде қолданамыз.

Бұл сөздің түп-төркіні мен мағынасына келсек, В.В. Бартольд ол жөнінде: «Өзінің деректерін көрсетпей, Ахмед Вефик-паша өз сөздігінде «гирей» – моңғол сөзі, моңғолша «гарай» делініп, «еңбегі сіңген», «лайықты», «құқылы» деген мағынада қолданылады», – деп жазады [222, 522-б.]. Қазіргі кезде Моңғолиядан тарихи Отанына қоныс аударған және көне моңғол тілін жетік білетін бауырларымыздан бұл сөздің мән-мағынасы жөнінде сұрастырғанымызда, кезінде тарих пәнінің мұғалімі болып, зейнеткерлікке шыққан, ардагер-ұстаз Нығмет Мәмбетұлы ақсақал: «гарай» – көне моңғол сөзі, оның екі мағынасы бар, біріншісі – «биік», «еңселі», «алып» дегенді білдірсе, екіншісі – «ержүрек», «батыл», «еркін», «берік» деген мағынаны білдіретінін хабардар етті. Араб тілінде бұл мағыналардың «хайдар», «ғайдар» деген сөздермен берілетінін ескере келе, моңғол тіліндегі – «керей» сөзі мен араб тіліндегі – «хайдар» сөздерінің мағынасы ортақ, бірдей деген қорытындыға келеміз.

Мұндай есімнің Алтын Орда дәуіріне дейінгі араб, парсы тілдеріндегі шығармаларда кездеспеуіне және де тек қана осы дәуірде ғана Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі қоғамның жоғарғы тобы



арасында жиі кездесуіне карағанда бұл сөздің түп-төркіні моңғолдық, ал мағынасы жоғарыда айтып өткен «ержүрек», «батыл», «алып», «берік» деген мағынаны білдіреді деген пікірлерді толық қолдаймыз.

Керей ханның шығу тегі бұған дейін айтылғандай, Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Еженнен бастау алады. Орда Ежен, оның ұлы Сасы Бұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай және оның ұлы Орыс хан болып жалғасады. Орыс ханнан Керейге дейінгі шежіре орта ғасырлық деректерде жақсы сақталған [280, 62–63-б.; 108, 42-б.; 100, 120–121-б.]. Т.И. Сұлтанов аударған «Муизз ал-ансабтың» мәліметінде «Орыс ханның 15 баласы: 8 ұл және 7 қызы болған, делінеді де: «Бірінші ұл – Тоқтақия, ол хандық билікте болған. Оның үш қызы және үш ұлы болған. 1) Анике-Булад, 2) Бугучак, 3) Тенгриберди», – деп айтылады [100, 120-б.]. Ал «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Тоқтақияның ұлдары «Тенгри-Берди, Йагуджаканеке, Пулад», – деп беріледі [108, 42-б.]. «Анике» немесе «анеке» сөзінің біресе Болаттың алдында, біресе Йагуджактың соңында берілуін қолжазбаны көшірушілерден жіберілген техникалық қате деуге болады. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наманың» осы мәліметтері 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансабқа» тәуелді болғандықтан, біз осы шығармадағы мәліметті негізге аламыз. Ал Анике-Булад немесе Болатта бір ғана ұл болған, оның есімі – Керей-хан [108, 42-б.]. Сөйтіп, Орыс ханнан бері қарай таратсақ, Орыс-хан, оның ұлы Тоқтақия, оның ұлы Анике Болат және оның ұлы – Керей хан болып жалғасады.

Керей ханның Орыс ханға дейінгі ата-бабалары жөнінде тарихи зерттеулерде біршама жақсы қарастырылғандықтан, біз оларға тоқталмаймыз. Зерттеулердің бәрінде де Орда Еженнен бастап Орыс ханға дейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулеті билігінің үзілмегендігі айтылады. 1377 жылы Ақ Орда билеушісі Орыс хан қайтыс болғаннан кейін таққа оның үлкен ұлы Тоқтақия, яғни Керейдің атасы келеді де, 2 ай ғана билік құрады [84, 131-б.; 211-б.; 214-б.]. Т.И. Сұлтановтың жазуы бойынша Керей ханның атасы Тоқтақия «жұмсақ мінезді және әділетті» адам болып, Әмір Темір мен Тоқтамысқа қарсы күресте қайтыс болған [97, 201-б.; 100, 145-б.]. Ал Керейдің әкесі Анике-Болат немесе Болатқа келсек, ол – Тоқтақияның үш ұлының бірі. Оның есімі деректерде шежірелерге қатысты ғана айтылады. Басқа жағдайларда Анике-



Болат туралы ешқандай мәліметтер айтылмайды. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама» бойынша Керей хан – Болаттың (Анике Болаттың) жалғыз ұлы [108, 42-б.]. Тоқтақияның Болаттан басқа Тәңірберді және Бұғышақ атты екі ұлы болып, Бұғышақтың Мұхаммед, Ахмет және Әли атты үш ұлы және Имен би атты қызы болғандығы белгілі [280, 62-б.; 108, 42-б.; 100, 120-б.].

Керейдің қай жылы дүниеге келгендігін деректер айтпайды, бірақ оны салыстыру әдісі арқылы болжап, шамамен айтуға болады. Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия да, кіші ұлы Қойыршақ, олардың жас арасын шамамен 15–20 жыл деуге болады. Тоқтақия ұлы Болат болса, Қойыршақтың ұлы – Барақ. Барақтың 1428 жылы қайтыс болғаны белгілі. Барақтың үш ұлының үлкені Жәнібек хан. Ал Жәнібек хан мен Болаттың ұлы Керейдің бір тарихи кезеңде өмір сүргені және белгілі. Олардың да арасындағы жас айырмашылықтары 10–20 жыл деп санауға болады. Керейдің есімі XV ғасырдың 60-жылдарының соңынан, ал Жәнібектің есімі XV ғасырдың 70-жылдарының ортасынан бастап жазба дерек мәліметтерінде кездеспейді. Соған қарап оларды 60–70 жыл өмір сүрген деп есептесек, онда олар XV ғасырдың басында дүниеге келген болып шығады.

XV ғасырдың 50-жылдарында, яғни Қазақ хандығының құрылалар қарсаңында Орыс ханнан тараған Керей мен Жәнібек секілді шөберелерді санағанымызда, Темір Мәліктің ұрпақтарысыз олардың саны 20-ға жуықтаған. Олардың ішінде жасы жағынан ең үлкені Керей болған. Сондай-ақ Орыс ханның үлкен ұлы – Тоқтақия, ал оның үлкен ұлы – Анике Болат, ал оның жалғыз ұлы Керей болғандықтан, XV ғасыр ортасында Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулетінің, Орыс хан ұрпақтарының арасында ата жолы жағынан Керейдің мәртебесі жоғары болған.

Сол себепті Керей Махмұд бен Уәли айтқандай Әбілхайыр хандығы бөлініп кеткенде жасы мен жолына қарай хан болып сайланды. Ол он шақты жылдай хан болып, Қазақ хандығының іргетасын қалаған хандардың қатарына жатады. Жазба деректер оның нақты қай жылы қайтыс болғанын айтпаса да, жанама мәліметтер арқылы оны анықтауға болады. Әбілхайыр хан қайтыс болып, оның орнына отырған Шайх Хайдар ханға қарсы күрескен қарсыластарды шайбанилық деректер нақтылай атайды. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Шайх Хайдардың жауларына: «Қажы



Мұхаммед ханның ұлы Сейтек, Қажы Мұхаммед ханның немересі, Махмүдтектің ұлы Ибак, Барақ ханның ұлдары Жәнібек пен Керей, Арабшахтың ұрпағы Буреке сұлтан, маңғыттан Аббас, Мұса, Жаңбыршы билер жатқызылады» [108, 19-б.]. Ал «Фатх-наме» мен «Шайбани-наме» деректерінде Керейдің есімі аталмай, тек Барақтың ұлы Жәнібек ханның есімі басқалармен бірге айтылады [111, 56–57-б.; 264, 99-б.]. Соңғы екі дерек мәліметін негізге ала отыра, біз Керей хан есімінің оларда кездеспеуін, сол тұста, яғни 1469–1471 жылдары Керей хан өмірде болмаған, нақтырақ айтсақ, осы жылдарға дейін Керей хан қайтыс болып кеткен, – деп ой түйеміз. Керей ханның Жәнібек ханмен бірге Қазақ хандығын құрудағы іс-әрекеттері алдағы тараушада қарастырылатындықтан, біз бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз.

Керей ханның артында Бұрындық, Қожа Мұхаммед және Сұлтанәлі атты үш ұл қалады [108, 42-б.]. Соңғы екі ұлдың ұрпақтары жөнінде ешқандай мәліметтер жоқ, ал Бұрындық болса, XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың басында Қазақ хандығын 30 жылдан аса билейді. Бұрындық ханның Шайхим, Санжар Жаһан, Жаһанбақты атты үш ұлы, Шайхимның Жармұхаммед атты ұлы болғандығын дерек мәліметі атап көрсетеді [108, 42-б.]. Керей ханның басқа ұрпақтары жөнінде деректерде басқа ешқандай мәліметтер кездеспейді.

Бұрындық ханнан кейін Қазақ хандығындағы билік Жәнібек ханның ұрпақтарына ауысады да, Жәнібек әулетінің билігі XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін созылады.

Осылайша, Керей ханға қатысты жоғарыда айтқан ойларымызды жинақтай келе, мынадай қорытындылар жасаймыз.

Керей хан – Шығыс Дешті Қыпшақта XIII ғасырдың 20-жылдарынан бері билік құрған Орда Ежен әулетінің өкілі Орыс ханның шөбересі болып келеді. XV ғасырдың 20-жылдарының соңында биліктің Шибан әулетіне көшуіне байланысты оған қарсы болған ордаежендік топтың жетекшілерінің бірі болған және туысы Жәнібек ханмен бірге Шибан әулетінің билігінен бөлініп, Жетісу жерінде ата-бабаларының билігін жаңа деңгейде қайта жаңғыртып, жаңа әулеттің алғашқы ханы болған тарихи тұлға болып саналады.

Ал енді Жәнібек ханға келсек, тарихи деректерде оның есімі әртүрлі жағдайларға байланысты Керей ханға қарағанда жиі кез-



деседі. 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансаб» еңбегі мен XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» оның есімі хандар шежіресіне байланысты кездессе, «Тарих-и Рашиди», «Фатх-наме», «Шайбани-наме» секілді тарихи шығармаларда Қазақ хандығын құрушылардың бірі ретінде жиі айтылады [280, 63-б.; 108, 42-б.; 133, 110-б.; 305–306-б.; 264, 99-б.]. Ал Әбілғазы, Қадырғали Жалайри, Гаффари, Хайдар Разидің еңбектерінде Жәнібек хан есімі Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған әулеттің өкілі ретінде ұшырасады [117, 19-б.; 77, 114-б.; 84, 212-б.; 218-б.].

Жәнібек ханның есімі орта ғасырлық деректерде жиі айтылса да, тарих ғылымында оның тарихи рөлін алғаш анықтап берген В.В. Вельяминов-Зернов болды. Ол Ораз Мұхаммед ханның шығу тегі мен ата-бабаларын анықтау барысында көптеген мұсылман деректерінің мәліметтерін ғылыми айналымға енгізе отыра, Жәнібекті Кереймен бірге Қазақ хандығының алғашқы 80 жылдық тарихындағы ірі тұлғалар дей келе, Жәнібекті Әбілхайыр хан дәуірінде Орта Азия тарихында өзіндік маңыз атқарған және одан кейін қазақтардың билеушісі болған дейді де, «одан басқа біз бұл екі тұлғаның *(автор бұл жерде екі тұлға деп Жәнібек хан мен оның ұлы Жәдік сұлтанды айтып отыр – Б.К.)* қазақ халқын құрушылар екендігін білеміз», – деп нақты көрсетеді [105, 228–229-б.; 271-б.]. Осыған байланысты зерттеушінің «қазақ халқын құрушылардың» бірі ретінде Жәнібекті атап көрсетуін оның этникалық процесс пен саяси процестің ара-жігін ажыратпай, екі процесті бір процесс деп қарастыруынан деп түсінеміз. Шындығына келгенде, екі процестің өздеріне ғана тән ерекшеліктер мен заңдылықтары, ұғымдары мен түсініктері бар. Саяси процесте белгілі бір әлеуметтік топ жетекші болса, оның басшылары сол әлеуметтік топ арқылы бүкіл саяси процеске басшылық рөл атқарады. Саяси процестер тарихи жағдайларға байланысты тез дамып, тез өзгеріп отырса, этникалық процестерге жоғарыда айтқан ұғымдар мен түсініктер мүлде сәйкес келмейді. Сол себепті де біз, В.В. Вельяминов-Зерновтың «қазақ халқын құрушылардың» бірі деген ойын қате деп қабылдап, Жәнібекті Қазақ хандығын құрушылардың бірі болған деген пікірмен толықтырамыз.

Жәнібек ханның шығу тегі мен ата-бабаларына келсек, ол





Керей ханның шөберелес туысы болғандықтан, олардың Орда Еженнен Орыс ханға дейінгі бабалары ортақ болып келеді. Сол себепті де біз бұл жерде Жошыдан Орыс ханға дейінгі Жәнібек ханның ата-бабаларын қайталап жатпай, бірден Орыс ханнан тарайтын аталарына тоқталамыз. Бұл туралы бұған дейін айтылып өткендей, 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансаб» пен XVI ғасырдың алғашқы жылдары жазылған, мәліметтері бірінші шығармаға тәуелді «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» айтылады. Т.И. Сұлтановтың дәлелдеуі бойынша «Муизз ал-ансабтың» Париждегі ұлттық кітапханада тұрған қолжазбасынан алынып, «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды» атты жинақтың екінші томына енгізілген Шыңғыс хан ұрпақтарына қатысты мәліметтерде біршама қателіктер жіберіліп, «Шыңғыс хан әулетіндегі бірнеше ондаған ханзадалар сиқырлы таяқтың әсеріне ұшырағандай, оғландарға айналып кеткен» [100, 109–117-б.]. Соған байланысты ол шығарманың Орыс хан ұрпақтарына қатысты мәліметтерін деректану ғылымының талаптарына сай орыс тіліне аударды. Біз Жәнібек ханның ата-бабасы жөнінде қарастырғанымызда Т.И. Сұлтанов аудармасын пайдаланғанымызды ескертіп өтеміз. Ол аудармада Жәнібек ханның ата-бабалары жайлы: «Орыс ханның бірінші ұлы – Тоқтақия. Ол билік құрған... Орыс ханның сегізінші ұлы – Құйыршық. Оның Пайанде-сұлтан, Рукйиа деген екі қызы және Барақ атты бір ұлы болды. Барақ билік құрған. Барақта төрт бала: Саадат-бек деген қызы және Әбу Саид, Мир Қасым, Мир Саид деген үш ұлы болған», – деп беріледі [100, 120–121-б.]. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Әбу Саид Барақ ханның үш ұлының кішісі және Жәнібек хан деген қосымша есіммен берілсе, Қадырғали Жалайыр ол туралы Барақтың ұлы «кіші Жәнібек хан», – деп дәлірек түсіндіреді [108, 42-б.; 77, 114-б.; 117, 119-б.]. Осылайша, деректердегі Жәнібек хан туралы айтылатын шежірелік мәліметтерде оның шын есімі – Әбу Саид, ал лақап есімі – Жәнібек екендігін білеміз. Ал Қазақ хандығының құрылуы барысын баяндайтын мәліметтердің бәрінде оның есімі Керей ханның есімімен бірге Жәнібек хан деп кездеседі.

Бізге Әбу Саидтің не себепті Жәнібек атанғаны белгісіз, ол жөнінде ешбір дерек айтпайды. Ал оның не себепті «кіші Жәнібек» атанғанын дерек мәліметтері айтпаса да, анықтауға болады. Т.И. Сұлтановтың пікірінше, Жошы Ұлысы мен Орта Азия тари-



хында бір уақытта хан титулы бірнеше сұлтанда болып, олар жөнінде жақсы хабардар болған дерек авторлары хандарды ажырату үшін өз мәліметтерінде «Ұлуғ хан» (Үлкен хан) және «Кішіг хан» (Кіші хан) деген атауларды қолданған [100, 148-б.]. Біздің ойымызша, «ұлуғ» және «кішіг» хандар жөніндегі мұндай түсіндірме дұрыс айтылған. Бұл түсіндірменің Алтын Ордада XV ғасырдың бірінші жартысында хан болған Ұлығ Мұхаммед хан мен Кішік Мұхаммед хандарға қатысты айтылып тұрғаны белгілі. Бұл екі ханның Алтын Орданың саяси тарихында терең із қалдырып, жазба дерек мәліметтеріне есімдері сол дәуірдің өзінде-ақ енген болатын. Ал Қазақ хандығындағы Барақтың ұлы Әбу Саидты «кіші Жәнібек» десе, онда «үлкен» немесе «ұлығ» Жәнібек деген кім болған? XIV–XVI ғасырлардағы орта ғасырлық мұсылман деректерінде Жәнібек есімді хан да, сұлтан да көптеп кездеседі, бірақ та олардың ешқайсысы Ұлығ Жәнібек деп аталмайды.

Мұны анықтау үшін дерек мәліметтеріне тереңірек назар салу керек сияқты. 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансабта» Әбу Саид – Барақ ханның үш ұлының үлкені деп көрсетіледі, бірақ та оның лақап есімі жөнінде ештеме айтылмайды. Соған қарағанда, Жәнібек хан деген лақап есім оған ресми түрде хандықты иеленгеннен кейін берілген. Ал XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде» Әбу Саид – Барақ ханның үш ұлының кішісі, яғни үшіншісі деп беріледі. Сондай-ақ онда Әбу Саидтың лақап есімі – Жәнібек хан екендігі қоса айтылады, бірақ «кіші» деген сөз кездеспейді. Әбілғазы дерегінде де дәл сондай. Жәнібек ханның «кіші Жәнібек хан» екендігі алғаш рет XVII ғасырдың алғашқы жылдары жазылған Қадырғали Жалайыр еңбегінде бірінші рет кездеседі [77, 114-б.]. «Шежірелер жинағы» «Оның *(Барақ ханды айтып отыр – Б.К.)* ұлы Кіші Жәнібек хан атанған – деген мәліметті бізге дейін жетпеген жазба дерек мәліметтерінің бірінен немесе ауыз әдебиетінің материалдарынан алған деуге болады.

Енді XV ғасырда Жошы Ұлысы аумағының әртүрлі бөліктерінде бір тарихи кезеңде хан болған Жәнібек хан есімді тұлғаларға тоқталайық. Олар бірнешеу.

1) 1477–1478 жылдары азғантай ғана уақыт Қырымда хан болған Хажы Керей ұрпағы – Жәнібек хан [82, 199–200-б.]. Бұл Жәнібек ханның билігі өте қысқа болғандықтан, кейбір деректер мен зерттеулерде ол жөнінде айтыла бермейді. 1474–1477 жылдары



Қырым хандығында Хажы Керейдің ұлдары арасында таққа таластар жүріп, жеңіліске ұшыраған Меңлі Керей хан түрік сұлтанының көмегімен тақты бауырынан қайырып алады. Ал 1477 жылы оны Үлкен Орда ханы Ахмед хан жеңіліске ұшыратып, Қырымға Хажы Керей ұрпағы Жәнібекті немесе Жәнібек Керейді отырғызады. Бір жылдан кейін Меңлі Керей Жәнібек ханнан тақты қайтарып алады, ал Жәнібек хан болса Мәскеу княздығына қашуға мәжбүр болады. Билікке қайта келген Меңлі Керей III Иванмен бұрынғы одақтастық туралы шартын қайта бекітіп, қосымша қаулылармен толықтырады. Онда Ресейге қашып барған бауырларына жасына қарай материалдық жағынан қамтамасыз ету және оларды Ресейден шығармау жөнінде айтылған болатын [281, 141–142-б.]. Қаулыға сәйкес Жәнібек хан өмірінің соңына дейін Ресейде қалып, сонда Ковно қаласында қайтыс болады.

2) Астрахан хандығында 1514–1521 жылдары билік құрған Кіші Мұхаммед ханның немересі, Махмұд ханның ұлы – Жәнібек хан. Астрахан хандығының тарихына арналған монографияның авторы И.В. Зайцевтың көрсетуі бойынша Махмұд ханның ұлы, Абд ал-Керімнің бауыры Жәнібек Астрахан тағын 1514 жылдың жазында иеленіп, 1521 жылдың 15 тамызына дейін билік жүргізген [263, 73–87-б.].

3) Келесі хан лауазымын иеленген Жәнібек есімді тұлғаға – XVI ғасырдың бірінші жартысында Мауереннаһрда Әндіжан уәлаятын басқарған, шибанилық Жәнібек хан жатады. Ол – Әбілхайыр ханның немересі, Қожа Мұхаммед ханның ұлы [136, 356–357-б.]. XVI ғасырдың соңғы ширегінде Жәнібек ханның немересі атақты Абдаллах хан Мауереннаһрды біріктіру жолында күрес жүргізеді.

4) Хан лауазымын иеленген Жәнібектерден басқа хандар шежіресінде сұлтан титулыменен де бірнеше Жәнібек кездеседі. Олар: Тұқай Темірдің ұрпағы, Қара Кесектің немересі, Жетібектің ұлы – Жәнібек [108, 40-б.]. Шайбанилық Бахтияр сұлтанның шөбересі, Әлике сұлтанның немересі, Тұрымның ұлы – Жәнібек [108, 35-б.]. Бұл Жәнібек есімді тұлғалардың хан лауазымын иеленбеуіне байланысты біз оларды қарастырмаймыз.

Енді жоғарыда есімдері аталған Жәнібек хан есімді тұлғалардың билік құрған жылдарын Барақ ұлы Жәнібек ханмен салыстырсақ, онымен бір мезгілде хан титулын иеленген тұлғаға – Қырымда азғантай ғана уақыт билікте болған Қажы Керей ұрпағы Жәнібек



хан жатады. Ал Астрахан мен Әндіжандағы Жәнібек хандар XVI ғасырда билікте болғандықтан, олар біз қарастырып отырған Жәнібек ханға қарағанда, «Ұлұғ Жәнібек хан» бола алмайды. Қырымдағы Жәнібек ханға келсек, оның саяси рөлі Жошы ұлысы түгілі, Қырымның өзінде онша болмаған. Сондықтан да ол да «Ұлығ Жәнібек хан» атануға лайықты емес. Олай болса біз Барақ ханның ұлы Жәнібектің «кіші Жәнібек хан» атану себебін басқа жағдайлардан іздестіруіміз қажет.

Біздің ойымызша, Жәнібек ханның «кіші» деп Қадырғали Жалайыр еңбегінде айтылуының екі себебі болған. Бірінші себепке мынадай жағдайды жатқызамыз. Қадырғали Жалайырда Қырымдағы да, Астрахандағы да Жәнібек хандар жөнінде ештеңе айтылмайды, ал Алтын Орда ханы, Өзбек ханның ұлы Жәнібек туралы: «Өзбек хан неше жылдар Еділ бойында патшалық қылды. Оның ұлы Жәнібек хан болып Өзбек ханның орнына отырды. Неше жылдар бойы ол да патшалық құрды. Екеуінің патшалық қылғаны елу жылға жетті. Жәнібек апат болған соң әрқайсысы әр тарапқа тарады», – деп баяндалады [77, 113–114-б.]. Осы Алтын Орда ханы Жәнібекпен салыстырғанда қазақ ханы Жәнібек – «кіші Жәнібек хан» деп аталған. Ал екінші себепке мынадай жағдайды жатқызамыз. «Муизз ал-ансабта» Барақ ханның үш ұлының үлкені Әбу Саид деп берілсе де, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде» керісінше Әбу Саид – Барақтың үшінші ұлы деп айтылады. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің» деректерін пайдаланған XVI–XVII ғасырлардың авторлары Жәнібек ханды Барақтың кіші ұлы деп түсініп, оны өз шығармаларында «Кіші Жәнібек хан» деп жазып жіберген.

Осы жерде Жәнібек ханға қатысты зерттеушілер арасында мынадай шатасу мен түсініксіздіктің болғандығын айта кетелік. М. Тынышпаев өзінің «Қазақ халқының шығуы мен Қазақ хандығының құрылуы» атты көлемді ғылыми мақаласында қазақ ханы Жәнібекті, Астрахан ханы Жәнібекті және Қырымда 1477–1478 жылдары хан болған Жәнібекті, осы үшеуін бір тарихи тұлға деп түсінген. Оның көрсетуі бойынша қазақ Жәнібек Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін, Кереймен бірге бұрынғы жерлеріне қайтып келген, одан кейін ол Астраханда хан болып, 1477 жылы Қырымда билік жүргізген. Одан кейін Ресейге кетіп, сол жақта қайтыс болған [188, 128–131-б.]. Зерттеушінің мұндай қате пікірде болуына біз біріншіден, сол кезеңде көптеген жазба дерек мәліметтерінің ғы-



лыми айналымға түспегендігі, екіншіден, М. Тынышпаевқа дейін беделді авторлар арасында Жәнібек хан туралы шатасулардың орын алуы негіз болған деп есептейміз.

Осылайша, Жәнібек ханның есіміне, лақапына қатысты мәселелерді анықтап алғаннан кейін, оның ата-бабаларына да тоқтала кетелік.

Алдыңғы беттерде айтып өткеніміздей, Жәнібек хан – Орыс ханның сегізінші ұлы Қойыршақтың немересі, Барақ ханның ұлы. Жәнібек ханның атасы жазба деректерде – Койричак оғлан, Коюрчак, Курчук, Нузи-оғлан, Каруджак, Құйыршық, Құйыршақ, Койриджак деген есімдермен жиі кездеседі. Қазақ тіліндегі академиялық басылымда бұл есім – Қойыршақ деп жазылғандықтан, біз де осы нұсқаны қолданамыз [212, 157-б.; 159-б.].

Қойыршақ туралы мәліметтер Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресінен басқа темірлік тарихшы Шараф ад-дин Йезидидің «Зафар-наме» еңбегінде айтылады. 1395 жылы сәуірде Темір Терек өзені бойындағы шешуші шайқаста Тоқтамыс ханды жеңіліске ұшыратады да, түпкілікті талқандау үшін соңына түседі. Қойыршаққа қатысты онда: «Ол Еділ өзені арқылы өтетін Туратур өткеліне жетіп, жанындағы Орыс ханның ұлы Қойыршақ-оғланға өз тобынан өзбек баһадүрлерін қосты да, алтын жіптен тігілген халат пен алтын белдік кигізіп, ханға лайықты заттар береді. Оған Еділ өзенінен өтіп, Жошы Ұлысының билігін өз қолына алуды тапсырады. Жошы ұрпағының сұлтаны бұйрыққа сай өзеннің арғы бетіне өтіп, шашырап кеткен әскерін жинастыруға кірісті», – деген мәлімет баяндалады [84, 178-б.]. Осы деректі өз зерттеулерінде келтірген Т.И. Сұлтанов Қойыршақтың қашан және қандай жағдайда Темір Ордасына барғандығы, оның Жошы Ұлысындағы билігі қалай болғандығы деректерде айтылмайды дей келе, Махмұд бен Уәлидің мәліметіне сүйеніп, Алтын Орда аумағынан Темірдің қайтуымен оның отырғызған адамы өлтірілді», – деген деректі келтіреді [100, 146–147-б.]. Қойыршақтың Темір астанасына қашан барғанын нақты білмесек те, қандай жағдайға байланысты барғанын білу онша қиынға соқпайды. Тоқтамыс хан Темірдің көмегімен Ақ Орда тағын иеленгеннен кейін өзіне қарсы келгендердің көзін құртып, ал билігін мойындағандарға рақымшылық жасаған. Ал Тоқтамыс хан Алтын Ордаға ие болып, Темірмен қайшылықты бастағанда, оның қарсыластары Темір жағында болатынын анықтау еш қиындық туғызбайды.



Қойыршақтың Темірдің жанында жүруін біз оның Тоқтамыс ханға қарсы жүргізген күресінің бір түрі деп түсінеміз.

Жәнібек ханның атасы Қойыршақ аз уақыт болса да Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрып, онда ордаежендік әулеттің билігі мен ықпалын сақтап алады. Сөйтіп оның есімі Жошы ұлысында хан болғандардың қатарында айтылады [84, 212-б.; 214-б.]. Ал Жәнібек ханның әкесі Барақ хан туралы орта ғасырлық деректерде мәліметтер көп кездеседі.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, Барақ – Қойыршақ ханның жалғыз ұлы. Барақтан басқа Қойыршақтың Пайанде-сұлтан және Рукйиа атты екі қызы болған. Қадырғали Жалайыр Барақ хан туралы «оның өзі алып тұлғалы, ірі, нағыз ер, батыр еді. Тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырды», – деп баяндайды [77, 114-б.]. Барақ хан – Алтын Орданың XV ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысындағы саяси өмірінде із қалдырған және тақ үшін талас-тартыстарда жеңіске жетіп, бірнеше жыл Алтын Орданы билеген адам. Абдаразак Самарканди еңбегінде оның есімі алғаш рет 1419 жылғы оқиғаларға қатысты кездеседі [84, 196-б.]. Жалпы алғанда Барақ хан туралы арнайы зерттеулер болмаса да, белгілі зерттеушілер өз еңбектерінде оған тоқталып өткен. М.Г. Сафарғалиев өзінің еңбегінде оның Ұлұғ Мұхаммед ханмен, Хұдайдатпен күресін қарастырып өтсе, Т.И. Сұлтанов ол туралы өз зерттеуінде кеңірек тоқталады [49, 449–452-б.; 97, 204–212-б.]. Біз бұл авторлардың Барақ хан жөніндегі зерттеулеріндегі тұжырымдарын қайталап жатпай, тек оның өмірінің басты-басты кезеңдерін атап өтеміз.

Барақ ханның қай жылы дүниеге келгені белгісіз, 1419 жылы Ұлықбектің тікелей көмегімен Шығыс Дешті Қыпшақтың билігін иеленеді; 1422 жылы қарсыласы Хұдайдат ханды, Ұлұғ Мұхаммед ханды жеңіп Алтын Орда тағына ие болады; 1422–1426 жылдары Барақ Алтын Орданың ханы; 1426 жылы Ұлұғ Мұхаммед ханнан жеңіліс тауып, Шығыс Дешті Қыпшаққа қайта оралады; 1427 жылы Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен жерлер үшін Ұлықбекпен соғысып жеңіске жетеді; 1428 жылы ол Кіші Мұхаммед ханның, Ғази мырза мен Наурыз мырзаның біріккен әскеріне қарсы шайқаста қаза табады.

1428 жылы Барақ хан қаза тапқаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулетінің билігі уақытша бірнеше он жылға



тоқтатылады. Сөйтіп, Барақ ханның қайтыс болуымен орта ғасырлық Қазақстан тарихындағы Ақ Орда атты мемлекет те өмір сүруін тоқтатып, тарихтың еншісіне қалады.

Барақтың ұлы Жәнібек, Анике Болаттың ұлы Керей және олардың інілері сол жылдарда жас болғандықтан ордаежендік әулеттің басын біріктіріп, күшейе бастаған шибанилық әулетке қарсы тұра алмайды. Керей мен Жәнібек бастаған әулет тобына Шығыс Дешті Қыпшақтағы ордаежендік әулеттің билігін қайта қалпына келтіру үшін 40 жылдан астам уақыт керек болады.

Осылайша, Жәнібек ханның әкесі мен атасы жөнінде жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Бірінші, Орыс ханға дейін Орда Ежен әулетінің билігі Шығыс Дешті Қыпшақта қалай жалғасса, одан кейін де бұл әулеттің билігі осы аумақта әртүрлі саяси жағдайларға қарамастан 1428 жылға дейін жалғаса берген. Керей ханның атасы Тоқтақияның, Жәнібек ханның атасы Қойыршақ хан мен әкесі Барақ ханның билікте болуы әулет өкілдері ішінде осы отбасыларының статусын ерекшелендіреді.

Екінші, XV ғасырдың ортасында шибанилық әулетке қарсы күресте Керей мен Жәнібек хандар текті атаның ұрпақтары ретінде, беделді әулеттің өкілдері ретінде басшылық жасамай, тыныш қалуы мүмкін емес болатын.

Жәнібек ханның қай жылы дүниеге келгенін жазба деректер айтпаса да, оны жанама деректер арқылы мөлшерлеп айтуға болады. «Муизз ал-ансабта» Жәнібектің Барақ ханның баласы деп көрсетілуіне қарағанда, оны 1410–1420 жылдардың аралығында дүниеге келген деуге болады. Сондай-ақ оның тоғыз ұлының үшінші не төртіншісі Қасым 1512 жылы Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуы бойынша «алпыстан асып, жетпіске таяп қалған» [133, 308-б.]. Бұл жасты 66–68 деп есептесек, онда Жәнібектің ұлы Қасым 1444–1446 жылдары дүниеге келген болып шығады. Қасымның алдында Жәнібектің Иренші, Махмұд, Әдік атты ағаларының болғандығын ескере келе, біз Қасым дүниеге келгенде әкесі Жәнібек 25–30 жастар шамасында болған дейміз.

Жәнібек ханның 1450 жылдардың соңына дейінгі өмірі белгісіз, ол жөнінде ешбір деректе айтылмайды. Солай десек те ордаежендік әулеттің негізгі билік жүргізген аумағы Ертістен Ырғыз-Торғайға дейінгі, Сырдан Тобылға дейінгі аумақ болғандықтан, Барақ хан



қаза тапқаннан кейін де әулет өкілдері осы өңірлерде өмір сүрген дейміз. Сырдың орта ағысы бойы Дешті Қыпшақ үшін де өте маңызды аймақ болғандықтан, екі аумақтың билеушілері ол өңірді өз қарамағында ұстауға күш салатыны белгілі. 1427 жылы Ұлықбек Барақ ханнан жеңіліп, Сығанақ өңірінен айырылып қалса да, Барақ хан қайтыс болғаннан кейін оның бұл өңірді қайтарып алатынын түсіну қиын емес. Тек 1446 жылы ғана күшейіп алған Әбілхайыр хан Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерді Темір әулетінен қайта қайтарып алады. Осы жағдайларды ескере келе, 1428–1446 жылдары Орыс ханның немерелері Керей де, Жәнібек те өз ұлыстарымен Темір әулетіне жартылай тәуелді болған. Ал 1446 жылы Сыр бойында шибан әулетінің билігінің орнауымен Жошыдан тарайтын екі әулет арасында бәсекелестік пайда болады. Бұл өз кезегінде дами келе ашық жаулыққа ұласады да, ордаежендік әулеттің сол тұстағы жетекшілері Керей мен Жәнібек өз қарамағындағы рутайпаларды бастап, Әбілхайыр ханның үстемдігінен дербестеніп, Махмұд бен Уәлидің айтуынша, «бөгде елге» көшуге мәжбүр болады. Біз ол туралы келесі тараушаларда кеңірек тоқталамыз.

Осылайша, осы тараушада қарастырылған мәселелерімізді түйіндей келе, төмендегідей қорытындыларға келеміз.

Бірінші, Қазақ хандарының шығу тегін Жошының кіші ұлы – Тұқай Темірден тарату XVI ғасырдың басындағы шибанилық әулет өкілдерінің қазақ хандарының Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігін әлсірету, жою үшін әдейі жасаған идеологиялық күресінің бір көрінісі деп білеміз де, Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтарының билігі XIII ғасырдың 20-жылдарынан Орыс ханға дейін одан кейінгі Барақ ханға дейін де үзілмеген.

Екінші, Барақ хан қаза тапқаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының бесінші ұлы Шибан ұрпақтарының билігі орнығып, ордаежендік әулет өкілдері биліктен уақытша шеттетіледі. XV ғасырдың 50-жылдарында Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған әулет өкілдері ордаежендік әулеттің билігін қалпына келтіру үшін күрес жүргізеді де, күрес барысында өздеріне қарайтын рутайпаларды бастап амалсыздан Моғолстанға көшеді. Көп ұзамай-ақ олар Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына жаңа деңгейде қайта оралып, бұрынғы ордаежендік әулеттің билігін қайта қалпына келтіреді және жаңа – Қазақ хандары билігінің негізін қалайды.





### 6.3. Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайырдан бөлінуіне қатысты мәселелер

Қазақ хандығының құрылуы барысындағы ең басты оқиғаға – Керей мен Жәнібек хандардың өздерінің қоластындағы ру-тайпалармен бірге «көшпелі өзбектер» мемлекетінен бөлініп кетуі жатады. Бұл бөлінудің маңыздылығын мынадай тарихи салыстырулар арқылы көрсетуге болады. Қазақ хандығының тарихында оның құрылуы қандай маңызға ие болса, хандықтың құрылуы тарихында біз сөз етіп отырған бөліну, яғни Керей мен Жәнібек хандардың бастауымен Әбілхайыр ханнан тайпалар тобының бөлінуі дәл сондай маңыз атқарады. Дәл сол сияқты Қазақ хандығының құрылуы одан кейінгі тарихи даму барысына қалай әсер етсе, Керей мен Жәнібек хандар бастаған ру-тайпалардың Әбілхайыр ханнан бөлінуі де хандықтың құрылуы барысына дәл сондай әсер етеді. Кез келген маңызы жоғары, салдары күшті ірі тарихи оқиғалардың өз ішінде бір-бірімен тығыз байланысты, бірінен-бірі туындайтын оқиғалар тізбегінен тұратынын ескерсек, онда Қазақ хандығының құрылуы барысындағы оқиғалар тізбегінің алдыңғы қатарында осы бөліну тұрады. Сондықтан да ешбір зерттеуші хандықтың құрылуы тарихын қарастыруда бұл оқиғаға арнайы тоқтамай өтпейді. Сол себепті де біз осы мәселеге, оның ішіндегі жеке-жеке сұрақтарға жауап іздейміз. Біздің ойымызша, Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуіне тікелей қатысы бар сұрақтарға: а) бөлінудің себептерін анықтау; ә) бөлінуге түрткі болған оқиғаларды көрсету; б) бөлінудің болған уақытын анықтау; в) бөлініп кеткендердің сан мөлшерін анықтау жатады.

Осы көрсетілген сұрақтарды шешпестен бұрын, алдымен осы мәселеге тікелей қатысы бар терминдік мәселені айқындап алалық. Оған Керей мен Жәнібек хандардың «көшпелі өзбектер» елінің ханына бөлінуіне қатысты «қашып кетті», «ажырап кетті», «көшіп кетті», «өкпелеп кетті» деген сөз тіркестерінің әртүрлі әдебиеттерде айтылуы жатады.

Қазақ хандығының құрылуы жөнінде орта ғасырлық жазба деректерде ең алғаш Мұхаммед Хайдар Дулати жазып, ол: «...Жәнібек хан мен Керей хан одан (*Әбілхайыр ханнан – Б.К.*) қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді», «...Керей хан Жәнібек хан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілхайыр ханнан

қашып, Моғолстанға келген еді», – деп айтқан болатын [133, 110-б.; 305-б.]. «Тарих-и Рашиди» авторының Қазақ хандығының тарихына қатысты мәліметтерін алғаш рет орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зернов енгізеді [105, 139-б.; 151-б.]. Басқа дерек мәліметтерінің көпке дейін белгісіз болуы және В.В. Вельяминов-Зернов зерттеуінің ғылыми деңгейі мен ғылыми беделінің жоғары болуы кейінгі зерттеушілердің бәріне «Керей мен Жәнібек хандарды қашып кетті» деп жазуға мәжбүр етеді. Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінен кейін 90 жылдай уақыттан соң жазылған Махмұд бен Уәлидың шығармасында ол туралы: «... Керей хан мен Жәнібек хан... бағыну мен мойынсұнудан бас тартып, отанынан кетуді қалады. Олар [ата-бабаларынан] мұраға қалған елден бас тартып, бөгде елге [апаратын] жолға аяқ басты. Олар сыйлы адамдар тобымен Моғолстанға апарар жолды таңдады», – деп айтылады [136, 352-б.]. Махмұд бен Уәли Қазақ хандығының құрылуы туралы мәліметті «Тарих-и Рашидиден» алса да, оның мәліметтерін сөзбе-сөз көшірмей, сәл басқаша мазмұнда баяндайды. Оның дерегінде «қашып кетті» деген сөз жоқ, оның орнына «кетіп қалу», «бас тарту», «жол таңдау» секілді тіркестер қолданылады. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы алғаш рет айналымға енгізген Ақжол бидің өлімі жайындағы тарихи әңгімеде «Әз Жәнібек хан өкпелеп кетті», – делінсе, осы тарихи әңгіменің өлең түрінде жазылған нұсқасында:

«Қазақтың Әз-Жәнібек ханы болған,  
Билеген сыртын ноғай заңы болған.  
Арғынның арғы атасы Дайыр қожа,  
Дейтұғын бір әділ би тағы болған.  
Ол биді Әбілхайыр жақсы көрген,  
«Ақжол» деп оң тізеден орын берген.  
Қобыланды қара қыпшақ батыр еді,  
Намыс қып күндестікпен шайтанға ерген.  
Өлтірген аңдып жүріп Ақжол биді,  
Қазаққа осы жұмыс ауыр тиді.  
Қысқасы Қобыландыны өлтірем деп,  
Жар салып Әз-Жәнібек халқын жиды.  
Жалынған үш кісінің құнын ал деп  
Алмаған «бізге керек емес мал» деп.  
Бермеген Әбілхайыр Қобыландыны,  
«Мұны өлтірсең қалған ел бұзылар» деп.



Сондықтан өкпе қылып қазақ көшкен,  
Қыпшақты шауып, жаншып қатты өштескен.  
Шуағы Шағатайдың нәсілінен,  
Қараймыз Мұғыл Темір ханға дескен», – деп жырланады [149, 22-23-б.; 74-б.].

Осы келтірілген деректердегі өзімізге қатысты мәліметтерді саралай келе, біз Керей мен Жәнібек хандар Әбілхайыр ханнан қашып кеткен жоқ, бөлініп кетті, деген қорытындыға келеміз. «Қашып кету» жекелеген адам немесе адамдар тобының, тайпалық құрылымдағы жекелеген рулық бірліктің билеушіге бағынбай, одан қорқып қашуына қатысты айтылса, «көшіп кету» – жоғарыда айтылған топтың немесе рулық бірліктің кетіп қалуының қандай түрде жүргендігін көрсетеді. Қарастырып отырған мәселеміз әрі маңызды әрі салдарлы, сондай-ақ, мазмұны да соған лайықты болғандықтан, «бөлініп кетті» деген сөз тіркесін қабылдаймыз.

Енді мәселеге тікелей қатысы бар, жоғарыда атап көрсетілген сұрақтардың шешімін табалық.

Бірінші мәселе, ол – Керей мен Жәнібек хандардың «көшпелі өзбектер» елінің ханынан бөлінуінің себептерін анықтау болып табылады.

Зерттеушілердің көпшілігі бұл мәселеге келгенде В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегіндегі Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегіне сүйеніп, оның мазмұнын қайталайды да, бөлінудің себептерін ашып көрсетпейді [10, 102-103-б.; 49, 461-467-б.; 182, 88-б.; 102, 62-63-б.]. Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайырдан бөлінуінің себепін алғаш рет Ш. Құдайбердіұлы Ақжол бидің өліміне қатысты тарихи әңгіменің дерегі арқылы түсіндіреді [149, 22-23-б.]. М. Тынышпаев та «Керей мен Жәнібек хандар Әбілхайыр ханға өкпелеп, Моғолстанға кетті», – дей келе, реніштің себебіне Ақжол атанған арғын биі Дайырқожаны Қарақыпшақ Қобыланды батырдың өлтіруін жатқызады» [188, 127-б.].

Кәсіби зерттеушілер арасында бөлінудің себептерін анықтап, түсіндіруге белгілі шығыстанушы-ғалымдар А.А. Семенов, Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина атсалысады [200, 27-28-б.; 211, 57-б.; 25, 43-б.; 51-б.].

А.А. Семенов біз қарастырып отырған мәселені арнайы түрде қарастырмаса да, өзінің кең танымал болған «Шейбани-хан өзбектерінің құрамы мен шығуы мәселесі туралы» деген көлемді

мақаласында оған қысқаша тоқталып өтеді. «Әбілхайыр ханның қуатты көшпелі хандық құру жолындағы жеңістері көшпелілердің әртүрлі көшіп кетулеріне әкеліп соқтырды, көптеген тайпалардың туған даласынан басқа жерлерге кетіп қалуы олардың талқандалуы мен жеңгендердің оларды құлға айналдыруларының нәтижесінде ғана болып қойған жоқ», – дей келе, ол көшпелі тайпалардың қысқы және жазғы жайылымдарды пайдалану тәртібінің бұзылғанын тілге тиек етеді де, «Тобыл мен Есіл өңірлерінен Сырдария бойындағы далалы жазираларға қарай Әбілхайырдың жеңімпаз тайпаларының оңтүстікке қоныс аударуының қандай тәртіпсіздіктер туғызғандығын сезіну қиындық тудырмады, олардың жайылымдарының жаңа жерлерге ауысуы мұндағы көшпелілердің мүддесін түбірімен бұзып жіберді, бір-біріне туыс келетін Шибан ұлысы мен Ора Ежен ұлысы тайпалары арасында жаулық қатынастарды қалыптастырады. Тағы бір жағынан осы ұлыстардағы жеңілген жошылық сұлтандар мен хандар езгіге ұшыраған рулар мен тайпаларды өздерінің мақсат-мүдделеріне пайдаланып, оларды қарсыласына қарсы қолданды, – деп жазады А.А. Семенов [200, 26-27-б.]. Одан әрі ол осы келтірілген тезисті Керей мен Жәнібек хандарға қатысты қолданады [200, 28-б.].

Ал Т.И. Сұлтанов болса бұл мәселеге арнайы тоқтап, 1971 жылы жарық көрген «Қазақ мемлекеттілігінің бастауы туралы кейбір ескертпелер» атты мақаласында бөлінудің себептерін одан ары нақтылай түседі [211, 54-57-б.]. «Керей мен Жәнібектің көшпелі өзбектердің негізгі бөлігінен бөлініп кетуі мүмкіндігінше дербестігін сақтаған сұлтандардың Әбілхайыр билігінің ең бір әлсіреген және Өзбек ұлысындағы қайшылықтардың шиеленіскен тұсындағы қарсылықтың бір түрі болды», – деп жазады да, одан әрі Т.И. Сұлтанов «хан билігінің күштілігі ханның жүргізген саясатының ірі тайпалар басшыларының мүдделерімен сәйкес келуіне байланысты еді, егер де хан саясаты феодалдық топтың мүддесіне қарсы келсе немесе олардың құқықтарына нұқсан келтірсе, онда тәуелді феодалдар ханнан кетіп қалып отырды, тіпті, оған ашық қарсы шыққан. Өз мемлекетін тастап кетуге бірнеше себептер итермелеген, олар: әулеттік және өзара тартыстар, билеушілерінің жеке теріс қасиеттері, ханның кек алуынан қорқу және т.б.», – деп түсіндіреді [211, 1-б.; 55-б.]. Жазба деректердегі мәліметтерге сүйеніп, өз мемлекетінің аумағынан көшіп кеткендер жөнінде бірнеше мысалдар келтіреді де, Т.И. Сұлтанов «Өзбек ұлысындағы бөлініске не себеп



болды?» деген нақты сұрақ қойып, Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себептерін көрсетеді [211, 55–56-б.]. Т.И. Сұлтановтың көрсетуі бойынша, Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуі қалмақтардың тонаушылығынан кейін Әбілхайырдың елді тәртіпке келтіруімен тұспа-тұс келген де, «көшпелі өзбектер» елі ханының тәртіпке келтіруі өте қатал және аяусыз шаралар арқылы жүзеге асырыла бастайды. Оның бұл шаралары хан билігінің уақытша әлсіреуіне байланысты оған қарсы бас көтергендерге де, сондай-ақ қалың бұқараға да қатты әсер етеді. Мемлекет неғұрлым әлсіреген сайын салықтар мен міндеткерліктер өсе түсіп, хан шенеуніктерінің паракорлығы мен талан-тараждары да көбейе түседі [211, 1-б.; 56-б.]. Бағынышты халықты қанаудың күшеюі мал саны мен жайылымдардың азаюына, сауданың құлдырауына, жалпы алғанда, қарапайым халықтың тұрмысының күрт төмендеуіне әкеледі. Мұның бәрі тұрғындар наразылығының күрт өсуіне, сөйтіп өз кезегінде бұл жағдайдың елдегі ру-тайпалардың басқа көрші мемлекеттерге көшуіне әкеліп соқтырады. Сөйтіп, ханға қарсы Жошының басқа ұлдарынан таралатын әулет өкілдері өздерінің мақсаттарына жету үшін халықтың наразылығын пайдаланады деген ұстанымды негізге ала отырып, Т.И. Сұлтанов Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себебін осылайша түсіндіреді [211, 1-б.; 56-б.].

Моғолстан мемлекетінің тарихына арнап жазылған монографиясында белгілі қазақстандық тарихшы К.А. Пищулина да бұл мәселені айналып өтпей, оған арнайы тоқтайды. Ол «Қазақ хандығының бастауы, оның құрылуының себептері – Керей мен Жәнібектің көшіп кетуінде емес, орта ғасырлық Қазақстан тұрғындарының шаруашылық, әлеуметтік, саяси, сондай-ақ қазақтардың этникалық тарихының дамуының нәтижесі», – дей келе, «XV ғасырдың 50–60-жылдарындағы Дешті Қыпшақтан Батыс Жетісу жеріне қазақтардың бір тобының көшуі, біріншіден, оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Моғолстан тарихында үлкен рөл атқарды, ал екіншіден, таптық күрестің бір түрі ретінде Қазақ хандығының құрылуы барысындағы саяси оқиғалар тізбегіндегі маңызды оқиға болды», – деп жазады [25, 250–251-б.].

Одан әрі К.А. Пищулина Т.И. Сұлтановтың айтқан пікірін толықтыра түсіп, өз ойын: «Бұл жерде біз нақты мынаны көреміз, Әбілхайыр ханмен жауласқан шыңғыстық сұлтандар – Керей мен



Жәнібек Ақ Орда хандарының Дешті Қыпшақтағы билігін қайта қалпына келтіру жолындағы шайбанилықтарға қарсы күресте халық бұқарасының наразылығын пайдаланды. Олар өз беттерінше көп халықты қоныс аударта алмас еді. Өздерінің таптық мүддесін көздей әрі өз пайдалары үшін, өз әулеттерінің саяси билігі үшін күресе отырып, Жәнібек пен Керей қазақ ру-тайпалары басшыларының бір бөлігінің және бірігуге ұмтылған халықтың дербес мемлекет құруға жасаған қадамдарын объективті түрде көрсетті», – деп түйіндейді [25, 253-б.].

Осылайша, Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себептерін бізге дейінгі зерттеушілердің қалай түсіндіргендігіне шолу жасай келе, мынадай қорытындылардың болғандығын көреміз.

Бірінші, Керей мен Жәнібектің қоластындағы ру-тайпаларды бастап Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себебіне, олардың ұлыстарындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың күрт нашарлауы және содан туындаған наразылықтардың өсуі жатады.

Екінші, Орда Ежен ұрпақтарының сол тұстағы жетекші өкілдері – Керей мен Жәнібек хандар Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілуіне байланысты әлсірегенін пайдаланып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы ордаежендік әулеттің билігін қайта қалпына келтіру үшін ашық күреске шығады. Олар Әбілхайыр ханға наразы ру-тайпаларды бастап, одан бөлініп кетуді жөн көреді. Бұл бөлірудің – саяси себебіне жатады.

Бұл айтылған себептермен қатар басқа да себептердің бөлінуге алып келгенін байқаймыз. Төменде сол себептерді ашып көрсетелік.

Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себептерін Әбілхайыр ханның 1446 жылғы Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерді бағындыруынан кейінгі қалыптасқан тарихи жағдайлардан іздестіруіміз қажет. Оңтүстіктегі аймақтарды бағындыру нәтижесінде Әбілхайыр хан Шибан әулетінің алғашқы өкілі ретінде бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа билігін орнатады. Бұл кезде ордаежендік әулеттің өкілдері Әбілхайыр ханға қарсы шығуға күштері аз болғандықтан, қалыптасқан жағдаймен амалсыз келіседі, бірақ түпкі ойлары өз әулетінің билігін қалпына келтіру болады. Бөлініп кетудің саяси себептері осы жылдарда қалыптасады. А.А. Семеновтың айтып отырған Шайбан Ұлысы мен Орда Ежен ұлысындағы туыстас ру-тайпалардың біріктірілуі шибандық тайпалардың жеңіс-



тері арқылы жүзеге асқандықтан, шибанилық сұлтандар Сырдария бойындағы қалалар мен жақсы жайылымдарды өздері иеленеді де, онда шибанилық тайпаларды қоныстандырады.

Ал ордаежендік тайпалар болса, ордаежендік әулеттің өкілдері секілді қалыптасқан жағдаймен амалсыздан келісіп, ең жақсы жайылымдарынан айырылады. Сөйтіп, жоғарыда айтып өткен зерттеушілердің әлеуметтік-экономикалық себептері де саяси себептермен қатар қалыптаса бастайды.

Бөлінудің тағы бір себебіне Әбілхайыр ханның жергілікті ру-тайпа басшыларының мүдделерімен санаспай жоғарғы билікті жеке-дара иемденіп, оларды билікке араласудан шеттетуі кіреді. Кезінде бұл мәселені Т.И. Сұлтанов «бұл күрделі тақырып бірден шешіле қоймайды», – деп атап өткен болатын [211, 1-б.; 55-б.]. Төменде біз осы мәселені қарастыру арқылы Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуінің тағы бір себебін анықтаймыз.

XIII ғасыр басында Шыңғыс хан бастаған моңғолдардың Шығыс Дешті Қыпшақ аумағын жаулап алуымен бұл зор аумақ, ондағы тұрғындармен бірге Моңғол империясының құрамына енгізіледі. Аумақтағы билеуші қыпшақ әулеті жойылып, олардың мемлекеттілігі қиратылады да, оның орнына Шыңғыс хан әулетінің билігі және моңғолдық мемлекеттілік құрылым мен басқару жүйесі орнығады. Моңғолдар үстемдігі дәуірінде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында моңғолдық этноэлементтердің қыпшақтануы процесімен қатар, моңғолдық мемлекеттілік жүйенің де қыпшақтануы немесе жергіліктенуі процесі де қатар жүреді. Моңғолдық мемлекеттік жүйеде қағанның және одан кейін жекелеген аумақтарда ханның құзырына атқарушы, заң шығарушы, сот, әскери биліктер қарап, ол жеке-дара билеуші болады. Жергілікті ру-тайпа басылары маңызды мемлекеттік істерге араластырылмай, олар тек хан жарлығы мен заңын бұлжытпай орындаушылар болғаны белгілі.

Алтын Ордадағы 1360–1380 жылдардағы оқиғалар және одан кейінгі қалыптасқан жағдайлар моңғолдық хандық билік жүйесіне қатты әсер етеді. 1360–1380 жылдардағы оқиғалар барысы көрсеткендей, хандардың құзырындағы билікке жергілікті түрік тайпаларының түріктенген жеке басшылары белсене араласады. Оған Дешті Қыпшақтың батыс бөлігіндегі Қият тайпасының әмірі Мамайдың, Еділ мен Жайық өңіріндегі Маңғыт тайпасының биі Едігенің іс-әрекеттерін дәлел етуге болады. Мауереннаһр мен Моғолстан

аумақтарында Барлас тайпасының әмірі Темірдің, Дуғлат тайпасының әмірі Қамарадиннің де іс-әрекеттері осыны көрсетеді. Егер де Мауереннаһрда Әмір Темір хандарды «қуыршақ» рөлінде ұстап, хандық билікті әмірлік билікке ауыстырса, XIV ғасырдың соңы мен XV ғасыр басында Едіге би де Алтын Ордада дәл Мауереннаһрдағыдай билік жүйесін енгізбесе де, хандарды жиі-жиі ауыстырып, өзгертіп, хандық биліктің құзыреттілігін барынша төмендетеді.

XV ғасырдағы хандық басқару жүйедегі бір өзгешелікке жергілікті ру-тайпа басшыларының жоғары биліктегі рөлінің өсуі жатады. Бұл үрдіс XV ғасырда дәстүрлі жағдайға айналады. Дегенмен, жекелеген хандар билікке жергілікті ру-тайпа басшыларының көмегімен келіп, билікке орныққаннан кейін бұрынғы моңғолдық дәстүр бойынша билік жүргізуге ұмтылып отырады. Оған Барақ ханды, Әбілхайыр ханды жатқызуға болады.

Ойымыз дәлелді болуы үшін Барақ ханға қатысты бір-екі мәліметтерді келтірейік. Қадырғали Жалайыр оны «алып тұлғалы, ірі, нағыз ер, батыр еді», – деп суреттегені белгілі [77, 114-б.]. Ол алғашында Ұлықбектің көмегімен Шығыс Дешті Қыпшақта, кейіннен маңғыт биі Мансұрдың қолдауымен Алтын Орда тағына келеді. Бұған дейінгі беттерде айтып өткеніміздей, Мансұр би Жантемір атты қарияның айтқанына құлақ аспай Барақты таққа отырғызады. Одан кейінгі тарихи даму барысы көрсеткеніндей, Жантемір қарияның айтқаны келіп, Барақ хан Мансұр биді өлтіреді де, бүкіл елді жеке-дара басқарады [97, 210-б.].

Енді дала кемеңгерінің кеңесіндегі әрбір сөздің астарына үңілесек. Бұл жерде арба – мемлекеттік жүйе, хандық билікті білдіріп тұр да, Мұхаммед-хан мен Барақ хан – нақты тарихи тұлғалар болса да, сол тұстағы мемлекетті басқару үрдісіндегі екі дәстүрдің – жаңадан қалыптасқан дәстүр, яғни жергіліктенген моңғолдық билік пен бұрынғы Шыңғыс хан, Батый хан дәуіріндегі моңғолдық биліктің бейнесін көрсетіп тұр. Ал Мансұр би – ол нақты тарихи тұлға болса да, арбаға кімді отырғызуды тек өздері ғана шешетін жергілікті ру-тайпа көсемдерінің жиынтығын білдіріп отыр. Жантемір қарияның кеңесі XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың алғашқы ширегіндегі Жошы Ұлысы аумағындағы мемлекеттік жүйе мен оны басқару ісіндегі үлкен өзгерісті анық көрсетеді. Бұл біздің бірінші дәлеліміз болса, екінші дәлелімізге Барақ ханның қаза табуына қатысты тарихи деректер жатады. Тағы да Т.И. Сұлтанов





қолданған материалдарға жүгінелік. Бүкіл тарихи деректің қысқаша мазмұнына тоқтасақ, Мансұр биді өлтіргеннен кейін, Барақ хан оның артына ерген ру-тайпаларды біртіндеп шеттете бастайды. Сол себепті ру-тайпа бектері Мансұр бидің туысы Ғази, Наурыз мырзаларға жасырын түрде кетіп қалады. Оларды қайтару үшін Барақ хан қарсы аттанады. Барақ хан әскерінде әлі де кетіп үлгере алмаған Мансұр бидің жақтастары: қыпшақ Айаз бек, құрлауыт Мағрип бек секілді адамдар болады. Кіші Мұхаммед хан, Ғази, Наурыз мырза әскерлерімен Барақ хан әскері шайқасқа түскен кезде, құрлауыт Мағриб бектің атқан оғы Барақ ханды жаралайды, ал қыпшақ Айаз бек ханды өлтіреді де, басын Кішік Мұхаммед ханға алып келеді» [97, 210–211-б.]. Бұл деректегі екі ханнан басқа тұлғалар: Ғази мен Наурыз мырзалар, қытай Саид-Әлі, қыпшақ Айаз бек, құрлауыт Мағриб бек, Шайх Мұхаммед бектер тек ру-тайпа көсемдері ғана емес, сонымен бірге сол кездегі саяси өмірде белсенді рөл атқарған жергілікті этникалық күштердің өкілдері болып есептеледі. Олардың хан болуға құқықтары болмаса да, шыңғыстың ұрпақтары ішінде кімді сайлауға толық құқылары бар болатын.

Осы екінші дерек мәліметі көрсетіп отырғанындай, XV ғасырда жергілікті ру-тайпа басшыларының бұрынғы моңғолдық дәстүр бойынша билікке мойынсұнғысы келмейтінін көреміз. Хан тарапынан ру-тайпа басшыларының мүдделері шектелсе немесе олардың құқықтары еленбесе, онда олар ханды тастап кетіп, не болмаса оған қарсы шығып отырған.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, Әбілхайыр да Шибан ұлысы аумағында 17 жасар кезінде жергілікті маңғыт және шибандық ру-тайпалар басшыларының қолдауымен хан сайланады. 1429–1431 жылдары оның Шибан ұлысын біріктіру жолындағы соғыстары өте табысты аяқталып, ол Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы беделді саяси күштердің біріне айналады [102, 44–55-б.]. Әбілхайыр ханның осы жылдардағы барлық жеңістері оған қолдау көрсеткен жергілікті маңғыт және шибандық тайпалар бірлестіктері жетекшілерінің есімдерімен тығыз байланысты [110, 143–144-б.; 146-б.; 153–157-б.].

1446 жылы Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен қысқы жайылымдарға өте қолайлы өңірлерді бағындыру арқылы Әбілхайыр хан Шығыс Дешті Қыпшақтың толық жеке-дара билеушісі болады. Көп ұзамай-ақ Әбілхайыр ханнан оны қолдаған жергілікті этникалық күштердің өкілдері қол үзіп, бөліне бастайды.

Бірінші болып «көшпелі өзбектер» елінің ханынан Оқас бидің ұлдары бөлініп кетеді. Біз ол жөнінде Әбілхайыр хандығының саяси тарихына қатысты мәселеде терең тоқтап, оны «көшпелі өзбектер» еліндегі бірінші бөлініс деп атағанбыз. Қарастырып отырған мәселеге қатысты болғандықтан, XV ғасырдың 70–80-жылдарында Әбілхайыр ханның немересіне айтылған мынадай сөздің XV ғасырдың 40–50-жылдары үшін де маңызы бар дейміз. Онда Мұса мырза Мұхаммед Шайбани ханды Дешті Қыпшаққа хан көтеру үшін өзінің әмір-бектерімен кеңескенде, олар: «Ежелгі замандардан қазіргі күндерге дейін маңғыт әмірлері көтерген әрбір хан мемлекет ішінде маңғыт әмірлеріне еркіндік берген. Егерде [Мұхаммед Шайбани хан] біздің осы ескі әдетімізге келіссе, жақсы [яғни, біз оны хан сайлаймыз], ал егер келіспесе, онда да жақсы, [яғни, онсыз да өмір сүре аламыз]», – деген екен [264, 104-б.].

Бұл дерек мәліметі маңғыт әмірлерінің ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан өз дәстүрлері мен құқықтарын ерекше құрметтейтіндігін, ол жоғары билік тарапынан сақталмаса немесе бұзылса оған қарсы күресуге даяр екендігін көрсетеді. Алдыңғы бетте айтып өткеніміздей, Барақ ханың өліміне тікелей себепші болған хан мен маңғыт әмірлері арасындағы қайшылықтар да осыдан, яғни Барақ ханның өзінің қоластындағы ру-тайпалардың басшыларын тықсырудан, шеттетуден, оларды елемеуден туындаған болатын. Әбілхайыр хан да XV ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың билеушісі болғаннан кейін билік жүргізуде моңғолдық дәстүрді қолданады. Бұл жағдай өз кезегінде басқа да себептермен бірігіп, маңғыт әмірлерінің Әбілхайыр ханнан бөлінуіне әкеліп соқтырады.

«Көшпелі өзбектер» еліндегі келесі ірі бөлініске – Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен болған ордаежендік тайпалардың бөлініп кетуі жатады. Орда Ежен ұлысындағы ру-тайпалардың жетекшілері де 1446 жылдан кейін Әбілхайыр хан тарапынан шеттетулер мен қысымшылықтарға ұшырады деуге болады. Тіпті, олардың жағдайлары маңғыт және шибандық жетекшілерге қарағанда анағұрлым қиындау болған секілді. Өйткені, шибандықтар Әбілхайыр ханға бұрыннан бағынышты, маңғыттар одақтас болып келсе, ордаежендіктер жаулап алынған немесе бағындырылған тайпалар қатарына жатады. Сол себепті де ордаежендік тайпалар Сыр бойындағы ең жақсы, ең тәуір жайылымдарынан айырылып,



оларды «жеңімпаз» тайпаларға қалай берсе, олардың жетекшілері де өздерінің 1446 жылға дейінгі мемлекеттік жүйедегі мәртебелерінен айырылып, кейінгі қатарларға ығыстырылады. Олардың құқықтары мен құзыреттері басқаларға қарағанда барынша төмендетіледі. Міне, осы жағдайлар да ордаежендік тайпалардың Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуін де басты факторлардың біріне жатады. Осылайша, 1446 жылдан кейінгі жағдайлардың бәрін бір арнаға топтастырсақ, мынандай жайттарды аңғарамыз. Керей мен Жәнібек бастаған ордаежендік әулет өкілдері XIII ғасырдан бері жалғасып келе жатқан биліктен айырылып, хандық биліктің шеңберінен шығарылса, ордаежендік ру-тайпа жетекшілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы билікке ықпал ету құқықтары төмендетіледі. Ал, қарапайым ру-тайпа мүшелеріне әртүрлі салықтар мен міндеткерліктер көптеп салынады. Осы аталған саяси-құқықтық, экономикалық және әлеуметтік себептердің жиынтығы бөліну процесіне жалпы сипат бергізеді.

Біздің ойымызша, зор маңызға ие болып, салдарлары өте күшті болған бұл бөлірудің себептері жоғарыда аталған себептермен шектеліп қоймайды. Жетісу жеріне келген бойда көрші халықтарға «өзбек-қазақ» деген атаумен белгілі болған бұл этникалық қауымның Өзбек ұлысынан бөлінуін Шығыс Дешті Қыпшақ көлеміндегі этникалық бөлініс деуге болады. Өйткені, бөлінуге дейін бір ғана өзбектер немесе «көшпелі өзбектер» деп аталатын этнос бөлінуден соң екі этносқа айналады. Олай болса, бөлінудің салдарларының біріне этникалық мән жатса, онда бөлінудің этникалық себептері де болғаны.

Этникалық себептердің дерек мәліметтері арқылы байқауға болатын жағына жергілікті халықтың өміріндегі қарапайым мұрагерлік дәстүрдің саяси билікті мұралау жүйесіне еніп, саяси биліктегі моңғолдық мұрагерлену дәстүрін ығыстырып шығаруы жатады. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында моңғолдық этноэлементтердің XIV ғасырдың бірінші жартысында қыпшақтанып болғанын бұған дейін атап өткенбіз. Қыпшақтану процесіне алдымен қарапайым, аз санды моңғолдық элементтер түседі. Олар жергілікті қыпшақ тілін, әдет-ғұрпын, дәстүр-салтын қабылдайды. Бұл процесс әлеуметтік жүйеде төменнен жоғары қарай жүреді. Қарапайым моңғолдар бірте-бірте қарапайым Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарына, нояндар – әмір немесе бектерге, баһадүрлер – батырларға айналады.

Хандардың өзі де қыпшақ хандары деп есептелінеді. Моңғол хандары қыпшақтық дәстүрлерді қабылдағанымен де, бір дәстүрге келгенде, өздерінің бұрынғы жолын берік ұстап отырады. Ол – хандық билікті мұралау жолы еді. Моңғолдық дәстүр бойынша, билік атадан әкеге, әкеден балаға, одан тікелей немереге ауысып отырған. Ал қыпшақтық дәстүрде – ол әкеден оның бірге туған бауырларына, әулеттің жасы үлкен өкіліне берілетін болған [43, 282-б.].

XV ғасырдан бастап бұл дәстүр де хандық билікті мұралану жүйесіне ене бастайды. Мұны енгізушілер жоғары биліктен ұзақ уақыт тыс қалып, жергілікті халықтың барлық дәстүрлерін қабылдаған, оның ішінде қыпшақтық мұрагерлену дәстүрін де өздерінің дәстүріне, санасына сіңірген Шыңғыс ұрпақтары еді. Сондай Шыңғыс ұрпақтарының өкілдері Керей мен Жәнібек және сол секілді топ болатын. Барақ ханнан соң 30–40 жылдай уақыт бойы ресми хандық биліктен шет қалған Орыс хан ұрпақтары толығымен халықтың осы дәстүрін бойларына сіңіреді. Кейіннен ресми билік өз қолдарына көшкенде, жаңа хандар осы дәстүр бойынша таққа отырғызылады.

Билікті мұраланудағы осы дәстүрлік айырмашылықтар да Керей мен Жәнібекті қоластындағы ру-тайпалармен бірге Әбілхайыр ханнан бөлінуге итермелеген деп санаймыз.

Бөлінудің келесі бір этникалық себебіне «көшпелі өзбектер» елі ішіндегі ру-тайпалық талас-тартыстар жатса керек. Алғаш рет XX ғасырдың басында Ш. Құдайбердіұлы ғылыми айналымға енгізген Қарақыпшақ Қобыланды батырдың арғын биі Ақжол биді өлтіруі туралы тарихи әңгімеде тайпа аралық дау-дамайға Әбілхайыр хан мен Керей, Жәнібек сұлтандар да араласады [149, 22–23-б.]. Тартыстың нәтижесінің Ақжол биді өлтірген Қобыланды батыр жағына қарай шешілуіне наразылық білдірген қарсы жақ Керей мен Жәнібекпен бірге Әбілхайыр ханнан бөлініп кетеді. Халық ауыз әдебиетінің бұл мәліметі де бөлінудің этникалық бір себебін айқындай түседі.

Ақжол бидің өліміне қатысты тарихи аңыз-әңгіменің мәліметтеріне терең үңіліп қарасақ, біз бөлінудің этникалық себептерімен қатар оған әсер еткен руханилық факторды да көреміз. Этникалық сипаты бар оқиғаларда руханилық фактордың маңызды рөл атқаратынын ескерсек, онда этникалық бөліну процесін бұл факторсыз толық сезіну мүмкін емес.



Жазба және ауыз әдебиетінің деректері XV ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында кең танымал бірнеше рухани көсемдердің есімдерін айтады. Оның бірі – әрі батыр әрі әулие Алаш есімді тұлға болса, екіншісі – Дайырқожа би [110, 143-б.; 145-б.; 149, 22–23-б.]. Дайырқожа би – Ақжол бидің шын есімі. Ш.Құдайбердіұлы мәліметінде ол жөнінде «арғындардың арғы атасы әрі Әбілхайыр ханның сүйікті қазысы және әділ айта-тындықтан Ақжол атанған», – делінеді [149, 22-б.]. Оның есіміне тіркеліп айтылған осынша есім Ақжол бидің қандай деңгейдегі тұлға екендігін көрсетіп тұр. Қожа, би, қазы деген атақ-лауазымдардың бір адамға қатысты айтылып тұрғанына қарап, Ақжол бидің өз дәуірінде ірі дінбасы әрі билер институтының көрнекті өкілі болғандығын байқаймыз. Халықтың оны Ақжол деп атауы – оның халықшыл, турашыл және халық арасында үлкен беделді болғандығын көрсетсе керек. Дін – халықтың рухани өмірінің өзегі болғандықтан, ірі діни тұлғалар – рухани өмірдің көсемі болып саналған. Ақжол би де XV ғасырдың орта тұсында Шығыс Дешті Қыпшақ тайпалары үшін рухани көсем, басшы, жетекші бола білген. Рухани көсемнің батырдың қолынан қаза табуы және де кінәліні Әбілхайыр ханның қорғауы халықтың рухани күйзелісін туғызып, ашу-ызасын келтіреді. Өз кезегінде руханилық фактордан туындаған жергілікті халықтың бір бөлігінің ашу-ызасы мен наразылықтары «көшпелі өзбектер» еліндегі ру-тайпалар тобының бір бөлігін жоғарыда айтылған басқа да себептермен бірге Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуіне әкеледі.

Осыған дейінгі Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуінің себептерін анықтауға қатысты айтылған ой-пікірлерімізді түйіндей келе мынадай жалпы қорытындыға келеміз. Бөлінудің салдарлары мен нәтижесі өте маңызды болғандықтан, оның себептері де одан кем болмаған және бөлінуге XV ғасырдың орта тұсында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы «көшпелі өзбектер» елінде болған саяси, әлеуметтік, экономикалық, этникалық және рухани себептер алып келген.

Бөлінудің себептерін анықтағаннан кейін оған қатысты қарастыратын келесі мәселеге – бөлінуге түрткі болған оқиғаларды айқындау жатады. Кез келген маңызды оқиғаның себептері әбден пісіп-жетілгенде, оның басталуына кішігірім оқиғалардың түрткі болатыны, қозғау салатыны белгілі.



Жазба деректер XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында Әбілхайыр хандығының тарихында болған оқиғалар арасынан бір ғана оқиғаны өте жақсы баяндайды. Ол – 1457 жылы жаз айларында қалмақ билеушісі Үз-Темір тайшының «көшпелі өзбектер» еліне жорығы мен Сығанақ қаласының түбінде оның Әбілхайыр ханмен шайқасы және қалмақтардың жеңуі туралы оқиға [110, 168–171-б.; 210, 392–393-б.]. Әбілхайыр хандығының саяси тарихына қатысты мәселеде бұл шайқас туралы айтып өткендіктен, бұл жерде оған тоқталмаймыз. Шайқас нәтижесінің бөлінуге тікелей қатысы бар болғандықтан, ол мәселе оған көңіл бөлуді қажет етеді. Кезінде 1457 жылғы шайқастан кейінгі Әбілхайыр хандығындағы ішкі жағдайға С.К. Ибрагимов, Т.И. Сұлтанов ерекше назар аударған болатын [282, 178–179-б.; 211, 56-б.]. Бірақ та олар 1457 жылдан кейінгі Әбілхайыр ханның іс-әрекеттерін бөлінуге түрткі емес, бөлінудің себептері ретінде қарастырады. Бөлінудің себептеріне біз 1446–1457 жылдардағы Әбілхайыр хандығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жатқызып, ал Сығанақ түбіндегі шайқастан кейінгі Әбілхайыр ханның ордаежендік тайпа басшыларына, ордаежендік әулеттің өкілдеріне қарсы іс-әрекеттерін бөлінуге түрткі болған оқиғаларға жатқызамыз. Біз бұған дейінгі тарауларда Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілуінің бір себебіне оны ордаежендік әулет өкілдері мен оларға қарасты ру-тайпалардың қолдамауынан деп айтып өткенбіз. Шайқастан кейін «көшпелі өзбектер» ханының бірден өзін қолдамағандарды жазалауға кірісетіні белгілі. Мұхаммед Хайдар Дулати осы жағдайды: «... Жошы әулетінен шыққан кейбір сұлтандар одан келер бір пәленің иісін сезіп қалып, оны болдырмауға тырысты. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілхайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді», – деп баяндайды [133, 305-б.]. Ал Махмұд ибн Уәли болса, «... Керей хан мен Жәнібек хан... бағыну мен мойынсұнудан бас тартып, отанын тастап кетуді қалады. Ата-бабаларынан мұра болып қалған елді тастап, олар бөгде елге апаратын жолды таңдады. Сыйлауға тұратын адамдармен бірге олар Моғолстанға бет алды», – деп жазады [136, 352-б.]. Көріп отырғанымыздай, Керей мен Жәнібек Әбілхайыр хан ордасында 1457 жылғы шайқастан кейінгі болып жатқан оқиғалардан хабардар болған. Орта ғасырлық деректерде ханның ордасындағы құпия жоспарларды қарсы жаққа алдын-ала жеткізіп қою актілері көптеп кездеседі.



Мүмкін, Әбілхайыр хан жанында Керей мен Жәнібектің сенімді адамдары болған шығар. «Тарих-и Абулхайрхани» авторының «...Әбілхайыр хан Үз-Темір тайшы қайтқаннан кейін Сығанақты тастап, халқы мен ұлысын жиды, мемлекет пен қоластындағылардың істерімен айналысты, әскерін тәртіпке келтірді», – деп жазуы жалпылама түрдегі іс-әрекеттерді баяндаса, жоғарыда келтірген Мұхаммед Хайдар Дулатидың мәліметі шайқастан кейінгі жағдайды нақты баяндайды [133, 170-б.].

Сөйтіп, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуіне түрткі болған оқиғаға біз, «көшпелі өзбектер» елі ханның 1457 жылғы шайқастан кейін ордаежендік сұлтандарға қарсы әрекеттері жатады деп санаймыз.

Алдыңғы беттерде айтып өткеніміздей, бөлінуге қатысты мәселелердің біріне – оның қай уақытта болғанын анықтау жатады. Бұл мәселенің де хандықтың құрылуы мен оның датасына қатысы бар болғандықтан одан айналып өтуге болмайды.

С.К. Ибрагимов Керей мен Жәнібектің бөлінуін қалмақтар жорығынан кейін Әбілхайыр ханның өз елін тәртіпке келтірумен сәйкес келді деп айтады да, нақты жылдарды көрсетпейді [282, 178–179-б.]. Ал Моғолстан мемлекетінің тарихына арналған монографиясында К.А. Пищулина біз қарастырып отырған мәселе бойынша өзіндік пікірлерін білдіре кетеді. Ол бөлінудің мерзімін нақты айтпаса да, оны «XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында болған», – деген қорытындыға келеді [25, 251-б.]. Зерттеушілер арасында осы мәселемен ең ұзақ айналысып, көп жұмыстар жариялаған Т.И. Сұлтанов бөлінуді 1459–1460 жылдары жүзеге асқан деп дәлелдейді [24; 97; 100; 203.]. Ол өзінің тұжырымын: «Керей мен Жәнібек өздерінің ұлысындағы адамдарымен Моғолстанға моғол ханы Есенбұғаның тірі кезінде келеді, ол қашып келгендерді қуана қарсы алып, оларға Шу бойы мен Қозыбасын береді. Есенбұғаның 866 (1462) жылы қайтыс болғаны белгілі. Олай болса, көшіп кету оған дейін болған. «Тарих-и Рашиди» мен «Бахр ал-асрардың мәліметтері бойынша Керей мен Жәнібектің Моғолстанға көшіп келуі темірлік Әбу Саидтың Шираздан Жүніс ханды шақырған және оны Есенбұғаға қарсы пайдалану үшін Моғолстанға әскермен жіберген уақытымен сәйкес келеді. Әбу Саидтың Жүніс ханды Гератта қабылдауы 863/1458–1459 жылы Хорасанды бағындырғаннан кейін болғаны белгілі, ал Жүніс хан мен Есенбұға арасындағы



өзара тартыстар аз дегенде бір жарым-екі жылға созылған. Соған қарап, көшіп кетудің уақытын, дәлірек айтсақ, Керей мен Жәнібектің қарамағындағы адамдарымен Есенбұға ханның иелігіне көшіп келуін 864/1459–1460 жылдар деп санауымыз керек», – деп негіздейді [97, 233-б.].

Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кеткен уақытында Т.И. Сұлтанов ұсынып отырған 864/ (1459–1460) жылды алуға болар еді, егер де алдымыздан бірнеше сұрақ шықпаса. Сол сұрақтың алғашқысы мынадай, неге Әбілхайыр хан 1457 жылдан кейін өзін қолдамаған Керей мен Жәнібекке 2–3 жыл бойы ешқандай әрекет жасамаған?! Әбу Саид мырзаның Герат қаласын бірінші рет алуы 1457 жылы, ал түпкілікті түрде алуы 1458 жылдың соңында болғаны белгілі, соған байланысты ол Жүніс ханды Герат қаласын қай алуында шақырған? Өйткені оны нақтылау арқылы Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келген кезін нақты анықтауға болады. Олай болса, біз төменде осы сұрақтарға жауап табу арқылы Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келген кезін анықтап көрелік.

Жоғарыда айтап өткеніміздей, бөліну 1457 жылғы Сығанақ түбінде Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңіліс табуынан кейін және Есенбұға қайтыс болғанға дейін, яғни 1457–1461/1462 жылдар аралығында болған. Мұхаммед Хайдар Дулати бөлінудің мерзімін нықтауға тигізер көмегі көп Жүніс ханның өміріне қатысты бірнеше датаны айтады. Ол Жүніс ханның дүниеге келген жылын бір дерегінде «оның туған жылын мен естімесем де, өлген жылы және өмір сүрген уақытына қарап, оны 819 (1416–1417) жылы туған деп санауға болады. Алла жақсы біледі», – деп шамалап айтады [133, 112-б.]. Ал келесі бір дерегінде ол Жүніс ханның туған жылы мен қайтыс болған жылын, қанша жыл өмір сүргенін нақты баяндап береді. «Хан Ташкентте қоныстанған соң, ұлы Сұлтан Махмұд ханға Сұлтан Ахмет мырзаның қызы Қаракөз бегімге құда түсті. ... Сұлтан Жүніс хан сол арада сал болып, содан екі жылға жуық төсек тартып жатып қалды. Сол сырқаттан ол ақыры бұл дүниеден өтті. Оның жасы жетпіс төртте еді. Моғол хандарының ішінде мұндай жасқа ешкім жеткен жоқ. Олардың көпшілігі қырыққа жетпеген. Хан 818 (1415–1416) жылы туып, 892 (1486–1487) жылы дүние салды. Оны Ташкентте Шайх Хаванд Тахур мазарының жанына жерлеген», – деп нақтылап жазады [133, 138-б.]. «Тарих-и Рашиди» авторы Жүніс хан туралы тағы да: «Сол арада Мырза Сұлтан Әбу





Саид Хорасанды жаулап алды, енді Иракты да бағындыруды мақсат етті. Бірақ Есенбұға ханның Ферғана, Шаш және Түркістанға қауіп туғызуына байланысты Иракқа [жорық] жасау кейінге қалды. Сонда Мырза Сұлтан Әбу Сайд адам жіберіп, ханды Шираздан алдырды да ... оны Моғолстанға жіберді. Ханның жасы ол кезде 41-ге келген-ді, ол 860 (1455–1456) жыл болатын», – деп датаны айтып өтеді [133, 113-б.].

Ал енді Әбу Саид мырзаның Гератты алуына байланысты белгілі болған даталарға назар аударып көрелік. Абд-ар-Раззак Самаркандидың деректеріне сүйеніп, Б.А. Ахмедов 1452–1457 жылдары Гератты билеген Әбіл-Қасым Бабырдың 1457 жылы 21 ақпанда қайтыс болып, Ала-ад-Дауланың ұлы Ибрагим мырзаның бірнеше талпыныстардан соң 1457 жылы қыркүйекте Хорасан астанасын алғандығын, Әбу Саид мырзаның Әмударияның сол жағында Ибрагим мырзаны жеңіп, 1457 жылдың 2 қазанында ұрыссыз Гераттың Қыпшақ қақпасы арқылы қалаға салтанатпен кіргенін айтады [102, 133–134-б.]. Көп ұзамай Балхта Абдаллахтың ұлдары – Мұхаммед Жөкі мен Ахмед мырза көтеріліс жасайды да, Әбу Саид мырза Гераттан Балхқа аттанады. Көтерілісті тұншықтырып, Әбу Саид Балхты басып алады да, Гератқа да, Самарқанға да қайтып оралмай, сонда қыстап қалады. Гераттың иесіз қалғанын көрген Ибрагим мырза тез арада Гератты қайта иеленеді. Осы кезде Ибрагим мырзаның әкесі Ала ад-Даула қайтадан пайда болып, баласы әкесіне 1458 жылдың 23 сәуірінде Герат тағын ұсынады [102, 135-б.]. 1458 жылдың қазанының ортасында Қарақойлы әулетінің басшысы Жаһан шахтың Гератқа төніп келуіне байланысты Ала ад-Даула қаланы тастап кетуге мәжбүр болады. 1 қарашада Жаһан шах Гератты соғыссыз алады. Бірақ оның тылында өте қиын жағдайдың қалыптасуына байланысты, ол Гератқа беттеген Әбу Саид мырзамен бейбіт келісімге келеді де, Хорасанды тастап кейін оралады. Ал Әбу Саид мырза болса, 1458 жылдың 16 желтоқсанында екінші рет, бұл жолы түпкілікті түрде Гератты иемденеді [102, 136-б.]. Жоғарыда келтірілген даталарға талдау жасай отырып, Жүніс ханның Моғолстанға Әбу Саид мырза атынан келген кезін анықтап көрелік.

Біздің ойымызша, Герат билеушісі Әбілқасым Бабыр 1457 жылдың 21 ақпанында қайтыс болса да, Хорасан астанасын басып алуға Әбу Саид мырза сол жылдың аяғына дейін аттана алмаған. Оған себеп, біріншіден, Есенбұға хан тарапынан төніп тұрған қауіптер



болса, екіншіден, Әбілхайыр хан тарапынан жасалатын тонаушылық жорықтар қол байлаған. Ал 1457 жылдың жаз айларында Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілуінен кейін, Мауереннаһрға солтүстіктен келер қауіп-қатер біршама сейіледі де, Әбу Саид мырза 1457 жылдың күзінде Гератқа аттанады. Ол Есенбұға хан тарапынан болып қалар жорықтарға тосқауыл қою үшін Иранның Шираз қаласы жағында жүрген Жүністі Моғолстан жаққа, яғни туған інісіне қарсы жіберуді алдын-ала жоспарлаған. Өйткені, Бабырдың айтуына қарағанда Жүніс ханның туған әпкесі Ханымды күйеуі Абдалазиз мырза өлтірілгеннен кейін Әбу Саид мырза алған болатын [120, 30-б.]. Жүніс ханның әпкесіне інісінің қайда жүргені мәлім болғандықтан, кіші інісінің іс-әрекеттерін тежеу үшін үлкен інісін пайдалану туралы күйеуіне кеңес беруі де мүмкін.

Сөйтіп, 1457 жылдың 2 қазанында Гератты алғаннан кейін Әбу Саид мырза бірінші кезекте «жезделігін бетке ұстап, Ирак пен Хорасан жақта жүрген Жүніс ханды шақыртады» [120, 30-б.]. «Хорасанда ол (*Әбу Саид мырза – Б.К.*) Жүніс ханды Бағ-и Заған (*Гераттың солтүстік жағындағы бақ, Шахрух билік құрған жылдары онда оның ордасы орналасқан – Б.К.*) бағындағы сарайға жайғастырды да, ханның құрметіне патшалық той жасады», – деп баяндайды М.Х. Дулати [133, 111-б.]. «Ханның жасы сол кезде 41-де болатын» деген «Тарих-и Рашиди» авторының мәліметі тура келіп тұр. Жүніс ханның 1415–1416 жылы туылғанына қарап, 1457 жылы оның жасы 41-де болғандығына көзімізді анық жеткіземіз.

Әбу Саид мырзаның Жүніс ханды Шираздан шақыртуы оның Гератты алғашқы алуынан кейін болғандығын тағы да мынадай жағдай дәлелдей түседі. Балх аймағындағы Мұхаммед Жөкі мен Ахмед мырзаның көтерілісін басқаннан кейін, Әбу Саид мырза Гератқа да бармай, Самарқанға да қайтып оралмай, Балх қаласында қыстап қалып қояды. Оның мұндай қадамға баруын біз Жүніс ханды Есенбұға ханға қарсы жіберу арқылы ол Моғолстан ханы тарапынан Мауереннаһрға төнген қауіптерден құтылғандығынан деп есептейміз. Сөйтіп, ол Мауереннаһрға солтүстіктен де, шығыстан да қауіп-қатердің болмайтынына толық көз жеткізгеннен кейін ғана Балхта қыстап, 1458 жылдың соңына дейін, яғни 1458 жылдың 16 желтоқсанында Гератты алғанға дейін Әмударияның сол жағалауында болады.



Ал енді Жүніс ханға келсек, Ол Мауереннахрда шашырап жүрген моғолдардың басын қосып, Моғолстанның батыс өңіріне келеді. Бұл кез – 1457 жылдың күз айларының соңы болатын. Оған кейбір моғол әмірлері қолдау көрсетеді, ол Құнжы тайпасы әмірінің Исан Даулат бегім атты қызына үйленіп те үлгереді [133, 113-б.]. Келесі жылы, яғни жылдың жаз айларының бірінде Есенбұға ханның Моғолстанның шығысындағы Жұлдыз жайлауында жүргенінен хабардар болған Жүніс хан Қашғарды бағындыруға аттанады. Сол кезде Қашғарда «Тарих-и Рашиди» авторының үшінші атасы Әмір Саид Әлі билікте болатын. Ол Есенбұға ханға хабар жібереді. Есенбұға тез арада жетеді де, Әмір Саид Әлімен бірігіп, Жүніске қарсы Қашғар маңындағы Хансалар деген жерде шайқасқа түседі. Жүніс хан жеңіліс тауып, қашып кетеді. Ал әйелі, бала-шағасымен әмір Саид Әлінің қолына түседі [133, 114-б.]. Дулатидың жазуына қарағанда, Жүніс ханның Исан Даулат бегімнен туған Михр Нигар ханым атты үлкен қызы емшекте болған [133, 114-б.]. Көп ұзамай әмір Сайд Әлі (1457–1458 жылы) қайтыс болады [133, 114-б.]. 862 хижра жылының христиан жыл санауы бойынша 1457 жылдың 19 қарашасынан 1458 жылдың 9 қарашасы аралығына сәйкес келетінін ескере келе, біз тарихи уақыттарға қатысты мынадай қорытындыларға келеміз: а) Әмір Сайд Әлі – 1458 жылдың қыркүйек-қазан айларында қайтыс болған; ә) Жүніс хан мен Есенбұға хан арасындағы шайқас – 1458 жылдың тамыз-қыркүйек айларында болған және сол кезде Жүніс ханның тұңғыш қызы 1–1,5 айда болған; б) олай болса, Әбу Сайд мырза Жүніс ханды 1457 жылы 2 қазанда Гератты алғаш иеленген бойда Шираздан шақыртып алып, бірден Моғолстанға аттандырған.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырымдарға келеміз. Бірінші, Әбілхайыр ханның Сығанақ түбіндегі қалмақтардан 1457 жылғы жеңілісінен кейін Керей мен Жәнібек «көшпелі өзбектер» ханынан келер «бір пәленің иісін сезіп алып, оны болдырмауға» тырысып, яғни Әбілхайырдан бірден бөлініп кетуді жөн санаған. Сол себепті де Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанның батыс бөлігіне көшіп келуі 1457 жылдың күз айларында болған. Екінші, Жүніс ханның да Әбу Сайд мырзаның шақыруымен Шираздан Гератқа келіп, одан Моғолстанға орнығуы – 1457 жылдың қазан-қараша айларында болған.



Бөліну мәселесіндегі қарастырап келесі бір мәселеге – «көшпелі өзбектерден» бөлініп кеткен Керей мен Жәнібек адамдарының сан мөлшерін анықтау жатады. Жазба деректерде ол жөнінде нақты айтылмаса да, жанама дерек мәліметтері арқылы оны шамалап көрсетуге болады.

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидидің» екінші кітабында «Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілхайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді», – деп жазады [133, 305-б.]. Бұл дерек мәліметінің қаншалықты шынайы екендігін білу үшін XV–XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағындағы «көшпелі өзбектер», одан кейінгі қазақ қоғамының құрамындағы ұлыстардағы адам санын анықтап алу қажет.

Т.И. Сұлтанов орта ғасырлық дерек мәліметтеріне сүйене отырып, XVI ғасырдағы бір Қазақ ұлысында шамамен 60 мыңдай адам болған деп есептейді [24, 78–79-б.]. Бұл санды тек XVI ғасырдағы қазақ қоғамындағы ұлыстарға ғана емес, сонымен бірге XV ғасырдағы да Дешті Қыпшақ ұлыстарына қолдануға болады. 5–7 ұлыстан ірі ұлыстар құрылып, олардағы адамдар саны 300–400 мың адамға жеткен [24, 80–81-б.].

Бұған дейін айтып өткеніміздей, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуінің тек саяси себептері ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, экономикалық, этникалық, рухани да себептері болғандықтан біз, «көшпелі өзбектер» қауымдастығынан оның бір бөлігі бөлініп кеткен, яғни ордаежендік тайпалар бөлініп кеткен деп есептейміз.

XVI ғасырдың 20-жылдарына таман қазіргі Қазақстан Республикасының аумағына тең келетін Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы Қасым хан тұсында этносаяси тұрғыда біріктіріліп, тұрғындарының саны миллионнан асып кеткен болатын [133, 306-б.]. XV ғасыр ортасында «көшпелі өзбектерден» маңғыттар да, ордаежендік тайпалар да бөлінбей тұрғанда, бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтағы тұрғындар санын шартты түрде миллионға жуықтаған деуге болады. Ордаежендік тайпалар «көшпелі өзбектердің» үштен бірі болғандықтан Керей мен Жәнібекті қолдаған, оларға жақтас болған тайпаларды да шамамен, 300 мыңнан асқан деуге болады. Біздің бұл қарапайым есебіміз жоғарыда айтып өткен Т.И. Сұлтановтың есебімен сәйкес келеді.



Кез-келген қоғамда билеушілерге қатысты қоластындағы тұрғындардың көзқарастары әртүрлі болатыны белгілі. Әртүрлі көзқарастағыларды топтастырсақ, онда олар: а) хан мен сұлтандарға, яғни билеуші әулетке жақын, ру-тайпалар; ә) бейтарап ру-тайпалар; б) билеуші әулетке алыс тайпалар болып шығады. Мұндай көзқарастар бір жағынан ру-тайпа басшыларының билеуші әулет өкілдеріне жақындығына, туыстығына байланысты болса, екінші жағынан кейбір тайпа аумақтарының географиялық орналасуына да байланысты болады. Осындай жағдайларды ескере келе біз Керей мен Жәнібекпен бірге оларға жақын тайпалар Моғолстанға қоныс аударған деген тұжырымға келеміз. Шамамен айтсақ, «көшпелі өзбектерден» бөлінген тайпалардағы адамдар санын 100 мыңға жуық болған деуге болды.

Осылайша, Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуіне қатысты мәселелерді қарастыра келе, төменде мынадай жалпы қорытындыларға келеміз.

Бірінші, Қазақ хандығының құрылу барысында маңызды орын алатын Керей мен Жәнібек хандар бастаған ру-тайпалардың Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан Жетісу жеріне келуін тарихи әдебиеттерде «қашып кетті», «көшіп кетті», «ажырап кетті» деген сөздермен көрсетіп келсе, біз оның дұрыс емес екендігін дәлелдеп, оның орнына «бөлініп кетті» деген сөздерді қолданамыз. Бұл бөліну «көшпелі өзбектер» елі тарихындағы маңғыт тайпаларының бөлінуінен кейінгі екінші бөлініс болып саналады. Сондай-ақ «қашып кетті» деген сөздер жекелеген адамдар мен адамдар тобының іс-әрекеттеріне қатысты айтылса, этноқауымдастықтың бір бөлігінің осындай іс-әрекетіне қатысты «бөлініп кету» сөзі лайықты деп есептейміз.

Екінші, бөлінуге қатысты оның саяси, әлеуметтік, экономикалық себептері тарихнамада бұрыннан-ақ анықталған болса, біздің зерттеулеріміздің барысында оның саяси себептерімен қатар, этникалық, рухани да себептері болғандығы анықталды. Тек осындай кешенді себептердің жиынтығы ғана халықтың бір бөлігінің бөлінуіне алып келіп, оларды ұлттық сипаттағы этносқа айналдырған.

Үшінші, кез келген маңызы жоғары оқиғалардың алғышарттары, себептері, түрткі болған оқиғалары болатыны сияқты, Керей мен Жәнібек хандар бастаған ру-тайпалардың «көшпелі өзбектерден» бөлініп кетуіне 1457 жылғы Сығанақ түбінде Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілісінен кейін өзіне қолдау көрсетпеген сұлтандар



мен ру-тайпа басшыларына қарсы жасаған жазалау шаралары түрткі болған.

Төртінші, бөлінудің уақыты жөніндегі мәселені арнайы қарастырып, тікелей мәліметтер болмағандықтан, жанама дерек мәліметтері арқылы анықтауға тырыстық. Моғолстанға Жүніс ханның келуі мен Жетісуға Керей, Жәнібектің келуі тұспа-тұс келген деген тезисті негізге ала отырып, болашақ моғол ханының Моғолстанға келген кезін 1457 жылдың қазан айының соңы деп көрсеттік те, Керей мен Жәнібек те осы тұста келген деп есептейміз.

Бесінші, Керей мен Жәнібектің соңына еріп, Әбілхайыр ханнан бөлініп кеткен ру-тайпалардағы жалпы адамдар санын шамамен, 100 мыңдай болған деген қорытындыға келдік. Бұл екі немесе одан да көп ұлыстардағы тұрғындардың сан мөлшерін көрсетеді. Кейіннен Әбілхайыр ханға наразылардың саны артып, олар бірте-бірте Керей мен Жәнібекке келіп қосыла бастайды да, 1470–1471 жылға таман «өзбек-қазақтардың» саны 200 мыңға жетеді.

#### **6.4. Қазақ хандығының құрылған жылы туралы пікірлерге талдау**

Қазақ хандығының құрылуы тарихындағы толық шешімін таппаған сұрақтардың біріне – хандықтың нақты қай жылы құрылғандығы жөніндегі мәселе жатады. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында бұл мәселеге тарихшылар мен қоғамтанушы ғалымдар ерекше назар аударып, мәселені шешуге ұмтылғаны белгілі. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігі туралы заңын қабылдағаннан кейін қоғамтанушы ғалымдар Қазақстан Республикасы мен Қазақ хандығының арасындағы тарихи сабақтастықтарға көңіл бөліп, Қазақ хандығының құрылған жылын анықтаудың қазақ мемлекеттілігі тарихында маңызы ерекше екендігіне көпшіліктің назарын аудартады. 1993 жылдың шілде айынан бастап жарық көре бастаған «Қазақ тарихы» журналы осы мәселе бойынша бастама көтеріп, жазушы Қ. Салғараұлының «Анығына жетіп, ақиқатын анықтайық» деген үндеу сипатындағы мақаласын жариялады [213, 41–43-б.]. Ол мақалада белгілі жазушы редакция ұжымына құттықтау сөзін білдіре келе, көпшіліктің көкейіндегі ойды: «Журналдың аты айтып тұрғандай, онда сөз болар мәселенің бәрі қазақ халқының тарихына қатысты болуға тиісті ғой. Сондық-



тан журнал алғашқы нөмірінен бастап оқушыларды күні бүгінге дейін шатастырып келген екі ұғымның – қазақ халқының шығу тегі мен қазақ мемлекетінің құрылуының ара жігін ашып, халықтың шығу тегінің тарихы ғасырлар тереңінен басталып, адамзаттың шығу тегімен тамырласып жататынын, ал мемлекеттің құрылуы белгілі бір тарихи жағдайға байланысты әкімшілік-территориялық жағынан енші алып, жеке шаңырақ көтерген күнінен (жылынан) басталатынын саралап көрсетіп, нақты түсініктің орнығуына көмектеседі ғой деп ойлаймын. Бұл орайда өзгелерге қарағанда жазушызуы кеш дамыған біздің халқымыздың тарихында басын ашып, нақтылай түсер мәселелер көп-ақ. Несін жасырамыз, біз әлі күнге қазақ мемлекетінің, дәлірек айтсақ, Қазақ хандығының нақты қай жылы құрылғанын да білмейміз. Себебі Қазақ хандығының дәл қай жылы шаңырақ көтергенін ғылым әлі анықтаған жоқ. Әзірге әр ғалым өз болжамын алға тартумен келеді», – деген сөздермен жеткізеді [213, 41–42-б.]. Жазушының бұл айтқан сөздерінен жалпы көпшіліктің, әсіресе, зиялы қауымның бұл мәселеге деген қызығушылықтарының ерекше екендігін аңғаруға болады.

Журналдың бастамасымен 1993-1995 жылдары журнал беттерінде бірнеше тарихшының Қазақ хандығының құрылған жылын анықтауға арналған мақалалары жарық көрді [214, 38–41-б.; 213, 41–43-б.; 215, 18–21-б.; 283, 31–37-б.; 284, 21–29-б.; 285, 202-б.; 137, 15–20-б.]. Мәселеге қатысты қалам тартқан тарихшылардың пікірлері әртүрлі болып, олар ортақ ой мен бір ұйғарымға келе алмады. Ә. Хасенов – 1445 жылды, Қ. Салғарин – 1456 жылды, осы жолдардың авторы – 1458 жылды ұсынып, әрбір автор өз ойларын жазбаша және ауызша дерек мәліметтері мен логикалық ой қорытулар нәтижесінде негіздеуге тырысты. Осылайша, «Қазақ тарихы» журналы көтерген тарихи мәселе сол жылдары өзекті мәселелердің бірі болып есептелсе де, бір ортақ пікірдің болмауы себепті күн тәртібіндегі ашық сұрақ күйінде қала берді.

Осы жерде мынадай жағдайды ескерте кеткіміз келіп отыр. Қазақ хандығының құрылған жылын анықтау тек ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында пайда болған жоқ, осы кезеңде тек мәселеге деген қызығушылық күрт өсіп, көпшіліктің назарын аудартады. Ал мәселенің пайда болған кезіне көз салсақ, ол ХІХ ғасырдың 60-жылдарынан бастау алады. 1864 жылы орыс шығыстанушысы В.В. Вельяминов-Зерновтың белгілі еңбегінің 2-бөлімі жарыққа



шығысымен, бұл мәселе күн тәртібіне қойылады [105, 139–140-б.]. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидидегі» мәліметтерді парсы тілінен аударып отырып, В.В. Вельяминов-Зернов оларды алғаш рет ғылыми айналымға енгізеді. Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуін ол: «Ол кезде (шамамен 860/1456 жыл) Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақта билік құрып тұрды; жошылық сұлтандар одан көп қысымшылықтар көрді; олардың екеуі Керей мен Жәнібек хандар Моғолстанға қашып кетті. ... Қазақ сұлтандарының биліктерінің басталған кезеңі 870 (1465/6) жылға сай келеді, анығы Аллаға аян...», – деп аударып, түсіндіреді [105, 139-б.]. В.В. Вельяминов-Зерновтан бастап қазіргі күндегі тарихшылардың бәрі Қазақ хандығының құрылуын баяндауда жоғарыда үзінді ретінде берілген «Тарих-и Рашиди» мәліметін пайдаланады да, тарихи оқиғаның жылын нақты көрсетуге келгенде, XV ғасырдың 50–70-жылдар аралығындағы бірнеше жылды көрсетеді. Олардың бәрін топтастырар болсақ, онда біз қарастырып отырған мәселе бойынша бірнеше пікірлер тобының бар екендігіне көз жеткіземіз.

Төменде сол пікірлер тобына назар аударалық.

Бірінші топқа – Керей мен Жәнібек хандар Әбілхайыр ханнан 1456 жылы бөлініп кетіп, олар Моғолстанда 1465/1466 жылы Қазақ хандығының негізін қалады деген зерттеушілер пікірлері жатады. Біз бұл топқа бөлінуді 1455 жылы және XV ғасырдың 50-жылдары болған деген пікірлерді де жатқызамыз.

Екінші топты Т.И. Сұлтановтың пікірі құрайды. Ол Керей мен Жәнібектің бөлінуі – 1459–1460 жылдары жүзеге асып, Қазақ хандығы – 1470–1471 жылдары құрылған деп есептейді.

Келесі топқа – А.А. Семенов пен С.К. Ибрагимов пікірлері жатады. Олар Қазақ хандығының құрылған кезін XV–XVI ғасырлар шені мен XVI ғасырдың 30–40 жылдары жүзеге асқан деп есептейді.

Біздің ұсынып отырған датамыз жоғарыда келтірілген пікірлерден сәл өзгешелеу. Біздің дәлелдеп көрсетуімізше, Керей мен Жәнібектің бөлінуі – 1457 жылдың соңында болып, хандық – 1458 жылы құрылған.

Байқап отырғанымыздай, тарихшылардың көпшілігінің пікірлері бірінші топқа жатады екен. Егерде біз, олардың әрқайсысының пікірлерін жеке-жеке талдасақ, онда қарастырып отырған мәселеміздің шегіне жете алмаймыз. Олардың пікірлерінде онша көп айырмашылықтар жоқ. Керей мен Жәнібектің бөлінуін 1455 немесе





1456 жылы, кейбір тарихшылар бұл датаны нақтыламай-ақ XV ғасырдың 50-жылдары болған, деп көрсетеді де, хандықты 1465/1466 жылы құрылған деп санайды. Енді осы пікірлер тобына талдау жасалық.

Бірінші топтағы пікірлердің бәріне негіз болып отырған дерекке – Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиінің» мәліметі және оны алғаш ғылыми айналымға енгізген В.В. Вельяминов-Зерновтың пікірі жатады.

Алдымен, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінген жылына тоқталып өтелік. Мұхаммед Хайдар Дулатида, басқа да авторларда бөлінген жыл туралы нақты айтылмайды. Бұған дейін айтып өткеніміздей, тек бөліну барысы ғана қысқаша баяндалады. Олай болса, бірінші топтағы пікірлерді айтқан авторлар «1455, 1456 жылдары» «XV ғасырдың 50-жылдары Керей мен Жәнібек бөлініп кетті» деген пікірлерді қайдан алған деген заңды сұрақ туындайды. Біз мұның бәріне жауапты орта ғасырлық дерек мәліметтерінен емес, В.В. Вельяминов-Зерновтың түсіндірмесінен табамыз. «Тарих-и Рашидидегі» «Сол заманда Әбілхайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді», – деген мәліметін ол аударып, «сол заманда» деген уақытты оқырмандар үшін түсінікті ету үшін осы сөз тіркесінен кейін жақша ішінде шамамен, «860=1456 жыл» деп қосымша қосады [105, 139-б.]. Шығыстанушы-ғалымның сол кездегі ғылыми беделінің күштілігі сондай, оның осы (860=1456 жыл) деген қосымша түсіндірмесін кейінгі зерттеушілердің бәрі дерлік «Тарих-и Рашидидегі» мәлімет ретінде қабылдайды. Әбілхайыр ханның Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына билігінің толық орнаған кезіне 1446–1450 жылдар жатады. 1449 жылы Оқас бидің өлімінен кейін оның мұрагерлері Батыс Қазақстан аумағы енген территорияда дербес мемлекет болып өмір сүргені белгілі. Мұхаммед Хайдар Дулати маңғыттардың «көшпелі өзбектерден» бөлініп кеткенінен хабарсыз болғандықтан, ол «сол заманда Әбілхайыр ханның Дешті Қыпшақта түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді», – деп жазған болатын. «Тарих-и Рашидиден» толық танысқан В.В. Вельяминов-Зернов «сол заманға» «1456 жылды» жатқызады. «Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінің қазіргі кезде орысша да, қазақша да аудармасын салыстыра қарай келе, біз «Тарих-и Рашиди» авторының «сол заманда» деген тарихи кезеңіне шамамен, 1446–1460 жылдар аралығын жатқызамыз. Керей мен



Жәнібектің бөлініп кетуі жөнінде баяндалатын «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабындағы 39-тарау қазақша аудармада «Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсеткен күндерінен әңгіме» деп берілсе, орысша аудармасында «Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсеткен және сол күндерде не болғандығы туралы әңгіме» («Упоминание о сопротивлении эмиров Исан Буге хану и о том, что произошло в те дни») деп аталады [133, 108–111-б.; 129, 103–106-б.]. Осы тарауда әмірлердің қарсылығынан басқа Моғолстандағы әмірлердің көрші елдерге кетуі, Есенбұғаның Сайрам, Түркістан, Ташкентке жорығы, Әбу Саид мырзаның Мауереннаһрда билікке келуі, оның Есенбұға ханды қууы, Әбу Саид мырзаның Хорасанды алуы, соны пайдаланып Есенбұға ханның Әндіжанға жорығы, Әбу Саид мырзаның Жүністі Ирак жақтан алдыртып, Есенбұға ханға қарсы жіберуі, сондай-ақ Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі баяндалады [133, 108–110-б.]. Бұл оқиғалардың 1450–1460 жылдар аралығында болғанын басқа дерек мәліметтері арқылы білген В.В. Вельяминов-Зернов Әбілхайыр ханның Дешті Қыпшақта толық билік құрған жылдарын шамамен 1456 жылдар деп көрсетеді. Оған сүйенген барлық зерттеушілер осы датаны Керей мен Жәнібектің бөлініп кеткен жылы деп қабылдайды. Ал біз бұған дейін бөліну 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілхайыр хан мен Үз-Темір тайшы арасындағы шайқастан кейін болған деп атап көрсеткендіктен, бөлініп кету 1455, 1456 жылдары жүзеге асқан деген пікірлерді нақты деп есептемейміз.

Осы бірінші топтағы «Қазақ хандығы 1465/1466 жылы құрылған» деген пікір жөнінде де өз ойымызды айтып, дерек мәліметінің дәлсіз, нақты емес екендігін дәлелдеп көрсетелік.

Зерттеушілер арасында алғашқы болып Қазақ хандығын 1465/1466 жылы құрылған деген пікірлерге қарсы дау білдірген В.П. Юдин, кейіннен Т.И. Сұлтанов болды [24, 113-б.; 100, 131–133-б.]. Олардың көрсетуі бойынша «Тарих-и Рашиди» авторы жылдарды шамамен, болжаммен көрсеткен [100, 133-б.]. Өз кезегімізде біз де Мұхаммед Хайдар Дулатидың кейбір тарихи даталарды беру әдісіне назар аударып, оларға талдау жасап көрелік.

Мұхаммед Хайдар Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиі» екі дәптерден немесе екі кітаптан тұратыны белгілі. Сондай-ақ 1541 жылы «Тарих-и Рашидидің» мемуарлық сипаттағы екінші кітабы, ал 1546 жылы тарихи сипаттағы бірінші кітабы жазылғаны мамандарға



аян. Мемуарлық бөлімдегі оқиғалардың мерзімін автор өте дәл, анық көрсетіп отырса, тарихи сипаттағы бөлімде Мұхаммед Хайдар Дулати кейбір оқиғалардың мерзімін Т.И. Сұлтанов айтқандай, «болжаммен, шамамен» айтып өтеді. Қазақ хандығының құрылған жылын XV ғасырдың 50–60-жылдары десек, «Тарих-и Рашидидің» жазылған уақыты – XVI ғасырдың 40-жылдары, яғни автор Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққаннан кейін 40–50 жылдан соң дүние есігін ашқан және 80–90 жыл өткеннен кейін біз сөз етіп отырған оқиға тарихи дерекке айналған. Бұдан шығатын қорытынды мынау – Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақ хандығы құрылуының тікелей куәгері, замандасы болмағандықтан, ол жөніндегі ақпаратты басқа бір көздерден алған. Автордың еңбегінде 15-тей орта ғасырлық шығармалар мәліметтері қолданылса да, «Тарих-и Рашидидің» негізгі дерегі ретінде моғолдар арасында кең тараған ауызша тарихи әңгімелер болған деп есептейді В.П. Юдин [110, 189-б.]. Қазақ хандығының құрылуы туралы жазба дерек мәліметтері «Тарих-и Рашидиге» дейін ешбір жазба деректе кездеспейтіндіктен, автор біз қарастырып отырған мәселенің дерегін жергілікті халық аузындағы тарихи әңгімелерден алған деп есептейміз. Оқиғаның ақпарат ретінде халық ауыз әдебиетінде бейнеленуі, оның бір ғасырдай уақыт бойы ауыздан-ауызға беріліп отыруы – тарихи болмысқа біршама өзгерістер енгізеді. Мұндай жағдайда тарихи болмыстың мазмұны жақсы сақталса да, оның мерзіміне қатысты мәліметтердің көп өзгерістерге түсетіні белгілі. Басқаша айтқанда, ауыз әдебиетіне тән ерекшеліктердің бірі – мезгіл-мекен ұғымдары ауыздан-ауызға берілу барысында қатаң сақталмайды да, негізінен оқиғаның мазмұны сақталынып отырады. «Тарих-и Рашиди» авторы да XIII–XV ғасырлардағы тарихи аңыз-әңгімелердің мазмұндарын баяндай отырып, олардың болған мерзімдерін салыстыру, таразылау арқылы анық беруге тырысады. Ал мүмкін болмаған жағдайда оларды шамамен, болжап береді. Қазақ хандығының құрылған жылын да Мұхаммед Хайдар Дулати осындай жолмен көрсеткен.

Осы жерде «Тарих-и Рашиди» авторының кейбір оқиғалардың мерзімін шамалап көрсетуде қолданған әдістері ерекше назар аударуды қажет етеді. Ол алдымен, болған жылы нақты емес оқиғаның мерзімін ондыққа дейін дөңгелектеп отырады. Одан әрі оқиғаның мерзімін дөңгелектеген жылға жақындатып сол жылға дейін немесе сол жылдан кейін болды деп жазады. Сөзіміз дәлелді болуы



үшін «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабынан бірнеше мысалдар келтірілік.

1) «Хан (Қызыр) 770 (1368/69) жылға дейін дүниеге келген болса, ал бұл баяндалып отырған оқиға 870 (1405) жылы (*автор Әмір Темірдің қайтыс болған жылын айтып отыр – Б.К.*) болған. Сонымен Қызыр Қожа хан Әмір Темірден соң қанша жылдан кейін қайтыс болғаны белгісіз, Алла жақсы біледі» [133, 93-б.].

2) «Тарих жылнамасында оның [Ұлықбектің] туған күні белгісіз. Егер де сол кездегі мерзімдерді салыстырар болсақ, ол шамамен, 860 (1455/1456) жылдары қайтыс болған, Алла жақсы біледі» [133, 95-б.].

3) «... Әмір Хұдайдадтың ел билеу кезі 765 (1363/1364) жылдан бұрынырақ басталған. Меккеге 850 (1446/1447) жылға дейін барған» [133, 101-б.].

4) «... Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465/1466) жылдан басталады, Алла жақсы біледі» [133, 110-б.].

5) «... 940 (1533/1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді» [133, 110-б.].

6) «... 940 (1533/1534) жылдан соң Бұйдаш хан да о дүниелік болып [бұл жерде] қазақтар қалмады десе де болады» [133, 111-б.].

7) «... Ибраһим унг пен Илияс унгтың Қытайға қашуы шамамен 910 (1504/1505) жылдан бұрын болған еді» [133, 118-б.].

Осы шамамен, болжаммен берілген кейбір оқиғалардың нақты жылын көрсетейік. Бірінші мысалда Қызыр қожа хан 770 (1368/1369) жылға дейін туылған делінеді. Ал оның әкесі Тоғылық Темір ханның 730 (1329/1330) жылы туылып, 764 (1362/1363) жылы қайтыс болғаны белгілі [25, 43-б.; 51-б.].

Егерде біз «Тарих-и Рашиди» авторы көрсеткен Қызыр қожа ханның туған жылын 1368/1369 жыл деп алсақ, онда әкесі қайтыс болғаннан кейін 6–7 жылдан соң барып баласы дүниеге келген болып шығады. Сондықтан Мұхаммед Хайдар Дулати осыны ескере келе, Қызыр қожа ханның туған жылын 770 (1368/1369) жылға дейін деп шамалап көрсетіп отыр.

Екінші мысалдағы Ұлықбектің қайтыс болған жылын автордың шамамен, 860 (1455/1456) жылдары деп көрсетуінде де 6–7 жыл айырмашылық бар. Ұлықбектің 1394 жылы 22 наурызда дүниеге келіп, 1449 жылдың 25 қарашасында өлгені тарихта белгілі жайт [110, 502-б.; 133, 95-б.]. Мұхаммед Хайдар Дулатидың шамамен



көрсеткен тарихи оқиғалардың жылдарын қазіргі кездегі тарих ғылымына белгілі деректермен осылай тексергенімізде 6–8 жылдай айырмашылықтардың бар екенін байқаймыз.

Келесі бір көңіл аудартатын нәрсеге – автордың өзіне дейін өмір сүрген тарихи тұлғалар мен нақты жылдары белгісіз оқиғалар туралы баяндауларында жиі қолданатын сөздері жатады. Ол о дүниелік болып кеткен адамдар жөнінде айта келе, сөзін «Алланың нұры жаусын», «Алланың шапағаты тисін», «Алланың қайырымы мол болсын», «Алла қабірін нұрландырсын», «Алла тағала оның мүрдесіне нұр жаудырсын» деген сөз тіркестерімен аяқтап отырады. Ал оқиғалардың нақты жылдарын болжаммен мөлшерлеп айтқанда «Бәрін Алла біледі» немесе «Бәрі Аллаға аян» деп аяқтап отырады. Тарихи сипаттағы бірінші кітапты мұқият зерделеп қарағанымызда, Мұхаммед Хайдар Дулатидың мұндай сөздерді алты жерде қолданғанын көреміз. Оларға: Қызыр ханның туған жылы, Ұлықбектің өлген жылы, Уәйіс ханның қалмақтармен қанша рет соғысқаны, Жүніс ханның туған жылы, Қазақ сұлтандарының билігінің басталған жылы және Саид ханды Уәйіс ханның қасиеттерімен салыстыруы туралы айтқанда қолдануы жатады [133, 92-б.; 95-б.; 100-б.; 112-б.; 160-б.]. Осы айтылып отырған алты жағдайдың төртеуі оқиғалардың жылына, біреуі санға, тағы біреуі автордың жеке пікіріне қатысты болып тұр. Біз бұған дейін автордың тарихи даталарды көрсетуде жылдарды ондыққа дейін дөңгелектеп шамамен көрсеткенін, сондай-ақ оларды тексергенімізде 6–8 жылдай айырмашылықтардың бар екендігін байқағанбыз. Мұхаммед Хайдар Дулатидың өзі де мөлшерлеп көрсеткен жылдарының өте дәл емес екенін біліп, «Бәрі Аллаға аян» деген сөздерді қолданған. «Қазақ сұлтандарының билігі 870 (1465/1466) жылдан басталады, «бәрі Аллаға аян» деп жазуына қарағанда, Дулати өзі айтып отырған жылдың дәлдігіне күмән келтіріп отыр деп есептейміз. Және де шынайы ақиқатты тек Алла ғана біледі деп жүгінгені тарихи оқиғаның жылын көрсетуде дәлдік пен нақтылықтың жетіспей тұрғанын автордың өзі де сезінгендігінен деп білеміз.

Осылайша, дерек мәліметіне деректанулық тұрғыда талдау жасау арқылы біз Мұхаммед Хайдар Дулатидың Қазақ хандығының құрылған жылы деп көрсеткен датасын нақты, дұрыс, дәл дата деп есептей алмаймыз. «Қазақ сұлтандарының билігі 870 (1465/1466) жылдан басталады» деген мерзімді шамамен, жуықтатып берілген



дата дей келе, осы датаны негізге алып, «Қазақ хандығы 1465/1466 жылы құрылған» деп пікір айтқан тарихшылардың пікірлерін де біз дұрыс деп айта алмаймыз.

Енді Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуі – 1459–1460 жылдары болған, ал Қазақ хандығының құрылған жылын 1470–1471 жылдар деп көрсеткен Т.И. Сұлтановтың пікірлеріне талдау жасап көрелік.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесімен ұзақ жылдардан бері үзбей және терең айналысып келе жатқан белгілі шығыстанушы ғалым Т.И. Сұлтановтың бөлінуі 1459–1460 жылдары болған деп көрсетуі біршама шындыққа сай келеді, бірақ өте дәл, анық дей алмаймыз. Біз осыған қатысты мәліметтерді Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуіне байланысты арнайы қарастырғандықтан, бұл жерде оған терең тоқталып жатпай, қысқаша айтып өтсек дейміз.

Ғалымның Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуінің мерзімін 1459–1460 жылдар деп көрсетуінің негізіне – темірлік Әбу Саид мырзаның 863 (1458/59) жылы Хорасанды алуы мен Жүніс ханды Шираздан алдыртуы, сондай-ақ Жүніс пен Есенбұға арасында 1,5–2 жылға созылған күрес алынып отыр [97, 233-б.]. Біз бұған дейін дәлелдеп көрсеткеніміздей, Әбу Саид мырза алғаш рет Хорасан астанасы Гератты 1457 жылдың 2 қазанында, ал түпкілікті түрде 1458 жылдың 16 желтоқсанында иеленеді. Екі оқиға арасында 14,5 ай бар. Осы уақыт ішінде аймақтағы саяси даму барысында көп өзгерістер болатындықтан, біз үшін Әбу Саид мырзаның Жүністі Шираздан алдыртқан жылын анықтау өте маңызды. Біздің бұған дейін алдыңғы беттерде дәлелдеп көрсеткеніміздей, Әбу Саид мырза Жүністі 1457 жылдың қазан айында шақыртып, сол айда Моғолстан жаққа жіберген. Ал Т.И. Сұлтанов болса, Жүністі Шираз жақтан алдыртқан уақытқа 1458 жылдың 16 желтоқсанынан кейінгі күндерді жатқызады. Одан кейін Т.И. Сұлтанов Жүніс хан мен Есенбұға хан арасында кем дегенде бір жарым – екі жылдай күрес болған деп есептейді. Жүніс пен Есенбұға хандар арасындағы алғашқы шайқас 1458 жылдың жаз айларының соңында болып, осы шайқасқа Есенбұға ханмен бірігіп қатысқан әмір Саид Әлінің көп ұзамай 1458 жылдың қыркүйек-қазан айларының бірінде жасы келіп қайтыс болғаны белгілі [133, 114-б.]. Сондай-ақ Әбілхайыр хан мен Үз-Темір тайшы арасындағы



шайқастың 1457 жылы болғанын, Әбілхайыр ханның өзіне қолдау көрсетпегендерді жазалауға кіріскенін ескере келе, Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлінуі 1457 жылдың күз айларының соңында болған дейміз. Т.И. Сұлтанов Әбу Саид мырзаның Жүністі Шираздан шақыртуын 1458 жылдың желтоқсанында болған деп және осы датаны негізге алып, Керей мен Жәнібектің бөлінуі мен Моғолстанға келуін бір жарым жылдай уақытқа кеш көрсетіп отыр.

Ал енді оның 1470–1471 жылдары – Қазақ хандығының құрылған жылы деп айтқан пікірімен біз мынадай жағдайларға байланысты келісе алмаймыз.

Біріншіден, Керей мен Жәнібек Әбілхайыр ханнан бөлініп кетіп, Моғолстанның батыс өңіріндегі нақты бір аймақты иеленгеннен кейін, қоластындағы ру-тайпаларды басқару, ру-тайпалар арасындағы әртүрлі қатынастарды, сыртқы саясатты реттеу үшін сол кезеңдегі биліктің ең жоғары түрі – хандық басқару жүйесін ұзақ уақыт бойы күтіп жатпай, бірден өз араларынан хан сайлап алған. Махмұд бен Уәли нақты жылын көрсетпесе де, осы кезде Керейдің хан болғандығын айтып өтеді [136, 353-б.]. Хан – мемлекеттіліктің символы болғандықтан, ханның сайлануымен жаңа мемлекетті құрылған дейміз.

Екіншіден, 1470–1471 жылдар – Қазақ хандығының Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан шибанилық әулет өкілдерінің билігін толығымен ығыстырып, жаңа хандықтың билігін орнатқан жылы. Сол себепті де біз бұл жылдарды Қазақ хандығының құрылған жылы емес, керісінше, Қазақ хандығының құрылуы барысының толығымен және түпкілікті түрде аяқталған жылы деп санаймыз.

Қазақ хандығының құрылған мерзіміне XV–XVI ғасырлар шені мен XVI ғасырдың 30–40-жылдарын жатқызатын үшінші пікірлерге келсек, пікір білдіргендердің бірі, белгілі шығыстанушы А.А. Семенов өз ойын: «Шу өзеніне қарай көшіп кету өзбек-қазақтар тарихындағы бір ғана эпизод, олар кейіннен Шудан өз далаларына қайта көшіп келеді; бұл оқиға бүкіл халықты емес, тек оның бір бөлігін ғана қамтыған», «... Дешті Қыпшақтың өзбек-қазақтар деп аталатын тайпаларының Шейбани ханның өзбектерінен түпкілікті бөлінуі Шейбани-ханның билігі тұсында болған», – деп тұжырымдайды [200, 36-б.]. Бұл жерде А.А. Семенов Қазақ хандығының құрылуынан гөрі қазақ халқының қалыптасуының аяқталған

кезін көрсетіп, сол арқылы қазақ мемлекетінің басталған кезеңін мензеп отыр. Ал Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанның батыс бөлігінде дербес хандық құруын көзге ілмей, оны Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы көшпелі тайпалар өміріндегі көптеген ұсақ оқиғалардың бірі деп есептейді.

Ал, С.К. Ибрагимов болса А.А. Семеновтың пікірімен келісе отырып, Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуінің «көшпелі өзбектер» мемлекетінің саяси тарихында маңызы болмады, егер де бұл оқиға ірі маңызға ие болған болса, онда ол жөнінде «Тарих-и Абулхайр-хани» авторы өз еңбегінде атап өткен болар еді деген ой айтады [205, 155-б.]. Сондай-ақ ол бөлінудің Сығанақ түбіндегі Әбілхайыр хан мен Үз-Темір тайшы арасындағы шайқастан кейін болғандығын атап өтеді де, шайқасты 1451–1452 жылы өткен деп есептейді [205, 155-б.].

Қазақ хандығының құрылған кезіне С.К. Ибрагимов XVI ғасырдың 30–40-жылдарын жатқызады. Оның пікірінше, XV ғасырдың соңында Керей мен Жәнібектің ұлдарының басшылығымен бірнеше феодалдық иеліктер пайда болып, олар XVI ғасырдың 30–40-жылдарында жеке Қазақ хандығы болып түпкілікті түрде қалыптасады [282, 172–180-б.]. Оның мұндай тұжырымға келуіне Моғолстанның батыс өңірінде Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен құрылған мемлекетті феодалдық иеліктердің бірі деп санауы негіз жасап отыр. Ал біз және басқа да пікір айтушылар Қазақ хандығының негізін Керей мен Жәнібек хандар қалаған деп санайтындықтан С.К. Ибрагимовтың да пікірімен келісе алмаймыз.

Біз өзіміздің осы мәселе жөніндегі пікірімізді келесі тараушада тереңірек қарастыратын болғандықтан, бұл жерде оған тоқталып жатпаймыз.

Енді осы тараушада қаралған мәселелер бойынша ойымызды қорытып, тұжырымдар жасалық.

Бірінші, Қазақ хандығының құрылуы барысындағы айтулы дата – хандықтың құрылған жылы XIX ғасырдың 60-жылдарынан бері күн тәртібінде тұрса да, XX ғасырдың 90-жылдарында мәселеге деген қызығушылық күрт өсіп, тарихшылар айтулы датаны анықтауға атсалысады. Бірақ та мәселе аяғына дейін шешілмейді, әр тарихшы осы мәселеде өз пікірлерін негіздеуге тырысады.

Екінші, Қазақ хандығының құрылған жылы жөнінде өз пікірлерін білдірген зерттеушілердің ойларын жинақтай келе, оларды үш





топқа топтастырдық. а) 1455, 1456 немесе XV ғасырдың 60-жылдары құрылған деген пікірлер; ә) Керей мен Жәнібек хандар 1459–1460 жылдары бөлініп, 1470–1471 жылы хандық құрды деген пікір; б) Қазақ хандығы XV–XVI ғасырдың шенінде және XVI ғасырдың 30–40-жылдары құрылған деген пікірлер.

Үшінші, әр топтағы пікірлерді талдай келе, бірінші пікірді жақтаушылардың сүйенген мәліметінің нақты емес екендігін көрсетіп бердік. В.В. Вельяминов-Зерновтың түсіндірме ретінде айтқан 1456 жылы мен Мұхаммед Хайдар Дулатидың көрсеткен 1465–1466 жылдың болжаммен, мөлшермен айтылған мерзім екендігін дәлелдеп, осы даталарға сүйенген пікірлердің айқын емес екендігін көрсеттік. Сондай-ақ Т.И. Сұлтанов ұсынған датаны Қазақ хандығының құрылған жылы емес, құрылудың аяқталған жылы деп санаймыз. Ал А.А. Семенов пен С.К. Ибрагимовтардың пікірлерін қате деп есептеуімізге, олардың Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуін көшпелі тайпалар өміріндегі жай қатардағы, елеусіз, маңызы жоқ оқиғалардың бірі және екі сұлтанның Моғолстан аумағында құрған мемлекетті – феодалдық иеліктердің бірі деп санауы жатты. Осылайша, біз әр топтағы пікірлер Қазақ хандығының құрылған жылын анық көрсете алмаған деп есептеп, келесі тараушада өз пікірімізді ұсынамыз.

### **6.5. Қазақ хандығының құрылуының барысы мен кезеңдері**

Қазақ хандығының құрылуы барысындағы ең маңызды оқиғалар – 1457 жылы Сығанақ түбіндегі Әбілхайыр ханның қалмақтар басшысынан жеңілуі мен 1468/1469 жылы «көшпелі өзбектер» елі билеушісінің қайтыс болуынан кейінгі аралықта өтеді. Осы аралықтағы 13–14 жыл ішінде Қазақ хандығының құрылуы процесі жүріп, оның басталуы мен аяқталуын жазба дерек мәліметтеріне терең үңілу арқылы байқауға болады. Өкінішке орай, мәселемен терең айналыспай, хандықтың құрылуын тек XIII–XVIII ғасырлардағы Қазақстан тарихының шеңберінде жалпылама атап өткен кейбір әдебиеттерде жаңа мемлекеттің тарих сахнасына көтерілуі бір оқиғамен ғана байланыстырылады, яғни Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінуі мен хандықтың құрылуын бір оқиға деп түсіндіреді [286, 233-б.; 217, 129–130-б.]. Ал бұл мәселемен терең айналысқан Т.И. Сұлтанов осыған байланысты: «... Қазақ хандығы-



ның құрылуы бір оқиғамен жүзеге асқан жоқ, ол сипаты жағынан күрделі, уақыты жағынан ұзаққа созылған көп астарлы процесс болды, атап айтсақ, саяси процестер этникалық процестермен қатар дамып, бір-бірімен астасып жатты», – деген тұжырым айтқан болатын [97, 238-б.]. К.А. Пищулина да кезінде Керей мен Жәнібектің қоластындағы ру-тайпалармен бірге Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуін таптық күрестің бір түрі дей келе, оны «Қазақ хандығының құрылу жолындағы саяси оқиғалар желісінің маңызды бір бөлігі», – деп атап өткен болатын [25, 250–251-б.]. Сондай-ақ К.А. Пищулина бөлінуден кейін Әбілхайыр ханнан көшіп кетушілердің 15 жылдай уақытқа созылғанын айтады [25, 252-б.].

Біз өз кезегімізде осы екі зерттеушінің пікірлерін қостай отырып, Қазақ хандығының құрылу барысы 10 жылдан астам уақытқа созылып, бірнеше сатыдан тұрған деп санаймыз. Бөлініп кету – хандықтың құрылуындағы алғашқы және маңызды қадам болса, Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы – хандықтың құрылуының аяқталғанын көрсетеді. Осы екі аралықтағы әрбір оқиғаның хандықтың құрылуындағы ролі мен маңызына тоқталып, жаңа мемлекеттің қалыптасуының сатыларына тоқталалық.

Осы кезеңдегі оқиғалардың дамуына қарап хандықтың құрылуының бірнеше сатыдан тұрғанын көреміз.

Бірінші сатыға – Керей мен Жәнібектің бөлініп кетіп, Моғолстанның батысындағы Шу өңіріне келуі және Керей хан болып сайлануы жатады. Хронологиялық тұрғыдан алғанда бірінші саты – 1457 жылдың күзінің соңы, қысының басы мен 1458 жылдың көктемі аралығын қамтиды.

Енді осы оқиғалар барысына терең үңілетік.

С.К. Ибрагимов Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ру-тайпалардың бөлінуін Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілісінен кейін болған деп дұрыс атап өтеді де, ол Сығанақ түбіндегі шайқасты 1451–1452 жылы өтті деп қате көрсетеді [205, 155-б.]. Тарихи әдебиеттерде Сығанақ қаласының түбіндегі Көк Кесене деген жерде Әбілхайыр хан мен қалмақ билеушісі Үз-Темір тайшы арасындағы ұрыстың 1457 жылы өткендігі толық анықталған [108, 17-б.; 102, 65–66-б.; 97, 230-б.]. Бұған дейінгі тарауларда біз бұл шайқасқа қатысты мәселелерді қарастырғандықтан, оған тоқталып жағпаймыз.



Тек қана қалмақтар жорығының жаз айларында болғанын еске сала кетеміз [110, 168-б.]. Шайқастың салдары Әбілхайыр хан үшін ауыр болғаны белгілі. Қалмақтардан жеңілу шибанилық әулеттің белсенді өкілдері әрі «көшпелі өзбектердің» әскербасылары Бахтияр сұлтан мен Ахмед сұлтанның ұрыста қаза табуы, ханның Сығанак қаласына тығылуы, қалмақтардың жергілікті өңірдегі тұрғындарды емін-еркін тонаушылыққа ұшыратуы Әбілхайыр ханның жеке басының беделін төмендетеді. С.К. Ибрагимов «бұл жеңіліс мемлекеттің құрамына енетін тайпалар алдында ханның саяси билігін әлсіретіп жіберді», – деп айтады [205, 155-б.]. Шайбанилық деректердің көпшілігі Әбілхайыр ханның үш жасар немересі Махмұд сұлтанның қалмақтарға аманат ретінде берілгендігі жөнінде ештеңе айтпаса, тек «Тарих-и гузида-йи нусрат-намеде» ғана хан немересін қалмақтарға тұтқынға түсті деп баяндайды [108, 17-б.].

Б.А. Ахмедов бұл жағдайды, яғни хан немересінің аманатқа берілуін Әбілхайыр ханның қалмақ тайпасының жоғарғы билігін мойындауымен түсіндіреді [102, 67-б.]. Біздің ойымызша, Б.А. Ахмедовтың бұл пікірі асыра айтылған пікір. Егер шынымен де жағдай Б.А. Ахмедов айтқандай болса, онда ол туралы деректер шайбанилық шығармаларда айтылмаса да, жағдайдың барлығын жіті бақылап отырған темірлік деректерде, әсіресе, Абдарразак Самаркандиде айтылған болар еді. Ол туралы шағатайлық шығармаларда да ешқандай мәлімет жоқ. Соған қарағанда Әбілхайыр хан Үз-Темір тайшының саяси билігін емес, оған белгілі бір көлемде салықтар мен төлемдерді жыл сайын төлеп тұруға міндеттенген секілді. Ал соның кепілдігіне үш жасар немересі берілген. Жеті жылдан кейін Махмұд сұлтан өз еліне үлкен құрметпен қайтарылады [108, 17-б.]. Жалпы алғанда, 1457 жылғы шайқас – Әбілхайыр хандығындағы барлық қайшылықтардың бетін ашады, «көшпелі өзбектер» мемлекетінің саяси тарихында бір кезеңнің аяқталып, келесі кезеңнің яғни, күйреу кезеңінің басталғандығын көрсетеді. Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған ордаежендік тайпалардың бір бөлігінің бөлініп кетуі – соған дәлел бола алады. Бұған дейінгі тараушаларда бөлінудің себептері, түрткі болған оқиғалары қарастырылғандықтан, бұл жерде оларды қайталап жатуды артық деп санаймыз.

Хандықтың құрылу барысындағы алғашқы және өте маңызды оқиға – бөлініп кету болғандықтан бірден соған ауысайық.



Үз-Темір тайшы бастаған қалмақтар жорығы 1457 жылдың жаз айларында болғандықтан, Әбілхайыр хан секілді Керей, Жәнібек және ордаежендік басқа да сұлтандар өздерінің қоластындағы ру-тайпаларымен бірге сол тұста күндерін жайлауда өткізіп жатқан. Дерек мәліметтерінде баяндалғандай, Әбілхайыр хан қалмақтар жорығы туралы хабардың растығына көз жеткізгеннен кейін, ол жарлық шығарып, Бахтияр сұлтан мен Ахмед сұлтандарды әскердің басшысы етіп бекітеді. Кухистани Көк Кесене түбіне аттанған шайбанилық сұлтандар мен шибанилық ру-тайпа басшыларының тізімін көрсетеді, бірақ онда ордаежендік әулет өкілдері мен ордаежендік әулетті қолдайтын тайпа атаулары кездеспейді [110, 168-б.].

Шайқастың нәтижесінен хабардар болған ордаежендік әулеттің басшылары Әбілхайыр тарапынан болатын қарсы әрекеттерді алдын-ала сезген. Мұхаммед Хайдар Дулати бір дерегінде «Жошы әулетінің кейбір сұлтандары одан келер бір пәлені сезіп, оны болдырмауға тырысты», – десе, келесі бір дерегінде «Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашты», – деп жазады [129, 348-б.; 133, 305-б.; 110-б.]. Көріп отырғанымыздай, Әбілхайыр хан өзін қолдамағандарға қарсы жазалау шараларын жүргізген. Керей мен Жәнібек Әбілхайыр ханға қарсы топтың жетекшілері болғандықтан, ханның негізгі соққы бағыттары өздері мен ұлыстарына бағытталғанын көре біліп, оны болдырмаудың жолы деп Моғолстанға кетуді ұйғарған.

Егер де Керей мен Жәнібек аздаған адамдармен кетсе, онда олар жылдың қай мезгілі болғанына қарамастан көшкен болар еді. Олардың соңында ордаежендік ру-тайпалардың бір бөлігі болуы себепті олар жылдың қай мезгілінде болса да ауа көшіп кете алмайтын еді. Көшпелі мал шаруашылығы ол тайпалардың негізгі шаруашылық түрі болғандықтан, олар тек жайлаудан қайтар кезде ғана көтеріле көшіп, бұрынғы дәстүрлі қысқы тұрақтарына емес, Моғолстанға бет алған. 1996 жылы белгілі археолог М. Елеуұлының Шу, Талас өңірлеріндегі ел аузынан жинаған тарихи аңыз-әңгімелерінің бір тобы «ҚазҰУ Хабаршысының» тарих сериясында жарық көрді [151, 6–12-б.]. Сол тарихи аңыз-әңгімелер арасында Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты екі дерек кездеседі. Бірінші аңыз «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елімен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға кетіпті», – деп басталса, келесі бір аңызда «Қара күзде



Сырдан қопарыла көшкен қалың елді Керей мен Жәнібек сұлтан­дар Мойынқұмға бастап кетіпті», – делінеді [151, 7-8-б.]. М. Елеуұлы бұл аңыздардың бірін 1924 жылы туылған Шәуенов Жүзімқұл деген ақсақалдан 1976 жылы тамыз айында жазып алғанын, ал келесі аңызды 1899 жылы туылған Назарқұлов Жүнжұма деген ақсақалдан алғанын айтады [151, 7–8-б.]. Бұл жерде екі аңыздың маз­мұнында «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуі жөніндегі дерекке ұқсастығы бар. Ұқсамай­тын жеріне көшіп кетудің «тышқан жылы және қара күзде, қыс түсе» деген уақытты көрсетуі жатады. 1457 жылдың қай жылға жататынын білу үшін деректерге назар аударып көрелік. Құхистани да, Махмұд бен Уәли де Әбілхайыр ханның қайтыс болған жылын «874 (1469–1470) жылы тышқан жылы» деп жазады [110, 171-б.; 136, 361-б.]. 1469–1470 жылдың алдындағы тышқан жылына 1457–1458 жылдың жататынына ешкім күмән туғызбас болса керек. Олай болса, аңыздағы тышқан жылы жазба деректегі тарихи оқиғалар­дың уақытымен сәйкес келеді.

Ал «қара күз», «қыс түсе» деген сөз тіркесі қараша-желтоқсан айларын білдіретінін ескере отырып, бұл мезгілдің күзеу, күзеуден қыстауға ауысатын мезгіл екенін білеміз. Олай болса, аңыздағы мезгілді көрсететін мәліметті дұрыс деуге болады.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, Керей мен Жәнібек бастаған ру-тайпалар Сығанақ түбіндегі шай­қастан кейін Әбілхайыр ханның қаһарынан қорқып, сол жылдың күз айының соңында дәстүрлі қыстауларына бармай, Шу өзенінің бойына келеді. Мұхаммед Хайдар Дулати «Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағын­дағы Шу өзені алқабындағы Қозыбасыны берді», – деп айтады [133, 110-б.]. Ал Махмұд бен Уәли бұл өңірді берудің себебін: «Сол кездерде Моғолстанда Шағатай хан ұрпақтарынан Уәйіс ханның ұлы Есенбұға хан билік жүргізіп тұрды. Сол тұста Әмір Темір курэканның (*Шыңғыс хан әулетіне күйеу – Б.К.*) ұлы Мираншах­тың, оның ұлы Сұлтан-Мұхаммед мырзаның ұлы Әбу Саид мырза Ирактан Жүніс ханды шақыртып, оған көмек пен жәрдем береді де, інісіне қарсы жібереді. Сол себепті Есенбұға хан билігінің не­гізіне сызат түсіп, соған байланысты бұл хан Жәнібек хан мен Керей хандардың келуін адамдар /үшін/ қайырымдылық пен ізгіліктің көзі деп санады. Ханзадалардың келуіне құрмет көрсетіліп, келісім



берілгеннен кейін, хан оларға Моғолстанның батыс өңірін ұсынды. Ол өңір Есенбұға ханның /иелігі/ мен Жүніс ханның иктасы арасында болды. Бұл өңір Шу және Қозыбасы деген /атаумен/ белгілі болатын», – деп түсіндіреді [136, 352-б.]. Қозыбасы – Тарғаптың қарсы бетіндегі Қордайда орналасқан тау жайлауы [123, 265-б.]. Енді осы географиялық атауларды карта бойынша анықтасақ, онда Керей мен Жәнібектің Есенбұға ханнан алған аймағының шекарасы – Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауы мен Шудың төменгі ағысы бойындағы алқаптар арқылы, батысы – Талас өзенінен, шығыста Іле өзеніне дейінгі, ал оңтүстікте – Іле Алатауының солтүстік тау жоталары мен қыраттары арқылы өткен. Бұл аймақ – Есенбұға хан үшін, біріншіден, оның Моғолстанның Жетісу жағындағы иеліктерін Әндіжан маңындағы Жетікент деген жерді иелікке алған Жүніс хан тарапынан болатын жорықтардан қорғап тұрса, екіншіден, дәл сондай міндетті Әбілхайыр хан тарапынан болар жорықтарға байланысты атқарып тұрды. Жүніс ханның Моғолстан аймағына жақын келуіне байланысты билігінің іргесі сөгіле бастаған Есенбұға хан жоғарыда айтылған аймақты Керей мен Жәнібекке беру арқылы өзіне сенімді одақтас табады да, өмірінің соңына дейін тақ билігіне ағасын жолатпайды. Оны Махмұд бен Уәлидің: «Есенбұға ханның тірі кезінде /оған/ жоғарыда айтылған хандардың (*Керей мен Жәнібекті айтып отыр* – Б.К.) көмегі мен тірегі арқасында Жүніс хан тәкаппарлықпен аяғын үзеңгіге сала алмады», – деген мәліметі осыны дәлелдейді [136, 353-б.]. Басқаша айтқанда, бұл дерек мәліметі Жүніс ханның Моғолстанда Есенбұға ханның тірі кезінде хан бола алмағанын көрсетеді. Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінің бір жерінде: «Сұлтан Жүніс хан екінші рет Мырза Сұлтан Әбу Саид та Моғолстанға келгенде, мұндағы әмірлердің барлығы тағы да хан маңына жиналды. Хан Моғолстанда біраз тұрды. Жетікентте тұрақтап қалды. Бірақ Есенбұға ханға тиесілі иеліктерге кіруге батылы бармайды», – дейді [133, 113-б.]. Осылайша, 1457 жылдың соңында Керей мен Жәнібектің Моғолстанның батыс жағындағы Шу өңіріне келіп қоныс тебуі арқасында, Есенбұға хан ағасы Жүніс ханға қарсы өзіне сенімді одақтас табады да, 1461/1462 жылы қайтыс болғанға дейін оның иелігіне ешқандай қауіп бола қоймайды.

Енді Керей мен Жәнібекке қайта оралайық.



Біз бұған дейінгі тараушаларымызда Керей мен Жәнібектің Шу бойына келуі – 1457 жылдың күзінің соңында, ал келгендер саны шамамен, 100 мыңдай адам болған деп айтқанбыз. М. Елеуұлының жариялаған аңыздарының бірінде келуді «қара күзде» болған десе, ал екіншісінде «қыс түсе» деп көрсетеді. Деректердегі мәліметтердің баяндалуын хронологиялық тұрғыдан қарастырсақ, мынадай жайттарды аңғарамыз. Керей мен Жәнібек бастаған ру-тайпалардың Шу өңіріне қоныстануы, Керейдің хан болғандығы, Есенбұға ханның иелігіне Жүніс ханның аяғын аттап баса алмағандығы, Есенбұға хан қайтыс болғаннан кейін қазақ билеушілері мен Жүніс хан арасында жақсы қатынастардың қалыптасуы жөнінде айтылады [136, 352–353-б.]. Соған қарағанда Керейдің хан болып сайлануы Шу бойынан көшіп келгеннен кейін және Есенбұға хан қайтыс болғанға дейін жүзеге асқан. Жазба деректер ол жөнінде нақты айтпаса да, М. Елеуұлының аңызында оған қатысты былай делінеді: «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елмен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынкүмге (*Ұланбелден Хан тауына дейінгі аралық сөз болып отыр – М.Е.*) жетіпті. Құмды қыстап шыққан қалың ел көктемде Тұлпарсазда Керейді ақ киізге көтеріп, хан сайлап өздерін «қазақ» деп атапты» [151, 7-б.]. Аңыздың мәліметіне сүйенсек, Керейдің хан болып сайлануы – 1458 жылдың көктем айларының бірінде, мүмкін наурыз айында жүзеге асқан. Хан сайлау процесі аса маңызды болғандықтан, әсіресе, жаңа әулеттің алғашқы ханын сайлау сол елдің өміріндегі ерекше маңызды оқиға болып саналатындықтан, оған билеуші әулет өкілдері ерекше мән беретіндігі өз-өзінен түсінікті. Хан сайлау жиынына билеуші әулет өкілдерінен басқа дін басылары, ру-тайпа көсемдері, мен батырлары және басқа әлеуметтік топ өкілдері қатысады. Қазақ қоғамында хан сайлау дәстүрі ХІХ ғасырдың соңына дейін сақталып, ол жөнінде орыс авторларының еңбектерінде баяндалады. А.И. Левшинның жазуы бойынша хан сайлау үшін алдын-ала оның уақыты мен өткізілетін жері белгіленеді, әртүрлі «жеке кеңесулер» өткізіліп, хан сайлауға әрбір топтың өкілдері анықталады, негізгі үміткер анықталғаннан кейін жалпы жиында ол ақ киізге отырғызылып, сұлтандар мен ру-тайпа көсемдерінің қолдауына ие болып, үш рет киізбен жоғары көтеріледі [156, 126–127-б.]. Бұл дәстүрді Керейді хан көтергенде қолданды деуге болады.



Ал енді Керейді хан көтерген мезгілге келетін болсақ, біздің ойымыз жоғарыда айтып өткен аңыздағы уақытқа сай келеді. Керей мен Жәнібек бастаған ордаежендік ру-тайпалар үшін 1457 жылдың соңында ең басты мәселе қыстау, қыста жайылатын орындарын таңдау, оларды белгілеу, елді қоныстандыру және т.б. шаруашылық мәселелер болған. Ал көктем шыға алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізіліп, жас жағынан Жәнібекке қарағанда үлкендеу Керей хандық билікке отырғызылады. Керейдің хан болып сайлануымен Қазақ хандығының құрылу барысындағы бірінші кезеңді аяқталды деуге болады.

Осылайша, тарих мінберіне көтерілген Қазақ хандығын сол кездер үшін толыққанды, дербес хандық деуге толық болмайды. Өйткені, дербес хандық деу үшін оның нақты территориясы мен халқы, билеуші әулеті мен ханы, басқару әкімшілігі мен құрылымы, өзіндік жүргізетін дербес саясаты және мемлекетке қажетті тағы басқа шарттары қажет болатын. Керейдің хан сайлануымен мемлекет үшін ең басты шарттардың бірі орындалады, яғни жаңа хандық – Қазақ хандығы дүниеге келеді. Орта ғасырларда хан – тек жоғарғы билікті иеленген адам ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің символы болып есептелген. Жазба деректерден хан болмаған жағдайда елдің тарап, халықтың басқа хандарға көшіп кететін мысалдарын кездестіруге болады. Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстанның алғашқы ханы Тоғылық Темір ханның балалық кезіне қатысты: «Әкемнен, әкемнің ағайындарынан «Алла олардың жанын жаннатта қылғай» және моғолдардың көне көз қарттарынан естігенім, Тоғылық Темірдің әкесі Есенбұғаның Сатилмиш Хатун атты бәйбішесі болған. Оның Меңлік атты сүйікті тоқалы да бар еді. Сатилмиш хатун бедеу-тұғын. Сондықтан ханда бала болмаған», одан әрі Есенбұға ханның қайтыс болғанын баян етеді де, «моғол тағы хансыз қалды, ұлыс күйреп, бүліншілікке түседі», – деп жазады [133, 44–45-б.].

Ал Әбілғазы болса Хорезмде хан болған Жошы хан әулетінің өкілдері жөнінде айта келіп, Теміршайх туралы: «... Теміршайхтың жігіт кезінде қалмақтан екі мың кісі келіп, елін шауып кетті. Теміршайхтың қаһары келіп, әскерінің жиылуын күтпестен жаудың артынан қуып барып соғысып еді, жеңілді, өзі сол соғыста өлді. Баласы жоқ еді, елін жауға шаптырды, төресінен айырылды. Патшасынан не ұл, не іні қалмады. Үш үмітсіздік біріне-бірі жиналды.





Сондықтан халық өзге төреге кетті», – деп баяндайды [117, 122-б.]. Осы дерек мәліметтерінен ханның мемлекет үшін ең басты рөл атқарғандығын көруге болады. Сол себепті де Керейдің хан сайлануын біз, Қазақ хандығының құрылуымен тікелей байланыстырамыз.

Осылайша, Керейдің 1458 жылдың көктем айларының бірінде хан болып сайлануымен Қазақ хандығының құрылуы барысындағы алғашқы кезең аяқталды. Осы кезең ішіндегі оқиғалардың тарихи маңызын атап өтер болсақ, біріншіден, Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр ханнан бөлініп кетуі – олардың Қазақ хандығын құрудағы алғашқы қадамы болды және Әбілхайыр хандығының тарихындағы күйреу кезеңінің тереңдегенін көрсетіп берді. Екіншіден, Шу өңіріне келіп қоныс тепкен ордаежендік тайпалар жаңа этникалық атауға – «өзбек-қазақ» атауына ие болды. Бұл дегеніміз этникалық процестің жаңа, ұлттық сипатқа ие болғандығын көрсетеді. Үшіншіден, хандық билікті қалпына келтіріп, Керейдің хан сайлануы – ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылымды дүниеге алып келгендігін көрсетіп береді.

Сөйтіп, таза ұлттық негізде құрылған Қазақ хандығы толыққанды мемлекет мәртебесіне ие болуы үшін әлі де болса өзінің қалыптасуы барысында бірнеше сатыны бастан өткеруі қажет болды.

Шартты түрде екінші сатыға – 1458 жылдың көктем айларынан – 1461/1462 жылға дейінгі, яғни Есенбұға хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатады.

Осы аралықта Қазақ хандығының қалыптасуы барысындағы маңызды оқиғаларға мыналарды жатқызамыз. Біріншіден, Моғолстанның батыс жағында мемлекет құрып алған ордаежендік тайпаларға Әбілхайыр ханға наразы немесе оған қарсы шыққандар бірте-бірте Керей мен Жәнібек хандарға келіп, қосыла бастайды.

Екінші маңызды оқиғаға – Жүніс ханға қатысты оқиғалар жатады. 1457 жылдың қазан айында Әбу Саид мырзаның қолдауымен Моғолстанның іргесіне келген Жүніс ханды бірінші болып Ыстықкөл маңындағы құнжы, бекжак тайпаларының әмірі Керімберді, әмір Қажы Пір, әмір Ибрагим секілді басшылары мойындайды. Жүніс хан тайпа әмірлерімен жақындасу үшін осы жылдың соңында Әмір Қажы Пірдің қызы Исан Даулет бегімге үйленеді [133, 113-б.]. 1458 жылдың күзіне дейін Жүніс ханның маңайына біршама моғол тайпалары жиналады. Ыстықкөл тайпаларын өзіне қаратқаннан кейін Жүніс ханның алдында екі бағыт тұрды, бірі – Жетісу

аймағындағы тайпаларға билігін орнату арқылы бүкіл Моғолстан тағы үшін күресу болса, екіншісіне – бірден Моғол ханы Есенбұға ханға қарсы аттанып, тақты күрес арқылы тартып алу жатты. Бірақ та Жетісудағы тайпаларды өзіне қарату үшін оған Жетісудың батыс өңіріндегі Қазақ хандығы тосқауыл жасап тұрғандықтан, Жүніс хан бірінші жолдан бас тартып, екінші жолды таңдайды. Осы жерде Есенбұға хан есебінің өте дұрыс шыққандығын айтып өтпесе болмайды. Керей мен Жәнібек хандарға Жетісудың батысын беру арқылы ол бүкіл Жетісу аумағындағы тайпаларға Жүніс ханның ықпалын болдырмау жоспарын жасады. Қазақ хандығымен күресуден бас тартқан Жүніс хан 1458 жылдың жаз айының соңы – күз айларының басында Моғолстанның Шығыс Түркістан жағындағы Қашғарға көзін тігеді. Бұл кезде Есенбұға хан Моғолстанның шығыс жағындағы Жұлдыз жайлауында болатын. Жүніс ханның Қашғарға аттанғанын естіген Есенбұға хан тез арада Қашғар маңына келеді. Ағасы мен інісі арасындағы шайқас Қашғардың Ақсу жанындағы Хансалар деген жерде өтіп, өте қиындықпен Есенбұға хан мен әмір Саид Әлі жеңіске жетеді (*Мұхаммед Хайдар Дулатидың үшінші атасы – Б.К.*). Жүніс хан қашуға мәжбүр болады, бірақ әйелі жаңа туған үлкен қызы Михр Нигар ханым және қызметшілері тұтқынға түседі.

Жүніс ханның Исан Дәулет бегімге 1457 жылдың соңында үйленгенін, олардың тұңғыштары Михр Нигар ханымның емшекте болғанын ескеріп, Хансалар ұрысы 1458 жылдың тамыз-қыркүйек айларында өтті дейміз. Осы шайқасқа қатысқан Дулатидың арғы атасы әмір Саид Әлі 862 (1457 ж. қараша -1458 ж. қараша) жылы, яғни, 1458 жылдың қазан-қараша айларының бірінде қайтыс болды [133, 113–114-б.].

Сөйтіп, Жүніс ханның Моғолстан тағын иеленуге бағытталған алғашқы әрекеті сәтсіздікке ұшырайды. Есенбұға ханның өз тағын сақтап қалуына Қазақ хандығы да өз септігін тигізеді. Қазақ хандығы Махмұд бен Уәлидің жазғанындай «Есенбұға ханның иелігі мен Жүніс ханның иктасы аралығында орналасып», Жүніс ханға бүкіл Жетісу тайпаларының қосылуына кедергі жасайды.

Әбу Саид мырза өзіне қашып келген Жүніс ханға екінші рет қолдау көрсетеді. Бұл жолы оған Әндіжан аймағының Жетікент деген жерін басқаруға береді [133, 114-б.].



Дулатидың көрсетуі бойынша Жүніс хан Әбу Саид мырзаға екінші рет қайтып келгенде моғол әмірлері оның маңына қайта топтаса бастайды. Ол Жетікентте тұрақтап қалады. «Бірақ Есенбұға ханға тиесілі иеліктерге кіруге батылы бармайды» [133, 117-б.].

«Тарихи-Рашиди» авторының осы мәліметі Жетісудың батыс жағында құрылған Қазақ хандығының елеулі саяси күшке айналғанын көрсетеді. Сөйтіп, Қазақ хандығы сол жылдары Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі оқиғаларға тікелей араласпаса да, саяси күш ретінде ондағы билік үшін күресуші топтар арасында танылады, Қазақ хандығын олар мойындауға мәжбүр болады. Бұл – біздің ойымызша, Қазақ хандығының құрылуы барысының екінші сатысындағы ең басты жетістігі болып табылады.

Қазақ хандығының құрылуы кезіндегі үшінші сатыға 1461/1462–1469/1470 жылдар аралығы жатады. 1461/1462 жылы моғол ханы Есенбұғаның қайтыс болуымен және оның мұрагері Дос Мұхаммедтің хан тағына келуімен Моғолстанның ішкі саяси өмірінде күрделі өзгерістер жүреді де, ол өзгерістер Қазақ хандығына да ықпал етеді. Енді осы мәселені тереңірек қарастыралық.

«Есенбұға хан ажалы жетіп дүниеден озған соң, орнына ұлы Дос Мұхаммед хан патша тағына отырады. Оның жасы он жетіде болатын. Ол парасатты адамдар қатарына жатпайтын, көптеген істері ақылға қонбайтын еді, оның үстіне бір сәт болса да мастықтан есін жинаған емес [Мисра]:

Жүретұғын жері лас, отыратын тағы лас,

Ақылды жан аулақ жүр, жынды бүгін тағы мас!», – деп Мұхаммед Хайдар Дулати оның жеке басына осындай сипаттама сөздерді қосып жазады [133, 115–116-б.]. Мемлекетті басқару ісіндегі негізгі принциптердің еленбеуі, жас ханның ішкі саясатында белгілі бір мақсаттың, жүйеліліктің болмауы Моғолстанның Шығыс Түркістан жақ бөлігіндегі әмірлер арасында жіктер мен алауыздықтарды туғызады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, «Тарих-и Рашиди» авторының арғы атасы Әмір Саид Әлі 862(1457–1458) жылы қайтыс болғаннан кейін, артында қалған екі ұлдың үлкені – Сансыз мырза моғолдардың саясаты бойынша әкесінің орнына әмір болады да, Жаркентті өзіне орда етеді. Ал кіші ұлы – Мұхаммед Хайдар мырзаға жомарттықпен Қашғар мен Ианги Хисарды береді [133, 115-б.]. Сансыз мырзаның шешесі шорас тайпасынан, ал Мұхаммед Хайдар мырзаның анасы – Жүніс ханның әпкесі Ұрун сұлтан ханым да, әйелі – Есенбұға ханның қызы Даулет Нигар ханым болды [133, 115-б.].



Әмір Саид Әлінің тұсында Шығыс Түркістандағы моғол тайпалары арасында алауыздық жоқ болатын, ал бар болса байқалмайтын. Әмір Саид Әлі көп ұзамай Есенбұға хан қайтыс болғаннан кейін, Дос Мұхаммедтің билігі басталысымен тайпа басшылары арасында жік пайда болып, ол кеңейе түседі. Дулатидың жазуына қарағанда, Мұхаммед Хайдар мырза күйеу баласы болғандықтан, Есенбұға ханмен жақсы байланыс орнатты, ал ол болса, дүние салғаннан кейін Дос Мұхаммед ханмен жақсы болды, ал Сансыз мырза Жүніс ханды қолдауға мәжбүр болды [133, 115-б.]. Сол себепті ағайынды екі мырзаның арасында араздық пайда болды. 863 (1464–1465) жылы Сансыз мырза аңда жүріп аттан құлап, жарақат алады да, көп ұзамай қайтыс болады. Осы кезде ешбір себепсізден Дос Мұхаммед хан әскерімен Жаркентке аттанып, Сансыз мырзаның әйелі мен үлкен ұлы Әбу Бәкірді өзімен бірге ала кетеді. Қашғарға да аттанып, қаланы тонауға ұшыратады да, өз астанасы Ақсуға қайтып оралады. Ханның бұл ісіне Мұхаммед Хайдар мырза қатты ренжіп, ол енді Жүніс хан жағына шығады [133, 115–117-б.]. Осылайша, Моғолстанның Ыстықкөл жанындағы Жүніс ханның күші молая түседі. Ал Дос Мұхаммедханның, жоғарыда айтып өткеніміздей, өзінің қоластындағы қалаларға әскерімен барып, оларды тонауға ұшыратуын түсініп білу өте қиын. Ханның мұндай саясаты оның абырой-атағы мен беделін төмендетіп, жақтастарын азайтады, қарсыластарын көбейтеді.

Осы тұстағы Қазақ хандығы мен Дос Мұхаммед хан арасындағы қарым-қатынастардың қандай болғаны белгісіз, ол жөнінде «Тарих-и Рашидиде» ешқандай мәліметтер айтылмайды. Соған қарамастан, екі арадағы қатынастарды мөлшерлеп, шамалап айтуға болады. Есенбұға хан тұсындағы дәстүрлі қатынастардың көбін бұзып, ешбір принциптерге негізделмеген саясат жүргізген Дос Мұхаммед хан Моғолстанның Жетісу жағындағы Қазақ хандығымен де жақсы болмаған секілді. Оның Шығыс Түркістан жақтағы жүргізген саясатының барысы осындай ойға жеткізеді. Қазақ хандығы үшін Дос Мұхаммед ханның бұл саясатының тиімді жағы болды деуге болады. Егерде Есенбұға хан тұсында Моғолстанның Жетісу аймағындағы батыс бөлікті иемденіп, оған белгілі бір дәрежеде тәуелді болған болса, Қазақ хандығы жаңа моғол ханының саясаты нәтижесінде дербестене бастайды. Бірақ та оны толық жеке хандық деуге әлі ерте болатын. Моғолстанның ішкі саяси



өміріндегі қатынастарда қазақ билеушілері қарсыласушы жақтардың ешқайсысын қолдамай, дербестік саясат ұстайды. Жүніс ханның жақтастары көбейіп, күші одан сайын арта түседі. Соған қарамастан, Жүніс хан билік үшін ашық күреске шықпай, Шығыс Түркістандағы саяси дамулар барысын бақылап, оның ақырын күтеді.

Жетісудағы Қазақ хандығы үшін осы жылдар бір жағынан саяси күш ретінде күшею, көршілерге танылу жылдары болса, екінші жағынан алғанда, алғашқы тарихи сындарға төтеп беру жылдары болып саналады. Әбілхайыр ханға наразы болған жекеленген ру-тайпалардың Қазақ хандығына келіп қосылуы осы жылдары да жалғаса береді. К.А. Пищулина осыған қатысты: «... Жәнібекпен және Кереймен көптеген жошылық сұлтандар, сондай-ақ ру-тайпа басшыларының өкілдері Моғолстанға келді. Көшіп кету одан кейін 15 жылдай уақытқа созылды, әсіресе, ол процесс 1468 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін күшейе түсті», – деген ойды білдіреді [25, 252-б.].

Осылайша, «көшпелі өзбектер» ханның көз алдында кеше ғана одан бөлініп кеткен қарсыластары Керей мен Жәнібек Әбілхайыр ханнан бөлініп кетушілер есебінен әрі көбейе әрі күшейе түседі. Басқаша айтқанда, Әбілхайыр ханның ұзақ жылдар бойы соғыстар арқылы күшпен қалыптастырған мемлекетінің іргесі оның көз алдында сөгіле бастайды. Ол мемлекеттің күйреу процесін тоқтатудың бірден-бір дұрыс жолы деп Моғолстанның батыс жағындағы Қазақ хандығын жоюды қажет деп тауып, өмірінің соңғы жылы өзінің соңғы жорығын жүргізеді.

Әбілхайыр ханның бұл жорығының «көшпелі өзбектер» елінің тарихында, Қазақ хандығының құрылуы тарихында алатын орны маңызды болғандықтан, ол мәселе арнайы қарастыруды қажет етеді. Жорықтың барысына кіріспес бұрын, алдымен жорық қарсаңындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Моғолстан және Темір әулеті мемлекеттерінің саяси дамуындағы маңызды оқиғаларға талдау жасап, олардың жорыққа жалпы қатысын анықталық. Әсіресе, 1469 жылғы Моғолстандағы ішкі саяси жағдайдың барысы – жорықтың себептері мен мақсатын анықтауға мүмкіндіктер береді.

Жалпы алғанда, Әбілхайыр ханның Моғолстанға жорық жасауының себебі түсінікті. Өзіне бағынбаған Керей мен Жәнібек сұлтандарға және олардың соңына ерген ру-тайпаларға Жетісуда қоныстануға рұқсат берген моғол ханы Әбілхайырдың жауы, әрі



қарсыласы болғаны белгілі. Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп келгеннен кейін, бірден оларға қарсы Әбілхайыр хан бірнеше себептерге байланысты жорық жасай алмайды. Бірінші себепке – 1457 жылғы қалмақтардан жеңілуіне және ордаежендік тайпалардың бір бөлігінің бөлініп кетуіне байланысты күшінің әлсіреуі жатса, Керей мен Жәнібек сұлтандарға жорық жасау – Моғолстанға қарсы соғыс ашуды білдіргендіктен, күші әлсіреген Әбілхайыр хан оны уақытша тоқтата тұруға мәжбүр болады. Бұл – Әбілхайыр ханның Керей мен Жәнібекке қарсы бірден жорық жасамағандығының екінші себебіне жатады.

Ал 10 жылдан астам уақыт бойы Әбілхайыр ханға наразы болған ру-тайпалардың Қазақ хандығына қосылу процесінің жүруі «көшпелі өзбектер» елі ханын жорық жасауға итермелейді. Әлі де болса күш ала қоймаған Жетісудағы Қазақ хандығын талқандау арқылы ол негізгі қарсыласын жоюды және өзіне бағынышты тайпалардың бөліну процесін тоқтатуды мақсат етеді. Бірақ та Моғолстан ханының қоластындағы аймаққа жорық жасауға жүрегі дауаламаған секілді.

1469 жылдың бірінші жартысында Темір әулеті мемлекеті мен Моғолстанда қалыптасқан саяси жағдай Әбілхайыр ханға жорық жасауға мүмкіндік береді. Біз бұған дейін темірлік әулеттің өкілі Әбу Саид мырзаның 1451 жылы жаз айында Әбілхайыр ханның тікелей әскери көмегі арқасында Самарқан тағына ие болғанын айтқанбыз. 1458 жылдың соңында ол Герат қаласын алып, Мауереннаһр мен Хорасанды қайта біріктіреді. Иранға толық үстемдік орнатуға оған Иранның батысындағы Қарақойлы әулетінің мемлекеті (1410–1467) кедергі жасайды. 1459 жылы Әбу Саид мырза қарақойлылар билеушісі Жаһан Шахпен бейбіт келісім жасайды. 1467 жылы Қарақойлы мемлекеті құлап, орнына Батыс Иранда Аққойлы мемлекеті құрылады. Бұрынғы Қарақойлы мемлекетінің астанасы Тебриз қаласы Аққойлылардың астанасына айналады. Аққойлы мемлекетінің күшеюіне жол бермеу үшін Әбу Саид мырза 100 мыңдық әскерімен Аққойлы билеушісі Ұзын Хасанға қарсы аттанады. 1469 жылдың қысын Муган қаласында өткізген хорасандық әскер бүкіл ат көліктерінен айырылады, әскер аштыққа ұшырайды. Ұзын Хасан әскері Әбу Саид мырза әскерін қоршауға алып, ақыры жеңіліске ұшыратады. Қолға түскен Әбу Саид мырза осы жылы өлтіріледі [273, 353–354-б.; 85, 236–237-б.; 274, 230–231-б.].



Темірлік мырзаның өлімі Хорасан мен Мауереннаһрдағы саяси тұрақтылықты саяси бытыраңқылыққа айналдырады. Ең алдымен, Әбу Саид мырзаның басты қарсыласы Хұсайын Байқара бас көтереді. Ол 1460 жылдан бері Әбілхайыр ханның қолдауына сүйеніп, бірнеше рет Хорезм аймағына өз билігін орнатқан болатын. Бірақ та Самарқан билеушісінің тықсыруымен ол Дешті Қыпшаққа қашуға мәжбүр болған еді [102, 144–145-б.]. Б.А. Ахмедов Абдразақ Самарканди мен Хондемирдің мәліметтеріне сүйеніп, оның Әбу Саид мырзаның қаза табар қарсаңында Әбілхайыр хан Ордасында болғандығын айтады [102, 145-б.]. Соған қарағанда Әбу Саид мырзаның 1469 жылдың қыс айларының соңы – көктемнің басында өлтірілгені туралы хабар Дешті Қыпшаққа сол жылдың көктем айында белгілі болған. Өте тез қимылдаған Хұсайын Байқара әуелі Хорезмді, кейін Гератты алады. Осы жылдардағы Хорасан мен Мауереннаһрдағы оқиғаларды А. Мюллер: «Темірлік мырзаларға бірлік деген ұғым өте жат болатын, Әбу Саид мырзаның артында қалған он бір ұлы жағдайды өте қатты қиындатты. Одан басқа мырзаның өлімі Хұсайын Байқараның Хорасанға қарсы жорыққа аттануына мүмкіндік берді. Әртүрлі қақтығыстардан кейін онымен және Әбу Саид мырза ұлдары арасында тіл табысылады. Әбу Саидтың ұлдарының төртеуі: үлкені Ахмед мырза Самарқан мен Бұқарада, үшінші ұлы – Махмұд мырза Бадахшанда, төртінші ұлы Омаршейх мырза Ферғанада, ең кіші ұлдарының бірі Ұлықбек мырза Кабул мен Ғазия аймақтарында өз биліктерін сақтап қалады. Ал қалған аймақтардың бәрінде Хорасан, Саджестан, Балх, Хорезмде Хұсайын Байқараның билігі орнайды», – деп баяндап түсіндіреді [133, 117-б.].

Сөйтіп, Әбілхайыр ханның соңғы жорығы қарсаңында Темір әулеті мемлекетіндегі саяси жағдай күрт өзгеріп, империя бірнеше дербес иеліктерге бөлініп кетеді. Бұл өз кезегінде Әбілхайыр ханның Моғолстан жаққа жорық жасауына жол ашқандай әсер етеді.

Әбілхайыр ханның Моғолстан жаққа қарай жорықты бастауына түрткі болған оқиғаға – 1469 жылы моғол ханы Дос Мұхаммедтің кенеттен қайтыс болуы жатты. Мұхаммед Хайдар Дулати оның қайтыс болған жылын: «Дос Мұхаммед мырзаның өкпесіне суық тиіп, алтыншы күні көз жұмады. Ол жиырма төрт жаста еді. Жеті жыл патшалық етті 873 (1468–1469) жылы қайтыс болды», – деп түсіндіреді [133, 117-б.]. Қазіргі біздің жыл санауымыз бойынша хижраның 873 жылы – 1468 жылдың 22 шілдесі мен 1469 жылдың 11 шілдесі аралығына сәйкес келеді [287, 16-б.].



«Мырзаның өкпесіне суық тиді» деген дерекке қарағанда, Дос Мұхаммед хан 1469 жылдың қыс айының соңында немесе көктемнің басында қайтыс болған секілді. Бірақ та бұл туралы хабар Әбілхайыр ханға кеш жеткен деп есептейміз. Өйткені Әбілхайыр хан жорыққа шығу туралы шешімді жайлауда жүргенде қабылдайды. Біздің ойымызша, егерде моғол ханының қайтыс болғандығы жөніндегі ақпарды ол Сыр бойындағы қыстауда естіген болса, онда Шығыс Дешті Қыпшақтың солтүстік жағына жайлауға көшпеген болар еді.

Дос Мұхаммед ханның қайтыс болуы Моғолстанның Шығыс Түркістан жағындағы ішкі саяси өмірді біршама шиеленістірді. «Тарих-и Рашидиде» ол туралы: «Бұдан соң ел бір-бірімен тартысып, берекелері кетті», – делінеді [133, 117-б.]. Ондағы әмірлердің бір тобы Жүніс ханды қолдаса, екінші бір тобы Дос Мұхаммед ханның ұлы Кебек Сұлтан оғланды алып, Турфан жаққа кетеді [133, 117-б.].

Осындағы, Моғолстандағы саяси жағдайдан хабардар болған Әбілхайыр хан өзінің негізгі мақсатын жүзеге асыруға уақыттың жеткенін біліп, бірден жорыққа дайындалады.

Сөйтіп, 1469 жылдың басынан бергі Мауереннаһр мен Моғолстандағы саяси жағдайлар Әбілхайыр ханға 1457 жылға дейінгі мемлекетінің қуаты мен өзінің беделін қалпына келтіруіне қолайлы жағдайлар қалыптастырады. Мауереннаһрда үш дербес иелік пайда болып, бір-бірімен алауыз болып жатқанда олар Әбілхайыр ханның қайта күшеюіне тосқауыл қоя алмас еді. Моғолстанның оңтүстігіндегі әмірлер арасындағы бірліктің болмауы, Жүніс ханның әлі де болса Ақсудағы билікке отыра қоймауы да Әбілхайыр ханның Жетісудағы Қазақ хандығын талқандап, ол аймақты өз мемлекетіне қосып алуына ешқандай кедергі жасай алмаған болар еді. Жалпы қорытып айтқанда, Әбілхайыр ханның 1469 жылғы Моғолстан жаққа жорығы қарсаңындағы бүкіл аймақтағы саяси жағдайлар ол үшін өте қолайлы болды. Мұндай сәтті өз пайдасына шешу үшін «көшпелі өзбектер» елінің билеушісі бірден жорыққа аттану туралы шешім қабылдайды.

«Көшпелі өзбектер» елі билеушісінің 1469 жылғы Моғолстанға жасалған жорығы туралы зерттеу жұмыстары өте аз. Біз өзіміздің бірнеше мақалаларымызда оған арнайы тоқталып, ондағы кейбір мәселелерді түсіндіруге тырыстық [137, 17–20-б.; 288, 624-б.]. Бұл жорықтың Қазақ хандығының қалыптасуы кезеңінде, оның ішінде,





үшінші сатысында алатын маңызы өте ерекше болғандықтан, оған тереңірек тоқталуды жөн санап отырмыз.

XV–XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихының көптеген мәселелері шығыс жазба деректері ішінде шибанилық шығармаларда көп көрініс тапқаны белгілі. Бұл топтағы шығармалардың өзіндік бір ерекшелігіне – әулет билеушілері мен сұлтандарының өмірін, соғыстары мен жеңістерін мадақтау, марапаттау, ал жағымсыз жақтары жөнінде жақ ашпау жатады. Сол себепті де Әбілхайыр ханның бұл соңғы жорығы өз мақсатына жетпегендіктен, осы жорық барысында ханның өзі ауырып қайтыс болғандықтан, шибанилық туындылардың ешқайсысы бұл жөнінде ешқандай мәліметтер бермейді. Керісінше, аштраханилық топқа жататын «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» шығармасында осы жорық оқиғалары біршама тәуір баяндалады. Тіпті бұл тарихи шығармалардағы осы жорыққа қатысты деректерді бірден-бір жалғыз деуге болады. Олай болса, осы шығармалардағы дерек мәліметтеріне сүйеніп, Әбілхайыр ханның 1469–1470 жылғы соңғы жорығын талдап қарастыралық.

Махмұд бен Уәли жорықтың нақты қай жылы және қай айда басталғанын айтпаса да, оны жорық барысындағы кейбір оқиғалармен салыстырулар арқылы анықтауға болады. Ханның қайтыс болған жылы мен айы – 874 жылғы қыстың алғашқы айы болса керек. Ол қазіргі жыл санау бойынша – 1469 жылдың желтоқсанына сай келеді [136, 359–360-б.]. Осыны ескере келе Әбілхайыр хан жорықты 1469 жылдың күзінің басында бастаған деп санаймыз.

Махмұд бен Уәли Әбілхайыр ханның жорыққа дайындығы туралы: «... Кенеттен ол (*Әбілхайыр хан – Б.К.*) моғол сұлтандарының билігіндегі Моғолстанның қалған жерлерін бағындыруды ойластырып, әскер жинауға жарлық береді. Хан жорығына сәйкес барлық ел мен ұлыстардағы басшылар айтылған уақытта өздерінің ондықтарымен, жүздіктерімен және мыңдықтарымен Еділ бойындағы хан ордасына келуі тиіс болды», – деп баяндайды [136, 358–359-б.]. Махмұд бен Уәли Әбілхайырдың жорыққа аттанған, әскерінің жиналған жері деп Еділ өзенінің бойын өз дерегінде бірнеше рет атап өтеді [136, 359-б.]. Одан ары жорықтың жүрген бағытына үңілсек, Әбілхайыр хан Еділ өзені бойынан аттанып, Ала-Так маңынан өтеді де, Қызыл Надыр жайлауының жолымен жүре отырып, бірнеше асулардан асады. Одан әрі Жеті Құдық деген жерге келіп тоқтайды [136, 359-б.]. Қызыл Надыр жайлауы Талас өзенінің

төменгі ағысында, қазіргі әкімшілік жүйе бойынша Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының шекаралары түйіскен жерде болған [110, 552-б.]. Көрсетілген географиялық атаулар бойынша Әбілхайыр ханның жорық бағыттары: Еділ-Алатау-Қызыл Надыр-Жетіқұдық арқылы жүрген болып шығады. Енді осы жорық бағытына карта бойынша көз салсақ, Әбілхайыр хан мол әскерімен Еділ бойынан аттанып, Алатау маңына жеткен, одан әрі кейін оралып, Қызыл Надырға барған да, қайтадан 180 градусқа бұрылып, Жетіқұдық деген жерге келіп тыныстаған. Әрине, талай жорықтарды басынан өткерген және Шығыс Дешті Қыпшақты бес саусағындай жақсы білетін «көшпелі өзбектер» ханы қалың қолымен бұлайша жүрмеген. Біздің ойымызша, жорық бағытындағы географиялық атауларды көрсетуде дерек авторы, не болмаса деректі көшірушілер тарапынан қателіктерге жол берілген. Егерде біз жорық басталғандағы географиялық атауларды дәл анықтасақ, онда жорық бағыты анық айқындалады да, Әбілхайыр ханның соңғы жорығының қайда және кімге қарсы бағытталғандығын нақты біле аламыз. Олай болса, жорықтың бағытындағы географиялық атаулардың көрсетілуіне көңіл аударалық.

Орта ғасырлық шығармалардың кезінде түпнұсқадан талай рет көшірілгені белгілі. Осындай көшірулер барысында түпнұсқадағы кейбір адам есімдері мен жер-су атаулары қате жазылуы мүмкін екендігін деректану ғылымы мойындайды. Сондай-ақ араб әліппесімен жазылған шығармаларды көшіруде «б», «т», «и» және т.б. әріптердің үстіндегі немесе астындағы ноқаттары артық не кем болса, тіпті, көрсетілмеуі сөзді мүлде өзгеріске ұшыратады. Осыған орай, «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» кітабының түпнұсқасын көшіру кезінде көшірмешілер тарапынан жоғарыдағыдай қателер кеткен деп есептейміз. Қателерге байланысты Әбілхайыр ханның жорық бағыты да қате көрсетілген.

Алдымен, Әбілхайыр ханның жорықты бастаған жері – Еділ өзенінің атауына тоқталалық. Еділ өзені – Дешті Қыпшақ аумағындағы ең белгілі, ең танымал өзендердің бірі. Орта ғасырлық деректерде бұл өзен – Итил, Атил деген атаулармен кездеседі. Махмұд бен Уәли енбегінде Әбілхайыр ханның әскер жиған жері Еділ өзенінің бойы деп жазылса да, біз оны дұрыс деп есептей алмаймыз. «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиардан» үзінді аударып, оған түсініктемелер жазған К.А. Пищулина «Әбілхайыр әскерінің жиналған



жері басқа бір өзеннің жағасы болған, ол көшірушілер тарапынан өзгеріске ұшыраған», – деп есептейді [110, 552-б.]. Біз де ғалымның осы пікірін қостай отырып, Әбілхайыр ханның Еділ өзені бойында әскер жиюі мүмкін еместігін мынадай дәлелдермен келтіреміз.

Біріншіден, Ноғай биі Оқастың тұсында оның Әбілхайыр ханмен ордадағы достығы қатты көрініп, маңғыт тайпалары мен шибандық тайпалар «көшпелі өзбектер» қауымдастығын құраса, Оқас би қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері Әбілхайыр ханнан ат құйрығын кесісіп, маңғыт тайпаларынан бөлініп кетеді. Еділ мен Жайық аралары маңғыттардың негізгі қонысы болып қалғандықтан, басқа бір мемлекет басының өз елінің аумағында емес, көршілес елдің аумағында әскер жиды дегеніне ешкім илана қоймайды.

Екіншіден, маңғыт билері Әбілхайыр ханға Еділ бойында әскер жинауға мүмкіндік берді дегеннің өзінде, Жетісу жеріне қарай жорыққа аттанбақ болған Әбілхайыр ханның қолбасшылары өз әскерлерін Шығыс Дешті Қыпшақтың әр ұлысынан Еділ бойына алып келген, одан кейін қайтадан Жетісуға қарай аттанған дегенге ешкім сене қоймайды.

Сонда Әбілхайыр хан Шығыс Дешті Қыпшақтың қай өзен бойында әскер жинаған? – деген заңды сұрақ өз-өзінен туындайды. Біздің ойымызша, ол өзен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған, сондай-ақ ол өзеннің айтылуында, не жазылуында Еділ сөзіне ұқсастығы болған. Сонымен қатар ол өзен жергілікті жердегі кішкене өзендердің бірі емес, Дешті Қыпшақ пен Мауереннаһрға танымал Сырдария, Ертіс, Жайық, Шу, Талас, Жем секілді өзендердің бірі.

Біздің ойымызша, Әбілхайыр хан әскерінің бас қосып, жиналған жері – Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Тобыл өзенінің жоғарғы және орта ағысы бойы болған. Оған біздің бірнеше дәлеліміз бар. Бірінші, Тобыл өңірі – XIII ғасырдың 20-жылдарынан бері Шибан әулетінің иелігіндегі жер және осы өңірде 1428 жылы 17 жасар Әбілхайыр хан тағына отырғызылған. Екінші, жорыққа дайындық жаз айларында басталып, хан әскер жию туралы жарлығын Шығыс Дешті Қыпшақтың солтүстігіндегі жайлаулардың бірінде жинаған. Жайлаудың негізінен өзендерге жақын, өзендер маңында болатынын ескерсек, онда Шибан Ұлысы аумағындағы үлкен өзеннің бірі – Тобыл өзені болғандықтан, хан әскерінің бас қосар жері осы өзен бойы деп белгіленген. Үшінші, Тобыл сөзі араб әріпімен **اش** деп жазылады. Осы сөзді көшіру барысында оның Еділ (Итыл, Атил)

сөзіне ауысу мүмкіндігі өте көп. Итил сөзі – араб әліппесі бойынша **اش** деп жазылғандықтан, екі сөздің, яғни Тобыл мен Итил сөздерінің дауысты дыбыстарсыз әріптік құрылымы бірдей болып, олардың ауысуы әбден мүмкін. Біздің ойымызша, түпнұсқадағы Тобыл сөзін көшіру барысында көшірмелер астыңғы және үстіңгі нөқаттарды шатыстыру арқылы Итил сөзіне айналдырып жіберген.

Осылайша, жоғарыда айтылған дәлелдеулерімізді қорыта келе, Әбілхайыр хан 1469 жылы жаз айында өзінің ежелден бергі ата-баба иелігіндегі жайлауда болып, жорық жасау туралы шешімді осында қабылдаған. Сондай-ақ осы өңірдегі Тобыл өзенінің бойы әскерлердің бас қосатын жері боп белгіленген. Сөйтіп, жорықтың бағытындағы алғашқы географиялық нүкте – Тобыл өзені болған деп санаймыз.

Тобыл өзені бойынан Моғолстан бағытына қарай баратын жолдағы екінші географиялық атау – Ала-Таг деп аталады. Біз бұл атауды Алатау емес, Орталық Қазақстандағы Ұлытау деп қабылдаймыз. Араб әріптеріндегі дауысты а, ә, ұ, ү, дыбыстары бір ғана әріп, / – әлифпен берілгендіктен, «ала» сөзін «ұлы» деп оқимыз. Ал «таг», «так» сөзінің көне түрік тілінде «тау» деген мағынасын білдіретіні көпке мәлім. Сонда дерек мәліметіндегі Ала-Так сөзі – Ұлытау сөзі болып шығады. Шынында да, Тобыл бойынан Моғолстан жаққа апарар ең қысқа және түзу жол Ұлытау арқылы өтеді. Алдыңғы бетте Қызыл Надырдың қай жерде екендігін айтып өттік. Осы анықталған үш географиялық нүкте арқылы: Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр бағыттарымен түзу сызық жүргізсек, онда Әбілхайыр ханның жорығы Моғолстанның Жетісу аймағының батыс жағындағы Қазақ хандығына қарсы бағытталғанын байқаймыз.

Әбілхайыр ханның әскер жию туралы жарлығынан кейін, әскердің жиылуы, оларды тексеру және соншама мол әскермен Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр арқылы жүру біршама уақытқа созылады. Хан әскерлері Қызыл Надырдан Жетісуға қарай бірнеше асу жер жүріп, Жетіқұдық деген жерге жеткенде күн суыта бастайды. Соған қарағанда, Әбілхайырдың жорық жасау жөніндегі шешімі мен жарлығы жаздың соңында шығып әскердің жиылуы мен аттаныс күз айларында болған. Махмұд бен Уәлидің: «... осы мезгілде қалың қар түсіп, құйындата жаңбыр жауды және күшті жел соғып, суық ең жоғарғы белгіге жетті», – деген дерегі күздің соңы немесе қыс айының басталғанын көрсетеді [136, 359–360-б.]. Одан әрі ол биылғы қыстың басқа жылдармен салыстырғанда өте суық және қар аралас жаңбырлы болғанын айтып өтеді [136, 360-б.].

Суыққа қарамай Әбілхайыр хан жорықты жалғастырып, ұлдарының бірі Көшкінші сұлтанды әмір Жұлдыз тархан, Хасанбек ойрат, Жәлел оғлан, Сатылмас найман, Сейітбек қоңырат, Темір маджар, Тошбек Қыпшақ және тағы да басқа әмірлермен бірге әскердің авангарды ретінде алға жібереді. Аққышлақ деген жерге жеткен кезде суықтың күшейгені соншалық, хан әскерін сақтау үшін жорықты тоқтатуға мәжбүр болады. Осы кезде Әбілхайыр ханның өзі де суықтан қатты ауырып, емшілердің қолданған еміне қарамастан Аққышлақ деген жерде қайтыс болады. Махмұд бен Уәли оның өлген жылын «елу жеті жасында 874 (1469 шілде – 1470 маусым) жылы, тышқан жылында», – деп көрсетеді [136, 361-б.]. Дәл осы жылды өз еңбектерінде Қухистани, Ходжамкули бек Балхи да айттып өтеді [110, 171-б.; 210, 393-б.]. Осылайша, Әбілхайыр ханның соңғы жорығы өз мақсатына жетпей, ханның қайтыс болуымен аяқталады. Сөйтіп, Қазақ хандығына төнген қауіп, өзінен-өзі сейіледі.

Осы жылдардағы Қазақ хандығының ішкі саяси өміріндегі жағдайларды баяндайтын дерек мәліметтер жоқ. Сондықтан да ол жөнінде пікір айту қиын.

Енді хандықтың құрылу барысындағы 1461/1462–1469/1470 жылдардағы үшінші саты оқиғаларына талдаулар жасалық.

Өзіміз шартты түрде бөліп отырған үшінші саты маңызды болып саналады. Біріншіден, осы жылдары Қазақ хандығына Әбілхайыр хандығынан бөлінген ру-тайпалардың келіп қосылуы үзілмей жалғаса береді. Бұл процесс хандықтағы адам санының арта түсуіне алып келді.

Екіншіден, Есенбұға ханның мұрагері Дос Мұхаммед ханның билік құрған жеті жылы ішінде 866 (1461/1462) – 873 (1468–1469) Моғолстанның ішкі саяси жағдайы өте нашарлап кетеді. Ханның жүргізген саясатында нақты бір принциптердің болмауы әмірлердің арасында жікті ұлғайтып жібереді. Ал ол қайтыс болғаннан кейін әмірлер карама-қарсы екі топқа бөлінеді де, бірі – Ыстықкөл жақтағы Жүніс ханды қолдаса, екінші біреулері – Дос Мұхаммед ханның жас ұлы арқылы өз үстемдігін сақтап қалуды мақсат етеді. Мұндай жағдайда Моғолстанның Жетісу жағындағы Қазақ хандығы бірте-бірте дербестене бастайды.

Үшіншіден, осы саты ішіндегі ең ірі оқиғаға – Әбілхайыр ханның Қазақ хандығына қарсы бағытталған жорығы жатып, жорықтың мақсаты – Моғолстандағы саяси жағдайды пайдалана



отырып, Жетісудағы Қазақ хандығын жою болғаны анықталды. Мауереннаһрдағы саяси бытыраңқылық та Әбілхайыр ханның жорық ұйымдастыруына қолайлы жағдайлар жасайды.

Төртіншіден, жорық барысына талдау жасау барысында кейбір түсініксіз жайттарға көңіл аударылып, оларға ғылыми түсіндірулер берілді. Әбілхайыр ханның жорығы барысында ауырып қайтыс болуы – жорықты аяғына дейін жеткізбейді.

Сөйтіп, осы үшінші сатыда Қазақ хандығына басты қарсыла-сыннан төнген қауіп оның қайтыс болуына байланысты сейіліп, өзі-нің қалыптасуы барысындағы соңғы сатыға аяқ басты.

Біз Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі соңғы, төртінші са-тыға Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан қазақ билеушілерінің Шы-ғыс Дешті Қыпшақ аумағында билігі толық орныққанға дейінгі аралықты жатқызамыз.

1470 жылдан бастап Қазақ хандығы Моғолстанның саяси қам-қорлығынан шығып, дербес, толыққанды мемлекет атануға мүмкін-дік алады. Шығыс Дешті Қыпшақ, Мауереннаһр аумақтарында және Моғолстанның Шығыс Түркістан аймағындағы саяси жағдайлар оған өте қолайлы алғышарттар әзірлейді. Дос Мұхаммед ханның қайтыс болуынан кейін моғол тағына ешбір қиындықсыз Жүніс хан отырады. Бірақ та оған алғашқы кездерде моғол әскерлерімен тіл табысу қиындықтар туғызады. Ол туралы «Тарих-и Рашиди» авторы: «Сол күндері Жүніс хан бірнеше рет Қашғарға барды, алай-да, Моғолстан әмірлерінің ешқайсысы Қашғарда тұрақтай алмады. Хан шарасыздықтан қайта оралған болатын... Ол жөнінде қысқаша мынаны айтуға болады. Жүніс хан Қашғарда шаһарда тұруды ар-мандайтын. Бірақ моғолдың әскері мен әмірлері қаладан қашқақ-таған-ды. Сол себепті де хан Моғолстанда тұруға мәжбүр болды. Сансыз мырза өлген соң, Мұхаммед Хайдар мырза Жүніс ханмен жақындасты. Осы екі арада Дос Мұхаммед хан да өлді. Жүніс хан Ақсуға барып, Дос Мұхаммед ханның халқын өзіне қаратады.

Алайда, Жүніс хан Ақсуда қалғысы келетін еді, себебі Ақсу Моғолстанға қарағанда қалаға ұқсайтынды. Бірақ моғолдардың жүріс-тұрысынан бұлар егер біршама уақыт тұратын болса, елдің көңілінің Сұлтан Кебек оғланға (*Дос Мұхаммедтің ұлы – Б.К.*) ауа-тынын байқайды. Сондықтан хан амалсыздан бар елін Моғолстанға әкетуге мәжбүр болды», – деп баяндайды [133, 117–118-б.]. Осылай-ша, 1470-жылдардың басында Жүніс хан Моғолстан ханы боп



мойындалса да, ол моғол әмірлері арасындағы алауыздықтарды тоқтата алмайды.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, Мауереннаһр аймағында да Әбу Саид мырзаның өлімінен кейін саяси тұрақтылық саяси бытыраңқылыққа ауысып, мырзаның үш ұлы ондағы өз иеліктерінде жеке-дара билік жүргізеді.

Ал Әбілхайыр ханның қайтыс болуынан кейін «көшпелі өзбектер» еліндегі этносаяси ахуал мүлде шиеленісіп кетеді. Бұл туралы жазба деректерде мынадай мәліметтер кездеседі. «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабында «Әбілхайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды», – делінсе, екінші кітабында «Әбілхайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды», – деп сипатталады [133, 110-б.; 306-б.]. Әбілғазы болса, «Оның *(Әбілхайырды айтып отыр – Б.К.)* ұлдары мен немерелері көп еді, көп дұшпан оларға да қол сұқты, балаларының бірнешеуін өлтірді, қалғандары төрт жаққа қашты. Көп елінің барлығын тоз-тоз қылды», – деп жазады [117, 126-б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидың бірінші кітабындағы мәліметтен біз «көшпелі өзбектер» еліндегі 1470 жылдардың басындағы ішкі саяси жағдайдың қалай дамығанын байқаймыз. «Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды» деген мәлімет Әбілхайыр хан өлгеннен кейін билеуші әулет өкілдері арасында хан тағын иеленуге байланысты бірнеше топтың болып, олар арасында күрестер мен қақтығыстардың жүргенін білдіреді. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Тарих-и Кипчаки», «Фирдаус ал-икбал», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар», «Түрік шежіресі» секілді деректердің мәліметтерінен біз Әбілхайыр ханнан кейін таққа Әбілхайырдың ұлдарының бірі Шайх Хайдар мен шибанилық әулеттің өкілі, Арабшахтың шөбересі – Иадгардың таласқанын көреміз [108, 19-б.; 111, 56-б.; 136, 359–360-б.; 117, 126-б.]. Билікке таласушылардың шығу тегіне қарап мұрагерлік мәселесіндегі екі дәстүрдің – моңғолдық және түркілік дәстүрлердің күресін көруге болады. Әбілхайыр ханның қанша қызы болғанын дерек мәліметтері айтпаса да, оның он бір ұлы болғаны белгілі. Олар ханның төрт әйелінен және күңінен дүниеге келеді. Бүркіт тайпасынан алған әйелінен – Шах Бұтақ-сұлтан мен Қожа Мұхаммед, Маңғыт әйелінен – Мұхаммед сұлтан мен Ахмед,



коңыраттан алған әйелінен – Шайх Хайдар, Санжар, Шайх Ибрагим, 1451 жылы алған Ұлықбектің қызы Рабиға сұлтан бегімнен – Көшкінші мен Сүйініш қожа, ал Ақ Бурук пен Сайд Баба атты ұлдар – күннен туылады [136, 354-б.]. Үлкен ұлы Шах-Бұтақтың әкесінің тірі кезінде қаза тапқаны белгілі, ал Қожа Мұхаммед Әбілғазы жазғандай «ақылы кем кісі болатын» [117, 128-б.]. Оқас бидің қайтыс болуынан кейін шибанилық әулеттің маңғыт билерімен қарым-қатынасы нашарлап кетуіне байланысты маңғыт әйелден туған Мұхаммед пен Ахмед сұлтандарды әулет өкілдерінің қолдамайтыны белгілі.

Рабиға сұлтан бегімнен дүниеге келген Көшкінші мен Сүйініш қожа сұлтандар – 16–17 жаста болатын. Ал коңырат әйелден туылған үш ұлдың үлкені, Әбілхайыр ханның бесінші ұлы – Шайх Хайдарды Болаттың Ибрагимінен өсіп-өнген жиырмадай сұлтан қолдайды. Ал шибанилық Болаттың Арабшахынан тарайтын Иадгар сол кезде Болат әулетіндегі ең жасы үлкені болғандықтан хандық билікті иеленуге ол да үміт артады. Бұған дейінгі келтірілген «өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасты», – деген Дулати мәліметі осы екі үміткер арасында болған қақтығыстарды айтса керек.

Арабшах ұрпағы Иадгар 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі Әбілхайыр ханның қалмақтардан жеңілісінен кейін өз ұлысында хан болып сайланған еді [116, 436-б.]. Оны билікке үлкен ұлы Буреке сұлтан мен маңғыт биі Мұса отырғызады [116, 436-б.]. Сырдың төменгі ағысының бойындағы өз ұлысында билік құрған Иадгар хан енді Әбілхайыр ханнан кейін түркілік дәстүр бойынша Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибанилық әулеттің ең үлкені ретінде «көшпелі өзбектер» тағына отырмақ болады.

Бірақ та Шайх Хайдар хан мен Иадгар хан арасындағы таластар ұзаққа созылмайды. Иадгар ханның қандай жағдайда қайтыс болғанын деректер айтпайды, бірден оның қайтыс болғандығын және оның орнын Шайх Хайдар ханның иеленгенін баян етеді [111, 56-б.]. Дәл осыдан кейін Иадгар ханның ұлы Буреке сұлтан бұған дейін Әбілхайыр хан мен ұлдарына, шибан әулетіне адал қызмет етіп келсе, енді билеуші шибан әулетіне ашық күреске шығады. Біз ол туралы төменде әлі тоқталамыз.

Біздің бұл қарастырып отырған мәселеміз – Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы жылдарда болған «көшпелі өзбектер» еліндегі ішкі саяси жағдайлар. Ал енді осы жылдардағы «көшпелі өзбектер» жұртындағы ру-тайпаларға да тоқталып көрелік.





Бұл туралы өте қысқа болса да маңызды мәліметті Мұхаммед Хайдар Дулати береді. Ол Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі оның еліндегі алауыздықтарды баяндай келе: «Жұрттың көпшілігі Керей мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп айта бастайды», – деп жалғастырады [133, 110-б.]. «Тарих-и Рашидидің» тағы бір жерінде ол «әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз һәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады. Олар осылай күшін нығайтты», – деп сипаттайды [133, 306-б.]. Бұл дерек мәліметтері Әбілхайыр ханның өлімінен кейін «көшпелі өзбектер» елінде таққа таласушы екі топтың арасында кәдімгідей күрестердің жүргендігін көрсетеді. Кезінде Керей мен Жәнібек хандарға әртүрлі себептерге байланысты ілесе алмаған ру-тайпалар енді жаппай түрде көше бастаған секілді. Жаңадан қосылушылар есебінен Қазақ хандығының күші де өсе бастайды. Біздің ойымызша, олар ордаежендік және шибандық ру-тайпалар болған.

Иадгар ханның қайтыс болуынан кейін оның ұлысындағы биліктің Буреке сұлтанға тимей, Шайх Хайдар ханның қолына өтуі үміткердің қарсылығын туғызды. Сөйтіп, Болат әулетінің ішінде де жік пайда болады. Осындай жағдайды пайдаланып, Қазақ хандығы тарапынан Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибан әулетінің билігін жою үшін алғашқы күрестер басталады. «Тарих-и Кипчаки» авторы: «Бузург-хан [қайтыс] болғаннан кейін мемлекеттің басты адамдары ханзадаларымен ұйғарыса келе, Шайх Хайдарды билікке алып келді. Ол жуастау және әлсіз адам болатын, басқару ісінде [өз бетінше қадамдар] жасауға дәрменсіз еді. Сол себепті де Жәнібек ханның ұрпақтарының бірі Бұ[рын]дық хан өз ұлысын біріктіріп, Әбілхайыр ханның ұлдарына бас салды. Оларда қарсылық [көрсететіндей] күш болмады, сол себепті жан-жаққа қашып кетті, олар кейін қайтқаннан соң [бұлар] қайта жиналды», – деп мәлімет береді [210, 393-б.].

Бұл мәліметте автор Бұрындықты Жәнібектің ұрпағы және оны хан деп қате жазғанына карамастан, негізінен дерек Қазақ хандығының шибан әулетіне қарсы күресінің басталғанын көрсетеді. Сөйтіп, Қазақ хандығы он жылдан астам уақыт бойы Моғолстанның Жетісу аймағында болып, енді қайтып оралу үшін қорғаныстан шабуылға шыға бастайды.

Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибан әулетіне қарсы күресті Қазақ хандығымен қатар басқа да қарсыластар жүргізеді. Олар – Батыс



Сібір аумағындағы шибанилық әулет бұтағының өкілдері Сайдек хан, оның немере інісі Абак (Ибак) хан, Сырдың төменгі ағысы бойындағы шибанилық әулет өкілі, Иадгар ханның ұлы – Буреке сұлтан, маңғыт билері – Едігенің ұрпақтары – Аббас, Мұса және Жаңбыршы билер [108, 19-б.; 111, 56-б.; 136, 359–360-б.]. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» мәліметінде Шейх-Хайдар ханға қарсы күрескен Қазақ хандығы жағынан Барақ ханның ұлдары – Жәнібек пен Керейдің есімдері аталса, қалған шығармалардың мәліметтерінде тек Жәнібек ханның есімі ғана аталып, Керей есімі кездеспейді. Соған қарап біз Қазақ хандығының алғашқы ханы болған Керей – 1470 жылға таман дүниеде болмаған деп санаймыз. Бұған дейінгі келтірілген мәліметтердің бірінде қазақ билеушілерінің Шейх Хайдар ханға қарсы жасаған алғашқы жорығында Бұрындықтың «хан» титулымен аталуы да біздің осы ойымызды негіздей түседі.

Әбілхайыр ханның мұрагері Шейх Хайдар ханға қарсы күрескен қарсыластардың сол тұстағы мемлекеттері мен ұлыстарының аумағына және ондағы билеушілердің іс-қимылдарына назар салсақ, біз Қазақ хандығының қалыптасу кезіндегі соңғы сатының аяқталған жылын анықтауға мүмкіндік аламыз. Дерек мәліметтерінде бірінші болып айтылатын Сайидек хан мен оның немере інісі Ибак ханға тоқталайық. Батыс Сібір аумағындағы бұл билеушілер – Шибан әулетіне жатады. Олардың шығу тегі деректерде былайша беріледі: Шыңғыс хан – Жошы – Шибан – Баһадүр – Жошыбұқа – Мыңтемірхан – Бекқонды – Әли – Қажымұхаммед, оның ұлдары – Сейидек хан, Махмүдек хан және Махмүдек ханның ұлдарының бірі – Ибак хан [108, 19-б.; 111, 56-б.; 136, 359–360-б.]. М.Г. Сафарғалиев Сібір хандығын 1420 немесе 1421 жылы Едіге бидің ұлы Мансұрдың қолдауымен Шибанилық Хажымұхаммед хан қалаған дейді [49, 476-б.]. Қадырғали Жалайыр ол туралы: «Негізінде Өзбекия арасында кең тараған хикаяда былай айтылады. Едіге би опат болады. Мансұр би болды. Хажы Мұхаммед оғланды Мансұр би хан көтереді. Бірі хан, бірі би болып жүрер еді. Мансұр биді Барақ хан өлтірді. Онан соң бір күні Хажы Мұхаммед ханды да Барақ өлтірді. Және тағы Хажы Мұхаммед ханның ұлы Мұхаммед тек [өзі] хан еді», – дейді [77, 119-б.]. Шайх Хайдар хан билікке келген тұста Сібірде Махмүдектің ұлы Ибақ билікте болатын. Ал Хажымұхаммед ханның бір ұлы Сайидек хан Сібірде бір ұлыстың билеушісі болса керек. Өйткені кейбір деректерде ол жалпылама



түрде «хан» титулымен аталынса, ал Ибақты «хан» титулымен нақты көрсетеді [136, 362-б.]. М.Г. Сафарғалиев XV–XVI ғасырлардағы Сібір хандығының аумағы мен шекараларын: « ... Сібір хандығы Батыс Сібірдің көп бөлігін алып жатты. Батысында ол Ноғай ордасымен, Қазан хандығымен шектеседі. Оңтүстік шекарасы мен Тобыл өзендерінің жоғарғы ағысы бойымен өтіп, Ноғай ордасымен түйіседі», – деп көрсетеді [49, 476–477-б.].

Біздің ойымызша, Алтын Орда тарихының зерттеушісі Сібір хандығының оңтүстіктегі шекарасын көрсетуде қателікке бой алдырған. «Көшпелі өзбектер» мемлекетінің солтүстіктегі шекарасын Әбілхайыр хан тұсында Сібір хандығымен шектеліп жатса, ол қайтыс болғаннан кейін Есіл мен Тобыл өзендерінің маңы маңғыттардың билігіне өте қойған жоқ. Бұл өңірлер мен оған іргелес аймақтарда Әбілхайыр ханның ұлдары мен өзге де шибанилық сұлтандардың ұлыстары болды. Сол себепті де, біз 1470 жылы Сібір хандығының оңтүстіктегі шекарасы Шығыс Дешті Қыпшақта Шибан Ұлысымен түйісіп жатты дейміз.

Шайх Хайдар ханның иелігі оңтүстікте Сырдың төменгі ағысы бойындағы шибанилық Иадгар ханның, оның мұрагері Буреке сұлтанның иелігімен түйісіп жатты. Ал Батыста Жем, Жайық өзендерінің орта ағысы бойындағы жерлер маңғыт тайпалары мен шибандық тайпалардың шекарасы болып есептелді. Шейх Хайдар ханның оңтүстік, батыс және солтүстіктегі қарсыластарының күресі оның Ұлысының аумағын анықтауға мүмкіндік береді. Оның ұлысы біздің есебімізше, Әбілхайыр ханның қайтыс болуынан кейін бұрынғы Шибан Ұлысының аумағына дейін қысқарған.

Жетісудағы Қазақ хандығы болса осы жылдары бұрынғы Орда Ежен ұлысының аумағына қайта келеді. Жоғарыда айтып өткен Бұрындықтың жорығы осы аумақтағы шибанилық сұлтандардың үстемдігіне қарсы бағытталып, оларды сол аумақтан кетуіне мәжбүрлеген. Бұрынғы өңірлеріне қайта оралған қазақ билеушілері Шығыс Дешті Қыпшақтың батыс, солтүстік-батыс өңіріндегі шибан Ұлысын толықтай жоюға кіріседі. Т.И. Сұлтановтың көрсетуі бойынша Шайх Хайдар ханның билігі өте қысқа болып, ол ұрыстардың бірінде қаза табады [100, 129-б.].

«Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбанинаме», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар», «Түрік шежіресі» секілді деректерде Шайх Хайдар ханға Сібір ханы Ибақ пен Үлкен



Орда ханы Кіші Мұхаммед ханның ұлы Ахмед хан бірігіп жорық жасайды, олар жеңіске жетіп, ханды өлтіреді деп айтылады [108, 20-б.; 111, 57-б.; 264, 99-б.; 136, 362-б.]. Осылайша, Шайх Хайдар ханның өлтірілуімен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы шибани әулетінің билігі де күйрейді. Көптеген әмірлер мен бектер жан-жаққа тарап кетсе, әулетке адал бір топ адам әулет өкілдерін Астрахань хандығына апарып паналатады. Бірақ ол жақта да ұзақ тұра алмай, қарсыластардың тықсыруымен қашып-пысып жүріп, ақыры Сырдың орта ағысы бойындағы Түркістан аймағына келеді [136, 362–363-б.]. Сөйтіп, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы жалғыз саяси күш – Қазақ хандығы болып санала бастайды. Белгілі зерттеуші Т.И.Сұлтанов бұл жөнінде: «Өзбек Ұлысының көп бөлігіндегі билік Керей мен Жәнібектің және олардың жақтастарының қолына өтті. Жазба дерек мәліметтерін терең талдау бұл тарихи оқиғаның 875 (1470–1471) жылы болғандығын көрсетеді», – деген тұжырым береді [100, 129-б.].

Біз де осы тарихи дерекпен келісе отырып, Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі соңғы саты аяқталды деп санаймыз. Моғолстанның саяси шеңберінен шығып, Қазақ хандығы енді осы жылдан бастап Шығыс Дешті Қыпшақтағы жеке, дербес мемлекетке айналады да, бүкіл аймақтағы саяси қарым-қатынастардың субъектісі ретінде көріне бастайды.

Енді осы тараушада айтылған ойларымызды қорытындылайық.

Біріншіден, Қазақ хандығының құрылуы бір ғана оқиғамен жүзеге асқан процесс емес, он шақты жылға созылған тарихи дамудың жемісі болып саналады. Керей мен Жәнібек хандар бастаған рутайпалар тобының Әбілхайыр хандығынан бөлініп кетуі – осы тарихи процесегі маңызды және алғашқы қадам болып есептеледі. Бөлініп кету мен кейін оралып саяси билікті қолға алу арасындағы кезеңді шартты түрде төрт сатыға бөлдік.

Екіншіден, Керей мен Жәнібек хандардың бөлініп кетуі кездейсоқ болған емес, ол Әбілхайыр хандығындағы ішкі саяси жағдайларға байланысты туындайды. Бөлініп кетудің алғышарттары мен себептері толық пісіп жетілгеннен кейін, түрткі болған оқиғаға – 1457 жылдың жазының соңы немесе күзінің басында «көшпелі өзбек» елі билеушісінің қалмақ билеушісі Үз-Темір тайшыдан жеңілісі мен одан кейінгі Әбілхайыр ханның өзін қолдамағандарға қарсы жүргізген жазалау барысындағы әрекеттері жағады. Сол



тұстағы Моғолстан ханы Есенбұғаның жағдайы өте қиын болып, туған ағасы Жүніс хан Мауереннаһр билеушісі Әбу Саид мырзаның тікелей қолдауымен Ыстықкөл маңындағы моғол тайпаларына билік жүргізіп, Есенбұға хандық билікті тартып алуға дайындалып жатқан болатын. Дәл осы кезде Керей мен Жәнібек хандар бастаған ру-тайпаларды Моғолстан аумағының бір бөлігі – Жетісудың батыс өңіріне қоныстандыра отырып, біріншіден, моғол ханы өзіне одақтас тапса, екіншіден, бүкіл Жетісу аумағының Жүніс ханға қарауына тосқауыл қояды. Осындай күрделі шиеленіскен саяси даму жағдайында Жетісудың Шу өзені бойы мен Қозыбасы тауы аралығында Қазақ хандығы ту тігеді. Бөлініп кету мен Керейдің хан сайлануы аралығын біз шартты түрде хандықтың құрылуы кезеңіндегі бірінші сатыға жатқыздық.

Үшіншіден, Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі екінші сатыда жаңадан қалыптаса бастаған хандық өзінің өміршеңдігін көрсетеді. Әбілхайыр ханға наразылар одан қашып Керей мен Жәнібекті пана тұтса, Жүніс ханның бүкіл Жетісуды иеленуіне жаңа хандық жол бермейді. Соған байланысты Жүніс хан аздаған әскерімен інісіне қарсы аттанып, Қашғар түбіндегі ұрыста жеңіліс табады.

Төртіншіден, 1461/1462 жылдан 1469 жылға дейінгі аралықтағы үшінші саты Есенбұғаның қайтыс болып, Дос Мұхаммедтің таққа отыруынан 1469 жылы оның Әбу Саид мырзаның және Әбілхайыр ханның қайтыс болуына дейінгі аралықты қамтиды. Дос Мұхаммед ханның принципсіз жүргізген ішкі саясаты нәтижесінде Шығыс Түркістан жақтағы моғол әскерлерінің арасында жік пайда болса, Жетісу жақтағы Қазақ хандығы формалды түрде Моғолстан құрамында болып есептелгенімен іс жүзінде толығымен дербестене бастайды. Керей мен Жәнібек хандарға көшіп келу – одан әрі жалғаса береді.

Бесіншіден, 1469 жылдың қысында Әбу Саид мырзаның Ирак жақта қаза табуы, Темір әулеті арасында билік үшін күрестің қайта өрбіп, Хорасанда жеке биліктің, Мауереннаһрда бірнеше иеліктің құрылуы, сол жылдың қысының соңында немесе ерте көктемінде Дос Мұхаммед ханның кенеттен қайтыс болуы – Әбілхайыр ханды Моғолстанның Жетісу жағындағы Қазақ хандығына қарсы соңғы жорығын жасауға итермелейді. Жорық Тобыл өзенінің жоғарғы ағысы бойындағы өңірден басталып, Ұлытау арқылы өтеді де, Қызыл Надырға, одан әрі Жеті Құдық деген жерге жеткен.



Шамамен, 1469 жылдың желтоқсан айында күннің суытып, ауа райының бұзылуы Әбілхайыр ханның ауырып, қайтыс болуы – жорықтың орта жолда тоқтауына алып келді. Сөйтіп, 1469 жылғы оқиғалар Қазақ хандығының құрылуы кезеңіндегі үшінші сатының аяқталғандығын көрсетеді.

Алтыншыдан, Әбілхайыр ханның қайтыс болуы мен «көшпелі өзбектер» еліндегі алауыздықтардың күшеюі ондағы ру-тайпалардың көбінің қазақ хандығына қосылуына алып келді. Біршама күшейіп алған Қазақ хандығы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы саяси билік үшін күреске белсене араласады. Шибан ұлысын талқандауға оған көршілес Сібір хандығы, маңғыт мырзалары, Сырдың төменгі ағысы бойындағы Буреке сұлтанның Ұлысы да қатынасады. Қазақ хандығының билігі осы жылдары бұрынғы Орда Ежен Ұлысының аумағына таралады. Шамамен, 1470–1471 жылы Шайх Хайдар ханның өлтірілуімен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының басым бөлігі Қазақ хандығының құрамына қосылып, Қазақ хандығы толыққанды, дербес, жеке мемлекетке айналады. Сөйтіп, Қазақ хандығының құрылуы толығымен және түпкілікті түрде жүзеге асады. Ал одан кейінгі оқиғалар – Қазақ хандығының күшеюі мен нығаюы кезеңіне жатады.

## 6.6. Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы

Қазақ хандығының тарихында, қазақ елінің тарихында Қазақ хандығының құрылуының алатын орны ерекше, маңызы жоғары болып саналады. Хандықтың құрылуы Қазақстан аумағында ежелгі замандардан бері үзілмей үздіксіз жүріп келген этникалық процестер мен XIV–XV ғасырлардағы Шығысы Дешті Қыпшақ аумағы мен оған көршілес аймақтардағы саяси құрылымдар дамуының заңды қорытындысы болып есептеледі. Сонымен бірге бұл маңызды оқиға мемлекеттіліктің дамуындағы белесті бір кезең болуымен ерекшеленеді. Осы аталған маңыздылықтарды жеке-жеке талдап, қарастыралық.

Қазақ хандығының құрылуының аса зор маңызды жағына, оның этникалық дамуын жаңа сатыға көтеруі, оны бір деңгейден екінші бір деңгейге жеткізуі жатады. Отандық тарихнамада қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңі Қазақ хандығының құрылуымен қатар жүзеге асты деген тұжырым берік орныққан [212, 260–269-б.; 25, 274-б.; 97, 253–254-б.]. Бұл тұжырымның пайда



болуы Қазақ хандығының құрылуымен байланысты екендігіне ешкім де шүбә келтірмейді.

Қазақстан аумағында этникалық процестер ең бері дегенде қола дәуірінен бастау алып, біздің заманымыздың XIV–XV ғасырларында өзінің халықтық деңгейіне көтеріледі. Этникалық процестер барысындағы этникалық элементтер мен компоненттердің аумақтық, экономикалық, саяси, діни-мәдени, тілдік, рухани ортақ кеңістіктерге бірігуі 2–2,5 мың жылдай уақыт бойы бірнеше тарихи дәуірлер мен кезеңдер арқылы жүзеге асады. Әрбір тарихи дәуірде этникалық процесс өзіндік даму жолынан ауытқымай, қажетті шарттармен толыға түседі.

Жалпы алғанда, XIII ғасыр басына дейін этникалық процесс халықтық деңгейге жақындаған болатын, ортақ этникалық кеңістік қалыптасып болған еді. Бірақ та оның толығымен шегіне жетіп, түпкілікті түрде жүзеге асуына саяси-әлеуметтік ұйым – мемлекет қажетті шарттар жасай алмайды. XI ғасырда құрылған Қыпшақ хандығы XII ғасырдың ортасынан бастап ішкі және сыртқы факторлардың нәтижесінде бытыраңқылыққа ұшырайды [43, 211–214-б.]. Ал XIII ғасыр басында ол жүйе өзінен әлдеқайда мықты мемлекеттік жүйеге – моңғолдар мемлекетіне орын береді. Соның нәтижесінде Қазақстан аумағындағы этникалық процеске жаңа бір тарихи дәуірді – моңғолдар үстемдігі дәуірін басынан өткеруге тура келді.

XIII–XV ғасырлардағы этникалық процестер алғашқы кезеңде біршама тежеуге ұшырағанымен, өзінің даму барысынан ауытқымайды. XIV ғасырдың ортасына таман Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы моңғолдық этнокомпоненттердің жергілікті этноортаға бейімделуі аяқталады, басқаша айтқанда моңғол тайпаларының қыпшақтануы аяқталып болады [50, 235-б.].

Жазба деректерде Дешті Қыпшақ тұрғындары жалпы ортақ атаумен қыпшақтар деп аталынса, XIV ғасырдың ортасынан бастап, оны «өзбектер» атауы ығыстырып шығарады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары үшін «қазақ» атауы қолданыла бастайды. Бұл этноним Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің мәреге жетіп, бір халықтың қалыптасуының аяқталғандығын көрсетеді. Қазақ хандығының құрылу барысы мен халықтың қалыптасуының аяқталу кезеңі қатар жүзеге асып, саяси жағдайларға байланысты пайда болған «қазақ» термині жаңадан тарих төріне көтерілген халыққа да беріледі. Сөй-



тіп, осыдан жарты мың жылдан астам уақыт бұрын этноним ретінде пайда болған «қазақ» сөзі күні бүгінге дейін өзі пайда болған аумақтағы халықтың атауы ретінде қолданылып келді.

Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық процесті жаңа белеске жеткізіп, қазақ халқының халық болып қалыптасқандығын көрсетті. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын этникалық тұрғыдан қарастыра келе, ол – қазақ халқының қалыптасуы кезеңін аяқтауға тікелей ықпал етті, этникалық процесті халықтық деңгейге көтерілген этносқа – «қазақ» атты этнонимді бергізді деп ойымызды түйіндейміз.

Қазақ хандығының құрылуының келесі бір тарихи маңызына, оның – XIII ғасыр басында моңғол жаулап алушылығына байланысты үзіліп қалған мемлекеттік дәстүрді жергілікті этностың дәстүріне сай қайта қалпына келтіруі жатады. XIII ғасыр басына дейінгі Қазақстан аумағындағы қыпшақтық мемлекеттік жүйе мен моңғолдық мемлекеттік жүйеде ортақ ұқсастықтар мен белгілер болса да, олардың әрқайсысында тек өздеріне ғана тән ерекшеліктер көп-ті. Мысалы, оған мемлекеттің саяси-әкімшілік құрылымының негізін билікті мұраландырудағы айырмашылықтарды, билік түрлерінің атқарушы билік түріне қарым-қатынастарын жатқызуға болады. Моңғолдық мемлекеттік жүйе жаулап алуға байланысты Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына енгізіліп, бұрынғы жүйені ығыстырып шығарады, Бірақ та оны жергілікті тұрғындардың санасы мен жадынан өшіре алмайды. Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесі моңғолдық мемлекеттік жүйенің жергілікті ортаға бейімделуімен қатар жүреді. Соның нәтижесінде моңғолдық мемлекеттік жүйеге тән ноян, баһадүр секілді терминдерді – би, бек, батыр деген жергілікті түрік-қыпшақ сөздері ығыстырады. Сондай-ақ жоғарғы билік мұралануда қыпшақтық дәстүр мен моңғолдық дәстүр арасында өзгешеліктер бар болып, XIII– XIV ғасырдың ортасына дейін моңғолдық дәстүр үстемдік құрып келді. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың ортасына дейінгі аралықтағы саяси оқиғалардың көбісінің астарында осы екі дәстүр арасындағы күресер жатты. Моңғолдық дәстүр бойынша, ханның мұрагері болып оның ұлдарының бірі сайланса, жергілікті дәстүрге сай билікті билеуші әулеттің жасы үлкен өкілі мұраланып отырған. Бұл дәстүр Алтын Ордада XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қолданыла бастайды. Ал Қазақ хандығының құрылуы – қыпшақ-





тық дәстүрдің толық жеңіске жеткендігін көрсетеді. Орыс хан ұрпақтары Шибан әулетіне қарсы күресте жеңіске жетіп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікті иеленгеннен кейін осы дәстүрді ұстанады. Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп келіп, хан сайлау барысында Керей жоғарғы билікті иеленеді. Моңғолдық дәстүр бойынша 1428 жылы қайтыс болған Барақтың ұлы – Жәнібек хандық билікке келуі тиіс болатын. Ата жолы бойынша Керейдің хан болуы – қыпшақтық дәстүрдің жеңіске жеткендігін көрсетеді.

Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы – моңғолдық үстемдікке дейінгі Қазақстан аумағындағы мемлекеттік жүйе мен дәстүрдің қайта үстемдікке шыққандығын дәлелдейді. Мұның өзі халық пен мемлекет арасындағы өзара байланыстардың орын алып, мемлекеттің халықтық сипатта болғандығын көрсетсе керек.

Сондай-ақ Қазақстан аумағында ежелгі замандардан XV ғасыр ортасына дейін әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген мемлекеттердегі билеуші әулеттер көбінесе, бір тайпадан шығып, мемлекет атауы сол тайпа атауымен аталғаны белгілі. Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттерін айтпағанның өзінде, XIV ғасырдан кейін өмір сүрген Түрік, Түргеш, Оғыз, Қарлұқ, Қимақ, Найман, Қидан, Қыпшақ мемлекеттерінің атауы осыны көрсетеді.

Сонымен бірге, XIII–XV ғасырлар аралығында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекеттік құрылымдар – Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы, Моғолстан мемлекеттері бір мезгілде өмір сүріп немесе бірінің орнына бірі келіп, сол орта ғасырлардағы Қазақстанның саяси картасын әртүрлі түспен құбылтып тұрса, Қазақ хандығының құрылуы және оның саяси дамуы әр түсті бір түске ауыстырады.

XV ғасырдың ортасынан бастап, әртүрлі саяси атаулардың орнына бір ғана саяси термин – Қазақ хандығы атауы орнығады. Бұл атау XVIII ғасырдың басына дейін Қазақстан аумағындағы жалғыз мемлекеттің атауы ретінде қолданыста болады.

Ертіс пен Еділ өзендерінің, Сырдария мен Тобылдың жоғарғы ағысының аралығындағы орасан зор аймақ XI ғасырдан бері «Дешті Қыпшақ» деп аталынып келсе, Қазақ хандығының құрылуымен оның одан кейінгі ғасырлардағы дамуы жаңа ұғымды қолданысқа енгізеді. Жоғарыда аталған аймаққа қыпшақ тайпаларынан шыққан әулет билігінің орнауы – «Дешті Қыпшақ» – «Қыпшақ даласы» деген ұғымды енгізгені белгілі. XVI ғасырдың бірінші жартысында «Қазақстан» термині алғаш рет жазба деректерде жазылып, ол



«қазақтардың мекені», «қазақтардың елі» дегенді білдіреді [110, 180-б.]. Сөйтіп, Дешті Қыпшақ атауы тарихтың еншісіне қалдырылып, жаңа атау – жаңа этносаия жағдайларға сай қызмет ете бастайды. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы – аймақтың саяси және этногеографиялық ұғымдарына да әсерін тигізіп, жаңа жағдайларға сай жаңа атауларды қалыптастырады.

Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы жоғарыда айтып өткендермен шектелмейді. Оның ерекше бір атап өтер маңызына – Қазақ хандығының құрылуының Қазақстан аумағындағы бір тарихи дәуірді аяқтап, жаңа бір тарихи дәуірге негіз қалауы жатады.

Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен жүзеге асқан бұл маңызды оқиғаны орта ғасырлық Қазақстан тарихында Түрік қағанатының, Қыпшақ хандығының құрылуымен салыстыруға болады. VI ғасыр ортасында Түрік қағанатының құрылуы – Қазақстан тарихындағы XI–XIII ғасырдың басы аралығын – Қыпшақ дәуірі деп аталатын тарихи дәуірге жатқызады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен XV ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан территориясында жаңа тарихи дәуір басталады. Ол – Қазақ хандығы дәуірі.

XV–XVIII ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ хандығы дәуірі Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Осы дәуірде ұлттық сана өсіп, халықтың өзіндік, өзіне тән ерекшеліктері айқындалады. Халқымыздың тарихи санасында өшпестей із қалдырған атақты хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздар осы тарихи дәуірде өмір сүрді. Ерлік пен елдікті паш еткізген небір айтулы тарихи оқиғалар осы дәуірдің еншісінде жатыр.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін түйіндей келе, Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі деп есептеліп, ол – этникалық дамударды халықтық деңгейге жеткізді, қазақ халқының халық болып қалыптасуының аяқталуына ықпалын тигізді, «қазақ» атты нақты этнонимді, «Қазақстан» атты жаңа этносаия терминді дүниеге алып келді, Қазақ хандығы дәуірі деп аталатын жаңа тарихи дәуірдің басталуына негіз салды деп санаймыз.

Қазіргі кезде еліміздің ресми атауы – «Қазақстан Республикасы», халқымыздың атауы – «қазақ», жеріміздің атауы – «Қазақстан» – деп аталынуының негізінде XV ғасыр ортасында құрылған Қазақ хандығы жатыр.



## VII. «ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМИ: МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Әр халықтың тарихында ғылыми жағынан да, танымдық жағынан да маңызы өте жоғары, мәні ерекше мәселелер бар. Сондай мәселелерге сол халықтың этногенезіне, мемлекеттілігіне, мәдениетіне, жеке тұлғаларына байланысты өзекті мәселелер жатса керек. Солардың ішінде кейбір мәселелер шешімін тауып, сол халықтың рухани бұлақ көзіне айналса, ал кейбір мәселелер толық шешімін таппай, әлі күнге дейін зерттеушілердің зерттеу нысанасынан түспей отыр. Сондай мәселеге – «қазақ» сөзінің шығуы, мәні мен мағынасына қатысты мәселелер жатады. Әсіресе, Қазақ Елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін бұл мәселеге деген көпшіліктің қызығушылығы артып, зерттеушілердің назарын одан әрі аударта түсті. Мұндай объективті құбылыстың себебін түсіндіріп жатуды бұл жерде артық деп санаймыз. Бір ғана сөзбен айтсақ, кез келген саналы азаматтың өз ұлтының атауының қайдан шыққандығын, қай кезден бастап қолданыла бастағандығын, қандай мән мен мазмұнды білдіретінін білгісі келетіндігі айдан анық.

«Қазақ» сөзінің шығуы мен мәніне байланысты ой білдіріп, пікір айтқан зерттеушілердің еңбектері XVIII ғасырдың ортасынан бері белгілі. Екі жарым ғасырдай уақыт ішінде «қазақ» сөзіне байланысты әртүрлі ойлар мен тұжырымдар айтқан авторлардың пікірлерін талдау – жеке арнайы зерттеуді қажет етеді. Тіпті, бұл мәселе жеке бір арнайы зерттеудің тақырыбына сұранып тұрғандай.

Біз бұл жерде қарастырып отырған мәселеміздің маңыздылығы мен күрделілігін ескере келе, «қазақ» сөзінің шығуы, мәні мен мазмұны туралы ой айтып, пікір білдірген зерттеушілердің тұжырымдарына қысқаша болса да тарихнамалық шолу жасап, өзіміздің жеке қорытындыларымызды білдірмекшіміз.

«Қазақ» сөзіне қатысты алғашқы ой-пікірлерін білдірген ғалымдардың еңбектері Ресейде XVIII ғасырдың ортасынан бері жарық көре бастайды. Содан бергі өткен 2,5 ғасыр ішінде бұл мәселеге тарихшылардан басқа қоғамдық ғылымдардың көптеген өкілдері атсалысып, өзіндік тұжырымдарын, ойларын ортаға салады. Қазіргі кезде «қазақ» сөзіне қатысты пікір айтқан ғалымдардың еңбектерін



жинақтаудың өзі үлкен іске айналып отыр. Сондықтан да біз, төменде тарихнамалық талдау жасау барысында негізінен, ғылыми тұжырымдар білдірген ғалымдардың пікірлеріне ғана тоқталамыз.

XVIII ғасырдың ортасынан қазіргі кезге дейінгі мәселенің тарихнамасын шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Бірінші тарихнамалық кезеңге – XVIII ғасырдың 50-жылдарынан – XIX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі зерттеулер жатады. 1832 жылы жарық көрген А.И. Левшиннің көлемді еңбегіндегі «қазақ» сөзіне байланысты зерттеу жұмыстары тарихнамалық кезеңнің екінші сатысы басталғандығын көрсетеді.

Енді «қазақ» сөзінің зерттелу тарихының бірінші кезеңіндегі авторлар мен олардың пікірлеріне назар аударалық.

Қарастырып отырған мәселеміз бойынша, қысқаша болса да өз пікірлерін білдіріп, «қазақ» сөзінің шығуы мен мәнін айтып өткен тарихшыларға Г.Ф. Миллер, П.И. Рычков, В.Н. Татищев, И.Г. Георги, Н.М. Карамзин, И.Г. Андреев жатады [289, 607-б.; 155, 407-б.; 290–294].

Хронологиялық тұрғыдан алғанда «қазақ» сөзіне байланысты алғашқы ойларын «Сібір тарихының атасы» атанған, Сібір тарихының көрнекті зерттеушісі Г.Ф. Миллер (1705–1783) 1750 жылы «Сібір патшалығының сипаттамасы» деген атаумен жарық көрген өзінің көптомдық «Сібір тарихы» атты еңбегінің бірінші томында айтып өтеді. Автор мұнда Сібір тарихына қатысты бір деректі талдау барысында Қазақ елі жөнінде: «Қазақ Ордасы, қазір ол Қырғыз-қайсақ Ордасы деп аталады», – дейді де, келесі бөлімдердің бірінде Сібір қырғыздарына байланысты мынадай пікір айтады: «Санкт-Петербург Хабаршысындағы» (1734 жылдың 28 қыркүйегі) түсініктемеде қырғыздарды қырғыз-қайсақтармен қателесіп шатастырған. Олар *(қазақтарды айтып отыр – Б.К.)* Жайық өзенінен шығысқа қарай Бұхара шекарасына таман өмір сүреді» [289, 190, 314-б.]. Автордың бірінші томдағы негізгі мақсаты Сібірді мекендеген халықтар жөнінде болғандықтан, онда татар, теленгут, ойрат немесе қалмақ, якут, тұңғыстар туралы кеңірек сипатталады. «Қазақ», «қырғыз-қазақ» сөзіне Г.Ф. Миллер, қазақтардың Сібір халықтарымен байланысына қатысты ғана тоқтаған. Г.Ф. Миллердің «қазақ» сөзіне талдау жасамаса да, біз оның Сібірдегі Чулым, Оба, Енисей өзендері бойында өмір сүрген Сібір қырғыздары мен қазақ



халқын бір халық деп түсіндіріліп келген сол кезеңдегі тұжырымды жоққа шығарып, қазақтарды Жайықтан шығысқа қарайғы Бұхараға шекаралас өңірде өмір сүретін жеке халық деп көрсетуін – қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесі деп білеміз.

«Қазақ» сөзіне байланысты өзіндік пікір білдірген XVIII ғасырдың II жартысындағы тарихшының бірі – П.И. Рычков болды. Ол 1762 жылы «Орынбор топографиясы» атты еңбегін Миллердің ай сайын шығатын «Сочинения и Переводы» («Шығармалар мен аудармалар») атты журналында жариялайды. Енбектің құндылығын ескеріп, Орыс Императорлық География Қоғамының Орынбор бөлімі Орынбор қаласында 1887 жылы жеке кітап етіп шығарады [155]. Автор Орынбор өлкесінде тұратын халықтардың бірі ретінде – қазақтарға арнайы тоқталады. Онда қазақтарды «қырғыз-қайсақ» немесе «қырғыз» деп атағандықтан автор бірден қателікке ұрынады. Ол өзіне дейін жарық көрген Миллердің еңбегі мен В.Н. Татищевтің жеке мақаласындағы «қырғыз-қайсақ» сөзі мен сол халық жөнінде: «В.Н. Татищевтің қырғыз-қайсақтарды Сібір татарларынан шыққан, «қырғыз» – «далада жүретін», «үйсіз адам», ал «казак» – «бөлінген», «кетіп қалған» деген мағынаны береді деп айтқаны, Орта жүздің қырғыз-қайсақтарына байланысты айтылған. Сібір қырғыздарынан басқа Ташкент жақта Алатау қырғыздары деген күшті, көп санды халық бар. Біздің қырғыз-қайсақтардың Алатау қырғыздарынан шыққаны ешбір даусыз», – деген тұжырым айтады [155, 94–96-б.].

В.Н. Татищевтің «Ресей тарихына» арналған бірінші кітабының бірінші бөлімі 1768 жылы жарық көріп, онда автор 959 жылы қайтыс болған Византия императоры Константин Багрянородныйдың еңбегіндегі орыс тарихына қатысты мәліметтеріне талдау жасап, түсініктемелер береді. Деректе айтылатын Кавказдағы Аландармен көршілес ел – Казакхия, ал оның тұрғындары – казах халқы – ең ежелгі халық деген мәліметке В.Н. Татищев: «Орыс тарихын білмейтіндер Косогтарды казакқа айналдырып жіберген. Казактар – әртүрлі қашқындардың орыс княздіктеріне тонаушылық жасау үшін біріккен тобы», – деген түсініктеме береді [290, 187-б.; 216-б.]. Осы томның екінші бөлімінде автор ежелгі Скифтердің қалдықтарына түркі тілдес көптеген халықтармен бірге, қазақ халқын да жатқызады. «Киргиз Кайсақ, дұрысырағы Киргиз Казактар», – деп, одан әрі



олардың территориясына, руларына тоқталады [295, 286–287-б.]. Көріп отырғанымыздай, В.Н. Татищев өзінің ең басты еңбегінде қазақ халқын ежелгі скифтердің жалғасы десе, халық атауын «қырғыз-қазақ» деп айтуды ұсынады. Ал орыс тарихындағы казактарға байланысты «казак» сөзінің мағынасын «қашқындар» деп түсіндіреді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында «казактар» туралы біршама кеңірек тоқтап, ой айтқан И. Фишер болды. 1774 жылы «Сібір тарихы» атты көлемді еңбек жазған ол, Сібір халықтарына жеке-жеке тоқталады. Ол «казактарды қырғыздармен түбі бір халық деп есептеп, қырғыздарды – бурут қырғыздары, ал казактарды – қырғыз козактары деп атайды да, козак – халықтың атауы емес, татар тілінде отбасы жоқ немесе тұрақты баспанасы жоқ адамды білдірген деген тұжырымға келеді. Мұндай адамдар әртүрлі істерге, әсіресе, жорықтарға, тонаушылыққа бейім келеді. Бұл атау татарлардан орыстарға, поляктарға ауысып, Днепр, Дон, Жайық бойындағы тұрғындар жалпы атаумен казактар деп аталады», – деген қорытынды жасайды [291, 59–60-б.].

XVIII ғасырдың 70-жылдарының ортасында Ресей империясында өмір сүретін халықтар туралы еңбек жазған тарихшы И.Г. Георги казактар туралы мүлде бөлек пікірлер айтады. Оның көрсетуінше, казактар өздерін Сара Қайсақтар («Дала казактары») деп атаған. Бұл сөз қырғыз деген татардың «жаман еркек» деген сөзінен емес, өздерінің ру басының есіміне байланысты шыққан. Олар ноғайлардан бөлінген. Өздерінің айтуы бойынша, олардың ата-бабалары Қырым ханы Кундугурдың ұрпақтары. Туыстарына өкпелеп, олардың арғы бабалары далаға көшіп кетеді де, басқа қашқындармен көбейіп, сандары қырыққа жетеді. Көршілерден мал ұрлап, әйелдер алып, басқаларға «қырық жігіт» (Қырық Кирсак) деген атаумен белгілі болады [292, 115-б.]. Осылайша, И.Г. Георги казактардың шығуы мен «казак» сөзі жөнінде XVIII ғасырдың екінші жартысында өзгеше ой айтады.

Ал И.Г. Андреев болса, қырғыз деген атаумен үш халық белгілі деп, оларға Енисей қырғыздарын, бурут немесе кара қырғыздарды және қайсақ немесе хазактарды жатқызады да, оларды «қырғыс-қайсақтар» деп атайды. Одан әрі қырғыз сөзін – «қыр» – дала, «ғыз» – кісі, яғни «қыр адамы, кісісі» деген мағына береді деген қорытынды жасайды. Ал «қайсақ» сөзін де осындай әдіспен «қай» –



кім, «сак» – абай, абайла сөзінен шыққан деп, «қырғыз-қайсақты» – «абайлап, сақтанып жүретін дала адамы» деген түйін жасайды [294, 24-б.; 31-б.].

«Қазақ» сөзінің шығуы мен оның мәніне байланысты тың тұжырымды біз, Н.М. Карамзиннен көреміз. XIX ғасырдың басында жарық көрген оның Ресей мемлекетінің тарихына арналған көптомдық еңбегінің 5-томында «казак» сөзіне мынадай түсініктеме беріледі. Орыс жеріндегі казактардың шығуын ежелгі касогтармен байланыстыра келе, тарихшы «казак» сөзі – еркіндік, батылдық, ержігіт деген мағына береді, кейбіреулердің дәлелдеп жүргеніндей, ол сөз теріс мағынадағы – «қаракшылар» дегенді білдірмейді. Ержүрек батырлар еркіндік үшін, Отан үшін, Сенім үшін жаумен алысып, өлерінде өздерін осылай атаған», – деп жазады [296].

Орыс тарихнамасында өзіндік орны бар, XIX ғасырдың басындағы орыс тарихшыларының көрнекті өкілі Н.М. Карамзиннің «казак» сөзінің мағынасына байланысты айтқан осы тұжырымы бұған дейінгі ой-пікірлерді өзгеріске ұшыратып, кейінгі тарихшылар үшін тың бағыттарға негіз қалайды.

Осылайша, «казак» сөзіне байланысты орыс тарихшыларының XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі айтқан ойлары мен пікірлерін жинақтай келе мынадай қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, «казак» сөзіне байланысты қарастырып отырған тарихнамалық кезеңге қысқаша шолу орыс тарихшыларының жалпы қазақ тарихына қатысты материалдарының өте аз болғандығын көрсетеді. Соған байланысты қазақ тарихы арнайы түрде қарастырылмай, Сібір халықтарының құрамында зерттеледі.

Екіншіден, қазақ халқының шығуы жөнінде әртүрлі пікірлер қалыптасады. Олар – қазақтар – ежелгі скифтердің ұрпақтары; қазақтар – Сібір қырғыздарынан бөлініп шыққан; қазақтар – Алатау қырғыздарынан таралған; қазақтар – ноғайлардан бөлініп шыққан деген пікірлер.

Үшіншіден, қазақ халқының атауы сол кезеңдегі Ресейде «қырғыз-қайсақ», «қырғыз-қазақ» деп аталғандықтан, зерттеушілердің бәрі дерлік «қырғыз» сөзінің шығуын түсіндіруге тырысып, қателікке ұрынады. «Қырғыз» деген сөздің өзін «қыр адамы», «дала адамы», «қырық жігіт» деген мағына береді деп түсіндіреді.



Төртіншіден, кейбір зерттеушілер «қырғыз-қайсақ» атауының қазақ халқына дұрыс қолданылмай жүргендігін ескертіп, дұрысы «қазақ» атауы деп, ол сөзге «қашақ», «ажыраған», «бөлініп кеткен» деген мағына береді деп дәлелдейді.

Бесіншіден, Н.М. Карамзин ғана орыс тарихындағы казактарға қатысты «казак» сөзіне «еркіндік», «батылдык» «ержүректілік» деген мағыналар беріп, бұған дейінгі мағыналардан өзгеше жасаған тұжырымын кейінгі кезеңдегі зерттеушілер оның беделінің нәтижесін де жоққа шығармайды.

«Қазақ» сөзіне байланысты айтылған тұжырымдардың келесі тобын ХІХ ғасырдың 30-жылдарынан ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықта жарық көрген еңбектерден кездестіреміз. Біз шартты түрде осы кезеңдегі ой-пікірлер мен тұжырымдарды мәселе тарихнамасының екінші кезеңіне жатқызамыз.

Екінші кезеңде «қазақ» сөзіне қатысты өз ойларын айтқан тарихшылар өте көп. Олардың ішінде біз А.И. Левшин, Л. Мейер, М. Красовский, И. Казанцев, А. Вамбери, В. Радлов, И. Крафт, Л. Будагов, Н. Веселовский, И. Добросмыслов, Г. Потанин секілді зерттеушілердің пікірлеріне ғана тоқталып өтеміз.

А.И. Левшиннің 1832 жылы жарық көрген көлемді еңбегі – қазақ халқының тарихына арналған алғашқы еңбек болып саналады [156, 290-б.]. Автор мұнда біз қарастырып отырған мәселеге арнайы тоқталып, біріншіден, қазақ халқының дұрыс атауы қалай болуы керектігін қарастырады. А.И. Левшин бойынша, «қайсақ» немесе «қасақ» сөздері «қазақ» сөзінің қателескен, бұрмаланған түрі. «Қазақ» атауын олар қырғыз-қазақ Ордалары пайда болғаннан бері қолданып келеді. Қазіргі күнде де олар өздерін осылай атайды және көршілеріне де осы атаумен белгілі. ХVІІІ ғасырға дейін Ресейде де қырғыз-қайсақтарды білмей, қазақтар деп атаған [156, 135-б.]. Одан әрі автор Ресейде қазақ атауының не себепті қырғыз-қайсақ аталғандығын түсіндіре келе, «қайсақтың» орнына «қазақ» атауын енгізуді ұсынады [156, 144-б.]. Ал халықтың шығуы жөнінде А.И. Левшин өзіне дейінгі авторлар мен әр тілдегі деректерге сүйене келе, бұл халық – Азияда ежелден бері белгілі болған түркі халықтарының бір бөлігі деген тұжырым жасайды [156, 153-б.]. «Қазақ» сөзі «қашқындар» және «еркін адамдар» деген мағынада қолданылады деп түсініктеме береді [156, 153-б.].





А.И. Левшиннің қазақ халқының шығуы, «қазақ» сөзінің мағынасы жөніндегі тұжырымдары XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихнама үшін үлкен жетістік болып саналады. Оның тұжырымдарына кейінгі тарихшылар жиі сілтеме беріп, оған тоқтамай кете алмайды.

Қазақ ұлтының өкілі Ш.Ш. Уәлиханов та бұл мәселеден XIX ғасырдың ортасында тыс қалмайды. Ол қазақ халқының шығуы мәселесіне байланысты арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізбесе де, өзінің жекелеген хабарламаларында, рецензияларында, ғалымдармен жазысқан хаттарында бұл мәселе төңірегінде өзіндік ой-пікірлерін білдіреді. Оның «Профессор И.Н. Березинге жазған хатында «қазақ халқы Бердібек ханның өлімінен кейін болған Ордадағы өзара тартыстар кезеңінде түркі және моңғолдық әртүрлі тайпалардың одағы ретінде құрылған. Фирдаусидың жазғанындай, ол ежелгі халық емес», – деп қазақ этносы моңғол дәуірінен кейінгі кезеңде қалыптасқан деген ой айтады [166, 154-б.]. Ал «қазақ» сөзінің қандай мағына беретіндігі туралы Ш. Уәлиханов бұл жөнінде А.И. Левшин пікірімен келісетіндігін білдіреді [166, 164-б.].

1864 жылы жарық көрген еңбегінде В.В. Вельяминов-Зернов та «қазақ» сөзіне байланысты мынадай екі мәселеге тоқталады. Бірінші – қазақ халқы қай кезден бастап пайда болған және екіншісі – «қазақ» сөзі қандай мағынаға ие. Бұл сұрақтарға автор Мұхаммед Хайдардың деректеріне сүйене отырып, «Қазақ халқы туралы «Тарих-и Рашиди» авторы жазғанындай, белгілі бір тұлғаның басшылығымен бір жерден бөлініп кеткендерден құралған. Қазақ сөзінің өзі (қазақ – еркін, ержүрек адам, кезбе; бұл сөзден – қазақлық – бос жүру, еркіндік; қазақламақ – кезбелік, еркінсу шығады) және А. Левшин келтірген қазақтар арасындағы аңыз-әңгімелер осыны дәлелдейді. Қазақ халқының Әбілхайыр ұлысының ыдырауы кезінде қалыптасқандығын көрсететін Мұхаммед Хайдардың деректеріне сенуге болады», – деп тұжырым айтады [105, 271–272-б.].

Л. Мейер өз еңбегінде «қазақ» сөзі жас, үйленбеген, ер жігітті білдіреді десе [168, 2–3-б.], И. Завалишин «қазақ» сөзі «хозақ» сөзінен алынған, қалмақтар «хозақ» сөзімен көршілерін атаған. Бұл сөз «сақ» – сөзінен туындайды деп түсіндіреді де, «хозақ» – моңғол тілінде «батыл» деген мағынаға ие», – деп дәлелдейді [297, 95-б.]. А. Вамбери қазақтарды «қырғыз» немесе «қасақ» деп жазып, «қыр» – дала және «ғыз» – кезу, кез деген сөздердің қосындысынан



шыққан, мағынасы – «далада жүретін адам», «мал бағатын халықтарды осылай атаған» деп түсіндіреді [259, 182-б.].

Л. Будаговтың түрік-татар сөздігінде «қазақ» – «еркін», «үйсіз, күйсіз жүрген кезбе адам» деген мағына берсе [297, 54-б.], В.В. Радловтың сөздігінде қазақ сөзіне кең түрде талдау, түсініктемелер беріледі. Ол «қазақ» сөзі әдеби шағатай тілінде, қырым тілінде, қазандықтардың тілінде – еркін, дербес, қауіп-қатерге басын тігуші, кезбе; «қазақ кісі» – қазандықтарда – «батыл», «епті адам», «епті салт атты адам» деген мағына береді деп, өзінің ойын бірнеше дерек мәліметтерімен дәлелдеп көрсетеді. «Қырым татарларынан мен «қазақ» сөзін «Чора» аңызынан кездестірдім. «Қазақ» болып Қазанға шығайын деген сөйлемде сөз жоқ, қазақ сөзі «өз басын ерікті түрде қауіп-қатерге тіккен адам» деген мағынада айтылып тұр», – деп дәлелдейді В.В. Радлов [298, 364-б.]. Одан әрі В.В. Радлов «қазақ» сөзінің шағатай тілінде «қарақшы», «қазақлық» – «кезіп жүру», «кезбешілік» деген мағынасы бар деп көрсетеді [298, 365–366-б.].

И.И. Крафт XIX ғасырдың соңғы жылдарында жарық көрген қазақ халқының шығуы жөніндегі мәселеге тоқталып, өзіне дейінгі пікірлерді талдай келе, «қазақ» сөзінің мағынасына байланысты «Қалша батыр мен ақ қазға айналған пері туралы аңызды келтіреді де, қазақтар өздерін Қалша батыр мен ақ қаздың ұрпақтарымыз, «ақ қаз» келе-келе «қаз-ақ» сөзіне айналған деп айтады», – деп жазады [299, 2–3-б.]. И. Добросмыслов болса, «қазақ» – «қаруланып, талан-тараж, тонаумен айналысатын жігіттердің тобы» деген мағына береді дейді [163, 322-б.].

XIX ғасырдың соңында Н.А. Аристов өзінің іргелі зерттеуінде міндетті түрде қазақ халқының қалыптасуына тоқталып, «қазақ» сөзінің мағынасы туралы ойын білдіреді. Оның көрсетуі бойынша Әбілхайыр ханнан бөлініп, Керей мен Жәнібек хандардың соңына ерген ру-тайпалар қазақ атанған, ал «қазақтар» деген сөз «еркін адамдар» деген мағына берген [5, 40–41-б.].

В.В. Бартольдтың пікірі бойынша, қазақтар XV ғасырда Әбілхайыр ханға қарсы шығып, одан бөлініп кеткен. Сол себепті де оларды қазақ деп атаған. Ол кезде қазақ деп өз руынан және тайпасынан бөлініп кеткен адамды айтатын болған. Тіпті, билеуші әулеттің билік үшін күресте жеңіліс тапқан, бірақ одан үмітін үзбей, кез келген уақытта билік үшін күреске түсетін өкілін айтқан [303, 212-б.].

Қазақ тарихын, әсіресе, ауыз әдебиетін зерттеуге біршама үлес қосқан этнограф Г.Н. Потанин «қазақ» сөзінің мағынасына байланысты бірнеше ой-пікірді айтады. Ол бойынша «қазақ» – көне түркі тілінде «еркін», «азат», ноғай тілінде – «үйленбеген», «үйсіз», парсы тілінде – «ат ұрлаушы» деген мағыналарда айтылады. Қазақ адам есімі емес, халықтың атауы [167, 54–55-б.].

Осылайша біз, «қазақ» сөзіне байланысты зерттеулердің А.И. Левшиннен Г.Н. Потанинге дейінгі екінші кезеңіне қысқаша шолу жасай келе, төмендегідей тұжырымдарға келеміз.

1) Тарихнамалық екінші кезеңде қазақ тарихына арналған арнайы бірнеше зерттеулер жарық көріп, Ресейдің тарих ғылымы қазақ тарихына қатысты тарихи білімдермен молая түседі. Бірінші кезеңмен салыстырар болсақ, онда қазақ тарихына, әсіресе, қазақ халқының шығуы мен «қазақ» сөзіне қатысты ой-пікірлер мен тұжырымдар Сібір тарихына байланысты жанама айтылған болатын. Ресейдің Қазақстанды бағындыруына байланысты қазақ тарихына тікелей арналған жеке зерттеулер ХІХ ғасырда көптеп шыға бастайды және әрбір автор қазақ тарихының кез келген мәселесіне кіріспес бұрын, ең алдымен, қазақ халқы қай кезде қалыптасқан, «қазақ» сөзі қандай мағына береді деген сұрақтарға жауап беруге тырысқан. Сол себепті де осы тарихнамалық кезеңде «қазақ» сөзінің шығуы мен оның мағынасы, қазақ халқының қай кезде пайда болғандығы туралы пікірлер өте көп айтылады.

2) «Қазақ» сөзіне байланысты ой-пікірлердің бәрі қазақ халқының қай кезден бастап пайда болғандығына келіп тіреледі де, осы кезеңдегі зерттеушілердің пікірі осыған байланысты екіге бөлінеді. Бірінші пікірге – қазақ халқы ежелден белгілі халық; ал екінші пікірге – қазақ халқы ХV ғасырда Алтын Орданың ыдырауы барысында әртүрлі тайпалардан құралған халық деген тұжырымдар жатады.

3) «Қазақ» сөзінің мағынасына байланысты көп тұжырымдар пайда болады. Солардың ішінде «қазақ» сөзі – «еркін, дербес, қауіп-қатерлерге басын тігуші, ержүрек»; «қашқын, үйсіз-күйсіз кезбе адам»; «үйленбеген жас жігіт»; «тонаушылықпен айналысатын жас жігіттер», «дала адамы, мал бағушы адам», ат ұрлаушы», «ақ қаздан өсіп-өнген ұрпақтар» деген мағынада айтылады деген тұжырымдар жиі қайталанатын. Ал осы тұжырымдардың ішінде алғашқы екі тұжырымды біз талдаған зерттеушілердің көбі қолдайды.



4) Осылайша, «қазақ» сөзіне байланысты XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі зерттеушілердің жасаған пікірлерінде қазақ халқының пайда болған кезеңі мен қазақ сөзінің мағынасы жан-жақты талданып, мәселенің шеңбері кеңейеді, кейінгі дәуірдің тарихшылары үшін тұжырымдық негіздер қаланады.

«Қазақ» сөзінің мағынасы жөнінде XX ғасыр басындағы халқымыздың зиялы қауым өкілдері де өз еңбектерінде қарастырған. Құрбанғали Халид өз еңбегінде бұл мәселеге жеке бір тарау арнап, оны «Қазақ» атауының деректері (шығу тарихы)» де атайды да, сөздің шығуы мен мағынасын ашып көрсету үшін он шақты нұсқаны талдайды. Ол келтірген нұсқалардың біріншісінде «қазақ» – «қашақ» деген сөзден алынған. Билік үшін күресте жеңілген Шыңғыс әулетінің өкілі өз жақтастарымен қашып, өткен-кеткендерді тонап күн кешкен. Оларды «қашақ» деп атаған», – деген пікірді айтады да, автор бұл нұсқаның негізсіз екендігін дәлелдеп көрсетеді [172, 61-б.]. Екінші бір нұсқада «қазақ» сөзі ноғай тілінде бойдақ, салт орнында қолданылады. Мәселен, бір адам қазаға ұшырап мал-мүлкінен айырылып жеке қалса, «қазақ» қана басы қалған, жалғыз басты болса «қазақ» басы жүр» деседі. Бұл атау – бүкіл бір халыққа, үлкен бір тайпаға айтылған атау емес», – деп Қ. Халид бұл нұсқаны да сынға алады [172, 62-б.]. Үшінші нұсқаға – «қазақ» сөзі «қайсақтан» алынған, ол моңғол-қалмақ тілінде мемлекеттің шетін күзетуші мағынасында қолданылған» деген түсіндіруді келтіреді де, Қ. Халид оны да негізсіз деп санайды. Төртінші нұсқаға – Қ. Халид «қазақ» сөзі «хазлах» сөзінен шыққан, Ескендір Зұлқарнайын заманында Әжүж, Мәжүж тайпаларынан оның бір бөлігі бөлініп қалып, «тәрк» аталған, одан «түрік» болған. «Тәрк» – араб сөзі, «тастау», «қалдыру» деген мағынаны білдіреді. Түріктердің бір тармағы «хазлах» атанған. Кейін келе, «л» әрпі түсіп, «қазақ» сөзі шыққан. Әуелде «қазақ» болып, оны араб тарихшылары «хазлах» деп жазып жіберген» – деп түсіндіреді Қ. Халид [172, 62-б.]. Бұл нұсқаны автор дұрыс деп есептеп, оны сынамайды.

Келесі бір нұсқа бойынша «қазақ» арабтың – хұзаға тайпасынан шыққан, бұл тайпа табиғат апатына ұшырап, бірі – тауға, екінші бірі – бет-бетімен ыдырап босып кеткен. Осы босқын топ тармақтары түркілермен ұшырасып, олардан қазақтар шыққан делінеді. Автор бұл нұсқаны толық мақұлдамаса да, «шындыққа



жақын», – деп қорытынды жасайды [172, 63-б.]. Келесі бір нұсқа, ол – қазақ сөзінің «қыз» және «ақ» сөздерінің қосындысынан шыққан деп түсіндірегін нұсқа. Қ. Халид бұл жерде патшаның қызы мен аңшы жігіт туралы аңызды тілге тиек етіп, «аңшы жігіт патша қызын үйіне әкелгенде, қыздың сұлулығына таңғалғандар «бәре-келді, қыз-ақ екен!» десіп, кейін одан туылғандар «қазақ» атанып кеткен деседі», – деп жазады.

«Қазақ» сөзінің шығуы жөніндегі тағы бір нұсқаны Қ. Халид «қази-ақ» сөзімен байланыстырады [172, 65-б.]. Автордың тағы да бір пікіріне «қазақ» – «әскердің жау жүрек басшысы» деген пікірі жатады.

Қ. Халидтың «қазақ» сөзінің шығуы жөніндегі осы айтқан ойлары мен пікірлері ХХ ғасыр басындағы қазақ жұрты үшін үлкен ғылыми жетістік болып саналады. Ол келтірген нұсқалардың бірінде қазақ халқы ежелден бері келе жатқан халық болса, екінші біреулерінде Шыңғыс хан заманында пайда болған делінеді. Ал «қазақ» сөзінің мағынасы жөніне келсек, автор нақты бір тұжырымды көрсетпей, бірнеше нұсқаны ұсынады.

ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары ішінде «қазақ» сөзіне байланысты ой білдіріп, пікір айтқан тұлғаның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ол өзінің көпшілікке белгілі тарихи-шежірелік сипаттағы еңбегінің бір тарауын «Қазақтың қайдан шыққаны» деп атап, онда қазақ халқының арғы бастауларын Нұх пайғамбардың Яфес атты баласынан бастайды да, одан әрі түрік халықтарына әкеп тірейді. Моңғолдар билігінен кейін «Әз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде қырғыз-қазақ атанған елміз», – деп Ш. Құдайбердіұлы қазақ халқының қалыптасқан кезеңін XV ғасырға меңзейді [149, 21-б.]. Ал «қазақ» сөзінің мағынасын Ш. Құдайбердіұлы «өз еркімен» жүрген деп түсіндіреді де, одан әрі ол әр рудан құралған еді деп жазады [149, 20-б.].

Қазақ шежірешісі әрі ХХ ғасыр басындағы ғұламасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да өз шежіресінде «қазақ» атауынан аттап кете алмаған. Ол бойынша «қазақ» деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай түркісінде «хазағ» деп жазылған, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған» [173, 12-б.]. Мәшһүр Жүсіптің пікіріне талдау жасасақ, ол «қазақ» сөзі ежелгі заман-



дардан бері халық атауы ретінде қолданылып келеді деген ойды айтады, бірақ ол сөздің мағынасын ашпайды.

Жалпы алғанда, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының өкілдері де «қазақ» сөзінің мән-мағынасына байланысты өздерінің тұжырымдарын еңбектерінде келтіріп, өздерінің білім деңгейлеріне сай, ел аузындағы, халық арасындағы тарихи аңыз-әңгімелерді қолдана отырып, шешуге тырысқан. Құрбанғәли Халид пен Шәкәрім Құдайбердіұлының тұжырымдары ғылыми талаптарға жақын немесе сай келеді. Соңғысының пікірі сол кезеңдегі тарих ғылымы үшін тың, жаңалық болып саналмайды. Өйткені оның «қазақ» – «өз еркімен жүрген адамдар» деген пікірі бұрын айтылған пікірлердің біріне жатады. Ал Құрбанғәли Халидтің «қазақ» атауының шығуына байланысты он шақты пікірінің ішіндегі «мемлекет шетін күзетуші», «хұзаға», «кази-ақ», «әскердің жау жүрек басшысы» деген деректері сол кезең үшін тың болып саналады.

Қарастырып отырған мәселеміздің үшінші кезеңіне XX ғасырдың 20-жылдарынан, осы ғасырдың 90-жылдарына дейінгі жылдарды жатқызып, біз бұл кезеңді – шартты түрде тарихнаманың үшінші кезеңі деп атаймыз. Бұл кезеңдегі тұжырымдарға А.П. Чулошниковтың, М. Тынышпаевтың, 1943 жылғы «Қазақ ССР тарихын» жазған авторлардың, С. Ибрагимовтың, В.П. Юдиннің және тағы басқа авторлардың мәселеге қатысты зерттеулерінің қорытындысы жатады.

1924 жылғы Орынбор қаласында жарық көрген еңбегінде А.П. Чулошников қазақ халқының пайда болуын XV ғасыр ортасында құрылған Қазақ хандығымен тікелей байланыстырып, оның негізін түрік және моңғол тілдес тайпалардың одағы – «көшпелі өзбектерден» бөлінген оның бір бөлігі мен оған қосылған әртүрлі этникалық элементтер құрады, – деп жазады [10, 102–103-б.]. Осы тұжырымымен ол қазақ халқының шығуы мен пайда болған кезі, қазақ сөзінің мағынасына жауап береді. А.П. Чулошниковтың біз қарастырып отырған мәселеге қосқан ерекше үлесі осы айтқан тұжырымнан емес, мәселенің зерттелу тарихын арнайы түрде қарастыруынан көрінеді. Оның жасаған тұжырымы тың емес болатын. Ол пікірлер оған дейін тарих ғылымында айтылған еді. Әсіресе, В.В. Вельяминов-Зернов Мұхаммед Хайдардың деректеріне сүйеніп мұндай тұжырымды XIX ғасырдың ортасында жасаған-ды.



Автор еңбегінің VI тарауына қосымша ретінде «Қырғыз (қазақ) халқының шығуы мәселесінің тарих ғылымында зерттелуі және оны одан әрі зерттеуде қазақ халқының аңыз-әңгімелерінің деректік маңызы» атты 1920 жылы оқылған баяндамасында бір сөз етіп отырған мәселенің зерттелу тарихы мен оған қатысты әртүрлі тұжырымдарды талдайды [10, 251–291-б.]. Ол мәселенің тарихнамасын қорытындылай келе, мынадай пікірлер айтады. а) Қазақтар мен қырғыздарды бір-бірімен араластырып көрсету XVIII ғасырға тән болса, XIX ғасырда, әсіресе, оның соңғы жылдарында біздің тарихнама қазақтар мен қырғыздарды дербес, жеке екі халық екендігін дәлелдеді, Бірақ та олардың туысқандығы өте жақын деген ымыраластық шешімге келеді; ә) қазақ халқының шығуына байланысты кейінгі және құрамалық деген тұжырым үстем пікірге айналды, ал оның құрамына енген этникалық топтардың түркілік және моңғолдық тегі туралы пікір қайшылықтары кездеседі; б) бұл пікірлерге, әсіресе, Ш.Ш. Уәлиханов пен В.В. Вельяминов-Зерновтың тұжырымдарына ешқандай қарсы ойлар айтылған жоқ, сол себепті де олардың тұжырымдарын тарихнаманың берік және шешуші жеңісі деуге болады; в) мәселені толық шешілді деуге болмайды, дегенмен де, жалпы түсінбестіктен арылып, дұрыс бағыт анықталды. Осы кезеңнің зерттеушілері бізге мәселені толық шешу үшін алты дерек түрін көрсетіп отыр, олар: тарихи мәліметтер, халық аңыздары, антропологиялық деректер, тіл, ру-тайпалық құрылым және таңбалар мен ұрандар [10, 261–262-б.]. А.П. Чулошниковтың қазақ халқының шығу тарихына байланысты зерттеулерге талдау мен тарихнамалық қорытындысы XX ғасырдың 20-жылдарындағы тарих ғылымы үшін өте үлкен жетістік болып саналады. Осы жылдарда жасалған келесі бір тұжырымға М. Тынышпаевтың пікірлері жатады. «Қазақ» сөзі мен қазақ халқының шығуы, пайда болған кезеңі туралы өзіне дейінгі кейбір авторларды сынап, ал кейбіреулерін қолдай отырып, ол: а) автор Геродоттың деректеріндегі (б.э.д. V ғасырдың) «Алазондарды», Плинидің дерегіндегі (б.э. I ғасырдың) «Азоктарды» «алшынмен», «қазақпен» байланысы жөнінде абайлап ой білдіреді де, X ғасырдағы орыс жылнамаларында кездесетін «косогтардың», византиялық Константин Багрянородныйда айтылатын «Казахия» тұрғындарының XI ғасырдағы Тмутаракандағы «косогтардың» –



XV ғасырдағы «казактармен» сөзсіз генетикалық байланысы болған. XV ғасырда «казак» атауы Сібір мен Түркістан көшпенділеріне таралған; ә) «казак» сөзінің мағынасына қатысты айтылатын «қарақшы», «кезбе», «еркін» және тағы басқа пікірлердің қисыны жоқ дей келе, «казак» сөзінің мағынасын іздеу ешқандай нәтиже бермейді. Өйткені «орыс», «араб», «француз», «ағылшын» сөздерінің мағынасы да ешқандай нәтиже бермеген деген түйіндер жасайды [148, 31–41-б.].

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ сөзінің шығуы мен мәні туралы өзіндік ой айтып, тұжырым білдірген ғалымдардың бірі – А.Н. Самойлович болды. Оның 1927 жылы жарық көрген «О слове «казак» атты 11 беттік мақаласында өзіне дейінгі авторлардың қазақ сөзінің шығуына қатысты тұжырымдары талданып, олардың кейбіреулері сынға алынады, ал кейбіреулерін зерттеуші одан әрі дамытады [190, 5–16-б.].

А. Самойлович «казак» сөзінің шығуы мен мәнінің алты түсіндірмесі бар екендігін, олардың үшеуі «халықтық түсінікке» жататындығына назар аударады. Оларға – «казак» сөзінің мәнін «қазға ұқсайтын адам», «каз-ак», «ғазиді хак» – «дін үшін күресуші» деген түсіндірмелерді жатқызып, ол мұндай түсіндірулерді халықтың әртүрлі тобы арасында өздерінің білім деңгейлеріне сай түсініксіз сөздердің мәнін білуге бағытталған сұранысының көрінісі деп көрсетеді [190, 6-б.]. Ал қалған үш түсіндіруді ғылыми негіздегі түсіндірулерге жатқызады. Оның біріншісіне қазақ сөзінің шығуын түбірі «кез» (кезу) етістігінен шығатын «кезбе», «үйсіз» деген мағынаны жатқызса, екінші түсіндірмеге «казак» сөзінің диалектісіне «қарақ» сөзі сәйкес келеді деп, одан «қарақшы» сөзін шығарады. А. Самойлович бұл екі түсіндірудің ғылыми негізі бар деп есептегенімен, оларды мойындай қоймайды. Ол қазақ сөзінің мәніне қатысты үшінші ғылыми түсіндіруді қолдап, оны терең талдауға күш салады. «Шыңғыс хан империясының құрылуы мен оның ұлыстарға бөлінген дәуіріне дейін (XIII ғасыр) «казак» сөзі VII–VIII ғасырларға жататын көне түрік жазба ескерткіштерінде, түрік тілі жөніндегі азиялық әдеби еңбектерде, түрік тайпаларының тарихы туралы деректерде мүлде кездеспейді де, біз бұған дейін айтып өткен 1245 жылғы араб тілінде жазылған қолжазбадан түрік тілінде, оның ішінде қыпшақ тілінде «казак сөзінің жағымсыз ма-





ғынада қолданылатынын көреміз», дей келе, А. Самойлович «қазақ» сөзінің XI ғасырдағы Махмұд Қашғаридың сөздігінде қандай мағынада болса да кездеспейтіндігін атап өтеді [190, 13-б.]. Одан әрі ол «қазақ» сөзінің қалай пайда болғанына қарамастан, ол сөз XI ғасырда түркілік тілдік ортада, оның ішінде қыпшақ тайпаларының билігі орнаған кеңістікте пайда болады да, өзінің мағынасын жоғалтпай, ол сөз – өзінің мемлекетінен, тайпасынан немесе руынан бөлініп кетіп, шытырман оқиғаларды бастан өткерген адамның әлеуметтік жағдайын көрсетеді деген тұжырымға келеді. «Қазақ» сөзі Қазақстан мемлекеті мен қазақ халқының қалыптасуы қарсаңында әлеуметтік термин болып саналған, сөйтіп әлеуметтік сипаттағы термин халықтың атауына айналған деген қорытынды жасайды [190, 16-б.].

А.Н. Самойловичтың қазақ сөзіне байланысты тұжырымдарын түйіндей келе, мынадай пікірлер білдіреміз: а) Ол «қазақ» сөзінің шығуын түсіндіретін тұжырымдарды екіге бөліп, біріншісін – «халықтық түсіндірулер», екіншісін – ғылыми түсіндірулер деп атайды да, «қазақ» сөзін ешбір дәлелдеусіз құсқа, аңға байланысты пайда болған деген тұжырымдарды сынға алады. ә) «Қазақ» сөзінің шығуын «кез», «қаз» секілді етістіктерден шығаратын пікірлерді ғылыми түсіндіруге жатқызса да, олармен келіспейді. б) «Қазақ» сөзінің алғашқы мәні әлеуметтік сипатта болып, ол сөз қыпшақ тілді ортада XI ғасырда пайда болған және Қазақ хандығының құрылуы және қазақ халқының қалыптасуы нәтижесінде әлеуметтік мәндегі сөз этникалық мәнге ауысады. Автордың бұл пікірі өте тың тұжырым болып, ол пікір қазіргі күнде де өзінің ғылыми құндылығынан айырыла қойған жоқ деп есептейміз. Оның пікірін кейінгі кезеңдердегі зерттеушілердің көбісі қолдап, оны одан әрі дамыта түседі.

М. Вяткин «Қазақ ССР тарихының очеркінде» арнайы түрде Қазақ хандығының құрылуы, қазақ халқының қалыптасуы және оның мезгілі мәселесін қарастырып, «қазақ» сөзіне қатысты сұрақтардан айналып өте алмайды [194, 76–80-б.]. Автор «тарихи деректерде XV ғасырға дейін қазақтар туралы айтылады, оған XIII–XIV ғасырлардағы қыпшақ сөздігін жатқызуға болады. Бірақ алғашында «қазақ» сөзінің саяси да, этникалық та мәні болған жоқ. Қазақ деп қай халықтан шыққанына қарамастан өз қауымынан



немесе сеньорынан бөлініп еркін жүрген кез келген адамды айтқан», – деп ой түйеді [194, 77–78-б.]. Ал қазақ халқының қалыптасқан кезеңіне М. Вяткин XV–XVI ғасырлар шенін жатқызады [194, 88-б.].

1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихында» «қазақ» сөзінің мағынасы мен қазақ халқының қалыптасуы қысқа көлемде болса да, арнайы тарауша ретінде берілген [196, 91–93-б.]. Мұнда қазақ халқының қалыптасу процесі ежелгі замандардан бері үздіксіз жүргендігі, оған қыпшақ, алшын, найман, керей, дулат, арғын, үйсін және қаңлы тайпаларының жетекші рөл атқарғандығы, қазақ халқын құраған тайпалардың басым бөлігінің түрік тілдес болғандығы, VIII ғасырдан кейін Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінде пайда болған қыпшақ тайпалар бірлестігі мен оңтүстік-шығыс бөліктегі – дулат, үйсін, қаңлы және т.б. тайпалардың XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында саяси бірігуі нәтижесінде қазақ халқы қалыптасқандығы жөнінде айтылады [196, 91–92-б.]. Ал «қазақ» сөзі жөніндегі мәселеге келсек, авторлар бұл сөздің негізі өте ежелгі дәуірлерде жатыр деп, оның шығуын «ақ қаз», «қаз» және «сақ» сөздерімен байланыстырады да, кейінгі дәуірлерде ол сөз «еркін адам», «өз қауымынан немесе мемлекетінен бөлініп кеткен адам», «қашқын» деген мағынаға ие болған деп жазады. XV ғасырда «қазақ» сөзі қазіргі қазақ халқының жалпы атауы ретінде қолданыла бастаған. Сонымен бірге авторлар қазақ халқы XV ғасырдан бастап өзіндік атау ретінде «алаш» терминін пайдаланған деген тұжырымды білдіреді.

1943 жылғы «Қазақ ССР тарихының» авторлары ұсынған тұжырымдардың кейбір тұстары бұрыннан белгілі пікірлер болса, ал кейбір жақтары тың, жаңа болып келеді. Әсіресе, қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы XV–XVI ғасырлар шеніне сәйкес келеді, басталуы ежелгі замандар еншісінде деген тұжырым – сол кезең үшін жаңалық болып саналады. Бұл тұжырым – қазіргі күнде отандық тарих ғылымында осы мәселе бойынша әбден бекіген жетекші тұжырымға жатады. «Қазақ» сөзінің түбін «ақ қаз», «қаз» және «сақ» деген сөздермен байланыстыру қате болса да, академиялық басылым авторларының «қаз» сөзінің алғашында тотемдік немесе этникалық мәні болуы мүмкін деген болжамдарының, «қазақ» сөзінің эволюциясы жөніндегі тұжырымдарының және де қазақ халқының өзіндік атауы «алаш» болған деген пікірлерінің маңызы ерекше болып саналады.



Соғыстан кейінгі кезеңде «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасына, қазақ халқының шығуына байланысты біршама тарихшылар өз ойларын ғылыми басылымдарда білдіреді. Х.М. Әділгереев, М.Б. Ақынжанов, В.Ф. Шахматов, С.В. Юшков, А.Н. Бернштам, С.К. Ибрагимов, Ә.Х. Марғұлан және т.б. зерттеушілер бұл мәселелер төңірегінде өз тұжырымдарын дәлелдеуге тырысады.

Осы кезеңдегі айтылған ой-пікірлерді талдау барысында біз, зерттеушілердің қарастырып отырған мәселеге тың ғылыми тұжырым қоспағанына көзімізді жеткіздік. Негізінен, соғыстан кейінгі кезеңдегі зерттеушілер ХІХ ғасырдағы тарихнамалық жетістіктерді қайталаумен немесе сол тұжырымдарды басқаша түрде түсіндіреді. Мысалы, Х.М. Әділгереевтің қазақ халқының пайда болған кезі туралы пікірі ХІХ ғасырдың тарихшысы А.И. Левшиннің тұжырымымен, М.Б. Ақынжановтың тұжырымы ХІХ ғасырда айтылған «Х ғасырда құрылған» деген пікірімен сәйкес келеді [300.; 197, 34–35-б.]. В.Ф. Шахматов та, А.Н. Бернштам да осы мәселе туралы, яғни қазақ халқының пайда болған кезеңі жөнінде ХІХ ғасырдың тарихшылары қолданған деректерге сүйеніп, ІХ–Х ғасырларды көрсетеді [301.; 302, 64–65-б.].

Осы кезеңде «қазақ» сөзі мен қазақ халқының құрылған кезеңі жөнінде тың, дербес тұжырым айтқан тарихшы С.К. Ибрагимов болды [207, 66–71-б.].

Көлемі жағынан мақала өте аз болса да, автор онда мәселе төңірегіндегі бірнеше сұрақтарды қарастырып, өзіндік тұжырымдарын ұсынған. Жұмыстың бірінші бөлімінде С.К. Ибрагимов 1940–1950 жылдардағы зерттеушілердің біз қарастырып отырған мәселеге байланысты пікірлерін талдап, оларды ғылыми жағынан негізсіз деп сынға алады. «Барлық айтқандарымызды түйіндей келе, А.Н. Бернштамның, М.Б. Ақынжановтың, Х.М. Әділгереевтің көрсетулеріне қарамастан, Х–ХІ ғасырларда «қазақ» атты этникалық сипаттағы термин болған емес», – деп жазады тарихшы [207, 71-б.]. Одан әрі С.К. Ибрагимов «қазақ» сөзіне байланысты өзінің тұжырымын: «Керісінше, бұл сөз (*«қазақ» сөзін айтып отыр* – Б.К.) деректерге қарасақ, Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігінде де, Орта Азияда да, яғни түркі тайпалары мекендеген аумақта қолданыста болып, мағынасы жағынан әлеуметтік сипат алмады және әскери-феодалдар тобының өкілдеріне ғана қатысты болмады», – деп



корытады [207, 71-б.]. Одан әрі автор «қазақ» сөзінің мағынасында эволюциялық өзгерістер болғандығын және оның кезеңдерін көрсетіп береді. Ол бойынша «қазақ» сөзі XIII–XV ғасырларда – «кезбе», «еркін», «қашқын» мағынасында болса, XV ғасырдың соңынан «өзбек» терминіне қарсы саяси сипат алады, XVI ғасырдың басынан бастап этникалық сипатта қолданыла бастайды [207, 71-б.].

С.К. Ибрагимовтың бұл пікірі өте қысқаша түрде тұжырымдалса да, оның мәселеге қатысты маңызы зор болды. Біріншіден, ол – «қазақ» сөзінің түркілік екендігін көрсетіп, бұл сөздің тек түрік тайпалары мекендеген аймақта орын алғандығын, екіншіден, «қазақ» сөзінің тарихи кезеңдерде эволюцияға ұшырап, оның әлеуметтік, саяси және этникалық сипаттарының болғандығын көрсетіп берді. Үшіншіден, автордың бұл пікірі ғылым үшін тың еді және кейінгі зерттеушілер үшін жаңа зерттеу бағыттарын айқындап берді.

С.К. Ибрагимовтың «қазақ» сөзіне байланысты мақаласынан кейін Қазақстанда бұл мәселеге деген қызығушылық артып, тарихшылармен қатар әдебиетшілер мен тілшілер де өз тұжырымдарын айта бастайды. Біз ондағы айтылған ойлар мен жасалған тұжырымдарды бұл жерде талдамаймыз, себебі олардың бәрі дерлік бұған дейін айтылған болатын. Осы жылдарда «қазақ» сөзіне байланысты көлемді мақала арнап, бірнеше тың тұжырымдар айтқан ғалым – В.П. Юдин болды. Ғалымның мақаласы өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында жазылды, бірақ еш жерде жарияланбай, автор қайтыс болғаннан кейін 18 жылдан соң барып жарық көрді [46, 137–166-б.].

Автордың бұл мақаласының бірінші бөлімінде бұған дейін әртүрлі басылымдарда айтылып келген «қазақ» сөзінің шығуына қатысты 22 сөз талданады. 22 сөздің әрқайсысына жеке-жеке тоқтап В.П. Юдин, қазақ сөзіне ұқсас келетін «ақ қаз», «қыз-ақ», «қази-ақ» «қази-хақ», «қаза-ақ», «қазаға» сөздерінің ойдан шығарылғандығын дәлелдеп, олардың «қазақ» сөзінің шығу төркінін түсіндіруде негізсіз деп көрсетеді [46, 138–139-б.]. Сондай-ақ «қазақ» сөзінің түбін «ғұз+сақ», «қай+сақ», «қас+сақ», «хай+сақ», «қас+пи» сөздерімен байланыстыру да дұрыс емес деп көрсетеді.

Одан әрі автор 22 сөздің ішінен, «қазақ» сөзінің шығу төркініне «қашақ» және «қаз+оқ» («оқ» – бұл жерде «жебе», «ру»,



«тайпа» деген мағынада) сөздерінің жақын екендігін айтады [46, 141–142-б.]. Бірақ та В.П. Юдин «қазақ» сөзінің шығу төркіні мен мәні, мағынасына байланысты өз тұжырымын мақаласының соңғы бөлімінде ұсынады. Оның дәлелдеп көрсетуі бойынша, «қазақ» сөзінің түп-төркіні ерте түрік дәуірінде жатыр. «Біздің ойымызша, «қазақ» сөзі Ұйық-Тұран өзені бойынан табылған VIII ғасырдағы көне түркі руналық ескерткішінде фонетикалық жағынан жасырын күйде кездеседі», – деп жазады шығыстанушы-ғалым [46, 156-б.]. С.Е. Маловтың аудармасымен жарық көрген бұл ескерткіштің артқы бетіндегі бесінші қатарда тұрған «қызғақым оғлым» деген сөздің алғашқысын В.П. Юдин жан-жақты талдай келе, «қызғақ» сөзі көне түркі ескерткішінде «қазғақ» болуы тиіс еді, қазғақ – қазақ сөзінің алғашқы түрі дей келе, ол бұл сөздің қазақ сөзіне айналуын мынадай сызбамен көрсетеді: «қазға+қ (қазғақ)→қазақ» [46, 161–162-б.]. Сөздің шығу төркінін осылай көрсетсе, ал мағынасын «асыранды», ал «қазғақ оғлым» – «асыранды ұлым» деген мағынада айтылады дейді де, «қазғақ» – асыранды және «қазақ» – қашқын сөздеріндегі мағыналардың екіншісі біріншісінен туындайды. Біреуге асыранды ұл болуы үшін алдымен бұрынғы руынан, билеушісінен бөліну, қашу керек болған», – деген ой түйеді В.П. Юдин [46, 165-б.]. Өзінің негізгі тұжырымын автор: «а) Қазақ сөзі – түрік сөзінен шыққан; ә) пайда болған кезі көне түрік орхон-енисей руналық жазбаларының дүниеге келген кезеңіне сай келеді», – деп қорытындылайды.

Одан әрі автор «қазақ» сөзінің шығу төркініне байланысты өз ойының болжам екендігін, Ұйық-Тұрсын ескерткішіндегі жазбалардың нашар сақталуына байланысты «қызғақ» сөзінің мүлде басқа сөз болу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Осылайша, біз көрнекті шығыстанушы-ғалым В.П. Юдиннің «қазақ» сөзінің этимологиясына байланысты ойларына талдау жасай келе, біріншіден, қазақ сөзінің шығу төркініне қатысы бар 22 сөзді талдап, олардың жиырмасының негізсіз деп дәлелдеуін қарастырып отырған мәселемізге оның қосқан зор үлесі деп білеміз. Осындай кәсіби мамандардың ғылыми талдаулары, біздің ойымызша, болашақ зерттеушілерді қайталаулардан, қателіктерге ұрынудан сақтаса керек. Екіншіден, автордың «қазақ» сөзін көне түрік жазуындағы «қазғақтан» (асыранды) шығаруы тың пікір, Бірақ та оның дұрыстығына, шынайылығына автордың өзі күмәнданып отырғандықтан, біз ол жөнінде ойымызды айтуды артық деп санаймыз.



Соңғы кезеңде «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасы жөнінде өз ойларын білдірген ғалымдарға Т.И. Сұлтанов, Б.Е. Көмеков жазады [97, 250–258-б.; 98, 248–255-б.; 220, 303–308-б.].

Т.И. Сұлтанов С.Г. Кляшторныймен бірлесіп жазған «Казак-стан: летопись трех тысячелетий», «Государства и народы Евразийских степей» атты еңбектерінде «қазақ» сөзіне арнайы тоқталып, атаудың шығуына, түп-төркініне және мәндеріне талдау жасайды. Автор «қазақ» сөзінің түрік сөзі екендігін мақұлдап, ол жөнінде әртүрлі зерттеушілердің түрлі тұжырымдарын айта келе, әлі күнге дейін бұл сөздің этимологиясының толық табылмағандығын атап өтеді де, оның алғашқыдан теріс мағынасы болған; ол сөздің – еркін, үйсіз, кезбе, қашқын, батыр, ер жігіт деген мағыналары болған, оның саяси да, этникалық та мәні болмаған; өзінің руынан, тайпасынан, елінен, билеушісінен немесе мемлекетінен бөлініп, дербес, еркін өмір сүретін адамды қазақ деп атаған; қазақ сөзі алғашқыда әлеуметтік мәнде қолданылған, соған сәйкес «қазақшылық», «қазақша» (казакане), «қазақдаш», «қазақ қауымы» деген сөздер шыққан, – деген тұжырымдар жасайды [98, 248–251-б.].

XV ғасырдың ортасында Әбілхайыр хан билеген Өзбек ұлысынан оған наразы ру-тайпалардың Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен бөлініп кетуі немесе қашып кетуі – «қазақ» сөзінің мағынасына сай келеді. Оларды Мұхаммед Хайдар Дулат «өзбек-қазақ» деп атайды. Бұл қате сөз – Жетісу өңіріндегі жаңа қауымға таңылған, ол сөз – бұл қауымның Өзбек Ұлысынан бөлініп шыққандығын көрсетеді. Әбілхайыр ханның өлімінен кейін Дешті Қыпшақтағы билеуші әулет өзгерсе де, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік құрылымында елеулі өзгерістер болмайды, тек қана мемлекеттің атауы өзгеріп, «қазақ» сөзі этникалық мәнге ие болады», – деп қорытынды жасайды Т.И. Сұлтанов [98, 253-б.]. Осылайша, автор «қазақ» сөзінің алғашқыда әлеуметтік мәнде ғана қолданыста болған түркі сөзі, XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандар негізін қалаған жаңа мемлекеттің тұрғындарына қойылған этноним екендігін көрсетеді.

1998 жылы «Қазақстан тарихының» академиялық екінші томы жарық көріп, онда «Қазақ» термині туралы» атты тараушаны академик Б.Е. Көмеков жазады [220, 303–308-б.]. Автор «қазақ» сөзіне қатысы бар бірнеше маңызды мәселені шешіп береді. Олардың



біріншісіне – «қазақ» сөзін түсіндіруде зерттеушілердің көп бөлігінің терминологиялық сәйкестікті іздестіру жолымен жүруінің мәселені толық шешуде жеткіліксіз екендігін дәлелдеп беруі жағдайы. Б.Е. Көмеков «қазақ» сөзіне ұқсас, үндес терминдерді ғалымдар Қазақстаннан тыс, алыс жерлерден табады да, оны қазақ этнонимімен байланыстырады, «бұл орайда олардың этникалық байланыстарының тереңдігін көрсете алатын тарихи-мәдени сипаттағы жүйелі сәйкестіктерді анықтау қажетінен айналып өтеді», – деп сынға алады [220, 303-б.].

Екіншіден, Б.Е. Көмеков «қазақ» сөзінің тарихнамасында ұқсастыру арқылы алынған болжамдарға тоқтап, Византия императоры Константин Багрянородныйдың (X ғасырдың орта шені) Кавказдың солтүстік-батысында жатқан «Казахия елі» деп айтқан мәліметте қате кетіп, түпнұсқа бойынша дұрысы «Касахия» болуы тиіс. «Касахияның» қасоғтар екендігі тарих ғылымында дәлелденген деген пікірі қазақ халқын X ғасырдағы Кавказ халқымен этникалық байланыстырудың негізсіз екендігін көрсетеді. Сондай-ақ мұсылман деректеріндегі, орыс жылнамаларындағы, моңғол деректеріндегі, түркі жазуындағы, Фирдаусидың (935–1020) «Шахнамасындағы» қазақ сөзіне ұқсас, үндес терминдер арқылы «қазақ» сөзінің мән-мағынасын түсіндіруге тырысқан болжамдар жөнінде «ұсынылатын болжамдардың көп жағдайларда салыстыруға келмейтін атаулар салыстырылды», «этнонимдер нақты-тарихи көзқарастардың бүкіл жиынтығына енсе, қайта оқшау алып қарастырылды», «этникалық процестердің өзі – этностағы уақыт жағынан болған өзгерістер ескерілмеді» – деп бұрынғы болжамдар жөнінде тұжырым жасайды [220, 306-б.]. Одан әрі Б.Е. Көмековтың қазақ сөзіне байланысты пікірлеріне назар аударсақ, шығыстанушы ғалым «қазақ» сөзінің алғашқы пайда болып, таралған жері Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы деп көрсетеді де, 1245 жылғы Мамлүктік Египет мемлекетіндегі қыпшақтар ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігіндегі «қазақ» сөзінің жазба деректерде бірінші рет кездеседі және ол «еркін», «кезбе» деген мағынада айтылады деген тұжырымды қолдайтындығын білдіреді. Ғалым бұл жерде «қазақ» сөзі әлеуметтік мәнде айтылып тұр, оның мағынасын – өз руынан, тайпасынан, мемлекетінен бөлініп шығып, өз күндерін соғыс арқылы көріп жүрген адамдарды білдірген деп есептеп, қазаққа айналу



институтын, яғни қазаққа айналу жолын, қазақ болу үрдісін талдап береді [220, 306–307-б.].

Араб елдеріндегі – сулук, Шығыс Еуропадағы – норвег викингілері, Русьтегі – бродниктер, түркі тайпаларындағы – қазақтар және т.б. елдердегі осындай әлеуметтік топтардың пайда болуының ортақ ұқсастықтары бар, олардың айырмашылығы терминологиялық атауында ғана деп, Б.Е. Көмеков Х ғасырдағы Ибн әл-Факихтың дерегінде кездесетін оғыз ханзадасы Балқиқ ибн Жабғуға қатысты мәліметті келтіреді де, оны қазаққа айналу институтын сипаттаудың классикалық үлгісі деп атайды.

Автордың көрсетуінше, «қазақ» сөзі алғашқы кездегі мәнінен этникалық мәнге айналғанға дейін бірнеше сатыдан өткен. IX–X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы қыпшақтар арасында «қазақ» сөзі әлеуметтік, XI–XII ғасырларда әлеуметтік-этникалық сипатта қолданылған. Ал XV ғасырдың екінші жартысынан бастап «қазақ» атауы этникалық мәнде айтыла бастаған.

Осылайша, Б.Е. Көмеков «қазақ» сөзінің алғашында «еркін», «кезбе» деген мағынада қолданылып, әлеуметтік мәні болғандығын, осы мәнде IX–X ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақта қолданыста болғандығын, қазаққа айналу үрдістері арқылы «қазақ» сөзі әлеуметтік-этникалық мәнге өзгергенін дәлелдейді. XIII ғасыр басында моңғол жаулауы қыпшақтарды әр елдерге шашыратып жіберіп, сол арқылы қазақ сөзі кешенді мәнге ие болады да, тұтастай алғанда «қазақ» сөзі алуан түрлі еріктілерді айту үшін қолданған, ал кейін этникалық мәнге ие болған деп тұжырым жасайды.

Б.Е. Көмековтың бұл тұжырымдары қазіргі күнде тарих ғылымында «қазақ» сөзінің шығуы мен түп-төркіні, мәні мен мағынасына байланысты үстем болып отырған ғылыми тұжырымға жатады.

«Қазақ» сөзінің шығуы мен мән-мағынасына байланысты XVIII ғасырдың ортасынан қазіргі кезеңге дейінгі зерттеулерге тарихнамалық сипатта шолу, талдау барысында біз, мынадай ой-пікірлерге келіп, қорытынды тұжырымдар жасаймыз.

Бірінші, «қазақ» сөзіне байланысты мәселелер XVIII ғасырдың ортасынан бастап орыс тарихшыларының еңбектерінде кездесе бастайды да, қазіргі күнге дейін отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отырғандығына көзімізді жеткіздік. Екі жарым ғасырдан астам уақыт ішінде бұл мәселеге қатысты





алуан түрлі ой-пікірлерді, болжамдарды, тұжырымдарды әртүрлі көзқарастар мен бағыттардағы тарихшылардың өкілдері әртүрлі тарихи кезеңдерде айтқандықтан, біз мәселенің зерттелу тарихын шартты түрде бірнеше тарихнамалық кезеңдерге бөлдік.

Бірінші тарихнамалық кезеңге – XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі кезең жатқызылады. Бұл кезеңнің басты сипаты мен белгісіне пікір айтқан тарихшылардың қазақ халқын «қырғыз-қайсақ», «қырғыз-қасақ» деп біліп, «қырғыз» сөзінің шығуы мен мән-мағынасын түсіндіруі, қазақ халқын Сібірдегі қырғыз халқының тарихынан іздестіруі, сөйтіп теріс бағытта адасуы жатады.

Екінші тарихнамалық кезеңге – XIX ғасырдың 30-жылдарынан XX ғасырдың басына дейінгі кезең жатады. А.И. Левшиннен бастап осы кезеңдегі тарихшылар қазақ пен қырғыз халқының ара жігін ажыратып, дұрыс бағытта зерттеулер жүргізеді. Қазақ халқының тарихына арналған алғашқы іргелі еңбектер осы кезеңде жазылады, «қазақ» сөзіне қатысты мәселелер арнайы түрде осы кезеңде қарастырылады. Осы кезеңде мәселеге қатысты көп тұжырымдар мен пікірлер айтылады. Олар кейінгі кезеңдегі тарихшылардың пікірлеріне негіз болады. Осы кезеңдегі пікірлерге біз XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауым өкілдері: Құрбан Әли Халидтің, Ш. Құдайбердіұлының тұжырымдарын жатқыздық.

Үшінші тарихнамалық кезең – XX ғасырдың 20-жылдары мен 40-жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңнің басты ерекшелігіне кейбір зерттеушілердің «қазақ» сөзінің шығуы мен түп-төркініне байланысты алдыңғы кезеңдердегі тарихшылардың пікірлеріне тарихнамалық талдаулар мен жаңа, тың тұжырымдар білдіруі жатады.

Төртінші тарихнамалық кезеңге – XX ғасырдың ортасынан қазіргі күнге дейінгі айтылған тұжырымдар еніп, оның басты ерекшелігіне – мәселемен кәсіби тарихшылардың айналысуы, мәселе шеңберінің кеңеюі және этноним мен этнос, этникалық процестер мәселесінің өзара байланыста қарастырылуы жатады.

Екінші, «қазақ» сөзіне байланысты мәселеде тарихшылар қазақ халқының шығуы, оның пайда болған кезеңі мәселесінен аттап өте алмай, бұл жөнінде а) қазақ халқы – ежелден бері келе жатқан халық; ә) қазақ халқы X ғасырдан бері белгілі халық; б) қазақ халқы XV–XVI ғасырларда әр тайпадан құралған халық деген тұжырымдар жасайды.



Үшінші, алғашқы тарихнамалық кезеңдерде қазақ сөзінің шығуын түсіндіру бағытында оған ұқсас, үндес келетін әртүрлі мағына мен сипаттағы сөздер негізге алынды. Оларды топтасқанда, 1) ежелгі тайпалардың атауларымен байланыстыру, 2) діни ұғымдардан іздестіру; 3) қиял-ғажайып ертегілердегі кейіпкерлермен байланыстыру; 4) лингвистикалық тұрғыда түсіндіру («қаз», «қаш» секілді етістікке жұрнақ, жалғауларды қосу); 5) басқа халықтардағы ұқсас сөздерден іздестіру; соңғы тарихнамалық кезеңде, 6) көне түрік жазба ескерткіштерінен іздеу секілді әдістер қолданылған.

Төртінші, соңғы тарихнамалық кезеңде «қазақ» сөзіне байланысты мынадай тұжырымдар ғылыми жағынан негізделіп, үстем, жетекші пікірге айналып отыр. Олар: а) «қазақ» – түрік сөзі, тек қана Дешті Қыпшақ аумағында пайда болған, мағынасы – өз руынан, тайпасынан, елінен бөлектеніп, өзін еркін, дербес, азат санайтын, өз күнін қару арқылы көретін батыл, батыр адамды немесе адамдарды білдірген. Бұл сөздің тек әлеуметтік мәні ғана болған; ә) әлеуметтік мәндегі «қазақ» сөзі X–XI ғасырларда Дешті Қыпшақта пайда болып, кейіннен басқа халықтарға тараған. б) әрқилы жағдайға байланысты адамдар қазаққа айналған, сол себепті әлеуметтік, этникалық құрамы да әртүрлі болып отырған. Ресейдегі орыс-казактарының пайда болуы осыны дәлелдейді. Осы кезден, яғни XIII–XV ғасырларда «қазақ» сөзі әлеуметтік-этникалық мәнде қолданылған. в) «қазақ» сөзі – Қазақ хандығы құрылғаннан кейін барып, этникалық мәнге ие болған. Қазіргі таңда отандық тарих ғылымында осы пікірлер жетекші пікірлерге айналып отыр.

«Қазақ» сөзіне байланысты тарихнамалық шолу мен тұжырымдардан кейін өзіміздің ой-пікірлерімізді білдірелік. «Қазақ» атауы көне түрік сөзі екендігін және оның тек түрік тайпалары өмір сүрген аймақтарда ғана пайда болғандығын тарих ғылымы мойындайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оның нақты шығу төркінін ешкім де анық айта алмаған. Бірақ та тарих ғылымына белгілі болғаны, оның алғашқыда саяси да, этникалық та мәнде емес, тек әлеуметтік мәнде ғана қолданылғаны. Зерттеушілердің көпшілігі қазақ сөзі алғашқыда тұтастықтан бөлініп, ажырап, аумақта, жеке өмір сүру, дербестену, еркін болу деген мағынада қолданылғанын мойындайды. Біздің ойымызша, «қазақ» сөзі әлеуметтік мәнде ерте түрік дәуірінде пайда болған сияқты. Басқа да



кейбір сөздер мен ұғымдар секілді қазақ сөзі де белгілі бір тарихи дәуірлерде әлеуметтік-экономикалық, саяси-этникалық, мәдени-рухани дамулардың әсерімен мағынасы мен мәніне өзгерістер енгізген. Алғашқы мәні – әлеуметтік болып, мағынасына руынан, тайпасынан, елінен, мемлекетінен бөлініп не болмаса қашып кетіп, өз бетінше дербес, еркін, азат өмір сүріп жатқан адам немесе адамдар жатқызылса, кейін келе, бұл сөздің мәні мен мағынасына аз болса да өзгерістер ене бастайды. Қазақ атанған әлеуметтік топ уақыт өте келе тарап кетпей, жойылып кетпей немесе бұрынғы бөлініп шыққан еліне қайта қосылып кетпей, өзіндік бет-бейнесін, ерекшелігін сақтап қалса, көбейсе, онда ол топтың атауы әлеуметтік-этникалық мәнге ие бола бастайды. Бұған дәлел ретінде Б.Е.Көмеков келтірген бірнеше деректі айтуға болады. «Данишкенде-и Макқұл уа манқұл» кітапханасындағы белгіде былай деп айқын қолтаңбамен жазылған: «Бұл қолжазбаны Біләл ибн Жабрайыл бин Мұхаммед Әли ат-Туркмани әл-Қазақи сатып алған, хижраның 660 жылы (яғни біздің заманымыздағы 1262 жыл)» [220, 307-б.].

Екінші бір деректе «қазаху», «қазахлар» атауының кездесуі түрікмендер арасында қазақтардың айтарлықтай топ болғаны», – деп көрсетеді Б.Е. Көмеков [220, 307–308-б.].

Т.И. Сұлтанов «қазақ» сөзінен туындаған «казакдаш», «жамағат-и казак» терминдерінің орта ғасырлық мұсылман авторларының шығармаларында кездесетінін жазады [98, 250–251-б.]. «Казакдаш» қазақ тіліндегі ауылдас, жерлес, қарулас, көршілес деген сөздердің мағынасына ұқсас. Қазақ болып, бірге жүргендер өздерін осылай атаған. Ал «жамағат-и қазақ» – қазақ қауымы, қазақ тобы деген мағынаны білдірсе керек. Әртүрлі әлеуметтік топтардан әртүрлі тайпалардың өкілдерінен құрылған топ қана осылай аталады. Б.Е. Көмеков келтірген бірінші деректегі «ат-Туркмани әл-Қазақи» деген ныспы түрікмендер арасындағы қазақ қауымын көрсетеді. Бұл жерде біз, қазақ сөзінің әлеуметтік емес, әлеуметтік-этникалық мәнін байқап отырмыз. XIV–XV ғасырлардағы мұсылман деректерінде «қазақ», «қазақшылық» терминдері жиі кездесе бастайды. Камал ад-дин Бинай «Шайбани-нама» атты еңбегінде: «Әбілхайыр ханның қазақшылығы кезінде жан аямай оның күшеюіне себепкер болған әмірлер қауымы болды», – деп, әмірлердің аты-жөндері мен шыққан тайпаларын көрсетсе, осы еңбектің келесі бір мәліметінде



«тағы да Әбілхайыр ханға қатысты «оның қазақшылығы кезінде қазақтардың келесі бір қауымы ерлікпен күресті», – деп, олардың да аты-жөндері мен ру-тайпаларын атап өтеді» [264, 96–97-б.].

XVI ғасырдың алғашқы жылдары жазылған анонимді «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» еңбегінде де Әбілхайыр ханның билікке келген кезіне дейінгі өткізген жылдары «қазақшылық кезеңі» деген тіркеспен жазылады [108, 17-б.]. Тарихи деректің мәліметтерін нақты тарихи оқиғалармен байланыстыра қарасақ, екі дерек мәліметі де нақты бір тарихи тұлғаның – Әбілхайыр ханның өміріне қатысты оқиғаларды баяндап отыр. Оның Жошының бесінші ұлы Шайбанның ұрпағы екендігі, 1412 жылы туылып, 1469 жылы қайтыс болғандығы, 1428/1429–1468/1469 жылдары Дешті Қыпшақта «көшпелі өзбектер» мемлекетін 40 жыл билегені баршаға мәлім. Міне, осы Әбілхайыр 15-16 жасар шағында Қазақстанның батысы мен солтүстік-батыс бөлігіндегі шибанилық сұлтандар мен маңғыт биі мен мырзалары арасындағы өзара талас-тартыстарға қатынасады да, шамамен, 1427–1428 жылғы шайқаста жеңіліске ұшырап, маңғыттардың қолына тұтқынға түседі. Маңғыттар оны өлтірмей, керісінше, үлкен құрмет көрсетіп, аман-сау еліне қайтарады. Ал 1428–1429 жылдары сол аймақтың ру-тайпа басыларының тікелей қолдауымен Әбілхайыр хандық билікті иеленеді. Жоғарыда біз келтірген екі дерек мәліметі де Әбілхайырдың тұтқыннан босап шығып, тақты иеленген кезіне дейінгі 1–1,5 жылдық кезеңін «қазақшылық жылдар» деп көрсетіп отыр. Осы жылдары жап-жас Әбілхайыр өз уақытын Шибан Ұлыстарынан тыс, Дешті Қыпшақтағы Алаша-баһадүрдің аймағында өткізеді [110, 142–143-б.]. Одан кейін көп ұзамай Әбілхайыр хан тағына келеді. Дерек авторы Камал ад-дин Бинаи Әбілхайырдың өз ұлысынан бөлек, тыс аймақта жүрген жылдарын – оның басынан өткерген «қазақшылық жылдары» деп жазып отыр. Бұл жерде «қазақшылық» деген сөз өз ұлысынан кетіп қалған, қашып кеткен, еркін, бос жүрген адамның өміріне қатысты айтылып отыр.

Осы деректердегі екінші бір сөз – «қазақтар қауымы» деген атауларды талдап, түсіндірелік.

Бұл сөз алдыңғы бетте айтып өткен түрікмендер арасындағы қазақтар қауымы сөзімен мағыналас. «Қазақтардың басқа қауымы» деп Камал ад-дин Бинаи ички, туман, ұйғыр, дурман, қоңырат



тайпаларынан шыққан жеке тұлғаларды айтып отыр [264, 97-б.]. Бұл адамдар Әбілхайырдың жанына ерген нөкерлері, серіктері. Оларды бір-біріне қазақтас («қазақдаш») деуге болады. Автор Әбілхайырды қолдаған адамдарды бұған дейін Бузунжар бек-қият, Әлібек-қоңырат деп жазса, қазақ қауымының адамдарын: Ичкиден – Иақуб-қожа, тұманнан – Қылыш-баһадүр, ұйғырдан – Иапағұ, дурманнан – Инка-қожа деп атап көрсетеді [264, 97-б.]. Бұл жерде «қазақ қауымы» деп әртүрлі тайпалардан жинақталған, Әбілхайырға нөкер, серік болған адамдардың қауымы айтылып тұр. Оның мағынасы осындай болса, ал мәнінің әлеуметтік-саяси сипаты байқалады.

Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиінде» «қазақы әдетпен» («бе рәсм-и казаки», «по казацкому обычаю») деген сөздер кездеседі [127, 191-б.]. Моғолстандағы билік үшін күресте Уәйіс хан өзінің немере – ағасы Шер-Мұхаммед ханнан қашады да, оның иелігіне жақын шекаралас аймақтарда өзінің жақтастарымен қазақы әдет бойынша көшіп-қонып жүреді. Оның жақтастарының саны 400-ге дейін жетеді [127, 192-б.]. Бұл жерде «қазақы әдет» деп өз елінен қашып шығып немесе бөлініп кетіп, жаугершілік күндердегідей ғұмыр кешіп жүрген адамдардың өмірі айтылып отыр. Уәйіс хан мен оның жанындағы қазақы әдетпен күн кешіп жүрген 400-дей жақтасы – қазақтар болып саналады. Бұл жерде қазақ сөзінің уақытша әлеуметтік-саяси мәні бар. Уақытша дегеніміз – Уәйіс хан өз елінен билік үшін күресте қашуға мәжбүр болып, уақытша басқа аймақта жүрді. Шер-Мұхаммедті жеңіп, билікті иеленгеннен кейін оның «қазақшылығы» тоқталады. Сол себепті де бұл жердегі қазақ сөзінің мәніндегі бір қасиетке – оның уақытша екендігі, сөздің мәніндегі екінші белгіге – саяси белгі жатады. Билік үшін болатын күрестің бәрі саяси сипат алатындықтан, Уәйіс хан мен Шер-Мұхаммед хан арасындағы күрестің де саяси сипаты болып тұр. Ал әлеуметтік мәніне Уәйіс ханның 400-дей адамының әр рудан, әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққандығына қарамастан, өз елдерінен бөлек аймақта жүруі кіреді. Осылайша, «қазақ» сөзі алғашқы әлеуметтік мәнінен әлеуметтік-этникалық, уақытша саяси-әлеуметтік мәндерге ие бола бастайды.

«Бабыр – намада» Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр XVI ғасырдың алғашқы жылдарында биліктен айырылып, еш жерде тұрақтай алмай, еш жерге орныға алмай, қашып-пісіп жүрген кезі туралы:



«Осы қыста біздің нөкерлеріміздің бір бөлігі біздің қазақшылық өмірімізге шыдай алмай, Әндіжанға кетуге рұқсат сұрады», – деп баяндайды [119, 114-б.]. Мұндағы «қазақшылық» деген сөз, Мәуереннаһр аумағында қолданылса да мәні мен мағынасы жағынан Дешті Қыпшақтағы «қазақшылық» сөзімен бірдей. Мағынасы жағынан бұл сөз – билігінен айырылып, оны қайтару үшін уақытша елден қашып жүрген адамдар қауымына қатысты айтылып отыр. XIV–XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың, Мәуереннаһрдың тарихынан уақытша болса да қазақ атанып, қазақшылық өмірді бастан өткерген тарихи тұлғалар жөнінде деректер келтіруге болады.

XV ғасырдың 50–60-жылдарынан бастап, «қазақ» сөзі жаңа мәнге ие бола бастайды. Керей мен Жәнібек хандар XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Әбілхайыр ханнан бөлініп Моғолстан мемлекетінің құрамындағы Жетісу өңіріне келеді. Олардың өзіне дейінгі қазақ атанғандардан елеулі айырмашылығы болды. Егерде Керей мен Жәнібек хандарға дейін, қазақшылық өмірді бастан өткерген Әбілхайыр хан, Мұхаммед Шайбани хан, Бабыр, Мұхаммед Жөкі, Уәйіс хан және тағы басқалары өздерінің билік үшін күресте уақытша жеңіліс тауып, әлеуметтік ортасынан бөлініп, жанына нөкерлерін ертіп, амалсыздан елінен қашып, бөгде аймақтарда жүргендіктен қазақ атанса, Керей мен Жәнібек хандардың олардан ерекшелігі – бұл екі хан да дәл осындай себептермен өз елдерінен кетуге немесе қашуға мәжбүр болады, бірақ олар өз нөкерлерімен емес, өздеріне қарайтын ру-тайпалармен ауа көшуге мәжбүр болады. Соның нәтижесінде, «қазақ» атауы этникалық қауымдастықтың бір бөлігіне таңылады. Этникалық қауымдастықтың бір бөлігі дегеніміз, ол – әлеуметтік топ емес, одан анағұрлым кең мағынадағы ұғым. Оның құрамына Әбілхайыр ханның саясатына наразы, билігіне қарсы бұрынғы Ақ Орда хандарына қолдау көрсеткен Дешті Қыпшақтың жергілікті, байырғы тайпалары жатты. Ақ Орданың тұсында ол тайпалар жалпы атаумен қыпшақтар деп аталса, Әбілхайыр хандығы тұсында «көшпелі өзбектер» атты ортақ этнониммен аталған болатын. Енді Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен «көшпелі өзбектерден» бөлінуге байланысты оларды жазба деректерде «өзбек-қазақтар» деп атай бастайды [133, 110-б.]. Бұл жерде біз, қазақ сөзінің саяси-этникалық мәнде айтылып тұрғанын байқаймыз. Саяси болатын себебі Әбілхайыр ханға қарсы



Керей мен Жәнібек хандардың күресіне байланысты туындап отыр, ал этникалық себебін көшіп кеткендердің жекелеген адам не топ емес, тұтастай бір ру-тайпалар бірлестігі болғандығымен байланыстырамыз.

«Өзбек-қазақ» атауының таза этникалық мәнге ауысуы Жетісудың батысындағы Қазақ хандығының тарихымен байланысты болды. 1469 жылы «көшпелі өзбектер» ханы Әбілхайыр қайтыс болып, деректерде жазылғандай, «ол ұлыста үлкен бүлінушіліктер басталады». Дешті Қыпшақтағы шибанилар әулетінің билігіне қарсы ру-тайпалар Қазақ хандығына көшіп келіп, олардың санын көбейтсе, сыртқы қарсыластар: Сібірдің, маңғыттардың, Үлкен Орданың билеушілері, сондай-ақ Қазақ хандары шайбанилық әулетке жан-жақтан қарсы әскери әрекеттер жасайды. Көп ұзамай Әбілхайырдың мұрагері Шайх Хайдар хан өлтіріледі де, «Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде Қазақ хандарының билігі орнығады» [133, 110-б.].

Сол тұстан бастап «өзбек-қазақ» атауының орнына «қазақ» атауы қолданыла бастайды. Енді қазақтар деп Қазақ хандығының билігі орнаған Дешті Қыпшақтың басым бөлігіндегі тайпаларды атай бастайды. XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының Мауереннаһр билеушілерімен жүргізген күресін баяндайтын тарихи шығармаларда Дешті Қыпшақ тұрғындары жалпы атаумен қазақтар деп аталады. Мысалы, Абдаллах Балхи «Зубдат ал-асар» атты еңбегінде 1510 жылы болған оқиғалардың бірі ретінде Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға қарсы соңғы жорығын баяндайды [110, 133-б.]. XVI ғасырдың 30-жылдарындағы оқиғаларды баяндайтын шығарма – «Бадаи-ал вакай («Таңғажайып оқиғалар»)» еңбегінде этникалық мәндегі қазақ сөзімен қатар, алғаш рет «Қазақстан» атауы кездеседі [110, 180-б.].

XVI ғасырдың бірінші жартысындағы еңбектерде қазақ сөзінің этникалық мәнде қолданылуы қалыпты жағдай болса, «Қазақстан» терминінің кездесуі көңіл аударарлық.

Парсы тілінде «-астон», «-естон» жұрнақтары тек қана ру, тайпа, халық атауларының соңына жалғанады да, олардың мекен жайын, аймағын білдіріп, жаңа сөз құрайды. Бұл жерде жаңа сөз – «Қазақстан», этникалық мәндегі қазақ сөзіне парсы жұрнағының қосылуы арқылы пайда болып, жаңа ұғымды білдіріп тұр, яғни қазақ халқының территориясын көрсетіп тұр.



Осылайша, біз «қазақ» сөзінің шығуы мен түп-төркіні, мәні мен мағынасы жөнінде ойымызды аяқтай келе, төмендегідей қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, «қазақ» сөзі – зерттеушілердің бәрі дерлік мойындап отырғанындай көне түрік сөзі, түрік тілдес тайпалардың ортасында қолданыста болып, өз руынан, елінен, мемлекетінен бөлініп кетіп немесе қашып кетіп, өз бетінше ешкімге бағынбай, дербес, еркін, азат жүрген адамды, адамдарды білдірген. Алағашқы кездегі «қазақ» сөзі тек әлеуметтік мәнде ғана ерте түрік дәуірінен X ғасырға дейін қолданылған.

Екіншіден, X–XIII ғасырларға дейінгі аралықта «қазақ» сөзі өзінің негізгі мағынасын сақтаса да, мәні аздаған өзгерістерге ұшырайды. Осы кезеңде «қазақ» сөзінің әлеуметтік-этникалық мәнге ауыса бастағанын байқаймыз.

Үшіншіден, XIII ғасырдан XV ғасырдың ортасына дейін моңғолдар жаулап алған аймақтарда билік үшін болған саяси күрестердің әсері бұл сөзге де тиіп, қазақ сөзі – уақытша саяси-әлеуметтік мәнге ие болады.

Төртіншіден, Қазақ хандығының құрылуы кезеңінде, яғни Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен «көшпелі өзбектер» қауымдастығының бір бөлігі одан бөлініп кетіп, он шақты жылдан соң олардың Дешті Қыпшаққа қайта келгеніне дейінгі аралықта қазақ сөзі – саяси-этникалық мәнде қолданылады да, соған сәйкес «өзбек-қазақ» атауы пайда болады.

Бесіншіден, Қазақ хандығының Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде билігінің орнығуына байланысты, ондағы барлық тайпалар ортақ этникалық атаумен – қазақ атауымен атала бастайды. Біз бұл атауды таза этникалық мән дей отыра, қазақ сөзін этноним деп ұғынамыз.

Міне, XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуымен қатар этникалық мәнге ие болған қазақ сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай, еліміздің байырғы, негізгі, басты, мемлекет құраушы халқының атауы ретінде қолданылып келе жатыр.





## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ хандығының құрылу тарихын қарастыра келе, оның ежелгі замандардан Қазақстан аумағында үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық, саяси, мәдени, рухани және мемлекеттілік дамулардың заңды қорытындысы екендігіне көзімізді жеткіздік. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі Қазақстан аумағындағы тарихи дамулар барысы бірнеше кезеңдерге бөлінеді де, әрбір кезең өзіне тән ерекшеліктермен айқындалады. Сол кезеңдердің біріне XIII–XV ғасырлар аралығы жатады. Бұл кезеңді Қазақстан тарихында моңғолдар үстемдігі және моңғолдар үстемдігінен кейінгі кезеңдер деп жалпылама түрде атаса, этникалық тұрғыдан алғанда, бұл ғасырлар – қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңіне жатады. Осы кезеңдегі этникалық дамулар Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарттарын қалыптастырғандықтан, біз XIII–XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы этнопроцестерді жеке қарастырып, мынадай қорытындылар жасадық:

- Кең мағынада қолданылып жүрген Дешті Қыпшақ ұғымының шығыс бөлігінде, яғни Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген қыпшақ тайпалары моңғол жаулаушылығы қарсаңында ішкі және сыртқы факторларға байланысты бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік жүйе қалыптастыра алмай, үш саяси құрылымға бөлініп кетеді де, XIII ғасырдың басындағы моңғолдардың жаулап алушылығына тойтарыс бере алмайды.

- Моңғол жаулап алушылығы Шығыс Дешті Қыпшақтың этникалық өмірін толық жойып жібере алмайды, бірақ оған сандық, сапалық жағынан өзгерістер енгізеді. Жаулап алу барысындағы ұрыстар мен шайқастарда адам шығындарының өте көп болуы, жергілікті кейбір ру-тайпалардың Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан басқа аумақтарға көшіп кетуі, бағындырылған аймақтардан қолөнершілер мен шеберлердің тұтқынға әкетілуі, жас жігіттердің әскердің қара жұмыстарына күштеп тартылуы, жергілікті халық есебінен моңғолдардың әскер санын толтырып отыруы, әртүрлі жағдайларға байланысты өлім-жітімдердің, ауру-індеттердің көп болуы – жергілікті халық санының күрт азаюына алып келеді. Бұл жағдай Қазақстан аумағындағы этнопроцестің дамуына кері әсер етеді, бірақ этнопроцесті біржолата тоқтата алмайды.

- Моңғол жаулап алушылығына байланысты Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Моңғолия жерінен түркі тілдес, моңғол тілдес тайпалар қоныс аударып, жергілікті этнопроцестерге араласады да, XV ғасырдың ортасында жеке халық боп қалыптасқан қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың біріне айналады.

- XIII–XIV ғасырлар саяси өмірдегі секілді этноөмірде де үлкен маңызға ие болады. Түріктік және моңғолдық этнокомпоненттер жергілікті дештілік қыпшақ тайпаларымен араласа келе, XIV ғасырдың бірінші жартысында қыпшақталып кетеді. Жаңа этноқауымдастық пайда болып, ол «өзбек» атты жалпылама жиынтық атаумен аталады.

- Түріктік және моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесінде ислам діні рөл атқарып, ол барлық этноэлементтер үшін ортақ кеңістік пен ортақ құндылықтар қалыптастырады.

- Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы бір тарихи кезеңде жүзеге асқан және олар бір-біріне өзара әсер еткен процестер болып саналады. XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Ордадағы саяси бытыраңқылықтар этносаяси тұрғыда Шығыс Дешті Қыпшақтың дербес дамуына алып келеді. Ақ Орда билеушілерін жазба деректер «өзбектер ханы» деп жазса, Мұхаммед Хайдар Дулати Шығыс Дешті Қыпшақты «Өзбекстан» деп атайды. Шайбанилық Әбілхайыр ханның билігі осы аумақта толығымен орнауына байланысты Шығыс Дешті Қыпшақтың тайпалары «көшпелі өзбектер» атты жаңа, жалпылама түрдегі жиынтық атауымен аталады. 92 тайпадан тұратын бұл этноқауымдастық үш үлкен тайпалар тобына жіктеледі. Осы үш тайпалар тобындағы әр тайпаның шығу тегін анықтау барысында маңғыттар деп аталатын алғашқы топта жергілікті қыпшақтық пен түрік-моңғолдық этнокомпоненттердің арасалмақтары шамамен бірдей, ал екінші топты құрайтын шибандық тайпалар тобында жергілікті қыпшақтық этноэлементтерге қарағанда түрік-моңғолдық элементтердің үлесі көптеу екендігі байқалады. Ал ордаежендік тайпалар тобы деп біз шартты түрде атаған үшінші топтың құрамында, керісінше, жергілікті қыпшақтық этноэлементтер басымдылық байқатады. Ақ Орданың басты этникалық негізін құраған бұл тайпалар тобы XV ғасырдың ортасында «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығымен бөлектеніп, Керей мен Жәнібек хандардың



басшылығымен өз мемлекетін – Қазақ хандығын құрады. Осылайша, бір жағынан ордаежендік тайпалардың «көшпелі өзбектерден» бөлектенуі – қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына алып келсе, екінші жағынан, қазақ халқының жеке этнос ретінде пайда болуы – Қазақ хандығын тарих төріне шығарады. Сол себепті де Қазақ хандығының құрылуында XIII–XV ғасырлардағы этникалық процестер басты рөл атқарып, олар негізгі алғышарттардың бірі болып саналады.

Қазақ хандығының құрылуы XV ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген Әбілхайыр хандығы, Моғолстан және Мауреннахрдағы Темір әулеті мемлекеттері арасындағы саяси қарым-қатынастардың дамуының заңды қорытындысы болды. Ақ Орданың соңғы билеушісі Барақ хан қаза тапқаннан кейін Шибан Ұлысында 17 жасар Әбілхайыр жергілікті дін басылары мен ру тайпа жетекшілерінің тікелей қолдауымен хан болып сайланады да, өз билігінің алғашқы кезеңінде бытырап кеткен Шибан Ұлысын біріктіреді. XV ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерді бағындыру арқылы Әбілхайыр хан алғаш рет бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа өзінің жеке-дара билігін орнатады. Әбілхайыр ханның билігінің күшеюі оны билікке алып келген жергілікті ру-тайпа жетекшілерінің мүддесіне қайшы келеді де, осы қайшылық XV ғасырдың ортасында «көшпелі өзбектер» елінің ішкі саяси жағдайын айқындайды. Оны шайбанилық ханның жорықтарына қатынасқан тайпа басшылары туралы баяндайтын жазба дерек мәліметтері дәлелдейді. Әбілхайыр ханның билігі неғұрлым күшейген сайын соғұрлым оны қолдаушылардың саны азая бастағанын көреміз. «Көшпелі өзбектерден» бірінші болып маңғыт тайпалары бөлініп кетеді. 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі ойраттардан жеңіліс Әбілхайыр хандығының ішкі әлсіздігін көрсетіп берді. Сондай-ақ осы жылы Сырдың төменгі ағысы бойын мекендейтін шибанилық Иадгар сұлтанның хан болып сайланылуы да «көшпелі өзбектер» мемлекетінің ыдырай бастағандығын көрсетеді. Осындай, ішкі саяси жағдайдың шиеленісуі Ақ Орда хандығының мұрагерлігіне қоластындағы ру-тайпалармен бірге оқшаулануға өте қолайлы саяси алғышарттар әзірлейді.



Әбілхайыр хандығының сыртқы саяси жағдайы да, әсіресе, Моғолстан және Мауереннаһрдағы Темір әулеті мемлекетімен XV ғасырдың ортасындағы саяси қарым-қатынастары да Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибан әулеті үшін тиімді болмады. Жазба дерек мәліметтері көрсеткеніндей, кейбір моғол тайпаларының моғол ханының билігінен қашып, Шығыс Дешті Қыпшақты пана тұтуы екі билеуші арасында достық қатынастардың болмағандығын дәлелдейді. Сол сияқты Әбілхайыр ханның Мауереннаһрдың ішкі саяси істеріне XV ғасырдың ортасында белсене араласуы да Мауереннаһр тарапынан оған деген қарсы күштерді көбейтеді. Міне, «көшпелі өзбектер» елінің XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысындағы ішкі және сыртқы саяси жағдайларының әлсіз, әрі тұрақсыз болуы – Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен Қазақ хандығының құрылуына өте қолайлы саяси алғышарттар туғызады.

Әбілхайыр хандығы секілді XV ғасырдың бірінші жартысындағы Моғолстан мемлекетінің де ішкі және сыртқы саяси жағдайлары да Қазақ хандығының Моғолстанның бір бөлігі болып саналған Жетісу аймағында құрылуына өте қолайлы жағдайлар жасайды. XV ғасырдың екінші ширегінде моғол билеушісі Есенбұға ханның Шығыс Түркістандағы қалалық-отырықшылық аудандардың тұрғындарына арқа сүйеуі Ыстықкөл аймағы мен Жетісу өңіріндегі моғол тайпалары басшыларының қарсылықтарын туғызады да, олар ханға қарсы ашық наразылықтар жасап, орталық билікке бағынудан бас тартады. Әрбір тайпа әмірі өз аймағында дербес өмір кешеді. Моғолстандағы хандық биліктің әлсірегені сондай, Есенбұға хан әмірлердің қарсылықтарына қарсы ешқандай әрекет жасай алмайды, онда қажетті күш те жоқ болатын.

Ал Моғолстанның сыртқы жағдайына келсек, ол да моғол билеушісі үшін өте тиімсіз болды. Бір жағынан, шығыстағы көршісі ойраттардың тонаушылық сипаттағы жорықтары әлсін-әлсін қайталанып тұрды да, ол бытыраңқылық жағдайдағы моғолдарға орасан зор қиыншылықтар туғызады. Кейбір тайпалардың Шығыс Дешті Қыпшаққа көшіп кетіп, Әбілхайыр ханды паналауы – екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі күрделендіріп жібереді. Сондай-ақ Моғолстанның Мауереннаһрдағы Темір Әулеті мемлекетімен саяси қарым-қатынастары да шиеленісті жағдайда дамиды. Шахрухтың қайтыс болуынан кейін Темір ұрпақтары



арасындағы билік үшін өзара талас-тартыстар мен күрестерді пайдаланып Есенбұға хан бірнеше рет Мауереннаһрдың Шығыс аймақтарына тонаушылық жорықтар ұйымдастырып, ол аймақтардың тұрғындарын күйзелістерге ұшыратады. Тек 1451 жылы Әбу Саид мырзаның Самарқанда билікке келуінен кейін бірнеше рет моғолдарға қарсы тойтарыстар беріледі. Осылайша, XV ғасырдың 50-жылдарында Моғолстанның Мауереннаһрдағы Темір Әулеті мемлекетімен қарым-қатынастарының өте күрделеніп, нашар болуы Қазақ хандығының Моғолстан аумағында ту тігуіне қолайлы саяси алғышарттар әзірлейді.

Мауереннаһрдағы Темір Әулеті мемлекетінің де ішкі және сыртқы саяси жағдайларының XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының Жетісу жерінде құрылуына алғышарттар даярлағанын көреміз. Әмір Темір негізін қалаған империя оның немересі Шахрухтың билігі тұсында сырттай қарағанда қуатты болып көрінгенімен, империяның әртүрлі аймақтарында сепаратистік ағымдар жиі бас көтеріп тұрады. Шахрухтың билігінің соңғы жылдары ол ашық көріне бастайды. Тіпті, тақтан үміткерлер арасында күреске ашық дайындықтар жүре бастайды. Шахрух қайтыс болып, Әбу Саид билікке келгенге дейінгі 4–5 жыл ішінде империя Темір ұрпақтары арасында бірнеше дербес иеліктерге бөлініп кетеді. Орталығы Самарқан қаласы болған Мауереннаһрда Әбу Саид мырза Әбілхайыр ханның тікелей көмегімен 1451 жылы билікке келіп, Хорасанды иелену үшін әулеттің басқа өкілдерімен күрес жүргізеді. Оның Гератты иеленуге бағытталған күресіне моғол билеушісі Есенбұға ханның Мауереннаһрдың шығыс аймақтарына жорықтар жасауы үнемі кедергі жасап отырды. Әбу Саид мырза Есенбұғаның жорықтарын тоқтату үшін оған қарсы Жүністі пайдаланып, күрес барысын Моғолстан аумағына аударады. Есенбұға хан болса ағасы Жүністің алғашқы жорығына әрең тойтарыс береді, бірақ онымен ұзақ күресуге күші жетпейтін еді. Сондай-ақ оған мықты одақтас та қажет болатын. Міне, осындай жағдайлар Жетісу аймағында Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен Қазақ хандығының құрылуына өте қолайлы және тиімді саяси алғышарттар даярлайды.

Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандардың шығу тегін нақты анықтаудың өзіндік маңызы бар. Біз олардың

шығу тегі Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен бастау алатындығын дәлелдеп көрсету арқылы ордаежендік әулет билігінің XIII ғасырдан бері Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында үзілмегендігіне көз жеткіздік. Орда Ежен Ұлысында, кейіннен оның негізінде қалыптасқан Ақ Орда мемлекетінде 2 ғасыр бойы Жошының үлкен ұлының ұрпақтары үздіксіз билікте болады. Орыс хан тұсында Ақ Орда дербес мемлекетке айналып, Орыс ханның ұрпақтары Алтын Ордада билік ете бастайды. Барақ ханның қайтыс болуымен ордаежендік әулеттің билігі уақытша ғана Шығыс Дешті Қыпшақта тоқтатылады, бірақ әулет өмір сүруін тоқтатпайды. Шибанилық әулеттің күшеюіне байланысты ордаежендік әулет өкілдері амалсыздан оларды мойындауға мәжбүр болады. Шайбанилық әулет билігінің әлсіреуіне байланысты ордаежендік әулеттің сол тұстағы белсенді өкілдері Керей мен Жәнібек сұлтандар өздеріне қарасты ру-тайпалардың қолдауымен әулет билігін Шығыс Дешті Қыпшақта қайта орнату үшін Әбілхайыр ханға қарсы шығады. Алдыңғы беттерде айтып өткендей, XV ғасырдың орта тұсында Қазақ хандығының құрылуына Шығыс Дешті Қыпшақ пен оған көршілес Моғолстан, Мауернаһрда қалыптасқан өте қолайлы саяси жағдайлар жасалады.

Керей мен Жәнібек сұлтандар қалыптасқан саяси жағдайды терең түсіне біліп, бірден іс-әрекетке кіріседі. 1457 жылы Әбілхайыр ханның Сығанақ қаласы түбінде ойраттардан жеңіліс табуы және одан кейінгі уақытта шибанилық әулет жетекшісінің ордаежендік әулет өкілдеріне жасай бастаған қысымшылықтары оларды «көшпелі өзбектер» елінен ұйымдасқан түрде бөлініп кетуіне алып келеді.

Тарихи әдебиеттер мен зерттеулерде Қазақ хандығының құрылуында басты рөл атқарған осы тарихи оқиғаның маңызына жете көңіл бөлінбей оны «Керей мен Жәнібек хандар өз жақтастарымен Әбілхайыр ханнан қашып кетті» деп түсіндіріліп жүр. Біз өз зерттеуімізде мұндай тұжырымдарды қате, сол тұстағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған этникалық және саяси процестерге терең талдаулар жүргізілмегендіктен туындаған үстіртін пікір деп есептейміз. Дұрысына келсек, Қазақ хандығының құрылуындағы басты оқиғалардың бірі боп саналатын бұл оқиға – «қашып кету» емес, бөліну болып саналады. Бұл бөліну – «көшпелі өзбектер» елінің тарихындағы бірінші бөлініс емес болатын. Маңғыт



билерінің өз тайпаларымен «көшпелі өзбектерден» бөлінуі алғашқы бөлініс болса, шибанилық Иадгар ханның 1457 жылы хан боп сайлануын екінші бөлініске жатқызуға болады. Ордаежендік тайпалардың да өз жетекшілерімен қолайлы сәтті пайдаланып «көшпелі өзбектерден» бөлініп кетуін осы тұрғыдан қарастырғанда ғана біз Қазақ хандығының құрылуын тереңірек түсінеміз.

Ал енді хандықтың құрылған жылы жөніндегі пікірлерге талдау жасай келе, бұл мәселеге қатысты негізінен үш пікірдің үстем болғандығын аңғарамыз. XIX ғасырдың 60-жылдарынан XX ғасырдың 60-жылдарына дейін «Қазақ хандығы 1456 жылы құрылған» деген пікір тарихи әдебиеттердің бәрінде дерлік айтылып, үстем болып келеді. Бұл пікірдің пайда болуына мынадай жағдайдың себеп болғаны анықталып отыр. В.В.Вельяминов-Зерновтың Әбілхайыр билігінің күшейіп тұрған кезін көрсету үшін шамамен айтқан бұл жылын кейінгі зерттеушілер ешбір талдаусыз Керей мен Жәнібектің Әбілхайыр ханнан бөлінген және хандықтың құрылған жылы деп көрсетеді. Біз бұл жылды қате деп санаймыз. Екінші бір датаға Мұхаммед Хайдар Дулатидың болжамымен шамамен айтқан 1465–1466 жылдар алынып отыр. Бұл пікір XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазіргі күндерге дейін үстем пікір болып отыр. «Тарих-и Рашиди» авторының шамамен айтқан бұл датасына деректанулық тұрғыда талдау жасау оның да қате екендігін көрсетеді. Үшінші пікірді білдіруші Т.И. Сұлтанов 1470–1471 жылды Қазақ хандығының құрылған жылы деп есептейді. Белгілі зерттеушінің бұл пікірін біз толық дұрыс деп айта алмаймыз.

Біздің көрсетуіміз бойынша, Қазақ хандығының құрылуы бір оқиға шеңберінде емес, бір тарихи желідегі және бір-біріне өте тығыз байланыстағы бірнеше оқиғалардың барысында жүзеге асқан. Біз оны он жылдан астам уақытқа созылған тарихи процесс деп қарастырып, ондағы оқиғалардың дамуына байланысты процесті өз ішінде бірнеше сатыға бөлеміз, бірінші сатыға – 1457 жылдың соңындағы бөлініп кету мен 1458 жылдың көктеміндегі Керейдің хан болып сайлануы аралығы жатқызылды. Ханның сайлануымен мемлекетті құрылды деуге болады. Бірақ ол өзге мемлекеттің аумағында, өзге мемлекет басшысына жартылай бағыныштылықта болғандықтан, біз жаңадан ту көтерген мемлекетті құрылды деп есептемей, құрылуының басы деп санаймыз. Хандықтың

толығымен құрылуының келесі сатыларына – 1458–1461/1462 және 1461/1462–1469 жылдар аралықтары жатқызылды. Бұл жылдарда Моғолстан аумағында ту көтерген Қазақ хандығына бір жағынан, Моғол билеушілерінің ықпалы әлсірей бастаса, екінші жағынан ол Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибан әулетінің билігін жоюға күш жинай бастайды. Қазақ хандығының құрылуы барысындағы соңғы сатыға – 1469–1470/1471 жылдар аралығы жатады. Әбілхайыр ханның қайтыс болуынан кейін Қазақ хандығы Шығыс Дешті Қыпшақтан шибанның Әулетінің билігін түбірімен жою үшін басқа да күштермен бірге ашық күреске шығады. 1470/1471 жылы Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар хан өлтіріліп, әулеттің басқа өкілдері жан-жаққа қашып кетеді. Содан кейін ғана Шығыс Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде Қазақ хандығының билігі толығымен және түпкілікті түрде орнығады. Нақты бір территориядағы нақты бір халықты басқаруға нақты бір әулет билігінің жеңіске жетіп, нақты бір ханның хан болып отыруын – мемлекеттің толық түрдегі құрылуының аяқталуы деп санаймыз. Осылайша, Қазақ хандығының құрылған жылы жөнінде біз, 1457 жылы Керей мен Жәнібек хандар бастаған ордаежендік тайпалардың «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығынан бөлініп, Жетісуға кетуін – хандықтың құрылуының басталуы деп, ал 1470/1471 жылдары Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан шибанилық әулетті ығыстырып, өз билігін толығымен орнықтыруын – Қазақ хандығының құрылуының аяқталған жылы деп есептейміз.

Қазақ хандығының құрылуының қазақ халқының тарихында алатын орны ерекше, маңызы зор болды. Ол – Қазақстан тарихындағы ірі де елеулі оқиғалардың бірі бола отырып, этникалық процестерді жаңа сатыға көтереді, халықтық деңгейге дейін өсіреді, қазақ халқының халық болып қалыптасуының аяқталуына ықпалын тигізеді. «Қазақ» атты нақты этнонимді, «Қазақстан» атты жаңа этносаяси терминді дүниеге әкеледі. Қазақстан тарихындағы Қазақ хандығы деп аталатын тарихи дәуірдің басталуына негіз салады. Сондай-ақ Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің де этникалық дамулар секілді жаңа сатыға көтерілгендігін көрсетеді. Ұлттық сипатқа ие болған этникалық даму ұлттық сипаттағы мемлекеттілікті өмірге әкеледі. Қазақ хандығы – бір жағынан алғанда, Қазақстан аумағындағы жалпы мемлекеттілік





дамудың уақыт шеңберіндегі бір көрінісі болса, екінші жағынан алғанда, ол – жалпы мемлекеттіліктің жай ғана уақыт шеңберіндегі көрінісі емес, оның ұлттық сипатқа ие болған мемлекеттілігінің көрінісі болып табылады. Сол себепті де Қазақ хандығы басқа мемлекеттік құрылымдарға қарағанда (Астрахан хандығы, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, Моғолстан, Темір әулетінің мемлекеті, шибанилар әулетінің мемлекеті, Аштарханилер әулетінің мемлекеті және т.б.) анағұрлым ұзақ өмір сүреді.

Ұлттық сипаттағы мемлекеттілікке, этносқа «қазақ» атауының берілуі, осы терминге деген ғалымдардың назарын XVIII ғасырдан бері аударып келеді. Оның шығуын түсіндіруде көптеген пікірлер мен тұжырымдар айтылды. Біз олардың бәріне талдаулар жасай келе, «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасының әрбір тарихи кезеңде өзгеріп отырғандығына көзімізді жеткіздік. «Қазақ» сөзі алғашқы кезде әлеуметтік мәнде қолданылып, оның мағынасына өз руынан, тайпасынан, қауымынан, жұртынан бөлектеніп, өз бетінше ешкімге бағынбай, дербес, еркін өмір сүретін адам немесе адамдар тобы жатқызылған. XIII–XV ғасырлардағы Алтын Орда, Шағатай Ұлысы аумақтарында болған оқиғалар оған өзгерістер енгізеді. Билеуші әулет өкілдері арасындағы билік үшін болған талас-тартыстарда жеңіліске ұшыраған шынғыстық ұрпақтар өз жақтастарымен уақытша болса да өз елінен кетуге мәжбүр болады. Осындай мағынадағы «қазақ» сөзі уақытша саяси-әлеуметтік мәнде қолданыла бастайды. «Қазақтас» сөзінің жазба деректерде осы кезеңде кездесуі – «қазақ» сөзінің алғашқы мәнінің өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. «Қазақ» сөзінің келесі мәні Керей мен Жәнібек хандар бастаған ордаежендік тайпалар тобының «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығынан бөлініп кетуіне байланысты өзгеріске ұшырайды. Қазақ хандығының негізін салушылар өздерін қолдаған белгілі бір әлеуметтік топпен бірге бөлініп кеткен жоқ, олар өздеріне бағынышты тайпалар тобымен бірге бөлініп кетеді. Осылайша, «қазақ» сөзі саяси-этникалық мәнге ие болады. Бұл мәндегі ұғым жазба деректерде «өзбек-қазақ» деген терминмен беріледі. «Қазақ» сөзінің соңғы мәні Қазақ хандығы билігінің Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында толығымен орнауына байланысты өзгеріске ұшырап, ол сөз енді таза этникалық мәнде қолданыла бастайды. «Қазақ» сөзінің осы мәні, яғни этникалық мәні қазіргі күнге дейін қолданылып келеді.



Сөйтіп, біз Қазақ хандығының құрылу тарихы жөніндегі жалпы ойларымызды аяқтай келе, ол кейбір тарихи әдебиеттерде жазылып жүргендей бір ғана саяси сипаттағы оқиғаның нәтижесі емес, ол – Қазақстан аумағындағы ежелгі замандардан бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық, саяси, экономикалық, мәдени, рухани, мемлекеттілік дамулардың заңды қорытындысы болып табылады деп санаймыз. Кез келген мемлекеттің құрылу тарихын, оның ішінде Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттердің құрылу тарихын оның пайда болуының тарихи алғышарттарымен, сол тұстағы жалпы тарихи процестермен тығыз байланыстыра қарағанда ғана біз, жалпы өз еліміздің тарихындағы мемлекеттер мен мемлекеттіліктің құрылу, қалыптасу, нығаю тарихын терең біле аламыз.



## ПАҮДАЛАНҒАН ӘДӘБИҒЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1 Назарбаев Н. *Тарих толқынында.* – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

2 Бартольд В.В. *Речь перед защитой диссертации // Соч., Туркестан в эпоху монгольского нашествия.* – М., 1963. – Т. I. – 760 с.

3 Кинаятулы З. *Преемственность в истории государств кочевников // В кн.: История казахской государственности: древность и средневековье.* – Алматы: Адамар, 2007. – С. 6–32.

4 Тоинби А. *Постижение истории.* – М., 1990.

5 Аристов Н.А. *Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Вып. III-IV.* – СПб., 1896.

6 Гродеков Н.И. *Киргизы и каракиргизы Сыр-Даринской области.* – Т. I. *Юридический быт.* – Ташкент., 1889. – 298 с.

7 Потанин Г.Н. *Очерки Северо-Западной Монголии.* – СПб., 1881. – 425 с.

8 Седельников А.Н. *Распределение населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура // Киргизский край. Россия: полное географическое описание нашего общества.* – Т. XVIII. – СПб., 1903.

9 Маковецкий П.Е. *Материалы по изучению юридических обычаев киргизов.* – Вып. I. – Омск, 1886.

10 Чулошников А.П. *Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен.* – Оренбург, 1924. Ч. I. – 291 с.

11 Рязанов А.Ф. *Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797–1838 г.). Очерки по истории национального движения Казахстана // Труды общества изучения Киргизского края.* – Вып. 2. – Кзыл-Орда, 1926. – Т. VIII. – 300 с.

12 Черников С.С. *К вопросу о классообразовании у кочевников // Проблемы советской археологии.* – М., 1978. – С. 73–80.

13 Плетнева С.А. *Кочевники средневековья. Поиски исторических закономерностей.* – М., 1982. – 188 с.

14 Владимирцев Б.Я. *Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм.* – Л., 1934. – 223 с.



- 15 Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах // Известия ГАИМК. – Вып. 103, – 1934. – С. 165–199.
- 16 Материалы объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дореволюционный период. – Ташкент, Изд-во АН УзССР, 1955. – 590 с.
- 17 Еренов А.Е. Очерки по истории феодальных земельных отношений у казахов. – Алма-Ата, 1960. – 158 с.
- 18 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. – Алма-Ата, 1958. – 296 с.
- 19 Тобыбеков С.Е. Общественно-экономической строй казахов в XVII–XIX вв. – Алма-Ата, 1959. – 448 с.
- 20 Тобыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII начале XX века: политическо-экономический анализ. – Алма-Ата, 1971. – 633 с.
- 21 Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община: вопросы образования, эволюции и разложения. – Алма-Ата, 1964. – 207 с.
- 22 Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX века. – Алма-Ата, 1981. – 224 с.
- 23 Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевничества. – А., – М., 1995. – 217 с.
- 24 Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. – М., 1982. – 133 с.
- 25 Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – 288 с.
- 26 Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. – М., 1976. – 319 с.
- 27 Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е. доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 363 с.
- 28 Першиц А.И. К вопросу о саунных отношениях // Основные проблемы африканистики. Этнография. История. Филология. – М., 1973. – С. 104–110.
- 29 Крадин Н.Н. Кочевое общество: проблемы формационной характеристики. – Владивосток., 1992. – 240 с.
- 30 Крадин Н.Н. Общественный строй кочевников: дискуссии и проблемы. // Вопросы истории. – 2001. – №4. – С.21–31.
- 31 Златкин И.Я. Основные закономерности развития феодализма и кочевых скотоводческих народов // В кн.: Типы общественных отношений на востоке в середине века. – М.: Наука, 1982. – С. 255–268.



32 Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635–1758). Изд. 2-ое. – М.: Наука, 1983. – 336 с.

33 Попов А.В. Теория «кочевого феодализма» академика Б.Я. Владимирцова и современная дискуссия об общественном строе кочевников // *Mongolica. Памяти академика Б.Я. Владимирцова. 1884–4931.* – М.: Наука, 1986. – С. 183–193.

34 Таскин В.С. Материалы по истории ухуаней и сяньби // В кн.: *Дальний Восток и соседние территории в средние века.* – Новосибирск: Наука, 1980. – С. 54–102.

35 Бердібай Р. Алғы сөз // *Едіге батыр.* – Алматы, 1996.

36 Эрдинев У.Э. Калмыки. Историко-этнографические очерки. – Элиста, 1980. – 286 с.

37 Карагодин А.И. Хозяйство и общественно-политической строй привольжиских калмыков в последней трети XVIII – первой половины XIX в. Автореферат дисс. док. ист. наук. – Ростов-на-Дону, 1988. – 47 с.

38 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М., 1973. – 180 с.

39 Васильченко И. Еще раз об итогах феодализма у кочевых народов // *Вопросы истории.* – 1974. – №4. – С. 192–198.

40 Трубецкий В.В. Трансформация традиционной социально-экономической структуры кочевых и полукочевых племен Ближнего и Среднего Востока и Северной Африки // *Народы Азии и Африки.* 1981. – № 2. – С. 61–73.

41 Кишибеков Д. Кочевые общества: генезис, развития, упадок. – *Алма-Ата: Наука, 1984.* – 233 с.

42 Марков Г.Е., Масанов Н.Э. Значение относительной концентрации и дисперсности в хозяйственной и общественной организации кочевых народов // *Вестник МГУ. Серия историческая.* – 1985. – №4. – С. 86–96.

43 Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.

44 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – 196 с.

45 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихы мен тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

46 Юдин В.П. Центральная Азия в XV–XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы, 2001. – 382 с.



- 47 Ахмедов Б.А. *Историко-географическая литература Средней Азии XVI–XVIII вв. (Письменные памятники)*. – Ташкент, 1985. – 264 с.
- 48 Тулибаева Ж.М. *Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII–XIX вв.* – Астана, 2006. – 256 с.
- 49 Сафаргалиев М.Г. *Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X–XVI вв.)* – М., 1996. – С. 277–526.
- 50 *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В. Тизенгаузена. – Т. 1. Извлечения из сочинений арабских.* – СПб., 1884. – 563 с.
- 51 Шихаб ад-дин Мухаммад ан-Насави. *Жизнеописание султана Джалал ад-дина Манкбурны.* – Баку, 1973. – 450 с.
- 52 Кумекоев Б.Е. *Арабские и персидские источники по истории кипчаков XIII–XIV вв. Научно-аналитический обзор.* – Алма-Ата, 1987. – 44 с.
- 53 *Армянские источники о монголах. Извлечения из рукописей XIII–XIV вв. / Перевод с древнеармянского, предисловие и примечания А.Г. Галстяна.* – М., 1962.
- 54 *История монголов инока Магаки XIII в. / Перевод и объяснения К.П. Патканова.* – СПб., 1871.
- 55 *Всеобщая история Вардама Великого / Пер. Н. Эминя.* – М., 1861.
- 56 *Хронологическая история, составленная отцом Мхитаром вардапетом Айриванским / Пер. и прим. К.П. Патканова.* – СПб., 1869.
- 57 *История монголов по армянским источникам.* – Вып. 1. Пер. и объяснения К.П. Патканова. – СПб., 1873.
- 58 *История монголов по армянским источникам.* – Вып. II, заключающий в себе извлечения из истории Киракоса Гандазакеци, перевод и объяснения К.П. Патканова. – СПб., 1874.
- 59 Приселков М.Д. *Троицкая летопись. Реконструкция текста.* – М.-Л., 1950. – 515 с.
- 60 *Полное собрание русских летописей. Т. 13. 1-я половина. VIII. Летописный сборник, именуемый Патриаршею или Никоновскою летописью.* – СПб., 1904. – 310 с.
- 61 *Полное собрание русских летописей. Т. 13. 2-я половина. VIII. Летописный сборник, именуемый Патриаршею или Никоновскою летописью. Дополнения.* М., 1906. – 240 с.



62 Полное собрание русских летописей. – Т. 11–12. Патриаршая или Никоновская летопись. – М., 1965. – 266 с.

63 Полное собрание русских летописей. – Т. 28. Летописный свод 1497 г. – М.-Л., 1963. – 411 с.

64 Полное собрание русских летописей. – Т. 28. Летописный свод 1518 г. (Уваровская летопись) – М.-Л., 1963. – 411 с.

65 Полное собрание русских летописей Т. 27. Никаноровская летопись. Сокращенные летописные своды конца XV века. М.-Л., 1962. – 418 с.

66 Козин С.К. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием MONGOL-UN HIRUCA TOWCIYAN. ЮАНЬ ЧАО БИ ШИ. Монгольский обыденный изборник. – Т. 1. Введение в изучения памятника, перевод, тексты, глоссарий. – М.-Л., 1941. – 619 с.

67 Моңғолдың құпия шежіресі /Моңғолиа үшінші рет басылуына сәйкес қазақша бірінші рет басылуы. Моңғолиадан ауд. М. Сұлтаняұлы. – Өлгий, 1979. – 1–52 бб.

68 Моңғолдың құпия шежіресі. – Алматы, 1998. – 223 б.

69 Лувсанданзан. Алтын шежіре / Моңғол тілінен аударған А. Мауқарұлы. – Алматы, 1998. – 224 б.

70 Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 2. – 364 б.

71 Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-турк). Үш томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Қ. Егеубай. – Алматы, 1997. – Т. 1. – 590 б.

72 Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-турк). – Алматы, 1997. – Т. 2. – 528 б.

73 Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-турк). – Алматы, 1997. – Т. 3. – 600 б.

74 Березин И.Н. Библиотека восточных историков. Сборник летописей. Татарский текст. – Казань, 1854. – Т. 2. Ч. 1. – С. 10–12.

75 Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII–XVIII вв. «Сборник летописей», «Дафтар-и Чингиз-наме», «Таварих-и Булгария», «Татарские шаджара». – Казань: Издание Казанского университета, 1972.

76 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». – Алматы, 1991. – 272 б.



77 Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997. – 128 б.

78 Кумеков Б. Е. Страна кимаков по карте Ал-Идриси // Страны и народы Востока. – 1971 – Т. X. – С. 194–198.

79 Книга Марко Поло о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустикано в 1298 г. от р.х. – Алма-Ата, 1990. – С. 352

80 Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы, 1993. – 248 с.

81 Меховский М. Трактат о двух Сарматиях / Введение, перевод и комментарии С.А. Аннинского. – М.-Л., 1936. – 288 с.

82 Стэнли Лень-Пуль. Мусульманские династии. – СПб., 1889.

83 Босфорт К.Э. Мусульманские династии. – М., 1971.

84 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. II. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. – М.-Л., 1941. – 308 с.

85 Пигулевская Н.В., Якубовский А.Ю., Петрушевский И.П., Строева Л.В., Беленицкий А.М. История Ирана с древнейших времен до конца XVIII века. – Л., 1958.

86 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч. – Т. I. – М., 1963. – 597 с.

87 Из «Сборника летописей» Рашид ад-дина // СМЗСО. – Т. II. – С. 27–79.

88 Сборник летописей. История монголов, сочинение Рашид ад-дина. История Чингиз-хана до восшествия его на престол / Рус. пер. с предислов. и примеч. И.Н. Березина. – СПб., 1868. – 335 с.

89 Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Л.А. Хетагурова, ред.и примеч. А.А. Семенова. – М.-Л., 1952. – Т. I. Кн. 1. – 222 с.

90 Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского О.И. Смирновой, ред. А.А. Семенова. – М.-Л., 1952. – Т. I. Кн. 2. – 316 с.

91 Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского. – М.-Л., 1960. – Т. 2. – 248 с.

92 Рашид ад-дин. Сборник летописей. Пер. с персидского А.К. Арендса, ред. А.А. Ромаскевич, Е.Э. Бертельс и А.Ю. Якубовский. – М.-Л., 1946. – Т. 3. – 340 с.

93 Петрушевский И.П. Рашид ад-дин и его исторический труд // Рашид ад-дин. Сборник летописей. – М.-Л., 1952. – Т. I. Кн. 1. – 222 с.





94 Абу Бакир ал-Кутби ал-Ахари. *История Шейха Увейс / Пер. с персидского и предисловие М.Д. Кязимова, В.З. Пириева. Комментарий и примеч. З.М. Бунятова, М.Д. Кязимова, В.З. Пириева.* – Баку, 1984.

95 Уложение Тимура. В кн.: *Тамерлан: Эпоха. Личность. Деяние. Сост. обр. и подг. текста Р. РахмонӘлиева.* – М., 1992. – С. 110–185.

96 Бартольд В.В. *Определение «Анонима Искандера» // Соч.* – М., 1973. – Т. VIII. – 723 с.

97 Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. *Казахстан: Летопись трехтысячелетий.* – Алматы, 1992. – 384 с.

98 Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. *Государство и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. Второе издание, исправленное и дополненное.* – СПб., 2004. – 368 с.

99 Ахмедов Б.А., Мукминова Р.Г., Пугащенко Г.А. *Амир Тимур. Жизнь и общественно-политическая деятельность.* – Ташкент, 1999. – 16 с.

100 Сұлтанов Т.И. *Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана.* – Алматы, 2001. – 276 с.

101 Из «Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей» Абд-ар-Раззака Самарканди // СМИЗО. – Т. II. – С. 190–201.

102 Ахмедов Б.А. *Государство кочевых узбеков.* – М., 1965.

103 Фасих Ахмад ибн Джалал ад-дин Мухаммад ал-Хавафи. *Муджмал-и Фасихи («Фасихов свод») / Пер. пред. и прим. и указ. Д.Ю. Юсуповой.* – Ташкент, 1980. – 346 с.

104 *Материалы по истории туркмен и Туркмении.* – Т. 1. VII–XV вв. *Арабские и персидские источники / Под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича и А.Ю. Якубовского.* – М.-Л., 1939. – 612 с.

105 Вельяминов-Зернов В.В. *Исследование о Касимовских царях и царевичах.* – СПб., 1864. Ч. 2. – 498 с.

106 Мукминова Р.Г. *О некоторых источниках по истории Узбекистана начала XVI в. // Труды Института востоковедения АН УЗСР.* – Вып. III. – Ташкент, 1954.

107 Семенов А.А. *Первые шайбаниды и борьба за Мауереннаър // МИТУСА.* – Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР. – Т. XII. – Сталинабад, 1954. – С. 109–150.

108 *Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // МИКХ., – Алма-Ата, 1969.* – С. 9–43.

109 *Таварих-и гузида-йи нусрат-наме / Исследование, критический текст, аннотированное оглавление и таблица сводных оглавлений к. филолог. наук А.М. Акрамова.* – Ташкент, 1967.



- 110 *Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.*
- 111 *Фатх наме // МИКХ., – Алма-Ата, 1969. – С. 44–90.*
- 112 *Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя) / Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. – 196 с.*
- 113 *Маджму ат-тауарих // МИКК., Вып. 1. – М., 1973. – С. 210–213.*
- 114 *Бартольд В.В. // Соч., – М., 1966. – Т. IV. – 496 с.*
- 115 *Тагирджанов А.Б. Описание таджикских и персидских рукописей Восточного отдела библиотеки ЛГУ. – Т. I. История, биография, география. – Ленинград, 1962. – 514 с.*
- 116 *Фирдаус ал-икбал // МИКХ. – Алма-Ата, 1969. – С. 421–475.*
- 117 *Әбілғазы. Түрік шежіресі /Көне түрік тілінен аударған Б. Әбілқасымов. – Алматы, 1992. – 228 б.*
- 118 *Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факс., пер., транск., текст. прим., исслед. В.П. Юдина. – Алматы, 1992. – 296 с.*
- 119 *Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Жалын, 1990. – 328 б.*
- 120 *Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама / Қазақша сөйлеткен Б. Қожабекұлы. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.*
- 121 *Валиханов Ч.Ч. Из «Тарих-и Рашиди» // Собрание сочинений. – Алма-Ата, 1985. – Т. 4. – 461 с.*
- 122 *Бартольд В.В. Хайдер-мирза // Соч., – М., 1973. – Т. VIII. – 723 с.*
- 123 *Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. (V в. до.н.э. – XVIII в. н.э.). – М.-Л., 1935. – 300 с.*
- 124 *Марғұлан Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақтың тұңғыш тарихшысы // Әдебиет және искусство. – 1941. – №4.*
- 125 *Марғұлан Ә. Мұхаммед Хайдар (Дулати) // Білім және еңбек. 1963. №7.*
- 126 *Масанов Э.А. Мұхаммед Хайдар, Доглат Мырза Хайдар // Советская историческая энциклопедия. – М., 1966. – Т. 3. – 829 с.*
- 127 *Тарих-и Рашиди // МИКХ., – Алма-Ата, 1969. – С. 185–231.*
- 128 *Мингулов Н. Мұхаммед Хайдар Дулати // Великие ученые Средней Азии и Казахстана (VIII–XIX вв.). – Алма-Ата, 1965.*
- 129 *Мирза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введ. перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. При-*



мечание и указат. Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент, 1996. – 728 с.

130 Дербісәліев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). Арнаулы редакторы және кіріспе сөзін жазған Ә. Жәнібеков. – Алматы, 1995. – 238 б.

131 Мырза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введ. перевод с персидского. А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Примечание и указат. Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Предисловие ко второму изданию М.К. Козыбаева, К.А. Пищулиной. – Алматы, 1999.

132 Дербісәліев Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати: өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы, 1999. – 160 б.

133 Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 616 б.

134 Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты кейбір деректердегі ақаулар және оларды дұрыс түсіндіру мәселесі // Вестник АГН. – №1. – 1998. – 70–74 бб.

135 Стори Ч.А. Персидская литература. Библиографический обзор в 3-х частях / Перевод, переработка и дополнения Брегеля Ю.Э. – Ч. II. – М., 1972.

136 Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // МИКХ. – Алма-Ата, 1969. – С. 320–368.

137 Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылуы // Қазақ тарихы. – №6. – 1995. – 15–20 б.

138 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., 1974. – 728 с.

139 Мелиоранский П.М. Сказание об Едигее и Тохтамыше. Приложение к сочинениям Ч.Ч. Валиханова // Записки РГО по отделению этнографии. – СПб., 1905. – Т. XXIX.

140 Потанин Г.Н. Тюркская сказка об Идыгэ // Живая старина. 1897. – Вып. III–IV. – С. 294–313.

141 Семенов Н. Туземцы Северо-Восточного Кавказа. – СПб., 1895. – С. 469–481.

142 Орлов А.С. Казахский героический эпос. – М., 1945. – 148 с.

143 Сәтбаев Қ. Ер Едіге. – М., 1927.

144 Мелетинский М. Кипчакский эпос о ногайских богатырях // В кн.: Энциклопедия истории всемирной литературы. – В 8 т-х / АН СССР. Институт мировой литературы им. А. М. Горького. – М.: Наука, 1983–1994.



- 145 Едіге батыр. – Алматы: Ғылым, 1995. – 152 б.
- 146 Идегей. Татарский народный эпос. Перевод С.Липкина. – Казань, 1990. – 256 с.
- 147 Батырлар жыры. – Т. 5. Қырымның қырық батыры. (Мұрын жыраудан жазылған мұралар). – Алматы, 1989. – 348 б.
- 148 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925. – 64 с.
- 149 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 80 б.
- 150 Кәрібаев Б. Шәкәрім Құдайбердіұлы және Қазақ хандығы құрылуының мәселелері. // Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасы: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007.
- 151 Елеуұлы М. Шу өңірі: аңыз бен тарих // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 1996. – №3. – 6–12 бб.
- 152 Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках // (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961. – 744 с.
- 153 Материалы по истории Казахской ССР (1875–1828 гг.). – М.-Л., 1940. – Т. 4. – 543 с.
- 154 Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках (1771–1862 годы). (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1964. – 576 с.
- 155 Топография Оренбургской губернии. Сочинение П.И. Рычкова 1762 года. – Оренбург, 1887. – 405 с.
- 156 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / Под общ. ред. академика М.К. Козыбаева. – Алматы, 1996. – 656 с.
- 157 Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края / Под ред. Н.А. Маева. – СПб., 1872. – 237 с.
- 158 Река Каратал с ее окрестностями. Действ. члена Н.А. Абрамова // ЗИРГО по общей географии. – Т.1. Издан под ред. П.П. Семенова. – СПб., 1867.
- 159 Алматы или управление Верное, с его окрестностями. Действ. члена Н.А. Абрамова // ЗИРГО по общей географии. – Т.1. – СПб., 1867.
- 160 Город Капал с его округом в 1862 г. Действ. члена Н.А. Абрамова // ЗИРГО по общей географии. – СПб., 1867. – Т. 1.
- 161 Станица Верхнелепсинская с окрестностями в 1864 г. Действ. члена Н.А. Абрамова // ЗИРГО по общей географии. – СПб., 1867. – Т. 1.



- 162 Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника / Пер. с нем. К.Д. Цивинной и Б.Е. Чистовой. – М., 1989. – 749 с.
- 163 Добросмыслов И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург, 1895. – 360 с.
- 164 Казанцев И.М. Описание киргиз-кайсаков. – СПб., 1867.
- 165 Балкашин Н.Н. Об исследованиях ИРГО. – СПб., 1882. Т. 18, вып. 4. – С. 255–263.
- 166 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В пяти томах. – Т. 1. – Алматы, 1984. – С. 432.
- 167 Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // Живая старина. – Петроград, 1917. – 198 с.
- 168 Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч. 1. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. – 288 с.
- 169 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын. – Т. II. Екінші кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 608 б.
- 170 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Арғын. – Т. IX. Үшінші кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008.
- 171 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Дулат. XI том. Екінші кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008.
- 172 Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих) / Аударған Б. Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы., 1992. – 304 б.
- 173 Көпейұлы Ж.М. Қазақ шежіресі /Арабтың хадим жазуынан бүгінгі жаңа әліпбиге түсіріп әзірлеген С. Дәуітұлы. – Алматы, 1993. – 76 б.
- 174 Семенов А.А. Восточные рукописи в библиотеке покойного В.В.Вельяминова-Зернова // Известия Российской Академии Наук. – 1919. – №12.
- 175 Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата, 1966. – 322 с.
- 176 Географическо-статистический словарь Российской империи. Составил по поручению Императорского Русского Географического общества действительный член общества П. Семенов, при содействии действительных членов В.Эверинского, Р. Маака, Л. Майкова и И. Филиппова. – СПб., 1865. – Т. II.
- 177 Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и каракиргизов на основании родословных



сказаний и сведений о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // *Живая старина*. – Вып. III–IV. – СПб., 1896. – 486 с.

178 Бартольд В.В. *Борак хан* // *Сочинения*. – М., 1964. – Т. 2. Ч. 2. – С. 509–512.

179 Бартольд В.В. *Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии* // *Соч.* – М., 1968. – Т. V. – С. 17–192.

180 Бартольд В.В. *Хафиз-и Аbru и его сочинения* // *Соч.* – М., 1973. – Т. VIII. – С. 74–97.

181 *Очерк истории Семиречья* // *Памятная книжка Семиреченской области*. – Т. II. – Верный, 1898

182 Бартольд В.В. *Очерк истории Семиречья* // *Сочинения*. – М., 1963. – Т. II. Ч. 1. – С. 21–106.

183 Бартольд В.В. *Абулхайр* // *Соч.* – Т. II. Ч. 2. – М., 1964.

184 Бартольд В.В. *История Туркестана. (Конспект лекций)* // *Соч.* – Т. II. Ч. 1. – М., 1963.

185 Бартольд В.В. *История культурной жизни Туркестана* // *Соч.* – Т. II. Ч. 1. – М., 1963.

186 Бартольд В.В. *Улугбек и его время* // *Соч.* – Т. II. Ч. 2. – М., 1964.

187 Бартольд В.В. *Шейбаниды* // *Соч.* Ч. 2. – М., 1964. – С. 545–548.

188 Тынышпаев М. *История казахского народа / Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б.* – *Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1993. – 224 с.*

189 Грумм-Гржимайло Г.Е. *Западная Монголия и Урянхайский край*. – Т. II.: *Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии*. – Ленинград, 1926. – 895 с.

190 Самойлович А. *О слове «казах»* // *Казахи. Антропологические очерки*. – Вып. II. – Л., 1927. – 252 с.

191 Тынышпаев М. *Отзыв о труде А.П. Чулошникова по истории киргиз-казахского народа. Издание изучения Казахстана*. – *Кзыл-Орда, 1926. – 15 с.*

192 Кәрібаев Б. *Тоқсан екі баулы «Көшпелі өзбектер»* // *Қазақ тарихы*. – №5. 2007. – 3–7-б.

193 Асфендияров С.Д. *История Казахстана (с древнейших времен)*. 2-ое издание / Под ред. проф. А.С. Такенова: учебное пособие. – Алматы, 1993. – 304 с.

194 Вяткин М. *Очерки по истории Казахской ССР*. – Т. I.: *С древнейших времен до 1870 г.* – М., 1941. – 368 с.



195 Вяткин М. К вопросу об образовании Казахского ханства // *Большевик Казахстана*. – 1941. – №4. – С. 42–52.

196 *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней / Под редакцией М.Абдыкалыкова и А.Панкратовой*. – Алма-Ата, 1943. – 672 с.

197 Ақынжанов М.Б. Қазақ халқының шығу тегі. – Алматы, 1957. – 162 б.

198 Абусеитова М.Х. *Казахское ханство во второй половине XVI века*. – Алматы, 1985. – 104 с.

199 Ахинжанов С.М. *Кипчаки в истории средневекового Казахстана*. – Алматы, 1989. – 296 с.

200 Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // *МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР*. – Т. XII. – Сталинабад, 1954. – С. 3–37.

201 Семенов А.А. Шейбани-хан и завоевание империи тимуридов // *МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР*. – Т. XII. – Сталинабад, 1954. – С. 39–83.

202 Семенов А.А. Первые шайбаниды и борьба за Мауереннахр. // *МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР*. – Т. XII. – Сталинабад, 1954. – С. 109–150.

203 *История Казахской ССР*. – Алматы, 1957. – Т. I. – 609 с.

204 *The Tarikh-i Rashidi of Mirza Muhemmed Haidar Dughlat. A History of the Moghuls of Central Asia. An English version ed., with commentary, notes and nap by N. Elias. The translation by E. Denison Poss, London, 1895, 1898)*

205 Ибрагимов С.К. *Новые материалы по истории Казахстана XV–XVI вв.* // *История ССР*. – 1960. – №4. – С. 152–158.

206 Ибрагимов С.К. *Сочинения Масуда бен Осман Кухистани «Тарих-и Абұлхайр-хани» // Известия АН КазССР. Серия истории, экономики, философии, право*. – Вып. 3(8). – 1958. – С. 85–102.

207 Ибрагимов С.К. *Еще раз о термине «казах» // ТИИАЭ КазССР*. – Алма-Ата, 1960. – С. 66–71.

208 Иванов П.П. *Очерки по истории Средней Азии (XVI – середины XIX в.)*. – М., 1958. – 248 с.

209 Петров К.И. *Очерки феодальных отношений у киргизов в XV–XVIII вв.* – Фрунзе, 1961. – 175 с.

210 *Тарих-и кипчаки // МИКХ*. – Алма-Ата, 1969. – С. 386–397.



211 Султанов Т.И. *Некоторые замечания о начале казахской государственности // Известия АН КазССР. Серия общественная. – Вып. 1. – Алма-Ата, 1971. – С. 5–29.*

212 Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). *Бес томдық. – Т. II. – Алматы, 1983. – 440 б.*

213 Салғарин Қ. *Анығына жетіп, ақиқатын айтайық // Қазақ тарихы. – №1. – 1993. – 41–43 бб.*

214 Хасенов Ә. *Қазақ хандығы қай жылы құрылды? // Қазақ тарихы. – №1. 1993. – 39–40 бб.*

215 Құрманәліұлы Қ. *Тарихи кезеңге тереңірек үңілсек // Қазақ тарихы. – №2. 1993. – 18–21 бб.*

216 Жолдасбайұлы С. *Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. – Алматы, 1995. – 176 б.*

217 Аманжолов К., Рахметов К. *Түркі халықтарының тарихы. – Алматы, 1997. – 288 б.*

218 Қинаятұлы З. *Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: Елорда, 2004.*

219 Қинаятұлы З. *Преемственность в истории государств кочевников // В кн.: История казахской государственности древность и средневековье. – Алматы: Адамар, 2007. – С. 6–32.*

220 Қазақстан тарихы. *Көне замандардан бүгінгі күнге дейін. – Т. 2. – Алматы, 1998.*

221 Қазақстан тарихы. *Көне замандардан бүгінге күнге дейін. – Т. 1. – Алматы, 1996.*

222 Бартольд В.В. *Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов // Соч., – Т. V. – М., 1968. – 758 с.*

223 Греков Б., Якубовский А. *Золотая Орда. (Очерк истории Улуса Джучи в период сложения и расцвета в XIII–XIV вв.) / Под ред. В. Быстрицкого. – Л., 1937.*

224 Федоров-Давыдов Г.А. *Кочевники Восточной Европы под властью Золотоордынских ханов. Археологические памятники. – М., 1966. – 274 с.*

225 Кадырбаев А.Ш. *За пределами Великой степи. – Алматы, 1997. – 200 с.*

226 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. *Золотая Орда и ее падение. – М. – Л., 1950. – 479 с.*

227 Кудряшев К.В. *Половецкая степь. – М., 1948.*





228 Плетнева С.А. Половецкая земля // Древнерусские княжества X–XIII вв. – М., 1975.

229 Ибн ал-Асир // СМИЗО. – Т. I. – С. 1–45.

230 Из «Насировых разрядов» Джузуджани // СМИЗО. – Т. II. – С. 13–19.

231 Из «Истории завоевателя мира» Джувейни // СМИЗО. – Т. II. – С. 20–24.

232 Петрушевский И.П. Поход монгольских войск в Среднюю Азию в 1219–1224 гг. и его последствия // В сб.: Татаро-монголы в Азии и Европе. Издание 2-е, переработанное и дополненное.

233 Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана Хивинского. – М.-Л., 1958. – 193 с.

234 Палладий, архимандрит, Старинные следы христианства в Китае, по китайским источникам // Восточный сборник. Издание Мин-ва иностр. дел. – Т. I. – СПб., 1877.

235 Собрание путешествий к татарам и другим Восточным народам в XIII, XIV и XV столетиях. I. Плано Карпини. II. Асцелин. – СПб., 1825.

236 Рубрук. Путешествие в Восточные страны. Введ., пер. и прим. А.И. Малеина. – СПб., 1911.

237 Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX–XII ғасыр. – Астана, 2001. – 208 б.

238 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / Құрастырған: Ә. Пірманов. – Алматы, 2000. – 464 б.

239 Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаиоров, найманов и киреитов. – Алматы, 1993. – 168 с.

240 Сайшиял. Сказание о Чингизхане / Перевод со старомонгольского Норпола Очирова. – Улан-Удэ, 2006.

241 Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX–XX вв.). – Алма-Ата, 1992. – 176 с.

242 Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. – Алматы, 2000. – 312 с.

243 Нұртазина Н.Д. Ислам және қазақ мәдениеті. – Алматы, 2002.

244 Султанғалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы, 1998. – 188 с.

245 Записки Ибн Фадлана // МИТТ. – Т. I.: VIII–XV вв. Арабские и персидские источники. – М.-Л., 1939. – 612 с.



246 Нурмуханбетов Б.Н. Раннемусульманское кладбище близ города Куйрук-Тобе // *В глубь веков.* – С. 85–94.

247 Искаков Д.М., Измайлов И.Л. *Этнополитическая история татар (III-середины XVI вв.).* – Казан: РИЦ «Школа», 2007.

248 Вамбери Г. *История Бохары или Трансаксонии с древнейших времен до настоящего. По восточным обнаруженным и не обнаруженным рукописным историческим источникам. Перевод А.И. Павловского.* – СПб., 1873. – Т. II.

249 Григорьев В.В. Рецензия на книгу А.Вамбери «*A history of the Bokhara from the earliest Period down to the present, composed for the first time, after oriental known and unknown historical manuscripts, by Arminius Vambery.* – London, 1873 // *Журнал народного просвещения.* 1873.

250 Ибн ал-Асир. *Ал-Камил фи-т-тарих / Полный свод истории. Перевод с арабского языка, примечания и комментарии П.Г. Булгакова.* – Ташкент: Узбекистан, 2006.

251 Шараф-наме-йи шахи // *МИКХ.*, – Алма-Ата, 1969. – С. 237–312.

252 Из «Избранной истории» Хамдаллаха Казвини и продолжений к ней. // *СМИЗО.* – Т. II. – С. 90–98.

253 Из летописи Ибндукмака // *СМИЗО.* – Т. I. – С. 315–330.

254 Из сочинения Аль Калькашанди // *СМИЗО.* – Т. I. – С. 395–416.

255 Из «Книги побед» Низам ад-дина Шами // *СМИЗО.* – Т. II. – С. 104–125.

256 *Материалы по истории Киргизов и киргизии.* – Вып. I. – М., 1973. – 210–213-б.

257 Трепавлов В.В. *История Ногайской Орды.* – М.: Восточная литература, 2002.

258 Абуль-Гази Багадур-хан. *Родословное древо тюрков. Иокиф. История первых четырех ханов дома Чингизовых.; Стэнли Лэн-Пуль. Мусульманские династии.* – Москва – Ташкент–Бишкек, 1996.

259 Вамбери А. *Путешествие по Средней Азии.* – СПб., 1865. – 221 с.

260 Алексеева Е.П. *Древняя и средневековая история Карачаево-Черкесии (вопросы этнического и социально-экономического развития).* – М., 1971.

261 Юдин В.П. Рецензия на «Государство кочевых узбеков» Б.А. Ахмедова // *В кн.: Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда.* – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – С. 261–270.

262 Юдин В.П. *Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... / В кн.: Утемиш-хаджи. Чингиз-наме.* – Алматы, 1992. – 296 с.



- 263 Зайцев И.В. Астраханское ханство. – М., 2004. – 303 с.
- 264 Шайбани наме // МИКХ., – Алма-Ата, 1969. – С. 91–127.
- 265 История Узбекской ССР. – Т. 1.: С древнейших времен до середины XIX в. – Ташкент, 1967. – 505 с.
- 266 Каллаур В. Мавзолей Кок-Кесене в Перовском уезде // ПТКЛА. Год 6. 1904.
- 267 Кәрібай Б. Түркістан және Қазақ хандығы. – Алматы, 1999.
- 268 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қаңлы. – Т. X. – Алматы, «Алаш» тарихи-зерттеулер орталығы, 2009.
- 269 Алимов Б., Бабаджанов Т., Рахимов О., Азимов Ж., Ахмедов А., Шаймарданов И., Гулямов О., и др. Амир Темура в мировой истории. – Ташкент, 2001.
- 270 Якубовский А.Ю. Самарканд при Тимуре и Тимуридах. – Л., 1933.
- 271 Ахмедов Б.А. Улугбек и политическая жизнь Мавереннахра первой половины XV в. / В кн.: Из истории Улугбека. – Ташкент, 1965. – С. 5–68.
- 272 Ахмедов Б.А. Из политической истории Хорезма XV в. // Известия АН УзССР. – 1960. – №5.
- 273 Мюллер А. История ислама с основания до новейших времен. – СПб., 1896. – Т. III. К. 1.– 448 с.
- 274 История Азербайджана с древнейших времен до начала XX в. – Баку, 1995.
- 275 Кәрібаев Б. Шайбанилық шежіре Қазақ хандарының шығу тегін неге бұрмалаған? // Ақиқат. – 1993. – №6.
- 276 Валиханов Ч.Ч. Таңдамалы. 2-басылым. – Т. II. – Алма-Ата, 1985. – 260 б.
- 277 Мукминова Р.Г. О некоторых источниках по истории Узбекистана начала XVI в. // Труды Института востоковедения АН УЗССР. – Вып. III. – Ташкент, 1954.
- 278 Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. Кн. II. – Душанбе, 1989. – 480 с.
- 279 Кәрібаев Б. Мұхаммед Шайбани ханның қазақтарға қарсы жасаған төрт жорығы // Ақиқат. – 1993. – №6.
- 280 Муиз ал ансаб // СМИЗО. – Т. II. – С. 60–63.
- 281 Грумм-Гржимайло Г.Е. Джучиды. Золотая Орда / В кн.: «Арабески» Истории. Книга I. Русский взгляд. – М., 1994.



282 Ибрагимов С.К. *К истории Казахстана XVI в. // Вопросы филологии и истории стран советского и зарубежного Востока.* – М., 1961.

283 Кәрібаев Б. *Қоғамдық-тарихи дамудың нәтижесі // Қазақ тарихы.* №3. 1993. – 31–37-б.

284 Кәрібаев Б. *Қазақ хандығының құрылуы // Қазақ тарихы.* – №4. 1995. – 21–29-б.

285 Кәрібаев Б. *Қазақ хандығының құрылуы // Қазақ тарихы.* – №5. 1993.

286 *Қазақтың көне тарихы / Дайындаған М. Қани.* – Алматы, 1993.

287 Терентьев М.А. *О мусульманском летоисчислении.* – Ташкент, 1898.

288 Кәрібаев Б. *Әбілхайырдың Моғолстанға жорығы // Қазақстан Ұлттық энциклопедия.* – Т. 1. – Алматы, 1998. – 624 б.

289 Миллер Г.Ф. *История Сибири.* – Т. 1. – М.-Л., 1937. – 607 с.

290 *История Российская с самых древнейших времен неусыпными трудами через тридцать лет собранная и описанная покойным тайным советником и Астраханским губернатором Васильем Никитичем Татищевым.* – Книга первая. Ч. 1. Напечатана при Императорском Московском Университете 1768 года. – СПб., 1768.

291 *Сибирская История с самого открытия Сибири до завоевания сей земли российским оружием, сочиненная на немецком языке Иоганном Ебергардом Фишером.* – СПб., 1774. – 631 б.

292 Георги И.Г. *Описание всех в Российском государстве обитающих народов.* – СПб., 1776.

293 Карамзин Н.М. *История государства Российского.* – Т. 1. – СПб., 1815.

294 Андреев И.Г. *Описание Средней Орды Киргиз-кайсаков. Составление, транскрипция скорописи XVIII в., специальное редактирование текста и комментарии И.В. Ерофеевой.* – Алматы, 1998. – 280 с.

295 *История Российская с самых древнейших времен неусыпными трудами через тридцать лет собранная и описанная покойным тайным советником и Астраханским губернатором В.Н. Татищевым.* – Кн. 1. Ч. 2. – М., 1969.

296 Карамзин Н.М. *История государства Российского.* – Т. V. – СПб., 1892.



- 297 Сравнительный словарь турецко-татарских наречий /Составил Л. Будагов. – Т. 2. – СПб., 1871.
- 298 Опыт словаря тюркских наречий В.В. Радлова. – Т. 2. – СПб., 1899.
- 299 Крафт И. Сборник узаконении о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. – 532 с.
- 300 Адилгереев Х.М. К истории образования казахской народности // Вестник АН КазССР. – 1951. – №1(70).
- 301 Шахматов В.Ф. К вопросу об этногенезе казахского народа // Изв. АН КазССР. Серия историческая. – Вып. 6. – С. 80–99.
- 302 Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза южного Казахстана // Изв. АН КазССР. Серия археологическая – Вып. 2. – 1949. – №67. – С.64–65.
- 303 Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов // Соч. – М., 1968. – Т. V. – С. 193–229.
- 304 Петрушевский И.П. Земледелие и аграрные отношения в Иране XIII–XIV веков. – М.-Л., 1960.
- 305 Радлов В.В. О языке куманов по поводу издания куманского словаря. Приложение к XLVIII-му тому записок Имп. Академии Наук. №4. – СПб., 1884.
- 306 Радлов В.В. Ярлыки Токтамыша и Темир-Кутлуга, ЗВО. ИРАО. – Т. III. Вып. I.
- 307 Сабденова Г.Е. Қазақ хандығының тарихнамасы: халқының қалыптасуы, мемлекетілігінің құрылуы және нығаюы (XV ғ. ортасы – XVI ғ. бірінші ширегі). Т.ғ.к.... авторефераты. – Алматы, 2003. – 35 бет.
- 308 Бұланов Е.О. Қазақ халқы қалыптасуының аяқталу кезеңі: тарихнамалық талдау (XIV–XV ғғ.). Т.ғ.к.. авторефераты. – Алматы, 2007. – 29 б.
- 309 Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – М., 1974.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
КІРІСПЕ .....	7
<b>I. Тақырыптың теориялық және методологиялық мәселелері .....</b>	<b>21</b>
<b>II. Қазақ хандығының құрылу тарихының деректері .....</b>	<b>43</b>
2.1. Мәселеге қатысты деректерді тілдік принцип бойынша топтау және оларға сипаттама .....	43
2.2. Аумақтық немесе Еуропалық авторлардың мәліметтері .....	59
2.3. Әулеттік деректер тобының мәліметтеріне сипаттама .....	63
2.4. Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты ауыз әдебиетінің материалдарына сипаттама .....	94
<b>III. Қазақ хандығының құрылу тарихнамасы .....</b>	<b>105</b>
3.1. Мәселенің XIX ғасырдың ортасынан – XX ғасырдың 20-жылдарына дейін зерттелуі .....	105
3.2. XX ғасырдың 30–40-жылдарындағы зерттеулер .....	121
3.3. Қазақ хандығы құрылуының XX ғасырдың 50–80-жылдарда зерттелуі .....	126
3.4. Қазақ хандығының құрылу тарихының қазіргі кезеңде зерттелуі .....	146
<b>IV. Қазақ хандығының құрылуының этникалық алғышарттары ....</b>	<b>165</b>
4.1. Моңғолдар жаулауы қарсаңындағы Дешті Қыпшақтың этносаяси жағдайы .....	165
4.2. Моңғолдар жаулап алушылығы мен одан кейінгі оқиғалардың Дешті Қыпшақтағы этнопроцестерге тигізген әсерлері .....	179
4.3. Моңғол жаулап алушылығына байланысты Қазақстан аумағына тайпалардың қоныс аударуы .....	195
4.4. XIII ғасырдың ортасы мен XIV ғасырдың ортасына дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы этнопроцестердің дамуы .....	207
4.5. Моңғолдардың қыпшақтануы процесіндегі исламның рөлі .....	224
4.6. XIV–XV ғасырлардағы этнопроцестер және қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы .....	240

<b>V. Қазақ хандығының құрылуының саяси алғышарттары</b> .....	275
5.1. XV ғасырдың ортасындағы Әбілхайыр хандығының ішкі саяси жағдайы .....	275
5.2. XV ғасырдың 40–50-жылдарындағы Әбілхайыр хандығының көрші елдермен саяси қарым-қатынастары .....	308
5.3. Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайы .....	323
5.4. XV ғасырдың ортасындағы Мауереннаһрдағы Темір әулеті мемлекетінің саяси жағдайы .....	341
<b>VI. Қазақ хандығының құрылу барысы және оның кезеңдері</b> .....	363
6.1. Қазақ хандығының шығу тегі мәселесі .....	363
6.2. Керей мен Жәнібек хандар туралы .....	379
6.3. Керей мен Жәнібек хандардың Әбілхайырдан бөлінуіне қатысты мәселелер .....	393
6.4. Қазақ хандығының құрылған жылы туралы пікірлерге талдау .....	414
6.5. Қазақ хандығының құрылуының барысы мен кезеңдері .....	425
6.6. Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы .....	454
<b>VII. «Қазақ» этнонимі: мәні мен мазмұнына тарихнамалық талдау</b> .....	459
Қорытынды .....	489
Пайдаланған әдебиеттер мен деректер .....	499

**Б.Б. КӘРІБАЕВ**

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ  
ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ**

Редакторы: Т. Данияров  
Корректоры: Д. Құттығұлқызы  
Тех. редакторы: С. Ақылов  
Дизайнері: Р. Арсланов

ISBN 978-601-7174-51-4



«Сардар» баспа үйі  
Алматы қаласы,  
8 ы/а, 19а үй.  
Тел.: 8(727) 249 68 05  
e-mail: sardar777@list.ru  
www.sardarbaspa.kz

Шартты баспа табағы 32,5. Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Таймс». Таралымы 2000 дана